

54103.7
X95

ШАХМЕТ
ХҲСАЙЫНОВ

30 192



ШАХМЕТ ХҰСАЙЫНОВ

ҮШ ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ



АЛМАТЫ «ЖАЗУШЫ» 1987

ШАХМЕТ ХҰСАЙЫНОВ

ҮШ ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

ҮШІНШІ ТОМ

ПЬЕСАЛАР


АЛМАТЫ «ЖАЗУШЫ» 1987

84 Қаз 7—6
X — 95

Пікір жазғандар:
Ө. Қанахин, Б. Құндақбаев

X $\frac{4702230200-078}{402(05)-87}$ 10—87

012
94



© Құрастырылуы, көркемделуі, түсініктері. «ЖАЗУШЫ», 1987

30092

ӨТЕЛГЕН ПАРЫЗ

Екі бөлімді драма

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

В. И. Ленин.

П. К. Жуков — өкіл.

Науан Сәрсенов — комиссар.

Рақымжан

Нұрыш

Бекпазар } — ағайынды Валихановтар,

Ескендір

Жамал — Ескендірдің әйелі.

Нұри — башқұрт шалы.

Шәмши — оның қызы.

Бейсеке — жалшы.

Қарақыз — оның шешесі.

Коновалов Иван — кулак.

Лосов — полковник.

Әбілғазы Барақбаев — ауыл пысығы.

Шаруалар, юнкерлер, бай-кулактар, азық-түлік отряды, ер-
әйелдер.

Мезгіл — 1921-1922 жылдың қысы.





БІРІНШІ БӨЛІМ

Ленин өзінің Кремльдегі кабинетінде. Көкірегін кернеген бір ғана мәселе. Ашаршылық апатынан қайткенде де халықты құтқарып қалу. Кабинетке кіреберіс есік алдында әскери киімде Науан Сәрсенов дейтін қазақ жауынгері күзетте тұр.

Ленин өзінің сүйіп айтатын:

«Жүрегім өзімдікі — ол саған жоқ»,—

әнін ыңырси толғап қояды. Тоқыма креслосына шалқая түсіп, әлдене бір ойға кетеді. Сәл кідіріп, тез жиналып, құлшына төніп әлденені сыдырта жазады. Оның ойы ағымдағы істерден бір сәт басқа мәселеге шүйілген сияқты.

Қазақ жауынгері күзетте тұрып Лениннің көзқарасы, әрбір қимыл-қозғалысына қарауда.

Ленин (*стол үстіндегі телеграмманы алып, шұқшыя қадалып*). Бронь салған астықты өз ішінде тұтынуға өз беттерінше наряд берген... (*Кідіре ойланып.*) Бір үзім нан... жаныңа зіл қара тастан да ауыр... Тағдыр соған тірелгенін киргиздің азық-түлік комиссариаты, Омскідегі басқарма неліктен түсінбейді?! Астаналар ашығуда... Жұмысшы орталығы ашығуда. Бізге қарсы жер-жерден ереуілдер біліне бастады... Продразверске жұртты бездіруде... (*Жауап телеграмма жазады.*) Орталықтың рұқсатынсыз Ақмола, Семей губернияларында ішкі нарядтар жойылсын. Бронь салған астық көздің қарашығындай сақталсын. Ішкі Россия мұжықтарына жалпыға бірдей шеңбердегі норма бұзылмасын!

*Еңбек және Қорғаныс советінің
председателі Ленин.*

(*Телеграммаға қол қояды да орнынан түрегеледі. Қабырғада ілулі тұрған Россияның атлас картасының алдына келеді. Қарайды. Іздейді. Таба алмайды.*) Ауыл ауданы?.. Жаңа атлас?.. Оқу құралына пайдаланатын

атлас... Ауыл ауданы?.. Неліктен картаға түспеген? Бәрі де анық болуы керек емес пе? (*Столына жақындап жұмыс дәптеріне төніп қояды.*) Иә, нә. Қайырадан бастыртқан жөн. Ауыл ауданда жиырма мың мая астық бастырылмаған. Жиырма мың мая!?.. Ғажап... (*Пауза.*) Халықтың ризығы... Тірліктің талшығы... (*Есік көзінде күзетте тұрған Науан Сәрсеновты шақырып.*) Құрметтім... Жаңылмасам сенің ұлтың киргиз еді ғой?

Науан. Нақ солай, Владимир Ильич. (*Тік тұрып жауап береді.*)

Ленин. Аанада менің пәтерімді күзеткенде (*Шексілесі қата күліп*). Надеждамен бірге еріп келген кісінің жағасынан алып жибермегеніңіз есіңізде ме?..

Науан (*қосыла күлімсіреп*). Есімде... Крупская жолдас, сіз өте беріңіз дедім де, қасындағы кісіге қарсылық білдіргенім рас. Жолдас Ленин, сізге мезгілсіз уақытта беталды жібере беруге болмайды...

Ленин. Соңынан ол кісі өзінді шақырып алып азмаз қуырып алды-ау деймін, ә?

Науан. Иә, солай болды.

Ленин. Бір күні менен де пропуска сұрадыңыз.

Науан. Инструкция соны талап етеді ғой, Владимир Ильич!

Ленин. Жо-жок, құрметтім! Мен сізді айыптайын деп отырғаным жоқ. (*Ой ұшығын кенет басқаға бұрып.*) Мен сіздің көз жанарыңыздан жүректілікпен ұстаған мақсатыңызды айқын көрдім. Неліктен сіздің Киргиз обкомының басшыларында мақсат пен іс қабыспайды?

Науан. Түсінбедім?!

Ленин (*ұғындыра*). Орталықтың бронь салған астығын ішкі тұтынуға пайдаланған. Сіз күзетте тұрсыз... Күнделік алатын нормаңыз қанша?

Науан. Бір жарым қадақ.

Ленин. Ал менің нормам ше?

Науан. Пәтеріңіздің алдында жиі-жиі күзетте боп келемін. Сіздікі де бір жарымнан аспайды-ау деймін, (*қасына жақындай түсіп.*) Сізге бәрі де еркін емес пе, Владимир Ильич?!

Ленин (*арқасынан қағып*). Ел күйзелуде, достым... Не үшін күйзеліске ұшырады? Тірелген жеріміз қара жартас сияқты боп тұрғанда менің тоқтығым кімге қажет... Қалай қарайсың?.. Сөйлесейікші?.. (*Қасына алып отырады.*)

Науан. Соғыс жәншіп кетті ғой.

Л е н и н. Тауып айттың. Соғыс титықтатып кетті.
Н а у а н. Оның үстіне егін де шықпады.

Л е н и н. Сорымызға қарай егін де шықпады... Халықтың жан жарасы жазылған жоқ... Уайым-қайғыдан арылған жоқ... Ұзын жолда... орман ішінде... Осы сәтте, дәл екеуміз сөйлесіп отырған сәтте... Қаншама адам, бала-шағаларын жетектеп, қараңғы түнде әр қияда, алыста жылтыраған отқа қарай шұбырып кетіп барады... Олар үнсіз, ауыр ойда... Қызыл қарын, жас балаларын арқасына таып кезіп барады...

Н а у а н. Сіз тым торығып кеттіңіз.

Л е н и н. Торығу аз. Маған бір сәт мұңайып алу да артық етпейді. (*Босаған көңілін ширата, тез серпіліп.*) Уақыт... мезгіл... Бір шайнам нанды армандап өзегі үзіліп бара жатқан жан... Бұл ажал камераларындағы жан түршігерлік шынғырыстан да ауыр хал... (*Үнсіз... Аржағын айта алмай Сәрсеновтан жауап күтеді.*)

Н а у а н. Халдің бұдан ауырлай беруі мүмкін емес, Владимир Ильич. Сіз қатты күйініп тұрсыз?..

Л е н и н. Күйінуге тура келеді, достым. Сен әлі жассың. Кеше революция кезінде түтеген боранды түндерде, шатырды бұзып кеткен азынаған жел... балталап кесетін мұз боп қатқан нан. Қар басып қалған палаткада жан аямай еңбек еткен халық сұрапыл соғыс салған жараны жаза бастап еді, бұдан әрі тірлігіміз не болмақ? Мәселе сонда достым... Түбірімен қираған шаруашылық ағыл-тегіл құйылып жатқан сенің қағаз ақшаңмен көтерілмейді. Шаруаларға керосин, тұз кездеме, киім-кешек және де басқа қажетін тауып бермейінше, сенің идеяңа пысқырмайды да. (*Науан ойлануда, үндемейді.*) Сен өз өлкенді жақсы білемісің?

Н а у а н. Аздап білемін.

Л е н и н. Қай губернияданмын деп едің?

Н а у а н. Семей губерниясынан.

Л е н и н. Ауыл ауданы қай губернияға жатады?

Н а у а н. Семей губерниясына.

Л е н и н (*телеграмма жазады.*) Семейдің атқару комитетіне! Ауыл ауданында соғылмаған жиырма мың мая, себерге тұқым қоры жоқ шаруалар үшін зор бақыт. Кезінде соқпағандарынды құдайдың өзі де жазғырмай ма? Шаруалар... зор қиындықты басынан өткізген шаруалар! Өздерінің астына мініп жүрген аттары тәрізді, қажыса да жүгін өрге сүйрей береді. Сүйрей береді.

(Жазып болып Сәрсеновқа көз тоқтатып.) Қай жерде тудым дедіңіз?

Н а у а н (түзу, тура қарап). Ертіс жағасында.

Л е н и н. Ертіс жағасы? Жақында автономиялы Қиргиз Социалистік Советтік республикасын құру туралы декрет алдық. Оқыдың ба?

Н а у а н. Оқығанда қандай!

Л е н и н. Сіздің ата-бабаларыңыз, тугандарыңыз қандай ауыр халді бастарынан кешірген. Отаршылар, помещиктер, алпауыттар, жандармдар өздерінше заң шығарып «Десяти верстная полоса» Ертістің жағалауын кескізіп алған. Қиргиздарды шұрайлы жерге аяқтарын да басқызбай қырға қуып тастаған. Өзеннен малдарын суартпаған. Шөбін де бастырмаған. Отын-судан тарықтырып ұстаған! Ол ол ма, ажалынан өлген адамдарын жерлей алмай, он сегіз сом ақша төлеп екі аршын жерді сатып алып отырған? Қандай жауыздық десеңші?

Н а у а н. Патша үкіметі тартып алған жерлер қайтарылып берілді ме?

Л е н и н. Берілді. Омск мен Астрахань губернияларының басшылары, патша үкіметі тартып алған жерлері де, қаншама адамдардың нақақтан қаны төгіліп, қасіретті оқиғалар болғанын, қиргиздардың ата бөкені екенін біле тұра Семей, Акмола губернияларын, Бөкей ордасын өздеріне бейімдеді. Кейбір жолдастар, қиргиздің өзін-өзі билеу правосына әлі де сенбейді. Сенбейтіндер сенбесін. Қиргиздар арасындағы жер мәселесі мүдделі ынтымаққа келеді. Бұл халық қоныстануға тиісті. Қиргиздар арасындағы дау-шар мәселесі аралық сот арқылы шешілуге тиісті... Оқу, білім сарайы тезінен кең ашылып өрістеуге тиісті.

Н а у а н. Жетсек екен сол күнге.

Л е н и н. Жетесің, достым, жетесің. Еліңнің интеллигенциясы республикасын басқаруды қолдарына ала бастады. (Қартаның алдына келеді. Науан да қызыға қарайды.)

Қиргиз республикасы?!

Н а у а н. Табиғат молынан-ақ берген ғой өзін.

Л е н и н. Молынан берген! Ұшы-қиырына көз жеткісіз бұл өлкеге ондаған мәдениетті мемлекет сыйып кеткен болар еді. Кең-байтақ жазықтар. Дала... дала! Миллион, миллион мал өсіретін шұрайлы жер, кара топырақты өңірлер...

Н а у а н. О да көп бізде.

Л е н и н. Әлі де коммуналардың соқасының ізі түспеген. Патриархшылдық, жартылай тағылық... Нағыз барып тұрған тағылық жайлап жатыр. Меңіреу түпкірлерді мәдениеттен алыстатып тұрған алшақтық, шалғайлық... темір жолдың жоқтығы... сүрең жолдар... ұзын көштің соңында — тарыдай шашылып жатқан киргиз ауылдары... Киргиздің бар өңірінде осылай емес пе?

Н а у а н (*көңілі босап*). Осылай. Көріп келгендей айттыңыз, Владимир Ильич. Елімнің әлденені сарғая күткен сылбыр тірлігі мен жүдеу өмірі... өзіме ғана аян дегенім бекер екен. Енді сол халқымның болашағы жайында кеңес берсеңіз, Владимир Ильич. Уақытыңызды алсам кешіріңіз!

Л е н и н. Міне, міне, жақсы аңғардыңыз. Енді сол халықтың болашағы — социализмге өтуінде. Үсті-үстіне төпеу саясатын сенің халқыңа қолдануға болмайды, құрметтім. Сенің халқыңның болашағы тек қана ертеңінде. Иә. (*Қасына алып, диванға отырып.*) Социализмге өтудегі бірінші шарт ой сананы өсіруде... Мен дұрыс айттым ба?

Н а у а н. Әбден дұрыс.

Л е н и н. Екінші шарт дереу жол қатынасын түзеуде... Екібастұз темір жолын Павлодар трассасына аудардық... Әулиеата, Піспек жолдарын мемлекеттік жоспарлау комиссиясына жүктедік... Ертіс өзенінен көпір салу... Петропавл, Көкшетаудың азық-түлік темір жолын тезінен салып бітіру социализмге өтудегі басты шарт.

Н а у а н. Алғашқы қадам басталды десеңізші!

Л е н и н (*түрегелін*). Иә, иә, басталды деуге әбден болады. Кеше мен Омск делегациясының құрамында — киргиздің солтүстігінен келген (*дәптеріне қарап*) ұмытпасам фамилиясы Жуков, иә, иә, Жуков жолдасты қабылдадым...

Н а у а н. Қай губерниядан екен?

Л е н и н. Ақмола губерниясы, Көкшетау уезінен. Ол жолдас өте бауырмал, киргиздармен тату-тәтті. Қазірден бастап, мені күзетуден босатыласыз... Маған ешкім де тимейді. Сол жолдаспен бірге қызмет істеуге туған еліңізге барасыз. Лашық үйде жабыққан халықтың көңілін жадыратасыз!.. Ой-санасын көтересіз.

Н а у а н. Маған аса ауыр міндет, жауапты қызмет тапсырып отырсыз. Сеніміңізді ақтай аламын ба?

Л е н и н. Елін сүйген, ұлтын сүйген азамат ақтай алады. (*Қағаз жазып.*) Бонч-Бруевичке бар да манда-

тынды ал. *(Бауырына тартып, жүзіне қарап тұрды да.)* Сіздің баратын өлкеніз... астықты өлке. Онда егін биыл мол шыққан. Қорегі сарқылып, өзегі талған 46 миллион ашыққандар үшін... ашығып жүріп бар ауыртпалықты көтерген жұмысшылар үшін. Бәрінен де бұрын қырылуы мүмкін сегіз миллион балалар үшін жиырма миллион пұт астық дайындауға уәде берді.

Науан *(бұлтара алмай тік тұра қалып)*. Владимир Ильич, күзетте тұрғанымда сіз менімен ылғи да жайдары амандасып өтетін едіңіз. Өмірімді күндей нұрыңызға бөлеп, кеудеме мәңгі өшпестей шам-шырақ жағып едіңіз. Енді мен сізді көре алам ба, жоқ па?

Ленин. Көресіз. Көрісеміз.

Науан *(мақтаныш сезімі тұла бойын кернеп, өзіне-өзі)*. Ант етемін! Қандай қатерлі қыспақтарға түсем де, сол шырағым, сөнбес жарығым бар деп Ильич атыңды ту етіп өтермін өмірден!.. Қош болыңыз! *(Қапсыра құшақтайды. Ленин арқасынан қағып, бауырына басып ұзақ тұрады.)*

Ленин. Сапарың оң болсын! Жні-жні хат жазып тұр. *(Қоштасады. Науан кетеді. Шам сөнеді.)*

Сырымбет тауының етегіндегі Валихановтардың ауылы. Көк шатырлы қарағай үй. Үйдің бір жақ бөлек маңдайшасына «Айыртаудың болыстық комитеті» деген жарнама қағылған.

Сахна сыртында қайыр тілеп қамыққан дауыс естіледі. Аздан кейін дауыс жақындай түседі. Бой жеткен қызы Шәмшиді жетектеп башқұрт шалы Нұри келе жатады.

Нұри *(жар салып, зарлана)*. Қайыр-дұға, садақа! Ау, жарандар, қаны бір туыс бауырлар. Көзі қарайып өзегі талғанға... бір үзім нан да қуат!..

Шәмши *(зарлана толған)*.

Алды Орал бойлары,
Салды Орал бойлары,
Ал болса да, гүл болса да
Қалды Орал бойлары!

Нұри. Жел айдаса, қаңбақ. Тәңірі айдаса бейбақ... Бейбақ жандармыз. Тал қармануға бұта да ілікпейді қолымызға! Қысылғаннан қызымды сатам. Кім бар қолбала етіп алатын. Кім бар, жарға балап бауырына басып бағатын!.. *(Бұлардың ізін ала, өңі жүдеу, жұпыны жалшы жігіт шығады.)*

Бейсеке. О! Сорлы пақырлар-ай!

Нұри *(таңырқай табынып декбірсіздене)*. Иә, алла... өлмегенге өлі балық дегендей... Сіз бе сатып алатын?

Бейсеке. Мен бе?! Сонау Оралдан допша домалатып сендерді әкелген алланың әмірі-ай!.. Бері жүр, пақыр. (*Паналатқысы келіп.*) Қызынды қолбала ғып алатын адамды таптың!..

Нұри. Он пұт бидай болсын бағасы...

Бейсеке. Жиырма пұт неге сұрамайсың, ақсақал.

Нұри. Ендеше, он бес пұт болсын, балам.

Бейсеке (*қартты сүйемелдей жетелеп*). Зама-на түзу тұрса ғой, қызыңның құны қырық жеті дер едің, қарт!

Нұри. Құрығанда он бес пұт болсын, балам!

Бейсеке. Ашыққанға бір тойғанның өзі шала байлық дейсің ғой, сорлы. Үсіп өлуің ғана қалған.

Шәмши. Әти. (*Шошынып шегіне.*) Менің бағам, тентірегендегі бағам... Он пұт бидай болғаны ма, әти?

Нұри. Жүр қызым. Өлмес тірліктің қамы да.

Шәмши. Базарға түскен малдың да нарқын көтермейтін бе еді. Қызынды сатсаң құндап неге сатпай-сың! Жалғыз ұлдан жолда айрылдың. Аяз сорған жа-ныңда дірілден басқа қауқар жоқ... Асырауға, сорлы әти, шамаң да жоқ. Енді, міне, менен мүлде айрылғалы келесің.

Нұри. Қызым (*қорқа соғып*), бүлдіресің! Жар са-латын іс емес бұл.

Шәмши. Лажсыз байландым да, әти, сата бер. Мені сатып алатын сенбісің? Жетелей бер.

Бейсеке (*назаланып*). Зарланып болдың ба, сор-лы қыз! Шошынба менен! Мен де өзіндей шер буған сорлының бірімін. Үйіме жүр. Құр сүлдерің қалыпты ғой, сорлылар. Басындар аяқтарыңды? (*Екеуін қолты-ғына паналатып үйіне қарай әкетеді. Үйден басына тү-біт шәлі, қималы ішіктің сыртынан қамар белбеу буыл-ған Бекназардың келіні Жамал қайыр садақасын алып шығады. Жан-жақты қарап.*)

Жамал. Кетіп қалған ба, пақырлар?! Қалай ұзап үлгіргені (*Бейсеке қайта оралып келеді.*)

Бейсеке. Кімді іздедің?

Жамал. Қайыр сұрағандар келіп еді.

Бейсеке. Қайырымшыл болсаң алдымен жақ-сылығыңды бізге істе. Жүзің ұяң, жолың жіңішке, қай-нағанның алдында иілу-сызылу... Со бір қортық үшін төре әулетін тамсантқаннан басқа білетінің бар ма?

Жамал. Иілгенім инабатым, сызылғаным сыйла-ғаным шығар. Тәубәшіл төленгіт. Әубаста өздерің емес пе үйреткен. Мені енді қайрағаннан не шығады?

Бейсеке. Әншейін далбаса да. Бір жігіттің намыстысы ағам Бейсембайдай-ақ болар. Көрінің қалай қазылғанын да білмей қалдық. Не үшін өлтірді? Кім өлтірді?

Жамал. Өзің кімнен келді дер едің?

Бейсеке. Білсем сенен сұрармын ба? Комиссар қайда? Коммунист қайнағаларың үйде ме? Шағым етем деп едім.

Жамал. Комиссар жұртты жинап жатыр.

Бейсеке. Тағы да подбет тартатын болдық па?

Жамал. Сені қалдырар.

(Қасында Жамалдың тәлтиген сұқсыр қара күйеуі Ескендір, қаба сақалды, тұлға пішіні кесек Коновалов келеді.)

Ескендір. Жамал, Коновал тамыр комиссарға жолыға келіпті!

Жамал. Хош келіпсіз, Иван ағай!

Коновалов. Барымды өтедім. Ашыққанның өзегін жалға деді. Қарызымнан құтылдым-ау деймін.

Жамал. Онда құтылғаныңыз әрине.

Коновалов. Ене, Ескендір, маған осы келіншегіңнің оттылығы ұнайды. Басқа әйелдерге ұқсамайды... Бал-бұл жанып күлімсірегенінің өзі неге тұрады...

Ескендір. Қой, қой, тамыр. Көзің тиеді... Біздің қатынды мақтай бермендерші осы.

Коновалов. Жамал, сенің күйеуің қызғаншақ боп бара ма, қалай... Бекназар үйде ме?

Жамал. Ағекем үйінде.

Коновалов. Комиссар не жаңалық әкеліпті...

Ескендір. Үндемеңіз. Қазір жұрт жиналып қалды. Зор мәртебе болғалы тұр. Шарапаты сізге де тиіп қалар.

Коновалов. Иә, өзім де, алда көктем келе жатыр. Шаруалардың басын қосып жаңалыққа жақындатсақ, коммуна болсақ деген оймен кеп ем...

Ескендір. О, Коновалов тамыр, патша тұсында қара арғымақпен көсіліп болыс болдың. Енді, міне... Шіркін, мына басты құдайым текке бермеген ғой...

Сырттан пулеметшіктен комиссарлыққа ауысқан, жүрісі нық, жүзі айбынды, шегедей шымыр, қасында Рақымжан Валиханов бар Науан келе жатады. Олардың соңында әлденендей хабар күткен кедей, батрактар, бай-кулактар, ауылдың ер-әйелдері ере келеді. Не үшін жиналғаны белгісіз. Барлығының назары Науан мен Рақымжанда.

Науан (*тұрғандарды көзімен шола қарап*). Түгел жиналдыңдар ма? (*Сәл үнсіз.*) Нұрыш Валиханов қайда?

Жамал. Ағекем аң қуып кеткен еді...

Науан. Ә, ит жүгіртіп, құс салатын уақытты тапқан екен.

Біреу (*қағытып*). Төре әулеті ғой. Бұларға қысы не, жазы не?.. Сіз келді деп серілігін қоя ма? (*Біреу күліп, біреулер мінеп, шенегендей болады.*)

Екінші. Әу, аттылы-жаяу шұбырып келдік. Есіртпеймісің лебіңді?

Үшінші. Бұрын да ығыр ғып болып еді. Осы шіркіннің өзі қорқып тұрған жоқ па екен?

Төртінші (*қалтырап*). Бойымызды суық сорып... аяғымыздан сыз өтіп барады, шырағым.

Науан (*қалтырадым деген байдың қасына келіп*). Желкеңнің майы күпшектей. Алқымыңа дейін тыққан екенсің. Әлі де талай үскірікке жететін азығың баршылық. Басқа қалтыраса да сен қалтырама!

Бай. Тәлкек етпе, бала. Менің іш майымнан зиян көрген жоқсың.

Науан. Ә, нә, аш-арықтың пайдасына жүз елу жылқы өткіздің.

Коновалов. Өткізгеннің бәрін жарылғайтын болсаң, комиссар жолдас, мына мен де борышымнан құтылдым.

Науан (*шұқшиып, тесіле қадалып*). Иә, есімде... Сусегіңнің түбін тақырлап беріп отырған жоқсың... (*Тағы біреуіне жақындап келіп.*) Ал, тағы қайсың бар міндетситін... Үндемейсіңдер?.. Былай, жолдастар! (*Кеңсенің алдындағы баспалдаққа шығып.*) Тыңдаңыздар. Тынышталыңдар! (*Қалтасынан алып ояздық комитеттің жарлығын оқиды.*) Ояздық атқару комитетінің 105-санды жарлығы бойынша, Айыртаудың болыстық комитетінің председателдігіне Рақымжан Валиханов тағайындалады. (*Сұлық тұрғандар бірден қамысқа от тигендей лап етіп жанғандай дүрілдейді.*) Тынышталыңдар! (*Дыз еткендер тағы да жым-жырт.*) Бүгіннен бастап совет билігі сізде. Мінеки мандатыңыз!.. Іске кірісіңіз. (*Рақымжан мандатын алады.*)

Әбілғазы Баракбаев (*Волкомнан дәметушінің бірі*). Е, бүгін осы жуымауым еді? Пайғамбарымыздың туған күні екен ғой. Бұлардың басынан бақ арылған ба? Арғысын да, бергісін де тайраңдатып

қойған тәңіріме не дауа! (*Науанға.*) Кімді тағайындадың? Тізгінді кімге беріп отырғаныңды білемісің?..

Науан. Ол сіздің жұмысыңыз емес. Совет өкіметі кімді лайық көрсе, кімді қаласа, соны тағайындайды.

Әбілғазы. Қалағаның төре әулеті болса... төреңмен бол. Бізде жұмысыңыз болмасын!.. Жә, не тұрыс бар?.. Кеттік. (*Қозғала бергенде.*)

Науан (*тоқтатып*). Жоқ аялдаңыз. (*Бетіне тесіле қадалып.*) Шала оқыған, білгір, пысық... Сенің жеке басыңның мүддесімен ұзаққа бара алмайды... Төре, қара деп жікке бөлумен Совет өкіметінің жеңісіне ортақ бола алмайсың.

Әбілғазы. Естуімше сізді Ленин жіберген деседі.

Науан. Жіберсін.

Әбілғазы. Әлі де кеш емес, олай болса біздің талабымыз өзінде. Ленин асқан дана, білгір адам.

Науан (*сөзін бөліп*). Сол дана аштықтың апатынан жұртты сақтап қалудың қамын ойлап, тікелей проводтың басынан кетпей әрбір маршруттың, әрбір поездың, әрбір вагонның ізін бақылауда. Ал, сенің қаперіңе де кірмейді.

Әбілғазы. Кірген үшін де барымызды бердік.

Науан. Берген жоқсың. Қора-қора малды өткізуге адам жоқ. Мая-мая егін жетіспейді. Ең ақыры қап та жетімсіз. Сендерден біз әлі де талап етеміз. Көнбегендеріңе тартып алу шарасын қолданамыз. Оны ойлап шығарған мен емес. Оны ойлап шығарған уақыт. Партия не үшін барды. Корольдар мен патша әулеті помещиктер мен капиталистер тартып алғанның барлығын адамзаттың игілігіне қайтарып алып беру үшін барды. Қайтарылып берілді де...

Әбілғазы. Қайтарылып берілсін. Сізді жібергенде өз пақыры, өз кедейін тонағанды қорға, ерін құл, әйелін күң еткенге араша бол деп жіберген шығар.

Рақымжан. Айтып қал, Әбілғазы. Айтып қал.

Әбілғазы. Айтып қаламын. Еңбегі сенің ағаңа сіңген, саған сіңген, мына тұрған Бейсекенің жалғыз бауыры Бейсембайдың қазасы кімнен болды? Неден болды. (*Бейсекеге.*) Ей, жөргегінде тоналған қу кедей. Ағаң сенің қандай еді?..

Рақымжан (*Бейсекеден бұрын жауап беріп*). Иә, ағасының қызметі бізге сіңіп еді. Сезімі қайралған семсердей, адалдығы сәби баладай. Өрге салсаң талмайтын азамат еді Бейсембай. Мерт еткен төре әулеті

демексің ғой? Анасы қалды зарлапып, інісі қалды қан жұтып. Білсең сен айтшы? Құнын кімнен сұрайын? Кегін кімнен қуайын? *(Бейсеке жасқана соғып үндемейді. Науан ойланып қалған.)*

Әбілғазы *(Ескендірді мезген)*. Қаны бір туыс ініңнен сұра! Ана үйінде жатып жарқыраған береннің жеңінен айбалта суырған Бекназардан, ағаңнан сұра!.. *(Науанға.)* Тағы да айтамын, бала... Таңдағаның біздің қолымыз емес. Байқа, абайла бұл саған бай-кулақтың ортасында істеуден гөрі қиындау тиер.

Науан *(мойындағысы келмей)*. Иә, бай-кулақтарыңды да көріп тұрмыз... Тағы не демексің?

Әбілғазы. Әлі пісіп-қатпағансың. Шаруа мәселесі... сені есіңнен әлі де тандырады. Айналып кетейін. Тек теріс түсіне көрме. Валихановтармен бір келген сен түгіл, іргелес отырып біз де — қат-қабат қыртыстарын айыра алған жоқпыз. Ойлап қарашы? Сен кім? Олар кім? Біз кім?


Науан. Несі бар... Айтқаның орынсыз да емес шығар. Күдігің теріс дей алмаймын. Осы сапарда кім де болса — қиындықты жеңіп шығатын белін бекем бұған адам керек. Осы тұрғандар үлес қоспады, еңбек етпеді деп айта аламысың? Жоқ, бұлар үлестерін қосты.

Әбілғазы. Міне, міне, гәп қайда? Үлесінді қосқанда, белі қайысып, ауыртпалықты көтеріп отырған кімдер сеніңше? Төре әулеті емес. Мына біз — қаралар! Бұрын ләппай, төре, ләппай, тақсыр, деуші едік. Енді ләппай, обком, ләппай, коммунист... Осы ма бізге тартар сыйын. *(Сықақтай күліп.)* Хи... хи... хи! Ха-ха! *(Оны қолдаушылар да кеңкілдей масайрайды. Іштей арбастан кейін ұзақ үнсіздік. Әбілғазы жеңдім, жерледім деген оймен сұстана, ызбарлана өз адамдарын бастап.)* Жә, не тұрыс бар. Кезенді жерде тағы да кездесерміз. Әзірге қош бол, комиссар!

(Әбілғазыны жақтаушылар кетеді. Сахнада Валихановтың әулеті ғана қалады.)

Рақымжан. Біздің өмір осы, комиссар жолдас...

Науан. Жоқ, Рақымжан сенің ғана өмірің емес. *(Ойланып.)* Айналаға көз салсаң тұтқиыл сұрқия оқиғалар. Бірін-бірі күндегіш — бүлік жандар. Әлдекімнің жүрегінде қорғасын, денесінде жара. Біреулер баяу, сылбыр да. Біреулер өмірінің ақтық сағатына дейін жан алып, жан беруде. Мен қайда келдім?.. Қиянатқа жол бермейтін күш қайда? Сол күш ескі сонар емес. Жаңа жолдар іздемейтін бе еді?.. Рақымжан, сен



30092

де бар. Коновалов, сен де. Ескендір, сен де бара тұрыңдар. Бейсеке... сен аялдай тұр. (*Бейсеке мен Жамалдан басқалары кетеді, күйіне сезініп.*) Жаңа Әбілғазы Барақбаев не деп кетті? Жүдеусің ғой өзің.

Бейсеке. Жүдеумін. Көкірегім қақ айырылғандай шерлімін.

Науан. Ағаңның өлімі төре әулетінен дегенін құптаймысың?

Бейсеке (*абыржып, жамандыққа қимай*). Төре әулетінің бәріне нәлет айтып қайтейін.

Науан. Ініңнен, ағаңнан дегені не сөзі!

Бейсеке. Ағасы дегені Бекназар, інісі дегені Жамалдың күйеуі.

Жамал (*шошынып*). Не дегелі келесің, Бейсеке?

Науан. Сабыр ет, Жамал. Ескендірдікі не?

Бейсеке. Жамалдың күйеуінікі ар қорлығына салып арқандап ұстасам деу... Әйелін күнәға батыру. Кешірімге кең, ойы жүйрік, наз қылығымен жарастық тапқан, сүймесе де сүйгенінен артық құрбы болмай ма? Сол құрбысы Жамалдың Бейсембай ағам еді...

Жамал. Бұл сұмдығыңды неге ерте айтпадың? Бәсе, бәсе, нені бүгіп, неге осынша булығып жүр деп едім-ау!.. О, соры ашылмаған сорлы басым. Осы ғана еді көрмегенім. О, қайда әлгі байсымағы? (*Кетеді.*)

Науан. Қашан, қайда болды бұл оқиға?

Бейсеке. Сіз, Рақымжанды ертіп ояздық комитетке кеткен түні ауылда болды.

(*Бұл кезде атқосшы серігі Қасқи бар қасында, екі иығына екі кісі мінгендей, батыр тұлғалы Нұрыш келе жатады.*)

Нұрыш (*қолындағы соғып алған қасқырдың терісін сілкіп қойып сөйлей кіреді*). Жолымыз болды. Біздің ауылға келген азамат сый-құрметсіз, таралғы-тартусыз кетпейтін еді. Мә! Қасқи, өзің апарып сыйлай-мысың. Мен сыйлайын ба?

Қасқи. Нұрыш аға, өз қолыңыздан сыйлаңыз.

Нұрыш (*Науандарды көріп*). Ә, ассалаумағаләйкүм, комиссар жолдас!.. Адамның тағысы Лосовты қуам деп жүріп, аң тағысына кезіктім... Жолымыз болғай. Ырым болсын. Байладым, сізге.

Науан. Баяндаңыз.

Нұрыш. Баяндасам, Лосов әр жерден шаңын көрсетіп, Сырымбет саласындағы ауылдарға келгенде зым-зия жоқ болды.

Н а у а н. Болмаған екен. Соңғы оғын бізге арнауы, сендерге қадауы. Астық керуенін талау, бандитизм... Біздің жолымызға бөгет болатын да сол.

Н ұ р ы ш. Дәл айттыңыз. Ол өш алуға келгенде шонжарларды бетке ұстайтын. Бір шонжардың үйінде азғырса сайтандай, арбаса жыландай боп жатпағанына кім кепіл.

Н а у а н. Ол, өте қауіпті жау... Іштен ірітіп, бірді-бірге айдап салуда. Осы сапарда сәтсіздікті тек содан ғана күтіндер. Оны індетудегі — сізге берілген тапсырма сол күшінде деп біліңіз. *(Рақымжан келеді.)* Ініізді құттықтауға болады. Волком болып сайланды.

Н ұ р ы ш *(қуанып)*. Қайырлы болсын... *(Қолын алып.)* Әу, саған не болған, қабағың жабыңқы ғой.

Р а қ ы м ж а н. Бәрі де боп жатыр.

Н а у а н. Иә, туыстар. Сендерде ерлік те, бақыт та, мансап та, кезіккен тор да, тозған абырой да бар. Бақытсыздықтың үлкені өлім. Қылмыстың құпиясын ашпай болмайды... Ашып арылуды өз арларыңа тапсырдым. Мен бүгін Жуковке жетуім керек. Юдинке, Кашшиловке селосындағы астық жөнелтудің әзірлігімен боламын. Ертең Имантау торабынан күш, көлік жеткізуге аттанамын. Ойланындар! *(Кеңсеге кіріп кетеді. Үнсіздік.)*

Н ұ р ы ш. Ойланындар дегені не? Не болып еді?

Р а қ ы м ж а н. Ойландыратын мына сұмның лаңы. Туысыңның жаманы бетке салық. Ағайынды ала ұста, арасына іріткі сал. Жетімді жылат, жесірді жәбірле, қараңғыда, тасада тұрып қанжар сал деп кім үйретті.

Е с к е н д і р. Қызықпасын.

Р а қ ы м ж а н. Кімге қызығыпты! *(Ескендір үндемейді.)*

Р а қ ы м ж а н. Қызғана білмейсің, сорлы.

Е с к е н д і р. Ініміз жіп есе алмайтын шірік деп жұртқа лақап таратқан өздерің. Қолымды шынарға жеткіз деп қашан сұрадым. Намысымды от шарпыса, жүрегімді қан қысса, көзіме шөл салса, кегін кімнен алуым керек еді?

Р а қ ы м ж а н. Тоқтат енді, малғұн!

Е с к е н д і р. Тоқтатпаймын!

Н ұ р ы ш. Жасаған-ау, бұл не сұмдық. Абыройдан не қалды? Тасада тұрып сілтеген шоқпарың айналып кең бізге тиді ме. Не істеуіміз керек?

Р а қ ы м ж а н. Бәсе, не істеуіміз керек?

Нұрыш. Билік те, бітім де сенде.

Рақымжан. Менде болса, айыру керек Жамалды.

Нұрыш. Айырсаң айыр.

Ескендір. Сен қатын ғып аларсың. Қайсына берейін?

Рақымжан	}	(Екеуі екі жақтан алқымдап).
Нұрыш		Не дедің, сен азғын! (Осып жіберуге оңтайланғанда Жамал шыға келеді.)

Жамал. Жо, жоқ... Оның сөзін елең қылмандар! Сөзі кім, өзі кім? Бұған мені душар еткен төре әулетінің ата даңқы дермін. Қайғыра жүріп, көз жасыма бұлыға жүріп азуы алты қарыс ағана жақтым. Бірде қуандым, бірде жыладым. Досыма да, қасыма да қара басымның еріксіздігін білдірмедім. Әйел боп сыр шаштым ба? Шашқам жоқ... Соның бәрі кім үшін, ағажан?! Бір сен үшін! Бір екеуің үшін! Соның бәрін білдіртпейтін де маған деген мерейлерің еді. Айрылатын зауал шақтан өткенмін. Мен ешқайда кетпеймін! Бұл күйде ағаете, екеуіңді тастап кетпеймін! Әкем байғұс не азабы болса да, өзім көтеріп алайын. Олқысынсаң қайтып кел дегенде, өзім едім... Төре әулеті бұрқанса қан төгіледі. Сендерге қасірет жұтқызып бақыт тапқанша несі болса да өзім көріп алайын дегенімде де арқалаған асқарым екеуің болатынсың. Тас түскен жеріне, өлігім шықсын осы үйден. Рақымы кең құдайым, маған да бір жарық күн бар шығар! (Боздап жығылады.)

Нұрыш (күңірене жекіп). Туыстың жаманы бетке салық! Айналып келгенде осы жаманның намысы сені де, мені азапқа апаратын жол болмаса не қылсын? (Бәрі сұлық тұрып қалады.)

Бекназардың үйі. Қара көленке. Босағада Нұри мен қызы Шәмши ала дағрадағы бидайға өлердей емініп тазартып отыр.

Нұри (уыстай сыпырып). Қайран асыл дән. (Көзінен жасы парлап.) Бір уысына ділгер болдық. О, тәңірім, жұмақта да, тамұқта да адамның аңсағаны осы дән... Мені қайыр тілетіп қаңғыртқан да осы дән ғой. Қиеннен айналдым. (Көкірегіне басады.)

Шәмши (оң бүйірдегі есіктен сығалап қарап). Әти, мына үйде жынды әйел отыр...

Нұри. Маңдайыңа не жазылғанын көресің де, қызым.

Шәмши. Әти, сен не істедің? Бір жағынан жын-

ды әйелін баққызып, бір жағынан мені алғалы отыр. Көр әне! Мені күндікке берген екенсің ғой? Бұдан да аштан неге өлмедім.

Нұри. Е, қызым, аштан өлмеудің... далбасасы да. Қаңғырармыз да!.. Талығармыз да... Қай сайдың басында қалғанымызды білмеспіз. *(Жекін)*. О, жасаған! Қасірет зілін көтерткен жасаған?!

Шәмши. Қасірет зілін мені сатып иығыңнан түсіре алар ма екенсің? Жок! Жок!..

(Үйдің түпкірінен, етек-жеңі сыбызғыдай, өңі суық Лосов шыға келеді де терезеден сыртқа көз тастайды.)

Лосов. Дала суық қой?

Бекназар. Шытырлап тұр.

Лосов. Қысқы аспан бұлыңғыр.

Бекназар. Ашылмай тұр ғой қабағы.

Лосов. Ашылмай тұр. Сен көкжал, осындай ызғарлы аязда қарға аунап алып жортатын едің.

Бекназар. Ол дәурен өтті ғой, достым...

Лосов *(күрсініп)*. Өтті де, кетті де...

Бекназар *(сыбырлап)*. Немене, жылысып жүрсің бе?

Лосов. Аз күн бой тасалап жүрмін. Інілерің не қам жасап жатыр? Волкомда кімдер бар?

Бекназар. Інілерім Ленин жіберген екі коммунистпен күн-түн сабылуда. Ұйқы да жок. Күлкі де жоқ...Бер де бер!.. Давай да давай боп тұр ғой бүгінгі тірлік...

Лосов. Білемін. Айғаймен жұрттың зәресін алу да екенін де білемін. Тікелей провод. Телеграмма үстіне телеграмма! Жаппай шабуыл! Лениннен ала келген ұрандары да сол болар.

Бекназар. Қайдам. Ол жағына менің миым жете бермейді.

Лосов. Жуков бақытты орыс... Науан Сәрсенов болса ол Ленинді күзеткен қазақ. Жыртық шинельді солдаттан комиссарға көтерілді. Большевиктің... ең жоғарғы шеніне көтерілді! Ашаршылық зардабын халыққа тартқызып тағы да көтерілмекші.

Бекназар. Халық кім күшті болса, соның айдауында емес пе?

Лосов. Дұрыс айтасың. Лауазымға колы жеткен адамға бәрібір... Ертең қызылдар кетіп, біз келсек, сенің екі інің... бізбен бірге өмір сүруге де әзір.

Бекназар. Е, достым... Лауазымның бейнеті де рақаты да бірдей ғой. Замана бетін берген күнде

масайрайсың. Сыртын берген күнде құздан құлағаның-ды да білмей қаласың.

Лосов. Кім билесе, ол билесін. Еркектік намыс сені тыныш жатқызбайды.

Бекназар. Петропавл, Көкшетаудан бұрқ етті дей ме?

Лосов. Бұрқ етті! Қалаға жақын орман ішіне бекінген біздің басшымыз Зеленовтың отряды шабуылдауда. Поездың жолын бұзуда. Сенің інілеріңнің ішкі Россияға жөнелтіп жатқан астықтары вокзалда, жол үстінде соқта боп шашылып жатыр. Қаланың тұрғындары өліктерін көшеден жинап алуға да мұршалары жоқ. Ешім алынды. Петропавл ертең-бүрсікүндері алынады. Еңсеріп келеді, ысырып келеді біздің адамдар!.. *(Бидайдың қарамағын тазартып отырған Нұри мен Шәмши тыңдай қалады.)*

Нұри. Мына патшағарлардың сөздері бик осал екен де, қызым.

Шәмши. Жүрегім дір ете қалды-ау?!

Нұри. Мылтығы бар ма? *(Лосов ысқырына ызғар шашып бұлардың қастарына келеді. Нұри, Шәмши үрейленіп, тажалды көргендей шошынады.)*

Лосов. Мен сендерге жыртқыш андай боп көріндім-ау?! Үркесіндер! Қалай екен? Большевиктер жарылқап жатыр ма?

Нұри. Бүкіл елге келген қасірет қой!

Лосов. Қасірет! Аштық! Қайыр сұрау! Тентіреу! Қызынды сату! Неше мың жыл жасаған ел іргесі шайқалған жоқ еді. Шайқалды ма! Үстінде лыпа да жоқ. Ішуге қорек те жоқ...

Нұри. Солай боп тұр ғой.

Лосов. Солай боп тұр ма? Саған қоректенетін нан керек... Маған қажырлы білек пен жүрек керек!..

Нұри. Тауып айттыңыз. Маған қоректенетін нан керек. Нан!

Лосов *(шымылдықты серпіп жіберіп)*. Нан керек болса, тойғаныңша ал!.. Бәрін ал!.. Жылдық азығың осы үйден табылады. *(Тең-тең боп үйіліп жатқан бидайды көрсетеді.)* Уәде былай болсын. Сіз мені көрдім деп тірі пендеге тіл жармайсыз.

Нұри. Тіл жарарлық менде хал бар ма?

Лосов. Уәде ғой!

Нұри. Алла атымен ант етейін!

Лосов *(Бекназарға)*. Аш қаптың аузын. Тарылма. Есесін мен қайтарамын. Коновалов қайтарады.

Бекназар. Бұл астық менікі емес. Коноваловтікі еді.

Лосов. Оның соғылмаған жеті маясы ну орманның ішінде қалыңда тұр. О да тарылмасын!

Нұри (*бас салып, есінен адаса құшақтап*). Рызығым... Несібем... Қорегім. Құдай бермеген қоректі сіз бердіңіз. Шынымен басы бүтін бердіңіз бе?

Лосов. Басы бүтін...

Нұри (*дір-дір етіп қалшылдап, сенерін де, сенбесін де білмей*). Алла... бергеніңе шүкіршілік! (*Емешесі құрып, әукесі түсіп*.) Бұйырта ма, бұйыртпай ма? (*Шымылдықтың ішіне кіреді.*)

Лосов. Мен енді жүрейін. Коновалов мені Имантауға жеткізіп саламын деп уәде байлаған еді.

Бекназар. Жүр... Қай жерден жолықсын?

Лосов. Жол үстінен мені мінгізе кетсін.

(*Екеуі кетеді.*)

Шәмши (*жалғыз*). Бұл не сиқыр? Баршылықта ар қорегі... Жоқшылықта жан қорегі. Ақыры кеп менің тағдырым он пұт бидайға кеп тірелді. Бұл не? Не қылған онай олжа?.. Не қылған мырзалық? Жаңағы орыстың түріне қарасаң қан ішер жыртқыш тәрізді. Сөзіне қарасаң білек пен жүрекке сенеді. Кім деп ұғынсам екен? Жоқ... Бұл менің жанымдағы азаптың айғайын шығаратын жан ашуы! Трибога! Трибога!

(*Шам сөнеді. Волкомның алдында Жуков пен Сәрсенов Науан, Рақымжандар Коноваловпен әңгімесін аяқтаған. Науан жүруге әзірленген.*)

Жуков. Ал, достым, Имантау торабында өзін де, өзгені де байқаттырмайтын түсін бояғыштар кездеседі. Оларға алданып қалып жүрме.

Науан. Коновалов жолдас мені жеткізіп сап, түс бояғыш бандылардың аты-жөнін айтып көрсе болғаны.

Коновалов. Оның қайсы бірін біле беремін.

Рақымжан. Сіз осы өңірдің бұтасының түбіне дейін білесіз.

Жуков. Білесіз, Иван Васильевич. Қазақтың тымақ бауын орыстың малақайымен матастыруды да білесің.

Коновалов. Осы сапарға мені бекер жұмсап тұрсыңдар!

Жуков (*тістене зекіп*). Сіз не, бас тартқыңыз келе ме? Сізді бетке ұстау, жолдас Коновалов, біз үшін

де мерей. Сіздің атыңыз мәлім. Сіз... «қиқарлар» деп аталатын топқа бұрын жатсаңыз, енді жатпайсыз. Сіздің салмағыңыз кедейдің онына тұрады. Сіздің *(кеңкілдей күліп)* Айса пайғамбарды алтарынан қуып тастаған Ленин, соның орнына келген пайғамбар деуіңіз... коммунистердің қиялына келмеген тапқырлық. Сіздің сымбатыңыз ғайыптан пайда болған әулиелерге ұқсайды. Сіз отты отпен өшіру деген қағиданы бізге тамаша дәлелдедіңіз... Оның үстіне болашақ коммунаның негізін қалаушылардың бірісіз. Коммунизм дегеніңіз сіздей адамдардың бет бұрылысы. *(Қолын алып.)* Келістік қой?

Ко нов а л о в. Тәуекел. Сыбдыры білінбейтін ну орманның жаңғырығын естісендер, ол менің жаңғырығым дей беріңдер! Ол маң тұңғыықтар мен жылымдар. Не мені жұтса *(Науанға)*, не сізді жұтса, өкінбейтін болайық.

(Барлығы кетеді. Күтіп тұрған Жамал Науанмен кездеседі.)

Нау а н. Жол болсын деші, Жамал?

Ж а м а л. Жолыңыз болсын.

Нау а н. Күйеуіңді ақтасаң да, қараласаң да ауыртпалығын көтеруді өз мойныңа алдың.

Ж а м а л. Алдым. Соны сіздің алдыңызда ашқым келіп еді. Қашан ораласыз?

Нау а н. Істің орайы біледі. Тез оралуға тырысармын.

Ж а м а л. Дегенмен де Рақымжанға деген күдігіңізді ойыңыздан шығарыңыз.

Нау а н. Шығарайын. Ағасына не дейсіз!

Ж а м а л. Ағасы сізді ғана емес, інілерін де қажытып отырған жоқ па. Одан өліп құтылмаса, тірі құтылу да қиын.

Нау а н. Онда сол үйге кімдер келеді. Соны байқандар. Сыр ұшығын берік ұста. Келгенсін Бейсекені мен панама алайын. Ал, сау бол. Мықты бол өзіңе... *(Қолдасып қоштасады. Сұқсыр қара, мықшия жылмиып Жамалдың күйеуі Ескендір де көрініп қояды.)*

Ескендір. О, сиқыры терең залым-ай, ә? Бұған не дерсің!

Ра қ ы м ж а н *(келіп)*. Жүрмейсіз бе, Коновалов күтіп тұр.

Нау а н. Жүрейік.

Ра қ ы м ж а н. Жаңа хабар алдық. Азық-түлік отря-

дының алды Имантау торабына келе бастапты. Бізге бір ротасын жіберттіргейсің. *(Жүре сөйлеп.)*

Н а у а н. Бара көрерміз. *(Екеуі кетеді. Кіжіне қитығып Ескендір Жамалдың қасына келеді. Аузында сөзі бар да үні жоқ. Оқталып, оқталып тайқақтай береді. Жамал оған көз қырын да салар емес. Қайта көкірегін кере ерегісе түскендей басқа ойда.)*

Е с к е н д і р *(ернін тістеп шыжбаңдап).* Ым, иә, ә?.. Комиссар ұзаққа кетіп пе?

Ж а м а л. Өзінен неге сұрамадың!

Е с к е н д і р. Шығарып салған сен емессің бе? Айтып кеткен болар!

Ж а м а л. Иә. Айтты! Бәрін де айтты... Саған да қадап айтты...

Е с к е н д і р. Жә, жә! Келді, кетті бір келімсек!

Ж а м а л. Басқан ізінен садаға кет. Мені андуды қашан қоясың... *(Күйеуін тықсыра тергесуге ала бергенде зарлана еңірген, күйзеле күңіреніп жоқтаған, Бейсекенің шешесі Қарақыз келе жатады.)*

Беу, беу, ағайын,
Мұнымды кімге шағайын!
Шерменде болған шерлі ана,
Шерімді ағытып алайын!
Қиылады деп қанатым
Ойламаушы едім уайым.
Бейсембайым мерт болды,
Қайсы бірінді қарғайын.

Қойындарыңа тас тығып, қастық етіп туысқа, жұдырықтай жүрегін жұлып алып лақтырған, қараңғы үңгір қуысқа!

Қайсың?! Бекназар, сенбісің?

Уа Нұрыш, сенбісің? Ұлығы қайда?

Тергестіріп, тендік әперетін Ленин баба жіберген коммунисті қайда? *(Манадан бері Қарақыздың зарын тыңдап тұрған Нұрыш пен Рақымжанда бұлтаруға шама жоқ. Тастай қатып тұрып қалған. Бейсеке мен Жамалда үн жоқ. Күйген терідей құрысып Ескендір де аңыруда. Қарақыз сөйлеп кетеді.)*

Қ а р а қ ы з. Ей, Нұрыш, нар кескенім деп қайрат ап, жауыңа сермеген де өзің ең. Жастайынан серік еткен де өзің ең. Қиын сәт, қысылшаң сәтте жалғыз қалдырған жері болды ма? Айта алмайсың болды деп.

Н ұ р ы ш. Туған анасы сенің ғана емес, менің де бе-

лімді қайыстырып кетті. Есіл ерім... Мен жұмсаған қиын-қыстауға атының басын тартқан жоқ!

Қ а р а қ ы з (*Бейсекені көрсетіп*). Мына соры қайнаған егізімнің сыңары білгенін айтпай ішіне тығып жүр. Көзім жетіп, көңілім тынсын. Кімнен, неден, қашан бопты?

Р а қ ы м ж а н. Батырқан ауылында... Азық-түлік дайындауға жіберген жерде. Қанқожаның кіші әйелінен туған Шамил Шақан ғой. Қарындасы Күлсімді Бейсенбай алып қашуға бел байлайды. Екеуі қашқалы тұрғанда үйді қоршап алады. Күлсімді жетелеп қорадан секіріп түсе бергенде аңдып тұрып айбалтамен талмау жерден ұрып құлатады. Хабар беріп үстінен түсірген мына біздің сұм! Бар болғаны осы.

Қ а р а қ ы з. Бар болғаны осы де? Ым. (*Ескендірге төніп*.) Қолмен істегенді мойынмен көтересің де! (*Ескендір шегіне береді*.) Бұл шіріктің жазасын беріп пе ең?! Төре әулетінің табалдырығынан аттамаған басым... Ащы айғайымды шығартып тұрған да сен шірік! Көзімді қарайтқан да сен шірік! Кешіре көр, әруақ! (*Таяғын көтеріп Ескендірді қақ айыруға келе бергенде Жамал ара түседі. Қалғандары сұлық тұр*.)

Ж а м а л. Уа, сорлы ана! Балаңның өліміне себепкер болған... күнә-сұмдыққа мен де ортақ! Мына мені соқ! Мені жар!

Е с к е н д і р (*Рақымжан мен Нұрышқа*). Ә, не деп едім сендерге. Көрдіндер ғой... Есітіндер ғой?! (*Жамалға*.) Дүзқара сайқал! Сенің кесірің бәрі де.

Қ а р а қ ы з. Не деп тұр мына, шірік.

Ж а м а л. Дегені керек. Қолыңды былғай көрме бұған, ана!

Қ а р а қ ы з. Дегізбеймін. Сені кірлегені, қабырының беті құрғамаған менің баламды кірлегені. Уа, Валихановтың әулеті! Қай уақытта көңілді жасытып, қайсыңның көзіңе шөп салды!.. Иә, еріксіздік еркін билесе, сүймесе шамы екен деп бір ездің сырласын таппай тұра алма жас ару!

Н ұ р ы ш (*ызаға булығып Ескендірге*). Сенің-ақ ызаң өтті ғой қашанғыдан бұрын. (*Жамалға*.) Айрыл дедім, болмадың, сотқа бергізейін дедім. Аялдатып отырған өзіңсің. Өзің айтшы! Қалауың не сонда?!

Р а қ ы м ж а н. Әйел болсаң да азаматымдай асылым ең. Не ойлағаның бар? Айтып арылшы.

Ж а м а л. Айтсам, намысым үшін... Ақты-қарасына көздеріңді жеткізбек ем. Жеттім. Нақақ қан... Нақақ

көз жас!.. Төре әулетін қараның қарғауы осымен тыйылсын... Қалауым сол! Зарлы ана... шерлі ана... қолымда болсын. *(Ескендірге.)* Мына масылды айдатасың ба? Соттатасың ба? Еркі өздерінде!.. Бейсекені қатарға қосындар да, адалдықты уағыздаңдар! Төре содыр... Төре шайпау... Төре паң. Төреде бауыр жоқ демесін жұрт! Арылдық па? Арылдық! *(Жамалдан кейін ешкім өрби алмайды. Ұзақ үнсіздік. Ескендір ілмип мойны салбырап тайып тұрады. Шашы жалбырап, ашынған Шәмши кіреді. Ізін ала көзі жайнап құтырына жұлқынып Бекназар да келе жатады.)*

Шәмши. Арылған жоқсың, апажан! Осы елде пана болар, сая болар ер-азамат бар ма?

Рақымжан. Бар, біз бармыз! Жәбірлеген кім сізді?

Шәмши. Біз де өздеріндей жандармыз. Тірлік үміт адыра қап, бір үзім нан... бір уыс дәнге зар болдық, қаңғырдық. Менің бағам... тентірегендегі бағам... *(Жылап.)* Он пұт қарамық басқан бидай болды...

Рақымжан. Сатып алған кім?

Шәмши *(Бекназарды көрсетіп)*. Ана тұрған сіздің ағаңыз. Дәулеті тасыған бай екен, көңілі тасыған мырза екен...

Нұри. Қаңғыбасқа не кезікпейді. Жарандар! Жүрегімді жалғайын деп сатқаным да рас еді. Бұл патшағар осал кісі екен-ді. Үйімді қарасын, суымды тасысын, отымды жақсын деп келісіп... Енді қызымды тоқалдыққа алмақ екен-ді! *(Жылайды.)*

Рақымжан. Бәсе, қайдан қайырымды бола қалды деп ем-ау? Жыламаңыз, көтеріңіз басыңызды.

Нұри. Тізе бүктіріп қойған тағдырыма не дауа?

Бекназар *(масайрап, мысқылдап)*. Күйкі тірлік, қиғаш келген заманың бүккізсе... Сен бүккізсең оған да жазалы мен бе?!

Рақымжан *(шатынап.)* Сен! Сен кұналы. Сенің қолыңа түскен адам, қан жұтып өлуі керек! Не аяғыңда тапталып құлың, күнің боп өтуі керек! Өкініш арқалатпаған күнің болды ма? Неге өлмейсің тынышыңмен!..

Бекназар. Тіпті де қарап өлмеймін! *(Мәтелдеп.)* Теңізден өтсем де тереңнен өттім, өкінбен. Кісемді шештім де билікке түстім, өкінбен! Он алты жасымда төре әулетінің бетке ұстар бегі болдым, өкінбен. Сен кім болдың?

Рақымжан. Айтып болдың ба?

Бекназар. Болғаным жоқ! Коммунист болсаң да

туысы бір бауыр қалпында бол. Бауырлықтан кетіп барасың екеуің. Тындамадың ба?!

Р а қ ы м ж а н. Тындамаса ше?!

Б е к н а з а р. Тындамасаң өкінесің! Айтпады деме?!

Н ұ р и (*Шәмшиге*). Қызым, мен қаһар соққаннан шошиын дедім...

Ш ә м ш и. Әти, мен мұны бір көргенде-ақ танығам. (*Көптің алдына шығып.*) Аға! Ағалар! Апалар! Бұл мырзаның пиғылы жаман! Үйінен ақтың офицерін көрдім. Ағажан!

Р а қ ы м ж а н } (*жарыса*). Кімді көрдің? Аты-жөні

Н ұ р ы ш } кім?

Ш ә м ш и (*кідіре ойланып*). Ұмытпасам аты...

Н ұ р и (*безек қағып*). Бекер... Бекер, көрген жоқ!

Ш ә м ш и (*атын аузына түсіре алмай*). Әти, әти! Ойымды бөлме!

Н ұ р и. Шатасып тұр.

Ш ә м ш и. Мен шатаспаймын. (*Бекназарды көрсетіп.*) Шатастыра алмайсың! Лосов! Мына мырза екеуі жасырын сөйлесті. Сол Лосов Коноваловтың шана­сымен кетті. Құдай куә, мына екі көзім куә.

Р а қ ы м ж а н } Не дейді?! Науан да бірге кетті емес

Н ұ р ы ш } пе? (*Бекназарға.*) Құрттым де?

Н ұ р ы ш. Құрыған жеріміз осы шығар. Оны тұтқын­дауды маған тапсырып еді. Әттең Бейсембай болса қасымда. Қайда? Қайда? (*Аңыра ойланып.*) Маған серік болар азаматтан кім қалды?

Ж а м а л. Ақ көңілді ағаекем! Осы әулеттің берік дін­гегі едің. Мін қайратыңа! Бейсенбай кетсе, Бейсекесі қалды қасыңда.

Б е й с е к е. Ердім, аға, қасыңа!

Қ а р а қ ы з. Уа, жолдарың болсын, ұлдарым!

Б а р л ы ғы. Жолдарынды оңғарсын!

Мүлгіген орман ішін қақ жарған жол. Жолдан оқшау ағаш қой­науында Лосов пен Сәрсенов егес үстінде. Коновалов жегулі ша­нада.

Л о с о в. Кім екенімді білдің ғой?

Н а у а н. Банды Лосов екенінді шанаға отырған сәт­те-ақ білгемін.

Л о с о в. Өжет екенсің?

Н а у а н. Қайсымыздың өжет екенімізді бір құдай біледі. Қашқын! Тығылған жерің қазулы ор... Шатыр іші... Мал қорасы. Подвал... Сабан асты. Қи мен тезек­тің сасық иісін сіміріп жата тұруың керек еді.

Л о с о в. Сендер мені трибунал... түрме... атылу жа-

засының қызуы мен жылуына да тығып та көрдіңдер!

Науан. Бойымды жылытып ап қайыра ұмтылдым де?

Лосов. Қайыра ұмтылдым... Талап жатырсыңдар. Күлшылық етіп тілейтіндерің... Азық-түлік... Отып-су... сөнген қуанышқа қайырадан кенелмексіңдер! Дастарқан үстінде бір үзім нан да жоқ! Вахканелияның жалған жырын шырқамақсыңдар!

Науан. Шырқаймыз. Өшсін ғұрып, ескілік деп шырқаймыз. Былтырғы көктемнен келесі көктемге жетсек деп шырқаймыз. Бір пұт астық, бір құшақ отын ұранымыз.

Лосов. Шаруаларды тонау арқылы да шырқайтын боларсыңдар.

Науан. Жә! Кергілесуіміз жетті... Не керек өзіне?

Лосов. Есеп айырысуым керек!

Науан. Кешірек емес пе екен?

Лосов. Аз-маз толас та жетеді. Зорлықшылар! Жолды босататын боларсыңдар! Ревкомшылар... Қысқасын айтқанда кешіккен мен емес, сен! Азық-түлік штабтарыңның есігіне қара құлып салынғалы қашан!.. Партбилетінді қарсыласпай сал алдыма!..

Науан. Қолың қалтырар, ұстай алмай қор боларсың. Қойсаңыз қайтер екен қылжақты. Оқ шығару екеуімізге бірдей... Сайыссақ ақырына дейін. Аясып қалмалық. Қайсымыз өлсек те армансыз болсын. Полковник мырза, ез болуың жетпеді ме?

Лосов *(тез жиналып)*. Болсын! Тілегенім сол!.. *(Алты атарын құндағына салып қылышын суырып алады.)*

Науан *(о да алты атарын қынабына салып қылыштаса кетеді.)* Кел! Кел! *(Шайқасады. Бірін-бірі ала алмайды.)*

Лосов. Коновалов?! Бұл коммунист!.. Сені де тонаған! Сал, мойнына арқанды!..

Науан. Коновалов, тоғыз балаң бар! Азабың ұрпағыңның ұрпағына жетсін демесең, кіріспе біздің араға!.. Қадам бассаң құның бір оқ!..

Лосов. Коновалов?! Кәззәптенбе?!

Науан. Коновалов? Қорқасың, ә?

Коновалов. Батырлықты бердім екеуіңе. *(Ұзақ айқас арасында Лосов алты атарына қол сала бергенде Сәрсенов те нағанын алып үлгіреді.)*

Науан. Кәззәп Коновалов емес, өзің болдың! *(Коновалов ара түседі.)*

Ко нов а л о в. Токтатындар атысты?! Өліктерінді сүйретіп азалаудың міндетін алғаным жоқ...

На у а н. Құтылмайсың! Құтқармаймын! *(Көздейді. Лосов жүгіріп аттардың тасасына тығылады. Атады. Науанның сол қолына оқ тиеді.)*

На у а н. Тығылдың ба?

Ко нов а л о в. Аттарымды ата көрмендер! Тоқта-тындар атысты!

Лосов. Атыңмен қоса жайратайын ба? *(Кезене берген Лосовтың алты атарын Сәрсенов атып түсіреді. Зәресі ұшқан Коноваловқа қарамастан Лосов шанаға мініп қаша жөнеледі. Оқ тиген Сәрсенов бірнеше дүркін атқылайды. Оқ нысанаға тимейді.)*

Ко нов а л о в. Не болды? Бір ажалдан құтылдың, комиссар. Таса тұрып тартып жібергенде?.. Мәйітіңді құшақтап қалатын едім.

На у а н. Маған сенің мәйітің не қажет. Арамсыз, ә.

Ко нов а л о в. Айла-амалың аз екен де, ерлігің басым екен.

(Коновалов сүйемекші болады.)

На у а н. Алып жүремісің?

Ко нов а л о в. Ара түспейін дедім бе... Тоғыз балам бар. Оның қаны бұзық. Үй орманыммен өртеп жіберсе қайттім?

На у а н. Тоғыз балаң үшін қасықтай қаныңды қидым. Алды-артыңа бұрылсаң басып салам! Жаныңның барында зыт... *(Коновалов аяғы аяғына тимей зыта жөнеледі. Қалжырап қалған Науан құлайды.)*

Оқ тиіп қансырап қалған жерінен Науанды тауып әкелген Нұрыш Рақымжанға баяндап тұр. Шәмши мен Жамал төсекте жатқан жаралы Науанның басын сүйеуде.

Н ұ р ы ш. Біз де түстік соңына. Бұрқасын боран шананың ізін жауып анда-санда көз шалдырып отырды. Ну орманның ішіне кіргенімізде шананың ізі сүрлеу мен ағаштың қойнауына бұрылды. Ізді қуып он шақырымдай жүргенімізде жолдың үстінде, қолына алты атарын қысқан күйі, ес-түссіз жатқан Науанды тауып алдық. Қалай құтылғаны белгісіз.

Жуков. Жаны аман қалғанын айтсайшы.

Н ұ р ы ш. Лосов сұм қашқан болды ғой?

Жуков. Біраз тынығып есін жисын. Саябыр етіп, тыныштық сақтаңыздар! *(Бәрі тым-тырыс. Тыныштық сақтап Науанның ес жинауын күтуде.)*

Р а қ ы м ж а н. Айналып келгенде бұл қанды уақиғаның тамыры біздің ағамызбен сабақтас болғаны батып тұр-ау маған.

Ж у к о в. Ағаңыздың осыншалықты қастыққа баруының мәні неде? Лосовтың келгенін неге жасырады?

Н ұ р ы ш. Билеп-төстеп қалған мансабы тыныш жатқызсын ба?

Р а қ ы м ж а н. Тыйым салып та көрдік.

Ж у к о в. Өзін шақырып келіндер.

Р а қ ы м ж а н. Нұрыш, өзін бар да ертіп кел. *(Нұрыш кетеді.)* Коноваловтікін не деп ұғуға болады?

Н а у а н *(есін жинап, көзін ашып көтерілейін дейді)*. Денем мүз боп сірескен... Сәл ғана... Иә... Сәл ғана... Сүйендерші?

Ж а м а л *(сүйен басын көтереді)*. Тыныс алыңыз.

Н а у а н. Жамал, Жуков пен Рақымжан қайда?

Ж а м а л. Міне, бәріміз де қасыңыздамыз.

Н а у а н. Тұнжырап қапсындар ғой?..

Ж у к о в. Дәрігер де жоқ қаратқызатын.

Н а у а н *(Жуковке)*. Не жаңалықтарың бар?

Ж у к о в. Азық-түлік комиссариатынан өткен түні мынадай хабар алдық.

Н а у а н. Оқышы? Не жазыпты?..

Ж у к о в *(оқып)*. Ешімнен бұрк еткен бандылардың көтерілісі Петропавлды басып алды. Омбы комитетімен байланыс үзілді. Барлық жерде бүліншілік. Лап етіп тұтанған өрт. Астық керуендері талануда. Вокзалда, жол бойларында, қабылдау пункттерінде сендер жөнелткен астықты тап дұшпандары талап жатыр. Хал ауыр...

Н а у а н. Да! *(Жігерлене демін ауыр алып.)* Онда не тұрыс бар!.. Қозғалмаймыз ба?.. Кашиловкедегі астық қатерде... Мен білсем Лосов та жаралы кетті. Коноваловтың үйіне бір сокпай кетуі мүмкін емес. Тездету керек... тез... *(Ышқынып барып жаралы қолын көтеріп жастыққа жантаяды.)*

Ж а м а л. Әлсіреп қаласыз ғой. Жата тұрыңыз. *(Осы кезде өңі сұп-сұр, көзі шатынап Бекназарды ертіп Нұрыш келеді. Есік көзінде тұрып қалған бәрінің көзі Бекназарда.)*

Р а қ ы м ж а н *(бірден тықсыра)*. Бері кел! Жақында! Көр, әне үйде жатып өңменіне қанжар сұққызған қастығынды...

Б е к н а з а р. Мен не істеппін?

Р а қ ы м ж а н. Бір анадан, бір әкеден туған... Бақ талабы асқан Бекназардай ағамыз бар. Бәйтеректің ба-

сын шалдырмайды... Лосовтың келгенін бізден неге жасырдың?

Бекназар. Бұлардың жолда кезігетінін мен қайдан білейін. Келді-кетті бір қашқын.

Рақымжан. Білмеген шығарсың?! Сазаруын.

Жуков. Ойламаңыз оңай құтыламын деп! Лосов достыңыздың бізге істеген қастығы жаныңызға жайлы тисе оны айтыңыз?

Бекназар. Ешкімге айғақ болар жайым жоқ.

Рақымжан. Пайдасыз ақыл болмайды... Өтетін жерде ақыл да, айла да берік!

Жуков. Солай деңіз... Лосовтың бізді, мына тұрған коммунист інілеріңізді сүріндіруіне өткел болғаныңды мойындайсыз ба?

Бекназар. Мойындағанда менің қолымнан не келеді.

Жуков. Қолыңыздан, Лосовты қолға түсіруіміз үшін, Коновалов тамырыңыздың тізгініне ие болу келеді. Бізге уақыт қымбат. Қазір аттануыңыз қажет. Осыған келісеміз бе?

Бекназар. Келіспесем ше?

Рақымжан. Үйінде жатып салған айғайың үңгірден шыққандай боп естілуші еді. Сол үңгірде біздің қолымыздан жерленбейін десең, бер уәденді! Беруге тиістісің!

Жамал. Ағаеке, сенімді ақтаңыз. От басының, шапырақ астының тыныштығын да ойлаңыз. Арқа сүйеу бол деп тұр ғой інілеріңіз.

Бекназар *(ырық бермейді)*. Заман бірде былай, бірде олай! Жауың да, досың да, қайыра оралып соққан күнде кәдірімді сонда білерсіңдер.

Нұрыш *(ойланып қан)*. Сөздерің екі ұшты, қайыра оралады деген не сұмдық?

Бекназар. Басқа не қилы күн түспейді. Бір көш келеді... Екінші көш кетеді.

Нұрыш. Тоқтай қал! Сен не дедің? *(Бекназар ой-қастап жауап қайырмайды.)* Сонарсыз күнде қан сонар ғой сенің күткенің? Бір жүректі боса да қақ бөлген екенсің! Сенің керенаулығыңнан, не бейнетті арқаладым. Еңкулеп жүріп намысыңа найза боп шаншылған күнім де болып еді. Жаңылыс бассам, дойыр қамшымен осып-осып алатынсың! Мен де сені. *(Беліне қыстырған қамшысын жұлып ап, құлаштай сілтеп ағасын тартып жібереді.)*

Жуков. Ағайынды Валихановтар, тоқтатындар келісті. *(Бекназар былқ етер емес, сазаруда.)*

Бекназар. Ұр! Соқ! Аяма! Жонымнан таспа тіліп алсаң да айтқаным айтқан! Құдай бастарыңа үйірілген бақытты бұл беттеріңмен сақтап қала аламысың. Жок па?! Өлмесем оны да көрермін. Ей, жаралы азамат! Сенің сілең шығар, маған осы жазаны тартқызған. Сен де сіле...

Науан *(басын көтеріп)*. Иә, сіздің бір қолыңыз Лосовта... Бір қолыңыз інілеріңізде... Салмақтайсыз да сан қилы амал ойлайсыз...

Бекназар. Міне, дәл бастың. Жасырмаймын. Тағдыр солай өлшеген. Солай болады да. *(Кетеді.)*

Жуков. Ну, и мұндай қырсық шалды көрсем көзім шықсын.

Науан *(Бекназар кеткен жаққа қарап)*. Ұзаққа баратын қарт... Заман ағысының аңысын аңдиды... Өзіңше салмақтайды... Не үшін қасарысып отырғаны белгілі...

Жуков. Тұрамыз ба осылай, не деп шештік?

Нұрыш. Шешімді маған берсеңдер... жең сыбанып қара терге малшынатын қиынға мені жұмсаңдар! Түтсең жел... үскірік аяз... боранға жұмса... Қол жина десендер, қол жинайын... Енді аянатын жай қалған жоқ...

Науан *(әлсірей ойыс ұмтыла түсіп)*. Сізге тапсырылатын міндет бәрінен де ауыр... Лосовтың төңірегіне топтасқан бай-қулақтар алдымен астық қоймаларына тап бергелі тұр. Олар қазірде ауыл-ауылға ат шапқызып күш жинауда... Біздің кешеулеген сәтімізді пайдаланып көлік күшін, адам күшін ыдыратуға жанталасуда... Егер бізден бұрын Кашиловкедегі астықты басып алса маңайлатпайды... Оларды қайткенде де үйінен басу, топтасқан жерінен басуың керек. Олар юнкерлерден жасақ құрып шабуылға шықса кесе-көлденең түгіріп, астықты жөнелтіп болғанша ұрыс жүргізу... Кері шегіндіру... Өршеленген бетін қайырып, тарпа бассалуға жол берсең... Керуен-керуен астықты біз де жөнелтіп үлгіреміз... Лосов біздің бұл қимылымызды соңғы қарсылық деп те ойлауы... Бетпе-бет шайқасуды сен мойныңа алсаң... *(Ұмтыла түсіп Нұрышқа қолын созады. Сөзін аяқтай алмай төсегіне сылқ етіп жата кетеді.)*

Нұрыш *(қолынан қолын ала алмай, сарт етіп)*. Тапсырмаң орындалады... Төре әулетінің бар жаманатына қол сілтеп, өшіккеннің жолын кессем... Тағдыр

мені қысқа өлшесе де өкінбен... Тек сіздің ұғымыңызға нұр себілсін... Сіз тірі қалсаңыз болғаны...

Р а қ ы м ж а н. Иә, билік төреге беріліп еді. Елді сатып, ерді мерт етті демесін. Мансапшыл төрседен, адал төреге ауысқанымызды таныта аламыз десек екеумізге туыстан да тілеулес жат жақын. Иә, қиянаттың таразысы басып жатса — тірі жүру де қорлық. Алатыны ажал болса қасқайып тұрып қарсы ал! (*Рақымжан, Нұрыш, Жуковтар жорыққа жиналады.*) Не тұрыс бар?

Ж у к о в (*Жамалды оңаша шығарып*). Науанға сақ бол. Тұрып кетіп қалмасын. Бекназар қайнағанның қақпасын да қарайлай жүріңдер.

Ж а м а л. Айтқаныңыз орындалады. Қош болыңыз. Сапарыңыз оң болсын.

Н а у а н. Мықты болындар, достарым. Қош.

Ү ш е у і. Қош! (*Бәрі Науанмен қоштасады.*)

Ш ы м ы л д ы қ.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Арада бірер күн өткен. Сол үй. Жаралы Науан төсек үстінде. Әлі де ауыр халде. Екі қолымен жер таянып, аңсары әлденендей қиялға кеткен тәрізді. Терезе алдында кішкене керосин шам сәуле шашып тұр. Төсек алдында Жамал отыр.

Ж а м а л. Сіз тағы да қиялға кеттіңіз.

Н а у а н. Кешір, Жамал. Халым ауырлап барады... Жолымды қырсық шалған менің қолымнан қиялдан басқа не келеді!

Ж а м а л. Сауығып алсаң бәрі де келеді.

Н а у а н (*күйзеле толқып*). Парыз өтелмеді. Керуендер... Керуендер... Жол тартса... Қасиетті борыштың ақталғаны... Жау сұмырай масайрап белең алмас еді. Осы сәтте жарадан сауықтырып дем беретін сол кісінің амапаты болуға тиіс.

Ж а м а л. Тәңірім тілеуіңе құлақ асып, тез сауығып кетуіңе жәрдемі тиер.

Н а у а н. Қай жерге келіп тоқтап едім?.. (*Ойынан жазылмай.*)

Ж а м а л. Елден шықтыңыз. Мәскеуге келдіңіз. Пулеметшілер мектебінде оқып жүріп, бірінші рет күзетке шыққан жерге келіп тоқтағансыз.

Н а у а н. Аһа. Иә, ар жағын тыңда!

Ж а м а л. Құлағым сізде. (*Ынталана тыңдайды.*)

Науан. Бірінші рет Кремльде Георгиевский сарайында күзеттемін... Коммунистік интернационалдың үшінші конгресі өтіп жатты. Менің үлесіме сарайдың үстіндегі посты тиді. Қайдағы бір ыңғайсыз жерге тап болғаныма мұндай ренжімеспін. Кенет залдағы жұрттың даусын естідім... Апырай, залдың төбесі жұқа болғаны ма деп танданып тұрғанымда, тесіктен жарқырап жарық көрінді. Ақырын еңкейіп қарасам конгресс президиумының дәл үстінде... Ленинге тұспа-тұс тұр екенмін.

Жамал. Араларыңыз жақын болды ғой онда.

Науан. Жақын, өте жақын. Көңіл әп-сәтте жарқырап сала берді. Шатыр деп кемсініп жүрсем, ең жақсы жері екен. Енді мен постымды алтын берсең де айырбастамаспын-ау дедім. Жұлдызым оңынан туып пәтерінде, одан кабинетінде күзеттім. Владимир Ильичтің өмірін күзеткен күндерім, сірә де естен кетер ме!

Жамал. Апырай-ә? Көп жерлерде болып, қиын да қызықты өмірді басыңыздан өткерген екенсіз де.

Науан. Әлі есімде!.. Тап қазір де көз алдымда. *(Жүдеу тартқан сұрғылт жүзі шырай тартып, жұқа еріндері күбірлеп, көз айырмастан қарап қалған...)* Ленин?.. Владимир Ильич... Сіз бермесеңіз көмекті... сізге берген уәдемі өтей алмаймын ба деп қорқамын... Ел күйзелуде... Азаматтар ат үстінде... Жігерім тасқа соғылды...

Жамал. Сіз кіммен сөйлесіп тұрсыз?

Науан *(тыңдамай)*. Жаулар таптап кете ме?.. Туған жер... Қырсығы арылмаған ел... Арылуға қажет болса құрбандық... Өлсем де арманым жоқ... Бірақ та мен өлгенмен парыз өтеле ме?.. Өтелмейді. Көңілім суып барады... Ақыры сізден, сізден тілерім... Тағы да құшағыңызды ашыңыз... Ақырғы рет қуат беріңіз маған... Бойымдағы сірескен жараның солқылы да, жүректегі лоблу да басылар еді... Аза, азаптан құтылсам... Өтер едім сізге деген қасиетті парызымды... Владимир Ильич...

Сәуле бір ғана Науанның бетіне түсіп, оның қиялына оралған Ленин бейнесі елес береді... Шам сәулесінің жарығы бірте-бірте Ленинді бізге жақындата, айқындата түседі. Кремль сағатының күдіретті қоңырауы естіледі. Енді біз Ленин бейнесін толығынан өз кабинетінде көреміз.

Науан *(баяу үнмен)*. Владимир Ильич азық-түлік отрядын бізге қашан жібересіз?

Ленин. Склянскийдің маған берген мәліметінде

Петроградтан, Оралдан... Азық-түлік отрядтары жіберілді. Бұрынғы революциялық отрядтың негізінде Петропавл — Көкшетаудан солтүстік әскери тобы құрылды... Әр селодан, әр ауылдан ашыққандарға жәрдем беру комитеті... Шаруалар советі... Партияда жоқ шаруалар советін құрындар! Олардың құрамында христиан, мұсылман діндеріне құлшылық етушілер болса тіпті жақсы. *(Салмақпен байыптап телеграмма жазады. Ойға шомып саралай талдап.)* Орыс мұжықтары? Көшпелілер мен отырықшылар... Олардың үміті... Кілт неде? Жаңа арнаға көшу совет үкіметі жайындағы түсінігі? Олардың рухы қабысуы шарт. *(Қыза сөйлеп.)* Егерде біз жиырма бірінші жылғы көктемді шаруалардың наразылығымен қарсы алсақ... зор бақытсыздық! Менің бақытсыздығым... Жаңа шаруашылық саясатына көше алмаудағы бақытсыздық! Иә! Қайталап айтамын! Олардың түсінігі біздің түсінігімізбен қабысуы шарт. Бір тұрғыдан екінші тұрғыға жақсылықты да, жамандықты да қирату арқылы ауысуға болмайды. Ыза, ашу соқыр сезіммен де өтуге болмайды.

Науан. Шаруалар қажып қалған тәрізді, Владимир Ильич.

Ленин. Иә. Иә. Шаруалар қажуда... Барлық ауыртпалықты көтеруде. Керуен-керуен астықты жөнелтіп жатқан да солар! Адамның жеңімпаздық күші мейірімділік пен махаббатта десек, шаруаларға деген мейірімді тілек талабымен байланыстыру керек. Шаруалар жұмысшы табының рухани серігі. Оларға бас ұру керек. Олардың қасиетті даналығынан әр уақытта үйреніп отыруымыз керек. Оларда нағыз тұрмыс құру правосы енді ғана басталды. Өмір сүру правосы жан қорегінде тұр. *(Денесімен ілгері ұмтыла түсіп.)* Барлығыңызға! Барлығыңызға! Барлығыңызға! Тағы да айтам барлығыңызға! Ашаршылық! Нағыз сұмдық қауіпке айналып барады. Алып сатарлар мен саудагерлер! Ұрылар. Россияның екі миллион бай-кулактары астықтарын терең орларға, қамба астына, қоймаларға тығып отыр!.. Алтай губерниясының құлақтары он бес миллион пұт астықты самогон қайнатуға жұмсады. Тамбовщина, Астрахань, Казань, Орынбор, Сибирь өлкесіндегі құлақтардың үйлерінің үстерінде самогонның буы бұрқырап сасық иісі аңқуда. Ашаршылық!.. Астық шықпай қалған губерниялардың егіншілікпен айналыспаған барлық халықтары ашығуда... Олардың үміт етіп отырғаны сендер!

Науан. Владимир Ильич, нысаналы жерге жетпей жығылдым..

Ленин *(қолын кідірте сілтеп)*. Бекер... Бекер, құрметтім!

Науан. Бандылардың бүліншілігі. Біздегі бандының бастығы Зеленов! Ақгвардияның қалдығы! Лосов трибуналда сотталған. Омбы чекасының аңқаулығын пайдаланып тасада тұрып қанжар салуда. *(Ызаланып.)* Ух! Қолыма түсті. Айрылып қалдым?! Өкінішім өртеп барады.

Ленин. Білемін. Катал, қасіретті күндер... Ауыр азап. Қанды қырғын... Бәрін де өткізіп жатырсыңдар. Алтайдағы атқыштар полкіне бұйрық берілді. Зеленов Петропавл мен Көкшетау арасындағы селолардың бірінде күйреуге тиісті. *(Пенжегін түймелеп, қолын біре-се артына, біре-се шалбарының қалтасына сұғып, енді жүре сөйлейді.)* Иә. Біздің әскери командование Махнодан айрылып қалып маскара болып отыр. *(Үстел үстіндегі кітабын алып аша бастайды.)*

Науан. Джек Лондонның «Өмірді сүю» әңгімесі. Есімде... Сіз маған оқы деген едіңіз. *(Ленин көңіл қойып тыңдап тұр. Науан тебіреніспен.)* Адам аяғы баспаған қу медиең дала! Аш өзегі талған әл үстіндегі адам... Омбылап, үлкен өзеннің кеме жайына өліп-талып келе жатады. Оның дымы құрып титықтаған. Ол жүріп келе жатқан жоқ. Еңбектеп келеді. Қасында аштық өтіп, өлімші болған аш қасқыр. О да еңбектеп келеді. Екеуінің арасында арпалыс... күрес. Тартыс.

Ленин. Адам жеңіп тынбады ма?

Науан. Ия... Жеңіп тынған!

Ленин. Сен де жеңіп тынуға тиістісің. Балғын комиссар! Бандылар да аш қасқыр тәрізді. Оларды қайткенде талқандау керек.

Ленин күдіретті күш-қуат бергендей болады Науанға. Шам сөледі. Қайыра жанғанда Науан орнында емес, түрегеліп жүр.

Науан *(өз ойынан жазыла алмай)*. Аздап әл жинадық... Болды емес пе?! Әркім арқалаған жүгін күші жеткен жерге дейін жеткізуі керек.. *(Қалжырап қалған денесін жазып, жаралы қолын сермеп, еңкейе, шалқая керіліп, өзін-өзі құшырлана ширатып, сырт киімдерін іздеп тауып киіне бастайды. Жастық астындағы алты атарын оқтап алады да көзге түспеуге тырысып тартып отырады. Сырттан үйге Жамал кіреді.)*

Жамал. Әңгімеңіз ғажап еді. Бірақ ақыр со-

ңында мені ұмытып, өзіңізбен өзіңіз болып кеттіңіз. Ойыңызды бөлмейін деп. *(Науанның орнын сипап, ақтап. Шошынуда. Үйдің ішін түгел сүзіп қарап шығады.)* Қайда кеткен жаным-ау?! Жым-жылас... *(Сырттан шапқан аттың дүбірі естіледі. Ауыз үйден дегбірі қашқан Шәмши кіреді.)*

Шәмши. Кетті! Комиссар қайда? Сол өзі, өзі.

Жамал. Не дейді бетім-ау? Енді қайттік? Жалғыз ба? Біз оған білдірмей Коноваловтың астығын құрттық деп жүрсек, ол мұнда бізді құртып кетіпті ғой?

Шәмши. Ей, оллаһи! Тап өзі. Жалғыз кетті. Түн ортасында!..

Жамал. Жарасы жазылмастан жазым болса... Нұрыш пен Рақымжанға не бетімізбен көрінеміз, бейбақ-ау.

Шәмши. Иә, Жамал, орманды көрген адам — орманға бармай тұрмайды.

Жамал. Сенің әкең қайда? Осында ма еді?..

Шәмши. Осында.

Жамал. Шақыршы, Бейсекені де шақыр! Жылдам! Бол! Тез! Ұш! *(Шәмши кетеді. Жамал ойда.)* Жүрегім өзімдікі емес деп ең... Иә, Иә, сенің жүрегің өзіңдікі емес! Арманың бар да, арнағаның бар. Сені жау жараласа, мені топас дүлей қара күш жаралады. Қинала жүріп жол айырығына мен де жеттім... Әйел адамның қоры емес! Бізде де отты жүрек бар... Бізде де кек аларлық қуат бар... Ал, Жамал! Сілкінетін жерің енді келді. *(Сырттан Нұри қарт, Шәмши келеді. Бейсеке ере кіреді.)*

Нұри. Иә, алла, инабат бер пендене!

Жамал. Коновалов жауыздың астығын жайғадық па?

Бейсеке. Тып-типыл құрттық. Комиссардың бұнысы несі?

Жамал. Жауға бұйырғанша елге бұйырсын! Жақсы еттіңдер, Қорықпандар.

Нұри. Комиссардың бұл кетісі келіспеді. Біз не істей аламыз?!

Жамал. Сіздер ме? Бүгінгі қолға түсірген бар астықты жоқ-жітікке түгелдей тарататын болыңыздар. Сауабын аласыңдар! Қолда сақтай алмайсыңдар! Түсіндіңдер ғой. Мен қазір комиссарды іздеуге аттанам.

Бейсеке. Мен ерейін қасыңа!

Жамал. Жок, керек емес. Сен осында бас-көз боласың.

Шәмши. Неге ойландың?! Жалғыз қалай таппақсың!

Жамал. Шошынба, сіңлім. Шошынба! Шошынба! Құдайдың қаһарынан, адамның тағылығынан! Әйтеуір біреуіміз құтылуымыз керек қой, Шәмши! Қорықпа, қош!

Нұри. Ал, балам, ата-ана тілегі жар болсын. Қош енді? *(Бәрімен қоштасып Жамал кетуге беттегенде көзі қанталап інісі Ескендірді ертіп Бекназар келеді. Тұрғандар тым-тырыс.)*

Бекназар. Ә, жаралы жігіт қайда кеткен? Есін жиған ба?

Жамал. Сіздің шарапатыңыздың арқасында... Есін жиды да, қанат бітіп пыр етіп ұшты да кетті! *(Ескендірге сұстана қарап.)* Мынауы қайдан шықты тағы да.

Ескендір. Мынауың емес, күйеуіммін!

Жамал. Сен бе менің күйеуім?! Мына тұрған сен?! Қалай байқамағанмын.

Бекназар. О, сұм тағдыр... Комиссардың сиқыры *(Ескендірге.)* Сені де сұлатты... Мені де құлатты... Енді келінімді құтыртқан ба?

Ескендір. Ағаекеннің алдында ұялсаңшы үйдеуге?

Жамал. Күнәсіз жанды жарала деп мен бе сізді жауыздыққа шақырған!

Бекназар. Сонау коммунистеріңмен қоса сен! Інілеріме қоса сен...

Ескендір. Әй, мен бе мырық, мен бе масыл, мен айдан ай... Мені маңына жолатпай. Жарасын жазып ап... Әкетпек екен ғой сені...

Жамал. Жаппа жалаңды, мырық, масыл, шірік, сорлы!

Ескендір. Әй, мен бе мырық, мен бе масыл, мен бе сорлы. Көзін, көзіп... Ойнақшуын. Қаны қашып, сұрлануын сайтанның! *(Жамалға ұмтыла бергенде бәрі ара түспек болады.)*

Жамал. Тапжылмаңдар! Қане, ұршы қане? Тұр былай жолымнан! *(Шығуға беттейді.)*

Бейсеке. Нұрыш пен Рақымжанға не дейміз?

Жамал. Нұрыш пен Рақымжанға ма? Жамалды байлап-матап келген қыл арқан үзілді... Өз жолы. Өз арманы. Өз қиялы — неге жетелесе, соның жетегінде

кетті дендер! Қатын да болса қайратына мінді дендер! Төре әулетінің сырын да, түгін де шашып көрмеп ем, ақ жолыма арнаған шашуым болсын деп тамырымен Бекназардың түйір астығын қалдырмай, жоқ-жітікке таратып берді дендер! Қайнағасының кілті қолында екен. Қамбасын түгел ашып берді дендер! Бауырлар! *(Тұрғандар бірі жылап, бірі күліп мейірмен шығарып салуға әзір тұр.)*

Бекназар. Ақыры мені талатып кеттің бе, қу келін? *(Өкіріп отыра кетеді.)*

Жамал. Ол сенің астығың емес, Қоноваловтікі.

Бекназар. О, құдай! Өз үйімнен жау, өз отымнан су шығарған құдай! Ненді алдым? Ненді алдым?!

Валихановтың ауылымен жапсарлас отырған деревня. Қоноваловтың үйі. Қоноваловтың өзі, тағы басқа кулактар мен байлар, көрші ауылдың пысығы Әбілғазы Барақбаев та бар, коммунистерге қарсы әзірленуде. Жендеріне қызыл жолақ лента байлап алған бандылар үйдің алдында қарауылда тұр. Сырларып ішіне бүгіп, бәрінің біреуді күткен түрлері бар. Барақбаев сырттағы сыбысқа құлағын тіге тықышып қояды. Қоноваловпен бірге екі-үшеуі кеңкілдесіп, қызара бөгіп самогонды төнкеруде.

Қоновалов. Әбілғазы Барақбай баласы!.. Тықыршыма! Тықыршысаң біздің маңымызға жолама!

Барақбаев *(даусы сыңғырап)*. Әрине... Әрине... Сақтықта қорлық жоқ дегендей...

Қоновалов. Тілеп алған өздері. Айтындаршы? Осы бізден не залал көрді?

Қазақбайы. Тұп-тура... Залалдың бәрі солардан. Жалшысы да, малшысы да жиған-тергенінді бейнетсіз талап алып жатса, тұнығынды лайлап, туырлығынды тіліп жатса... Балақтағы бит басыңа өрмелесе...

Қоновалов. Иә, ойнамасын бізбен!.. Сен де ойнама Лосовпен! *(Барақбаевқа.)* Қалай-бәлайға бастың ба!.. О дүниеден бір-ақ шығасың.

Қазақбайы. Сен қарасың... Біз төреміз! Өзімшіл менмендігіне құлшылық етіп, ығыр болуымыз жетті!

Барақбаев. Әу, маған неге зіркілдейсіңдер.

Қазақбайы. Сен занталақ, былқылдама ендеше!

Барақбаев. Ауыл сайын бір коммунист аздай, ағайынды екеуі де кіріп алды.

Торай тұмсықты саудагер. Коммунист?.. Қайбір түсініп кірген коммунист... Кір деді. Кірді. Ертең шық десінші, шыға салады!.. Сүтемгеннің Мәйкені де коммунист. Ха... ха... ха...

Қ а з а қ б а й ы. Шәйбәйдің үрпек сарысы да... Қансай... Ерсай... Торсай да...

К о н о в а л о в *(оң тізесіне таяу қалғып отырған біреуін түртіп қап)*. Қалғыма! Мұндайда шыдам... Шыдам керек, мырзалар! *(Сырттан ит үріп, дабыр естіледі. Отырғандар орындарынан атып-атып тұра кеп, есікке беттейді.)* Шыдам дедім ғой сендерге! Декбірлерің неге қашты?.. *(Сырып тастап.)* А, ну-ка? *(Қарсы алуға беттеп.)* Былай тұра тұрыңдар! *(Шығады. Екі көзі қанталап, қаһарына мінген Лосов Коноваловқа сөйлей кіреді.)*

Л о с о в. Иттеріңді абалатпай тұмылдырықтап қоймаймысың. Өз абалауымыз аздай қоса абалатып.

К о н о в а л о в *(самогон құйып беріп)*. Тоңып қапысың, күн суық қой. Қағып жібер.

Л о с о в *(стаканды қағып жіберіп)*. Коновалов! Жауды жайғастырып ап самогонға шомылатын күн алда! Есінді жи, ақымақ!

К о н о в а л о в. Солай ма?.. Қуанған да бір, қорыққан да бір дегендей. Күп, тақсыр. Күп. *(Шұлғиды.)*

Л о с о в. Мырзалар?! Ақсақалдар! Игі жақсылар! Әрқайсың да өз ауылыңның, өз деревняңның қожасысыңдар?.. Айтыңдар, шешімдеріңді? *(Бәрі де ынталана қоршап тыңдайды.)*

Қ а з а қ б а й ы. Мен айтсам, төреңіз өшіккені қара, қараның өшіккені төре! Сіз бастап, біз қостап беттерің бір қайырып тастайықшы! Қалған жұрт... Тулақша сіліккелі тұр.

Л о с о в. Сіз, бізді көбейтіп кеттіңіз. Мынаған келісейік. Бәріміздің аңдығанымыз бір-ақ жау... Коммунистер, қызылдар! Талаушылар!..

Б а р а қ б а е в. Әрине... Әрине... Біз қазақпыз... Қазақтың ішінде кірме дейтін болады. Кірмелерді төрелер төленгіт етіп алған ғой. Көресіні олар көрген ғой.

Л о с о в. Өзің қайсысына жатасың?

Б а р а қ б а е в. Ара кідік. Төре де емеспін. Төленгіт те емеспін.

К о н о в а л о в. Иә... Айт десе ата жөнелетін майлы аяғы.

Б а р а қ б а е в *(шамданып)*. Коновалов, қағытпаңыз... Мен! Мен... *(Мардымсып.)* Революцияның дабылын естігенде-ақ қол үзіп кеткенмін...

Л о с о в *(торай тұмсықты саудагерге)*. Сіз не дейсіз?

С а у д а г е р. Мен бе, мархабаттым!

Л о с о в. Иә, сіз?

Саудагер. Мен бе? Мен... Анада бір сайлауда, шар салмайсың деп масаға талатып... мені ағаштың ішіне байлап кеткен еді. Содан бері... Ішіме қан қатып... Әй, бір кезеңі келерсің-ау деп... жүруші едім... Мен қолға түскенін дарға асу керек деймін.

Лосов (қазақ байына). Сіз ше?

Қазақ байы. Кім біледі... Біздікі кім бастаса соған еру гоі. Әумин десендер... Мен де әумин деп қолымды жаям да.

Лосов. Коновалов, сен қалай қарайсың? Бекназар тамырың інілеріне бұрмайды деп айта аламысың?

Барақбаев. Бірінен-бірі жер алып, шек-қарны араласқан досы. Иә, тыңдалық?

Коновалов. Бекназар досым екені рас. Інісінің құнып менен дауламайды. Сенен де дауламайды... Даулайтын кісі қып-қызыл коммунистердің ортасында отырып, сені үйіне сақтай ма? Комиссарын менің шанама салып, қолыңа бере ме?.. Күні тусыншы... Қалай белен алар екен! Иланыңыз...

Лосов. Иланайып. Сонымен не деп келістік?

Барақбаев. Келісім... Кешіріңіз... Әр шонжардың қонсысы мен қолаңы бар. Құлағынан бассаң тырп етпейтін кедейі мен кепшігі бар. Олардың төреге деген ата кегін, өз кегін, оятсақ! Дүлей күшке төтеп бар ма? Басында сіз... Қасында біз тұрсақ, түтіп жейтіндігіне... мен кепіл!..

Лосов. Қайда сол тобыр?!

Бәрі. Болады! Тоғысады! Топтасады! Көр де тұр. Тап осылайша бір өш алсақ?!

Лосов. Осыған уәде етейік? *(Қаруын сүйіп ант етеді. Басқалары да алдына иіліп қаруын сүйеді. Күзетте тұрған юнкер кіреді.)*

Юнкер. Құрметті полковник, Коноваловты сұрап бір әйел кеп тұр.

Коновалов. Кім болды екен!

Юнкер *(Лосовқа)*. Кірсін дейін бе?

Лосов. Жалғыз ба?

Юнкер. Жалғыз.

Лосов. Бар, кірсін де! *(Юнкер кетеді. Жүзі солғын, әбден шаршаған, аяз қарып, бойын суық сорған, қалш-қалш дірдек қағып Жамал кіреді. Үйдегілердің әрқайсысы әр жерге ыдырап жайғасқан. Лосов қаруын оңтайлана сырт беріп тұр.)*

Коновалов. Жамал!? Жамалмысың, жарқын-ау! Қайдан жүрсің?

Ж а м а л. Ауылдан... Шешіндіріп жіберіңіз. Қол... аяқ... тұла бойым... мұз боп... сіресіп... қатып... қалды... Шешінуге дәрменім жоқ. (*Қалш-қалш етіп тістері сақылдан*). Жаурап барамын, у, у, у...

Б а р а қ б а е в. Қол-аяғын уқаландар...

К о н о в а л о в. Спирт те жоқ... Самогон. Самогонды әкел! (*Барақбаев самогон құйып әкеледі.*) Қатты жаурағансың. (*Қол-аяғын ысады.*)

Б а р а қ б а е в. Танымсыз?

Л о с о в. (*суық*). Жок!

Б а р а қ б а е в. Бекназардың келіні. Төре әулетін шебер ебімен бағындырған сырбаз әйел...

Ж а м а л. (*Қоноваловтың қолындағы шыныны жұлып алып*). Бере тұрыңыз? Сырттағы ызғардан — іштегі ызғар ғой күйдіретін де, тондыратын да. (*Кружкеге толтыра құйып тартып жібереді. Айналасындағылар оның өжет, батыл қимылына таң қалады.*)

Қ а з а қ б а й ы. (*шегін тартып*). Сіміріп салды!

Ж а м а л. У болса да сімірдім. (*Өзегінен өткен самогонның барысын аңдып.*) Кетіп барады. (*Кружкеде қалған самогонның дәмін татып көріп.*) Түк те емес қой! Аздап иісі мұрын жарады. (*Жан-жағына көз тоқтатып, қадалып.*) Ә, Әбілғазы аға! Сізді қай құдай айдап келген?.. Кезінде сіз де маған қырындағансыз... Маңыма дарытпай, менсінбей кетіп едім... Ол күнәмді құдай кешсін... Төре әулеті сізді де маңайлатпай қуып тастаған еді. Бекер болған... Жаны мұңлы, көкірегі шерлі мен құрлы да тіресе алмадың...

Б а р а қ б а е в. Тіресуді көтеріп тұр ма?!

Ж а м а л. Ия, сіз адал боламын деп құрыдыңыз. Ал, мен сайқал! Сұмдығына көзім жеткенше шыдадым...

К о н о в а л о в. Айтушы ем-ау отты деп. Неге келдің? Қалай келдің? Жәбір көрдің бе?

Ж а м а л. Сұрамаңыз!.. Ит тепкіні көрдім. Төркініме... Үйіме... Әкеме барайын деп қайнаған ашу қысып тартып отырдым... (*Ызалы күйінішпен.*) О, тәңірім! Намыс пен сезім бар ма бізде?

Л о с о в. Коммунист қайнағаларына күнәсіз екенінді дәлелдесмедің бе?

Ж а м а л. Дәлелдедім. (*Сиқырлана, әрі мінеу, әрі шенеу күлкімен.*) Ха-ха-ха! Күдіктеріне сылтау таба алмайтындай етіп-ақ дәлелдедім. Жолымнан тоқтата ма деп едім... Пысқырғаным да жоқ! (*Томсара түнеріп отырған біреуді танып.*) Мынаны қара? Төре түшкірсе

жәрәкім алладан аузы босамаған. Шұлғауын сілкіп, кебісін салатын лапбайшыл көктеке не ғып отыр?.. Уа, ел кетті!.. Жау шапты!.. Жар салғыш ұзын құлақ! Өсекшінің бірі болатын еді...

Б а й (*шамданып*). Тәбәрәк алғамын. Рақмет сенің қайнағаларыңа!..

Ж а м а л. Сізге де рақмет. Өгізге мінгеннің де бәйгеден дәмесі бар дегендей, биліктен бұ да дәметкесін, не амал?! (*Тағы да біреуіне тесіліп.*) Исабайдың ұрты салбыраған... Сарала бөрі басарындай... Келте құйрық қайнағаны қара! Мені ұзатқанда бас құда болып келіп едің-ау?!

Ұ р т ы с а л б ы р а ғ а н а д а м. Жә, жә! Тәңір қосты болды деп, тәйтікті таңдаған өзіңсін!

Ж а м а л. Иә, өзім... Өзім... Таңдаған да өзім... Тастаған да өзім...

Б а р а қ б а е в. О, бұл ма, бұл! Бойындағы асылын әлі де сақтаған әйел. Айрылмау керек өзінен.

Л о с о в. Аярлық емес пе екен?

Б а р а қ б а е в. Көрмейсіз бе?! Айтқан сөздерінің бәрі де жан солқылы... Тығырыққа тірелген апақ-сапақта тартып отырған. Бұрын да, былқыл-сылқылы болатын. Именер жанның тегі емес... Әбден ашынған...

Л о с о в (*сұстана тесірейеді. Ұзақ үнсіздік. Кенет Жамалға жетіп барып бетін өзіне бұрады. Жамал тайсалар емес. Екеуі көзбен арбасуда*). Ентігіңізді бастыңыз ба?

Ж а м а л. Қалшылығыңды деңіз.

Л о с о в. Сіз, маған терең тұңғыықтан шыққандайсыз.

Ж а м а л. Дозақтан десеңіз де еркіңіз.

Л о с о в. Коммунистер не істеп жатыр? Маған солардың дозағын баян етерсіз?

Ж а м а л. Неке бұзып қуылдым ғой. Намысын таптаған «сайқал» деген жаманатқа таңылдым.

Л о с о в (*сенбей*). Сайқалсың ә? Бізге келуіне де не мән бар.

Ж а м а л. Мен сізге емес, Коноваловқа келдім.

Л о с о в. Неңді жоғалтып келдің?

Ж а м а л. Бойымдағы бар асылымды... (*Сөзге айналдырғысы келіп жолын бөгеуге тырысып*). Иә, дүниеде екі түрлі қорлық бар деседі. Көңіліне сайтан ұялап, төсегін былғау әйелге қорлық... Паналар жер таба алмай, елден безу ерге қорлық... Екеуміздің бағамыз да бір-

дей... Сіз маған сенбей тұрсыз! Иә, мен сол, қорлықты басымнан кешірген әйелмін?!

Л о с о в. Сайқал сұлу. Шыныңды айт! Неге келдің? Кім жіберді? Жуков пе? Әлде Лениннен жолдама алған коммунист пе?

Ж а м а л. Тергеуіңіздің қисыны бар. Сіз маған бей-таныс адамсыз. Мүмкін, мені нәпсі бұзып ойымды... Өз намысымды қуып келген болармын.

Л о с о в. Орағытуын сайтанның! Нәпсі буса ойыңды сүйгеніңнің құшағына оралып жатпас па едің үйінде. Қалай әндеткеніңді көрелік... Шығарындар суырып! *(Көздері қарауытқан құзғынша құныққан байлар подвалдан қол-аяғы байлаулы, ес-түссіз Рақымжанды суырып алып шығады. Жамал әлдебір сұмдықты сезгендей, тітірене тесіліп қалған.)*

Л о с о в. Сиқырланба, сұлу! Айтқаныңның бәрі жалған?! *(Қолын қайырып қинайды.)*

Ж а м а л *(шошына ытырынып)*. Жалған... Иә... иә... бәрі жалған!.. Менің басыма келген қиял да, арман да жалған! Не жалған емес... Сіз де жалған! Мынау тұрған көз таныс... Әкемді көрген... Шешемнің қолынан дәм татқан, игі жақсылардың көздерін сүзуі де жалған! Бәрі жалған! Өзімді өзім сатқандай боп тұрмын ғой сендерге!.. Дей беріндері? *(Көзі енді ғана еденде қанға боялып жатқан Рақымжанға түседі. Жамал ес-түссіз, сұлқ, демі бітіп үні шықпай қатып қалған. Аздан соң ерні күбірлеп өз көзіне өзі сенбей.)* Жо... жо... жоқ! Ол емес... Ол мұнда келуге тиісті емес. Жо, жо-жоқ! Ол, өлмек емес-ті! *(Бар пәрменімен жаны ышқына айғайлап.)* Рақымжан аға!

Л о с о в. Жабындар аузын! Шығармандар дыбысын! *(Бұ кезде юнкер кіріп хабар етеді.)*

Ю н к е р. Атой салып Нұрыш Валиханов кірді деревняға.

Л о с о в. Ах, солай ма?! Сақшылар қайда?!

Ю н к е р. Сақшылар орнында.

Л о с о в. Менің рұксатымсыз шығармандар! Бар! *(Тұрғандарға төргі үйді меңзеп.)* Ал, Валихановтар! Имандарыңды айта бер! Сал дұзақты! Апарып асыңдар! Бол тез!.. Шұбалаңға орын тар! Қапыда қала жаздадық. *(Бәрі жабылып сүйрей жұлқылап төрге шымылдық артына Рақымжанды әкетеді. Жамал жан ұшыруда... Үй қара көлеңкеленді. Шымылдық артындағы арпалысты, көлеңкелері арқылы көреміз. Рақымжанның дауысы*

«Хош, бауырым, Жамал) Жауыз Лосов, Барақбаев менің қаным ұрпағынның ұрпағына кара таңба болып басылар әлі! (Шымылдық артындағы көлеңкеден Рақымжанның асулы тұрған денесін көреміз. Оның ақтық сөзі даланы жарғандай жаңғырық береді. Жаңғырыққа ілесе атой салған шабуыл сарыны жалғасады.)

Л о с о в. Кәззэптар! Қасық қандарың қалғанша қарсы шабуға міндеттісіңдер! Ауланың, сарайдың, үйдің тасасынан орын алыңдар! Қорқып тая соқсаңдар табанда атыласыңдар! Қолға түскендерін аямандар! Асыңдар! Кескілендер! Ал, тартыңдар (Үйден қолдарына не түссе соны алып дүркірей жөнеледі. Лосов кідіреді.)

Ж а м а л. Ағаекем! Ағаекем! Ерлігіңнен... өрлігіңнен айналдым. Ағаекем! (Лосов, Барақбаев, Коноваловтар тасадан күтеді.)

Л о с о в (аялдап). Мына әйелді босатпандар!.. Қамандар!

К о н о в а л о в. Маған тапсыр.

Л о с о в. Қашып кетпесіне кепілмісің?!

К о н о в а л о в. Қайда кетуші еді. Тесік атаулы тығындалған.(Лосов кетеді.) Қалай ойлайсың, Жамал? Валихановтар соғылмаған жеті маямның үстінен түсірді... Мен де аямаймын оларды. Жанымды қалдыра ма!

Ж а м а л (теңселіп). Білмеймін. Білмеймін. Менің өз қасіретім өзіме жетерлік. Өз досың... өз қасың.

К о н о в а л о в. Өз досым... Мені қоса тонады. Мен де қарап қалман!

Ж а м а л. Коновалов! Дәм-тұзымыз жарасқан жақын,— деп жүрсем... Мейірімнен сен де жүрдай ма едің... (Сыртта қаңғыр-күңгір дабыл қағылады. Қолдарына қосауыз мылтық, сойыл, балта, сүймен ұстап желігіп алған бай-кулактар мен олардың сойыл соғарлары сайысқа шығады. Қырғын-шайқас. Біреулердің оққа ұшқан жан даусы, енді біреулердің «Ақжол», «Қойбас» деп руларының ұранын шақырғаны естіліп тұр. Осының бәрін естіп біліп тұрған Жамалдың үміт сезімдері толқуда! Елжіреп егілгісі келеді. Елжіреуден гөрі айла-амал іздейді... Үміт етеді.

Лосов пен Коновалов, Барақбаевтар Нұрышты тасадан күтуде.)

Б а р а қ б а е в. Бұл ма, орасан... Жолбарысша шөңгеріліп атылғанда оғыңнан да шапшаң...

Л о с о в. Не қылғанда тірідей қолға түсіруіміз керек.

Ко нов а л о в. Тірі түсіреміз деп жүріп айырылып қалмайық. Бұл иттің қимылы өрен ғой.

Л о с о в. Оқ шығардым дегенше, құрыдым деңдер!

Б а р а қ б а е в. Келінін бетке ұстап алдап түсір...

Л о с о в. Кетіндер менің маңымнан! Алып келіндер тұтқын қатынды?!

(Қасіретті көздерін мөлтілдетіп Жамалды алып келеді. Қылыштасып, тойтарыс беріп келе жатқан Нұрыштың даусы естіледі.)

Н ұ р ы ш *(сыртта)*. Жігіттер!.. Бандылардың тығылған апаны осы үй!.. Осы үйде сілейтіп, кебіндерін осы үйде кигізсек, кектің қайтқаны!..

Ж а м а л *(Лосовтың нағанын Нұрышқа кезеніп тұрғанын көріп қап)*. Аtpа?! Аtpа?!

Л о с о в. Оның бізді атпайтындығына кепіл боламысың!!!

Ж а м а л. Боламын! Тым құрыса тілге келтір. *(Коноваловқа.)* Не орыс, не қазақ баласында болмаған қасіретті көрсеттіндер. Тілге келтірт де мынауыңа?! *(Барақбиевқа.)* Дұшпан да болсаң іргелес отырған ағайын емес пе едің? Бауырын іздеп сор айдап келген шығар... Біліп кетсін... Естіп кетсін! Тілдестіріңдер.

Ко нов а л о в. Айтқызба? Айтқызбау керек!

Ж а м а л *(Лосовқа)*. Тағдырым бір өзіңнің қолында тұр! Айнала тор, қан шеңгелінді құрып қойдың емес пе. Өлігін көрсетпесең де естіп кетсін! Тілдестірші?

Ко нов а л о в. Шыдай тұрайық. Тілдесіп көрсін!..

Л о с о в. Жә! Дыбыстарыңды көбейтпеңдер. Үркітіп аламыз! Түс ендеше бетке! Бұлтарсаң оғымды одан бұрын саған қадаймын!

Ж а м а л. Нысанаңа мені қойып, жетем десең мақсатыңа. Тек арыздастырып... Ақтық сөзімді айтқызып ал жанымды. *(Кірпігін де қақпастан келе жатқан Нұрыштың алдына барып тұрады. Артында тасада Лосов, айнала қарауылы тұр.)*

Н ұ р ы ш *(үйге қарай ұмтыла басып келеді. Қарсы алдында сілейіп Жамал тұр. Бұл қайдан келді дегендей аң-таң.)* Жамал?! *(Көзін сүртіп.)* Жарқыным?.. Періштедей аруым... Жамалмысың, жаным? *(Жамалда үн жоқ.)* Біз кеткенде үйде қалып едің ғой? Ауыл аман ба! Ел аман ба?! Үнің неге шықпайды, Жамал!..

Ж а м а л. Жамал емес жалмауызбын, ағаеке!

Н ұ р ы ш. Не болды? Әлде сені корлады ма жауыздар?!

Ж а м а л. Көрген қорлығымнан да көретін қасіретім көп пе деп тұрмын, ағакем!..

Н ұ р ы ш. Бір сұмдықты ішіне түйіп тұрғандайсың... Тезірек айтшы. Бұл тұрысың қай тұрыс?!

Ж а м а л. Сізге де, маған да жақындауға болмайды.

Н ұ р ы ш. Неге? Неге?!

Ж а м а л. Айналаң тор, алдың ор, келесің жарға құлауға...

Н ұ р ы ш. Сол ғана ма айтпағың?

Ж а м а л. Аржағын тыңда, ағаке. Шамаң келсе көзінді де айырма менен.

Н ұ р ы ш. Апыр-ау, осынша неге қиналдың? Айтып өлтірші!...

Ж а м а л. Есіл, ағакем! От кешкен сапарында ар-уақтай алдыңнан шығып, арыстандай арысыңның, Рақымжандай бірге туған бауырыңның жаман атын естіртем деп тілеп пе едім тәңірден?

Н ұ р ы ш. Не, не дедің! Қуатым-ай! Рақымжаным-ай!

Ж а м а л. Демегім сол. Бұлар қазір анталап тұр. Маған алданып қалсын. Қайратыңа мін де, қапы соқтыр, ағаке! Аялдама!

Н ұ р ы ш. Қап! Әттеген-ай! О, сұм өмір, сені екі оттың ортасына әкеп қойған тағдырыма не дауа?!

Ж а м а л. Ағатай-ау, неге тұрсың?.. Неге соза бересің ғазапты?

Н ұ р ы ш. Ажалдың нысанасына сені байлады ма?! *(Шырыға тұтанып)*. Тағдырдың мені мұнда айдап әкелуі де жазмышым шығар. Жалғыз қалып не болам?

Ж а м а л. Не істегелі тұрсыз?!

Н ұ р ы ш. Мен бе, мен? *(Шырыға толқып)*. Қорлау, зорлау, қиянат, атаулыға лағнет айтып, асылым, аяулым Жамал үшін, сенің болашақ бақытың үшін, кегімді алу үшін, адал жолым, ақ ниетім үшін не көрсем бірге көрем. Бірге өлем деп барам! Куәм бол! *(Дауыстан.)* Ей, бандиттер қайдасыңдар! Мені күтсеңдер шығыңдар? Қорқамысыңдар? Қорқарсыңдар! Есіктеріңді мен сиятындай етіп шалқайта ашыңдар! Кең ашыңдар! *(Қайратына мініп қаһарын төге үйге беттейді.)*

Л о с о в *(іштен)*. Ә! Түстің бе торыма! Іліккен шығарсың... Коммунист Валихановтар! Қосақталып өлгің келген екен! Кел! Кел!

Н ұ р ы ш. Ал түстім қақпаныңа, бандиттер! *(Есікті аяғымен теуіп жіберіп ішке кіреді. Коновалов пен Барқабаев үйдің есігін бекітіп алады. Үйдің ішінде екі дүр-*

кін мылтық атылады. Арпалыс шайқас. Тасыр-тұсыр, шатыр-күтір.)

Б а р а қ б а е в. Өзі де бітті! Лосов та бітті! Жатсын солай! Батсын солай күндері!.. *(Сытылып қаша жөнеледі. Қара көлеңке шам жарығы Жамалға түседі.)*

Ж а м а л. Аһх! *(Құлап кетеді. Айнала тым-тырыс. Салден соң еңірей боздап.)* Қан ішерлер, құрттыңдар ма барымды, құлаттыңдар ма қос тірегімді, қос бәйтерегімді! Қос қанатым бірден қиылды. Қайтып қанат қағармын. Биікке қайтып ұшармын? Қос ағаекем, қош, ағаекем!..

Жамалдың зарына қуатты күш дем бергендей, ерлер өлімінің қасіретті қайғысына ортақтаса есілте салған ән естіледі. Шам сөннеді, күйініш пен құдіретті күшке толы ән сазы бізді жетелсіп отырып тақ басына қарай бұқара кедей шаруалардың еңбек айқасына әкеледі. Молотилкеден алынған астық бір жағынан тазартылып, бір жағынан қапқа тиеліп жөнелтіліп жатыр. Жан аямай қан-терге түсіп жұмыс істеп жатқан ер-әйелдер. Әлдісі жалғыз, әлсізі қолдаса бидай салған қаптарды көтеріп шанаға тиеп жатыр. Аштықтан шұбырып келгендер де проппомощ жәрдемдерін алуда. «Ағатай, ағатай, маған да қарайлас. Балам, маған да!»— деп тіленген бала-шаға, жетім-жесірлер... Әдепкіде естілген қасіретті әнді айтып отырған, қолында домбыра, көз жапарынан айрылған мүгедек; оның әуенінен халық тағдырының шерлі сырын аңғарамыз. Сапырылысқан жұрттың бел ортасында терге малшына қайрат көрсетіп, қаптарды көз ілестірмей тасып жүрген Науан, Жуков, Бейсекелерде дамыл жоқ. Ара-тұра қапты арқалап жүріп сөйлесіп қояды.

Н а у а н *(Жуковке)*. Қалайсың!?

Ж у к о в. Жараймын!

Н а у а н. Рақымжанды қайда жұмсап ең?

Ж у к о в. Қосымша ат көлік... Қарулы жігіттер табам деп кеткен!

Н а у а н. Қайда? Алыс па еді? Жақын ба еді?

Ж у к о в *(жүгіре басып)*. Жақын! Жақын. Жылдамдат!

Н а у а н *(Бейсекеден)*. Рақымжандар неге кешігіп жатыр?

Б е й с е к е. Білмеймін.

Н а у а н. Қай ауылға кетіп еді?

Б е й с е к е *(асыға басып)*. Жапсарлас Барақбай ауылына, бөрік тастам жерде. Тиіп тұр. *(Еңтіге басып кетеді.)*

Ж у к о в *(арқасында қап, Науанға)*. Байқа! Байқа! Жаралы қолыңды жазым етіп аласың. Қолдассайшы, біреумен.

Н а у а н *(жігерлене қабын арқалаған күйі)*. Қорық-

па, дос. Бір қолмен-ақ қызды құшуға жарармыз! Еше қандайын?

Жуков. Қыр көрсетуін! Қалың малың төрт мүшең, оның біреуінен айырылған соң келіншекке қалып жүрмесе күнің.

Науан. Мына сөзінде ілгіншек бар ма қалай?

Жуков. Қайдам. Жамалдың күйеуінің саған тіксінуі жаман еді. *(Кетеді.)*

Науан. Науанның махаббат іздейтін уақытын тапқан екенсің. *(Тәлтіректен барып түзеледі.)*

Бейсеке. Жараңызды ушықтырып аласыз-ау, осы... Келіңізші, қолдасайық.

Науан. Мазақ етпе, бала! Бір қолды беріп астықты аман жеткізсек арман не? Қарайлама! Бас, жігітім, бас!

Бейсеке. Бүгіннен қалған жан, жан емес. Бастым, аға!.. *(Кетеді.)*

Науан *(қабына сүйеніп, тыныстап)*. Иә! Керуен жолға шығатын уақыт болған шығар. *(Астық өлшеушіге.)* Тиіп болдық па?

Өлшеуші. Болып қалдық!

Науан. Болсақ шаналарды мінгестірмей, алдын ілгері апарып ретке қойыңдар.

Өлшеуші. Құп болады. *(Кетеді. Бұ кезде сапырылысқан жұрттың ішімен үсті-басы дал-дұл, қып-қызыл қанға малышынған сүлдерін сүйретіп Нұрыш келеді. Жұрттың құлшына кіріскені сонша, оны ешқайсысы да байқар емес. Бір жығылып бір тұрып, жүріп келеді. Құлайды. Қап арқалап келе жатқан Жуков Нұрышқа тап болады.)*

Жуков. Нұрыш?! Нұрышпысың!? *(Іле кірген Бейсекеге.)* Науанды шақыр?! *(Жұртты шошытып аламыз ба дегендей дегбірі кетіп.)* Бұл не болды? Бұл не болғаны?! *(Науанды ертіп Бейсеке келеді.)*

Науан. Нұрыш қой?! Жаны бар ма?!

Бейсеке. Қалай жеткен? Тамтығы да қалмапты ғой, ағакем!

Жуков. Тасуды тоқтатыңдар!
(Үшеуі қаптарын тастай салып Нұрышты сүйемелдеп оңашаға әкеледі.) Абайлаңдар!

Науан *(сұлқ жатқан Нұрыштың басын көтеріп)*. Нұрыш, Нұрыш?! Кімге тап болдың? Қалай келдің? Қайдан?..

Нұрыш *(есін жиып, айтуға зорланып)*. Сұрамаңдар!! Қалай келгенімнің мехнатын сұрамаңдар! Мехнат

деген не?! *(Зарлы күйінішпен.)* Ол... Ол... болмағанда! Дүния-ей... асылынып... көз алдымда тұрмағанда...

Науан } Оның кім? Кімді айттың? Аташы атын?
Жуков } Аташы?

Нұрыш *(ақырғы демімен айтып қалуға тырысады. Бәрі тым-тырыс. Ынтыға тыңдауда).* Ол, өлді. Кегімді алдым, бауырым. Рақымжан! Бақыл бол! Лосов өлді... Қалғаны қашты. Жамал сонда.

Науан. Жамал қайда!?

Нұрыш. Коноваловтікінде. Бір жерге бізді... бір жерге... көміңдер... *(Өледі, бәрі бас киімдерін алып Нұрыштың аруағына бас иеді. Бейсеке басында еңкілдеп жылап отыр.)*

Науан. Олар өлді. Біз тіріміз. Біздер бармыз! Қайран есіл ерлер... Бақыты ашылмаған Жамал. Қалай тап болды? Иә, ешбір сөзбен жеткізе алмайтын қаза болды... *(Шинелімен Нұрыштың бетін жабады.)* Жуков, қасыңа жігіттерді ертіп ал да Жамалға жет. Сүйектерін бірге алып жүреміз. *(Жуков кетеді.)* Бейсеке! Астық тиеліп болса, жұрт қамдансын. Қалың киінсін, барын киінсін. Бары, жоғымен, қарулансын. Хабарла! Қозғаламыз. *(Науан қаруларын асынып жүруге қамданады. Астық тасушыларды аралап.)* Болдыңдар ма? Болдық па, жігіттер. *(Жұртты жағалай барлап шығады.)*

Өлшеуші. Болдық, аға, аттанамыз ба?

Науан. Аттанамыз, бала. *(Өлшеушінің өн бойына көз жүгіртіп.)* Омырауың ашық қой! Мә, бала. Құлағыңды үсітіп аласың. *(Мойнындағы бөкебайын орап береді. Тағы бір қартаңдау еркектің дірдектеп қолын уқалап тұрғанын көріп, қолғабын шешіп береді.)* Алыңыз... Жол ұзақ!

Бейсеке *(кекті, шерлі дауыспен, сапырылысқан жұртты аралап жүріп).* Туғандар! Бауырлар! Ағатайлар! Апатайлар! Қамданыңдар! Қайраттаныңдар! Қаруланыңдар! Астықты керуен көшін бастаймыз. Қазір қозғаламыз. Аттанамыз, бауырлар! *(Бұ кезде Рақымжанның сүйегін алып Жуков пен Жамал тағы бірнеше жігіттер келіп Нұрыштың сүйегімен екеуін бірге шаңаға салып жайғастырады. Науан мен Жуков ортаға шығып.)*

Науан. Туғандар! Дән иесі, нан иесі бауырлар! Кедей шаруалар. Алдымызда ұзақ жол тұр. Оппа қарда, сүрең жолда, қатер қауіп та жоқ емес. Өткелі қиын сапар! Белді буып бекем кіріскен екенбіз, осы қарқынды суытпай аттаналық! Астық үшін маңдай терін төк-

кенге де, астық үшін құрбан болып кеткенге де оң сапар болсын! (*Жұрт «айтсын!.. Айтқаның келсін...» Шуылдасып шана артына кетеді.*) Керуен басы, тартындар қалаға.

Кетеді. Сыртта керуен лек-легімен шеру тартқан қолдай жолға шығады. Қаңғыр-қуңгір. Темір табанды шаналардың сақұр-сұқыр шықылы... Соңғы шана да қозғалады. Шанада Рақымжан мен Нұрыштың сүйегі. Олардың аяғын ала Жамал отыр. Бейсеке — ат айдаушы. Астық керуенінің соңында мәйітті салған шана да кетіп барады. Музыкада ерлік сазы, қасірет сазы... Шам сөнеді.

Қара жамылып қалған ауыл. Мезгіл көктем. Нұри қарт, Нұрыш пен Рақымжанның басына орнататын қоршауды бітіріп болып, ою, өрнектерін мәнерлеуде. Ескендір отын жарып шаруа жабдығында жүр. Есік алдындағы баспалдақта күн шуақтап Қаракыз отыр. Қасында Шәмши. Өз ойымен өзі.

Қ а р а қ ы з. Нұри, бүгін күн жұма ғой, осы ә?

Н ұ р и (*жетіні санап*). Кеше бейсенбі, иә, бүгін жұма. Жұма намазын оқып па едің?

Қ а р а қ ы з. Айтарсың. Менен намаз қалғалы қашан?

Ш ә м ш и. Көктем?! Мейірімді көктем!.. Күн күркіреп бір берсе көк майса дүр еткелі тұр. Көктемгі жауынның астында жалаң аяқ, жалаң бас жүгіретін де жүретін ем. Марқұм әниім... «Қызым, салқын тиіп қалмасын» — дегеніне қарамастан тайралаңдап жүгіре беретінмін, жүгіре беретінмін...

Қ а р а қ ы з. Қызым, қамырың ашып кетпеді ме екен?

Ш ә м ш и (*туған жерін есіне түсіріп*). Біздің, Орал тауының көктемі... Қалын, қаптай өскен қарағайлар шоқылары, жасыл желек жамылғандай... Тау жақбарының бауырларында ағы, сарысы, қызылы аралас өсетін қызғалдақ гүлдері қандай еді? Түнде жұлдызы аспан астында кен шығаратын рудник шамдарының оттары шоғырлана жарқыраушы еді-ау?

Қ а р а қ ы з. Өтіп бара жатқан заман-ай. Қайран боздақтардың қырқы да болып қалды.

Ш ә м ш и. Иә, әже, бастан не өтпей жатыр... Мезгіл ұзаған сайын бәрі де ұзап, артта бұлдыр елес боп қалып барады. Қыс кетіп көктем де келді. Қызғалдақ гүлдер де өскен шығар, ә? Барып келейінші?

Қ а р а қ ы з. Көктем нұрын қуанышпен күтеді. Қайран жастық... Ұзап кетпе, қызым! Жамал апаң да келіп қалар. Тым құрыса шелпек пісіріп, жеті нан берелік.

Ш ә м ш и. Кәзір... Кәзір, апа! (*Кетеді.*)

Нұри (*Ескендірге*). Башқұрдың бір әйдік байы болды, туған. Бәйітінің биіктігін сұрама. Қозы көш жерден көрінетін. Биік зәулім еді де. Бала күнім. Жалшымын... Қойды іріп тастап, қасында қараймын да жатамын едім де.

Ескендір. Е, біздің қазаққа мал болса болғаны да... Ескерткіш орнатып, там салуды білген бе?

Нұри. Дүние бірде көл, бірде шөл деген. Әмсә бұлай бола бермес.

Ескендір. Екеуінің бірі тірі қап, мені алса еді ғой...

Нұри. Шіретің келмей болмайды, туған. Ағаларыңның өлімі адал өлім. Ақ өлім... Текке кетпейді. Жібермейді көз жасы.

Ескендір. Не керегіне, не серігіне жарамадым. Қадыр білмес мен арсыз, маңдайыма тас тигенде бір-ақ білдім ғой. Жалғыз, жалғыз қалдым ғой.

Нұри. Жалғызбын деме. Жамалдай мықты серігің бар. Оған да оңай болып жүрген жоқ. Көрмейсің бе, қатып-пісіп алғанын.

Ескендір. Сенеріміз сол ғана. Ағамыздың қара ағаштың қожырындай қатып отырғаны анау!.. Ау, десеіші бірдеме? Не білгенің бар деп неше рет бардым. Меңіреу мылқаудай мелшиіп қалған. Маңына жанды дарытпайды.

Қарақыз. Барын беріп таусылған. Күшін жұмсап сарқылған Бекназардан не сұрайсың?.. Жамал неге кешікті? Сақта құдай!

Нұри. Бұған да шүкіршілік те. Ел басына түскен тауқыметті, елмен бірге көреміз де. (*Бейсеке келеді.*)

Қарақыз. Әу, Бейсекемісің?

Бейсеке. Амансындар ма? Жамал келмеген бе?

Нұри. Жоқ, келмеді. Аманбыз.

Бейсеке. Бекназардыкіне келген пар атты кім екен? Білмедіндер ме?

Нұри. Білмедік. О кім болды екен?

Қарақыз. Көңіл айта келген көп төренің бірідағы. Кім білген?

Нұри. Иә, әлхал, не хабар білдің? Не көрдің?

Бейсеке. Бүкіл ел құлақтанған. Қазанкеден шықпап жасақ, кімнің, ненің жасағы екені белгісіз. Жолдағы ауылдарды тонап, жайпап бара жатса керек.

Қарақыз. Сақтай көр, құдай. Бетінен аулақ!

Ескендір. Тағы да сорлатады десейші?

Бейсеке. Рақымжанның орнына волком Барақ-

баев болады деген сыбыс тарап кеткен. Кейбіреулер болып та қойды деседі.

Нұри. Хабарың жәйсіз екен де.

Ескендір. Барақбаевтай бандитті волком сайлай ма? Мүмкін емес. Тағы да не хабарың бар?

Бейсеке. Коновалов екі баласын ертіп Ақанборлық бойындағы поселкелерде қашып жүрсе керек. Жамал неге кешікті? Алдынан шықсам ба екен?

Нұри. Сабыр қыл, балам. Тақа кешігетін болса Ескендір екеуің іздеуге барасындар.

Қарақыз. Бәсе, жүрегі құрғыр сезген еді-ау бір бәленің боларын. Кегін куам деп жүріп тап болмаса не қылсын?

Ескендір. Енді қайттік?

Бейсеке. Әзірге дабыра қылмаңдар. Жамал келгенсін болсын, болары....

Ескендір. Мен үлкен үйге келген кім екен. Біліп келейін.

Бейсеке. Білсең білші... *(Ескендір шыға бергенде гүрс еткен мылтық даусы естіледі. Бәрі тым-тырыс сұлқ тұрып қалған.)*

Ескендір. Келіп-ақ қалғаны ма?

Нұри. Шәмши! Шәмши, қайдасың? Сорлы қызым қайда кетіп қалды?

Бейсеке. Алыстан емес, жақыннан атылған мылтық даусы. Кім атты екен?

Қарақыз. Жасаған, жар бола көр. Жалғыз-жалғыздан қалып едіңдер.

(Алыстан «Әти! Әти!» деп шыңғырып келе жатқан Шәмшидің даусы естіледі.)

Ескендір. Шәмшидің даусы ғой? Шәмши, қайда-сың? Шәмши! *(Тұрғандар дауыс шыққан жаққа беттей бергенде, қолында теріп алған бір шумақ сарғалдақ гүлі бар, жан ұшырып Шәмши келеді.)*

Шәмши. Пар жеккен атты арбада... Адам кетті. Өлген адам!

Бейсеке. Не дейсің? Анық көрдің бе? Өлген адам ба?

Шәмши. Өлген... адам... кеудесі, екі қолы салақтап түсіп бара жатты...

Ескендір. Еркек пе, әйел ме?

Шәмши. Еркек... Еркек адам! Мырзаның үйінен шықты. *(Бұ кезде қанын ішіне тартып, сұрланып алған Бекназар келеді. Бәрі де тым-тырыс.)*

Ескендір. Кімді сорлаттың тағы да?..

Бекназар. Жамал қайда?!

Ескендір. Кімді сұлаттың?!

Бекназар. Кімді қаласам соны... Барақбаевты.

Ескендір. Барақбаевты! Өлтірдің бе?!

Бекназар. Білмеймін! Тірі болсақ көрерміз!

Ескендір. Жарандар-ау, бұған не дерсіңдер?..

Қай жағымыздан келіп қалады деп отырғанда... Үстімізден түсіретін болды-ау. Не дейін, не дермін саған!..

Бекназар. Жүрегімді езіп, естен тандырған қасірет... Бойымды буып табандатып тастап еді. Өзі берген ажалына болды бір іс... Енді менің жылауға да қақым бар шығар!

Қарақыз. Бекназар-ау, көрген қасірет аз ба еді. Көл болған көздің жасын дария еткенің неткенің? Сел соқсын дегенің бе бұл? Сенен күткеніміз осы ма еді?

Ескендір. Бері қара десе әрі қарап, жөнге сірә келмедің... Олар саған қызылдар емес. Коммунистер емес!.. Төрінде тыныш жатқызып қоймайды. Лосовты өлтірген, коммунистің тұқымы деп түндігінді тіліп, шаңырағынды ортасына түсіреді. Дау үстіне дау, жау үстіне жау қосып қырмақпысың бұл елді?! Кесепат! Кесепат!

Бекназар. Мәңгі ешкім де жасамақ емес. Қырық жыл қырғын келсе де ажалды өледі. *(Сахна сыртында келіп тоқтаған ат дүбірі естіледі. Тұрғандар үнсіз. Әбден ширап, қатып алған, жүзі тотыққан Жамал келеді. Қолында қос ауыз мылтық.)*

Жамал. Қайдасыңдар!.. Бармысыңдар! *(Бекназарды көріп қалып.)* Үндерің неге шықпайды? *(Баспалдаққа отыра кетіп.)* Қара жамылып қалған жалғыз біз емес көрінеміз. Екі ауылдың бірінен шығып жатыр. Шүкірлік дейік. Сүйегін таба алмай боздап жүргендерді де көрдік. *(Бекназарға.)* Осылай, қайнаға! Бүгін сегізінші май. Қырық күн, інілеріңнің қырық да толды...

Қарақыз. Қалай, киналмай орналастырдың ба?

Жамал. Бәрі де жақсы орналасты.

Қарақыз. Көп жүрдің ғой? Сен кешіккен сайын зәре құтымыз қалмады. О жақ тыныш па екен?

Жамал. Жесір қалған қатынды құдай алушы ма еді. Рақымжан мен Нұрыштың түндігі жабылды. Үй іргесін жинап, теріп төркіндеріне орналастырдық. Солай, қайнаға? Енді менің әмірімді тындандар! Бейсеке, сен тұрма. Үй-үйге түгел хабарла. Қам отырсын. Қапы қалмасын. Сақ отырсын. Ағайынның іргесі берік болса жаудан қорғанатын қамалымыз да берік. *(Бейсеке кетеді.)*

Шәмши шатырға шығып қарауылдап тұр.) Солай, қайнаға!.. Тірі адам тірлігін істеу керек...

Ескендір. Тірлігіңе тыныштық беріп тұрма?

Жамал. Мен жоқта не болып еді ауылда? Айта алмай тұрғандарың бар ғой?

Ескендір *(Бекназарды мезген)*. Өзінен сұра!

Жамал. Солай деңіз, қайнаға! Тағы да қандай айтар жаңалығың бар?

Бекназар. Айтарым, әйел де болсаң, еркекке бергісіз еңбек етіп, жарғақ құлағың жастыққа тимей қайрат көрсетіп жүрсін.

Жамал. Айта бер, қайнаға!

Бекназар. Төре әулетінің ұйтқысы, берік қазығы өзің болдың. Сүйсінемін мұныға. Аруақ риза... Мен риза... Бетің түзу. Өлген қайтып келмейді. Қалғанның қаймағы бұзылмасын десең кетейік, көшейік қырға. Елдің біразы қамданып отыр. Біздің көшуімізге қарап отыр.

Жамал. Барың сол ма, қайнаға? Өскен ел, туған жерді тастап тентіреп өтсек... Тоз-тоз боп қаңғырып кетсек дейсің ғой...

Бекназар. Тоз-тоз болмағанда нең қалды? Нем қалды? Мыңғырған мал... Алтынмен аптаған, күміспен күптеген асылдан не қалды? Қарашы өзің түріңе? Ақ жүзіңнен не қалды? Қара сүрлеуге түскен жолдай, андыз-андыз іздер қалды... Көрлеп кесемен сусын бергенде, алуға ерінетін ақ саусағың қайда кетті? Алақаның тілім-тілім... Көремісің? Қарашы ұсқыныға.

Жамал. Қайнаға! Манадан бергіңді ойыншық десең зілің әлі де салмақты жатыр. Айыққан шығар. Тәубәсіне келген шығар дегенім бекер болды... Рақымжан мен Нұрыш та түңіліп өтіп еді. Жаулармен байланысың еді оларды мерт еткен... Қайда кетсең онда кет. Лаң салмай кет! Тыныштық бер мұндағы жұртқа!..

Бекназар. Дей бер! Сілей бер! Өзім де кетсемін! Кетемін!

Жамал. Екі бірдей ініңнің басын жұттың... Иә, енді сізге елдің бетіне қарау да қиын болар. Тек сілеңді төкпей, қарғамай кетіңіз. Қайнағасын қуып тастады деген жаманатты тақпай кетіңіз. *(Бекназар кетеді. Сәл торығып сұлқ тұрып қалады. Бейсеке жүгіре кіреді.)*

Бейсеке. Қалжыратып кетті ме сені?

Жамал. Оқасы жоқ. Қазір... Бейсеке, біз әзірге өлмейміз. Сыбыс білінбейді ғой әйтеуір. Қарауылды ауыстыр да үйге кел. Комиссардың айтуынша Казанкеден шыққан бандылардың қалдығы... Соғуы анық... *(Ішке*

кіреді. *Шам жарығы қара көлеңкеленіп барып үйдің ішіне ауысады. Жамал сырт киімдерін шешіп, қасына мылтығын қойып, керосин шамның қасына келеді. Ма-
надан бүктүсіп, бүрісіп отырған Нұри қарт пен Қара-
қыз бойларын жазып қозғала бастайды. Ескендір төсек-
те отыр.)*

Қ а р а қ ы з (жеті нан шелпегін Жамалдың алдына қойып). Ырымын жасайық. Ауыз ти шелпектен.

*Ж а м а л (Нұриға). Ата, бері кел. (Нұри Жамал-
дың қасына келіп отырады. Бейсеке мен Шәмши кіреді.)*
*Келіндер. Отырындар... Бәрің де отырындар... (Ескендір-
ге.) Келмеймісін? (Бәрі шамды айнала үнсіз отыр.) Ал,*
өлген азаматтарымыздың — Нұрыш пен Рақымжанның
*аруағы риза болсын. (Қарақызға.) Маған дәкумент қа-
ғаздарын беріңізші? (Қарақыз қастерлеп, ақ шүберекке*
ораған документтерін Жамалдың қолына береді. Жамал
ішінен екеуінің партбилеттерін алып, омырауындағы
қалташасына тұмардай тәптіштеп, тігіп, жейдесінің іші-
не түсіреді. Әр қайсысы өзінше күбірлеп, шелпектен
ауыз тиеді. Үнсіздік.)

Ж а м а л. Маған қарайламандар. (Нұриға) Ұйқың
сергек қой, ата... Есік жаққа жайғас... (Қарақызға.) Сіз
төсекке жатыңыз. Киімдерінді шешпендер. (Ескендірге.)
Сен терезе алдына жат. Шамаң келгенше сергек бол.
*Бейсеке, сен үйдің төбесіне шық. (Бәрі Жамалдың тап-
сырғанын орындайды. Шәмши өз ойымен өзі болып отыр-
ған Жамалдың қасына келеді.)*

Ш ә м ш и. Қасында болайыншы, апа?

Ж а м а л. Кел, кел... (Әр қайсысы дөңбекши түсіп,
тың тыңдайды. Ойланғандары өздері күткен қатер.) На-
уан комиссар, коммунистке кір дегенде кірмегенім бекер
болды. (Кеудесіне тұмарлап тыққан партбилетті сипап
қойып.) Бір күн де болса коммунист болып көрейінші.
Нұрыштың әйелі Шәмшиқамарды төркініне шығарып
салғанымда... Балалары... Әсіресе есі кіріп қалған үлке-
ні апатайлап әрең айырылды менен. Ет бауырым
елжіреп әрең кеттім. Шыр-шыр еткен нәрестелердің да-
уыстары құлағымнан кетер емес. Бізді ұмытар ма екен?
Иә... Ұмытады ғой... Рақымжанның әйелі төркініне жет-
кенше жылаудан көз ашпады. Ширайды ғой... Жесір
ғой...

Ш ә м ш и (ойын бөлгісі кеп сыбырлап). Айтқаның
орындалды, апа... Барақбаевтың жерге тамған тамшы
қанын қалақпен сыпырып алдық та, мырзаның бәлесі
өзімен кетсін деп отқа жақтық. (Тым-тырыс. Түн ты-

ныштығын алыстан анда-санда атылған мылтық даусы бұзатын тәрізді. Бірде құлаққа астық тасыған кірешілердің әндете созылған қазақ арбаның саңғыры мен шиқылы естіледі.)

Ж а м а л. Қайран қазекем. Дөңгелегінің күпшегі тозғанша, арбаның білігіне жағатын қарамайды да шығып-сынады. Тындашы. Сан түрлі әнге салып барады.

Ш ә м ш и (*қиял құшағында. Өзімен-өзі*). Әлі есімде, бір жылы біз астықты көп алдық.

Ж а м а л. Егін бітік шыққан жыл болды ғой.

Ш ә м ш и. Әтиім арба-арба ғып тасыған еді. Кеш құрым... Дастарқанды айнала, үпір-шүпір болып отыра қалатынбыз. Әниім, ыстық бәліш пен тоқаштарды алдымызға үйіп қоятын. Әни, біз бақыттымыз ғой?! Иә деші?..

Ж а м а л. Иә, болғанда қандай...

Ш ә м ш и. Иә, бақыттымыз біздер...

Ж а м а л. Жар сүю... Бәрінен де балалы... Үйлі-баранды болғанды айтсайшы. Сендер бақыттысындар... Бейсекеге шық...

Ш ә м ш и (*әлде қуаныш, әлде қорқыныш. Сырт көзге көрінбейтін сезімдер билеп бойын*). Бейсеке?! (*Шәмши даусы жаңғырық беріп үдей түседі. Жамал орнында тапжылмастан қатып қалған... Шам қара көлеңкелене түседі. Үй ішіндегілер түгел елегізіп, орындарынан атып тұрады. Сыртта да, іште де айғай-шу. Шым-шытырық... Әлем асты-үстіне төңкеріліп жатқандай. Атылған оқ... Шыңғырған дауыстар... Жарылған снарядтар... Осылардың арасында Нұри, Ескендір, Қарақыз, Бейсекелердің дауыстары анық естілуге тиісті.*)

«Хош бол! Құрыдық! Жау келді! Жау шапты! Өрт салды!.. Шап! Соқ!.. Жүгір! Бас аяғынды... Жетеміз! Мінеки, аз ғана қалды! Жетіп қалдық, Шәмши!.. Бейсеке? Шәмши, Бейсеке! Жамал! Апа?! Апа! Қайратыңды жина! Құлама! Міне, жақын қалды... Жеттік... Жеттік!..»

Шам жарығы молынан сәуле шашып, қызыл арай шұғылалы күннің кейпін бергенде, әскери киімде Науан мен Жуков отрядымен Валихановтар үйінің алдында тұр. Жамал, Бейсеке, Шәмши, Ескендір, Нұри шығады.

Ш ә м ш и (*аспанға қарап*). Көктем?! Мейірімді көктем?!

Ш ы м ы л д ы қ.

ШАБУЫЛ

Үш перделі пьеса

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Сағила — оқыған қыз, партия мектебін бітірген, ауылда қызыл отау бастығы, комсомол мүшесі.

Қайсар — колхоз бастығы, комсомол мүшесі, белсенді, ауылдық жетіжылдық мектепті бітірген.

Сара — комсомол мүшесі, шаласауаттылар мектебінде оқушы.

Сағындық — комсомол мүшесі, колхоздың есепшісі.

Байтоқ — колхозшы, партия мүшесі.

Түйебағар — батырақ.

Жантас — комсомол мүшесі, оппортунист, ауылдық кеңес ағасы.

Сейілбек — мектептен, комсомолдан шығып қалған байдың баласы.

Ниязбек — оқымысты, қиялшыл, ұсақ байшыл адам.

Қиямбек — Сейілбектің әкесі, бай қатарына алынған.

Айжан — Сейілбектің шешесі, Қиямбектің әйелі.

Қаднша — Түйебағардың келіншегі, батырақ әйел.

Қантырмыш — сауыншы.

Ақылбай.

Біrpеше комсомол мүшесі, колхозшы әйелдер.



БІРІНШІ ПЕРДЕ

Колхоз кеңсесінің алды. Жаңа қоныстанып, жаңадан колхоз болған ауыл. Қайсар, Сағындық, Кұнтас және бірнеше комсомолдар, колдарында ОСОавиахимның мылтығы. Нысана көздесіп, жарысқа түседі. Байтоқтың белінде — балта, комсомолдардың қызығына қарап тұрады.

БІРІНШІ КӨРІНІС

Қ а й с а р (*нысана көздеп тұрып, атып жібереді*). Біз осы жолы бесті алдық, дәл қараның ортасынан тимесе әкел қолыңды.

С а ғ ы н д ы қ. Біз шындап көздесек, бадырайған қара түгіл, қазақ айтқандай, құралайдың көзінен де өткіземіз. (*Көздеп тұрады.*)

К ұ н т а с. Әй, сен ата беруші ме едің? Кезек менікі, мен атамын. (*Жұлқып жіберіп, тұра қалып көздейді.*)

І к о м с о м о л. Осы жолы тимесе, өмірінде тимейді.

ІІ к о м с о м о л. Қайсар бесті алды, мен осы жолы атсам онға жеткіземін.

Қ а й с а р. Біз оннан әлдеқашан асқамыз. Бізбен қатар түсу үшін екі он керек.

С а ғ ы н д ы қ. Енді қайсың атасыңдар?

К ұ н т а с. Мен.

І к о м с о м о л. Жоқ. Кұнтас екі атты, енді мен атамын.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Қолында портфелі бар, үстінде комсомол костюмі бар Сағила кіреді. Мылтық атуды тоқтатып, бәрі де Сағилаға қарайды, Сағила амаңдасады.

С а ғ и л а. Комсомол ұйымының хатшысы кім болады?

Қ а й с а р. Біз боламыз. (*Сағила папкасын ашып,*

қағазын береді. Қайсар алып оқып тұрып.) Сіз өзіңіз ғой?

Сағила. Иә, мен өзім.

Қайсар. Қайда? Осы біздің Қызылегіс қаласына ма?

Сағила. Қағазда солай болуы керек.

Қайсар (комсомолдарға). Жолдастар! Мына азаматты аудандық жастар комитеті оқу бөлімі біздің колхоздан қызыл отау ашуға, комсомолдар арасында жұмыс істеуге жіберген. Жылдам, осы маңдағы колхозшы әйелдерді жинап беруіміз керек. (Сағилаға.) Сізге әйелдерді мына Байтоқ жолдас жинап берсе қалай болады? Біз бүгін барлық комсомолдар болып көңіл көтеріп, құс атуға шығайық деп едік. Сіз ренжі-месеңіз, бізге рұқсат етіңіз!

Сағила. Олай болса сіздер барыңыздар, бірақ тез оралыңыздар. Істейтін жұмыс көп, бүгін, ертең майдан тәртібімен кірісетін мәселелер бар.

Қайсар. Біз кешке келеміз. Байтоқ, мына жолдас ты бір үйге апарып түсір. (Байтоқ екеуі шығады.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Қайсар (комсомолдарға). Жолдастар! Мына жолдас майдан тәртібімен, деді, ал жүріңдер. Аққу көлін барып, құс атайық. Кім нысанаға көп тигізеді, сол кіс алдына түссін.

Сағындық. Сенен көп алғанымыз жоқ. Қәне, сен алға түс. Адымда! (Комсомолдар мылтықтарын асынып, қатар тізіліп Қайсардың соңынан еріп жөнеледі. Бір минут перде жабылады. Бір минуттан кейін перде қайтадан ашылады.)

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Сағила (бұрылып қарап). Мына келе жатқан «Кедей» колхозының әйелдері ғой. Бұлар неге аз? Өзгелері қайда?

Сара (сөзін бөліп). Колхозға жуырда келіп кірген Түйебағардың келіншегі қайдан барып қалған! Жаңа ғана емес пе еді, үйінде отырғаны? (Таңданып тұрады.)

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Алдында Түйебағардың келіншегі Қадиша, екі-үш қыз-келіншек келіп кіреді.

Қадиша (*асығыс*). «Кедей» колхозының кемпірлері жас әйелдерді жібермей жатыр. Жиналыс ашса өзіміздің қотанымызға келіп ашсын, қадірлес қайынсіңлілерімді ертіп әкелдім.

Сағила. Колхоз бастығына айтпадыңыз ба?

Қадиша. Қарағым-ау, колхоз бастығының өзі қойдан да жуас адам. Келіншегіңді жиналысқа жіберсеңші, десем, маған қарап ыржиып күліп «бара берсеңші» дейді.

Сағила (*қыз-келіншектерге қарап*). Белсенділердің келіншектеріне жүр десендер еді.

І қыз. Кішкене ағамның келіншегіне айтып едім, анам ұрсады, бара алмаймын, деді.

ІІ қыз. Төлештің келіншегі — балам жылайды. Бізді қайтеді, бармай-ақ қой деді.

Сағила. Округтен бір қыз адам айтқысыз пұл әкеңіңті, барлығын да бөліп береді екен, деп неге айтпадыңдар?

АЛТЫНШЫ КӨРІНІС

Байтоқ (*сахнаға артымен шегініп келе жатып қауыстан*). Жаным-ау! Шайқалмай жүрсендерші. (*Бөркін былғап.*) Ана Сабырдың тоқалып тастамай ала келіндер. Хантырмысқа да хабар беріндер. (*Сағилаға қарап.*) Шырағым, жолдас, сүтімді түсіргесін барам деп, екі қатын келмей қалды, одан басқасын тегісінен бірін де қалдырғаным жоқ.

Сағила. Сіз енді мына «Кедей» колхозының әйелдерін жинап әкелсеңіз тіпті жақсы болар еді. Бір белсенділік көрсетсеңіз.

Байтоқ. Менің айтқанымға көнбейді ғой, шырағым. Оған мені қыстамай-ақ қойыңыз.

ЖЕТІНШІ КӨРІНІС

Төрт-бес кәрі кемпір, жас келіншектер шұбалып кіреді.

Қадиша. Шеше, алға таман жақын отырыңыздар. І кемпір (*көзін сықситып, тамсанып Сағилаға тесірейіп қарап*). Шырағым, сен дәктөр Құсаттың оқыған қызы бар деп еді, сол емессің бе?

Сағила. Жок. Шеше, мен бұл жердікі емеспін.

І кемпір. Е, қарағым-ай! (*тамсанады.*)

І кемпір. Біздердей кәрі шешең бар шығар?

Сағила. Шешем жоқ. Ертеде өліп қалған.

ІІІ кемпір. Е, бейбақ -ай!

Байтоқ (*ексімденіп*). Қыздарыңды оқытпайсыңдар, оқытсаңдар ғой, дәл осы баладай болып жүреді. Ай не керек, талай оқытатын онды қыздарды ұзатып жібердік-ау!

І кемпір. Қыздарыңды сен оқытарсың.

Байтоқ. Оқытпақ түгіл оқытармын.

Қатындар (*біріне-бірі сыбырлап*). Дәл біздің қалқажан сықылды екен.

ІІ кемпір. Шет жерге әке-шешең қалай қиып жіберіп жүр?

Сағила. Шеше, үйрендік қой, бізге жүрген жеріміздегі қарттардың бәрі де шеше болмай ма? (*Қатындардың бәрі де тамсанады.*)

Байтоқ. Әлгі Садырдың қатыны палау басып жатыр ма? (*Сағилаға*) өзге қатындарды іске асырып адам қылам десең де, дәл сол қатынның қолынан түк те келмейді, бастай беріңдер.

Сағила. Әзер болса кедейдің әйелі шығар?

Қадиша (*ұнатпай*). Қайнағаның өзі не сөйлеп, не қойғанын білмейді.

Қантырмыш (*шаптығып*). Ойбай, адырақал-ау, Қайсар жоқ болған соң, ауыл үйдің текешегі болғанын көтере алмай жүрсің бе? Қатыннан сенің қай жерің артық? Қонышыңа сүрініп жүріп, осыған күлген не керек екен?

СЕГІЗІНШІ КӨРІНІС

Шаршыларын салып киінген тағы да екі-үш әйел келіп отырады.

І қатын. Тырнадан жасауыл қойсаң, басыңнан қиқу кетпес дегендей, осы сен қайдан төре болдың? Қайсанжан жай-ақ шақырып алатын еді. (*Сағилаға.*) Қарағым, денің сау ма, өзімнің Құсниым секілді екенсің.

ІІ қатын. Ал беретіндерің бар ма? Қәнеки, не айтпақшысыңдар? Үйіміз иесіз тұр. (*Қатындар отырады. Сағила Байтоққа жиналысты ашудың тәртібін үйретеді.*)

Байтоқ (*сыбырлап, күбірлеп үйреткен сөзін ұмы-*

тып қалады.) Отырындар, үндемендер, қозғалмандар, ал, жолдас, өзің білесің.

Сағила. Жиылысты ашыңыз, мәжіліс бастығын сайлаңыз.

Байтоқ (түсінбей). Бастық сайландар, жиылысты ашындар! (Сөз таба алмай тұрады.)

Сағила (күліп). От басы, ошақ қасындағы әйелдерді ұнатпайтын азаматтың өнерін қара, жиылысты аша алмағаныңыз қалай? (Баяндамасына кіріседі.)

Жолдастар! Нелер жыл ғұрыптың күні болып, қараңғылық тұрмыстың бұғауынан шыға алмай езіліп келген еңбекші әйелдер болатынбыз. Октябрь төңкерісі байлар дәуірінің күлін көкке ұшырды. Жаңа заман, жаңа дәуір, жаңа социалистік тұрмыс құруға жол ашты. Соның арқасында езілген қазақ әйелдері де қара бастарына теңдік алып, қалың малдан босанып отыр. Өткен күнді еске түсірсек, ішіміз өртеніп, жүрегімізді тесіп түскендей халді көреміз.

Күштінің қанауында, құзғындардың арбауында мал орнына сатылған әйел, ата-ананың қарғысына, аруақтың соққысына ұшырайсың деген арбаумен келген әйел, алпыстағы шал, қос қатынның үстіне қосақталған әйел. Күн де түн, түн де түн болып жылау, сықтау, қаңғырып қамығумен зарыққан әйел, жесір дауы би мен бектің қолында болып, арқасына күндік таңылған әйел болғандарынды білетін шығарсындар. Сол тұрмыстан құтылып, Ленин жолы, Ленин партиясының басшылығымен социалистік тұрмыс құрып, еңбекші әйелдердің қолын теңдікке жеткізіп отырмыз. Құрыш болат тасты шахта мен өндірістің қазанында қайнаған мындаған, миллион пролетарит әйелдері жаңа социалистік құрылыстың іргесін қалады. Ескі дүниенің тас-талқанын шығарып, тап тартысында тартысқа түсті.

Міне, бүгін ауыл көркін жаңартып, ауылда социалистік толқын туғызып отырған еңбекші, колхозшы әйелдердің алдында қазақтың қара домалақ қызы баяндама жасап тұр. Мен сияқты біреу емес, мың, миллион басшылық етсе, сауатсыздықтарын жойса, еңбектерін жолға қойса, ескіліктің жойылғаны деп біліңдер. (Комсомол қыздар қол шапалақтайды.)

Байтоқ. Әй, шіркін десейші, қатындар, ұғып алындар.

Сағила. Мектеп ашамыз, оқу оқисындар, екпінді бригада құрамыз, қолдарыңа құрал алып еңбек етесіңдер.

Б а й т о қ. Дұрыс-ақ, бұған қарсы болмауларың керек.

Сағила. Курсқа оқуға кісі жібереміз, соған барасыздар.

I кемпір (*күлімсіреп, көзінің жасын сүртіп*). Жас атаулының бәрін де бердік, не үйретсе, үйрете беріңдер.

II кемпір. Сендей төрт түлігі сай, жетісіп отырғанымыз жоқ. Шырағым, мен өзім жұмысқа жарамаймын. Жалғыз баланың келіншегі бар. Оның да болса аяғына ілер лыпасы жоқ, жалаңаяқ қайда апарасың?

Б а й т о қ (*кекетіп*). Өмірінде бір жарыған күндерің болсайшы.

Сағила. Шеше, игілікті жұмысқа ұсақ-түйек жетімсіздік кедергі болмайды ғой.

III-кемпірі. Қарағым-ау, осылардың барлығының да емшекте баласы бар, оны кім қарайды, кім күтеді?

Сағила. Балалар бақшасын ашамыз, жас бала сонда күтіледі, сонда тәрбиеленеді.

I қатын. Жас күнімізде оқи алмадық. Осы қартайғанда бізді не қылсын, енді оқып біз жырық етек бола алмаймыз.

Кәрі кемпірлер (*шуылдап*). Жастар болмаса, бізді қоя-ақ қойсаңдаршы.

Ж а с қ а т ы н д а р. Оқимыз, оқимыз, тек мектеп ашылсын.

Б а й т о қ (*айғайлап*). Шуламаңдар, неге оқымайсыңдар, жұрт қатынын оқытпаса да, мен қатынымды оқытамын. Жаз.

I қатын (*Байтоқтың қатыны*). Өй, көсемсімей тұра тұр, сенен зорлары тұрғанда, саған не жоқ. Ойбай-ау, осының бір ерсініп кететіні бар.

Б а й т о қ (*зекіп*). Жә, былшылдамай отыр, оқып жүргендер сенен кем шығар.

II қатын. Бір үйде бір өзіміз, ағаң болса жұмысқа жарамайды. Балаларымыз жеткен соң оқыр. Оған дейін шаруамызды қараймыз.

Сағила. Колхоздан балалар бақшасын ашамыз, бәрінің де қолдарың үй іші, балалар тәрбиесінен бо сайды.

Қ а д и ш а (*қыздарға қарап*). Неге жазылмайсыңдар?

Сағила. Сен өзің неге жазылмайсың?

Қ а д и ш а. Мені жазыңыз.

Сағила. Әкеңіздің аты кім?

Қадиша (*именіп, ұялып*). Атын қалай атайын, ұят емес пе, қайнаға, неге айтып жібермейсін?

Байтоқ. Қойбағаров. (*Сағила жазады.*)

Сағила. Тағы да кім жазылады?

Қадиша. Әжем үйіндегі жеңешем.

Байтоқ. Ол қайсысы, қай әжең?

Қадиша. Төлештің жеңгесі.

ІІ қатын. Мен.

Сағила. Әкең аты кім?

ІІ қатын. Қайнаға айтсын.

ТОҒЫЗЫНШЫ КӨРІНІС

Түйебағар ашуланып кіреді.

Түйебағар. Қатындар, қырылып қалдыңдар ма? Кешеден бері таңдайымыз кеуіп өле жаздадық, ас неге әкеп бермедіңдер? (*Ашуланып.*) Бұл қай той, бұл қай жиылыс? Бұл қай закон? (*Үңіліп қарап.*) Осында біздің қатын бар ма? Есікке кілт салып қыдырып кетуді үйреніпті.

Сағила. Жолдас, елермей тұра тұрыңыз, артынан еркексізсіз.

Байтоқ. Түйебағар, не болды саған, неге айқайлайсың?

Даладан дауыс. Қатырмыш, шөпшіге ас құй!

Даладан дауыс. Бір топ бұзау сиырға қосылды, бұл ауылдың қатындары қырылған ба? (*Қатындар тыпыршып отыра алмайды, біртіндеп шыға бастайды.*)

Байтоқ (*Сағилаға*). Бүгін болса да кеш, ертең үй басы жүріп тізімін алсаң қайтеді?

Қатындар. Сөйтсін, баламыз, бұзауымыз иесіз жатыр.

Сағила (*қағаздарын жинап*). Жолдастар, біраз әңгімелестік. Сендер тарамандар. Біз де ерлермен қатар еңбек істеп, колхоздың жұмысына көмектесейік. Шабуыл алдымен мәдениет төңкерісінен басталсын. Жаппай сауатсыздығымызды жоюға аттанайық. Қәрі-жасымыз тегісінен мектепке тартайық. Қызыл отау, балалар бақшасын, шала сауаттылар мектебін ашуға қарсы емесіңдер ғой.

Көпшілік (*бірауыздан*). Қарсы емеспіз.

Сағила. Қарсы болмасаңдар қол көтеріндер!

Көпшілік. Мінекей. (*Барлығы да қолдарын көтереді.*)

Сағила. Оқимыз, білеміз, өсеміз, кәрілеріне рұқсат, комсомол қыздар қалсын. (*Кәрілер шығады, комсомол мүшесі қыз, келіншектер қалады.*)

Жолдастар! Біз сендердей болатынбыз. От басы, ошақ қасынан шыға алмай жүрген күндеріміз болған. Ендігі күн сендердікі. Колхоз сендермен көркейеді, сендер еңбектің ерісіндер, іс те, күш те сендерде. Оқындар, үйреніндер, біліңдер!

Қадиша. Бәріміздің де оқығымыз келеді. Сіз келеді дегенді естіп, қатты қуанып едік.

Қыздар. Мектеп ашылса екен деуші едік, әйтеуір тілегіміз орындалды.

Сағила (*қыздарға*). Жарайды, жолдастар. «Кедей» колхозынан келген жолдастарды шығарып салайық.

Қадиша. Ағам жұмыстан келіп еді, мен үйге барайын.

Сара. Не қылушы еді, жүр, біраз жер шығарып салайық. (*Қыздар шығады.*)

ОНЫНШЫ КӨРІНІС

Етігінің қонышы түскен, ашуланып Түйебағар кіреді.

Түйебағар (*айқайлап*). Қадиша, Қадиша жаным-ау, сенде шуамдай ақыл болсайшы, маған тигелі үйде бір отырған күнің болған жоқ шығар-ау. Таңертең қыдырыс, кешке қыдырыс. Енді бір қыздармен сейіл құратынды тауып алыпты... Қадиша, шай қайнатып бер, апыр-ай, мұндай да қатын болады екен-ау! Жалғыз сиыры сауылмай ол тұр. Ертеден бері шай ішпей мен жүрмін. Адам деген ұялсайшы! (*Ән салған дауыс естіледі, тыңдап тұрады.*) Мына оқыған қыз талайдың қатынын желіктіріп әкетпесе не қылсын! Қайбір ырысқа келді дейсін, мен сықылдылардың сорын қайната келген қыз ғой. (*Ән тағы да естіледі. Келемежден.*) Өлең айтқанда бір түрі болса екен-ау, сөйлегенде аузы шажайып, кебістің шажамайынша созылатын еді. Өлең айтып айқайлаған соң екі қарыс созылған шығар. Пәлі дегін, мұндай ақымақты көрмессің. (*Айқайлап.*) Қадиша!

ОН БІРІНШІ КӨРІНІС

Қадиша (*жаратпағансып*). Не қылды, не боп қалды, біреу қылғындырғаннан жаман өңешің жыртып, ада-сып кетті дедің бе?

Түйебағар. Ә, сен адастырып кеткен жоқсың ба? (*Келемеждеп.*) Өзен өрлеп, тоғай кезетін, қайыққа мініп сайран салатын бойжеткен бір қыз ба едің, жетісіп отырғандай тауды жаңғыртып ән салатын не ырысың, қай бақытың тасып барады?

Қадиша. Сен бүлінгендей дәме де болған жоқ, жоқ жерде еркексіп қалатының бар. Жүр үйге. (*Екеуі ұрсысып шығады.*)

ОН ЕКІНШІ КӨРІНІС

Қыздардың жолын тосып жүрген Сейілбек, Ниязбек кіреді.

Сейілбек. Жаңағы шырқағап өлең Сағиланың қасындағы Саранікі. Жанында Сара деген қыз бар. Сағила осы «Талап» колхозында, әйелдер арасында жұмыс істейді. Мектепте жүргендегідей емес, оқудан шыққалы бері арамыз алшайып жүр. Менің үмітім күшті, қызда қандай ой бар екенін білмеймін.

Ниязбек (*қиялға шомып*). Сұлу қыздың отты лебі ет жүректі тулатса, тулаған жүрек қыз үшін не көрем десе де секінбей ме, қыз қандай қыз, қазақтың ерке тотысы ма, қара көзі ме, бұраң белі ме? Ақша жүзді аяулысы ма, әлде мықырайған бойы бар, тұтам шолақ ойы бар, баспақ басты бір бұғанасы ма, жоқ салпы етек, шикіл сары, тұз көздісі ме?

Сейілбек. Ырықты жүрекке билетсең, ақылды көңілге илетсең, ақыры не болады? Сенің сөзіңнің бәрі де керек, сыртқы сымбатқа берілген баға. Бұл сөз маңызды сөз емес, қыздың ісі қандай, құлық мінезі, пікірі қандай белсенділігі қандай десең дұрыс-ақ. Мақсат көрікте емес, істе, іскерлікте.

Ниязбек. Тартыстың талқысына түспей, соққы көрмей жүрген жан емеспіз. Талапты биік ұстағанмен, табан табыңнан әл кеткен соң тайып соғасың ғой. Сондықтан қыз бен сырты сұлу, қызыл көркем сөз, қиялды өмірді елестете сөйлесу керек.

Сейілбек. Білмеймін, қыздың әлпеті суық, көзі от сықылды. Бойында қайыспайтын қайсарлық мінезі бар. Жүр, қыз кеткен жаққа барайық.

ОН ҮШІНШІ КӨРІНІС

Екеуі шыға бергенде, қарсы алдынан Сағила кіреді. Қырын қарап сөйлеспей өте береді.

Сейілбек (*ұмытыла басып*). Сағила, саумысын, сен ұмытсаң да, мен ұмытқам жоқ, бір кездерде жат атты ерітпеген, жандай көретін дос едік. Не дейсің?

Сағила (*қырын қарап*). Өзінді өзің жатсынсаң, кемге санап жүргенінді білетін шығарсың? Не дегенімді менен ұқпа, өзіңнен өзің ұқ!

Сейілбек. Мен ешкімге де жат емеспін. Жат деген жұрттың жаласы. Жұрт деген жел. Менің өз ойым, өзіме айқын, бірақ айқын ашық көңілді сен ұға білмедің. Майдан деген дақпыртқа ердің, уәденді жұттың. Майданда мен де майдан едім.

Сағила. Теңдік тағына аяқ алған кезде қуаныштың ырқымен кетіп, сен сықылды байдың оқымысты ұлдарының арбауына түскенім рас. Сен жаттығынды жасырдың, сен тап тартысы майданында бірден бірге секіріп, саскалақтап, жанталасып, қайда баруға жол таба алмай сандалдың, сен — желбуаз, құрғақ тіліңмен «келешек» деген сөзді мықты ұстаған талапкер бір ұлға ұсап, өзің өзіңе семірдің, бет бүркеуінді жыртып алдың. Ол әшейін бір ойламаған жерден, ойламаған іштен болған жұмыс. Енді екеуіміздің арамызда сөз жоқ, деп мен де ерте айтқанмын. Енді екеуіміздің арамызда жалғыз-ақ тартыс бар. Тартыста кімді кім жеңетіндігін тұрмыс көрсетер.

Сейілбек (*ызаланып*). Сен шырылдап түскеннен бастап тапшыл болып, төңкерістің ұшқышымен тұтанбаған шығарсың. Өзінді қандай көрсең, жұртты да сондай көр.

Сағила. Мен төңкерістің ұшқышымен тұтанбасам, менің табым тұтанған. Әркім өз табының бесігінде бөленетіндігін білмейсің, білгің де келмейді. Өркөкірек бай балаларының сұлу көркем тілдеріне тойғанбыз. (*Шыға жөнеледі.*)

Сейілбек. Кім баласы болсам да, келешек көрсетер, бірақ ойлан.

Ниязбек (*ұнатпай*). Қызың осы ма? Бірақ адамгершілік сезімі кем. Шала ақылды, шала сауаттыларға сөзді қор қылып не керек. (*Кекетіп.*) Сонымен айқайласып, тартысып, керісудің өзі қаншама. Маған жарты тиын гүрешке де керегі жоқ, тым болмаса үріп ауызға салғандай сұлу болса екен. Қазақтың қарадомалақ

қызы, не серік болушы еді. Әлі-ақ басыңа азап болған-сын тастайсың да жүре бересің.

Сейілбек. Ұсақ байшыл оқығандарша неге қарайсың?

Ниязбек. Маркстілдерше қарасаң да сол. Көңіл тәуірді ұната ма? Ұнатады. Ендеше сен де сол сұлуды ұнатып, біраз қызуы басылғасын безесің.

Сейілбек. Әрине, сеніңше солай.

Ниязбек. Сен көркемдік, өнер, әсемдіктің маңызына түсініп жеткен жоқсың. (*Екеуі жүре сөйлесіп, шығып кетеді.*)

ОН ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Екі-үш байды айдап Сағындық кіреді.

Қайсар (*сыртта тұрып*). Мына байларды бүгін кештен қалдырмай ауданға жөнелтіңдер.

Сағындық (*іште тұрып*). Кім апарады?

Қайсар. Байтоқ, «Қызыл ағаш» колхозындағы милицияның қолына тапсырсын, қазір босатсаңдар, қашып кетеді.

Сағындық. Жарайды. (*Үш байды кеңсеге қамайды, дауыстап.*) Түйебағар, Түйебағар!

ОН БЕСІНШІ КӨРІНІС

Жүгіріп Түйебағар кіреді.

Түйебағар (*жалпақтап*). Е, белсендім, мал-жанدارың амап ба? Байларды матап, танауларынан тізгесің бе?

Сағындық (*асығыстанып*). Сен қолыңа мына мылтықты ал мен келгенше осы арада бүлк етпестеп тұрып, мынаның ішіндегі байлар қашып кетпесін, күзет.

Түйебағар (*қынжылып*). Апырым-ай, ә, бұлар шонжар дәулер ғой. Қиратып бұзып кетіп жүрсе қайтемін?

Сағындық. Есікті бұзып, бой бермей кетуге ойланса, атамын де. Қаша бастаса, атып сал.

Түйебағар. Менің жаныма Байтоқты қосып берсең, жиырма бай болса да босатпас едік.

Сағындық. Сөзді қой, мылтықты кісі қорқа ма екен?

Түйебағар. Атуды білмеймін ғой. (*Сағындық шығады, Түйебағар есікті басып тұрады.*)

І б а й. Біз қайда барады дейсің, бар деген жеріне өзіміз-ақ барайық.

Т ү й е б а ғ а р (*екіленіп.*) Дыбысыңды шығарма, атамын.

ІІ б а й. Атуға заң жоқ, қалай атасың?

Т ү й е б а ғ а р. Атаңа нәлет, өлмейін десен, дыбысыңды шығарма, есіктен әрі кет, кетемісің, жоқ па?

ОН АЛТЫНШЫ КӨРІНІС

Асығып Сейілбек кіреді.

Сейілбек (*Түйебағарға*). Ауылнай келді ме, көрдің бе?

Т ү й е б а ғ а р (*айқайлап*). Маңайдан алыс жүр, жақындасаң атамын.

Сейілбек. Нақұрыстанбай жөніңді айт. Ауылнайды көрдің бе?

Т ү й е б а ғ а р. Ауылнай саған неге керек, әкенді іздеп жүрсің бе? Әкең құтты жеріне қондырылды.

Сейілбек (*жұлып алғандай*). Қондырылсын. Ауылнайды көрдің бе?

Т ү й е б а ғ а р. Қайда екені не керек, жақындасаң атыласың. (*Сейілбек шығады.*)

ОН ЖЕТІНШІ КӨРІНІС

Асығыс Сағындық кіреді.

Сағындық (*Түйебағардан*). Қайсар Қиямбекті әкелді ме?

Т ү й е б а ғ а р. Жоқ.

Сағындық. Мен кеткен соң кім келді?

Т ү й б а ғ а р (*ұмытып*). Әлгі, әлгі оқыған, шығып қалған, осындағы байдың баласы.

Сағындық. Қай байдың баласы?

Т ү й б а ғ а р (*ойланып*). Сейілбек.

Сағындық. Сен ешбір жанды маңайыңа жолатпа! (*Шығады.*)

Т ү й е б а ғ а р. Кейбіреулер байды жою оңай, өзінен өзі жойыла қалады дейді, ыдыратып күштерін азайтып, қарсылық істегендерін қамамаса, бай жойыла ма, дәл осы сарайдың ішінде жатқан Исабайдың есігінде он жыл жалшылықта жүрдім. Талай таяқтың астына алып, тепкілеп, байлап қойып ұратын еді. Бір күні қа-

занның бетіне шыққан майын ожаумен жалап жатқанымда, осы Исабайдың қатыны ожауды қолымнан жұлып алып, маңдайыма салып кеп жіберді. Көзім қарауытып отыра қалдым.

Б а й т о қ (*күліп кіреді*). Иә, сен отыра қалдың.

Т ү й е б а ғ а р (*маңына жолатпайды*). Байтоқ жақындама, жақындасаң атамын.

Б а й т о қ (*егесін*). Сен атқанда, мен атпайтын шығармын. Сепен менің мергендігім кем болып па, орнынан қозғалма! (*Мылтығын оқтанады*.)

Т ү й е б а ғ а р (*қорқып күліп*). Әй, әй байқа, байқа! Қатадан, қатадан құлағы ашылып кетсе, (*жылысып кейін шегінеді*) қан қыларсың, ай, ай, тоқта, тоқта!

Б а й т о қ (*сақылдап күліп*). Қоянның жүрегіндей жүрегің болсайшы.

ОН СЕГІЗІНШІ КӨРІНІС

Қоянбек, тағы екі-үш байды мылтықтың астына алып айдап Қайсар кіреді.

Қ а й с а р. Түйебағар, көтер мылтықты! (*Түйебағар ашады, байлар кіреді. Сырттан улаған, шулаған әйелдер дауысы естіледі. Қайсар бәрің кейін сермен, сахнаға кіргізбейді*.) Тараңдар, қайда жіберетіндігімізді ертең айтамыз, кетіндер, тараңдар!

ОН ТОҒЫЗЫНШЫ КӨРІНІС

Сағындық кіреді.

С а ғ ы н д ы қ. Ал ұстадың ба?

Қ а й с а р. Түйебағар, көтер мылтықты! (*Түйебағар мылтығын көтереді*.) Түзу тұр, бүгін Байтоқ екеуің пролетариат үкіметінің қарулы солдаты болып, ішкі жаудан қорғайтын, табан таймай еңбек ететін күзетшісі болыңдар. Тап жауларынан колхоздарыңды күзетіндер! (*Перде түседі*.)

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Ауылдық Советтің кеңсесі. Қабырғаға шегеленген Ленин, Маркс көсемдердің суреті. Перде ашыларда ауылдық советтің бастығы Жантас баяндама жасап тұрады. Сағила, Қайсар, Байтоқ, Сағындық, үш-төрт комсомол мүшелері тыңдап отырады. Сейілбек түрегеп, Ниязбек шынтақтап жатады.

БІРІНШІ КӨРІНІС

Ж а н т а с *(сасып қысылып)*. Социалистік шабуыл басталғаннан бері дамыл көрместен, аянбастан еңбек етіп келеміз. Солқылдақтыққа салынып, тайсалып кейін шегініп, не асыра сілтеп, табансыздық білдірген ісіміз жоқ, тап тартысы майданында күресті басқара білдік. Бай-құлаққа аяусыз соққы беріп, жаппай колхоз болып отырмыз. Социалдық жолдағы қиыншылықтарды жеңіп шығуға екпінділікпен белді бекем буып, айтыспасақ сонда айтындар. Партияның жолын бұрмалаушы оңшыл, солшыл оппортунишылдарға соққы береміз. Бай-кулақты жоюда қашан сыр беріп едім? Қашан ықпалына түсіп едім? Менің сыр білдірген жерім жоқ. Мен тап тартысының қай жұмысына болса да араласып сыналғамын.

Б а й т о қ. Сұрауларың бар ма, сұрандар!

С а ғ и л а. Қолхозшы көп байшыл деген атты неге тақты?

Ж а н т а с. Қолхозшының байшыл деген сөзін естігенім жоқ.

К ү н т а с. Ағаң Әлмырзаның өткен жазда 40 қарасы бар еді, биыл екі-ақ қарасы қалған, қайда жіберді?

Ж а н т а с. Бай-құлақтың ықпалымен атты, сойды, көзін жойды.

С а ғ ы н д ы қ. Әлмырзаны құлақ қатарына алмауын қалай?

Ж а н т а с. Орташа.

С а ғ и л а. Орташа деп қандай шаруаны айтасың?

Ж а н т а с. Меніңше, біздің ауылда енді бай қалған жоқ. Колхоздағы қара шаруаға көз жіберсек, орташаны көреміз. Қашан колхозға кіргенше өз еңбегімен күн көрген өзіне-өзі тоқ шаруа — орташа.

Қ а й с а р. Сонда Әлмырза, Назар, Төлеу байлар орташа бола ма?

С е й і л б е к. Маркстілдерше дұрыс бағаласақ, орташа болады.

С а ғ и л а. Бұл жерде Маркстің тұрмыс жүйесі ғылымын тексергелі отырғанымыз жоқ. Оның өз жөнінде орны бар.

Н и я з б е к. Жолдас, саяси қаталастыңыз, орташамен ойнамаңыз.

І к о м с о м о л *(сөз алып сөйлеп)*. Мен толық түсініп жетпесем де, орташа атын жабылып жүрген байлар толып жатыр. Оны ауылдық кеңес бастығы көрмей

отыр. Көрсө де апортоншылдыққа салынып, бүркеп келді. Ең алдымен, Жантастың жақыны Әлмырзаны, Төлеубайды құлақ қатарына алу керек.

II комсомол (*созып, салмақтан*). Біздің ауылдық кеңес ағасының өзі ұсақ байшылдау ма, қалай? Менің ойлауымша, жасыратыны жоқ, скіжүзді көңіл жықпас, ымырашылдың дәл өзі болуы керек. Сыналдым, екпінділік те көрсетіп жүрмін, социалдық құрылыстың қиыншылығына мойымаймын, табандымын деген болады. Жолдас кеңес ағасы, біздің ауылдың байлары түгіл орташасын құлақ қатарына алғанда, анау тұрған Сейілбектің әкесін неге алмадың?

Сейілбек. Менің әкем құлақ болса, сенің әкең аман қалатын шығар? Өмірі арба істеп, саудагер болып келді.

III комсомол. Жолдас, саудагер деп айта алмаймыз, қателеспеніз.

Сағила. Көп оқыған марксшіл ғой.

Қайсар. Бізде жоқ, бай бітіп қалды, деуі қате. Байдың қолшоқпары бар. Бізде тонын айналдырып киіп жүрген шіріктер бар. Бізде тілімен сыналған большевик бола қалатын, өзін-өзі ұсынатын меншілдер бар. Бізде қымс етсе құрғақ сыңаржақ білімшілдікке салынып, қолдарынан түк келмейтін байлардың сандалмалы қорғаушылары бар. Көзіне айтсақ, ауылдық кеңесіміздің бастығы — бай-кулактың агенті. Барлық алым-салықтан қорғап, Ерназарды қашырдың ба, төрт баласын төртке бөліп, Төлемісті бытыраттың ба? Қанашты өлтіремін деген Қасымбек ауылының құлақтарына ақыл бердің бе? Бердің. Жоспарын толтыра алмаған Самыратқа ақшалай жәрдем көрсеттің бе? Көрсеттің. Бұл не, бұл — оппортоншылдық. Бұл байға қолшоқпар болғандығы, партияның түзу жолын бұрмалап, биді жақтап, құлды ұрып, байлардың үлес алуына жол ашқандық. Меніңше жұмысыңды аяқсыз тастамау керек. Сотқа жолдау керек.

Байтоқ. Тағы да кім сөйлейді?

Сейілбек (*қисынға сүйреп*). Қазіргі жағдайды Маркс, Ленин қисынына негіздеп, толығына түсініп отырып, шешпесең қиып. Сендер білесіңдер ме? Конфискелеу жойып жіберудің өзі не?

Сағила (*сөзін бөліп*). Конфискелеу — талап-шауып алу, тәртіпті бұзушылық емес, қайта тәртіп түзесушілік деген Ленин.

Сейілбек. Дұрысында солай болса, орташа мә-

селесін дұрыс ұғынбай отырсыңдар. Большевиктер орташа мен кедейді бір санайды. Сендер менің әкемді қалайша бай дейсіндер? Менің әкем бай болып ауылнай болды ма?

І комсомол. Сенің әкең кісі жалдады, кісі еңбегімен күн көрді.

Сейілбек. Қай орташаны алсаң да кісі жалдады.

Қайсар. Жок, өтірік айтасың.

Ниязбек (ұнатпай). Құрғақ айғай не керек?

Сағила. Дәнсіз-мисыз білімділіктің де керегі жоқ.

Сейілбек. Менің әкем сықылдыларды құлақ қатарына алсаңдар, тура солшылдықтың шектен асқаны болады.

Сағила. Дұрыс-ақ. Сенің бай әкеңді бай қатарына алмай, қалдырып қойсақ не болар еді?

Сейілбек. Не болсын, түзу шешілер еді.

Сағила. Байдың баласы, байшылсын.

Сейілбек. Мен бай баласы болсам да комсомолда мүшемін.

Сағила. Бұл күнге дейін болдың, енді болмайсың.

Сейілбек. Қалайша?

І комсомол. Қалайша екені не керек?

Сағила (түре келіп.) Жолдастар, жаппай оппортунишылсыңдар. Жұмыстарыңда да былық көп. Бай-кулактың ықпалы билеп кеткен. Социалдық шабуыл ойыншық емес. Социалдық шабуыл ескіліктің құл-талқанын шығарып, жаңа дүние, жаңа социалдық қоғам, жаңа мәдениет орнатамыз, жаңа дәуірдің кісісін жасап шығарамыз деген сөз. Осында бір оқығансымақтар большевиктердің социалдық шабуылдағы міндеттерін түсініп жетпесе де, түсінгенсіп қисындағысы келеді. Менің ұсынысым: ауылдық кеңес ағасын орнынан алып, жұмысын сотқа беру. Кешегі ұстаған байларды кулак қатарынан босатпай, ауданға жөнелту. Сейілбек сықылды тап дұшпаны әкесінен қатынасын үзбеген бай балаларын комсомолдан шығару үшін жұмысын комсомол ұясына жолдау. Бұған қалай қарайсыңдар?

Комсомолдар (дауыстап). Дұрыс деп қараймыз.

Сағила. Ауылдық кеңестің бастығы уақытша жолдас Құлшықұлы болсын.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Асығып жүгіріп Түйебағар кіреді.

Түйебағар. Кешегі байлар терезені сындырып қашып кетті.

Сағила. Сен не бітірдің?

Түйебағар. Мен үйге айран іше барып, Кадишаны жіберіп едім, айырылып қалыпты. *(Ренжіп.)* Әйелді кісі деп, оны жан деп...

Сағила *(ұрсып)*. Сені жан деп, сені кісі деп, өліп барасың ба? *(Сейілбек жылжып шығуға айналады.)*

Сағила *(жалт қарап)*. Жолдастар, ұстандар Сейілбек пен Жантасты. Қашан байларды ұстағанша, тұтқынға аламыз. Әкелерін тауып берсе, босатамыз. *(Комсомолдар бас салады. Сасып тұрып қалады. Мылтығын суырып алып.)* Бүлк етпендер, қозғалсаңдар атамын. *(Айғайлап.)* Комсомолдар, былай шық. Араларыңды ашыңдар. Сен үшеуің қашан туыстарыңды тауып бергенше, қолда боласыңдар. *(Үшеуі өзгелерінен бөлініп, оңашаланады. Комсомолдар мылтықтарын желкесіне таяп, алып шығады. Перде түседі.)*

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Оппортоншыл Жантастың қорғап жүрген Қиямбек қулақтың үйі. Бай қашуға дайындалып жатады. Перде ашыларда Қиямбек пен кемпір асып-тасып нәрселерін буып жатады.

БІРІНШІ КӨРІНІС

Қиямбек. Енді күш алатын жер қалған жоқ, кеш қалдық, заман жаман. Туған-туыс, жақының жау болып жатқан уақыт, ерте кетейік дедім-ау, болмадың ғой.

Айжан. Құлыным Сейілбекке сендік қой. Өзің асығып аптықпай тұра тұршы. Жантас саған не деді?

Қиямбек *(ашуланып, аптығып)*. Атаңа нәлет Жантас та жай қалды ма. Енді баяғы Жантасым деп отырсың ба?

Айжан. Жантасқа не болыпты?

Қиямбек. Жантасты бізге болысасың, байшылысың деп отырған жоқ па? Бүгіннен қалсақ, бізге атар таң жоқ. Ана асыл бұйымдарды орасайшы, ессіз! Иесіз қалған боқтықтарыңды қайтесің?

Айжан. Құдай-ау, көрсететінің көп екен ғой.

Қиямбек. Әй, құдайың құрсын! *(Асығып, сасып.)* Шұбатылмай ана, ана асыл нәрселерді ора.

Айжан. Жарықтығым, мұншама саған не болды, сен ұрлық қылыпсың ба, өтірік айтыпсың ба? Сенде жұрттың не ақысы бар? Тіпті ешқайда кетпейміз, ізде-неміз деп отырып алсақ, бізге не қылады?

Қиямбек (*ашуланып, сасып*). Шашы ұзын, ақылы қысқа ақымақ... Сен не білесің, сенің мұрныңа ненің иісі барады?! (*Тыпышып.*) Шоқынды бала да келмеді-ау!

Айжан (*ұсақ ескі-ұсқы тері-терсек нәрселерді жинап*). Бір сабақ жіп, бір сынық инемді де қалдырмаймын. Өзім тірі күнімде ешкім менің нәрселеріме бейбас-тақ қолын сұға алмайды.

Қиямбек. Соншама боқтықтарды жинап, салтанат құрып көшкелі отырмысың? Рақаты жоқ дүниенің керегі қанша?

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Артына жалт-жалт қарап, Ақылбай кіреді.

Қиямбек (*сыбырлап, жұлып алғандай*). Ешқайдан еш сыбыс біліне ме?

Ақылбай. «Тапшыл» колхозына қарай екі пар аттылар өтті.

Қиямбек. Не дейді? Тағы да сорладық, ұсталдық десейші?

Ақылбай. Біз Шітірембектің қалың қара талының ішіндеміз. Бізге келіп «Кедей», «Орақ», «Балға» колхоздарынан құлақ болып қуылғандар қосылды. Бүгін түннен қалмай Есіл өлкесіне қарай асуға уәде байладық.

Қиямбек (*сасып, дебдірлен*). Дәл осы ауылдың алдында қара судың ығында «Қызыл егіс» колхозының екі аты тұр. Сен соған бар, аяқтарында кісені бар шығар. Мына кілтпен кісенді аш. Мен жер ағаш бауырындағы қалың ауылдан бір-екі ат әкелейін.

Ақылбай. Қайсар мен қыз ертең жан-жаққа шабуыл қойып, бізді іздетсе керек.

Қиямбек (*буған нәрселерді теуіп*). Бол деген сон, бол! Даладағы тал арасындағы нәрселерді неге орамайсың? (*Ақылбайға*) Ақылбай, уәде осы болсын. (*Екеуі шығады. Айжан жалғыз қалады.*)

Айжан (*жалғыз жылап*). Шынымен ен дәулеттен айрылып кеткеніміз бе, құдай-ау, осы өңім бе, түсім бе? (*Өзіне өзі үңіліп қарап.*) Осы біз неғып отырмыз? Ойда жоқ жерден қандай күйге ұшырадық! (*Қайғырып, уа-*

йымдап.) Қайран күнім-ай, қайран салтанатым-ай, қор болатын күйзеушілікке ұшырайтын жоқшылық, азап, мекнат көрейін деп тұрсың ғой. *(Шыдай алмай.)* Ай, кедей күшіктер-ай, қылдындар ғой, ата кектерінді қайтардындар ғой. *(Біраз ойланып, жігерін жинап, түсін суытып.)* Болса да жақсылық жоқ, қашан атып, жойып, шауып алғанша, тартысып өлу керек... Кезек-ақ дүние болар... Дұшпан бізге қалай қолын сұғады? Қалайша менің мал-мүлкімді иемденеді? Иемдеткізбейміз. *(Босаңсып, жылап.)* Сейілжан, біздің мұндай күйге ұшырағанымыз сенің маңдайыңа тас болып тиіп, табаныңа шөгір болып қадалады ғой. Жанған өрттей қаулап, өршіп келе жатқан бақытың сөнеді ғой. Сейілбекжан! *(Солқ-солқ жылап.)* Сейілжан, мен не көрдім, сенің үйінді түсірем бе деуші едім, немере ғой деуші едім, оның қызығын көре алмайын деп тұрмын. Құрғыр дәулет, адыра қалайын деп тұрсың ғой! *(Солқылдап жылап отырады.)*

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Сейілбек, Ниязбек кіреді.

Н и я з б е к *(сөйлей кіреді)*. Білмеймін, түсінбеймін. Осы тартыс, осы күрестің қайда, қалайша, неменеге сүйреп бара жатқандығы миыма да кіріп шықпапты. *(Бұған нәрселерді көріп.)* Шеше, бұл дұрыс ақыл. Бұл тапқан іс. Тек жылдам. Тек жылдам, тек жылдам. *(Сейілбек үндемей отырады.)*

А й ж а н. Қарақтарым, не болды, босанамыз ба?

С е й і л б е к *(дік-дік сөйлеп, кекетіп)*. Босанарсың, су түбіне әлдеқашан жіберу керек еді. Кісі жалдамаңдар, малдың басын азайтыңдар, сатыңдар, жоғалтыңдар, сойыңдар, деуші едім. Тілімді алмайтын едіңдер, тартыңдар енді жазасын!

А й ж а н. Бізде қанша мал қалды? Қақ жартысын өздері алып бітірген жоқ па? Қайсардың сені мұқатамын деп істеп отырған ісі ғой. *(Шығады.)*

Н и я з б е к. Шешем дұрыс айтады. Бәрі сенен. Сен комсомолмын деп кім көрінгеннің үстінен материал жинап, жиналыс болса, айқайлап түре келуші едің. Сен төңкеріп, жол былай, лениншіл шын комсомол боламын деп еліруші едің. Сен көк езуленіп жиылыстарда айтысқа түсуші едің. Кәнекей сол еңбектеріңмен үйінді қорғап, арашалап, аман алып қалғаның? Кәнекей комсомол жолдастарыңмен сыйыса алғаның?

Сейілбек. Сеніңше солай, меніңше олай емес.

Ниязбек. Сеніңше қалай? *(Ерсілі-қарсылы жүріп, сөз жарыстырады.)*

Сейілбек. Комсомол жолы менің үйімді шабуылдан сақтау үшін емес қой, мені жұрт бай баласысын, тегің жат, табың жат, қанаушы таптың ортасында өстің деп комсомолдан шығарды. Комсомолдық билетімді алды. Ол билет мені ерлікке, еңбекке, таласқа, тартысқа сенен бұрын жетеледі. Сенен бұрын күреске аттандырды. Сенен бұрын қоғам жұмысына араластырды. Іс үйретті, сана-сезім, білім, тәрбиемді күшейтті. Комсомолдық билет — миллион, миллион тап жетекшісі социализмді құрушылардың билеті. Комсомолдың билеті қан майданда қан жұтып «кімді-кім жеңу» дәуірінде миллион, миллион күшті төгетіндердің билеті еді. Ол билет менен әлі ұзаған жоқ, ұзамайды. Ол билет — өз қара басыма жақын билет. Менен ол, мен одан алыстамаймын. Менен не үшін, қалайша алыстап тұрғандығын сен білмейсің. Ұғынбайсың, ұғынғын да келмейді.

Ниязбек. Билет — атақ, билет — мақтан, билет — көріну, билетсіз-ақ орын табамыз. Билетсіз-ақ іске кірісеміз.

Сейілбек. Билет — сенім, билет — стаж. Билет — тарихи белгі. Билетсізді көріп жүрміз. Қай тап болсын, өз ұйымдарының билетін ұстайды. Пролетариат баласы өз жетекшісі ұйымының билетін ұстау керек. Бірақ сен пролетариат баласы емессің. Ұстамайсың, ұстатпайды. Ең әуелі істі күт, істен билетті күт.

Ниязбек. Дұрыс емес.

Сейілбек *(жүре сөйлеп)*. Билетсіздің бірі — сен. Істі күтсек, сен қандай іс орындадың? Қандай іске араластың, қандай жұмыстың қорытындысын шығардың? Не бітірдің, не істедің? Сен қорқақсың. Сенде табан жоқ. Сенде жүрек жоқ. Сенде батырлық, ерлік жоқ. Сенің ісің билетті күтпейтін іс. Сен көшіргішсің. Сен жамаушы, құраушысың.

Ниязбек. Біз сонда да соқпаққа алынбаймыз. Билетті аңсамаймыз. Толқын аударған қайықтай, жар қабаққа жасталып ұрылмаймыз. Құмар билетіңнен айрылдың. Оны іздесең, әке-шешеннен қол үзіп артынан іздерсің. Әуелі әкенді орналастыр.

Сейілбек. Әкені орналастыру менің міндетім секілді емес. Әкеден көрген азап аз емес. Әке өз жөнін өзі білсін. *(Өкініп.)* Не керек, ақымақ болдым, болжап,

ойлап істегенімде, бұлай болатын емес едім. *(Қолын қусырып жүреді.)*

Ниязбек. Әкеден безу, әкеден ат-тонын алып қашу — ақымақтық.

Сейілбек. Әкеден безу, әкемен байланысты ұзу — дұрыс. Әкенің байлығын, қанаушы тапқа жататындығын, күн көрісін, өмір-тарихын жасыру дұрыс емес. Не болса да, ашық болу керек.

Ниязбек. Әкенің жазасы — сені оқытқандық. Өсіріп, жеткізгендік болса, әкенің әкелігін тани білмеушілік — барып тұрған білместік.

Сейілбек. Әкенің байлығынан, дәулетінен көрген ұлдың игілігі жоқ. Әке өз жөнімен, мен өз жөніммен.

Ниязбек. Кеш қалдың. Мұның адасқандық, сандалғандық. Кеш, кеш.

Сейілбек. Ұзақ кеші маған есеп емес, бәрібір көрінсем, танытсам болғаны, таниды, танытамын.

Ниязбек. Сонымен әкеңнен безгің келе ме?

Сейілбек. Менің жүрегім ерте-ақ суынған. Мені үйге оралтқан шешем. *(Уайымдап біраз отырады, жүреді, тұрады.)*

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Айжан *(жақсы асыл бұйымды, ішік, кілемдерді көтеріп үйге кіреді, күрсініп)*. Уһ! Көргеніңнен де көрмегенің көп екен ғой.

Сейілбек. Апа, бұл бұйым, қарала күйе бұйым. Бұл мүлік жебірлі жегі мүлік. Тілімді алсаң, бірін де алма, қалсын. Мұның игілігін қалғандар-ақ көрсін. Бірақ өзің әкеме ерме, әкем қайда кетсе, онда кетсін, менің соңымнан ер.

Ниязбек. Сен құтқарсаң әке-шешенді бірінен бірін айырма. Сен құтыламын, үйден, туған-туыстан беземін десең, әкеңнен де, шешеннен де без.

Сейілбек. Оның дұрыс пікір емес. Шеше, дайындал, әкемнен қал. Енді баяғы дәулетің, баяғы күнің көздеріңнен бір-бір ұшатын халге жетесіңдер. Енді жоқшылық, жүдеушілік, қоршылық. Мен кеттім, әкеме сәлем айт. Ендігі жүріс — түн. Апа, дайын бол. *(Шыға жөнеледі.)*

Ниязбек *(артынан)*. Сейілбек, Сейілбек, бұ да өзінше тапқан ақыл ма? Жоқ, бұл ақыл емес, адасқандық. Шеше, қолға түспейтін амалын қарастырындар. Сейілбек шатасқан, адасқан. *(Шығады.)*

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Кемпір жалғыз.

А й ж а н (*жылап*). Ә, құдай көрсететін жақсылығың бар ма, жоқ па? Қайтейін, қайтейін?!

АЛТЫНШЫ КӨРІНІС

Қ и я м б е к (*кіреді, дыбыдырлап, дірілден*). Ал кемпір, болдың ба, орадың ба?

А й ж а н. Жаным-ау, сен асықпай тұра тұршы, Сейілжан, әкем жүре берсін, сен қал, бір күні келіп алып кетермін, деді ғой.

Қ и я м б е к (*бұрқанып, ашуланып*). Шоқынды, орыс баладан түк те пайда көріп отырғанымыз жоқ. Қорғаса, неге қорғап алып қалмайды? Тіл біледі, закон біледі, ұлықтармен сөйлесе алады. Рақаты жоқ, арам болып туған баланың керегі қанша? Қайда кетсек те сүйегімізді көрсетпей өлеміз.

А й ж а н. Барғанда қайда барамыз, қашқынның жайы белгілі емес пе? Әзер болса сені жауып қоятыны ғой.

Қ и я м б е к. Атаңа нәлет, мені жапқанда сен жетісерсің, бай жоқ... бала жоқ, қу бас болып отырарсың. Жұртта қалған күшіктей тентіреп қаңғырарсың...

А й ж а н (*күйініп*). Не қыл дейсің, қайда бар дейсің? Ел-жұрт, ағайын-туғаннан қалай айрыл дейсің? Мені төркініме апарып таста, не көрсем де сонда болайын.

Қ и я м б е к (*ызаланып*). Өй, ағайының құрсын, балаң құрсын, киінемісің, жоқ па? Тойға баратындай тәлкелесіп отырғанда қолға түсіп қалармыз. Шашы ұзын, ақылы қысқа ақымақ. (*Сүйрелейді, аяғымен тебеді.*) Бол деген соң, бол! Сорладық қой. (*Сырттан сыбыдыр білінеді, Қиямбек есікке қарай жүгіреді. Айжан бүктетілген күйінде жатады.*)

ЖЕТІНШІ КӨРІНІС

Сағила, Байтоқ, Түйебағар, үш комсомол, қолдарында ОСО-авиахимнің мылтығы, қарсы кіреді.

С а ғ и л а (*мылтығын оқтап*). Ә, жауыз, қолға түстің бе, қозғалма, қозғалсаң атыласың, көтер қолыңды! (*Қиямбек қолын көтереді.*) Жолдастар, ұстандар! (*Комсомолдар ұстайды.*) Өзге серіктерің қайда, кол-

хоздың неше атын ұрладыңдар, қайда барғалы жатыр-сыңдар?

Қиямбек. Бізді құлақ ретінде алсаң да, ұрлық деген атты таға алмайсыңдар.

Түйебағар. Ұры емес сен бе? Жоқ, өзге біреу ме? Қой, Қиямбек, сопысынып сүттен ақ болмай-ақ қой. *(Дікілдеп.)* Сен қашан ұры емес едің? Сен кедейдің малы түгіл, Күйтеннің қатынын да ұрлап алғансың.

Қиямбек. Аузыңның қанын жақпа!

Түйебағар *(Сағилаға қарап, ұмтыла түсіп)*. Сен де талай қаныңды жаққансың. Талайды сорлатқансың, талайды қан қақсатып талап алғансың. Кезек дүние деген осы. Саған жұрт аузының қанын жаққалы келген жоқ.

Сағила. Далаға апарыңдар, бір-екеуің жан-жақты торы. Енді бұлардың серіктерін табу керек. Біз жазылмаған нәрселерін жазып, колхоз басқармасына тапсырайық. *(Бір-екі комсомол Қиямбекті алып шығады. Олармен бірге Байтоқ та шығады. Сағила, Түйебағар қалады.)*

СЕГІЗІНШІ КӨРІНІС

Түйебағар *(бүк түсіп жатқан Айжанға)*. Басыңды көтер!

Айжан *(басын көтеріп)*. Түйебағармысың?

Түйебағар. Иә, баяғыда ожаумен басқа салып қалатын Түйебағармын. Сейілбек қайда?

Айжан *(сарнап жылап)*. Қарағым Түйеш-ау, жазығымыз жоқ еді, дәмдес болып едің ғой. Шалдың жайын білуші едің ғой.

Сағила. Басыңызды көтеріңіз, нәрселеріңізді жазамыз.

Айжан *(басын көтермей)*. Адыра қалсын нәрсесі, қай жөнді нәрсе бар дейсін. Түйешжан білетін.

Түйебағар *(дігірлеп)*. Шортмазарт, жылы сөйлегеніме Түйешжан деп жәдігөйлене бастадың ба? Түйебағар баяғы ожау басына тигенде, басын бір сипап жүре беретін Түйебағар емес. Түйебағар құдайын, басыңды көтер. *(Көтеріп, аударып тастайды.)*

Сағила *(Түйебағарға)*. Шеш мына нәрселерді! *(Айжан жармасады, Түйебағар итеріп тастайды. Айжан болмай оралып жатып алады.)*

Түйебағар. Кәрі қақбас, мә, шешпесең! *(Мылтықтың түбімен ұра бергенде, Сағила ұстай алады.)*

Сағила *(зекін)*. Тұрасың ба, жоқ па? Тұрмасан, күшпен тұрғызамыз.

Айжан *(бажылдап)*. Елден, жұрттан шыққан қатын қыз, не қылушы едің. *(Бажылдап тұрады. Түйебағар бұған нәрселерді жазып шешеді. Таза киім, ішіктерді Сағила тізімге алып жазады. Бұрынғы тізімде жоқ төрт ішік, үш кілем, төрт шапан табылады.)*

Сағила. Бұдан басқа нәрселерің қайда?

Түйебағар. Самыраттың Қазынан алған масаты кілем қайда? Жапым қызының дауында параға алған құлын жарғақ, жанат ішіктер қайда? Шайы қапталдар қайда?

Айжан *(жылап)*. Бізде не қалды дейсің, біз біттік қой.

Сағила. Сейілбек қайда?

Айжан. Білмеймін, шырағым, бізден безген бала ғой. Бізден де сендерге жақын ғой.

Түйебағар *(іргені қопарып жүріп, бір кітап тауып алады. Кітаптың іші толған қағаз)*. Сағила, мұнда бір көп қағаз табылды. *(Сағилаға береді.)*

Сағила *(Сейілбектің Жантасқа жазған хатын оқиды)*. «Жантас! Бізге жай-күй қалған жоқ. Біздің іргеміз бұзылып күйреді. Осы бұзылғаны бұзылған. Осы күйрегені күйреген. Кімнің іргесі бұзылмай жатыр. Кім шабуылдың астында жаншылмай жатыр. Жаншылдық, біттік. Көп алғыс, рақмет. Сүйедің, қорғадың. Енді мені есіңе алсаң, Орта Азиядан ізде. Намысты, кекті, ортақты жұмыс... орында... өшір, жой. Жоғалт, жет... досың... Сейілбекке.» *(Сағила кекесін күлкімен.)* Қашқынның қиялы, қаңғырғанның сандырағы, алас ұрғандардың айласы. *(Сұрланып, асығыстанып, мылтығын ұстап.)* Түйебағар, мына нәрселердің бірін қалдырмай алып жүр. Колхоз басқармасына тапсырайық. *(Нәрселерді құшақтап алып шығады.)*

ТОҒЫЗЫНШЫ КӨРІНІС

Сейілбек жалғыз кіреді.

Сейілбек. Апа, болдың ба, нәрселеріңді даярладың ба?

Айжан *(жылап)*. Әкенді алып кетті, нәрседен айрылды.

Сейілбек (жұлып алғандай). Не дейді, әкем өз бетімен кете алмады ма?

Айжан (жылап). Қайдан кетсін, катын қыз ұстап әкетті.

Сейілбек. Басы айналып, мың ашыған кәріде ақыл болушы ма еді, тілді алмаған әкенің текке де керегі жоқ. Әкеме нәлет, оқығаннан басқа айтар сөзім де, жәрдемім де жоқ. Апа, кетеміз.

Айжан. Қайда кетеміз, қайда барамыз?

Сейілбек. Ниязбекпен бірге Ташкентке кетеміз. Енді, шеше, туған жер, өскен ел, ағайын-туыстарыңмен қоштасасың. Көз көрмеген жаңа жұрт, жаңа елге барамыз. Енді қайтіп елді көру көрмеуің екі талай. Бірақ қажыма, ренжіме, мен тірі болсам, аш-жалаңаш бола қоймассың. (Айжан тұра келіп киініп жатады. Сейілбек өзіне-өзі.) Кінә кімде? Менің табым, тегімнің пролетариат табына жат екендігі, қанаушы екендігі рас. Социалдық шабуылда жаншылған, жойылған деген осы ғой. Жойыла-ақ қойсын. Мендегі кінә, пролетариат табы маған есігін шалқасынан ашып еді. Қомсомол қатарына алып, тәрбиелеп, саяси сана-сезімді оятып еді, майданға күреске аттан, тайма, табанды бол, қайыспа, төңкеріс жолы күрес. Күресте кіммен, қалайша күресетіндігіңді түсін. Оқы, біл үйрен. Қате бассан, түзел. Адассан, жол-жөн мынау. Келешек мынау социализмнің құрылыс қарқынына ілес дегенді ұғындырып еді. Соны мен орындадым ба? Жоқ. Орындағаным жоқ. Орындауға ойлансам да, іске асыра алғаным жоқ. Істі болар іс болды, бояуы сінді.

ОНЫНШЫ КӨРІНІС

Жантас кіреді.

Жантас. Шал қайда? Шалды реттедім. Ауылдық кеңестің хатшысы ауыл үйді қонақтап қыдырып жүргенде, штамп мөрді ақ қағазға басып алып, шал қайда барса да тастай батып, судай сіңетіндей қып сенім қағаз жаздым.

Сейілбек. Шал тұсалған.

Жантас. Мен ерте хабар айтып едім ғой, кетсін, барайын деп жатыр. Тасалап тұра тұрсын деп.

Сейілбек. Шал дәуренді сүрген, қызықты көрген шал. Азаптың да, жоқшылықтың да дәмін татсын. Мен оған өкінбеймін, менің өкінішім өзімде. Мен тудым, өс-

тім, ер жеттім. Бірақ ел-жұрт, туған-туыскандарға үлкен өкпем бар. Не істесе де мен сыртта оқуда жүргенде істеу керек еді. Оқуда жүргенде бай қатарына алса, жәбірлі қара майдай қарғыс атқан қаралы ат тағылған үйге кім жолайды. Кім келеді. Келдім, шатастым.

Жантас (*ақыл айтқан кісіге ұқсап*). Менің де бір қорғап жүргенім, бір сенің қара басың еді. Бір сен үшін, сенің бақытың үшін еді. Қапылыста келіп қалдың, келмеуің керек еді, қаранды көрсетпей, сыртта жүріп-ақ қарассаң болмайтын ба еді.

Сейілбек. Енді мен кетемін. Тәшкенге кетемін. Қазақстаннан Өзбекстанға кетемін. Шешемді ала кетемін. Болса да менің абыройым айрандай төгілді. Болса да тап жауы атандым. Еңбекшілердің тапсыз, игілікті қоғам құратын жұмыстарына көлденең тұрдым. Бөгет жасадым, ендігі айтатыным: Ниязбектен жіберген хатқа жазғанмын, соны орында, соны іске асыр.

ОН БІРІНШІ КӨРІНІС

Сағила жалғыз, андаусыз кіріп келеді. Сейілбек пен Жантастың отырғандарын байқамайды. Оң қолын қалтасына салып сұрланып тұрады.

Сейілбек. Бір кезде менің басқарысқан, қатынасқан шабуылым ғой. Бұл шабуылды өзіме істесең, армамым жоқ.

Сағила. Шабуылды білсең, өзіңнің кім екенінді білгенін, ол кезде шабуылды сен басқарсаң, бұл кезде біз басқарып жүрміз.

Сейілбек (*Сағилаға жақындай түсіп*). Партия жолы сендерден былайша күтпейді, бұл жай, әшейін, сендердің алып қашты шабуылдарың. Байды тап есебінде жою, байлығынан арылған, тазарған, екінші қазанда қайнаған, піскен адамды жою емес.

Сағила. Оппортунист ақымактардың әдеті большевикпін деп, большевик атқа жармаса түсетіндері. Сен большевик болсаң, әкеңе шабуылды бұдан 3 жыл бұрын тап есебінде жояр едің. Сен большевик болсаң, әкеңнің мал-мүлкінің көзін жойғызбай, социалдық қазанның ортасына түсірер едің. Сен оппортунист ыңғайына көшкіш, күнің үшін жүретін екіжақтысың. Сен комсомолдар ішіндегі бай табының қалдығысың.

Сейілбек (*күйініп, ызаланып*). Жок, жок, лениншілдік жүрекпен бағаласа, мен былай емеспін. Сенде комсомолдық жүрек жоқ, комсомол мәселені бұлай шешпейді.

Сағила. Комсомол байдың күлін көкке ұшырады. Оппортунистерді екі майданда соққыға алады. Комсомол қатарын лениншіл пролетариат колхозшы жастардан бекітсін.

Жантас (*орнынан қозғалып*). Қой, қарындас, тым солақайлық не керек. Бәріміз де еңбекшінің баласымыз.

Сағила. Кімнің оң екендігін, кімнің сол екендігін партия жұртшылығы айырар. Бірақ, Сейілбек, сен шабуылдың маңдай алдында жаншыласың.

Сейілбек (*ызаланып*). Партия, комсомол жұртшылығының тағдыры сен сықылды ақылы көзінің алдындағы қыздың қолында тұрған жоқ.

Сағила. Таптың құрал қылатын қаруы байдың бөлтіріктеріне партия, комсомолдардың есігі шалқасынан ашылып жатқан жоқ, жоямыз, жойыласыңдар!

Сейілбек. Жоя алмайсың, жойылмаймыз.

Сағила. Ауылыңнан неше бай қашырдыңдар? Бай орнына тұтқынға аламыз.

Сейілбек. Біз бай емес. Біз сендердің байларыңды күзеттіріп қойған милицияң емес. Алмайсың, ала алмайсың.

Жантас (*екіленіп, төніп*). Аристқа алатын біз бай емеспіз. Қандай қылмысымызды көріп аристқа аласың? Комсомол мүшесі жалғыз сен емес, сенде бар билет менде де бар.

Сағила. Оппортунистер, тап жауы, төңкеріс дұшпандары партия қатарында болмауы керек, болмайды да.

Сейілбек. Сеніңше, оппортунист емес жан жоқ.

Сағила. Меніңше емес, партия жолы сендей, сендердей оппортунистерді, оппортунист деп қана атап қоймайды. Сендер құлақтың агенті қорғаушысыңдар. Таптың дұшпанысыңдар. Жантас, сен босамайсың, ауылдың кеңес қарамағына аристқа алынасың.

Жантас (*тесірейіп, түйіліп*). Аристқа! (*Жеп қоятындай түйіліп.*) Қашан айдап жібергенше, сенен келетін көрді көрдік. Мінекей! Арист! (*Қалтасынан пыша-*

ғын суырып алып, салып жіберуге ұмтылады. Сағила жылдам шегініп кетеді. Мылтығын оқтанып тұра қалады. Жантас сілейген күйі қозғалмастан тұра қалады.)

Сағила (айқайлап). Комсомолдар, келіңдер!

ОН ЕКІНШІ КӨРІНІС

Ауылдық кеңестің хатшысы, екі комсомол, Түйебағар, Байтоқ кіреді.

Сағила (Жантасты көрсетіп). Ұста мына таптың дұшпанын!

Жантас. Ұстама, мен таптың дұшпаны емес. (Екі комсомол ұстап, сүйрелеп далаға алып шығады.)

Сағила (шығып бара жатып). Қашанда болса комсомол жастардың қарулы күш, өткір найзасының ұшында түйрейміз, түйрелесің. (Сейілбек қозғалмастан сілейген күйінде тұрады. Перде түседі.)

Ш ы м ы л д ы қ.

БОРАН

Үш актылы, алты картиналы пьеса

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Борис Федорович Мистислав — ысылған большевик.
Боран — Бористің жолдасы.
Жоламан — Боранның әкесі.
Қалампыр — Боранның шешесі.
Сабыр — оқыған жігіт, коммунист.
Бәдіғұл — оқыған қыз.
Есім — Боран ауылының жігіті.
Әміржан — партизан.
Ефим — паровоз жүргізуші машинист.
Кондуктор — қарт адам.
Жұмаш — депоның жұмысшысы.
Төспай — қиялшыл, оқымысты жігіт.
Наташа — үй сыпырушы.
Қоспан — алаш комитетінің бастығы.
Воронцов — ақтың штабының бастығы.
Ерқожа — колчак офицері.
Жасақбай — алаш офицері.
Скобин — орыс офицері.
Жәкім — алаш комитетінің хатшысы.
Жәмила — Қоспанның қызы.
Назар — болыс.
Қызыл партизандар, командирлер, депо жұмысшылары, ауыл
адамдары, офицерлер, солдаттар, алаш мүшелері.

Оқиға азамат соғысы кезінде болған.



БІРІНШІ АКТ

БІРІНШІ КАРТИНА

Өзеннің биік жар қабағы. Жардың етегінде кішкене ағаш үй. Үйдің алдында лапас. Жар тастың үстінде Боран, Борис Сабыр үшеуі. Борис Пушкиннің «Сібірге хат» деген өлеңін оқып тұрады. Қолында таяғы, сырттарынан бақылап Жоламан жүреді.

Б о р и с (*шын беріліп*).

Сібірдің шахтасының шыңырауында,
Име бас, ірілік қыл, шыда-шыда.
Жойылмас ауыр азап еңбектерің,
Асқағы асқар ойдың бітпес бұ да.
Қараңғы жер астында сорға сынар,
Сол үміт, сенімді жар, серік болар.
Сергіте көңіліңді қайрат беріп,
Үмітпен күткен күн де келіп қалар.
Қақ жарып азап інді, азабыңды.
Сияқты жеткізгенім азат үнді.
Достық та, махаббат та жетер әлі-ақ,
Талқандап берік қорған қараңғыны.
Ауырлық бұғау түсер, кісен сынар,
Ашылар қараңғылық, зындан құлар,
Бостандық, қуанышпен құшақ жайып,
Ұстатар қылышыңды туысқандар.

Б о р а н. Тағы да, Борис Федорович, тағы да...

Б о р и с. Пушкин... ол орыс әдебиетінің алтын таңы, жазғы самал желі, жүрекке жылы, тілге жұмсақ, көңілге қонымды тиетін арулы ақын ғой. Ей, Пушкин, Пушкин...

Ж о л а м а н. Ел қамын жеген едігелерім, тек бақтарың жанып, мерейлерің үстем болсын! (*Лапастың ішіне кіріп көрігін басып, ісін соғады.*)

Б о р а н. Борис Федорович! Бұл өлеңді кімге арнап жазған?

Борис. 1825 жылы Сібірге айдалған декабристің бірі Одоевскийге. Одоевский «Жалынды үннің жырлары жетті» деп жауап берген.

Боран. Қорқыпай қалай жазды екен?

Борис. Қорқып жазса, Пушкин бола ма? Қорқып істеген істен береке шықпайды. Жаңадан заман туғызуды. Государство құру оңай жұмыс емес. Ол үшін дариядай ақыл, халықтың қам көңілін қанағаттандыратын қайрат, жігер, батылдық керек. Қорқып көптің басшысы бола алмайсың.

Боран. Бізде халықтың қамын ойлап, тілегін орындауда құрбан болған геройлар көп.

Борис. Білемін, білемін XIX ғасырда сендерден жеке геройлар көп шықты. XX ғасыр халықтың революциялық толқыны күшейген, етек алып қанатын кең жайған ғасыр. Халық ашынды. Халық үш жүз жыл патшалық құрған Романовтың тұқымын бөрікше ұшырды. Халықтың революциялық тілегіне қарсы тұрған алашордашыл оқығандар. Олар контрреволюциялық жолға түскен предательдер. Олардың Қолчакпен бірігуі предательдік... Жолдас «Фигаро» оны жақсы біліп қойыңыз. Боранның түрмеге түсуі сіздің Фигаро ролін жаман ойнауыңыздан.

Сабыр. Борис Федорович, Фигароңыз кім?

Борис. Ол — испанец.

Сабыр. Испанец пен менің арамда қандай жақындық бар?

Борис. Ол французша ойлап, испанша қимылдаған адам. Сіз де солай французша ойласаңыз жақсы болар еді.

Боран. Олай ойлау бізге қиындау болар. Сіз кеше бір сөзіңізде француз революциялық логиканың қайнаған бұлағы дедіңіз ғой.

Борис. Иә, бұлағы, жолдастар! Революциялық теорияның тарихы үлкен. Біздің революциямыз социалистік революция. Социализмнің программасы кең. Ол тарихи қоғамдық ғылым, ол терең философия, ол болашақ дәуір, өмір, государство, өздерің ойлашы... Социализм революция арқылы болмақшы... қазір де азамат соғысы Азамат халқын, Отанын қорғауға аттанды. Интервенттермен бірігіп, әр төбенің басында бір өкімет құрған ақымақ генералдардың күлін көкке ұшырататын күн туды. Революцияның ұшқыны тұтанды. Революция жер жүзін екі лагерьге бөледі: социализм, капитализм, жолдас Фигаро, түсінген боларсыз.

С а б ы р. Борис Федорович, Фигароңызға әлі де түсінгенім жоқ, ол қандай адам, айтыңызшы?

Б о р и с. Сіз үйленетін жігітсіз, Сіздің фигаролық роліңіз алаш комитеті мен қалыңдығыңыздың арасында болады, жақсы жігіттер...

С а б ы р. А, солай де.

Б о р и с. Боран! Кешегі салған әніне басшы. Қазақ халқының әні Пушкиннің поэзиясы сияқты. Неополитанецтермен жарысқа түсуге де болады.

Б о р а н. Сіз тіпті асыра бағалап жібердіңіз.

Б о р и с. Ешбір тірегі жоқ қазақ халқының әнін тыңдағанда, кең далада еркін өскен халықтың бозторғаймен үн қосқан романтикалық сырын естисіз. Әрбір ырғақтарынан ертедегі гректің лирінің үні шығады. Кәне шырқап жібер.

Б о р а н. Естіп қалса қайтеміз?

Б о р и с. Естісе келер, тағы да түрмесіне отырғызар. Біз үшін түрме қорқынышты емес. Қашанғы бұғып, бүркеніп жүреміз.

С а б ы р. Бәлсінбей, айтатын болсаң, айтсаңшы. (*Сыбырлап.*) Әй, онша қатты айтпа. Ал мен жан-жаққа қарап тұрайын. (*Боран халықтың бір әнін айтады.*)

Б о р и с (*ойланып*). Иә... халық бір жатқан теңіз... Теңіздің бетінде толқынмен алысып жүріп, ұшатын дауылпаздай қияға ұшу, алуан жүйріктердің ғана қолынан келеді. Бұл әннен қалың қазақтың кеудесіндегі мұңы, ащы айқайы, ашынған зары келеді. Оны тыңдап ұғатын біз ғой. Халықтың әнін халық әнімен жалғастырайық. Мен бастайын, сен екеуің қосылыңдар.

«Ей, ухнем, ей, ухнем,
И еще раз, еще раз...

Б о р а н (*қияға көз жіберіп*). Борис Федорович, бері қараңыз.

Б о р и с (*қалтасынан биноклін алып*). Иә, олар осылай жүреді. Оларға адам аяқ астындағы тезекпен бірдей.

С а б ы р. Көзге түсіп қалсақ қиын болар, жасырынайық.

Б о р и с. Ну, Ресейдің атағын қорғайтын сабаздар түп-тура қасқырша тиеді.

С а б ы р. Көзге түспей жасырынайық деймін.

Б о р и с. Жақсы, жасырынайық, жасырынайық. (*Үшеуі шыңның етегінен әрі түседі, асығыс Қалампыр кіреді.*)

Жоламан. Ал не білдің? Қандай хабар бар?

Қалампыр. Болыстың ауылы толған солдат дейді. Қара қыздың күйеуін аристовнай етіп қалаға жөнелтіпті дейді.

Жоламан. Қалаға жөнелтіпті?

Қалампыр. Ақ келіншектің байы бар ғой, соны дүрелеп өлімші қып кетіпті дейді. Барлық солдаттар Есімді қуған екен, астындағы аты жүйрік болса керек, қолға түспестен Қараой асыпты дейді.

Жоламан. Оны саған кім айтты?

Қалампыр. Өзім амалын тауып бір соғармын. Әзірге үйіңе бар. Борандар көзге түспесін. Сақ болыңдар. Назардың әлпі жаман. Сіздікіне де барып қалар деді.

Жоламан. Боранның үйде екенін қайдан біліпті? Қой, жаңылыс болар?

Қалампыр. Құдай шұнақ-ау, түсінсейші, үйіне екі солдат кіріп барғанда Қарақыз бар ғой, талып қалыпты. Аузы-мұрнынан шығып отырған бейшара, сол күні кешке баласы өлі туып, өлім халінде жатыр, дейді.

Жоламан. Қарағыз, Қарағыз дейді ғой. Боранның үйде екенін оларға кім айтыпты? Соны неге сұрамадың?

Қалампыр. Бетім, шіркін-ау, соны башалап сұрауға менің шамам келді ме. Тұрма... бар, хабар бер... Келіп қалса, сор маңдай, сорың тағы да қайнар...

Жоламан. Қой, келе қояр ма екен?

Қалампыр. Бар деймін, сенің түбіңе осы жетеді, осы... *(Қолындағы темірін жұлып алады.)*

Жоламан. Ой, шولاқ боштабай, айтқаның жаңа, асыққаның не?

Қалампыр. Жалғыз балаң, аристовный болса жетісерсің. Омалғыр омалмай, жыламай жылдам барып неге хабар бермейсің? *(Өзі асығыс шыға береді.)*

Жоламан. Әй, әй, қатын, аптықпа, олар сен білетін жерде емес. *(Жоламан шыға бергенде қолында мылтық Жасақбай екінші жағынан қарсы кіреді.)*

Жасақбай. Токта, қайда барасың? Борандар қайда?

Жоламан. Бораның не, қарағым? Түрмеде емес пе? *(Тез түсін өзгертін).* Әлде шықты деген хабар естідің бе?

Жасақбай. Сен қақбас, көлгірсіме. *(Мылтығын оқтанып.)* Таппадың бар ғой, ажалың менің қолымда.

Жоламан. Ой, Жасақбай, ойының ба, шының ба?
Жасақбай. Мына нағанмен беріп жіберсем, тіл тартпай мүрдем кететінінді сеземісің? Айт шыныңды!
Қалампыр (*жылап*). Құдай-ай, көрсетейін дегенің осы ма еді?

Жасақбай. Жылама, жылағанша ана бұзық балаңа ақыл айтсаңшы. (*Мылтығың кезеніп алдына салып.*) Жүр, балаңның жасырынған жеріне алып барып үстінен түсіресің. Оны істемесең, атам да тастаймын. Құның сұраусыз.

Жоламан. Жасақбай, қойсаң қайтеді. Өлмелі шалды әуре қып не қыласың?

Жасақбай. Сенімен мылжындасып тұруға уақыт жоқ.

Жоламан (*кейін жылысып*). Өнегелі ата өз күшін өзі жейтін қасқыр емес. Мықты болсаң, өз бетіңмен тауып ал. Шал мен кемпірге қоқырандап тұрғаның не өзіңнің... Ал, айтпадым не қыласың? Қазық аяқ бір шалмен дүние құрып кетпейді. Кәне, ата ғой...

Қалампыр (*көлденеңдеп*). Жаным-ау, мұндай да қорлық болады екен.

Жоламан (*Қалампырды итеріп жіберіп*). Жоқ, атса атсын, саулық қойдың жасындай ғана жасым қалды. Андысқан жаудың ортан қолдай біреуінен ажал тапсам, арманым жоқ. (*Бұл кезде Сабыр сырттарынан қарап тұрады.*)

Жасақбай. Маған сенің өлімің, қоянның өлімімен бірдей! Атса атады! (*Кезене берген кезде Сабыр мылтығын ұстай алады.*) Қап, қап!..

Жоламан (*Сабырға арқаланып*). Іш менің қанымды, іш! Кімді басынасың? Қолыңда өлейін, әкеңнің қорлағаны аз еді деп, сен де төбемізге секірейін дедің бе?

Қалампыр (*жібермей*). Бұлар аямайды, аяса осыны істер ме еді, қой деймін ойбай, қой!

Сабыр (*Жасақбайдың алдын бөген*). Немене, түсіңнен шошындың ба? Әлде адам қанымен сусыныңды қандырғалы жүрсің бе?

Жасақбай. Боран екі туып бір қалғаным емес, сен кірісетін дәнеме де жоқ.

Сабыр. Елден ала бөтен сенің басыңа не күн туды? Қызулықтың орны бар. Офицер болдым деп айдай әлсміді бір тарының қауызына сыйғыза алмайсың. Шын айтам, райыңнан қайт. Адасып жүрсің.

Ж а с а қ б а й. Адаспай жүрген сен бе? Ақылын өзіңе...

С а б ы р. Мынау топты бастап жүрген сен дейді ғой?

Ж а с а қ б а й. Мен болсам, не қыл дейсің?

С а б ы р. Сен болсаң, жан шошынар қылмысты қолыңмен істеп жүрсің. Менің ар-ұятым, дәтім шыдамайды. Сен аға баласы болғанда, мен іні баласы едім. Екеуімізді оқытқанда адамшылық ары бар адам болсын, жазықсыз жұртқа қамшы үйіріп, дүре соқсын деп оқытқан жоқ еді ғой. Нені біліп, неменеге көзің жетіп офицер болдың? Соны айтшы!

Ж а с а қ б а й. Офицер болса несі бар? Сен де бол. Керек болса поручик, штаб капитаны, подполковник те болармын. Қызмет сенің туыстығыңа қарамайды.

С а б ы р. Тағы да айтам, ақылсыздық істеме. Өткінші жауындай, жел тұрса құрғап кететін болмашы бақытты мәртебе етпе. Жан ашитын жақыным десен, айтқаныма көн. *(Сабыр білдірмей Жоламанға қолын сілтейді, Жоламан жылысып шығып кетеді.)* Бір сөз айтайын, тыңдаймысың?

Ж а с а қ б а й. Осы сен кімсің? Маған соны айтшы.

С а б ы р. Мен ешкім де емеспін.

Ж а с а қ б а й. Қалаға неге бармайсың, ауылда не ғып жүрсің?

С а б ы р. Ауылда сен де жүрсің ғой.

Ж а с а қ б а й. Мен кісі ұстай келдім.

С а б ы р. Кімді?

Ж а с а қ б а й. Боран Жоламанов. Қасында бір орысы бар, он күннен бері үйінде жатыр деген хабар алдық.

С а б ы р. Боран түрмеде емес пе?

Ж а с а қ б а й. Түрмеден қашып кеткен.

С а б ы р. Қашып кеткен де? Ал енді жігітшілік пе, өзің айтшы?.. Тай-құнандай тебісіп, ойнап-күліп бірге өскен замандас. Ұялмай, өз қолыңмен қалап ұстап апарып түрмеге отырғызасың? Ел не дейді, жұрт не дейді? Жасақбай бұзылыпты демей ме? Бері жүрші, оңаша сөйлесейік. *(Екеуі шығады. Қалампыр соңдарынан ере түсіп, қайтадан кіреді.)*

Қ а л а м п ы р *(сенбей)*. Бөркешімнің үстінен түсіріп, екі көзімді сөйтіп ағартар. Қой тұрмайын, Әміржандарға хабар берейін. *(Шыға беріп қарайды.)* Жүрістері суық, бұлар тағы кім болды екен? Бір жақсылық болғай-ақ та... *(Қарап тұрады. Қолдарында қамшы Есім, Әміржан кіреді.)* Жайшылық па, жаным?

Есім. Борандарды ұстауға офицер келді ме?

Қалампыр. Келгенде қандай?

Әміржан. Кім екен?

Қалампыр. Әлгі атам ауылындағы Қайралаптың Жасақбайы. Қырып жібере жаздады. Қалай көндіргенін білмеймін. Жап-жаңа ғана Сабыр былай алып кетті. Сендер де барсаңдар қайтеді?

Есім. Ал, шеше, қорықпа да, үрікпе де біреу-міреу келе қалса, түсінбегенсіп отыра бер. Боранды сұрап қысса «мен білмейді, тілмәш жоқ» де.

Әміржан. Шешем мықты. Өлсе аузынан шығарар ма екен. Шеше, сақ бол, сақ бол!

Қалампыр. Мен сақ боламын ғой. Қуарған қу шалды қинайды ғой. Соны өздеріңмен бірге ала кетіңдер.

Әміржан. Шалға не істеуші еді? *(Екеуі жартастың төбесінен әрі қарай кетеді. Қалампыр сілейіп қарап тұрады. Желбегей асығыс Жоламан кіреді.)*

Жоламан. Қатын, ә, қатын!

Қалампыр. Не болды?

Жоламан. Жетті. Мың солдат, жүз офицері келсе де, таба алмайтын жерге бекінді.

Қалампыр. Жасақбайды не қылды?

Жоламан. Оны Сабыр үйіне әкетті. *(Ерсініп.)* Осы сен біреу-міреу келгенде жоқтап өзгеге абыржып сасасың да қаласың. Қайратыңды жинап, табан тіресіп қарсы тұрсаң, өзі де бата алмайды. Бәлемді мына балғамен шекеден беріп кеп жіберіп, жалпайтайын деп едім. Мен өлсем, бай табылмай жесір қалатындай жабыстың да тұрдың ғой.

Қалампыр. Құдай шұнақ-ау, ол сені аямайды деймін, аямайды.

Жоламан. Аямаса аямасын, итеріп қалсаң, ұшып кеткелі тұрған қазық аяқтан жеңіледі дедің бе? Мылтығын тартып алып, ішке-ішке тепкілейін деп едім.

Қалампыр. Жокқа батырсың ба, деймін. Онан да Кондрат тамырдың үйіне барып, көздеріне түспеуің қамын қарастыр.

Жоламан. Түссе қайтеді, осыдан аристовный етіп көрсін, Назар болыс деймін. Сайлаушы төреге күміс ер, күміс белбеу соғып бермесем, сен болыс та бола алмайтын едің. Менің зергерлігім арқасында болыс болып отырсың. Мен де бір керегіңе жарармын деймін.

Қалампыр. Сол сөзінді тыңдар.

Жоламан. Неге тыңдамайды... *(Сырттан мылтық атылады. Жоламан мен Қалампыр сасып, жүгіріп қарайды. Қыз-келіншек, бала-шаға, у-шу болады.)*

Дауыс. Келіп қалды, келіп қалды. *(Жылап-сықтау, бір топ қыз-келіншектерді Скобин, Назар бастаған ақтың солдаттары сахнаға қуып кіреді. Жоламан, Қалампыр үрейленіп тұрады.)*

Назар. Ей, кедейдің кер кеткені. Қашқын балаңды төріңе салып қойып, кімді алдамақшысың? Алдай алмайсың. Үкіметтің құрығы ұзын. Тауып бер баланды.

Жоламан. Назар шырағым, қайдағы баланы айтып тұрсың? Түрмесіне жапқан жоқ па еді? Ие бола алмаған өздеріңнен көрсін.

Назар. Тәйт әрмен! Түрмеге жабуды сенен сұрамайды. *(Скобинге.)* Боран Жоламановтың үйі осы. Мынау тұрған сүмелек әкесі болады. Қысып қорқытсандар, баласының қайда екенін айтады.

Скобин *(Қалампыр мен Жоламанды қамшымен тартып жіберіп)*. Ну, қайда, сенікі бала?

Қалампыр. Менікі тілмаш жоқ, білмейді...

Скобин. Сенікі тілмаш болмаса, мен сөйлетеді. Ну, сенікі бала қайда тығылған?

Жоламан *(сасып)*. Менікі бала... менікі бала...

Назар. Қикарсымай айт, шыныңды. Кімнің алдында тұрсын. Жоныңды тілгілеп, бауыр сыртыңды бірдей қып сойса тәубеңе келер едің.

Жоламан. Назар! Аққан суға да бір тосу деген. Қорлатпа мыналарға.

Назар *(кекеп)*. Аққан суға да бір тосу. Қара мына шіріктің сөзін. Атығай — Қарауылды жусатып өргізген Назар сен сияқты кедей-кепшектен тосылса, құдайдың ала қойғаны жақсы.

Жоламан *(тілін тартпай)*. Сен баяғыда етігімнің қонышын бастың деп айып алуға ар-ұятың барған Назарсың да. Сатып алған құлың жоқ.

Назар «Жабағы тонның биті ащы, жаманның тілі ащы» дегендей, саған да тіл бітейін деген екен. *(Скобинге.)* Арқасына қамшы берсен, шынын айтады.

Жоламан. Жоқ-ау!

Скобин *(зекіп)*. Молчать, ну! *(Солдаттарға)* Боран ешқайда кеткен жоқ. Тінтіңдер, табылмаса өрт беріңдер. *(Солдаттар тінтеді. Жиналған халықты қамшымен сабап, сахнадан қуып шығады. Екі солдат Жоламанды дүрелейді.)*

Жоламан (*жылап*). Назар, екі қолым жағанда. Өлтірт мені, өлтірт!.. Өз қолыңнан өлтірт. Сен жазықсыздың қара сорпасына жеріген құзғынсың ғой!..

Қалампыр. Құдай қосқан қосағым-ай, қайтейін қайтейін!..

Скобин. Ну, сөйле! Айтамысың? Айтпасаң, мен сені тірідей тамұққа саламын. Айтпасаң, мен сені бауыздаймын! Неге үндемейсің, әлде өлгің келе ме?

Жоламан (*Назарға*). Осыдан басқа істейтінің бар ма?

Назар. Неге болмасын, бұдан да зорын көресің.

Скобин. Атып тастау керек.

Назар. Жақсы.

Скобин (*солдатқа*). Бар, атып тастандар! (*Екі солдат Жоламанды алып шығады. Қалампыр жанталасып жан-жағына жүгіреді.*)

Қалампыр (*Назарға*). Болысеке-ау, бұл не қылғаның? Аясаңшы, аясаңшы!

Назар (*Скобинге*). Токта, ату қашпас. Ариске алып қыссаң, баласын тауып береді.

Скобин. Онда ариске алайық. (*Екеуі шығады, Қалампыр жүгіріп соңдарынан шығады. Сахна бос. Бір солдат бір шаруаны қуып кіреді. Шаруа сасып отыра қалады.*)

Солдат. Снимай сапог!

Шаруа. А-а, сапог?.. (*Етігін шешеді.*)

Солдат. Жылдам!

Шаруа. Мә-мә!.. (*Шешіп береді. Солдат етікті қолтығына қысып шығып кетеді.*) Бастан құлақ садақа, жанымның қалғанына, құдай-ай, тәубе! (*Қалампыр қайрадан кіреді.*)

Қалампыр. Төре жігіт-ау, енді қайттік, енді қайттік!

Шаруа. Не қылды, атты ма?

Қалампыр. Жол бойы атып кетпесе жақсы болар еді. Апырым-ай, Борандарға хабар берейік те.

Шаруа. Қой, ата қояр ма екен?

Қалампыр. Төре жігіт-ау, сен барып, хабар берсеңші! Әкенді ұстап әкетті десен, өзі де түсінеді ғой.

Шаруа. Олар әлгі Қосаралдағы қойнауда ма еді?

Қалампыр. Иә. (*Шаруа шығады, жұрт қайрадан жиналады. Жоламанды алып кеткен жаққа қиналып қарап тұрады.*)

1-әйел. Апырым-ай, апатай-ай, қамшымен сабалап барады.

2 - әй е л. Әлгінің күміс белбеуін де алып кетті-ау.

3 - әй е л. Белбеуді айтасың, біздің сорлының етігін тартып алып, жалаң аяқ тастаған жоқ па?

Жұрт тарайды. Қалампыр көзінің жасын сүртіп, ашаға сүйеніп тұрады. Боран, Борис, Есім, Әміржан кіреді.

Қ а л а м п ы р (*жылап*). Қарағым, Бөркешім қинады ғой әкеңді, қинады ғой...

Б о р а н. Апа, жыламашы, жалғызыңның жаны аман болса, бір ақылын табар.

Б о р и с. Шеше, сіз де мұндай ма едіңіз, біздің шешеміз Сібірге каторгаға айдалғанымызды да көрген.

Б о р а н. Борис Федорович, маған мынадай бір ойлар келіп тұр.

Б о р и с. Айтып көр!

Б о р а н. Есім болыстың ауылына барып сырттан бақылап шалдың халін білсе, Әміржан Тарасенкоға хабар берсе, жігіттерді жинап жіберіп, шалды айырып қалсақ.

Б о р и с. Дұрыс. Ал екеуің жөнеліңдер. (*Сағатына қарап.*) Қазір сағат алты. Екі сағаттың ішінде оралатын болыңдар, Боран (*Есімге.*) Шалды қашан, қай жолмен, қалай қарай алып жүретінін анықтап біл. Онсоң жол бойы айқасатын қолайлы жерді байқа. Тұрмандар.

Е с і м. Біздің іздегеніміздің өзі сол. Онда біз кеттік.

Б о р а н. Тарасенкоға айт, тез жетсін. Үлкен бір оқиға болғалы тұр де.

Ә м і р ж а н. Жақсы. (*Екеуі шығады.*)

Б о р а н. Апа, жылдам тамағыңды қамда. Балаң бұл күйікті көріп отыра алмайды. Қазір аттанамыз.

Қ а л а м п ы р. Тек тірі бол, қарағым! (*Ішкі үйге қарай кетеді.*)

Б о р и с. Боран, қажымау керек. Революцияның солдаты болу оңай жұмыс емес. Бұл қиыншылық па? Мен саған Томскінің түрмесінен қашқанымды айтайын. Жазғытұрым кез, тоңның суы кемерінен шығып тасып жатқан мезгіл. Кешкі прогулкада жүрдік те дәретханаға бір мұжықпен екеуіміз жасырындық. Іңір мезгілінде дуалдан қарғып түсіп, тұра қаштық. Күзетші солдат үстімізден асыра екі рет мылтық атты. Бүкшендеп алды-артымызға қарамай қашып келеміз. Олар соңымыздан қуып келеді. Огородтан огородқа секіреміз. Біздің бақытымызға түн көзге түртсе көрінбейтін қараңғы. Жанталасып өкпеміз күйгенше жүгірдік. Бір кезде Томның

биік жарынан төмен қарай тоңқалаң астық. Олар жардың шетіне келді де сілелері құрып, тұрды да қалды. Біз домалаған бетімізде ағып жатқан суға күмп бердік. Жалма-жан бірімізден-біріміз айрылмай, судың жиегіндегі талға жармастық. Жаурағанымызға қарағанымыз жоқ. Сол түні өзен бойын өрлеп отырып Томнан он бес шақырым бір поселкеге келдік. Бір мұжықтың үйінде хал жинадық. Сонда мойымаған жүрек еш уақытта мойымақшы емес.

Б о р а н. Борис Федорович, мен қажымаймын. Кеше сіз айттыңыз: біздің қызық дәурен сүретін өміріміз алда, бұл заман бұл қалпында болмайды. Халықтың басынан темірдей құрсаған тұман серпіледі дедіңіз. Сондай дәуірді бізбен бірге әке-шешеміз көрсе деген арман ғой.

Б о р и с. Ол арман алыс емес. Ертең, оның арғы күні, бір жылдан кейін оған жету үшін халықтың мойнындағы бұғалықты, қолындағы шынжырды қию керек. Халық — дауылды жауын, сен дауылды жауынның ішіндегі нажағайсың. Халық аспандағы сансыз миллион жұлдыз болса, сен жұлдыздың ішіндегі Шолпанысың.

Б о р а н. Иә, Борис, қазақ айтады «батыр болсаң батыл бол, жауды аясаң, жаралы боласың» дейді.

Б о р и с. Дұрыс айтқан. Заманның алғыр түлек, қыран құсы кім десең, ол — халықтан шыққан даңа даңышпаны, біз — солардың сілтеуімен адам баласына бақытты тұрмыс әперу үшін күресіп жүрген миллионның біріміз. Вот, Боран, өзінді-өзің осылай бағала. *(Ымырт жабылады, екеуі тастың үстіне отырады.)*

Б о р а н. Еһ, әділдік, әділдік, жолдас Борис! Адам тып-тыныш өмір сүре алмай ма, осы адамға не жетпейді?

Б о р и с. Міне, сол үшін де революция керек. Бұл күнге дейін адамға нан, жақсы тұрмыс, емін-еркін еңбек, адамшылық жетпеді, соны жеткізетін — революция. *(Шыңның төбесінен Жұмаш көрінеді, екеуі сескеніп қарай қалады.)*

Б о р а н. Сіз тасалана тұрыңыз, мен өзім сөйлесейін. *(Борис ішке қарай кетеді.)* Тоқта, кім?

Ж ұ м а ш *(тұра қалып)*. Мен Жұмаш.

Б о р а н. Жұмаш! Ал не жаңалығың бар? Борис Федорович, бері келіңіз. Жұмаш келді.

Б о р и с. Жұмаш! Біздің мұнда екенімізді қайдан білдің?

Ж ұ м а ш. Мені Бәтіш жіберді. Сіздерге тез жетсін деді *(Етігін шешіп, табанына тыққан қағазды береді.)*

Б о р а н (*хатты оқиды*). «Борис, Боран. Қала іші үлкен толқуда. Депо жұмысшылары үш күн болды жұмысқа шықпай ереуіл жасауға қамданып жатыр. Н. қаласынан полковник Тарабухин келеді деген хабар алынды. Алаш комитеті қатты сасуда. Темірді қызған кезінде соғатын мезгіл. Тез жетіндер, бір қимылдайтын кез осы. Бәтішің.»

Б о р и с (*ойланып*). Полковник Тарабухин. Ол карательный отрядтың бастығы. Қайткен күнде ол келмей, қалада жұмысшылардан партизан отрядын құру керек. (*Сағатына қарап.*) Чорт возьми, Тарасенко неге кешікті, әлде үйінде болмай жүр ме?

Ж ұ м а ш. Тарасенко?

Б о р и с. Сен оны білесің бе?

Ж ұ м а ш. Ол бүгін ақтардың қолына тұтқынға алынды.

Б о р а н. Тұтқынға алынды?

Б о р и с. Оны сен қайдан көрдің?

Ж ұ м а ш. Қалаға апарып, түрмеге қамады деп есітім. (*Асығыс Есім кіреді.*)

Б о р и с. Жігіттер, іс жаман... Тарасенконың жігіттерін бытыратпай, жылдам қолға алу керек. Ал не білдің?

Е с і м. Шалды қалаға жөнелтіп жіберіпті.

Б о р а н. Атқан жоқ қой, әйтеуір?

Е с і м. Атқан жоқ. Қырдағы елге ат, жігіт жинау туралы сібірден үлкен төре шығыпты. Офицерлер «полковник, полковник келеді»—деп шуласып жүр.

Б о р и с. Ал, жігіттер, полковник болса тіпті жақсы. Кәне, тұрмайық, қалаға барудағы бірінші аттаным полковникке болсын, ал содан кейінгі планды депо жұмысшыларымен бірігіп отырып жасаймыз. Боран, Сабырға хабар бер! Ендігі жұмыс ауылда емес, қалада.

Б о р а н. Болады, командир жолдас! (*Сабыр, Жасақбай екеуі кіреді.*)

Ж а с а қ б а й. Боран Жоламанов сенсің ғой?

Б о р а н. Иә, мен, не жұмысың бар еді?

Ж а с а қ б а й. Сенде шаруам бар еді, сөйлесейін деп едім.

Б о р а н. Сөйлесетін кезде сөйлесерсің, қазір уақытым жоқ.

Б о р и с (*Сабырға сыбырлап*). Бұл кім?

С а б ы р. Бұл — алаш офицері.

Б о р и с (*Сабырды оңаша шығарып*). Сабыр Фигаролық рольді орындаған жоқсың, біз қазір кетеміз. Ер-

тең осы уақытта қалада бол. Мына офицерлердің рух-прахын шығармасаң... Ұтыламыз, орында! Кәне, жігіттер, кеттік. *(Бәрі шыға береді.)*

Ж а с а қ б а й *(алдарын бөген)*. Токта, қайда барасыздар? Мен сендерге алаш офицері атынан арис жариялаймын.

Б о р а н. Бізге ме?

Ж а с а қ б а й. Мен алаш офицері бола тұрып, оның қас дұшпаны Боранды бос жібермеймін.

Б о р а н. Жолдастар! Мына шықылықтаған сауысқанның қару-жарағын алып, өзін байлап кетіңдер!

Ж а с а қ б а й. Кімді?

Б о р а н. Сені. *(Бәрі бассалады, мылтығын тартып алып, қол-аяғын байлайды.)*

С а б ы р. Орынсыз желіккен өз басына мерт болатын, саған осы керек!

Б о р и с. Қиімін де сыпырып алындар, біз үшін үлкен керегі бар. *(Қиімін де шешіп алады.)* Әзірге осы сыйынмен қала тұрарсың, алаш офицері. Екінші рет кездессең, бұдан да жақсы құрмет көресің.

Ж а с а қ б а й. Сабыр, Сабыр, ұмытпа осыныңды!

Б о р и с *(барлығына)*. Жолдастар! Бірінші план полковникке.

ЕКІНШІ КАРТИНА

Губерниялық қаладағы алаш орда комитетінің кеңсесі. Екі жақ бүйірде екі есік, төрде ұзыннан созылған коридор. Стол, орындық, диван, босағада хатшының столы.

Е р ғ о ж а *(өзеуреніп)*. Бәтіш, төрелігін өзің айтшы, Мен, мен кімнен кеммін? Мен сияқты қазағыңда кім бар?

Б ә д и ғ ұ л. Рас айтасың, сен сияқты қазақта кім болсын. Сенің үлкен атағың зор. Қолчактың офицерісің. Қамшы үйіресің, дікілдейсің. Қыз көрсең жынданасың, үзілесің, өлесің.

Е р ғ о ж а. Бәтіш! Менің мақсатым — строиной соғыс қызметкері болу. Қыздардың алдында римляндардай болып денемді сұлу ұстау. Солай емес пе?

Б ә д и ғ ұ л. Римляндардай. Оның ауылы алыс болар. Дененің сұлулығын қайтесің, ойдың сұлулығын айтсаңшы.

Е р ғ о ж а *(честь беріп)*. Так точно! Менің денем қандай сұлу болса, ойым да сондай сұлу. Оны көп әйелдер түсінбейді... Түсінбейді. Біз штабс капитан Воронцо-

выңыздың алдында стройный адам болып саналамыз. Мені болашақ «Шыңғыс хан» дейді.

Бәдиғұл. Ех, есек дәме!

Ерғожа. Қалайша есек дәме! Қарамағында жүз солдаты бар, әр көкірек адамды сіз қорламаныз, осы қазақта менен басқа офицер кім? Соны айтшы? (*Жақындан.*) Бәтіш! Сені көргенде бір түрлі бір сезімдер пайда болады?

Бәдиғұл. Оқымысты офицер... Сезімдерің қыз оятымпаз жаман бозбаланікі сияқты.

Ерғожа. Так точно, Бәтіш. Білесің бе, мені осы қаланың қыздарының бәрі жақсы көреді. Үйлеріне барсам, господин офицер, жоғары шық деп төрден орын береді. Көшеде торы жорғамен көсілткенімде, татардың неше түрлі қыз-келіншектері терезеден қарап қалады.

Бәдиғұл (*сөзіне құлақ салмай*). Кешікті, неге кешікті, ол маған жұмбақ.

Ерғожа. Так точно, сіздің бізге қарамауыңыз маған да жұмбақ. Жаным Бәтіш, бері қарашы! Мен сені сүйемін, офицерлік махаббатпен сүйемін, не дейсің?

Бәдиғұл. Қойыңызшы.

Екеуі керісін тұрғанда бүйірдегі есіктен Сабыр мен Жәмила шығады.

Ерғожа. Сабыр, сен қашан келдің?

Сабыр. Сендер шетке қақсандар да, жоғарыдағы үлкен төренің өзі жіберді.

Жәмила. Менің айтқаным келді ме, жоқ па? Сабыр Төлегенов бізден қол үзіп кетпейді. Менің папам оны жақсы көреді дегенімде, сен «Сабыр большевиктерге барып қосылыпты» деп таласқан едің.

Сабыр. Большевик, қайдағы большевик, қой, ондай сөзді атай көрмеңдер. Бәтіш, халіңіз жақсы болар?

Бәтіш. Өзіңіз де жақсы боларсыз?

Сабыр. Хал жаман емес, мырзалар! Омбыдағы алаш жастарының жайын айтайын.

Ерғожа. Онда Қаралдин деген офицер бар еді, оған жолыға алдың ба?

Сабыр. Жолыққанда қандай, олар екі жікке бөлінді, Үш жүз деген партия шығыпты. Жұмыстары қызу. Ақын атаулының бәрі сонда екен. Семей алаш ордасы атынан Анненковпен, біз Колчакпен бітірдік. Сендерде жұмыс жаман деп өзіме қатты ұрысты.

Ерғожа. Бізде жаңадан офицерлік шен алған жігіттер де бар деп неге айтпадың?

Сабыр. Оны айттым ғой. Тегі, сені бұдан жоғары орынға көтеретін.

Ерғожа. Так точно. Боран Жоламановты Воронцовтың қолына ұстап берсек, поручик атын аламыз.

Жәмила. Ол разбойникті менің папам ұстатып жапқызам деген. Кеше әкесін ұстап әкелді. Сендер көрген жоқсыңдар. Бет-аузы қып-қызыл ала қан. Скобин жығып салып тепкілегенде де баласының қайда екенін айтпады.

Ерғожа. Оған дүре соққызған біз боламыз.

Бәдіғұл. Жақсы істегенсің.

Ерғожа. Атып салуға да хақым бар.

Бәдіғұл. Тергемей, тексермей ата салу оп-оңай-ау, жақсы, жаман болсын адам емес пе?

Ерғожа. Әйелдер нәзік сезімді, жұмсақ, көңілшек келеді. Оларға ел билеу мәселесінен гөрі махаббат, көңілді мәжілістер, сауық кештер, батылдық әңгімелер қызық. Солай емес пе, Жәмеш?

Жәмила (*сиқырлы күлкімен*). Иә, махаббат, сіздер де, махаббатты жек көрерсіздер...

Ерғожа. Так точно, Жәмеш. Мен үшін сұлу әйел — идеал... Біздің қазақта әйелді жақсы көретін екі-ақ адам бар. Бірі — мен, екіншісі — мынау Сабыр. Сіз сияқты құмырсқа бел, қара көз қыздардың қасында тұрып:

Көзің тіптен қара,
Сен үшін көңілім пара.
Кетпейді ішімнен
Ғашық деген жара,— деп тұрсаң.

Сабыр. Сонда қыздар айтса...

Ерғожа. Иә, қыздар айтса, сені осы өлеңді айтқаның үшін сүйемін десе.

Жәмеш. Ерғожа, осы өлеңді өзің шығардың ба?

Ерғожа. Әрине, өзім шығардым. Өтірік десе, Бәтіш айтсын. Менің ақындық шабытым қыздармен сөйлескенде суша төгіледі. Солдаттарға команда бергенде өлеңмен берем. Штабс — капитанға рапорт жазғанымда өлеңмен жазам. Менің көңілім лирика да, жүрегім поэзия. Оны келте ақыл, кекірең қыздар түсінбейді.

Бәдіғұл. Ей, жынынан айрылған бақсы. Әйел көрсен, жынынды шақыратын әдетің-ау сенің.

Ерғожа. Так точно.

Бәдіғұл. Әй, точноның соңынан кеткір.

Ерғожа. Сабыр, төрелігін өзің айтшы. Омбыда

оқып жүргенімде бір өзімде неше қыз болғанын білесін ғой.

Сабыр. Иә, бұл солай Дон Жуан, ертемен біреуі, кешке қарай екеуі, ертеңіне үшеуі.

Ерғожа. Так точно. Ешбір өтірігі жоқ. Мен кеттім. *(Шыға бергенде алдынан Төспай, Жәкім қарсы кіреді.)*

Төспай *(Ерғожаға қолын беріп)*. Офицер мырза, аман боласыз?

Ерғожа. Анархист — философ Төспай мырза.

Төспай *(мысқылдап)*. Офицер болғалы сенің желің басылмай жүр дейді ғой.

Сабыр. О не дегенің? Не істесе де Ерғожаға сыяды.

Ерғожа. Иә, мұның айтатын жөні бар, Сабыр! Бұл соңғы кезде бірлік деген сөзді тауып алған. Сол бірлік дегенің не деп сұрау қойсам, соған жауап бере алмайды.

Бәдиғұл. Жауап табылады, бірақ та сен оған түсінбейсің.

Ерғожа. Мадам Бәтіш, мен бе оған түсінбейтін?

Бәдиғұл. Сен.

Сабыр *(Бәтішті түртіп қалып)*. Қой, үндеме, сен амалын тауып Борандарға хабар бер. Мен сөзге айналдыра берейін.

Ерғожа. Мені түсінбейді деді ғой. Тағы да айтамын, бірлік не?

Төспай. Бірлік — бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, халқыңа адал қызмет істеу.

Ерғожа. Сен осы ақылыңды өзіңе неге айтпайсың?

Төспай. Саған айтам.

Бәдиғұл. Бұған айтсаң, мен тындамаймын, кетем. *(Шығады.)*

Ерғожа. Осылардың өзі қызық-ай.

Жәкім. Иә, иә, сен екеумізден басқалардың бәрі де қызық. Әсіресе мынау тұрған Жәмила қызық.

Жәмила *(ұнатпай)*. Ойбай, сұмпайы, саған не жоқ?!

Жәкім. Айттым ғой, нанбасаң, қараңдаршы. *(Шатынады.)* Кәдімгі теректің қабығы. Біздің қаладағы сұлудың бұ да бір маркасы.

Жәмила. Сендей жынмен сөйлескенше.

Жәкім. Сөйлессе несі бар. Көзімнің соқыры, басымның тазы жоқ. Қол-аяғым сау.

Жәмила. Біздің төңірегімізді осындай психтар жайлаған. Подумаешь, бұл да өзінше мұрнын көкке көтереді. *(Шығады.)*

Жәкім. Сенің алдында жорғалап бұғып қана жүру керек болар.

Сабыр. Қойсаңшы, Жәкім.

Жәкім. Жоқ-ау, осы қыздың ызасы-ақ өтті. Маған көшір бол, көшеде кататься етейік, дейді. Қоспанның қызының көшірі болғанша, ауылға барып қой баққаным артық емес пе? *(Қағаздарын қонарыстырып, бірдеңені жазғандай болады.)*

Төспай. Міне, мен үшін осының бәрі де қызық. Адамдардың комедияларының бір түрі. Азамат пен азамат сөйлесе алмайды. Қыз бен жігіт бірінің тіліне бірі түсіне алмайды. Не үшін бұлай? Сабыр, сен осыған жауап берші.

Сабыр. Бізден гөрі Ерғожаның шені үлкен, сол айтсын.

Ерғожа. Так точно, мен айтсам, Төспайдың жүрген жүрісі, тұрған тұрысы, сөйлеген сөздері қызық. Бұл біресе аспанға қарайды, жұлдыздарды санайды, біресе жерге қарайды. Жердегі өмір бұған жат. Біресе маған қарайды, мен жердің астынан шыққан бір түрлі адам боп көрінем.

Төспай. Сенің біздің өмірге жат боп көрінетінің рас. Денең адам да, басың — айуан. Сені жер бетіне қоғамның бір мүшесі болсын деп келтірген жоқ. Жүрген жерін былғап кірлеу үшін, бүлдіру үшін келтірген. Сен жүрген жердің ауасын тазарту үшін нөсерлі қара жауын керек. Не үшін офицер болдың? Маған соны айтшы?

Ерғожа. Не үшін? Соғыс адамына ондай сұрауды қоймас болар.

Төспай. Шолақ байталдың құйрығындай шолтаңдаған осындай шолақ офицерлер ел басқарғасын не сұрайсың. Бұлардың көзі көзірде түк көрмейді. Араққа қонған сонаның көздері сияқты.

Жәкім *(Төспайдың қолын ұстап)*. Әрқашан да осындай сөздерің үшін құшақтап бетіңнен сүйгім келеді, міне, сөз деп осыны айт.

Ерғожа *(ызаланып)*. Мен сенің бұл сөздеріңді аяқсыз тастамаймын. Мен... мен штабс капитанға білдіремін. Мен Қолчак офицері болсам, ауа жайылғандарды жауапқа тартқызам. Мен... мен! *(Столды ұрады. Қоспан кіреді.)*

Қоспан. Неге түсінбейсің? Біз...

Ерғожа. Так точно, господин алаш бастығы. *(Төспайды көрсетіп.)* Мынау біздің өкіметімізге тіл тигізді.

Қоспан. Не деп?

Ерғожа. Өзінен сұраңыз?

Қоспан (*кекетін*). Білімпаз неме ғой, бізді сынағысы келетін шығар. Сен балаға бұрын да айтып едім, әлі де айтам, алашқа қызмет істе.

Төспай. Қанмен қақалып жатқан жерде қызмет істеу қиын. Ойлашы? Осы біздер кіміз? Оңымыз қайсы, солымыз қайсы, білеміз бе? Алдымызда не болады, соған көз жіберші.

Қоспан. Не деп шатпалақтап тұрсың? Біз кім үшін, не үшін комитет құрдық?

Төспай. Оны менен несін сұрайсың? Өзіңіз айтыңыз.

Қоспан. Өзім айтсам, ауа жайылма. Боран Жоламановтың аяқтан алғаны да жетер. Самарда болған жиылыста Қолчакпен бірге алаш автономиясын жасаймыз дедік. Бұл тілегімізге қарсы тұрушы болса, оған ешбір кешірім жоқ.

Төспай. Түсінбеймін.

Қоспан. Неге түсінбейсің, біз де өзімізше өкімет біз. Түсіндіреміз. Мына Сабыр Төлегенов те бізбен түсінісе алмай тартып отырған. Аяғында өзі келді. Айтқанға көн, көнбедің бар ғой, Алаштың айбыны, Қолчактың қамшысы бәрібір көндіреді. Көнесің.

Төспай. Жоқ, мен турасын айтам. Өзің ойлашы, тырнадан жасауыл қойсаң, басыннан қиқу кетпестің кері емес пе. Аттан деген айғайға еріп, еліруге бола ма? Қамшымен халықты қорқыта алмаймыз, айғаймен автономия да ала алмаймыз. Адамша басқарып, адам болатын жағын қарастырайық деймін. Оған түсінбейсің. Онда біз кіріспей-ақ қояйық. Өзің басқара бер. Бізді шақырма да, шаруаң да болмасын. (*Шығады.*)

Қоспан. Не дейді, не дейді?

Ерғожа. Жынды былшылдайды. Жай емес, бірденің салқыны тиген сияқты.

Қоспан. Бұл сөздерін қояр, қоймаса сазайын береміз.

Үстінде полковниктің киімі, қасында Боран, Борис кіріп келеді. Бәрі орындарынан ұшып түрегеледі.

Борис (*дауысын бұзып, ызғарлы түрде*). Сібірдегі карательный отрядтың бастығы полковник Тарабухин.

Қоспан (*абыржып*). Жақсы, господа, жоғары шығыңыз. Алаш комитетінің бастығы Қоспан Тұрлыханов.

Боран. Колчактың прапорщигі Қасымқан Абылайханов.

Ерғожа. Колчак офицері Ерғожа Кебекбаев.

Борис. Өте жақсы, Колчак офицері.

Ерғожа. Так точно, Ваше высокоблагородие.

Сабыр. Сізді Омбыда көрген едім. Мен гимназияның соңғы курсының студенті Сабыр Төлегенов.

Қоспан (*жалпақтап*). Сіздердің келе жатқандарыңызды естіп едім. Біздегі жұмысты штабтан білген боларсыздар?

Борис (*отырмай ерсілі-қарсылы жүріп*). Жұмыстарың жаман, господин алаш бастығы. Сендермен ашып сөйлесе келдік. Жина, алашаңның ардақты мүшелерін.

Қоспан. Жәкім, жылдам. Осындағы алаш мүшелеріне хабар бер.

Жәкім. Тағы да айтыс ашып, бүлдіріп алармыз...

Қоспан (*сабырлы дауыспен*). Былшылдамай жылдам хабар бер. Карательный отрядтың бастығы келді де!

Жәкім. Жақсы. (*Шығады.*)

Борис. Нашар, жұмыстарың тіпті нашар, господин алаш бастығы. Өз беттерінмен көмек бере алмайтындарың бар, алаш комитетін бекер құрғансыздар.

Қоспан. Шамадан келгенше, господин полковник.

Борис. Сендердің берекесіздіктеріңнен Орал фронтында біз жеңіліп шықтық. Белов ысырылып келеді.

Қоспан. Господин полковник, қазақ бұрын соғысты көрмеген жуас, көшпелі халық.

Борис (*кекеп*). Көшпелі халық екенін біз жақсы білеміз, сендерді мұнда қой баққызуға отырғызбаған болар. Ел бағуға отырғызды. Бақташы бола алмайтынын бар, сені бұл орынға кім отырғызды? (*Назар болыс және бірнеше алаш оқығандары кіреді. Бәрі де қорқулы.*)

Қоспан. Господин полковник, алаш пен Колчак бір өкімет.

Борис. Бір өкімет. (*Келгендерге.*) Бұлар кім?

Қоспан. Бұлар — алаш комитетінің мүшелері.

Борис. Өте жақсы. Господа алаш комитетінің мүшелері, Колчак өкіметінің құлашты қайда сермеп жатқанын білетін шығарсыздар?

Мүшелер. Білеміз тақсыр, білеміз...

Борис. Білсеңдер, Колчак Лойд Джорж Милсон сияқты генералдармен келісім жасады. Қиыр шығыста

Японияның генералы Танека атаман Семеновқа самурайларымен жәрдем береді. Потаниннің школасынан шыққан сендердің лидерлерін Самарада болған съезде Қолчакка жәрдем беру туралы қаулы алған.

Қоспан. Дұрыс. Ол съезге өзім де қатынасам.

Борис. Қызыл Армия Оралдан Сібірге өтті. Олар өкпе тұстан тигелі тұр. Бәрің де елге шығасың, қалада болудың қажеті жоқ. Срок 15 күн. Большевик Боран Жоламанов, Омбы түрмесінен қашқан Борис Федорович Мистислав қырда партизан отрядын ұйымдастырған. Соған қарсы отряд шығарамын.

Қоспан. Боран Жоламановтың елі қарсылық білдіріп еді. Тыйым салуға офицер, солдаттар шығардық. Боран Жоламанов қашып қолға түспеген, әкесін арисқа алдық.

Борис. Боран Жоламановты ұстауға Қасымқан Абылайханов барады. Абылайханов, Боран Жоламановты білесің ғой?

Қасымқан (*честь берін*). Білемін, господин полковник.

Қоспан. Таксыр, бас көтерушілер көп. Қамаған адамдарымыз түрмеге сыймайды.

Борис. Ондай былшыл сөзді айтпа. Уақыт тығыз. (*Назарға.*) Патшадап шен алған мырза! Патша саған шен бергенде, босқа бермеген болар. Патшаның атағын қорғау үшін берген... Сен бізге қанша ат жинап бересің?..

Назар. Таксыр, өз жылқымнан 500 ат берейін.

Борис. Поручик Абылайханов, жылдам мына мырзаның қасына ер. 500 кісіні қаруландырып Боран Жоламановты ізде. (*Сыбырлап.*) Жолшыбай Есім мен Әміржанды ала кет. Ат пен жігітті алған соң, өзің бірге шықта атып таста.

Боран. Болады, господин полковник. Жүріңіз... (*Назармен екеуі шығады.*)

Борис. Ендігі жұмыс сізде. Түрмеге адам сыймайды дедіңіз. Түрмедегі адамдарды ат баққызып, окоп қаздыруға жібереміз. Қазармаларын былық. Офицер, солдаттарың орашалақ. Фронттағы солдатқа нан жетпей жатқанда, түрмеде тұтқындарды тегіннен-тегін асырайсың.

Қоспан. Түрмеге кісі қамау біздің билігімізде емес, штаб бастығының билігінде таксыр.

Борис (*ойланып, үндемей жүреді. Кенеттен*). Штаб бастығы, онымен сөйлестім. Қазақ пен орыс шаруалары-

нан ариске алынған адамдарды ат баққызуға жіберетін болды. Ей гимназист, сіз енді кавалерлікті қоярсыз. (*Қағаз жазып.*) Мына қағазды Воронцовқа апар. Сіз бүгіннен бастап поручик қызметіндесіз. Түрмедегі аристанттардың қайсысын қандай жұмысқа жіберуді сіздің жауапкершілігіңізге тапсырамыз. Осыдан түрешшіктерден айрылып қалсаң, соғыс трибуналының алдында жауап бересің.

С а б ы р. Түрменің начальнигімен өзіңіз сөйлесіңіз.

Б о р и с. Начальник. Мына қағазды начальникке бер. Тұтқындағылардың ауыр қылмыстыларын Қолчактың лагеріне жөнелтсін. Осы жұмыстың басы-қасында сен өзің бол.

С а б ы р. Жақсы, полковник. (*Кетеді.*)

Б о р и с. Мұндағы қазақ жігіттерін Беловқа көмекке жібереміз. Солдатты соғысқа жақып жерде ғана ұстау керек. Ұқтыңдар ғой. Мен дем алғанша, осы айтқандарды орындандар.

Қ о с п а н. Біздікіне барып дем алсаңыз!

Б о р и с. Алсақ, алайық.

Қ о с п а н. Жәкім, полковникті үйге алып баршы. (*Жәкім мен екеуі шығады.*) Ал мырзалар... бұл пікірдің өзі біз үшін пайдалы ма деймін.

1-м ү ше. Пайдалы болғанда қандай, бізге армия керек.

2-м ү ше. Осының арқасында алаш автономиясын құрып алармыз.

Қ о с п а н. Автономия береміз деп өзі де айтып отыр ғой. Былай істейік: сендер қай болыстан қанша жігіт, қанша ат аламыз, соның есебін тауып, алыңдар. Мен құпия тағы бір сөйлесіп көрейін. Содан кейін елге кісі шығарамыз.

Б а р л ы ғы. Дұрыс. (*Бәрі шығады, Жәкім кіреді.*)

Ж ә к і м. Молодец! Полковник болса осындай болсын. Қосекеннің өзі бізге ғана кісімсиді екен ғой, құрдай жорғалаған жоқ па? Шіркіннің дауысы. Ақымақсың дегенде, жүрегім тастөбемнен шықты. Бәрімізді алдына салып айдап кетер ме екен деп едім, әйтеуір, аман қалдық. (*Жәмила кіреді.*)

Ж ә м и л а. Жәкім Құрсақович, маған өлең шығарған ақынның аты кім еді?

Ж ә к і м. Саған өлеңін қор қып жүрген ақынның өзі қай жөнді дейсің?

Ж ә м и л а. Жәкім Құрсақович, айта салсаңыз қайтеді? Шіркін сол ақынды бір көрсем!

Жәкім. Сендей жыңды қызды ақын не қылсын?

Жәмила (*Жазып отырған қағаздарын жұлып алып*). Кімді жыңды дейсің? (*Қағазбен сабалап.*) Мә, саған жыңды керек болса, жыңды кісі осылай істейді. Айтасың ба, жоқ па? Айтасың ба, жоқ па?

Жәкім. Жыңды емессің, ақылдысың. Е, құдай, Тарабухиннің әмірінен мынаныкі қиын болды-ау!

Жәмила. Тарабухин, о кім?

Жәкім. Құдайдан да мықты бір полковник келді. Сен мені сыйламасаң да, Жәкім Құрсақович деп қолымды қысты. Өзіне помощник адъютант етіп алам деді.

Жәмила. Адъютант? Ол не деген сөз?

Жәкім. Ол бір полк солдаттың бастығы боласың деген сөз. Ертеңгі күні айыл-тұрманын күмістеген қара арғымақпен шыға келсем, өзің де кет әрі демессің.

Жәмила. Адъютант Құрсақович, сонда сенің киімің қандай болады?

Жәкім. Басымда козирогі жалтырауық картоз, аяғымда английский етік, иығымда оқалы медаль, сапсары ала боп шыға келсем. Уа, сонда да маған қарамаймысың?

Жәмила. Сабыр не болатын болды?

Жәкім. Түрменің күзетшісі.

Жәмила (*шошынып*). Түрменің күзетшісі?

Жәкім. Иә, рас. Тарабухин менің келбетіме қызықты. Мұртың, мұрның, көзің, екі бетің адъютантқа лайық екен деп өзі ұсынды.

Жәмила. Онда сен қара арғымақпен көшеде қататы етесің ғой, ә? Сонда қасыңа мені мінгізесің ғой, ә?

Жәкім. Әрине сен екеуіміз солқылдақ арбада отырып, көшірге бұдан да қаттырақ айда, деп бұйрық береміз.

Жәмила (*еркелеп*). Онда сен мені былай құшақтайсың ғой, ә?

Жәкім (*құшағына алып*). Құшақтағанда қандай, қысып-қысып құшақтаймын. (*Екеуі құшақтасып сүйіседі. Қоспан кіріп келеді, сілейіп тұра қалады.*)

Жәкім (*абыржып*). Господин Қосеке...

Қоспан. Көрінбе көзіме. Екі сайтан, жоғал! (*Жәмила шығады, Жәкімге қадалып.*) Бозөкпе, бозбалашылық істесең, басқа жер табылмады ма?

Жәкім. Мен емес, Қосеке, мен емес...

Қоспан. Жылдам Ергожаға хабар бер. Полков-

пикке қонақасы береміз. Жақын ауылдан екі саба қымыз, екі тоқты алғыз.

Жәкім. Жақсы, айтайын, жақсы айтайын! (*Қоспан кетеді.*) Құдайдың сақтағаны-ай, бұдан үлкені болса ғой. (*Үстінде жалба-жұлба қазақ киімі, асығыс Жасақбай кіреді.*) Қоспан қайда?

Жәкім (*кеудесін басып*). Уһ, Жасақбай сен қызықты көрген жоқсың. Ұят іс болды.

Жасақбай. Мен ажал аузынан келдім. Қоспан қайда, деймін?

Жәкім. Келсең қайтейін, мен де қыл көпірдің үстінен өтіп, тамұқтың есігіне барып қайттым.

Жасақбай. Боран Жоламановтан айрылып қалдым.

Жәкім. Ойбай, ендеше полковник Тарабухинге арыз қыл. Қазір қасыңа солдат қосып береді. 24 сағаттың ішінде Боран Жоламановты тауып әкеліндер, деп бұйрық береді.

Жасақбай. Оған қалай жолығамын?

Жәкім. Мен шақырайын.

Жасақбай. Ендеше, сен барып айт. (*Жәкім шығады, Борис екеуі қайрадан кіреді.*)

Жәкім. Тақсыр, бұл кісі алаш офицері, Боран Жоламановтан айрылып қалыпты.

Борис. Қалайша айрылдыңыз, айтыңыз?

Жасақбай. Тақсыр, мен алаш офицері. Боран Жоламанов қасында бір большевик орысы бар үйінде тығылып жатыр деген хабар алдық. Солдаттарды болыстың ауылына тастап, жасырын өзім бардым. Үстерінен шығып ариске алайын деп едім, атысып қолға түспеді, қару-жарағымды тартып алып, өзімді байлап кетті.

Борис. Жалғыз неге барасың?

Жасақбай. Жалғыз емес едім, бір ағаттық болды.

Борис. Киімдерің қайда?

Жасақбай. Киімдерімді де тартып алды.

Борис (*ызалы*). Қандай маскара, қара басын алып жүре алмайтын ақымақ. Бұл бүкіл Қолчак үкіметінің алдында ұят іс. Боран Жоламановтан айрылып қалғандығың үшін саған 10 сөтке арист. (*Ерғожа кіреді.*) Бұдан былай сақ болу үшін мына есекті апарып түрмеге отырғыз.

Ерғожа. Так точно, Ваше высокоблагородие! (*Мылтығын кезеніп.*) Ну, жүріңіз!

Шымалдық.

ЕКІНШІ АКТ

ҮШІНШІ КАРТИНА

Түн. Көлденең созылған темір жолдың рельстері. Жол бойында орнатылған фонарь. Сол жақта депо. Оң жақта темір жол станциясының бір бұрышы. Депо мен вокзалдың аралығында кішкене үй. Үйдің станция жағында қоршау, есігі депо жағында. Үйдің ішінде Боран, Есім, Жұмаш, Бәдиғұл, Әміржан, паровоз жүргізуші машинист.

Боран. Ал, өзгені қоя тұрып, шалдың хабарын айтыңыздаршы.

Бәдиғұл. Шалдың халі нашар. Әміржан, Есім үшеуіміз сүйемелдеп Жұмаштікіне жеткіздік. Ауылға жібермесек, мұнда қиын.

Жұмаш. Айдаушылар Колчактың лагеріне бірге айдаймыз деп әлек салды.

Есім. Сабыр болмағанда кетіп еді.

Бәдиғұл. Борис Федорович Сабырға қайткен күнде амалын тауып шалды қалдырмаудың қамын қарастыр деп қатты тапсырды.

Боран. Онда былай істейік. Бүгін түнде шалды ауылға жөнелтейік. Әміржан, сағат 3 кезінде шалды осында жеткіз. Байқа, көзге түсіп қалып жүрме! Есім, сен қазір жүретін пассажир поезға ілік. 17-разъездің тұсынан түсесің де, аралдағы жігіттерге хабар бересің. Таң ата 17-разъезге екі вагон қару-құрал жеткізіледі. Поезд тоқтай салысымен бөліп алуға дайын тұрыңдар.

Жұмаш. Кондуктор — сенімді адам болмай тұр.

Машинист. Жоқ, мен онымен жолға шықпаймын.

Боран. Неге шықпайсың?

Машинист. Ол өз дегені болмаса, көнбейтін қыңыр, қисық адам. Ондай қисық адамдарды рельске басын жастап қойып, үстінен поезд жүргізсең, ешбір күнәсі жоқ.

Есім. Ей, мен машинист болсам, ешбір кондукторды керек қылмас едім.

Жұмаш. Оны шыға беріп, поездан лақтырып жіберуге болмай ма?

Есім. Міне, міне, дұрысы сол, жолдас машинист, поезды жүргізуін сен жүргіз. Кондукторды желкесінен ұстап лақтырып жіберуді мен орындайын.

Боран. Жоқ, ол дұрыс емес. Басқа бір амалын қарастырайық. Борис Федорович не деді, соны айтшы!

Бәдиғұл. Борис айтты: Ат пен жігіттерді қалаға әкелмегенің тәуір болған. Әзірге мені сезетін емес.

Бүгін түнде соларға қару-құралды жеткізсін. Оны депо жұмысшылары арқылы істесін. Сағат түнгі 3 кезінде өзім барамын. Оған шейін дайындалып болсын. Бүгінгі товарный поездбен 300-дей белогвардеецтер жүреді, деді.

М а ш и н и с т. Онда дайын. Басты құрбан қылып кіріспесе болмайды.

Ж ұ м а ш. Былай істейік.

Б о р а н. Тоқта, тағы да не айтты?

Б ә д и ғ ұ л. Поезд жүретін кезде депо жұмысшылары қаруланып дайын тұрсын. Біле қалса, соғыс ашамыз деді.

М а ш и н и с т (қызып). Жолдас Боран, бізге сол керек.

Б о р а н. Тс-с-с!.. Ақырын, айғайлама! Ал, жолдас-тар, бастаған істі аяқтап шығудың кілті өзімізде. Әсіресе, Жұмаш, Ефим, сен екеуіңде. Есім, сен жөнел, Әміржан, сен әлгі айтқанды орында.

Е с і м. Ех, тынығып алсақ.

М а ш и н и с т. Ол емес, қағып жіберетін болса.

Б о р а н. Қой, қойындар, бүгін не ұтамыз, не ұтыламыз. Екеуінің бірі.

Е с і м. Ұтылмаспыз. Уәде — таң атып келе жатқан кезде, 17-разъезд. (Әміржан екеуі шығады.)

Б о р а н. Жұмаш, сен де тұрма, жұмысшыларға хабар бер. Бір жерде болсын. Ефим, кондуктор шалды осында ертіп әкел. Көнсе көнді, көнбесе...

М а ш и н и с т. Жақсы, жолдас комиссар! (Екеуі шығады.)

Б о р а н. Қалай, Бәтіш? Әзірге сезетін емес қой?

Б ә д и ғ ұ л. Түсте мен пәтеріне бардым. Маған Ленин — Сталин жолдастардың портреттерін көрсетті, шығармаларын оқыды. Сөйтті, ақырын ыңырсып ән салды. Көңілі шат, ешбір-сескеніп, хауіптенбейді.

Б о р а н. Көп біледі, логикалары терең, пікірі өткір.

Б ә д и ғ ұ л. Екеуіміз отырып шай іштік. Маған полковник Тарабухинді қалай жойғандарын да айтты.

Б о р а н. Иә, Бәтіш, бүгінгі план іске асса, ертеңгі план шабуыл болар еді.

Б ә д и ғ ұ л. Борис те соны айтады.

Б о р а н. Бері келші, алдымызда екеуіміздің қандай өмір, қандай заман бар, білесің бе?

Б ә д и ғ ұ л. Білмесем, жеті қараңғы түнде сені іздеп келемін бе?

Боран. Бәтіш, ертең біз бұл қаладан кетеміз. Жауын-шашын, қарлы борандардың астында жаумен жағаласып, қылыштасып жүретін күндер болады, сонда жазатайым қаза тапсам, екеуіміздің өміріміз жарқ етіп сөнген жұлдыз сияқты болады-ау.

Бәдиғұл. Ондай ойларды ойлап не қыласың? Адам арман қып кіріскен ісінен хауіптенене ме екен?

Боран. Өз басымнан хауіптенбеймін. Бұл жолға бақ іздеп, атағымды шығару үшін кіріспегенімді өзің де жақсы білесің. Сені сүйген жүрек ауыр азап, бастан өткізетін қиыншылық халдерді де сүйеді. Уәде орнында болып алысқан қол, айтылған сертті ұмытпайық.

Бәдиғұл. Боран, махаббат мәселесін кейінге қоя тұрсақ деймін.

Боран. Мұның дұрыс. *(Мойнына қолын салып.)* Заман Борис айтқандай болса, екеуіміз бұл жерде сырласпас едік.

Бәдиғұл. Әшейінде сырды кім айтпайды. Осындай қиын-қыстау тар жерде айтқан сырды айтсайшы.

Боран. Ертең мені әлдеқандай халде жүр, деп ойлайсың ғой.

Бәдиғұл. Жамандық жағын ойламаспын. Ертең.. Бірсүкүні, оның арғы күндері... Таң алдында туатын жарық жұлдыздай боп көрінерсің. Астында ақбоз атын, үстінде сауыт-сайманың, соңында партизан ерлерін. Қашқан жауға түре тиіп бара жатқаныңды көрермін. Сәулем, мені ойлап, жүдеп жүрме...

Боран. Сен де жүдеме.

Бәдиғұл. Енді мен кетейін.

Боран. Борис пен Сабырға айт. Сырттан бақыласын. Біліп қалған күнде дереу басқа бір айла жасама-сақ болмайды.

Бәдиғұл. Мүмкін мен тағы да оралармын.

Боран. Тоқташы. Өзім шығарып салайын. *(Екеуі шығады. Сахна бос. Машинист пен кондуктор кіреді.)*

Машинист. Өй, бұлар қайда кеткен? Әлде үстерінен шығып, ұстап әкетті ме? Кузьма Горбатович, сіз отыра тұрыңыз, мен сыртты байқап келейін.

Кондуктор. Мұндай хауіпті жерде отыруға болмайды.

Машинист. Ей, саған кім тиюші еді. Отырыңыз, комиссар өзі сөйлесем деген.

Кондуктор. Ну, Ефим! Мұндай қыл көпірдің үстінен өту бізге қиындау. Тәлтіректеп жүрген адам, тайып құлап кетеді.

М а ш и н и с т. Құдайдың қарғап жіберген шалы-сың-ау, өзің. Өте алмайтының бар, сенің бізге бір тиынға керегің бар ма?

К о н д у к т о р. Дұрыс айтасың, менің соқыр тиынға керегім жоқ. Сондықтан мені әуре қылмаңыз. (*Кете бастайды.*)

М а ш и н и с т. Әй, әй тоқтай тұр. (*Тоқтатады.*) Отыр. Мәселе былайша, мен паровозды жүргіземін. Сен. (*Өзіне-өзі сенбей.*) Осыған сене қою қиын. Комиссардың өзі сөйлессе жақсы болар еді.

К о н д у к т о р. Сонсоң...

М а ш и н и с т. Сақалыңды күзеп қоя берсе, ешбір күнәсі болмас еді.

К о н д у к т о р (*ашуланып.*) Мазақ қылуға шақырдың ба, айтатын болсаң дұрыстап неге айтпайсың? Бұл ақымақтығыңды обер кондукторға білдірсем, отырғызып та қояр еді.

М а ш и н и с т. Біз оның сазайын береміз. Айтқанға көнбесең, сенің де сыбағаң дайын.

К о н д у к т о р. Қандай сыбаға? 1904 жылы жапон соғысында болғанда да мені ешкім желкелеп көрген жоқ. Біздей кәрі қасқырлар қандай қақпан құрса да түспейді. Не үшін түседі. Кеше маған обер кондуктор большевикпісің, жоқ меньшевикпісің деп сұрау қойды.

М а ш и н и с т. Сен не дедің?

К о н д у к т о р. Мен екеуі де емеспін, дедім. Біз ұлы орыс халқының ұрпағымыз. Бізге қарнымыз тоятын нан, жақсы пәтер, темекі берсе болғаны. Ефим, сен осы кімсің?

М а ш и н и с т. Мен бе, мен социал-демократ, рабочий-солдатский депутат.

К о н д у к т о р. О не деген сөз?

М а ш и н и с т (*түсіндіре алмай*). Ол буржуйларды жою, пролетарская революция жасау. Ә, қалай еді?

К о н д у к т о р. Қызық екен. Сіздердей жас күнімізде бүкіл империяның тарихын жатқа білуші едік.

М а ш и н и с т. Ұялмай-қызармай, шіп-шикі өтірікті ағызып жібересің-ау. Е-е, бүкіл империяның тарихын білген кісі революцияны да білуге тиісті. (*Боран кіреді.*) Жолдас комиссар, бас кондуктор Кузьма Горбатович осы кісі. (*Сыбырлап.*) Қисық адам, байқап сөйлеңіз.

Б о р а н. Ата, халіңіз жақсы болар?

К о н д у к т о р. Құдайға шүкір.

Б о р а н. Ата, сіз көптен бері істейсіз ғой, ә?

Кондуктор. 40 жылдан бері.

Боран. Көп екен. Иә, ата, сізге жұмысшылардың революциялық комитетінің атынан бір жұмыс тапсырайық деген едік.

Кондуктор. Айтып көріңіз.

Боран. Ол жұмыс сіздей ысылған қарт жұмысшылардың қолынан келеді. Орындағанда өзіңіз үшін, жұмысшы туысқандарыңыз үшін орындайсыз.

Кондуктор. Айтыңыз.

Машинист. Оның не айтатыны бар. Мен паровозды жүргіземін, сен қару-жарақ тиеген вагонды 17-разъезде ағытып...

Боран. 17-разъезде ағытасыз...

Кондуктор. Айта көрмеңіз. Құдай сақтасын, біліп қалса, атады.

Боран. Ата, білдірмей істейміз. Сіз көпті көрген көнесіз. Орал, Кавказ, Орта Азияда сіз сияқты қарт жұмысшылар әскер бастығы—командир болып жүр. Петербург жұмысшылары Керенскийді қуып шықты. Біз де Қолчактың төбесінен найзағай ойнатамыз. Сонда сіз біздің партизан отрядымыздың батыр солдаты боласыз. Кәне, не дейсіз?

Машинист. Орындаймын десейші.

Кондуктор. Ей, балалар, шалды әуре қылып не қыласыңдар!

Боран. Жоқ, ата, сіз бізге ақыл беріп, отыратын сүйенішімізсіз. Сіз біздің жақсы көретін әкемізсіз.

Ефим. Қап, мына шалдың бұлдануын-ай!

Кондуктор (*ойланып*). Жақсы. Біздей шалдардың қолынан әлем таңырқағандай жұмыс келсе, оның атын тарихта алтын жазумен жазып, басына там орнатуға тиісті. Мен 60 жасадым, 60 жыл ішінде 600-дей жан шошыр ауыр оқиғаны көзіммен көрдім. Қартайғанда солдат болу мен үшін қызықты. Балам, бірақта ұтылмайтын болайық. Қолчактың қолына түсу құтырған қасқырдың аузына түскенмен бірдей.

Машинист. Ой, молодец, әпкел қолды!

Боран. Ата, ризамын, ал тұрмайық. Ефим, тез маневрге шық. Ата, біздің вагонды ең соңына тірке. (*Жұмаш, он шақты жұмысшылар келеді.*)

Жұмаш. Жолдас комиссар, іс қиынға айналды.

Боран. Не болды, білгізіп алдыңдар ма?

Жұмаш. Вокзалдың іші толған офицер, солдат. Бізді вокзалдан әрі өткізбеді.

І жұмысшы. Штаб бастығы Воронцов вокзалдың начальнигіне бұйрық берген.

Боран. Жұмысшылар қаруланды ма?

Жұмаш. Қаруланды.

Боран. Қаруланса, соғыс саламыз.

Кондуктор. Жолдас комиссар, әзірге соғыстың қажеті жоқ. Ефим деподан паровозды шығарғанда, көмірдің ішіне жасырып ондаған жұмысшыны алып шықсын. Маневрді вокзалдан алыс 10-будканың тұсында жасасын.

Бұл кезде Жасақбай кіреді. Ақырын жылысып үйдің терезесінен қарайды.

Боран. Табылған ақыл, ал енді тұрмандар. Жұмыстың барысын мен паровоздың гудогі арқылы білдірейін. Ефим, сен мынаны ескер. Мылтық тиеген вагонды бөгетсіз тіркей алғандай болсаңдар, паровозға үш рет гудок бер. Хауіпті бір нәрселер туса, бір рет. Біліп қалса, әлсін-әлсін ұзақ. Сол кезде біз де қарап тұрмаймыз, тиісеміз. Мен депода боламын.

Бәрі шығады, сахна бос. Жасақбай жасырынады. Бұлардың алдынан Скобин, Ерғожа екеуі сөйлесіп келе жатады.

Боран *(танып)*. Токтаңдар!

Ерғожа. Мүмкін осында болуы.

Скобин. Біз осында жүк артатын грузчиктерміз.

Машинист *(даңғазаланып)*. Жай жүрмеген боларсыңдар. Бізбен бірге қыз қарастырамыз десеніздер, жүріңдер, бізде қыздардың сұлулары бар. *(Бәрі күліп, айқайлап у-шу болады.)*

Ерғожа *(ызаланып)*. Ақымақ кімді келемеждеп тұрсыңдар. Жерден жеті қоян тапқандай қуаныштарын қойындарыңа сыймайды.

Жұмаш. Господин офицер, сізге емес. Еріккен жұмысшылар өзді-өзі ойнайды-дағы.

Ерғожа. Неге ерігесіңдер?

Машинист. Ерікпегенде жылаймыз ба? Иә, жолдастар! Бұлармен біз ит пен мысықтаймыз ғой. Керісіп қалып жүрерміз.

Ерғожа. Осы сұңқылдап тұрған қайсың?

Кондуктор *(араларына түсіп, алдап)*. Мырзалар, оқыған үлкен адамсыңдар, оқымаған қараңғы адамдармен осылай сөйлесе ме екен. Ай-ай, ай, балалық істейсіңдер. *(Жұмысшыларға.)* Қойыңдар, қойыңдар,

жүктеріңді артыңдар. *(Боранды қоршап айқайлап, у-шу болады. Ерғожалар сезбейді.)*

С к о б и н. Соларды қойшы, вокзалдан қағып алайықта, табылса табылды, табылмаса кейін қайтамыз. *(Екеуі кетеді, жан-жағына қарап, білдірмей Жасақбай кіреді.)*

Ж а с а қ б а й. Білдім, білдім, Боран Жоламанов іштерінде. Тоқта. *(Айналып қарап.)* Депо, мына жағы станция, темір жол, екі ортада стрелочниктің будкасы. Бәлем, қолға бір түскен шығарсың. Жылдам штабқа хабар берейін. *(Шыға береді, алдынан Сабыр қарсы шығады.)*

С а б ы р *(кідіріп)*. Бұ кім?

Ж а с а қ б а й *(жылысып үндемейді)*.

С а б ы р. Тоқта, кімсің, айт жөніңді!

Ж а с а қ б а й. Мен... мен.

С а б ы р. Жасақбаймысың?

Ж а с а қ б а й. Болсақ болармыз.

С а б ы р. Кімді іздеп жүрсің?

Ж а с а қ б а й. Кімді іздеп жүрейін? Адасқан адам басы ауған жаққа барады емес пе?

С а б ы р *(алдап)*. Адасқан сен емес, мен. Сенің ұстаған бағытың дұрыс екен. Түрмеден шыққаннан бері саған жолыға алмай жүр едім. Жақсы кездестің, бері кел.

Ж а с а қ б а й. Қанжығада көрісерлік іс істедің. Бұл жерде жүргенім сенің ызаң, сенің күйігің.

С а б ы р. Қой, ескі жараның аузын тырнап не қыласың. Алды-артымызды абайлай алмадық. Оған кінәлі мен емес, Қоспан. Ал Боран Жоламановты депо жұмысшыларының арасында деген хабар алдық. Соны қолға түсірсек, ашу-араздық ұмытылады.

Ж а с а қ б а й. Хабарды айтасың, мен жаңа өз көзіммен көрдім.

С а б ы р. Қай жерде?

Ж а с а қ б а й. Қасында он шамалы жұмысшы. Мына кішкене үйден шығып, депоға қарай кетті.

С а б ы р. Не сөйлескендерін естідің бе?

Ж а с а қ б а й. Бүгін партизандарға товарный поездбен қару-құралды жеткізуді кеңесті.

С а б ы р *(сиқырлы түрде)*. Солай де. Тегі жұмысшыларды қаруландырып алған болар?

Ж а с а қ б а й. Ол жерін біле алмадым.

С а б ы р. Қазір штабта ешкім жоқ, Жоламановты ұстауды маған тапсырып еді. Ол екеуімізге тегіндікпен ұстатпайды. Сен Қоспан мен Тарабухинге хабар бер,

Сабыр депоның маңында Боранды карауылдап жүр де. Ж а с а қ б а й. Сен өзің бар. Мен осы арада анди тұрайын.

С а б ы р. Айрылып қалсаң өкініші кетпейді. Боран үшін көрген кейістігің аз ба? Тіпті мен алдасам да қолға түсіремін ғой.

Ж а с а қ б а й. Өзің барғаның жөн болар еді. Тарабухиннің түрі жаман.

С а б ы р (*жан-жағына қарап*). Немене біреу келе жатқан жоқ па?

Ж а с а қ б а й. Қайда, кәне?

С а б ы р. Ойбай, әне, бері жүр, келе жатыр. Қолдарына түссен, жүндей түтеді.

Ж а с а қ б а й. Ішінде Боран да бар ма?

С а б ы р. Ішінде Боран да бар, жүр алыстан то-риық.

Екеуі шығады, Боран үйге кіреді. Бірнеше жұмысшы жолды өрлеп жоғары кетеді, товарный вагондар жылжып, терезенің алды-лап өтіп жатады. Іштерінде ақтың солдаттары.

Б о р а н (*терезеден қарап*). Сабаздарыңның шіренуін. 17-разъезде шіренерсіндер. Вагонның ішінен тұра қашқан қызықтарынды көрсем. (*Біреулерді танығандай болып.*) Ерғожа, Скобин... Біздің батыр осылардың арасында болу керек. Бұлар не ғып жүр, әлде біздің мұнда екенімізді біліп келіп жүр ме? Машинист паровозды неге гудит етпейді? (*Сыртта паровоз үзілді-кесілді бір рет гудит етеді.*) Бір-ақ рет. Тегін болмады. Борис Федоровичтің жоқтығы. Ол болса, тоқсан тоғыз айла ойла-нып, ендігі жөнелтіп те жіберген болар едік. (*Паровоз ұзақ уақыт безілдеп өкіреді. Қиналып тыңдайды. Сабыр кіреді,—оны сезбейді.*) План бұзылды, ендігі план — соғыс ашу.

С а б ы р. Жолдас комиссар, план іске аспады ма?

Б о р а н. Ал қандай жаңалығың бар, Борис қайда?

С а б ы р. Борис мені жіберді. 15 минуттың ішінде поезды жөнелтпесек, ұтыламыз. Жаңа сендерді аңдып ұстатқалы жүрген Жасақбайдың үстінен шықтым.

Б о р а н. Оны түрмеден шығарған кім?

С а б ы р. Воронцов шығарды. (*Паровоз ұзақ уақыт безілдеп өкіреді.*)

Б о р а н. Тоқташы. Машинист паровозды неге безілдетеді? Жай безілдетпейді, бізге берген сигналы. Сен барып білші, мен жұмысшыларды қаруландырып, ата-қаға шығайын.

Сабыр. Екі жерден соғыс аша алмаймыз. Жасақбайдың хабары бойынша олар қазір бізді ұстауға келеді.

Боран. Атып неге тастамадың?

Сабыр. Ит те болса туыс қой. Ату қиын болды. Жалғыз-ақ тапқан айлам: Қоспанның үйінде полковник Тарабухин отыр. Соған хабар бер дедім.

Боран. Революция үшін туысты аяудың керегі қанша еді? Қате істегенсің! Екі жағына бірдей ұтылды! Енді шыдауға болмайды. Мен депо жұмысшыларың қаруландырайын. Сен осы арада Бористі күт. Соның ақылымен олардың бетін басқа жаққа аударуға қам жаса. *(Боран асығыс кетеді. Сабыр депоның бұрышында тұрады. Асығыс машинист кіреді.)*

Машинист. Боран, паровоз дайын.

Сабыр. Боран жоқ.

Машинист. Сен кім?

Сабыр. Мен Боранның орынбасары.

Машинист. Шырағым, өйтіп алдамай-ақ қой, Боран Жоламановты ұстауға жүрген боларсыз?

Сабыр. Ондай сөзді айта көрмеңіз. Ал қару-жарақ тиеген вагон дайын ба?

Машинист. Қайдағы қару-жарақ, құрметті офицер?! Басынның аман күйінде табаныңды жалтыратып отырсаң қалай болар еді. *(Сабырға жұдырығын түйіп төнеді.)*

Сабыр *(сасып)*. Мен Сабыр Төлегенов. Сіздің бізді білмеуіңіз қалай? Мен революциялық комитеттің мүшесімін.

Машинист. Сендей ақ жағалы чиновниктер революциялық комитеттің мүшесі бола алмайды. Ну, шыныңды айт, былшылдасып тұруға уақытым жоқ, айтамысың, жоқ па?

Кондуктор *(асығыс кіріп)*. Ефим-Ефим! Сені құдай атсын. Вагон жайғасты, семафор ашылды, жылдам паровозға от бер.

Машинист. Мен мына май андыған тышқанды өлтірмей, паровозға ход бере алмаймын.

Кондуктор. Ефим, не қылған қылжақбассың. *(Сабырды көріп қысылып.)* Мырзам, сіз мұнда жай келмеген боларсыз? Баламен жанжалдасып не қыласыз?

Машинист. Эттең, жұмысым тығыз. Қабырғаңды күйретіп, жұлыныңды үзер едім. Есінде болсын, бұдан былай біздің жаққа аяқ басушы болма.

Сабыр. Жолдас Ефим. Мен большевик партиясының мүшесімін.

Жұмаш *(асығыс кіріп)*. Ефим, саған не болған? Жолдас Сабыр, хауіпті бөгеттен өттік. Боран қайда?

Машинист *(таңырқап)*. Міне, қызық? Бұлары қалай?

Сабыр. Жігіт екенсің, жолдас партизан! Поезыңды құйынша борат. Уәде — 17-разъезд. Уақыт қысылшаң, ертең соңдарыңнан Боран да жетеді. Кәне жөнеліндер, жолдарың болсын! *(Үшеуі шығады. Сабыр терезеден қарап тұрады.)*

Кондуктор *(жолдың жиегіне барып ысқырып, сигнал береді)*. Семофор ашық, Ефим, жүйткіт паровозды.

Ефим. Дай сигнал, даешь разъезд. *(Паровоз үш рет қысқа айқайлайды, ысылдап жөнеп береді. Вагондар ұзыннан-ұзақ өтіп жатады.)*

Сабыр. Жүйткіді, бір хауіптен өттік. Екінші хауіп Боранның басын аман алып қалуда. *(Жылдам шығып депоға қарай кетеді. Жоламанды қолтықтап Әміржан кіреді.)*

Әміржан *(жан-жағына қарап)*. Ұмытпасам, осы ара сияқты еді.

Жоламан *(ауыр жаралы, сөйлей алмай)*. Бір көрген жерін кісі ұмыта ма екен? Тұла бойым әкетіп барады, мені бекер қозғадыңдар.

Әміржан. Жәке-ау, қалада қиын ғой. Ауылға аман-есен жетсек десейші.

Жоламан. Әй, қарағым Әміржан-ай, отырамыз ба, іздесейші.

Әміржан. Қаласы құрғырдың осындайы бар еді. Вокзал мен депоның арасында жапырайған кішкентай ғана үй бар еді.

Жоламан. Бар бол, бар болғыр. Тал-түсте адасың, одан үлкен жұмыс тапсырса қайтесің?

Әміржан. Жәке, отыршы, демінді алшы. Мен мына жақты аралап келейін. Мүмкін біреуінің кездесуі...

Жоламан. Бар, баршы, орашолақ бейшара. *(Әміржан шығады, екінші жағынан алақ-жұлақ етіп Жасақбай кіреді. Үйдің терезесінен қарайды. Депоға қарай жүре түсіп қайрадан оралады.)*

Жасақбай *(тістеніп)*. Жоқ болды. *(Ақырын ысқырады.)* Әлгі Сабыр итті жер жұтып кеткеннен аман ба?

Жоламан (*Жасақбайды көріп*). Боран, Бөркешім-бісің? Мен мұндамын, қарағым!

Жасақбай. Не дейді? Боран дей ме, кім болды екен! (*Жақындап.*) Сен кім?

Жоламан. Боранбысың, жаным, мен — атаң Жоламан.

Жасақбай. Жәкең екенсің ғой. Бұл арада не ғып отырсың? Балаңа жолығайын деп келдің бе?

Жоламан. Сен кім?

Жасақбай. Мен Боранның жолдасы Жасақбаймын.

Жоламан (*сескеніп*). Жасақбай!.. Шырағым-ай, қайда барсам да алдымнан шығатын болдың ғой. Жай жүрмеген боларсың?

Жасақбай. Балаңа пана болғалы келген шығарсың. Оңбаған кәрі қақбас, сен үшін мен не көрмедім. (*Бас салып қылқындырады.*)

Жоламан (*жағаласып*). Қасқырдың бөлтірігі. Жерігің менің қаным болса, іш менің қанымды, іш...

Жасақбай. Шығарма дыбысыңды. (*Мылтығын кезеніп.*) Жүр былай!

Жоламан. «Өтпес жарлық, бойға қорлық». Сенен өлсем, арманым жоқ.

Жасақбай (*бас салып, аузын байлап сүйрелейді*). Бас аяғыңды. (*Сахна бос. Депо жағынан Әміржан келеді.*)

Әміржан. Жәке, Жәке! Борандар депода екен. (*Қарайды.*) Тағы адастым ба? Осы ара емес пе еді? Жәке, Жәке, сорлы шалдың сорын қайнатып кетпесе игі еді. Жәке, Жәке! Жоқ болды, енді қайттім! (*Сырттан мылтық атылады, Жоламанның ауыр қиналған дауысы естіледі.*) Күдайдың тас төбемнен ұрғаны осы де. Апырым-ай, енді қайттім? (*Айғайлап.*) Боран! Боран!

Сабыр (*асығыс кіреді*). Не болды, мылтық атқан кім?

Әміржан. Кім екенін білмеймін. Жәкенді жап-жаңа ғана осы араға қойып, өзім сіздерге барып едім, қайтып келсем, жоқ, соны атып тастамаса.

Сабыр. Сол болды. Бейшара шал, ақырында ажал тапты. Сен енді тұрма, жылдам Борандарға хабар бер. Штабтан солдаттар келіп қалды. Тығылсын де. Мен станция басына барайын. (*Екеуі екі жаққа кетеді. Он*

шақты ақтың офицері, солдаты, Жасақбай, Қоспан, Ерғожа кіреді.)

Ж а с а қ б а й. Міне, жиналыс жасағандары — осы үй.
Қ о с п а н. Сабыр қайда?

Ж а с а қ б а й. Осы манда сырттан торимын деген.

Қ о с п а н *(Ерғожаға)*. Сен солдаттармен бірге станцияны сүзіп шық. Депоның астын-үстіне келтіріңдер. Мен станцияның начальнигіне поезды тоқтатқызайын.

Е р ғ о ж а. Так точно.

Қ о с п а н. Депо жұмысшылары қаруланды дейді ғой. Тінту бермесе, пулеметпен қырып жіберіңдер. *(Ерғожа солдаттарға команда беріп алып шығады. Борис кіреді.)*

Б о р и с. Немене, қолға түсті ме?

Қ о с п а н. Әкесін Жасақбай өз қолынан атыпты. Боран Жоламанов депо жұмысшыларының арасында дейді.

Б о р и с. Поезд жүріп кеткен бе?

Қ о с п а н. Поезды ілгергі станциялардың бірінен тоқтатқызған жөн болар.

Б о р и с. Поезд тоқталса, Боран Жоламановтың да ұсталғаны. Мен бұйрық берсем, поезд тоқтайды. *(Сабыр кіреді.)*

Қ о с п а н *(ұрысып)*. Оның жабылып Боранды ұстай алмаған сендерден не үміт, не қайыр?

С а б ы р. Бізге не қыл дейсің, күттік-күттік, — келмедіңдер. Жұмысшыларды жауып жіберіп, көз ашып жұмғанша болмады, жөнеп берді.

Б о р и с. Молодец, сендей ақымақтарға сол керек. Поездың кеткеніне қанша уақыт болды?

С а б ы р. Бір сағат шамасындай.

Б о р и с. Онда 17-разъезден өтіп кеткен. *(Сағатына қарап.)* Қазір сағат 5, 24-разъезге телеграмма берсек.

Қ о с п а н. Господин полковник! Разъезді қойып, станция өзіне берейік, телефон қайда!

С а б ы р. Мына будкадан да беруге болады!

Б о р и с *(будкаға келіп, телефонды алып)*. Станция станция! Сайтанның қызы ұйықтап қалған ба? Станция, маған диспетчерді бер. Диспетчер, сізбен сөйлесіп тұрған, карательный отрядтың бастығы полковник Тарабухин. Жаз. Маринский станциясындағы штаб бастығы

Козловка, Большевик Боран Жоламановтың партизандары Павлов станциясынан екі вагон қару-жарақты алып кеткен. Соны жол бойында ұстап, менің қарамағыма кейін қайтарсын. Ежіктемей жылдам жаз. Жаздың ба? Ертең начальнигің екеуің маған келіп жауап бересіңдер.

Қ о с п а н. Офицерлердің шалағайлығынан әрқашанда ұтылып отырамыз.

Б о р и с (*Сабырға*). Иә, әрқашанда осылай болсын.

Ш ы м ы л д ы к.

ТӨРТІНШІ КАРТИНА

Алаш орданың кеңсесі. Екінші картинадағыдан аздап өзгерген. Үлкен терезе. Терезенің алдында бақша. Жәкім қағаздарын жазып отырады. Төспай терезенің кәсегіне сүйеніп қиялданып тұрады. Бәдиғұл өзімен өзі.

Т ө с п а й. Шынымен-ақ өмірдің келемежі болғанымыз ба? Мен үшін дәл осы сағат, осы минут ұсақ, құнсыз, берекесіз бірдеме сияқты. Қанша адамның қаны төгілді, қанша адам қырғынға, апатқа ұшырады. Қанша адам тіршілікке келтірген титтей пайдасы жоқ жарым-жан болды? Одан не шықты? Бүлдірді, тоздырды.

Б ә д и ғ ұ л. Ғибрат оқып тұрған жоқсың ба?

Т ө с п а й. Полковник шақырады дегенге келіп едім, көшедегі солдаттарды көріп, ойыма әр немелер келді. Қолдарында мылтық, қастарында басшылары, солдат дегеннің өзі бұйдаланған түйе сияқты. Жат десең жатады, тұр десең тұрады, ат десең атады.

Б ә д и ғ ұ л. Солдат болсаң сен де соны істер едің.

Т ө с п а й. Көрініп тұрған жауыздыққа аяқ басуға бола ма? Жауыздықтың ең ауыры — құсыттық. Дүниеге келген соң, кім өлгісі келеді, ешкім де өлгісі келмейді.

Б ә д и ғ ұ л. Рас айтасыз, ешкімнің де өлгісі келмейді. Ол үшін жайлы тұрмыс, тыныштық өмір болу керек қой. Сенің одан хабарың бар ма?

Т ө с п а й. Хабарым болған соң да айтам. Дүниеде не күшті десең, әлемге сәуле беруші күн күшті. Күннен кейін, сол күн астындағы адам күшті. Күн сондай мырза, береген, мейірімді, адам да неге сондай болмайды?

Бәдиғұл. Қателесесің. Жақында бір үлкен оқымысты білімпазбен әңгімелестім. Ол айтады адамға күндей көрікті мемлекет берсең, не тілесең сол болар еді, дейді.

Жәкім *(ұйқысынан шошып ояғандай)*. Токтандаршы, түсінбей қалдым. Қандай мемлекет дейсіндер?

Төспай. Бұлар мемлекеттің не екенін білмейді. Қоспанша мемлекет — қамшы ұйыру, дүре соғу, түрмеге жабу, ат үстінен бұйрық беру. Менің олармен келіспей жүргенім де сол. Жүрсе, бұраландап қисық жүреді, сөйлесе, бет алды лағып жұртқа тілін тигізеді. Жүрген жерлері — жанжал, ұрыс, керіс, төбелес. Бірін-бірі алдау, бірін-бірі жамандап шағыну, ұстап беру. Өзінен үлкеннің табанын жалайды. Өзінен кішіге қорқау қасқырдай ырылдап, тісін ақситады. Қолдарынан жұмыс келмейді. Талантсыз, парамен оразаларын ашып, өсекпен орын тепкен төрт аяқты айуан десем, обал жоқ.

Жәкім *(ұшып түрегеп)*. Менің ойымда да осы жүрген. Дәл ойлаған жерімнен шықтың.

Бәдиғұл. Қой, үш ұйықтасаң түсіңе кірер ме екен?

Жәкім. Ол не дегенің?

Бәдиғұл. Қорқақсың!

Жәкім. Мықты болсаң, біздің Қосекеңмен сөйлесіп көр.

Төспай. Сөйлессе, несі бар, мен әдейі сөйлесе келдім. Сен де солардың ошағына жылынып, қазанына пісіп жүрген ақымақсың. Алдындағы арманын ашық көрмеген адам әр неге бір соқтығады. Ішіп-жегеніне аз күн текешік төре болғанына мәз болады.

Жәкім. Шіркін, асырауың келмей жүр-ау. Сөйлегенде тауып-ақ сөйлейсің. Не керек, ескеріп, елемейді ғой.

Төспай. Елемесе, білмейсің. Қоспан мені неге шақыртты?

Бәдиғұл. Мені де шақырыпты. Тосып отырамыз ба? Келетін болса неге келмейді?

Жәкім. Екеуіңді де Қоспан шақырған жоқ. Полковник Тарабухин шақырған. Шын-өтірігін білмеймін, өткен түнде Боран Жоламановтың әкесін атыпты, өзі қолға түспепті.

Бәдиғұл. Атыпты деймісің, қайда, қалайша? *(Ойлайды.)*

Төспай. Атар, атар, бұлар әлі бәрімізді де. Осы қаладағы қыбырлаған жанның бәрі де атады. *(Бүйірдегі есіктен шығып кетеді. Асығыс Сабыр кіреді.)*

Бәдиғұл. Сабыр халдерің қалай?

Сабыр *(Жәкімнен сезіктеніп)*. Иә хал мүшкіл. Айтпақшы, Жәкім, *(кідіріп)* сені штабта Қосекең шақырады.

Жәкім. Тағы да елге шық деп шақыратын шығар?

Сабыр. Иә, тез келсін дейді. *(Жәкім шығады.)* Мұнда неге келдің?

Бәдиғұл. Қандай жаңалық бар, соны білейін деп және саған жолығайын деп едім.

Сабыр. Борис бүгінгі поезбен жүреді. Боранның қаладан шығуы үлкен хауіп. Қазір осында Жұмаш келіп хабарын бермекші. Штабтан қаланың планын таба алмадық. Алаш комитетінде бар дейді. Соны Бористен беріп жіберуіміз керек.

Бәдиғұл. Оның керегі қанша?

Сабыр. Борис қаланың құрылысымен жете таныс емес.

Бәдиғұл. Оны қайдан таптық?

Сабыр. Жәкімнің столының суырмасында. Сен сыртты бақыла, мен іздеп тауып алайын. *(Столдың суырмаларынан іздейді. Ақтарыстырып жүріп тауып алады.)* Бәтіш, табылды. Бұл енді менде болсын. Сен Төспаймен кеңескен кісі болып, осында бол. *(Терезеден қарап.)* Келе жатыр. Үшеуі оңаша сөйлессін, нұсқауды содан кейін алайық. *(Бәдиғұл Төспай кірген үйге қарай кетеді. Сабыр екінші үйге кетеді. Қоспан, Борис, Воронцов үшеуі кіреді.)*

Борис. Халықты бағындыра білудің кілті қолда. Мұндай асығыс кездерде тізгінді берік ұстамайынша болмайды.

Воронцов. Халық қараңғы, мешеу, надан. Олар үшін қандай өкімет болса да бәрібір. Оларды күшпен бағындырамыз.

Қоспан. Біз де сол жолды ұстаймыз ба?

Борис. Меніңше, сол жолды ұстауға тиістісіңдер.

Воронцов. Генерал Деникин, Юденичтерге Польша мен Англия, Германия қару-құралмен жәрдем берді. Олар большевиктерді ортаға алып қысуда Қолчак үкіметі мен Жапонияның генералы Танекамен келісім

жасады. Жапония самурайларымен көмек бермекші. Сонда біз монархиялық стройды қайрадан жасап, социализмнің алдына крепост салмақшымыз.

Борис (ойланып). Иә, социализм... пролетарская революция, әлемнің көз тігіп, кімді-кім деп отырған мәселесі. Бірақ та біз — әлемдік разумның қайнаған бұлағы большевиктер. Олар тарихтың классикалық негізімен дәлелдейді. Біз буржуазиялық система өзгермесін деп өңешімізді созып, табан тіреп тартыса алмай, Россиядан ысырылып келеміз.

Воронцов. Господин полковник! Россия қалайша бұл сияқты тарихтың шұғыл соқпағына кездесті. Қалайша монархиялық строй асты-үстіне шықты. Россияның ақылды оқымыстылары, біз сияқты соғыс қызметкерлері қалайша ар-ұяты жетіп бүліншілікке ұшырады. Ойлағанда жылағың келеді. Ех, Россия, Россия!

Борис. Иә, тағдырдың жазуы солай. Барлық кінә генералдармен, мен сияқты полковниктерде. Біз Достоевскийдің «Идиотымен» теңбіз. Біз Орловский рысактар желе білсек те, шоқырақтай білмейміз. Біз — шідерлеулі ат. Құнтты сатырлатса-ақ болғаны, аспанға секіреміз. Маңдайымыздың терісі қалың. Жүрегіміз айуанның жүрегіндей топас. Сезімсіз. Ел билеуді Англо — Саксонскийден не француздан үйренуіміз керек.

Қоспан. Господин полковник, о не дегеніңіз. Сонда біз идиот болғанамыз ба?

Борис. Идиотсың! Тарихтан, болашақтан не білесің? Бізді былай қойып, сенің алашыңды алайық. Метрафан сияқты он шақты оқығандар, автономия құрамыз деп еліреді. Әліпті таяқ деп білмей тұрып философия соғады. Патриархтың қарамағындағы ішіріткі жазып, дұға оқитын сопыдай шығыс пен батысты бытыстырып былшылдайды.

Воронцов. Иә, бұлар солай. Бұларды арқаға ұрмай, төбеге ұрып, аузын бақ еткізіп отырмайынша, көнбейді.

Қоспан. Олай деуге болар ма екен?

Борис. Ну, господа, мен енді жүремін. Боран Жоламановпен кездесе алмай кеттім. Қолдарыңа түсіп, тұтқынға алғандай болсаңдар, менің қарамағыма жіберіңдер.

Воронцов. Боран Жоламанов жалғыз емес, оның

жетекші бастығы — Борис Федорович Мистислав деген большевик. Тыңшыдан осындай хабар алдық.

Б о р и с. Иә, иә... Омбы түрмесінен қашқан ескі каторожник болды. Онда Боран Жоламановты ұстай алмайсындар. Ол — ысылған революционер. Оны жақсы білемін. Қолға түспейтін эшәддінің өзі.

Қ о с п а н. Чепуха, господин полковник. Мен барлық алаш офицеріне бұйрық бердім. Ұстаймыз.

Б о р и с. Ұстасандар жақсы.

В о р о н ц о в. Мен оны Бетпақ даланың шөліне шығып кетсе де ұстатам. Сіз қазір жүрсеңіз, ат дайындайық. (*Қоспанға.*) Полковникке беретін жасырын материалдарға қол қойып беруіміз керек.

Б о р и с. Дұрыс, сіздердің қарамағыңызда канша солдат, қару-құрал бар? Баррикада жасайтын қандай қолайлы жерлер бар, толық жазындар. (*Қоспан пен Воронцов шығады. Сабыр кіреді.*)

С а б ы р (*жүгіріп есік-терезеден қарайды*). Жолдас Борис, қаланың планын алдым. Мінеки. Боран Жоламановты қаладан шығарып жібере алмадық.

Б о р и с. Қалайша?

С а б ы р. Станция толған ақтың солдаты. Депо жұмысшыларының стачкасын басамыз деп қызу кірісіп жатыр. Боран Жұмаштікінде, партизандар тегіс қаруланды. Сіздің приказыңызды күтеді. (*Бұл кезде Жасақбай терезеден сығалайды, бұлар оны байқамайды.*)

Б о р и с. Бұл хабарды ертерек неге айтпадың?

С а б ы р. Айтуға болмады. Сіз оңаша болмадыңыз.

Б о р и с. Партизандар қаруланды ма?

С а б ы р. Қаруланды.

Б о р и с (*ойланып*). План бұзылды. Екінші план Боран депо жұмысшыларымен бірге болсын. Мені 17-разъездегі партизандардың ішінде болайын. Сен осында бол, склад, шойын жол, көпір, стратегиялық орындардың барлығына да өзіміздің адамдардан қоюға тырыс. Бұлардың күші ыдырады, қайтып бас көтере алмастай халге жетті. Енді жайбарақат жатқан елеусіз кезендерін аңду керек. Іштен — Боран, сырттан — мен.

С а б ы р (*Жасақбайды көзі шалып қалып*). Тоқтаңыз, терезеден біреудің басы қарандағандай болды.

Б о р и с (*дауысын өзгертін*). Орындау керек, ұстау керек.

С а б ы р (*Жүгіріп терезеге барып*). Кім екенін білмеймін, біреу шарбақтан секіріп түсті.

Б о р и с. Секіріп түсті? Мүмкін, штабқа барып хабар беруі. Мен жөнелейін, сен осында бол.

С а б ы р. Онда жүріңіз. Депо жұмысшылары арқылы қаладан шығып кетпесеңіз, басқа ешбір жол жоқ.

Б о р и с. Тоқта! *(Ойланып, телефонды алып.)* Станция, штабқа қосыңыз. Штаб, Воронцов! Мен бүгін жүре алмайтын болдым. Документ, қағаздарды ертең ертемен пәтеріме әкеп беріңіз. Жақсы. *(Сабыр екеуі шығады. Бәдиғұл мен Төспай кіреді.)*

Т ө с п а й *(қиялданып)*. Өмір, өмір! Қан-жыны араласып жатқан осындай да өмір болады екен. Біреуге қызық, біреуге қайғы, біреуге тәтті, біреуге ащы.

Б ә д и ғ ұ л. Қойшы, Төспай торығудың керегі қанша?

Т ө с п а й. Қалайша торықпассың, Қоспан дегендерің жеті басты жылан болды. Оның кеудесіне Қолчактың қабаған төбеті шынжырланып байланды. Менің құлағымнан ашқарак, арсылдап ұмтылған төбеттің дауысы кетпейді. Оның әрбір сөйлеген сөздері аш қасқырдың ұлығанындай болып естіледі. Ұлумен елге бастық бола ала ма?

Б ә д и ғ ұ л. Бола алмайды.

Т ө с п а й. Бола алмаса, оны сайлаған кім?

Б ә д и ғ ұ л. Мен де өзіндей. Қайдан білейін.

Т ө с п а й *(күбірлеп, теріс қарап сөйлейді)*. Не керек, ақын емеспін, ақын болсам. *(Терезеден Жұмаш ақырын ғана сығалайды.)*

Ж ұ м а ш *(сыбырлап)*. Бәтіш!..

Б ә д и ғ ұ л. Жұмашпысың?

Ж ұ м а ш. Мені Боран жіберді, Борис тез жетсін деді.

Б ә д и ғ ұ л. Сабырға жолықтың ба?

Ж ұ м а ш. Жоқ, ол қайда?

Б ә д и ғ ұ л. Ол манағы кезде маған айтқан. Борис бүгін жүреді, сен осында бол. Боранға кешке қарай жолығарсың деді. Мен бүгінгі болған жаңалықты өзім барып айтармын. Сен енді тұрма!

Ж ұ м а ш. Бористі жүріп кетті дейін бе?

Б ә д и ғ ұ л. Жүріп кетті де!

Т ө с п а й. Еһ, жалған, жауыздық пен жақсылық біріне-бірі қайшы. Жауыздық істеушілер не үшін жауыздыққа аяқ басады екен?

Бәдирғұл (*Жұмашқа қолын сермен*). Жауыз, жауыз болғандығы үшін де жауыз емес пе?

Төспай. Меніңше, жауыздық адамның ысапсыз, тойымсыздығынан, мансапқорлығынан ба деймін. Қазірде соғыс. Соғысушылар мансапты, әділсізді, жауыздықты құртамыз деген ниетпен соғысушы. Солай емес пе, Бәтіш?

Бәдирғұл. Иә, солай! (*Қолын сілтеп.*) Жұмаш, жөнел!

Төспай. Кімге айтасың? Маған ба?

Бәдирғұл. Жоға, тәйрі жәй әншейін. (*Қоспан, Ерғожа кіреді.*)

Қоспан. Қашал, қай күні атылыпты?

Ерғожа. Кім атқанын біле алмадық. Тегі Боран Жоламановтың жігіттері болса керек.

Қоспан. Алаштың ырысы еді. Марқұм жоқ жерде қаза болды. Қолға түссе, өз қолымнан атар едім.

Төспай. Не үшін?

Қоспан. Онда сенің шаруаң болмасын.

Төспай. Не үшін деймін?

Қоспан. Адам, адам деп барлық адамды жаратушы құдайдай алаштың қызметіне араласпай, бойкүйез болып жүрсің ғой.

Төспай. Адам дегенде не дейміз? Адамның бірі біз. Жайы да, жабайы да емес, оқыған адамбыз. Қиянатшы өмірдің итаршысы болғаннан басқа кімге жақсылық істедің?

Қоспан. Әй, Төспай! Қысқа сөз, бізді өкімет деп танимысың?

Төспай. Тоқтап тұр.

Қоспан (*айғайлап*). Тоқтасаң тоқта, бірақ сөз танимысың?

Төспай. Басшы болып жүрген логикасы бар кісі келтесінен қайырмайды. Адам, қандай мемлекет болсын, қара басына, сөйлейтін сөзіне ерікті. Сөйлетпей ауызға қағу, аюға намазды таякпен үйреткенмен бірдей.

Қоспан. Қой пожалуыста, жайдақ философиямен басты ауыртпа. Бізге философияның керегі жоқ. Бізге киіз туырлық қазақтың басын қосып, алаш автономиясын құру керек. Бізбен келісе алмадың ба, жолың анау! Әулие болсаң да аулақ жүрші.

Төспай. Жарайды. Тегі аулақ жүргеннен зиян көре қоймаспыз.

Қоспан. (*Ерғожаға*). Шалқаясын, жау ешуақытта мені ұста деп көзге көрінбейді. Сөзікті жерлерді жете неге қарамайсындар?

Ерғожа. Так точно. Біз соны істеп жүрміз.

Қоспан. Сендер оны істеп жүрген жоқсындар. Қазір штабқа бар, жұмысшылардың үйлерін тінтуге солдат қосып береді. (*Жасақбай кіреді.*)

Жасақбай. Боран Жоламановтың қайда екенін білдім.

Қоспан. Қайда екен?

Жасақбай. Мана Сабырды іздеп осында келгенмін. Ол жайындағы оқиғаны өзіңізге оңаша айтармын. Құлағым бар сыбысты шалып қалғандай болды да, жүгіріп отырып депоға бардым.

Қоспан. Ал сонсоң?

Жасақбай. Депоға барсам, Боран Жоламанов жұмысшылардың ортасында сөйлеп тұр.

Қоспан. Не сөйлегенін естідің бе?

Жасақбай. Сөзін қойшы. Содан Жұмаш деген қазақ жұмыскері екеуі салып отырып пәтеріне келді. Сондарынан мен де аңдып жүрдім де отырдым. Жұмашты бір жерге жұмсап жіберді де, өзі сол үйге кірді.

Бәдіғұл (*өзіне-өзі*). Өлсем де тез жетейін. Мына жауыз үстінен шыққан екен ғой. (*Білдірмей шығады.*)

Қоспан. Қазір де сол үйде ме?

Жасақбай. Сол үйде.

Қоспан (*асығыс*). Ал, Ерғожа, қасыңа солдат қосып ал да, дереу бар. Мен полковник Тарабухин мен Воронцовқа хабар берейін. Әлгі Жәкім ит қайда?

Жасақбай. Қосеке, кішкене сабыр етіңіз. Тағы да мынадай бір оқиғаның үстінен шықтым.

Қоспан. Оны кейін айтарсың. Барлық күшті Боран Жоламановты ұстауға жұмсайық. Өзің де бар. (*Сабыр кіреді.*)

Ерғожа. Господин поручик, Боран Жоламанов табылды.

Сабыр. Қой, рас па?

Жасақбай (*Сабырға тесіліп*). Сенің жанашыр досың ғой, тағы да араша түсерсің?

Сабыр (*білмегенсін*). Сандырақтап тұрғаның не өзіңнің!

Жасақбай. Большевик! Біздің ішіміздегі больше-

виктердің адамы, Қосеке. Туыс екен демеймін! Бұл мені ақымақ қылды. Айламен біздің ішімізге кірді. Боранның Назар болысты атуы, екі вагон қару-құралдың жіберілуі, полковник Тарабухиннің келуі...

С а б ы р. Азғын адам аузына не келсе, соны шатады! Тағы да не білдің? Арың жетсе көрген-білгенінді бәрін жасырмай айт!

Қ о с п а н (*таңырқап*). Түсінбеймін, мен қандай сөздер естіп тұрмын!

Ж а с а қ б а й. Қосеке, мен жасырмаймын, көрген-білгенімнің бәрін айтамын. Бірақ та мынаны ұстап жабындар! Бұл полковник Тарабухиннің кім екенін біледі. Тарабухин полковник емес. Ол Боран мен Сабырдың ұстазы Борис Федорович Мистислав деген подпольщик-большевик, менің білгенім сол. Сабыр соның шәкірті, өтірік десе, өзі айтсын.

Б ә р і (*абыржып*). Жасақбай, айтып тұрғаның не?

Ж а с а қ б а й. Айтып отырғаным — біздің абыройымызды айрандай төгетін жан шошынар оқиға.

Т ө с п а й (*ақылсынып*). Оған не өкінетіні бар. Соғыстың заңы — шахматтың ойыны сияқты ұтыс. Сендер қамшы үйіріп жүргенде, большевиктер королевасын жүріп сап, мат отырғызған да қойған.

Қ о с п а н. Жаны құрғыр күйіп тұрғанда, күйген үстіне күйдірмеші. (*Сабырға*.) Большевик екенің рас қой?!

С а б ы р. Рас. Большевикпін.

Қ о с п а н (*шошынып*). Большевик! Сабыр Төлегенов большевик! Алаштың аруағы соққыр.

Т ө с п а й. Қайдағы аруақтың басын ауыртасың?

С а б ы р. Оның таңырқайтын түгі де жоқ. Қазақ даласында революция жасау үшін, социалистік Совет өкіметін орнату үшін Боран да, мен де большевиктердің партиясына кірдік. Біздің бұл ісіміз сендерге жат болып көрінгенмен, жалпы адамшылық ұғымға, халыққа жат емес.

Қ о с п а н (*Ерғожаға*). Әкет! Штабтың қолына тапсыр!

Е р ғ о ж а. Так точно.

Т ө с п а й (*Ерғожаға*). Сүйек қағымпаз иттердей тұра жүгірмей тұра тұршы! Большевик болса, несі бар?

Қ о с п а н. Мына көк мылжың ақымақты да бірге отырғыз!

Төспай. Жок, ол бұйрығың жүрмейді. Түрмемен жұртты түзей алмайсың. Сенде жөні түзу түрме де жоқ. Түрмелерің подвал, подвалға адамды қамау адамшылық емес.

Қоспан. Неғып тұрсындар, әкетіндер!

Төспай. Мен Воронцовтың өзімен сөйлесем. Мені аристқа алу үшін жаңадан түрме сал деймін.

Ерғожа. Қысқарт!

Төспай. Сен де қысқарт. (*Жәмила мен Жәкім кіреді.*)

Жәмила. Папа, па! Жәкімге айтыңызшы, мені гимназияға жеткізіп салсын.

Жәкім (*телеграмманы оқып*). Қосеке, штабқа мынадай телеграмма келген: «Кептер келді, біздер кеттік, қам бол» деген. Жол бойы он бес рет оқысам да түсіне алмадым. (*Аң-таң болып.*) Ой, бұлардың не? Репитиция жасап тұрғаннан амансындар ма?

Жәмила. Папа, телеграмды артынан оқырсыз, папа, деймін, айтыңызшы!

Қоспан. Жоғал, албастының қызы! Жұрт мұнда мұрнынан шаншылып жатса, «гимназия» деп басты қатырады, кетесің бе, жоқ па?

Сабыр (*Жасақбайға*). Сен қара бетті алдақашан атып тастауым керек еді. Не керек! Қате істедім. (*Ерғожа екеуін алып шығады.*)

Төспай (*айғайлап*). Мені бәрібір қамай алмайсың. Мені қамасаң, сол қамаған жерге өзің түсесің. Мен... мен өз басыма өзім еріктімін. (*Ерғожа желкеден түйгіштеп сөйлетпейді.*)

Жәкім (*түсінбей*). Қосеке, ол екеуінің жазығы не?

Жәмила. Папа, неге олай, не үшін олай?

Қоспан. Сұраушы болма. Жұр, Жасақбай, Боран Жоламановты өз қолымнан ұстаймын!

Шымылдық.

ҮШІНШІ АКТ

БЕСІНШІ КАРТИНА

Ақтың штабы. Үйдің алдында коридор. Коридордан жоғарғы үйге шығатын басқыш. Есік. Ортада стол. Штаб бастығының столы. Орындық. Сахнаның оң жақ мүйісінде кішкене бөлме. Төменде под-

вал. Подвалға коридордан төмен қарай түседі. Наташа үйдің ішін жайғастырып, шаңдарын сүртіп жүреді. Ыңырсып ән салады.

Н а т а ш а (*Қирпичник әнімен*).

Әлде қайда, қалада, украин жерінде,
Мен жұмыскер баласы ем,
Он алты жас кезімде
Қиындық боп өзіме,
Кірпіш заводында тұрып ем.

С к о б и н (*арағын жұтып, Наташаға елігіп*). Су перісінің сұлуы. Дауысы бүкіл үйді жаңғыртады. Қалай шыдап тұрасың. Кеше маған көзінің құйрығымен қарап, ең деді. Бұл қызға тиісу үшін градусты көтере түсейін. (*Ишеді. Түзеліп, адыраңдап Наташаның қасына келеді.*)

Н а т а ш а. Кірпіш заводында тұрып ем.

С к о б и н. Сен кірпіш заводында тұрғанда, мен унтер офицер болып едім.

Н а т а ш а. А-а, оны не қыл дейсің?

С к о б и н. Сіздің дауысыңызға 17 жыл істеген офицерлік қызметімді айырбастар едім... Сізге, ұлы әйел затының аруына офицерлік сеніммен бас ием. (*Басын иеді.*)

Н а т а ш а. Жынды шығарсың өзін.

С к о б и н. Рас айтасың, сіздердей сұлуларды көргенде жынданатын әдетім болатын.

Н а т а ш а (*кейін шегініп*). Қойсаң қайтеді, офицер!

С к о б и н (*зорлап*). Бері жүріңіз, жүріңіз.

Н а т а ш а. Кет әрі антұрған. Әйел көрсеңдер әдеттерің-ау.

С к о б и н. Мен саған жүр деп тұрмын ғой.

Н а т а ш а. Мына сулы шүберекпен бетіңе былш еткізіп жіберсем.

С к о б и н (*күштеп*). Бұлқынба... бұлқынба, жүремісің, жоқ па?

Н а т а ш а. Қайда жүреді?

С к о б и н. Ашып айтпасаң, мұндай ақымақтар түсінбейді.

Н а т а ш а. Түсінбейді емес. Сендей мүйізсіз өгіздерді тұмсыққа осылай ұрады. (*Шелектің ішіндегі тақтай сүртетін сулы шүберекпен бетіне періп кеп жібереді.*)

С к о б и н. Е-е, сиырдың қызы, арымды сатып, аяғыңа жығылғанда берген сыйың осы ма? Ол қылжағың болмайды. (*Бас салып сүйрейді.*)

Н а т а ш а. Лағнат! Қоя бер деген соң қоя бер!

Скобин. Ырылдама, ырылдама деймін. *(Екеуі алысқан күйінде кішкене бөлмеге кіреді. Абыржып, са-сулы Қоспан мен штаб бастығы келеді.)*

Воронцов *(қиналып)*. Бүкіл атаман, генералдардың алдында қара бет болдық.

Қоспан. Адмирал Колчакқа не деп жауап береміз?

Воронцов. Білмеймін... білмеймін. Полковник Тарабухиннің орталықтан шығуы анық. Оны большевиктердің жол бойы жоқ қылып жіберуі де анық. Бізге большевик Мистиславтың полковник болып келуі де анық. Колчак бұл хабарды естімесін. Естісе, бізге де, саған да қиын. Ендігі шара — қолға түскен большевиктерді ату.

Қоспан. Біздің басшылар қашып елге шығыпты.

Воронцов *(ызалы)*. Біраз күннің ішінде сендер де қашып, елге шығасындар. Большевиктердің біздерді ұтуы — сендердің шалалықтарың. Серікке жарамайсыңдар, қойларыңды дұрыстап баға алмай жүріп, автономия боламыз деп өңештеріңді созасындар.

Қоспан. Господин Воронцов, біз, сіз деп айыратын дәнеме жоқ.

Воронцов *(зекіріп)*. Сөзде солай болғанмен, істе олай емес. Сенің ел билеу ісіне өнерсіздігің үшін жүз қазақтың басын кесемін. Кедергі жасаушыларға тыйым саламын. Есілдің суына қойдай тоғытам.

Наташа *(айғайлап)*. Кет деген соң кет, оңбағанның азғыны.

Скобин. Ну... ну, айғайлама *(Воронцов пен Қоспан елегізіп тыңдайды.)*

Воронцов. Әй, онда не істеп жатырсыңдар? *(Қоңырауды қағады, алба-жұлба болып Скобин кіреді.)*

Скобин *(абыржып)*. Ваше Высокоблагородие, жай бір жұмыс еді.

Воронцов. Қандай жұмыс? Кісінеген айғыр. Бар, Сабыр Төлегеновты алып кел.

Скобин. Жалғыз өзін бе?

Воронцов. Қарныңмен тыңдамай, басыңмен тыңда, бар! *(Скобин шығады.)*

Қоспан. Төспай Қияловты қайттіңіз?

Воронцов. Былшылдап фантазия соғады. Босатып қоя бердім.

Қоспан. Отырғыза тұру керек еді. *(Скобин Сабырды алып кіреді. Бетінде таяқ жеген таңбасы бар, өңі қашыңқы, көзі қанталап кеткен, шашы үрпиген жүдеу.)*

Воронцов. Нусс... ойланып болған боларсың? Өл-

гің келе ме, жоқ, шынынды айтасың ба? (*Сабыр үндемейді.*) Көмейіңе су құйылды ма, неге үндемейсің? (*Жасақбай кіреді, Сабырға қарай алмай теріс қарап тұрады.*) Неге үндемейсің?

Сабыр. Несіне үндейін. Мына жансыз бәрін де түгел айтқан болар?

Воронцов. Борис Федорович Мистислав кашарында саған қандай тапсырмалар берді?

Сабыр. Ешбір тапсырма берген жоқ.

Жасақбай. Өтірік айтасың, жаныңнан үмітің болса, шынынды айт.

Сабыр. Сен ит, әуелден де екі жүзді азғын едің.

Воронцов. Сен оған қаланың планын бердің ғой.

Сабыр. Білмеймін.

Жасақбай. Білмейді емес, біледі. Айтқызу керек...

Воронцов. Полковник Тарабухинді сендер өлтірдіңдер ғой?

Сабыр. Бізден басқа біреу болуы...

Воронцов. Подлец, табаныңа темір қыздырып басса, арқаңа қайнаған ыстық су құйса, шынынды айтар едің. Мистислав қайда екенін бәрібір айтасың, айтқызымыз.

Қоспан. Қасарма, қасарма... Алаштың аруағын атап ешқайда кете алмайсың.

Сабыр. Ол жарапазаныңды өзіне айт.

Қоспан. Ішке кіріп іріткі салғандай саған не көрінді?

Жасақбай. Соны айтсайшы.

Сабыр. Іріп-шіріп жатқан өздерің.

Жасақбай. Қамшымызды жеп, түрмемізге түсу үшін большевик болған боларсың. Сибирский империяның тұтқасы қолымызда тұрғанда, сендей өлерін білмеген ақымақты түтіп жейміз, айт шыныңды!

Сабыр. Бір кезде сендер патшалы Ресейдің тұтқасы қолымызда деп айғайлағансыңдар. Оларың өтірік болды. Мені қинағаныңмен, біздің сендермен күресетін отрядымыз көп.

Воронцов. Шығарма дыбысыңды. (*Еліріп жанына келіп.*) Ну, сөйле, сөйле деймін мен саған. Тағы да не деп тіліңді тигізбекшісің, айтамысың, жоқ па? Айтпасаң, мен сенің етіңнен түрмедегі жолдастарыңа қуырдық қуырып берем. Ну... Ну.. Жағың қарысып тұрса, ол жақты мүлде қарыстырамыз. Айтпадың ба, айтпаған адамның жазасы. (*Мылтығын суырып алып басып салады.*)

Сабыр. Құзғын. Мені атқызған предатель. Жалдамалы азғын. Сен екеуің ғой...

Қоспан *(тістеніп)*. Сол керек... *(Бәдиғұл кіреді.)*

Сабыр. Бәтіш, жолдастарға сәлем де Боран... Боранды құтқар, қош, бауырым!.. *(Өледі.)*

Бәдиғұл. Сабыр... Сабыр. Мен не көріп тұрмын? Қоспан, ұстатқандағы мақсатың осы ма еді?

Қоспан. Жоғал, сайтан! *(Итермелеп шығарып жібереді.)*

Воронцов *(ызалы күлкімен)*. Бұларды тергеп те керегі жоқ. *(Скобинге.)* Алып шық та, тас байлап Есілдің суына батырып жібер. *(Скобин солдат шақырады. Екі солдат Сабырды көтеріп алып шығады.)* Ендігі кезек — Боран Жоламановтікі.

Қоспан. Боран Жоламанов қашпас.

Воронцов *(қоңырауды соғады, Скобин қайта кіреді)*. Жоламановқа нәр татқызба. Аштан қатырсақ, тәубесіне келеді. Мен казармаға кеттім. Хауіпті хабар болса, дереу телефон соқ. *(Перде жабылмайды, подвалдың пердесі екі жаққа сырылады. Подвалда Боран, Жұмаш, кондуктор шал, үйдің іші күңгірт. Екеуі шынтақтап жатады. Боран ерсілі-қарсылы жүреді.)*

Боран. Бүгін 15 күн Бористан да хабар болмай кетті. Сабыр тірі болса, бір жолықса керек еді. Тегі аман болмады. Ай жалған, торға түскен сұңқардай топшымыздан қайырылып, бір жұтым су мен бір тілім нанға зар болып отырғанымыз ба. Майданда жаумен жағаласып жүріп өлген адамның не арманы бар. Қапылыста қолға түстік. Қайрат көрсете алмай өліп кетсек не болды? Есіл өмір, еркін күш. Революцияның дауылымен бірге құйынша борап жүретін күн. Бұл не, түрме дейін десең, түрме емес. Қараңғы подвал. Талайды зарықтырып, талайдың өмірін өксіткен подвалсың ғой. Түрмеге кім түспейді. Азапты кім көрмейді. Жалғыз-ақ, аштан бұралдырып қойғаны. Жолдастар да бұрынғыдай емес, күн санап қашуда. *(Ызаланып.)* Апыр-ау, мұндай да сұмдық болады екен. Адамды аштан өлтіру, тұтқынға тамақ бермеу, екі аяқты адам баласы өкіметінде болмаған болар. Шектен асқан жауыздық. Ескілі-жаңада көрмегендер бар ма, айтындаршы!

Кондуктор *(басын көтеріп)*. Қарағым Боран, кіммен кеңесіп тұрсың?

Боран. Жай әншейін. Сендер ұйықтап жатыр екен десем, ояу екенсіңдер ғой. Қане, ата, бір әңгіме айтшы.

Кондуктор. Не айтайын, қарағым? Аман-есен босансақ, әңгіме сол емес пе?

Боран. Ата, аман босанамыз ғой деймін.

Кондуктор. Білмедім. Әліптері оңды емес. Тым қатал закон, заңы бар жерде бұлай болмауы тиіс.

Жұмаш. Қайдағы заңды айтып отырсыз? Заңоны болмағаны үшін де бізді аш ұстап отыр ғой.

Кондуктор. Иә, немістің Гинрех деген патшасы-мағының тұсында түрмедегілер аштан өліпті деп әкем марқұм айтушы еді. Тек құлыптаулы есіктің ішіне кірме, бір кіргеннен кейін аш та, жалаңаш та боласын, азап та көресің, дүре де жейсің.

Боран. Ата, өткенді қайтесің, мына тамұқтан шықсақ...

Кондуктор. Бұл тамұқтың есігінде иблис тұр ғой. Иблисті тайдырса, шығар едік.

Боран. Иблис, ол не, ата? Атамның өзі жоқ сөзді тауып алады. Иә, ата, қазақ даласында революцияның таңы атқанда, халықтың қолынан бұғауы алынады. Сонда жарық сәулеге біз де шығамыз. Партизан ерлер шеру тартып жауға қарсы аттанады. Біздің қарт флейтамен сигнал береді. Пулемет, зеңбірек, гранаттың оғының астында, қылышпен кескілеп найзаны екі жағына бірдей сілтеп жүретін күн де болады. Соның құрметі үшін қане-кей бір қосылып ән бастап жіберейік.

Кондуктор. Тірі болсақ, оны да көрерміз.

Боран. Ата, флейтаның үні қалай шығушы еді? Иә, ерлік, батырлық жырын аңыратайық.

Жұмаш. Бористің айта беретін өлеңі не еді?

Боран. Бористің бе?

Үмітпен күткен күн де келіп қалар,
Қақ жарып азап інді, азабыңды,
Сияқты жеткізгенім азат үнді,
Достық та, махаббат та жетер әлі-ақ,
Талқандап берік қорған қараңғыны.

Скобин. Маңырамаңдар.

Боран. Біз маңырайтын қой емеспіз. Өлең айтып отырмыз.

Скобин. Бұл сөйлеп тұрғандарың қайсын?

Боран. Көп қоқандауды қойсаң қайтеді? Өзіміздің ескі дос Скобин емес пе едің?

Скобин. Мен сенің досың емес.

Боран (күліп). Ой, тәйірі алсын, тәйірі алғыр. Ұмытып қалғаның ба, баяғыда екеуіміз жайлаудағы ел-

ден қымыз ішіп, тоқты жеп жүргеніміз қайда? Жұмаш, Скобин махорканы жақсы көретін, махорканды берші, бір ашылап жіберсін.

Скобин (*жуасыңқырап*). Да, тартсақ, тартып жіберейік. (*Махорканы алады.*) Боран, сен қандай қызық жігітсің, бізбен бірге болуың керек еді.

Боран (*алдап*). Мен әуелден сендермен бірге болатынмын. Бізге передача бергізсейші.

Скобин. Болмайды.

Боран. Неге болмайды?

Скобин. Біліп қалса, қиын. Сендер саяси хауіпті адамсыңдар. (*Сахнаға Воронцов пен Қоспан кіреді.*)

Воронцов. Ей, қайсың барсыңдар?

Скобин. Келіп қалды. (*Шығады.*) Мен мұнда, Ваше высокоблагородие.

Воронцов. Тағы да азбандық құрып жүрген боларсың. Бар, Боран Жоламановты алып кел.

Скобин. Қарсылық білдіреді.

Воронцов. Қандай қарсылық? (*Өзі баруға даярланады. Ерғожа кіреді.*)

Ерғожа. Біздің лагерьге айдаған адамдарымыз Мистиславтың отрядына қосылды. Түндегі соғыста олар 17-разъездің тұсында жолды кесіп поезды тоқтатты. Бізге көмекке келе катқан бір эшелон солдатты қолға түсірді.

Воронцов. Офицерлер де қолға түсті ме?

Ерғожа. Офицерлер де.

Қоспан. Қазақ жігіттері не болды?

Ерғожа. Қазақ жігіттерінің қақ жартысы қашып кетті.

Қоспан. Алауыз алты бақан болғанымыз үшін де жұмысымыз оңбайды.

Воронцов. Соғыс трибуналының үкімін күтудің қажеті жоқ. Бористің қарамағында қанша адамы бар, соны тағы бір рет сұрап білейік. Көнсе көнді, көнбесе тиісті шарасын қолданайық.

Ушеуі шығады, екінші жағынан подвалдың ішіне түседі, тұтқындағылар тындамайды, отыра береді.

Воронцов (*мысқылды күлкімен*). Өлер алдында дұғаларыңды оқып отырған боларсыңдар. Әлде іштерің сырнай тарта ма?

Боран. Не істесек те еркіміз өзімізде ғой. Оның несіне таңдандың?

Воронцов. Не дедің? (*Боран үндемейді.*) Не де-

дің, қайталашы. Ну... Шық бері салғыласпай, сұрауларыма дұрыс жауап бер. Бермедің бе, табаныңа ине тығып, тірідей терінді сыпырам.

Боран. Сонсоң?

Воронцов. Мистиславтың қарамағында қанша құрал, қанша әскері бар, қала ішіндегі большевиктердің тізімін бересің! Содан кейінгі жұмысыңды соғыс трибуналында қараймыз.

Боран (*жүре сөйлеп*). Иә, тағы да қандай сұрауларың бар?

Воронцов. Әуелі осыған жауап бер. Саған жауап бер деп тұрмын ғой. Сөйлеймісің, жоқ па?

Боран. Айтып бол, содан кейін берейін.

Воронцов (*айқайлап*). Қазақ даласына большевизмнің ұрығын сепкенсіңдер. Ол номер іске аспайды. Қазақ даласы құрғақ, егіндерің шықса игі еді?

Боран. Большевизм егінді еге білсе, оны шығара да біледі. Ертең біздің еккен егінімізге сендердей палач жендеттер сүрініп жығылып бастарын қайда жасыруды білмей жанталасады. Бұрыш-бұрышта банда болып аяғынан тозады. Сонда мына тұрған Қоспандар жалдамалы шпион, қазақ халқын сатушы предатель деп аталады.

Қоспан. Осымен мылжындасып тұрамыз ба, күшпен болса да айтқызу керек.

Воронцов. Біздің подвалымызда отырып, баға бергің келеді.

Боран. Баға берсе несі бар, баға беру біз үшін өте жақсы нәрсе.

Воронцов. Мен саған өле білудің бағасын айтқызармын.

Боран. Сонсоң господин начальник, адамның емес, ақымақтың сөзін сөйлейсіз. Ақымақ болғандарың үшін де түрмеде отырған тұтқынға тепсінесіңдер.

Воронцов. Ендігі сенің жазаң ату! (*Үшеуі шығады, Боран ойланып жүреді.*)

Қоспан. Бүгін кешке ме?

Воронцов. Түнгі сағат 3-те. (*Ішінен тынып.*) Қала жатқан соң. Берілетін түрі жоқ. Мойымайды, көкжал қасқыр сияқты. Иә, басқа амал жоқ.

Ерғожа. Ату жұмысын өзім орындаймын.

Воронцов. Мен станция басына барамын. Содан келген соң. (*Үшеуі шығады.*)

Боран (*ұзақ уақыт жүреді*). Ату! Революция тұсында онша қорқынышты да емес. Жолдастар, қажымайық.

Кондуктор. Өлімге мойын сұнып, қол қусырып қарап отыру да жарамайды.

Жұмаш *(ашынып)*. Неге өлеміз, қалайша өлеміз, өлсек қарсы тұрып, шамадан келгенше тартысып өлу керек.

Боран. Дұрыс айтасың, Жұмаш. Ендігі ойлайтын айла, әдіс-амалын тауып босану. *(Кенеттен.)* Осы бізде темір затынан ештеме бар ма?

Кондуктор. Қайдан болсын, қарағым.

Боран. Передача да бергізбейді. Передача бергізсе босануымыз қиын болмас еді. *(Шам қараңғыланады, түрмедегілер үлкен ойда отырады. Коридорға Төспай, Бәдиғұл кіреді.)*

Төспай *(кіруге бата алмай)*. Бұлардың істері қан ішу болғанда, кеңселері тозақтың оты болады. Қалай жүрек тоқтатып ішіне кіреміз?

Бәдиғұл. Сабырдың атылғаны анық. Боранның өлі-тірі екендігін білсек... Ар жағын көрер едік.

Төспай. Қайтерсің, қайтерсің... Қолдан келер дәрмен жоқ. Ішім удай ашиды, жаның ауырады. Батыл кірісейін десең, кеудене мылтығын тақайды. Ақырын сөзбен айтсаң, көлденең жатқан шырпы құрлы көрмейді. Қайда барсаң, әлдінің алдында әлсіздердің көретін күні қорқыныш. Үрей. Өзіңнен бір елі жоғары болса, команда береді, қаталдық, қаталдық.

Бәдиғұл. Төспай, дәл осы ара философия айтатын жер емес. Борандарды құтқарудың қамына кірісейік те.

Төспай. Жүрегі құрғыр қорқып қалыпты. *(Есікті ашады, мүйістегі есіктен Наташа Скобин екеуі жанжалдасып шығады.)*

Скобин. Су перісінің сұлуы, бір жылдан кейін біздей адамдардың көлеңкесіне зар боларсың.

Наташа. Сендей бұзау тұмсық дурактар аз деген.

Скобин. Сендей дәу періні көрсем көзім шықсын. Әй, ашуды қойсаң қайтеді, ешкім де білмейді, ондай-ондай болатын.

Наташа *(итермелеп)*. Аулақ... *(Наташа коридорға қарай қашады.)*

Скобин. *(Төспайға)*. Сен кім?

Төспай. Біз адам.

Скобин. Не іздеп жүрсің?

Төспай. Адам іздеп жүрмін. *(Жүре сөйлеп отырады.)*

Скобин. Адам? Қандай адам?

Т ө с п а й *(басқа сөзге бұрмалап)*. Құрметті офицер, адам деген не? Білесіз бе?

С к о б и н. Ол не деген сөз? Түсінбеймін, әй, сөзді қойып, махорқаң бар ма?

Т ө с п а й *(маңызданып)*. Жақсы, түсінбесең мә. *(Махоркасын береді. Екеуі шылымды ширатып тартады.)*

Б ә д и ғ ұ л *(Наташаға)*. Жарқыным, Боран Жоламанов деген кісіні қайда жіберді?

Н а т а ш а. Жоламанов? Тегі, атқан болар.

Б ә д и ғ ұ л. Атты деймісің? Қашан?

Н а т а ш а. Бүгін күндіз. Воронцовтың алдында.

Б ә д и ғ ұ л. Жоқ, ол басқа кісі.

Н а т а ш а. Ол сенің кімің еді?

Б ә д и ғ ұ л. Жолдасым еді. Жолығайын деп едім.

Н а т а ш а *(таңырқап)*. Ә, Жоламанов... Аққұба... бұйра шаш... орта бойлы.

Б ә д и ғ ұ л. Иә, иә, оны сен қайдан көрдің?

Н а т а ш а. Қыр мұрын, көзі өткір... Күнде күзетші солдаттармен әзілдесіп әңгіме соғады. Өлең айтады. Бір түрлі көңілді жігіт.

Б ә д и ғ ұ л. Бері жүрші... *(Екеуі шығады.)*

Т ө с п а й. Құрметтім! Сендер соғысқанда не үшін соғысатындарыңды білесіңдер ме?

С к о б и н. Итім білсін бе, Соғыс... соғыс... атасың, өлтіресің, атады, өлесің. Басқа дәнеме де жоқ.

Т ө с п а й. Өте тауып айтылған сөз. Шын мәнінде соғыс адамды адам атқылап қыру үшін. Оны мына сендердің бастықтарың түсінбейді.

С к о б и н. Иә, түсінбейді. *(Құмартып.)* Еһ, орыстың қайғысын шығаратын қағып жіберетін болар ма еді. Наташа, екеуіміз келісе алмай жүрміз. Су перісінің сұлуы, қазақтардан ат жинап жүргенде талай жақсы қыздар қолымызға түсті. Не керек, өтті, кетті...

Т ө с п а й. Сіз мұнда қандай қызмет атқарасыз?

С к о б и н. Саяси қылмысты адамдарды күзетемін.

Т ө с п а й. Боран Жоламановты білетін боларсыз?

С к о б и н. Да, разбойник. Менің ескі досым. Қотыркөл болысында сайлау өткізгенімде ол маған переводчик болған.

Т ө с п а й. Оған жолығуға бола ма?

С к о б и н. Начальниктен сұраңыз. Махорқаңыз ащы екен. Жақсы. *(Шығады.)*

Т ө с п а й *(жалғыз)*. Ит мініп, ирек қамшылап жүрген немелердің алдына әкеп, бас идіріп қойған құдай ма

екен, адам ба екен? *(Терезеден қарап.)* Айсыз қараңғы түн. Халық аһ ұрып, үлкен ашуға кірді. Жел тұрып, нөсерлі қара жауын сабағалы тұр. Жұрт кімді-кім жеңеді деп құлағын түруде. Ертең судай сапырыласады. Ал сонда мен қайда болам? *(Ойланyp.)* Тым-тырыс.

Б о р а н. Осы қазір түн бе екен, күн бе екен? *(Есіктен сығалап.)* Күзетшілердің жүрісі басылған сияқты. Коридорда түтеген шамнан басқа еш нәрсе көрінбейді. Уақыт жетті. Тегі біздің тағдырымыз туралы әңгімелесіп отырған болар.

Ж ұ м а ш. Тағдыр деп отырамыз ба?

Б о р а н. Иә, жолдастар, отырмайық. *(Есікті ұрады.)* Ей, Скобин, бері кел, әңгіме шертейік.

С к о б и н. Тарсылдатпа есікті.

Б о р а н. Скобин, бізге передача әкелген ешкім жоқ па?

С к о б и н. Жеті түнде не қылған передача?

Б о р а н. Суың бар ма? Қаталап барамыз, өзге қымбат болса да, су арзан ғой. Ашуланбай-ақ бере салсаң қайтеді? *(Қолында шелегі Скобин кіреді.)* Біз туралы қандай үкім шығарды, Скобин?

С к о б и н. Тоқтат сөзді. Кәне болыңдар! *(Барлығы ішеді.)*

Б о р а н. Несіне асығасың? Сағат неше?

С к о б и н. Білмеймін.

Б о р а н. Иә, Скобин, тағдыр солай. Адамға не қымбат, білемісін?

С к о б и н. Жоқ.

Б о р а н. *(Шелектегі судан бақырашты толтырып алып Скобиннің бетіне байқаусызда періп кеп жібереді.)* Жоқ болса, мынау. *(Алқымнан тартып ұшырып түсіреді.)*

С к о б и н. Өлтірді, өлтірді!

Б о р а н. Жолдастар, аяғын байландар. *(Скобиннің аузын басады.)* Кәрі сайтан қолымды қыршып алды... Аузын байла, аузын. Наганын алыңдар. *(Байлайды, қаруын алады.)* Істеген иттігіңе қарағанда аузыңды бақандай ашыру керек еді, су бердің ғой, сол үшін тірі-ақ қал.

Ж ұ м а ш. *(асығып.)* Ал кеттік!

Б о р а н. Тоқта! Ақырып. Хауіптің үлкені есіктің алдындағы күзетшіден өтуде. Сендер коридордағы шамды сөндіріп кіре берістегі мүйісте бұғып тұрыңдар. Мен сырт қақпаның алдындағы солдатты жайғастырайын. *(Бәрі шығады. Скобин тыпырлайды. Есікті бұрынғысын-*

дай бекітеді. Тым-тырыс. Подвалдың пердесі жабылады. Воронцов, Қоспан, Ерғожа үшеуі кіреді.)

Қоспан *(Төспайға)*. Сені кім шақырды? Не ғып жүрсің?

Төспай. Жаным жай таба алмаған соң жүргенім ғой.

Воронцов. Анархист мырза, кім дұрыс, кім қисық, көзің жеткен болар. Анархистік теріс емес, қазақтардан да анархист шығу керек. Қандай шаруаңыз бар?

Төспай *(абыржып)*. Онша үлкен емес, сіздер, мен... мемлекет право, соғыс... Иә, жалпы адамшылық жайында әңгімелесе келіп едім. Жүресің, жалығасың, оқисың, қанағаттанбайсың...

Воронцов. Ертең келіңіз.

Төспай. Көп емес еді.

Қоспан. Айтатын болсаң айтсаңшы!

Төспай. Ол қоғам мен жеке адамның басы туралы. Бүгін көшеде жүргенімде талант және сол деген бір пікірлер келді.

Қоспан. Былшылдап тұрғаның не өзіңнің?

Төспай. Иә, Римнің бір жігіті...

Қоспан. Қандай жігіт? Тайып тұр, бар!

Төспай. Жаксы! *(Шығады.)*

Воронцов *(сабырлы дауыспен)*. Ана анархистке сездірмеу керек. Сезіп қалса, қазақ жігіттерінің арасында қарсылық күшейіп кетуі мүмкін... Офицер, солдаттар дайын ғой...

Ерғожа. Так точно, офицер, солдаттар дайын.

Воронцов *(қоңырауды қағады. Ешкім кірмейді)*. Ұйықтап қалған ба? *(Айғайлап.)* Скобин!

Ерғожа. Мен оны тауып әкелейін. *(Мүйістегі есіктен шығады. Коридордың алдына Бәдиғұл, Есім, Ефим, Наташа келеді.)*

Төспай *(қорқып)*. Тегі, атуға алып шығатын ба, қалай? Мен енді көрінбейін, өздерің бірдеңе істерсіңдер *(Кетеді.)*

Ефим. Далаға алып шықса, жанды салып көрер едік. Штабта кім бар, не істеп жатқандығын Наташа барып білсін. Содан кейін белгілі болады.

Наташа *(есікті ашып қалып, қолын сермен)*. Тс-с... көзге түспендер. Өзі отыр. *(Наташа кіреді, бұлар кейін шегінеді.)*

Воронцов *(ұрысып)*. Мезгілсіз уақытта неге қыдырасың? Сирағынды қырықса қояр едің! Бар ұйықта!.. *(Наташа шығып кетеді. Сыртта мылтық атылады.)*

Қоспан (*шошынып*). Бұл не, әлде қалаға қызылдар келіп қалды ма?

Воронцов (*айғайлап*). Ей, мылтық атқан қайсың? Қылжакбас немелер бірін-бірі дуэлге шақырып, атқыласып жатқан болар. (*Ерғожа кіреді.*)

Ерғожа. Боран Жоламанов түрмені бұзып шыққан.

Воронцов. Қашан? Қалайша? Не үшін?

Ерғожа. Ол жағын біле алмадым.

Воронцов. Скобин қайда? Солдаттар хабарланды ма?

Ерғожа. Көрінбейді.

Қоспан (*үрейленіп*). Депоның жұмысшылары штабты қоршап алуы.

Паташа подвалдың астындағы басқынпен жүгіріп далаға шығады. Мылтық екінші рет атылады.

Қоспан (*қорқып*). Тегін болмады. Ойда жоқ жерде оққа ұшармыз.

Воронцов. Ей, біздің солдаттардан қайсың барсындар?

Боран (*сырттан*). Жолдастар, қақпа ашық, бері шығындар! (*Жұмаш, кондуктор, Борандар подвалдың астынан коридорға қарай жүгіреді.*)

Воронцов. Біздің күзетшілерімізді атып тастаған болды ғой. (*Коридорға қарай тұра ұмтылғанда, екінші жағынан Есім, Бәдиғұл, Ефим үшеуі қарсы шығады. Қолма-қол төбелес болады. Ерғожа столдың ығында тығылып жатып атады. Қоспан столдың астына тығылады.*)

Ефим (*Воронцовты желкесінен түйіп жіберіп*). Боран, жылдам бері шық.

Бәдиғұл. Жаным, бауырым, енді тоқтамайық.

Есім (*Воронцовты атады. Воронцовқа оқ тиеді, жығылады*). Кәне, жолдастар! (*Бұлар қашады. Подвалдың астынан бір топ солдаттар шығады.*)

Воронцов (*жан ұшырып*). Ұстандар, құтылып кетпесін, ұстандар!

Ш ы м ы л д ы қ.

АЛТЫНШЫ КАРТИНА

Сол штаб тұрған үй. Үйдің алдында албар. Албарды қоршаған орам. Жоғарғы үйге шығатын басқыш. Воронцов, Қоспан, Жасақбай, бірнеше ақтың офицерлері. Воронцов сол қолын асып алған. Басын мәрлімен шандып байлаған. Бәрінің де сүрені қашыңқы, абыржыған, асығыстық.

В о р о н ц о в (*өкінішті*). Мен осындай болатындығын ерте-ақ сезгем. Кәне, тыңшылыққа қайсың барасындар?

Қ о с п а н. Тыңшы жіберіп не қыламыз?

В о р о н ц о в. Тыңшылыққа Жасақбай Қайралапов барады. Баррикадаларын қай жерде жасап жатыр, қаланың қай жағынан тимекші? Башалап біледі. Содан кейін штабты көшіру, көшірмеуіміз белгілі. Барлық күшті шойын жол бойына жинаңдар. Қашсақ та, қарсы соғыссақ та, жол бойы қолайлы, оларды вокзалға өткізіп алсақ, стратегиялық күшіміз әлсірейді. Офицер, солдаттардан шашау шықпасын. Алаш комитеті қазақ жігіттеріне ие болсын. Көшенің бұрыш-бұрышына солдат қойындар. Бейсеует еш адамды жүгізбесін, разведка мықты болмай, большевиктерге төтеп бере алмаймыз. Барыңдар! (*Бәрі шығады.*)

Қ о с п а н. Дутовтан көмек болды ма?

В о р о н ц о в. Дутов беттей алмай қашып келе жатыр деген жасырын хабарды бұрнағы күні алғанмын...

Қ о с п а н. Біз де беттей алар ма екенбіз. Біздің алдануымыз сізден болды. Соғыс адамысыз. Полковник емес, большевик екенін білуіңіз керек еді. Күшті ыдыратып алдық.

В о р о н ц о в. Пожалуйста, еске түсірмеші. (*Қоңырауды қағады. Скобин кіреді.*) Ей, көк есек, есікке берік бол!

С к о б и н. Әрқашанда... Ваше высокоблагородие. (*Шығады.*)

Қ о с п а н. Бүгін түннен аман қалсақ, ертеңгісін көрер едік.

В о р о н ц о в. Большевиктер айласын тағы да асырса, қашқаннан басқа шара жоқ.

Қ о с п а н (*телефонды алып*). Станция, қаланы қорғаушы штабс капитанға қос. Штабс капитан! Қысып келеді. Жақын қалады. Кавалериский рота мен артиллерия кірісті. Вокзалға бекінеміз. (*Телефонды тастай салады.*)

В о р о н ц о в. Не дейді? Қалаға кірді дей ме? (*қиналып.*) Еһ, табан тіресіп тұра алмады деген осы.

Қ о с п а н. Қашу керек.

В о р о н ц о в. Қашқанда қайда барасың? (*Зеңбіректің даусы естіледі. Тыңдайды.*) Зеңбірек атты. Қала өргенеді.

Қ о с п а н. Қала өртенсе, біз сирақша үйітілеміз ғой.

В о р о н ц о в (*телефонды алып*). Вокзал! Қызылдар

қалаға кіруге тақау қалды деген хабарды алдыңдар ма? Алдық... Көмекке офицер, солдаттар жіберіңдер, штабты вокзалға көшіреміз.

Қоспан. Онда мен кеттім.

Воронцов. Неге?

Қоспан. Қолдарына түссем, табан аузында атады.

Воронцов *(кекетін)*. Господін алаш бастығы... Жаның сондай тәтті... өлімнен қорқасың...

Қоспан. Ел ішіне барып жасырынбайынша болмайды. Біздің бастықтардың бәрі де қашып елге шыққан.

Воронцов. Әзірге қашпа, мүмкін біз жеңерміз. Алаш мүшелерін қаруландырып вокзал басында бол.

Қоспан. Кетсек вокзал басынан кетерміз. *(Шығады.)*

Воронцов *(қоңырауды қағады. Наташа кіреді)*. Менің шамадандарымды дайында.

Наташа. Қайда? Жолаушы жүресіз бе?

Воронцов. Оның саған керегі қанша? Бар, осында әкеп кіргізіп қой. *(Тынышсызданып, басын шайқап қиналып телефонды тағы да алады.)* Станция... станция... к черту, жауап бермейді. Әлде телеграфтың сымын үзіп жіберді ме?

Чемоданды көтеріп Наташа кіреді.

Воронцов. Албастының қызы, шинелім мен көрпешастығымды бірге бу дегенім қайда?

Наташа. Сіз біржола кетесіз бе, қайтып келмейсіз бе?

Воронцов. Бар, бар, сөзді қой, большевиктер келгенде жақсылап сөйлесерсін.

Наташа. Большевиктер келе ме сен?

Воронцов. Не дедін?

Наташа. Қайтып келмейтін болсаңыз, барлық нәрсеңізді де дайындайын. *(Шығады.)*

Воронцов. Түсінбеймін. Сағат 12. Неге кешікті? *(Жәкім, Жәмила екеуі кіреді.)* Ал, қандай хабар бар?

Жәкім. Қандай хабар болсын. Қолчак та, алаш та бітті. Қызылдар қалаға кіріпті.

Воронцов. Қалаға кіріпті?

Жәкім. Иә, кіріпті.

Жәмила. Папам қолға түссе өледі ғой. Папам сіздермен бірге болсын.

Жәкім. Бірге болса жетісер. Бұлар сонау Қиыр Шығысқа қарай, онан әрі тескен тау өтеді.

Воронцов (*абыржып, киімдерін киіп, қаруларын асынады*). Әй, маубас, көтер чемоданды, мені шығарып сал.

Жәкім. Қайда тақсыр?

Воронцов. Далаға шыққан соң білерсің, бол көтер.

Жәмила. Ат дайындап едік.

Воронцов. Қоспан вокзал басында, Ерғожа да сонда. Бар аттарыңды осында әкеліндер. Штабты вокзалға көшіреміз. Тез барыңдар.

Жәкім. Онда бізге солдат қосып беріңіз.

Воронцов (*шыдамсызданып*). Біздің бұзау тұмсық маймылдардың біреуі де жоқ. Қарғыс атқандардың естері шығып кеткен болар. (*Қоңырауды қатты ұрып.*) Ей, қайсың барсыңдар? Ешкім болмады, бар, барыңыздар. (*Екеуі де шығады.*) Жапония, Германияның жәрдемдері түк те болмады... Түк те болмады... Бұларға не болды?

Солдат және Ерғожа кіреді.

Ерғожа. Вокзал басында сіздерді тосып отыр.

Воронцов. Сендерге телефон соққалы не заман. Жылдам нәрселерді алып жүріңдер. (*Сырттан мылтық атылады, далада айғай, у-шу, дауыстар, партизандардың көше мен лек-лек болып өтіп жатқан дүбірлері естіледі. Жан ұшырып сасулы Скобин кіреді.*)

Скобин. Господа, күзеттегі солдаттардың біреуі де жоқ. Қамауда қалдық...

Воронцов. Айғайлама, шошқаның баласы. (*Бәрі терезеден үңіліп қарайды. Тым-тырыс*). Сыртта қанша солдат бар?

Скобин. Біреуі де жоқ, қашып кетті деймін.

Воронцов. Бәрібір өлім. Атысамыз.

Ерғожа. Боран Жоламанов.

Воронцов. Жоламанов болса, ат.

Боран (*сыртта*). Жолдастар! Ақтың штабы осы. Борис, ішкі есіктен кір.

Ерғожа көздейді, атады, тимейді. Партизандар дуалдан сепіріп түседі. Үйдегілер бұғып отырады.

Воронцов (*тізерлеп, нағанын суырып*). Бастықтарын өлтірсек, қолға түссек те өкініш жоқ.

Боран (*сыртта*). Үйде кісі болды. Жігіттер, байқаңдар. (*Бұлар терезеден аңдығанда Борис, Есім, Жұмаш, Ефим төртеуі кіреді, оларды байқамайды.*)

Б о р и с (үйге кіріп). Көтер қолдарыңды! (Жалт қарасады, қолдарын көтереді.) Қару-жарақтарын сыпырып алыңдар. (Қаруларын алады.) Полковник Тарабухин, большевик Борис Мистислав, таныс боларсыздар.

Б о р а н. Бір көргендерін танымай қалатын әдеті болатын. Құрметті подвалдарында аз күн қонақ болсын. Алып жүріңдер. (Алып шығады. 2-3 минутқа шымылдық жабылады. Үйдің іші өзгерген, ортада қызыл стол, Боран, Жұмаш, Ефим, Борис, Есім және бірнеше жұмысшы партизандар.)

Б о р и с (қаланың планын көрсетіп). Жеңудің кілті көпірде тұр.

Б о р а н (тесіліп). Олардың ойы шойын жолдың өн бойына жолатпау. Егер біз вокзалдың жоғарғы жағынан рельсті кессек, төменгі жағынан көпірді бұзсақ, қанат, құйрығы кесіледі.

Б о р и с. Онда наступлениенің планы үш объектіде. Олар бізді вокзалға кіргізбейді. Негізгі күштерін шойын жолмен ілгері жөнелтеді. Бірінші әдіс алдын кесіп бөгесін салу, екінші сырттан көмек бергізбеу, үшінші бізге қарсы жасаған баррикадаларын бұзу.

Б о р а н. Депо жұмысшыларының дені олардың қолында ғой.

Б о р и с. Жұмаш, Ефим екеуің вокзалдың ығындағы көпірді бұзасың, содан кейін қандай әдіс ойлайтындары белгілі болады.

Ж ұ м а ш. Динамитті қайдан аламыз?

Б о р а н. Бас кондуктордың сәкісінің астында бір жәшік динамит бар.

Б о р и с. Рельсті өзім кесем. Қала ішінде белогвардеецтерден жасырынып қалғандары болу мүмкін. Андаусызда штабты шауып кетіп жүрмесін. Боран штапта бол. (Қағаз жазып.) Есім, жиырма шақырым жерде Мариовка поселкесінде, қызылдар отрядының бір полкі, Миронов жатыр. Соған мына қағазды жеткіз. Ақтар станцияға бекінді, партизандар күні ұзын соғысуда. Оқ жок, таңғы бестен қалдырмай бір полк әскер жіберсін. (Есім қағазды алады.) Кәне, жолдастар, кеттік! (Шығады.)

Б о р а н. Борис Федорович! Ұсталғандарды қайтеміз?

Б о р и с. Кейін сөйлесерміз. Байланысты үзбе. Телеграфқа телефон соқ. (Борис шығады.)

Б о р а н. Әттең, күштің аздығы. 5 сағат. 5 сағат ішінде Қазақстан Сібір өлкесіне өтетін революцияның есігі

ашылады. *(Телефонды алып.)* Телеграф, телеграф, ішкі фронттан қандай хабар бар? Сым үзілген. Разведкаға кісі шығардыңдар ма? Шығардық... *(Бәдиғұл кіреді.)* Бардың ба?

Бәдиғұл. Бардым.

Боран. Кімдер бар екен?

Бәдиғұл. Қоспан вокзал басында ақтармен бірге бізге қарсы соғысқа шығыпты. Біреулері айтады: большевиктерге қосылайық дейді, енді біреулері не болсақ та ақтармен бірге болайық дейді. Ұрыс-жанжал, қазақ жігіттерінің бірсыпырасы елдеріне кеткен.

Боран. Бізге қосылатындары бар ма?

Бәдиғұл. Бар.

Боран. Неге ертіп әкелмедін?

Бәдиғұл. Алып шығу қиын болды.

Боран. Жігіттерге былай де: қырда Дутовты партизандар қуып келеді, қыр қазақтары бізге келіп қосылды де.

Бәдиғұл. Андап жүрмесе қиын.

Боран. Тез қимылдамасақ, ұтыламыз.

Бәдиғұл шығады, үрейі ұшыңқы Төспай кіреді.

Төспай *(ақырап)*. Ау, жарықтығым, Боранбысың?

Боран. Иә, Боранмын.

Төспай. Қызық-ау өзі, кеше ақ, бүгін қызыл. Қашан келдіңдер? Үн жаным көзіме көрінді. Мұндай қорықпаспын...

Боран. Неден қорықтың?

Төспай. Бүгін үш күн далаға шықпағаным. Әлдеқандай жаңалықтар бар деп көшеге шығып қалып едім, қолында мылтығы бар біреу кездесе кетті. Токта деді. Токтадым. Қызылмысың, ақпысың деп сұрады. Тілім күрмеліп, аузыма сөз түспеді.

Боран. Сонымен қалайша босандың?

Төспай. Маңдайымнан суық тер бұрқ ете түсті. Ажалым аяқ астынан болды-ау деп қысылып тұрдым да, әйтеуір, өлдім ғой деп өзіне дүрсе қоя бердім. «Өзің кімсің?» дедім. Мен большевикпін деді. Ендеше мен де большевикпін дедім. Большевик болсаң, біздің штабқа жүр деп мені қақпадан кіргізіп жіберді де, өзі вокзалға кетті.

Боран. Большевик болғың келсе, қолыңа мылтық ал.

Төспай. Мылтық ұстау қиын болар.

Боран. Тілектес екенінді істе көрсет. (*Қолына мылтық беріп.*) Ұста мылтықты, отрядқа барып қосыласың!

Төспай (*мылтықты ұстай білмей*). Мүйіз сұраймын деп құлағынан айрылған тоқал ешкінің кебін киермін. Қойсаң қайтеді. Сіз білген жоқсыз, біз Воронцовпен сөйлескенде природа, талант, адам, мемлекет туралы сөйлестік. Ол қандай жауыз болса да сіздікі дұрыс деді.

Боран. Сөзді қой. Таң атқанша менің қасымда бол, есікті күзет.

Төспай. Манадан бері осылай десеңші, өзге қолымыздан келмесе де, есік күзетуге жарармыз.

Боран. Жарасан, қақпаның аузында бол.

Төспай. Көшеде ме? Қораның ішінде ме?

Боран. Қақпа қай жерде?

Төспай (*барғысы келмей*). Сонымен біз сені қалай құтқардық? (*Наташа кіреді.*) Міне, міне кірсіз таза періштенің күшімен. Бұл қыз, шын айтамын, періште десе періште, адамның бәрі осындай ақ жүрек адал, дені де, жаны да пікірі де сау болса, мен қолыма мылтық ұстамас едім.

Боран. Жоқ, Наташа періште емес. Періштелердің ішіндегі көп сөйлейтін қорқақ, тамұққа батып кіре алмайтын шалағайлауының бірі сен.

Наташа. Иә, сіз әрқашан да адам, адам дейсіз. Соныңыз қалай?

Боран. Бар, қақпаның қасында бол.

Төспай (*қынжылып*). Болмас, болмас. (*Шығады, қақпаның қасына келіп тұрады.*)

Боран. Наташа қарындас, сіздің бізге істеген жақсылығыңызды ұмытпаспын.. Бұрын уборщица болсаңыз, қазір партизанка боларсыз. Телеграф жауап бермейді, барып білсеңіз.

Наташа. Барайын. (*Шығады.*)

Боран (*сағатына қарап*). Сағат 2. Біздің жігіттердің халі не болып жатыр? (*Жоспарға қарап.*) Жоғарғы жағы кесілсе, төменгі жағы бұзылса...бүйірден біз тиісек... Депо жұмысшылары бізге қарай өтсе... сонда мына жерде...

Төспай (*мылтықтың затворын ашып, қиялдана сөйлеп*). Түсің суық, ішің от. Тиген жерінді тесіп өтетін не қылған нәрсесің? Адам осы сені не үшін жасап шығарды? Қиетін киім, жейтін тамақ емессің. Сенің жүрген жерің апат, өрт, қан, өлім, қорқыныш, үрей! Өзің ойлашы, мылтық деген атынды өзгертпейінше, адамға

тыныштық өмір сүргізбессін. Сен арқылы азшылық көпшілікті қорқытып құл қылып ұстады.

Мылтықпен сөйлесіп тұрады. Қасында алаш пен ақтың екі адамы Қоспан, Жасақбай кіреді. Төспай байқамайды.

Қоспан. Бористің бізге істеген айласын өздеріне істейік. Білдірмей, қазақ жігіттерінің айтқан сәлемін айтқан болып барындар.

Жасақбай. Көнбесе қайтеміз?

Қоспан. Көнбесе... Жок, көнеді. Мен алаш мүшелерін қаруландырып дайын тұрайын. *(Шығады.)*

І солдат. Тоқта! Мына тұрған күзетшісі болуы.

Жасақбай. Тс-с.. білдірмей қолға түсірейік. *(Төспайдың сыртынан келіп бассалады, аузын байлайды.)* Төспай ғой. Қол-аяғын байлап көшеге шығарып тастаңдар.

Төспай *(тұншығып)*. Палаштың аты — палаш...

Жасақбай. Өлмейін десең өшір үнінді! *(Солдаттар алып шығады қайрадан кіреді. Жасақбай қолын сермен өзі ілгері жүреді. Есіктің көзіне келіп тұрады. Кіруге бата алмайды.)*

Боран *(телефонды соғады. Телефонды алып)*. Қызылдардың штабы. Телеграф, телеграф, ал ішкі фронттан қандай хабар дейсіз? Жасырын шифермен берген телеграмма, кімге, бізге ме? Мироновтың полкі қалаға таң ата кіреді. *(Қуанып.)* Жарты-ақ сағат уақыт қалды. *(Айғайлап.)* Төспай, Төспай, бері кел! *(Төспайда үн жоқ. Кенет ойына бірдеме түскендей боп.)* Әлде үйіне тайып отырды ма, неге жауап бермейді? Тегін болмады. *(Есікті ашып қалғанда Жасақбайды көріп, жылдам қайрадан жауып алады. Нағанын оқтанып.)* Алаш пен ақтың мені ұстағалы жүрген офицерінің бірі. Кімді аңдып тұрсың, аты-жөніңді айт!

Жасақбай. Аңдып тұрғаным жоқ, кіруге бата алмай қаймығып тұрмын.

Боран. Жасақбайсың ғой?

Жасақбай. Иә, кателестік, сізге жігіттердің сәлемін айта келдім. Жігіттер бізді аяғымыздан тоздырма-сын, алдандық, адастық дейді.

Боран. Жігіттеріңе айта бар. Өздері келіп сөйлессін. Екі ортаға Жасақбайдың елшілігінің керегі жоқ де.

Жасақбай. Жағаласқан жау да, аяғыңнан алған ит те болдық. Кешірім сұраймын.

Боран. Сабырды ұстап беріп атқызған кім?

Ж а с а қ б а й. Мен емес, Қоспан.

Б о р а н. Бізді де ұстап бергізген сен емес пе едің?

Ж а с а қ б а й. Жоқ.

Б о р а н. Алаш пен ақтың шпионы болғаныңды ешкім білмеді, сезбеді дейтін шығарсың. Сен иттің қаныңды ішсем дейтін едім.

Ж а с а қ б а й. Кімнің қанын кім ішкенін көрерсің.

Б о р а н. А, солай ма?

Ж а с а қ б а й. Солай. *(Жігіттеріне ымдайды. Сыртта қазақ жігіттерімен сөйлесіп келе жатқан Бәдиғұлдың даусы естіледі.)*

Б ә д и ғ ұ л *(Төспайды көріп)*. Мұнда біреуді бауыздап кеткен. *(Төспайдың басын көтереді, аузын шешеді.)*

Т ө с п а й *(сөйлей алмай)*. Анда... банды.

Б ә д и ғ ұ л. Қайда дейсің?

Т ө с п а й. Боранның кеңсесінде.

Жасақбайдың жігіттері Бәдиғұлдың даусын естіп жасырынады.

Ж а с а қ б а й *(жанталасып)*. Ежелден екеуміздің жұлдызымыз қарсы еді. Соның кегі, соның намысы. *(Есікті ашып Боранды атады да, қаша жөнеледі. Боран жығылып жатып атады. Жасақбай басқыштан құлайды.)*

Б ә д и ғ ұ л *(Жасақбайдың жігіттеріне)*. Тоқта, не істедіңдер?

Т ө с п а й. Банда, мені байлап тастаған солар.

Б ә д и ғ ұ л. Ұстандар! *(Жігіттер ұстайды.)* Бері алып жүріңдер! *(Жығылып жатқан Боранды көріп.)* Боран, Боран! *(Қиналып.)* Боран, Боран!

Б о р а н *(талықсып)*. Бәтішпісің, қызыл флагты әкел, байла!

Б ә д и ғ ұ л. Не ғып тұрсың, сүйессеңші!

Т ө с п а й. Есімді жинай алмай тұрмын. *(Жалаумен сол жақ иығын байлайды.)*

Б о р а н *(тәлтіректен түре келіп)*. Тегіс қолға түсті ме?

Т ө с п а й. Түсті. Сыртта жігіттер күзетіп тұр.

Б о р а н. Апарып қамандар!

Б ә д и ғ ұ л. Оны өзіміз де реттерміз. Отыршы, шаршап қаларсың.

Б о р а н. Отыруға болмайды. *(Тәлтіректен далаға шығады.)* Бәтіш, мына екі банданы подвалдағы үйірлеріне қос *(Бәдиғұл екеуін алып шығады.)* Төспай, ана итті көшеге сүйреп шығарып таста. *(Төспай Жасақбайды көшеге шығарады.)* Азаматтар! Көп айтып түсіндірудің қажеті аз. Жолымыздың дұрыстығын біліп кел-

сендер, партизан жолдастарға көмек беріндер. (*Төспай кіреді.*)

Төспай. Елдің қып-қызыл азаматысыңдар, мен құрлы көмек бере алмайсыңдар ма? Ал мылтықты, асын қылышты, шық соғысқа.

Боран. Төспай, тоқташы!

Төспай. Тоқтап тұратын уақыт емес, қолымызға мылтық алдық па, аттанамыз.

Боран. Алашшылдардың сендерді алдағаны — халықты алдағаны. Қазақ халқының езілген елін ел қыламыз десендер, еріндер менің соңыма.

Жігіттер. — Ердік, жолдас Боран. (*Бәдиғұл кіреді.*)

Бәдиғұл (*Боранды ұстап*). Жығылып қаласың, қойшы, жаным!

Боран. Оқа емес.

Бәдиғұл. Тоқташы!

Боран. Жаудан жасқанып үйде отыруға болмайды.

Бәдиғұл (*Жігіттерге*). Әлсіреп қалар. Боран, сен бармайсың, сенің орныңа мен барам. Жүріңдер, жолдастар. (*Жігіттерді ертіп шығып кетеді.*)

Боран. Бәтіш, Бориске сәлем де! (*Талып кетеді, Төспай сүйейді.*)

Төспай. Сорлы басым. Талықсып кетті. Үйге қалай көтеріп кіргіземін? (*Көтеріп үйге кіргізеді, диванның үстіне жатқызады.*) Революциядан қан төгіледі. Революцияда мен сияқты қорқақтар да ашынып, батыр болады, қолына мылтық ұстап майданға шығады. (*Жұмаш, Ефим кіреді.*)

Жұмаш (*қуанышты*). Боран, көпірді бұздық. Депо жұмысшылары біздің жаққа шықты, әзірге берісетін емеспіз.

Төспай. Айғайлама!

Ефим. Боран! (*Кеудесіне қолын салып.*) Жүрегі соғады.

Жұмаш. Атқан кім?

Төспай. Несін сұрайсың? Басынан айтсам, ұзақ история. Қане, екеуің де қайқайыңдар, соғысқа бар, партизандарға көмек беріндер!

Ефим. Атқан кім деп сұрап тұрмыз ғой?

Төспай. О да атты, біз де аттық.

Жұмаш. Кім, сен бе?

Төспай. Иә, мен. Екеуін қолға түсіріп апарып қамадық.

Боран. *(Есін жинап)*. Жұ-маш...пысың?..

Жұмаш. Иә, мен Жұмаш.

Боран. *(Басын көтеріп)*. Көпірді бұза алдыңдар ма? Бористің халі нешік?

Ефим. Иә, көпірді бұздық.

Боран. *(өзін-өзі зорлап)*. Көпір бұзылса...

Төспай. Отырып айтшы.

Боран. Жоқ, көпір бұзылса. Енді сол көпірдің басында мынаны орындайсыңдар: машинист, проводник, кондуктордың өмірін қорғандар. Көпірдің бұзылғанын оларға хабарландар. Көпірге жақындай бергенде машинист сигнал берсін. Секіріп-секіріп түсе қалып, поезды қоя берсін.

Жұмаш. Оңай жұмыс емес.

Боран. Қиын да жұмыс емес. Салқын ақыл, ыстық жүрек болса орындалады. Поезд көпірдің үстіне шоңқиып отырғанда, біздің партизандар сондарынан түре тиеді. Екеуің бір рота әскермен сай бойынан орын теп. Поезд құлаған кезде бомба мен гранатты үсті-үстіне жаудырыңдар. Жарым сағат ішінде майдан үш жерден ашылады. Уақыт аз қалды. Алдын ала ұтпасак, жау жеңгізбейді.

Ефим. Жақсы, жолдас комиссар. Орындалады. *(Екеуі кетеді.)*

Төспай. Шаршап қалдың ғой.

Боран. Әттең, қолым. Су бар ма? *(Су береді.)* Есімнен ғой хабар жоқ?

Төспай. Әншейінде жауға қарсы күресу қиын болса да, ішінде жүрсең ет жүрек үйреніп, өлім деген есіңе де келмейді екен.

Боран. Үйде отырып батырсынғаның болар.

Төспай. Осы тұрғанның өзінде бір полк әскерді бір өзім бөгеп тұрғандаймын.

Қолында қамшы, арқасында асынған мылтығы бар, басында папах бір партизан кіреді.

Партизан. Қайсың барсыңдар, шығып кетіңдер!

Төспай. *(қорқып)*. Бұл қандай пәлесі?

Боран. Бар, жолық!

Төспай. Жасақбай сияқты аңдыса келген жау шығар?

Боран. Жаңа ғана емес пе едің батырсынып отырғаның? *(Өзі шығады, Төспай бірге шығады.)* Кім керек?

Партизан. Қызылдардың штабы осы ғой?

Боран. Осы.

Партизан. Мироновтың әскері боламыз.

Боран. Миронов өзі қайда? (*Партизан қағазды береді.*)

Партизан. Отрядымыз қаланың сыртында. Борис Федорович Мистиславтың хабары бойынша келдік.

Боран. Жақсы, партизан жолдас, жүріңіз. (*Екеуі шығады.*)

Төспай (*таңырқап*). Қызық-ай өзі, іс-міс жоқ ерді де кетті. (*Бәдиғұл кіреді.*)

Бәдиғұл. Боран қайда?

Төспай. Қызыл Армияны қарсы алуға кетті.

Бәдиғұл. Рас па жаным?

Төспай. Өтірік айтып бала деймісің?

Бәдиғұл. Онда жүр! Біз де алдарынан шығайық.

Төспай. Жоқ, шықпайық, үйдің алдында ту көтеріп тұрайық.

Бәдиғұл. Ту қайда? (*Туды алады. Бәдиғұл туды көтеріп тұрады.*) Бұл ту комиссарымыз Боран жолдасың бізбен қол ұстасып алғаш майданға шыққанда көтерген туы еді.

Төспай. Иә, майданның жеңісінде, адамның анасы — сіз көтеріңіз.

Дауыс. Колонна, атака!

Бәдиғұл туды көтере түседі. Лек-лек Қызыл Армия өтіп жатады. Бүденныйдың маршы ойналады.

Бәдиғұл (*әскерлерге қарап*). Кавалерия!

Төспай. Артиллерия! (*Тым-тырыс. Біраздан кейін бір жағынан бас командир қызыл әскерлер мен ортасында Боран, екінші жағынан Борис, Жұмаш, Ефим, кондуктор шал, партизандар шығады.*)

Борис (*командирді құшақтап*). Василий Семенович!

Командир. Жақсы боларсыз, жолдас Мистислав! Революцияның партизан ерлері. Жолдастар, сіздердің ерлік істеріңізге үлкен рахмет! Орал, Сібір фронтының командирі Миронов жолдастан телеграмма бар. «Сібірдегі Қызыл Армия дивизиясының командирі болып жолдас Борис Федорович Мистислав белгіленді. Орта Қазақстанда қазақ полкының жас командирі — жас большевик Боран Жоламанов.

Борис (*Боранмен құшақтасып, қоштасып*). Жолдас Боран, революция бізге путевкасын берді. Ендігі фронт Сібірге, Қазақстанда.

Ш ы м ы л д ы қ.

ДАЛА ЖҰЛДЫЗЫ

Төрт актылы пьеса

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Дулат — инженер, гидроэлектрик.

Ақмарал — электромеханик.

Ұмсынай — оның шешесі.

Степан — колхоздың шебері. Жасынан қазақ ішінде өскен,
қарт адам.

Айдарлы — жас өспірім қыз.

Сұңғат — колхоздың дайындық бөлімінің бастығы.

Іңкәр — оның жеңгесі.

Аймұрзаев Жарқын — райком секретары.

Бек — майданнан келген әскери жігіт.

Қайыр — «Дала жұлдызы» колхозының бастығы.

Төкен — «Қызыл қайрат» колхозының бастығы.

Игнат Никифоров — «Путь социализма» колхозының бас-
тығы.

Елемес — колхоздың бұрынғы бастығы.

Мақпал — оның әйелі.

Колхозшы ер, әйелдер.



«Коммунизм дегеніміз —
Совет өкіметі және бүкіл
елді электрлендіру»

(В. И. Ленин)

БІРІНШІ АКТ

Май айы. Көксеңгірден буырқанып тулай аққан өзеннің жағасы... Өзеннің арғы беті — құм қайран. Өзен суы кемерінен асып құм қайраңға жайылған. Сол канатта жар басына тырбия біткен кара ағаш, оның айналасында тал аралас ақ қайың... Сыртта «Дала жұлдызы» және бірнеше колхоздың Жеңіс күніне және су электр станциясын салуға арналған тойы боп жатады. Абыр-сабыр сөз, созыла тартылған гармонь. Оған қосылған ән естіледі. Қайыр, Төкен, Игнат Никифоров, бірнеше колхозшы, райком секретары Аймұрзаев Жарқын, орталарында Дулат бар, су электр станциясының жобасымен танысуға жиналып отыр.

Қ а й ы р (*елегізін*). Ау, Степан, тезірек жүрсендерші.

С т е п а н. Найқалмай жүріңдер... (*Біреулерді ертіп келе жатады.*) Уа, орта толсын!..

Ж а р қ ы н. Кемтігі сізбен толсып, қария, кәне түгел жиналсаңдар, алқалы мәжілісімізді бастайық. Иә, ыһ! м... (*Өзенге меңзей.*) мынау жатқан өзенде...

Д у л а т. Долы тасқын, асау күш.

Ж а р қ ы н. Соғыстан бұрын да осы өзенді байлап, су электр станциясын салуды қолға алған едіңдер. Зұлмат жаудың кесірінен тоқтап қалды. Иә, біз Жеңіс күнін жеңіске ұштастырып, бес жылдық план бойынша қайтадан қолға алғалы отырмыз. Бір кезде колхоз құрылысы социалистік шаруашылығымыздың іргесін нығайтуда жаңадан қаланған кірпіш еді. Енді кірпіш үстіне кірпіш қалаудың міндеті тұр. Қалайтын кірпішіміз — су электр станциясы. Ертең кең жазық жаппай нұрға бөленеді...

Ертең электрдің дір қаққан көгілжім сәулесі жымындап колхоздардың үстіне шұғыла боп түсіп, комбайн электрмен жүрсе, малды электрмен суарсақ, қойды электрмен қырықсақ, одан артық бақыт не?.. Табиғат-

тың тың, пайдаланылмай жатқан байлығын пайдалануға техниканың жаңа табыстары өнім күшімізге негіз боп адам нанғысыз ғажап алға кетеді деп Ленин айтқан болатын, жолдастар. Біз сол дәрежеге жеттік. Данышпандық ой ұлы мақсатқа ұмтылдырады. Біздің бұл ісімізді ұлы мақсатқа жетудің зор тиянағы деп біліңдер. Кәне, инженер жолдастардың проектісін тыңдап, пікірлерінді айтыңдар...

Д у л а т (*проектінің чертежін алдарына жайып*). Иә, бұрын да талқыланған еді.

Ж а р қ ы н. Басқа колхоздар талқылап қаулы алды...

Д у л а т. Жарқын аға техниканың жаңа табыстары туралы жақсы айтты. Табиғат өзінің байлықтарын босан босқа бермейді. Байлық жеңген күнде ғана қолға келеді. Осы адамзаттың құрығы мойнына түспеген долы өзен менің проектімде екі жерден байлануға тиісті.

Қ а й ы р. Екі жерден байлаудың себебін айта кетіңіз?

Д у л а т. Жыл он екі айдың қарлы-жаңбыры, өзеннің сел боп тасуы болмай тұрмайды. Бас тоған, оның атқаратын қызметі, өзеннің артық суын екінші арнамен ағызу болса, тоспа тоған — яғни бассейн, мұның қызметі — станцияға су беру. Бас тоғанда көзделетін мақсатты айқындау үшін колхоздардың келешегіне қаралық. Келешектерің не дейді, аудан көлеміңіз мінекей, күнгей бөгеттегі жеті колхозды қоспағанда дейік, он сегіз колхоздың радиусын түгел алсақ...

Ж а р қ ы н (*сөзін бөліп*). Етектегі бес колхозды қоса есептеңіз.

Д у л а т. Онда жиырма үш колхоз, әр колхоздың егін даласы, суарылатын жері, бау-бақшасы, мал фермілер мен жайылымды отары, трактор, комбайн паркі, үш МТС, мәдениет орындары, аурухана, аудан орталығы, осыларға электр қуаты қаншалықты керек болса, су да сол мөлшерде... өзен суын иірімнен бұрып көтергенде, бес үлкен кең алқап жазықты еске алғым келеді. Бірінші жазықта жеті колхоз, мұны шығыс «Дала жұлдызы» комплекс, екінші жазықта тоғыз колхоз, оны батыс «Дала жұлдызы» комплекс, оңтүстік, теріскей бет, бес үлкен комплекс.

Ж а р қ ы н. Кешіріңіз, комплекске бөлуіңіздің мәні не?

Д у л а т. Оның мәні, өнім күшінің тиянағы су электр станциясы болса, одан бөлінетін күш, комплекс-

тік әдіспен беріледі. Бәрібір жағылатын от екен, оны қай жолмен жақсақ та жағылады ғой.

Жарқын. Сол отты жағуға алдымен не қажет, соны айтыңыз?

Дулат (бірден). Асау өзенді сағасынан ұстап, оның дүлей күшінің бетін бұру қажет. Станцияны келешекте жиырма үш колхоздың өнім күшіне айналатын қазық, берік тиянақ ету қажет. Ауданыңыздың болашағына үңіле қарау қажет. Сонда мол болашақтың қайнарының көзін ашқанымыз. Сонда сусыз шөл даланы қапсыра құшақтағанда құшағына сыйғызғаның, сонда біздің жеңгеніміз.

Жарқын (орнынан ұшып түреген). Су станциясын қайнардың көзі, келешекте тоғаннан тартылатын канал өмірдің кең салалы тарауы дейміз ғой...

Қайыр. Міне, міне, менің ойымның дәл үстінен түстіңіз, ал інішек, сенен бір тілек?

Дулат. Айтыңыз.

Қайыр. Ілгерідегі ісімізге алақанның аясынан қарасақ әрине тайыздық болар еді. Жарқын жолдас, канал тартуды бізге қоса жүктегелі отыр.

Жарқын. Биыл емес, келер жылы деңіз.

Қайыр. Иә, келер жылы-ақ болсын. Әңгіме келешек жайында болғандықтан, соны болжай сөйлесек деймін. Мына Игнат Никифоровпен екеуіміздің бір ойымыз бар еді...

Игнат. Сен енді шұбылтпай түйінін айт.

Қайыр. Аспаннан тілеуді бізге жазбапты. Су үшін қысқа күнде қырық ойланып... бірде тапшы, бірде мол, құрғақшылықпен алысып желе жатқан колхоздармыз...

Игнат. Пайдаланатынымыз қар суы десеңші?

Қайыр. Қар суы... мәселен біздің колхоз бен «Путь социализма» колхозына канал тартқанда өзен аралығын бөліп жота жатады...

Дулат. Қай жотаны айтасыз?

Қайыр. Қоңырдың жайлауынан созылатын көк ойрақпен сабақтас жалпы етектің жотасы.

Дулат. Өзен суын сол жотаның бойына өлшеп көтер дейсіз ғой...

Игнат. Сол жотадан өзен суын қалай асыруымыз керек. Сілтенізші, біле отырайық.

Дулат. Меніңше, екі жолы бар. Бірі бассейнден тура тарту. Не өзенге құлайтын сайды бөгеп, көл жасау.

Игнат. Бізге шиірін айтпай, қиырынан орайтын қиынын айтсаңыз екен!

Төкен. Біліпсің... қисыны кеп тұрғанда қиынында нең бар...

Игнат. Жок, біздің долбарымызға келмей тұр... Бізге бүгінгісі емес, болар істің болашағы болса инженер жолдас өзінің планын біздің келешегімізге қарай үлгілесін...

Дулат. Иә, ескерейік.

Игнат. Ескерсеңіз... біздің тартатын каналымыз дәл осы өзендей болуын да ескеріңіз... ал тағы бір сұрақ? Осы дүниені тулататын станциямыздың қуат-күші қандай болмақ?

Дулат. Бес мың киловатт.

Игнат. Е, бопты онда. Бар жылқымыздың күші бір өзінде болса не арман бар, құп дейік, орнататын генераторымыз нешеу?

Дулат. Үшеу.

Игнат. Ал, біту мерзімі?

Барлығы. Иә, бізге де керегі сол. Кесіп айтсаңыз екен.

Дулат. Кесіп айту істің орайына, сіздердің жұмыла кірісулеріңізге байланысты.

Төкен. Демек, былай ғой, жолдастар! Мен өзім болашақта жұлдызымның қалай жанатынын жақсы түсіндім. Жарқын жолдас айтқандай түсімізде көрмейтін керемет екен. Кереметті кереметтей еңбекпен істеп шығуымыз керек қой деймін. Ал, менен бір ұсыныс... социалистік жарыста мына Игнатпен алма-кезек түсіп келе жатыр едік... түстім тағы сол жарысқа...

Игнат. Әліңе қара. Күшіңе сенсең түс...

Төкен. Шақырғаным — сенгенім де...

Степан. Па депті, жүйріктердің жұлқына шығуын қара. Бізбен түсетіндерің қайсың?..

Жарқын. Еменнің иілгені — сынғаны. Степан, берме алдыңды... Кәрі тарлан емес пе ең...

Степан. Неге берейін... Алыстан шабынған бурада әл бола ма...

Жарқын. Жол Степандікі... ойында озған шынында да озады... Ал, жолдастар, проекті аудандық совет атқару комитетінде, райком бюросында қаралып бекітілді... Біз, большевиктер, ой мен істің ауырлығын күн бұрын болжап, не істесек те көпке сүйеніп, көптен ақыл ап істейміз ғой. Берген ақылдарыңа рахмет. Не талабына болса да әзірміз дейміз ғой...

Барлығы. Не талабына болса да әзірміз.

Дулат (*қуанып*). Соғыс қызметінде болғандықтан ба, шұғылдау келсем, сөкпессіз. Істің артық, кемі болады ғой.

Жарқын. Болады, о жағын маған сеніңіз.

Дулат (*Қолын ап*). Сендім.

Жарқын. Ал, қуаныштың басы — той, тойдың тарқауы — бәйгі, жарыс, рұқсат етпеді деп өкпе тағарсыңдар, барындар!

Төкен. Аймұрзаев жолдас, бәйгіде озған, түбінде де озады.

Жарқын. Сен жұма сайын бір той жасасаң да тоймайсың. Қане, қызығын мына инженер жолдас та көрсін, ат дайындандар!

Дулат. Кешіріңіз, маған атқа мінуге болмайды.

Жарқын. Себебі?

Дулат. Өкпемде алынбай қалған оқ бар.

Жарқын. Оқ?! Оныңыз қиын екен. (*Ойланып тұрады да.*) Жаксы, демалыңыз. Серуендеңіз, рұқсат болса, мен той жағына барайын.

Дулат. Рұқсат. (*Жарқын бар, барлығы кетеді. Дулат қалады.*) Тамаша ойлар салды. Менің үлкен идеяның іске асуына түбінде мықты серік осы кісі болар. (*Ақырын әндетіп.*)

Жарқын жолдас, құшағыңды аш,
Құшақташы, қысшы мені.

Өзеп жақтан орталарында Бек, әскери бір өленді хорға қосып
Айдарлы мен Ақмарал бар бір топ қыз-келіншектер келе жатады.

Жорық әні:

Солдаты біз отанның жауға аттанған,
Қайраты біз халықтың қанаттанған.
Көк болат, қайтпас семсер біз ақ алмас,
Намыспенен суарып кекке малған.

Атсақ, дәл атқан.
Шапсақ, жайратқан,
Біз отанның солдаты,
Бізә мен кек қайнатқан.

(*Екі рет қайталанады.*)

Бек (*әскердегі, үйреншікті әдеті бойынша Дулатқа честь береді*). Лейтенант жолдас, аманатыңызды бұл-жытпастан орындап қайттық, қуып келдім.

Дулат. Орындағаныңа рақмет, ал мундирсіз адамға честь беруіңмен қуып келгеніңе жол болсын.

Бек. Қол маңдайға барды дегенше, аяқ та сарт ете қалатын әдет қой, лейтенант жолдас.

Ақмарал. Сіз тұрмақ, бұл маған да сүйтеді.

Бек (*Қолын маңдайына апара түсіп тартып алып*).
Дәл солай.

Дулат. Әдет те, әскери өмірдің қадірлі дәстүрінен қалған әдет те.

Бек. Үйреніп кетіппін. (*Қолын көтеріп ап.*) Лейтенант жолдас, тойшылар ат бәйгесіне шығуға хабар келді. Бармаймыз ба?

Дулат. Рақмет, өздерің барыңдар.

Бек. Қыздар! (*Қыздарды бастап, әндетіп кете береді. Ақмарал мен Дулат қалады.*)

Дулат. Көп ішінде осындай шат көңілді біреудің болғаны да жақсы.

Ақмарал. Онысыз өмірдің сәні кіре ме?

Дулат. Иә, біз майданға кетерде кеудең тола, көз алмай қадала қарап қалып ең. Оймен алысып шаршаған боларсың?

Ақмарал. Ой азық емес пе? Қадала қарап қалғанды зарықтырмай келген де бар. Сіз келдіңіз, ол жоқ.

Дулат. Иә, ол жоқ, неге жоқ? Аттанарда байлап кеткен серті мықты шығар. Сол үшін кешіккен болар?

Ақмарал. Оны майданның от көпірін кешкен сіз білетін боларсыз?

Дулат. Мен білсем, бар сағыныш пен қуаныш сарқылып бір жерге жетсе де, маған тек бір көздің жасы құрғамаған тәрізді.

Ақмарал. Іркілген жас оп-оңай құрғамай ма?

Дулат. Ол аружанның асылдығына қарайды. Келеді деген үміттің келешегі жұмбақ боп, келмей жүрсе қайтесің.

Ақмарал. Келмей жүрсе. (*Торыққан пішінде.*) Онда жанып тұрған жүректің сөнгенімен бірдей де... (*Аз үнсіз.*)

Дулат. Туған жерден аттанғалы бес жыл екен, бес жыл саған онша ұзақ болмаған болар?

Ақмарал (*бірден серпіліп*). Өзіме бір жұмада да болған жоқ. Қызу жұмыста болдық.

Дулат. Біз сені техникумды бітірген соң ілгері тағы да оқуға кеткен болар деп едік. Не үшін оқымадың, не үшін бұ жерге аялдап тұрып қалдың?

Ақмарал. Маған оқы, бұ жерден ауыс, жағдайыңа жайлы орын ізде деп қозғаған ешкім болмады.

Дулат. Иә, адам көлденең бір орында қозғалмай тұру да анық. Мынау тұрған биік жартас бір күндерде жүрген жеріміз еді, сол жартас әлі де жартас, су стан-

циясының іргесін осыдан қалаймыз деген түні сен дәл сол жартастың түбінде тұрып, Лермонтовтың:

Қонады бір күн жас бұлт,
Жартастың төсін құшақтап,
Жөнелді ертең, қалды ұмыт,
Көк жүзінде ойнақтап.
Ажымды жүзі тершіген,
Кәрі жартас таңғапты,—

деген өлеңін айттың.

А қ м а р а л. Иә, ұмытпапсыз, байқаймысыз, сол жарта-
с өзгерген бе? Оны жанып түскен жай оты да ала
алмайды. Сол үшін айтылған мирас болар.

Д у л а т. Мирас үшін айтқаның біздің де есімізде.
Көз жасын төгіп жүріп тапқан қуаныш маған осы жар-
тастың төсіне қонған жас бұлт тәрізді.

А қ м а р а л. Ә, солай ма... Мен есіркеу ғана ма деп
ойлап ем, жел еседі, бұлт демей ме?

Д у л а т. Деушілердің ішінде қылмаған некеге за-
рықпа дегендер де болар?

А қ м а р а л. Болған күнде. Мақтанышы сол болса.

Д у л а т. Кім білсін, мінезі қызық жан көпті...

А қ м а р а л. Жас бұлт қайда қонбайды, жартасы
жоқ сайға да, өзенге де қонады. (*Алысқа меңзеп.*) Сонау
өзен табанында іргесін сіз қалайтын тоғанның бауырына
да қонады. Байқайсыз ба? Не белгісі, не ізі жоқ қой.
Егерде өмір із қалдырмай өте берсе, егерде өмір бұлт тү-
йілсе түнеріп, үміт бұлдыр сағымға айналса, шарықта-
ған асау ой қанатын жая алар ма еді.

Д у л а т. Меніңше, кімде-кім маңдайына не жазыл-
са, сонымен болар еді.

А қ м а р а л. Сіздіңше онда не көрсек те маңайдан
деуіміз керек пе?

Д у л а т (*сәл кідіріп*). Маңайдан болмаса, талайы-
нан. Тек үмітпенен сарғая күткен сағыныш зая кетпесе
болғаны да...

А қ м а р а л (*бойын тік ұстап*). Артық айтсам, кеші-
рерсіз, кейбір сұм ойлардың астында сорғалаған көз
жастары әруақытта зая кетеді.

Д у л а т. Дос қарызын дос ретінде айтқаныма сен де
кешір. Оны ойласам мен де демімді ауыр аламын. Ке-
йінде күн бар, ойланарсың... есіңе түсір... тере берсе,
дәлел көп қой. (*Сәл кідіріп тұрады да кетеді.*)

А қ м а р а л. Онда сол күнді біз де күттік.

Бұл кезде ағаштың ішінен Сұңғат шыға келеді.

Сұңғат. Амансың ба, Ақмарал? Тоқтай тұр!

Ақмарал. Иә, тоқтадық, тал сығалауыңа жол болсын.

Сұңғат. Сендердің қызықтарыңа қарап тұрғаным да.

Ақмарал. Қандай қызық?

Сұңғат. Түсінбей тұрғандай... ана су станциясын салуға келіп қапты бір сабаз, есебі инженер дейді... Жай да емес, су инженері, жұлдыздан алқа тағады екен. *(Өлеңдетіп.)* «Шіркін-ай, дәурен-ай, сағындырған сәулем-ай...» Ала кепті осы әнді.

Ақмарал. Иә, кім нәшіне келтірсе, сол айтсын деп әкелген болар. Өте әсем ән екен, айта түссеніз деймін.

Сұңғат. Осы мені кім деп жүрсің, Ақмарал?

Ақмарал. Ескі бастықтың тұсында сыйыса алмай кетіп қалдың, жаңа бастық келгенсін жағысам деп қайта оралдың. Кім деуге болады?

Сұңғат. Демесең, жүрекке де бір ерік берейік те...

Ақмарал. Жүректің еркі өзінде...

Сұңғат. Есінде ме, менің орынбасар, сенің хатшы кезің, есебі, осы тоғанның проектісін бекіттіріп алуға ауданға бардық.

Ақмарал. Иә, одан бері неше жыл өтті?

Сұңғат. Өте берсін... Есебі, онда сен бетіңе келгенді сөйлетпейтін, тентек едің. Есебі, өсе келе ақыл тоқта-тып, оң-солыңды танитын байсалды кісі боп қалдың. Тіпті бізден озып та кеттің.

Ақмарал. Озғандай мен не істеппін? Орынсыз мақтау ғой деймін, Сұңғат аға.

Сұңғат. Есебі, біз білеміз ғой.

Ақмарал. Нені?

Сұңғат. Сенің бұраң жолдарды баспай, көлденең бөгеттерді аттап өтіп өсіп келе жатқаныңды.

Ақмарал. Сіз неге сүйтпедіңіз?

Сұңғат. Мен де сүйттім. Бір орында тұрып қалмай қиыр жолдармен, есебі, саған қарай жақындауым сенімді ақтағаным ғой деймін.

Ақмарал. Маған қарай?

Сұңғат. Иә, *(еліре сөйлеп)* сол, Ақмарал. Ертең тоғанды салғанда менің бұрынғы Сұңғат емес, дүниені ұршықтай үйретін, тау арқалатсаң да көтеріп, жай әше-йін... Не ауырлық болса да талмай сүйрейтін Сұңғат екенімді білерсің. .

Ақмарал (сақылдап тұрып күліп). Өзін-өзі мақтаған...

Сұңғат (сөзін бөліп). Иә, мақтанды десен де, дәл мына өзеннің толқынындай, есебі, гөңкере жөнелмесем, сонда айт. Жүрек сезеді ғой.

Ақмарал. Сол сезгіш жүрегіңнің түбінде үңіліп қарадың ба?

Сұңғат. Қарадым.

Ақмарал. Қарасаңыз, не көрдіңіз?

Сұңғат. Апырм-ай енді, құлағына қол апартпай, тулаумен өтемісің? Осы біз де адамбыз ғой.

Ақмарал. Басы иығына біткен адамдар аз ба?

Сұңғат. Бас иыққа бітпейді...

Ақмарал (Тағы да күліп). Жақсы, Сұңғат аға, бабында екенсіз, қызу жұмыс үстінде санасармыз.

Әндетіп кете береді. Сұңғат сұлық тұрып қалады.

Сұңғат (Өзіне). Ұтылдым да, шатылдым. Әй, сен қызды ма... Бұйырмасаң да бұрымыңнан бір іліктірірмін. (Іңкәр келе жатады. Оны Сұңғат байқамайды. Сыртнан құмартып.) Еһ, жұтып неге қоймадым екен?!

Іңкәр. Жұтатындай, ол өрік-мейіз деп тұрсың ба?

Сұңғат. Қоя тұршы, неге келдің?

Іңкәр. Неге келдің дейді ғой... Не естіп, не білдің?

Сұңғат. Не боп қапты?

Іңкәр. Ана келген инженер мен бастық біздің үйді тоғанның басынан көшіру керек, көшірмей болмайды деп секретарьға айтты дейді ғой...

Сұңғат. Не дейді?.. Есебі, проектісін бекіттірмей тұрып бетін қайыруым керек еді... Әттең, кеш қалдым.

Іңкәр. Басы-қасында жүріп, сен не деп көнесің, мен не деп төземін?! (Жыламсырап.) Жері қандай еді, суы іргесінде, айнала жайылым, қорамыздың өзі қазақтың әбізел үйіндей. Сырлы тақтай, пешін қаңылтырмен жапқызып алып едім, күт еді, күт еді...

Сұңғат. Бекер-ақ салдырған екем.

Іңкәр. Жеріне қызықтық қой, жеріне.

Сұңғат. Е, жеңгесі, сен байыған үстіне байысам екен дейсің, есебі, оған бола ма. (Ағаштың тасасынан Елемес шыға келеді.)

Елемес. Болмайды. (Қара ағашты қолымен сілкіп қап.) Уһ, түбіңнен неге қырқып тастамадым екен.

Сұңғат. (дереу қалпағы мен пальтосын ап). Ағашта нең бар?

Е л е м е с. Тәубесінен жаңылғандарға сая болған ағашты қырықса да оқасы жоқ. (*Батыл түрде.*) Жан-жалдың басы сенің үй салуыңнап басталып еді, ақыры менің ұшып түсуіммен аяқталды. Сенің үйің әлі тұр, ағайын — ағайын емес, аңдушы. Шантауға бар, ақтауға жоқ ағайын.

С ұ ң ғ а т. Іңкәр сенікі дұрыс, қорғайтын қайнын бар. Талтанда да тарта бер.

І ң к ә р. Тәңір алғыр-ау, қойсаң да болатын еді. Менің жарам жеңіл.

Е л е м е с. Иә, менің жарам ауыр, жеріне жетпей қоя алмаспын. Шалқайғанға еңкейген (*кекетін*) еңкейдік, тақсыр, үлкен басымызды кіші еттік. (*Басын иеді.*)

С ұ ң ғ а т. Көп асқанға бір тосқан.

Е л е м е с (*Тесіле қарап*). Осыны айтарыңды біліп ем, жарайды, әлі де сол қалпымдамын дейсің ғой сен. Бола бер. Сенен көрген қоқайым, белгілі де. Тосырқа, үрік, жолатпа маңыма.

С ұ ң ғ а т. Менде не тұр?

Е л е м е с. Жаңа бастық алдында жайран қағып жүрген жігіттің қолында бәрі де тұр. (*Күйін.*) Айыбыңа лайық жазан бар, жеткен жерің осы десен, оны айт, болмаса мына салынғалы тұрған көптің игілігінің пұшпағына орайын тауып мені де жармастыр. (*Зілмен.*) Тілімнен келмесе, қолымнан келеді.

І ң к ә р. Е, бәсе, өстіп бір орайлассандаршы түге.

С ұ ң ғ а т (*Түсіне қар*). Жоқ, есебі, ескі әнге қайта бастық.

Е л е м е с. Басқаным сол.

С ұ ң ғ а т. Апыр-ай қағысуды қойып, тоғыссақ па екен деген тілекте ем. Онан да бір қазанға сыймаймыз, есебі, кет әрі, жоғал дегенің жақсы еді.

Е л е м е с. Соны ұғынсаң болғаны.

С ұ ң ғ а т (*егілін*). Ұғындым да түйіндім дейін жадыма. Тек соғылдым да қағылдым демесен, төндірме. Қайта шұқшиған бетін қайтаруға жәрдем бер...

Е л е м е с. Сазайын тартқам... Үйің тұрсын, орманыңмен неге көшірмейді...

І ң к ә р (*шатынап*). Тілеусіз өткір-ау, тырапай асып құлайтыныңды білгенде жең үшіннен неге жалғастың, тоқылдақ тәубе сен емес пе ең ақыл берген...

Е л е м е с. Иә, сол үшін де күйінем де қорланам. Қолдан тайсам, пенделігім шығар... (*Мақпал келеді.*)

М а қ п а л. Тұрашабым-ау, сен мұнда неғып жүрсің?

Е л е м е с. Нағып жүрейін... жүрмін...

М а қ п а л (*астарлап*). Қуға қу намазшамда жолығады дегендей, жолыққан екенсіңдер. О, тоба, шөп сындырайын. (*Жерден шөп алып сындырады.*) Артының қайыры болар.

С ұ н ғ а т. Қайырын бұрынырақ тілеуің керек еді, Мақпал?

М а қ п а л. Иә, араларың ит пен мысықтай арбақан күнде де...

С ұ н ғ а т. Онда да шапка түртіп шамдандырған сен болатынсың.

М а қ п а л. Уа, менікі жөн, уа, менікі мақұл деп ауыздықпен алысатын сабаздар. Күндерің сыбыр-күбірге қалды ма? Айналайын үкімет әділ ғой, жұрттың талқысына беріп кеп жіберіп еді, жүні жұлынған тауықтай жүрдай болып шыға келдіңдер.

С ұ н ғ а т. Жетеді, тарта сөйле, сен қатын.

М а қ п а л. Уә, депті, қатын да болсам, сен екеуіңе дәл осы кезде батырдаймын.

С ұ н ғ а т. Әй, Елемес, мына қатының не дейді?

М а қ п а л. Не дейді. (*Білегін сыбанып.*) Бірінді бірің ұшықтап үшкіргенмен, жаза алмайсың, желөкпенбен жайыңа жүріндер дейді. Өтірік пе?

С ұ н ғ а т. Есебі, бұл диюді сөзге түсіндіріп болмас, қой кетейін. (*Кетіп бара жатып.*) Елемес, есебі, айттым ғой, есебі сол. (*Кетеді.*)

Е л е м е с. Жаңа ғана орайын тауып үйрілттім бе деп тұрғанда, көлденеңнен кеп киліге түскені несі екен?

М а қ п а л. Жә, сығалап жүріп сыбағамды алмай-ақ қойдым. (*Білегін сыбанып.*) Мына білегімнің садағасы. Әй, ырысыңды екеуінің арасынан тілемей от басынан тіле де сен де жайыңа жүр.

Е л е м е с. Жә, жә, өршітпеңдер. Түсінбегенсін не керек.

М а қ п а л. Түсіндім деп жүріп тонқалаң асканы ойында да жоқ-ау, іздегенің дәреже ме... Жок, әлде жан тыныштығы ма? Мандай терді сыпырмай дәреже табылмайды. Тыныштығыңды ойласаң, мына күж қарнына сүйен де шалқаңнан түс те, үйде жат. Ал, анаған бір жалтақ, мынаған бір жалтақ, сыбыр-күбір, пышпыш, анау еді, мынау еді, ондай байды төбеден бір қойып, үйде отырғызғаннан артық ақыл жоқ. Жүр, бері.

Е л е м е с. Мен екі дауылдың ортасында тұрмын ғой,

Мақпал. Беу, салмағыңа сенсең тұр, ұшырып әкетеді. Өне Дулат келе жатыр. Сен олардың көзінше тағы да көкісің. *(Еріксіз алып кетеді. Сахнаға қолдарында көтерген ас-суы бар Степан, Ұмсынай, бірнеше әйелдер шығады.)*

Степан *(желініп)*. Фу... Самалдан кашып күн қақтыда босқа отырыппыз ғой. Әлгі жаңа бастық қайда? Шақырындар. Той басшыларын ерте келсін.

Ұмсынай. Дәм татпай қалғаны жоқ, бәрін жинап қайтесіз?

Степан. Ертең үйдей өкпеге қаласың. *(Іңкәрға.)* Әй, көлең қаққан күпті келін, бар, қалғаны болса, алып кел.

Іңкәр. Ата, мені жұмсап қайтесіз?

Степан. Ә, болдырып жүрсең, қойдык.

Іңкәр *(деміне булығып)*. Зейнетім еді, үйтіп-бүйтіп тырнақтап жүріп салдырып ем, қойдырыңыз, ата.

Степан. Тсс-с, үдетпе шырағым, тойдан кейін айтарсын.

Іңкәр. Неге шұқшияды, басқа жер жетпегендей...

Степан. Жер деген кең ғой, той үстінде әңгіме көтеріп қайтесің. Бар, шырағым.

Іңкәр. Ақмарал дейді ғой.

Ұмсынай *(құлағы шалып қап)*. Кім дейсің?

Степан *(жуып-шайып)*. Қой деген сөзді тыңдаймысың.

Іңкәр. Тыңдадым, ата. *(Кете береді. Ұмсынай қарағаштың саясына дастарқан жаяды да о да кетеді. Сыртта бәйгеге шапқандардың дүбірі естіледі. Степан елегізіп қарайды, Дулат келеді.)*

Степан *(арқасы қозып)*. Па шіркіннің көсілуін, шырқап кетті. *(Қиқулап.)* Кейт, кейт!.. Уә, Дулатжан, көріп тұрсың ба?

Дулат. Көріп тұрмын.

Степан. Баяғыда бұл бәйгеге талай түскеміз ғой.

Дулат. Қайда жүріп?

Степан. Е, қайда жүріп болсын, он бес жасыңнан бері қазақ ішінде өссең, бәйгесі тұрсын, той бастарын да үйренесің. Реті келген жерде өзіміз өлеңмен айтысып та жіберетінбіз.

Дулат. Тіліңізге ешқандай айырма жоқ.

Степан. Па депті, мен сендердей тіл бұзар деймісің. *(Елегізіп.)* Қарап қой, анау құдия шауып, құйрық тістесіп бара жатқан біздің ескі бастықтың сұңқар биесі. Мал фермасының бастығы болғаннан бері, атқа ша-

буды да үйреніпті. Әйел деп кім айтар, бір күні күйеуін өңгеріп ала қаша ма деп қорқам.

Д у л а т. Сом екен.

С т е п а н. Сомың не, көкжал де. Кеуіліне келер соның құрметі үшін әлгі топай асып, құлап қала беретін байын бригадирлердің бірдемесіне қоя салындар.

Д у л а т. Кімді айтасыз, ата?

С т е п а н. Әлгі Елеместі де.

Д у л а т. Жақсы, ата, ескерейік.

С т е п а н (*Ақмаралды шақырып*). Маралжан, бері кел, мына атасының жақсы көретін баласы осы. Көгершінім, отырындар. (*Екеуін де дастарқан басына әкеп отырғызады.*) Жарықтық, қарағаш, той болды-ақ, осының көлеңкесінде тайраңдаймыз да қаламыз. (*Шұқшия қарап.*) Өзі де қартайыпты. Менімен түйдей құрдас.

Д у л а т. Оны қайдан білдіңіз, ата?

С т е п а н. Білмегенде, бұл маңда ағаштың үлкені осы. Кәрінің үлкені — мен.

А қ м а р а л. Ұмсынай апамды қайтесіз?

С т е п а н. Ұмсынай бейшараның басы көгеруден қалды ғой.

А қ м а р а л (*көңіліне ауыр ап*). О не дегеніңіз, ата. Панасыз деп ойлап па едіңіз?

С т е п а н. Біз құрғыр, кейде ығын білмей айта саламыз, иә, оның баласы, (*бармағын көрсетіп*) ортан қолдай бала еді, шешесін қолыңа алғаның жақсы болған.

Д у л а т. Дұрыс айтасыз, қария, өр жігіт еді.

С т е п а н. Оны сен де білемісін?

Д у л а т. Білуші едім, майданға бірге аттанып едік.

С т е п а н (*ыңылдап, таңырқай қап*). Е, е... сүйтіп от көпірді бірге кешіп едік де...

Д у л а т. Бірге кештік, бірге болдық. Мені осы жұмысқа жетелеген сол болатын.

С т е п а н (*есіне түсіріп*). Жөн, жөн... Құс қонағына, ер жарағына дегендей, иә, иә... Өзің қай заманнан үйір бала едім де... Дұрыс, дұрыс. Қайырлы болсын. Мен тағы да қате баспасам.

А қ м а р а л. Ата!

Д у л а т. Бүлдірдің, қария, бүлдірдің.

Қайыр мен Сұңғат келе жатады, екінші жағынан Елемес келіп, қарағаштың тасасында сүйеніп тұрады. Ұмсынай мен Інкәр той тамағын әкеледі.

Қ а й ы р. Осы бәйгені бермесек те болатын еді.

С т е п а н. Немене, біреу мерт болды ма?

Сұңғат. Қырық бөрік бірден ұшты.

Қайыр. «Алғабастың» бір шалы ат-матымен ома-ката құлап жұрттың аяғының астында қалды.

Сұңғат. Ә, жаны сірі неме екен, есебі, өлді ғой деп қорқып ем, тірі қапты. Степан, мына инженер жолдаспен тұңғыш рет көрісіп отырғанымыз, немене тамақ жібітетін бірдемең бар ма? Ақмарал қарындас та қатар түзей қалған екен.

Қайыр. Ақмарал неге теріс қарап отыр?

Сұңғат (*кекел*). Есебі, ат басқан шалды қайғырып отырған болар. Кәне, Дулат жолдас, сіз бастаған істің кірпішін қаласуға шыққан мен де бір ағаңмын. Өткен жылы сол тоғанның қасына үй де салып алып ек. Танысқанымыздың алды осы болсын.

Степан. Ит ырысың мол-ау, біліп салыпсын.

Сұңғат. Білмегенде, есебі өзіміз шүмекті бұрап жіберіп, суды үйден ағызып алатын боламыз.

Дулат. Сіз жаңа, тоғанның қасынан үй салып алдым дегенді айттыңыз. Сол үйінді тоғанға жиналған су тасқынына қарық болмаудың қаупінен сақтап, қырға көшіруді мен айтар ем.

Сұңғат (*көзі ежірейіп, үрейлене қарап*). Қырға көшіруді...

Елемес (*Қарағаштың тасасынан шыға кел*). Маған тиген таяқтың бір ұшы сол үйдің салынуы болатын.

Сұңғат. Есебі, маңдайыңа тиген сол үйдің салынуы болатын болса, жарға қарай құлат та күнаңнан арыл. Инженер жолдас проектісінде мені батырып, сені алып шықса, не арманың бар...

Қайыр. Бұл мәселе дастарқан басында шешілмейді, қойыңдар.

Сұңғат. Есебі, онда менің үйімнің бұзылуынан бастайтын болдық қой. Кәне, сол үйді салушы мен бұзушының құрметіне...

Елемес. Үй ішін айыбымды ақтаудың алды болсын, Степан мен құяйын.

Сұңғат. Қыздыруға шебер ең, есебі, сенің құйғаның жөн.

Сырттан Бек пен Айдарлы Мақпалды қошеметтеп алып келе жатады.

Бек. Жеңге болса осындай болсын, намысты жібермеген асыл жеңгенің алдында, ағалар, бас иіңдер, міне бәйгең. (*Бір уыс ақшаны орталарына тастайды.*)

Степан (*түрегеліп*). Мен текке мақтамаймын ғой,

о, балуан келін, бап келін, сенен садаға кетсе де болады. Кәне, отыра қалындар! Өй, бұдан артық мақтанышың не. Түрегеп орныңды бер. (*Мақпал мен Бек дастарқанға жақындайды.*)

Сұңғат. Суып кетті, мұздап қалды.

Мақпал. Осы сенің-ақ қазаның қайнап тұрады екен.

Сұңғат. Есебі, астындағы оты қызу жанғандықтан болар... Ошағының қары сынып, мезгілсіз құласа амалым не. Ақмарал мен инженер жолдас проектісінде қайнардың суын от жатпай-ақ қайнатам депті ғой.

Дулат. Қайнардың аты қайнар. Қары сынған ошақ көшкен елдің жұртында қалатын.

Сұңғат. Есебі, сынғанды жамау үшін келсең, менен басқа да табылады.

Ұмсынай (*бірден сезік ап*). Не естідім? Қайғымды мазақ, қуанышымды келеке еткің кеп пе еді?..

Ақмарал (*тітіреніп*). Апа!..

Ұмсынай. Сүйенішім бе десем, сорға жығар аңдушым ба едің?

Степан (*бөліп әкетіп*). Қуаныштың үстінде бұларын не? Әу, балалар, той тарқарымызды істейік те...

Барлығы. Дұрыс айтасыз... Бастаңыз, Степан!..

Степан. Жарасып өтсек дүниеден, өз алдына бір мерей. Жарастығымен шөлдесең сусын, жығылсаң сүйсеу боларлық өрен боздақтар да бар еді. Сол боздақтың бірі мына Дулат ортамызға келді. Кең, жазық алқабымызды сәнге ораймын, қалаңды нұрға бөлеймін, қырыңды ой, шөлінді су етемін, үмітінді жалғаймын деп қайнар бұлағыңның көзің ашуға келді. Мен қызуы қайтқан кәрі болсам да, төрдің сәнін келтірген — текшелеп жиған жиһаз сияқты жарасымды жастаймын. Кәне, бастағалы тұрған ісімізді жарастықпен орындап шығудың құрметіне...

Елемес (*құшырланып*). Дәл айттыңыз, тауып айттыңыз, үзілген үмітін жалғануына!..

Мақпал (*ұнатпай*). Елемес!..

Елемес. Мен теріс айттым ба, үзілген үміт жалғанады.

Қайыр. Жолдастар! Алдыңғы сөз ағадан, аға сөзін нақыл дейік. Осында әртүрлі іліп-қақпа, шалыстау сөздің де төркіні сезілді. Маған Аймұрзаев жолдас «Сен кең далада, биік қырдан шыға келсең, алдында жаңа туған жұлдыздай көзіңе жалт етіп көрінетін «Дала жұлдызы» колхозына бара жатырсың. Есінде болсын, әр

адамынды сол даланың жұлдызына бағала»— деген еді. Бүгін біз колхоз председателдері жиналып Дулат ініштің проектісін тыңдадық. Станция біздің колхоз атымен аталады екен. «Дала жұлдызы» деген атымыз атағымызға сай; жүрегіміздің тазалығы жұлдыздай кіршіксіз, үмітіміз жұлдыздай жарық болсын, кәне...

Д у л а т. Ендігі сөз сіздікі.

С ұ ң ғ а т (*зілмен*). Мен айтсам, есебі, сүйеу болған күндерде сүйендім деген досқа арнап айтар ем...

Е л е м е с. Бұл әлі құдалықтың басы ғана, үлкен той, үйлену тойы алда, сонда айтарсың.

С ұ ң ғ а т. Онда сол тойдың даяшысы сен болуыңа...

Е л е м е с. Жоқ, сенен туған бала колхоздан кетіп, Заготскотта бастық болуына де.

С ұ ң ғ а т. Қызметсіз еді деп, сені де ілестіре кетер, иә, есебі, сөздің қаңқуын естігенде, қызығын да көрейік. Ақмарал жарастыққа жарасымды бағаны сенен күтетін сияқты. Сен арнасан қайтеді?

А қ м а р а л (*бірден*). Иә, сөзде қаңқу ауруда шаншу, дейді ғой. Несі бар елекке суды қалай құйса да сорғалап жерге түседі...

Ұ м с ы н а й. Ақмарал, не істегелі тұрсың?

А қ м а р а л. Қапа болма, апа (*Дереу өзі құйып алады да, аз үнсіз.*) У ішсең де түбіне дейін...

С ұ ң ғ а т. Удың арты өкініш болатын.

С т е п а н. Арнай салсайшы сол құрғырды, осы Сұңғаттың тілегі болсын.

А қ м а р а л. Қайыр аға жақсы айтты. Атымызға атағымыз сай, келешегіміз жұлдыздан да жарық болуына арнайын, иә. Бүгін жеңіс күні. Ардақты күнді куә етіп ұмытпасқа серт қып түйген әрқайсымыздың жан қойнауымызда ашылмаған асыл сыр бар емес пе?.. Той бүгінгі, жыл биылғы емес, талай тойларды да өткізерміз, талай тостарды да көтерерміз, ән де шырқармыз. Ал аласұрма аңғал қайда болса да аңғал ғой... Оның атын атап көтергенше, қызығын мұның жер көрсін. (*Төге салады*).

Б е к (*құшырланып*). Дәл болды! (*Барлығы аң-таң, не үшін төкті деген ойға қалады.*)

Ш ы м ы л д ы қ.

ЕКІНШІ АКТ

Сол өзеннің жағасы. Бас тоғаннан Құлама судың екі жақ жиегін колхозшылар таспен шегендеп жатыр. Әріректе биік жартаc тұр. Өзеннің кең иірім алқымында Сұңғаттың үйі. Өзен табанында бассейн салына бастаған. Сол жақ қанатта Дулаттың шатыры. Шатырдың ішінде телефон, орындық, стол, электр станциясының түрлі бөлімдері. Машина қайрақ. Перде ашыларда флейтаның үні естіледі. Қолында қайла, Елемес келе жатады.

Е л е м е с (*флейтаның үнін тыңдап*). Ей, бір заржак, қайда барсаң құлағыңнан кетпейді. (*Шатырдың ішіне үңіліп.*) Жок екен, болғанымен не пайда. (*Отырады. Қолында бұрғысы Ақмарал келеді.*)

А қ м а р а л. Бұл қай отырыс?

Е л е м е с. Мең-зең кісі қайда отырмайды.

А қ м а р а л. Есіңді әлі жинамап па ең?

Е л е м е с. Тас шауып тауы шағылған кісіден не ес сұрайсың. Осы менде де бас бар.

А қ м а р а л. Сыртқы қаланы ғана де. Мынау Бектің тартып тұрған сазына сенен басқаның барлығы да елітеді.

Е л е м е с. Еріккендер еліге берсін. Үйден шыққан қыз шиден тысқары. (*Қайланы лақтырып.*) Мә, жинап ал!

А қ м а р а л. Қайда барасың?

Е л е м е с. Істемеймін.

А қ м а р а л (*алдын орап*). Онымен кімді мұқатасың?

Е л е м е с. Мұқалған өзімді.

А қ м а р а л. Сабыр ет, әуелі мені тыңдашы.

Е л е м е с. Тыңдағанда айтарың төзімді бол, шыда деу ғой.

А қ м а р а л. Шыда, төзімді бол. Қате басқан қадамыңды қайта басқың келмесе, өткендегі ісіңнің жақсысына сүйен де, жаманның күйін.

Е л е м е с. Сүйінетін менде не қалды?

А қ м а р а л. Түріңе қарашы, еңсең де түсіп кеткен. Не үшін бұлай болдың, Елемес аға?

Е л е м е с. Қорлапғаным үшін болса не дер ең?

А қ м а р а л. Тағы да қате, зор қате дер ем. (*Тоғанға меңзеп.*) Осынша халық не үшін ыстық су теңізіне жүзіп жүр? Қопарылған жер мен өрілген тасты қара. Егерде әр тастың ауырлығын ойласаң, қанша адамның еңбегі бар. Сенің қатең, сол еңбекті бағаламадың. Сол қатенді дәл мынау Сұңғаттың орынсыз салынған үйінің оғаштығындай түсінсең, сонда ғана түзейсің.

Е л е м е с. Онда мұндай ағаш үйді бұзу керек екен ғой?

Ақмарал. Жок, салынған үй бұзылмайды.

Елемес. Бұзылмаса, менің қатем не?

Ақмарал. Сенің қатең — сол үйдің салынуын колдағандық.

Елемес. Соның есесін толтыру үшін тас шауып жүр екенмін де. (*Қолында күрек, Мақпал келе жатады.*)

Мақпал. Мен мұны жұмыс басынан іздеп жүрсем, бұл тағы да қандай күйге басып тұр?

Ақмарал (*қорған*). Жәй, өзара кеңесіп тұрмыз, жеңеше.

Мақпал. Әй, осы қан қызды, намыс шаптымен тырағайлап кеп тайталасам дейсің де жүресің бе, жок, өзінді де бір ойлайтын күнің бар ма?

Елемес. Тырағайлап мен не істеппін, жүрміз ғой көніп.

Мақпал. Жүрсең, бұ не отырыс? Жұмысыңа бар.

Елемес (*сескениңкіреп*). Не отырыс, отырыс болғансын отырыс болады да.

Мақпал (*күйініп*). Әттең жұрттан ұяласың, болмаса тасқа апарып таңып қоятынның өзісің. Ұста мына күректі.

Елемес. Жоқ енді, балуан екенінді білеміз ғой.

Мақпал. Білсең ұстайсың.

Елемес (*жерде жатқан қайласын ап*). Екі қолға бір қару да жетеді.

Мақпал. Жетсе жүр.

Елемес. Бұл енді өстеді, Ақмарал, айтсаңшы мынаған, мені кескен дөңбектей көтеріп қайда апарарды.

Ақмарал. Жеңеше, сабыр, жеңеше, сабыр.

Мақпал. Бұған осы керек.

Ақмарал. Мен айттым, жеңеше. Өзі де түсінгендей болды. Қоя беріңіз. (*Босатады.*)

Мақпал. Қап, қап, тандайына татқызайын деп едім.

Елемес. Мені бір таппай жүргендей, онысы несі екен? (*Тез кетеді.*)

Мақпал. О, сусылдаған сөз, мұның түбіне жетіп жүрген сол сөз ғой. Сөзде басың қалғыр. Маралтай-ау, оңашада басып та айтам, асып та айтам. Ау, қатең болған екен, еңбекпен түзет деймін. Мақұл, Мақпал, түзетем дейді. Ал, өз шаруаң қалай?

Ақмарал. Қандай шаруаны айтасың?

Мақпал (*астарлап*). Сүйгенім, сүйгенім еді дей ме, өзі не? Шын әңгіме ме?

Ақмарал. Сүйгеннің бәрі сүю боп шықса, шындықта қандай қадыр бар?

Мақпал. Қайдам?

Ақмарал. Сенбеймісің?

Мақпал. Кеше соғыстың тұсында қонышынан басып, танауын тым көтеріп кетіп еді, күле қарасаң да пәле ғой. Көрінген әйел бейне күн, көз сәулесі кеудеңе түсті-ақ болғаны. Алдынды орап кетпеді ме дегенім де.

Ақмарал (күліп). Иә, ораған күнде?

Мақпал. Орайын табуға тырысады да. (*Сенімсіз түрде.*) О, соқты-кетті бір құйын десем, сондай бір қоқайым да бар еді де. (*Шошынып.*) Безектеуің жаман еді. (*Күйініп.*) А, сұм-ай, іліктірген екен ғой!.. (*Қалтыранып кетеді.*)

Ақмарал (*сақылдап тұрып күледі*). Ойнап айтам, жеңеше, иә, өмір кейде қарттың ойыны, адам ұтылатын ақша тәрізді деп ойлаушылар бүгін сен ұтсаң, ертең мен ұтам деп есеп қояды. Иесіз қалған төсекке кімнің қолы жетсе, сол аунауға ерікті деп те ойлайды. Сондай белең алған құнсызға құшағын жайған азғынның қойны көр, ары жер неге болмайды. Саған берер жауабым, осы, жеңеше. Қалғанын кейін айтармын. Қазір мынау тұрған сырға куә, жүрекке айғақ көрі жартасты біздің комсомолдар бригадасы дәрімен бұзады. Жүр, біздің қимылымызды көр. (*Екеуі кетеді. Қолдарында тас тесетін үшкір бұрғы Айдарлы мен Бек келеді.*)

Айдарлы (*тас қайрақтың қасына кеп*). Кәне бұрауын мен бұрайын. Қайрауын сен қайра.

Бек (*қолын көтеріп қап*). Хұп болады.

Айдарлы. Осы сенің жұмысыңның хұп болмайтын бар ма?

Бек (*мойындағандай боп*). Дәл солай. Ал, зымырат.

Айдарлы. Зымыраттым, тек мықтап ұста!

Бек (*қолы тая беріп*). Түу, осының бәрі өз күшің бе?

Айдарлы. Қолыма алсам, сені де осылай зымыратып үйірем.

Бек. Мені де осылай үйірем?

Айдарлы. Үйірмегенде.

Бек (*әзілдеп*). Үйіріп қана қоямысың, жоқ соғып та кетемісің?

Айдарлы. Сөзді қой, ұста!

Бек. Қалай үйірем дейсің?

Айдарлы. Түу, мылжыңсың!

Бек. Бас ауыртатындай мылжыңмын ба? Қойдык.

Айдарлы. Қойсаң, біз де қойдык. (*Екеуі тырс үн-*

демейді. Айдарлы қайрақты зырылдатып айналдыра береді. Бек паңданып анда-санда бұрғының жүзін ұстап көріп қояды. Айдарлы әбден шаршағанша айналдырады.) Болды ма? (Бек үндемейді.)

А й д а р л ы. Жетілді ме деймін?

Б е к (басын шайқайды).

А й д а р л ы. Енді қашан?.. Қолым талды.

Б е к (әндетіп). «Сары белден сарғайып таң атады, шәйі көрпе жамылып қыз жатады».

А й д а р л ы (жалынғандай боп). Бек, болсайшы енді.

Б е к (ымдап үш саусағының басын көрсетеді).

А й д а р л ы. (Амалсыздан қосылады. Бұл кезде қайласының мұқалған үшін қайрап алуға Елемес келе жатады.)

Е л е м е с (екеуінің салған әнін қызыға тыңдайды). Ән де, жарастықпен салған ән де. (Екінші жақтан қолында портфель Сұңғат келеді. О да қарай қалады.)

С ұ н ғ а т (шатырдың ішіне үңіліп). Есебі, Ақмарал да, Дулат та жоқ болды, тоспай болмас. (Елеместі көріп.) Бұл қызыл көз пәле, мені көрсе бассалар, тасалана тұрайын. (Шатырды айналып кетеді.)

Е л е м е с (қайласын ұсынып). Шөлдеп жүр ем, сусынымды қандырдыңдар. Мә, жас буын, отты буын, сендердей алғыр болар ма екем.

Б е к (қолын көтеріп қап қайланы алады да, қайраққа салады).

А й д а р л ы. Елемес аға, қарым талды.

Е л е м е с. Қарың талса оқасы жоқ, жаның талмасын да.

Б е к (ымдап мақұлдайды).

Е л е м е с. Мынаған не болған?

А й д а р л ы. Бұның сондай үндемей қалатын ауруы бар, Елемес аға.

Е л е м е с (бетіне үңіліп). Не дейді? Соғыста кантож боп па ең?

Б е к (басын изейді).

Е л е м е с. Қайрай түс шырағым, қайрай түсіндер. (Тағы да таңырқап.) Апыр-ай, ә. Бұл енді өстіп өмір бойы тілсіз өте ме?

Б е к (қуланып). Ә...

Е л е м е с. Үні шықпайды ғой.

Б е к (күліп жіберіп). Елемес аға, мә! (Қайласын ұсынады.)

Е л е м е с (таңырқап). Е, сөйледі ғой.

Айдарлы. Мені жеңем деп істеп тұрған қулығы да, Елемес аға. Шынымен нанып қалдыңыз ба?

Елемес. Нанбағанда. Мазақ еткің келіп пе еді. *(Ашуланайын дейді, оның ашуын Іңкәр бөліп кетеді.)*

Іңкәр *(күрегін ұсынып)*. Айдарлым, айналайын, мынаны да жанып салшы.

Бек *(күрегін ап)*. Бас күректі, Айдарлы, зымырат.

Айдарлы *(екі қолымен кезек-кезек айналдырып)*. Уһ! Сен бүйте берсең, өлтіресің, әй.

Бек. Өлмейсің, қыздың қырық жаны бар депті ғой.

Айдарлы *(ерегісіп, құшырлана айналдырады)*. Бір жанын сен үшін бердім.

Бек *(күректің жүзін ұстап көріп)*. Іңкәр жеңгей, лыпылдап тұр. Қиып кетіп жүрмесің. *(Палаткениң тасасынан Сұңғат көрінеді. Іңкәр мен Елемес Сұңғатқа шұқшия қарайды. Сұңғат өзінше сезбегенсіп тұрғандай болады. Бек, Айдарлыға сыбырлап.)* Сен бар ғой, бұрғыны ал да, жүре бер қазір бір қызық болғалы тұр.

Айдарлы. Ненің қызығы?

Бек. Үшеуінің біріне-бірінің состия қалуын қарашы. Қым-қуыт болғалы тұр. Ақмарал мені сұраса, қазір келеді де.

Айдарлы. Қутындама, ұят болар. *(Айдарлы бұрғыны ап кетеді.)*

Бек. Сұңғат аға, о жақтан не көрінеді? Бізге қарауға бола ма? *(Мойнын созып қарайды.)* Шатырдай ақ жаулықтар, көздің суын қандыарлық екен. Бұлар қай колхоздың кербездері? Әне біреуі қолын бұлғайды. Тегі сізді, танып тұр-ау, деймін. Ха-ха-ха, е... е... күледі-ай!

Іңкәр. Қыз-қырқынға қарағанша, өз жайыңа қарасаңшы.

Сұңғат *(жалт бұрылып)*. Кімге қарасам да өзім білем ғой.

Іңкәр. Білгенінді көріп жүрміз.

Сұңғат *(қысылып)*. Есебі, Бек, шапқа түртті деген осы.

Бек. Есебіңнен жаңылғансың, есебі, есебі деп ежікте де жүре бер. Бүйткен қайырсыз дүниені жиғанша, айырбасқа салуың керек еді.

Елемес. Айырбасқа салсаң, ұтылмайтындығыңды мен де білем.

Сұңғат. Мұнымен не дегің келеді?

Елемес. Демегім, кеше соғыстың тұсында сенің басың неге түсті?

Сұңғат. Неге түсті?

Е л е м е с. Сенің басың заготскоттың қырықпа серкешімен шұрым-бұрымның сабау құйрық қатпа тұсағына түскен болатын. Қандай қымбатты бас? Содан қалған есіл бастың азабын біреу тартсын да рақатын сен көр.

С ұ н ғ а т (*не дерін білмей*). Есебі, енді, күйінген кісі не демейді.

Е л е м е с (*елеуреп*). Күйінген кісі?..

Б е к. Сөзді доғарыңыз, Ел-еке. Келе жатыр, жүр кеттік.

Е л е м е с (*абыржып*). Ә, Мақпал ма. (*Екеуі кетеді.*)

С ұ н ғ а т (*Ол да сескеніп*). Естір сөзді естідік, енді не тұрыс бар? Біз де кеттік.

І н к ә р. Ау, досқа мазақ, дұшпанға таба етіп қоямысын?

С ұ н ғ а т (*кейін*). Бектің қайрап айтқан сөзіне несіне көгеріп буына қалдың?

І н к ә р. Буынбағанда, мені бір жетісіп жүр ғой деп ойлаймысың?

С ұ н ғ а т. Құрсыншы, солардың дегені болсын.

І н к ә р. Бұл қай мырзалық, астынан су шығатынын білгенінде, адыра қалғыр моланы не үшін салдың. Қай сотына, қай прокурорына барсаң да айтатын сөзім біреу-ақ.

С ұ н ғ а т. Есебі, осы сөзді тауып айтып тұрмын дейсің-ау, түк те тауып айтқан жоқсың. Жаңа не деді? Бетіңе былш еткізіп, нені басты? Қандай айыптарды көз алдыңа төндіріп, мойныңа қойды? Сол кінәдан арылу үшін, мейлі, табанымды тас тілсін. Адалдап қызмет етуім керек, Іңкәр! Мынау жұрт не істеп жатыр?

І н к ә р. Иә, тау қопарып, тас бұзып жатыр.

С ұ н ғ а т. Менің басым жер болмасын десен, өзімді-өзім қолға алуыма ерік бер. (*Қатты өкініп.*) Иә, кезінде бәрі де болады. Жасырмаймын. Егерде мынау салынып жатқан тоғанның тасы жетпесе, жетпеген тастың орнына мені қала. Менің үйімді қала, бұз, талқан ет деуге де әзірмін.

І н к ә р. Жоқ-а, өз үйіннен өзің үркетіндей не істеп едің?

С ұ н ғ а т. Айттым ғой, есебі, сол.

І н к ә р (*қалтыранып*). Жарайды, үрейдің қызығына арқандал да, айыбыңды үйден өте, ана тұқымыңды жинап ал.

С ұ н ғ а т (*үрке қарап*). Жинап ал, о не сөз?

І н к ә р. Үміті бар, күткені бар, аңсап сағынғаны бар,

біреудің қуанышы мен сүйінішінен орынсыз арандаған айыбынды немен өтейсің?

Сұңғат (*қалтыранып*). Өтеймін, Іңкәр, тек сөзді доғар. Жан жарасын қазба. М-м... Мен өткеніме қатты ашынған адаммын. Достапсам жаңа таптым. Менің де көздегенім бар шығар... Бүгін оралмағанмен, ертең құшағыма өзі оралады.

Іңкәр. Бүйтіп сенің оралтқаның да құрсын, асырап-ақтағаның да құрсын. Өлмейтін күнімізді біз де ойлайық. (*Кетуге ыңғайланады. Тоган жақтан Қайыр, Дулат келе жатады.*)

Дулат. Іңкәр жеңгей, сәлеметсіз бе?

Іңкәр. Шүкір, қайным.

Дулат. Сіз неге жұмысқа салқын қарап, ренжіп жүрсіз, әлде бізге өкпелейсіз бе?

Іңкәр. Зейнетіне кім ренжімейді.

Дулат. Жо... Сіз ренжімеңіз, оғаш мінез, орынсыз іске ренжуге болмайды.

Іңкәр. Не де болса шешімін естісем екен.

Дулат. Қазір естисіз. Ал, Сұңғат жолдас, барған сапарың не болды?

Сұңғат. Есебі, қайырымен болды-ау деймін. (*Портфелінен алып, әкелген нәрселерінің қағазын көрсетіп жатады.*)

Дулат. Трубина генератор, жаңа марка!..

Сұңғат. Бір совхозға бергелі тұрған жерінен қағып кеттім.

Іңкәр. Оған қырғидайсың ғой.

Сұңғат. Станцияда ай жарымнан бері жатқан үш вагон алибастр мен цементті де жөнелттім. Жүз мың метрден астам сым да алатын болдым. Қағаздары мінекей.

Дулат (*қатты риза боп*). Бәрскелде... Бұған енді Қайыр жолдас, алғыс айтуыңа да болады.

Қайыр. Алғыс дедік, Сұңғат жолдас, сен бізді бір көтерудің жақсы көтердің, оның мың да бір алғыс. Ал, өткендегі кейбір жеке бастың өзімшіл, қоғам тілегіне қайшы істеріңнің тамырына балта шабуға тура келді.

Сұңғат (*үрке қарап*). Не жайында?

Қайыр. Іңкәр жеңгей, сіз де тындаңыз.

Іңкәр. Естіп жүрген әңгіме ғой, айта бер.

Қайыр. Жер деген үкімет мүлкі. Біз сенің үйіңді тоғанның қасынан қора-қопсыңмен қырға көшіруді ұйғардық. Орталықтан заңсыз пайдаланып отырған жеріңді де колхозға қайырып беруді ұйғардық.

Сұңғат (үндемейді. Іңкәр қатулы, Сұңғатқа ежірейе қарайды).

Қайыр. Сен мүмкін, ренжірсің, бейнетім еді деп өкінерсің. Өз қатен, әлде саған ерік берген жолдастарыңның қателігі болар. Үйінді тоған басында қалдыруға болмайды.

Дулат. Иә, ертең бас тоғаннан ақтарыла құлағанда су алып кетеді.

Сұңғат (даусы дірілдеп). Ұйғарған екенсіңдер, оған енді не деймін. Есебі, көз жұмған істің күйігін тартпауға бола ма.

Іңкәр (ашынып). Жоқ, тартсаң өзің тарт!

Сұңғат. Сөзді қоя тұр, Іңкәр!..

Іңкәр. Неге қояды. Қолы жетсе әркім де салсын. Бұдан да ұямның қозғалғаны жақсы еді. Сиырымды, ешкімді, бұзауымды сатып салдырған болатынмын. Ауысса ана тоғаныңның он шақты кесегі ауысты, қызғанатындарың жер ме, жер кең ғой. Көңіл сыйса не сыймайды. Осыншама неге қадаласыңдар?

Қайыр. Іңкәр-ау, қадалып тұрған кім бар? Ертең тоған суы көтерілгенде тасқынның астында қаласың ғой. Көзге шыққан сүйелдей жеке одырайып тұрмасын, жұртпен бірге болсын деген тілек қой.

Іңкәр. Несібе ме тимендер.

Қайыр. Беталды шашылып жатқан несібе жоқ, оны да ойлаңыз.

Іңкәр. Көз жұмған істің күйігін қоса тартар жайым жоқ.

Сұңғат. Сөзді қоя тұр дедім ғой, Іңкәр. Иә, маңдайға біткен бақыт, несібе шығар деп ек. Есебі, болмады. Не сөз бар?

Іңкәр. Еңбегім еш, тұзым сор болса мен де маңдайымнан көрейін. (Долданып.) Маған тартқызатындарың қайынымның күйігі екен. Осының бәрі ана құштары деп, құшақ жайған бір қыздың қырсығы. Азаматтың аруағын аяққа басқан кінәсінен арылса, түгел арылсын.

Сұңғат (қалтыранып). Іңкәр!

Іңкәр. Өтірік пе еді? Көрмедім, білмедім, сезбедім десе жұрт айтсын. Сілесі мен көз жасы осы жарға әкеп соғарын мен саған талай рет ескерткем. Есебіңнен жаңылған аңғал! Аласұрған айыбыңды мына Дулаттың алдында қоса тарт (Іңкәр күйініп, шыдап тұра алмай кетеді.)

Қайыр (Іңкәрдің сөзін мақұлдағандай боп). Иә

дұрыстығын ойлап шешкен екеміз. Енді шешіміне ылайықты келісімін де ойлайық. Дулат, сен неге ойлан-дың?

Дулат (*іштей ауырлап*). Несібе мен бақыт де. Несібе еңбек пен бақытқа үйіріледі. Бозала таннан қас қарайғанша колхозшы да еңбек етеді. Қару асынған солдат та халықтың бақыты үшін ерлік өлімге басын да қояды. Біреу — әсем ой, ұшқыр қиялымен, біреу — ер-жүрек батырлығымен бақытты. Адамның денесі де бақыт іздейді. Бірақ та денеңе шыққан бір жара сәнін бұзып кетеді. Сүйгенінің жолында қанжарын тасқа қадаған алғыр жас та бақытты аңсайды. Рақымсыздар арасына тікен боп шығып қасіретін тартқызады. (*Аз үнсіз, кенет Сұңғатқа түйіліп.*) Сенікі осының қайсысы? (*Сұңғат үндемейді.*)

Дулат. Сені жұрт, қиянатты көргіш, қайырымдылығы мол, кінәлі жандардың кеудесінен аттап өте беретін тамаша адам дейді.

Сұңғат (*қалай болса солай сөйлеп*). Мүмкін солай болар. Күлшелі бала сүйменді...

Дулат. Ә, дәулет, мастықтың желігі де? Мастықтан жиналған дәулет сені есіртіп әкеп тоғанның жарына қалай жықты. Бірақта сен жығылма, жігіт болсаң табаныңды нық бас та, тұрып қал! Жығылма!..

Қайыр (*әңгіменің бетін аудару үшін*). Жығылып не көрініпті. (*Бұл кезде, комсомол бригадалары жартасты бұзуға белгі береді.*) Бұ не, Дулат?

Дулат. Белгі берді. (*Өкініп*). Тоғаннан жұртты қырға шығармай ерте берді. Тез барыңыз, тоқтасын деп айтты де.

Қайыр. Барайын. (*Қайыр кетеді.*)

Дулат (*ашынып*). Талайыңның кеудеңде маздап жанған күндердің бағасы ауыр құрбандық пен төгілген қан еді. Төлеуі толмайды деп ойланған боларсың.

Сұңғат (*безеріп*). Не деп ойласа да әркімнің еркі, есебі, ондайлар аз ба...

Дулат (*шошына жиіркеніп*). Сүйтіп сұм кеуілімді жын-сайтан билегені рас еді, сүйеу болған күнімде жүрегіне у құйдым да, улаттым да.

Сұңғат. Есебі, жел тұрмай шөптің басы қимылдамай ма?

Дулат. Иә, біз сені сол үшін қалдырып кеткенбіз. Борышыңды ақтапсың, адалдап ақтапсың.

Сұңғат (*не дерін білмей қиналып*). Есебі, енді, мен өзімді үлкен жүректің иесімін деп айта алмаймын. Жол

сорабы көп. Тандай білмесең, әркімнің де бетіне басылатын осы таңба, осы айып. (*Өзін-өзі мұқап.*) Сүйенген күнде сүйеу болдым... Айыбымды немен жу дейсің... Жақсылыққа асыққан сенің жүрегіне мұң айтып жусам, сол айыпты, сенің қатал сыныңның тезіне түсіп, өзімді-өзім темірдей шыңдап отырып жусам... Кешірерсің, Дулат жолдас, есебі, сол.

Дулат (*зілмен.*) Қолыңнан келсе?

Сұңғат. Есебі, келсе де, келмесе де, бүркеуден пайда не?

Дулат (*бетіне тесіле қарап*). Иә, тәубасынан жанылып, тоқыраған жүрек осылай мойындайды. Оны қалтырап шыққан сөзіңнің өзі айтып тұр. Жұмысыңды атқар да жүре бер. Қырау шалған жапырақ мезгіліне жетпей сарғайса, жасаруын күтерміз. Бар! Тек ендігі өмірді былғама.

Сұңғат (*бірдеме дейін дейді*).

Дулат. Тыңдауға да жеркөніш, айттым болды, жүре бер.

Сұңғат. Есебі, енді...

Дулат. Дүние кең дедім ғой, жүре бер. (*Сұңғат кетеді.*) Ей, соғыс! (*Басын ұстап палаткелің алдындағы тасқа отыра кетеді. Бас тоған жақтан Игнат келеді.*)

Игнат. Инженер қайда, инженер...

Дулат. Иә, мен мында.

Игнат. Ой, інішек, мұндай құтырған суды көрсе-ші... Үстін шегендесек астынан, астын бекітсек, үстінен құйылады.

Дулат. Астынан.

Игнат. Иә, байлағанымызды тигізбей іліп әкете бергесін үш трактормен қорым төккізіп жанама жырадан бұрғызып ем... Оған бой бермеді... Сегіз колхоздың адамдарын жауып жіберіп, табанына тас төсеткізіп ем, төсеген жеріме су толып шыдатпай тұр... Амалы не, соны айтшы.

Дулат. Төтеп бере алмадық па?

Игнат. Сумен алысу оңай ма...

Амалы не?

Дулат. Амалы жеңу...

Игнат. Әдіс, айла деген бар ғой, соны дөп жіберсеңіз...

Дулат. Жанама жырадан суды мықтап ағызбай ол саған жеңгізбейді... Бар адамды бірден жауып, ең алдымен ірге табанды шегенде... Насос, шелек, не мүмкіншілік бар... бәрін қолдан... түбінен ойма кездесе со-

ның көзін цементпен тығындап бекіт... (Бұл кезде жартасты бұзған динамиттің дауысы гүрс ете қалады. Дулат жүгіре басып айғайлап.) Тоқтат. Тоқтатындар. (Айдарлы қарсы келе жатады.) Тоғандағы жұртты қырға шығарып алмай, бұл қай көзсіздік. Айдарлы, Ақмарал қайда?

Айдарлы. Ақмарал дәріге от қойып жатыр.

Дулат. Жұртқа ескерттіндер ме?

Айдарлы. Ескерттік, олар өзеннің арғы қабағына шықты.

Дулат (Игнатқа). Барыңыз... Тоған қасында бір де бір адам қалмасын.

Игнат. Ондай сұмдығы бар ма еді. Барайын. (Кетеді.)

Дулат. Бар да айт, от беруді тоқтатсын де.

Айдарлы. Бізге жоламаңдар, алыс тұрындар деді.

Дулат (өзен табанына меңзеп). Анау кім? (Бұл кезде динамит екі-үш дүркін атылады.) Ұрындар, мерт етіндер, Айдарлы. Өзен қабағына шықты дегенің қайда, қалып қойғаны да бар ғой. Жүгір, тез! (Жардан төмен түсіп кетеді, бұға түсіп Бек келе жатады.)

Бек. Бұқ, Айдарлы, бұқ деймін. (Айдарлы бұғады.) Біздің қимыл жердің өкпесін қалай солқылдатады. Жартасың жаңқадай ұшты.

Айдарлы. Дулат аға тоқтатсын дейді.

Бек (басын жерден көтермей). Отыздың жиырмасы атылды. Қайдан тоқтайды.

Айдарлы. Сөзді қой, жүр, анда біреу қалып қойыпты.

Бек. Бір жаңқасы шекеңе сарт етсе, жаның көзіңнен жарқ етер. Біз соғыста болғанда елу зеңбірек бірден төсеп...

Айдарлы (сөзге айналдырып). Шіркін зеңбірек атылғанда гүр... гүр жер-көк күңіреніп кетеді дейсің. (Тағы да гүрс-гүрс атылады.)

Айдарлы. Бөгеме деймін.

Бек. Зеңбірек атылғанда біз он саржан кейін шегініп бұғып жата қалатынбыз. (Айдарлы қолынан жұлқынып босанады да кетеді.) Қап, мына қыздың өлерменін қарашы. (Қолында күрегі Ұмсынай, Қайыр келе жатады.)

Ұмсынай. Бұ сым тасты киелі деп бұрынғылар бекер айтпаған ғой. Дүние төңкеріліп үстімнен құлаған-

дай болды. Киесі соққыр біздің қызға ішіңнен сыйынып тұр дедім.

Қ а й ы р. Несі соқса да соқты, жақпар тастар жаңбырдай жауды. (*Бекке тікелей.*) Жұртқа ескертпей от берген қайсың?

Б е к. Ескерткеміз, не болды?

Қ а й ы р. Дулат білгендей-ақ айтып еді. Өңі түгіл түсінде көрмеген жұрт, үйдей тастың бөрікше лақтырылатынын қайдан біледі. Аспан айналып, дүние төңкерілгендей оның күшін қайдан біледі. Үйім-үйім деп есі шығып жүрген бейшара шырмалып жүріп шыға алмай қалған ғой...

Ұ м с ы н а й. Қайдағы үй?

Қ а й ы р. Тоған басындағы үйін қырға көшіруге ұйғарғанбыз.

Ұ м с ы н а й (*сезік ап*). Сұңғатқа сабақтас істің шырмауы еді де. Сөз-сөз ғой, суық тіл шыдатпас, салқыны бізге де көп тиді де.

Қ а й ы р. Сізге неге тиеді?

Ұ м с ы н а й. Кейін бір естірсің, шырағым.

Қ а й ы р (*елеңдей қарап*). Шет жағасын естіп ем.

Ұ м с ы н а й. Мен қанатымды от шарпыған адаммын, жалғзым болса, майданда қайтыс болды. Жанында біреу мұңын сыбырласа, соның дертіне қанықсың. Біз де оның топас жанына сыбырлағанбыз. Өзіндей көр. Сүйгені кетті, орны қалды. Ақ шашты анасы қалды дегеміз. Оны ол тыңдады ма?

Қ а й ы р. Шеше, ол әңгіменің пернесін бұ жерде баспай-ақ қойыңыз. (*Өзен табанынан Степан мен Төкен, бірнеше колхозшылар көтеріліп келе жатады.*)

С т е п а н. Қайсыңнан болды, Дулат қайда?

Қ а й ы р (*тағы да елеңдеп*). Сүйеп келеді.

С т е п а н. Сүйеген кім?

Қ а й ы р. Елемес қой!

Т ө к е н. Шатылған, сатылғанның кесірі де.

С т е п а н. Тоқтай тұршы, Іңкәрі ма, жоқ басқасы ма?

Қ а й ы р. Дулат.

Т ө к е н (*шошынып*). Дулат!

С т е п а н (*күйініп*). Ұрғызған екенсіндер, сол құтқарам деп жүріп тап болды-ау. Жүріндер, алдарынан барайық. (*Барлығы да шығып қарсы алады. Елемеске сүйеніп Дулат келеді.*)

Ұ м с ы н а й. Құлыным-ай, не бейнетке барып ең?

Қ а й ы р. Сүйегің аман ба? Неден болды Елемес?

Дулат (*ауырсынып*). Ешкімнен де емес, өзімнен Бек? Аймұрзаев жолдасқа телефон соқ.

Бек. Соғайын.

Дулат. Тез жетіңіз деген хабарды айт.

Бек. Айтайын. (*Телефонға барады.*)

Дулат. Қария, сіздерге тие ме деп қорқып ем, сақ екенсіз. Ісіңізге де, өзіңізге де ризамын.

Степан. Белгі берісімен біз қырға көтерілдік қой.

Қайыр. Өзі неден болды?

Дулат. Ешкімнен де емес, ескі жарамның аузын ашып алдым. Жауап бере ме?

Бек. Міне, Аймұрзаев жолдастың өзі де келді. (*Сыртта машинаның дауысы естіледі. Жарқын мен Игнат келеді.*)

Дулат. Жарқын аға!

Жарқын. Не болды, шырағым. Жаза бастың ба?

Дулат. Оқ өтіп кеткен жер ғой, Жарқын аға...

Жарқын. Білем, неден болды? Қінәлі кім? (*Аз үнсіз.*) Неге үндемейсіңдер?

Елемес. Былай, секретарь жолдас, Ақмаралда жазық жоқ...

Жарқын. Ақмарал?.. Оның өзі қайда?

Елемес. Осында, секретарь жолдас. Балуан мен екеуімізге ал сендер тоғандағы жұртты қырға шығарыңдар, қазір дәріге от берем деді. Ақмаралдың әмірі бойынша тоғандағы жұртты қырға шығардық. Қайдан сап етіп келіп қалғанын білмеймін.

Жарқын. Келе қалған кім?

Елемес. Кім болсын, Сұңғат. Жардың басында тұрып жеңгесін бері үйге кел деп шақырды. Көз ашып жұмғандай уақыт болған жоқ, жұрттан бөлініп үйіне бара жатқан Іңкәрді аспанға шырқап ұшқан тастың бірі ұрып кете ме деп Дулат көре сала бізге: «Токтат! Токтатыңдар!» деп айқайлап жан ұшырып тұра ұмтылды. Беріліп қойған от тоқтай ма, жардан төмен түсе бергенде тәлтіректеп құлағанын бір-ақ көрдік. (*Сыртта өңі қашыңқы асығыс Ақмарал, Мақпал, Айдарлы келеді.*)

Ақмарал (*келген бетте*). Дулат!

Жарқын. Сен не істедің?

Қайыр. Өр басам деп ор басқызған бәрі осыдан.

Ақмарал. Менен деймісің, Қайыр аға?

Қайыр. Тоқта, тоқтатыңдар дегенімізше болдың ба?

Ақмарал. Әр басам деп ор басқызсам айып менде, Жарқын аға...

Жарқын. Әр нәрсеге да парық, болжау, сақтық керек емес пе?! Сұңғат неге барады? Сен неге әбден анықтап байқап алмай от бересің? Доғы өзенді бас игізіп, оның қайсар күшін халықтың мұқтажына жұмсауда парықсыздықтан өзімізді-өзіміз соққыға жығып отырсақ, онда не болғанымыз. Жан сезімді құйындай үйіріп, бүкіл аудан болып кірісіп отырған қызу істе мұндай өрескел қателікті жіберуге бола ма? Жоқ, ешақытта болмайды. Не үшін жаңылысқаныңды мен білмеймін, Ақмарал.

Ақмарал. Атқан оғым қапылыста тигені, сенімімді шетке тайғызса, амалым не? Еңсерейік, тез бітпейік деп сізге берген уәдені орындау жолында қапы ұрғызған кінәмді немен жу десеніз де мен дайын.

Дулат (Ақмаралға). Солай ма... Бұл зұлмат жаудың маған салған жарасы еді. Өкпемде оқ қалғанын сізге бір рет айтып едім.

Барлығы. Оқ...

Дулат. Иә, достарым, бір кезде қадала қарап қалған көздің айғағы (Есіне түсіріп.) Қәрі жартас еді. Ол құлады, оны Ақмарал, сен құлаттың.

Ақмарал. Иә, мен құлаттым. Құлатуға жеткен күдірет, оның тасын қалауға да жетеді.

Дулат. Жетеді, Ақмарал. Ертең мен төсек тартып жатып қалсам, жетуіне, Жарқын аға, мен қандай сенсем, сіз де мендей сеніңіз.

Жарқын. Сенімде... (Дулатты қолтығынан сүйеп.) Жүріңіз. (Дулатты алып кетуге ыңғайланады.)

Игнат. Біз қайттік, секретарь жолдас?

Қайыр. Тұйықта қалдық қой. Енді не істедік?

Жарқын. Қалмаймыз. Жеңілген жаудың адасқан оғы ешқандай бөгет бола алмайды. Тағы да айтам, қалмаймыз! Істендер! Тоқтатпандар!

Шымылдык.

ҮШІНШІ АКТ

Сол жер. Бас тоған салынып болған. Станцияға су беретін көл табаны да бігуге айналған. Бас тоғаннан тартылған су жолы тас-тан өріліп, станцияға созылып жатыр. Степан машина қайраққа тас шабатын аспаптарын қайрап отырады. Өзен жақтан қолында қашау Елемес келеді.

Е л е м е с. Степан, қайрағың қалай, алғыр ма?

С т е п а н. Бұ шіркін, алмас қой.

Е л е м е с. Тиген жерін қиып түсетін алмас осы еді де. Онда қиып түсер ме екеміз, көне қайрап жіберіңіз.

С т е п а н. Қайраумен жетіліп жүрген жігіт ең, тоса ғой.

Е л е м е с (*қашауын тосады*). Осы, Степан, немен жетілсем де жетілдім бе өзі?

С т е п а н. Енді бір ырғысаң, бәйгені алғалы тұрсын.

Е л е м е с. Маған десе бұлттан ырғиың, қиқарсың деген сөзді қойсаң болғаны да.

С т е п а н. Е, қиқар екенің өтірік пе?

Е л е м е с. Қиқар болсам да, серігіңе жарадым. Тастың өрім өретін бес аспап шебер де болып алдық.

С т е п а н. Балуан келіннің тізерлеуімен де. (*Ойла-нып.*) Осы біз қай сатыда тұрмыз? Сен білемісің?

Е л е м е с (*түсінбей*). Саты деген не?!

С т е п а н. Дүниенің төріне шығатын сатыны айтам. Соның өзі басқыш-басқыш дейді ғой.

Е л е м е с. Ойын сөзге шын жауап, біз бе біз, мен сияқты көк тайғақтау сатыдан өтіп, сіз сияқты кең жазық жайлауға көтеріліп барамыз.

С т е п а н. Керуенің қайда тірелді сонда?

Е л е м е с (*тоғанға меңзеп*). Керуеніміз мынау өткел бермес өзеннің үстінде тас көпірден өтіп барады.

С т е п а н. Жөн, жөн... Мен сені іждемені аңғармайды деп жүрсем, саңлауың тазарайын депті. Бері кел, сен мынадан іждеме, сеземісің?

Е л е м е с. Сезу үшін оқу керек қой.

С т е п а н. Дулат болса ауырып қалды, станцияны жүргізудің ауырлығы Ақмарал мен өзімізге түскелі тұр.

Е л е м е с. Ақмарал, о қыз немді біледі?

С т е п а н. Біледі. Бері, мына бүйен басты тазартып жіберейік. (*Екеуі турбиналы генератордың қасына келеді.*)

Е л е м е с. Дулатсыз қиюын таба алар ма екенбіз, Степан?

С т е п а н. Амалдаймыз да. Мынаны су турбинасы деп атайды. Ә, анау генератор. Біреуін орнатқан болдық, оның не нәтиже беретінін бүгін байқаймыз. (*Қолында чертеж қағаздары бар Ақмарал келеді.*)

А қ м а р а л. Ата, тазартып жатырсыз ба?

С т е п а н. Иә, қалқам, жай кешіктің бе?

А қ м а р а л. Неге жай болсын, көз майымды тауыс-сам да еркін меңгере алмай жүрмін. Аймұрзаев жолдас

бас тоғаннан суды бассейнге жіберіп көргеннен кейін, орнатындар деді.

Степан. Қайдам, миқата боп жүрмесек.

Ақмарал. Қиналармыз, қысылармыз, жөндеп те көрерміз. Ал, сіздер бассейнге су жіберудің қамына кірісіңіздер, бақылау тәртібі былай, судың жүрісін байқауға өзеннің екі жағына кісілер тұрады. Қолдарында екі түрлі белгі болады. Бірі қызыл, бірі көк. Су екпіні қатты келе жатса, онда бас тоғаннан кем-кемдеп жіберуге тура келеді. Қария, бұл үлкен сын. Қол табанды байқау сыны, барыңыздар.

Степан. Председательдер біле ме?

Ақмарал. Жинап алып түсіндіргем.

Степан. Өзің қайда боласың?

Ақмарал. Өзімді тағы да шындай түсейін.

Степан. Шындағаның жөн. *(Елемес екеуі кетеді. Ақмарал станцияның чертежін салыстырып тексере бастайды.)*

Ақмарал. Мен үшін бұ да ой жетпес қиял еді. Бір тетіктен мың тетік... Осыншалық ауыр істі арқалап не жығылсам, не сүрінсем әлін білмеген әлек дейді-ау жұрт... Жоқ ораймын деген өнерді орайына келсе, оралтпайтын несі бар... *(Қолында динамит, Қайыр, Төкен келеді.)* Қолындағы не, Қайыр аға?

Қайыр. Динамит.

Ақмарал. Оны қайдан алдыңыз?

Қайыр. Қайда қалдырып кетіп ең?

Ақмарал. Қайда қалдырыппын?

Қайыр. Жете білмей істеудің әруақытта шалалығы осындай болады. Балалардың қолында жүр, күйретіп кетпегеніне шүкіршілік.

Ақмарал *(өзіне)*. Андаусызда қайда қалдырдым екен?

Қайыр. Қалқам-ау, запы боп қалдық қой. Уақыт боса өтіп барады, өзі не, орайына келетін бе?

Ақмарал. Әуелі үйреніп болдың ба деңіз.

Қайыр. Бір шегесін теріс қақсаң да үйренбегенің. Телегейін сыпырғанда тең түсеміз деген тілекте едік. Тізгінімізді тежей бердің.

Ақмарал. Иә, тізгінің өз қолында емес пе еді, Қайыр аға? *(Аз үнсіз.)*

Қайыр. Жоқ, суды жібер дейсің. Соған біз дайынбыз ба?

Ақмарал. Сенбеймісің?

Қайыр. Сену, сенбеуіміз екі талай. Ақтарыла құ-

лаған асау суды арнасынан аудармай ұстап тұра алсақ жақсы. Турбина орнатылмаса, үйреніп болмасаң, қиюын табуымыз қиынға айналса, артымыздан Игнат Никифоров бол-болдың астына ап, алдымыздан сен бала кайындай теңселіп тас соқсаң, ойлашы, сонда не болады!

Ақмарал (үндемейді. Өсіп-шалқып Игнат келеді).

Игнат. Біз міндетімізден құтылдық, қарындас. Шегендеп те байлап та болдық. Тоған суын қалай сапырам десең де еркінде.

Төкен. Екі тасты артық қаладым деп, сен де бір жағынан дікіндеп-ақ болдың-ау.

Игнат. Сен менімен жарысқа түсетін немесің ғой. Озып шықсаң сенде мендей лепіріп шалқыр ең. Бұ не тұрыс. Суды жібермейміз бе?

Қайыр. Жоқ, су жіберілмейді...

Игнат. Суды жіберудің кеңесі ме десем, сүріну мен құлаудың саудасы ма еді. Онда бізді бөгемендер! Дулат жазылғансын келерміз.

Ақмарал. Тоқтаңыз, Игнат Никифорович.

Игнат. Мыналар саған сенбесе, бізді текке байласаң, несіне тоқтаймын.

Қайыр. Мүдірген ісіміздің бірі болды.

Игнат. Қалтыраумен іс бітпейді, Қайыр, ұрсаң шалқайтып бір-ақ ұр да қарап тұр. Кеше мына Төкеннің есі шығып кетіпті. Сумен сөйлесіп тұр...

Төкен. Есім шығып мен сенен жөн сұраған жерім бар ма?

Қайыр. Турбинаны түгел орнатып алмай, суды жіберуге мен қарсымын.

Игнат. Ә, онда неге орнатпайсындар, бізше неге қимылдамайсындар?

Қайыр. Орнату біздің қолымызда тұрма екен?

Игнат. Енді кімде!..

Қайыр. Не дейсің Ақмарал? Қолыңнан келсе келеді де, келмесе, біз басқа кісі сұрайық...

Төкен. Иә, қолыңнан келсе келеді де, келмесе, оны айт.

Ақмарал. Сіздерге түсетін салмақ, менің жастығым, тәрбиенің аздығы. Дауылдатқан жауынның артынан кемпіркосағын жайған жайдары ашық күндер де болатын. Баурасандар сол ашық күндей сеніммен баураңыздар.

Қайыр. Баурау қолымыздан келеді. Түбінде сүрінсек сенен демейік.

Ақмарал. Мүмкін, сүрінерміз.

Қ а й ы р. Жок, ой жеткен жерге көз де жетеді. Неге сүрінеміз? Дәл баспай, тая бассак, оның шарпуы біздің барлық жұмысымызға тиеді, Акмарал.

И г н а т. Әлі үлгілеп те болмаған іске басымызды қатырғанша өз шаруамызды қарастырайық...

Қ а й ы р. Тоқтай тұр, Игнат!..

И г н а т. Сендер малтықты деп мен малтыға алмаймын... Осы үш күн болды ғой, қолынан келе ме, жоқ па деп бас қатырғандарыңа.

А қ м а р а л (*ашынып, дереу өзінің жасаған чертеж қағаздарын алдарына жайып тастайды*). Мінекей, артық өлшеп, кем соқсам кінә менде дедім ғой. Емтиханға даярланған оқушыдай түн отырып, толғана отырып, өрнектеген оюым. Талдауын білмесем, жасауын да білмес ем. Сену, сенбеу еріктерінде... (*Үшеуі де тесіле қарап тұрады.*)

И г н а т. Маған ұнайды... Тәуекелде де, қарындас, тарта бер...

А қ м а р а л. Гәп осында.

И г н а т. Қағаздағының бәрі әсем, көрік болды.

Т ө к е н. Осының бір тетігін жасау қолымыздан келмейді. Кұр бекер еңкендеп, өршелене берудің не керегі бар. Айта бер.

А қ м а р а л (*Екінші бір чертежді көрсетіп*). Онда мынаны да көріндер.

Қ а й ы р. Бұ не?

А қ м а р а л. Бұл трансформатор мен мраморлы щит.

Қ а й ы р. Бұл қайда салынады?

А қ м а р а л. Мраморлы щит станцияда болады. Ал, трансформатор колхоздарда, фермаларда, пункттерде ток күшін мөлшермен беріп тұрады. (*Бұл кезде өңі қашыңқы, аяғын нық баса алмай, Дулат келеді.*)

Д у л а т. Мөлшер, мөлшер дегенің дұрыс.

А қ м а р а л. Дулат, неге тұрдың?

Д у л а т. Тұрғым келді, тұрдым. Айта бер әңгіменді, айтқан сайын жадында қалады. Жақсылап айт.

А қ м а р а л. Мұның қалай, Дулат?

Д у л а т. Сары аурумен сарғайған адам ғана төсек тартып жатуға тиісті.

А қ м а р а л. Қайыр аға, айтыңыздаршы, үйге барсын.

Д у л а т. Үміттеріңді ақтай алатын ба? Сендер айтыңдар.

Қ а й ы р. Асқындырып аласың ғой, неге тұрдың?

Д у л а т. Жоқ, жауабын алмай кетпеймін.

Қ а й ы р. Жауабын кеше өзіңе айтып едік қой.

Д у л а т. Есімде, білем. Мен сендердің сол жауаптарыңды дәлелдеу үшін келдім. Бастық болған соң ауырлығы сендерге түседі. Қауым жұрттың еңбегі зая кетіп, ақтай алмаймыз ба деп ұйқы да, күлкі де көрмей, қайғырып жүрсіздер. Иә, адамның өмірге деген махаббаты ана сүтін аузынан айырғансын қолына келеді. Есейген сайын өмірдің қызығы ұлғая бермек. Біз де есейдік. Сіздер маған үйге бар, төсек тартып жат дейсіздер. Жоқ жараның емі емдеу, ажалдың емі күрес. Біз күреспен ауызданып, күреспен қапаттанған адамдармыз. Кешегі соғыстың тұсында еңбектеген жас, еңкейген кәрі — кек оты кеудемізде жанған күнде белсене күреске шықтық. Атақ үшін, даңқ үшін бе? Жоқ, біздің мол болашағымыз үшін болатын. Күрес мөлшер дегенді білмейді. Айналасы алты айшылық жерде болсын, алақанның аясындай жерде болсын, бәрі бір күрес. Міндет — күрес, мақсат — жеңу. Мынау тұрған тоған, салынып жатқан станция да сол күрестің тиянағы. Мен жаралы адаммын. О кезде менімен бірге отаным да жаралы еді. Адал денесіне арам қанжар тиіп, ашынған жүрегі арамза жауды талқан етіп еді. Мен үшін Ақмарал, Ақмарал үшін сіздер, сіздер үшін бүкіл колхозшы істесе, о да күрестің нәтижесі. Кеше тұңғыш қадам, жас талап дедіңіздер, сол талаптан нәтиже күтуге тиіссіздер. Міне төсектен тұрып келгенде айтпағым осы еді. *(Әлсіреп, жарасын ауырсынып тасқа отыра кетеді.)*

А қ м а р а л. Әлсіреп қалдың, Дулат.

Қ а й ы р. Иә, әлсіреп қалдың. Біздің де тілегеніміз қалтқысыз мүдірмей өту еді. Көкейімізге құйдың. Енді біз де алаңсыз болдық. Үйге барып тыныстап дем ал.

Д у л а т. Тыныстайын, су қашан жіберіледі?

Қ а й ы р. Бүгін бе деп тұрмыз.

Д у л а т. Бүгін, бірінші турбина дайын ба?

А қ м а р а л. Дайын.

Д у л а т. Су екпіні бассейнді бұзып кетпес үшін не істедің?

А қ м а р а л. Бұза қалған күнде тоқтатудың тетігі қолда емес пе. Бас тоғанды ашпай, кем-кемдеп ашсақ, неге бұзады.

Д у л а т. Кем-кемнен ашқан дұрыс. Сендер, тоғанның суын бірден жібермей, алды-артын шолып алып жіберіңдер. Ақтарыла құлаған су, аңырып кеп өзі де тоқтайды. Барыңдар, мен сағадан күтем. *(Үшеуі кетеді.)* Жаңағылар саған сенбеді-ау...

Ақмарал. Кім де болса сенімін ақтаған күнде сендірмей ме?

Сыртта Бек бастаған бір топ жастар әскери тәртіппен жорық әнін айтып келе жатады. Дулат елегізіп тыңдайды.

Дулат. Жорық әні. Айтып келе жатқан кімдер?

Ақмарал. Монтерлікті оқып жатқан оқушылар ғой.

Дулат. Оқи алатын ба?

Ақмарал. Бек оқымаған еркіне қоя ма, көлтабанды байлауда орасан ерлік көрсетті.

Дулат. Жарқын жігіт, шақыршы!

Ақмарал. Тынышың қашады ғой.

Дулат. Тыныштықты ойласам, шалқамнан түсіп жатуым керек. Шақыр! Сұр шинельді өмірде дәл осы әнді жорықтан қайтқан сапарда біздер айтушы ек.

Ақмарал. Иә, батар күннің шапағы бетіңнен сүйген салқын кештерде біздер де осы әнді айтып еске түсіретінбіз.

Дулат (*дереу бетіне тесіле қадалып*). Батар күннің шапағы бетіңнен сүйген салқын кештің бірі менің де есімде, Ақмарал. Мүмкін, сенің де еске түсірген көп кештеріңнің бірі болар. Бірімізге өкпеден оқ тиіп, біріміз жау оғынан мұрттай ұшқан қайырсыз кеш еді.

Ақмарал (*сөзін бөліп*). Оны айтсаң менің де жүрегімді ып-ыстық қан басады. Білем, естігем.

Дулат. Жоқ, сен түгел естіген жоқсың.

Ақмарал (*алдандырып*). Ауыр күннің белгісін ойласаң, бетінде нарттай шаттықтың ізі болса да жүректе іркілген жасты шығармай тұрмайсың.

Дулат. Солай ма? Көзінде жас бар ғой.

Ақмарал (*жасырып*). Жәй әншейін, көңілдің бо сауы да.

Дулат (*қалжыңдап*). Дөңбекшіген түндер, аңсап сағынған күндер де.

Ақмарал. Дәні толық, басы үлкен егіндей, ол күндерге бас иемсе шарам қанша.

Дулат (*орнынан ұшып түрегеп*). Жанағы салған ән қайда кетті. Әнге бас июге болады ғой, шақырмадың, ә?

Ақмарал. Сабыр етші, шақырайын.

Дулат. Ей, Бек! (*Палаткадан шыға жөнеледі.*)

Ақмарал. Тоқта, қайда барасың? (*Тоқтатады.*)

Дулат. Маған, өткен күннің қайғысын ойлама, жүдейсін, қол-аяғыңды құндақта да жат деп тыпыр еткіз-

гің келмейді. Не деген қаталдық. Немене мені бұзау ғой деймісің?!

Ақмарал. Тындамаған тентекке, қатал болған ылайықты.

Дулат (*ажарындағы қайсарлықты сезіп*). Сен сұмдық күштісің де, қаталсың да, Ақмарал. Тірі қайту, сені көрем деу, бір кездерде біздер үшін арман еді, келген бетте кеудеңе басымды қойып, көзіме жас алғанда, сен қайыспадың. Айттым ғой, сен қаталсың.

Ақмарал. Иә, қайыспадым. Қайысуға тиісті де емес ем. Егерде біреу қайғысын бөліп, кеудеңе басын қойса, сен қайтер ең?

Дулат. Солдат жаны төзімді, төзер ем. Уа, қатал қыз серттен бұрын қол жеткен дейді.

Ақмарал. Онда қалтырар еді ғой.

Дулат. Соғыста біздің жан мен тәніміз күйінсе, сенді ақыл мен ойдың күйінуі басталды. Дос қарызын ақтау үшін саған не айтсам да сыяды. Но... сен бөтен ойға жорыма, үмітіңді мен қарызымды ақтамай-ақ та жалғайтыныңды білем.

Ақмарал (*күліп*). Арманыңды алаңсыз түсінген досқа не айтса да лайықты. Жалғыз-ақ бір ұзарып, бір қысқарған көлеңкедей ұстатпай жүрсе сол үміт, жалғаудан онда не шығады. Сен де бөтен ойға жорыма, көңілің қалар, іздегенің Бек болса, шақырып берейін. (*Кетеді.*)

Дулат (*ойланып тұрады да*). Кеше ажал оғына басты бірге байлаған достың сүйгені еді. Сүйген кетті, серт қалды. Сертін бұзып, кеудеме бассам, бейнетсіз тапқан абыройға арын сатқан азғынның, мен де бірі боламын ба? Жок, олар тыныш ұйқыда. Олардың әрқайсысында ашылмаған ойлар, айтылмаған әндер, тартылмаған күйлер кетті. Олар үшін біз айтамыз. Олар үшін біз сөйлейміз. (*Үлкен ойда, көзін бір жерден алмай қадала қарап тұрады. Қолында флейта, Бек пен Айдарлы келеді.*)

Бек. Тыс-с, тұра қал.

Айдарлы. Неғып тұр?

Бек. Қатты қиналып тұр ғой.

Айдарлы. Байқаймысың, жүдеп те кеткен.

Бек. Жүдемегенде, соншама ауыр жараны көтеру оңай деймісің?

Дулат (*бұрылып*). Ә, Бекпісің?

Б е к. Сәлем бердік, ағасы. Ағасы, мұныңыз қалай, бекер тұрып кеткенсіз.

Д у л а т. Сен маған оны айтпа, оқушыларың қайда?

Б е к. Оқып жатыр.

Д у л а т. Іждеме шығатын ба? Кәне, баянда! (*Бауырына тартып.*) Бері, әскери тәртібінді қоя тұр.

Б е к (*қолын көтеріп қап*). Хұп болады, қоя тұрдык.

Д у л а т (*ренжіп*). Тағы да қол... қалдырмағансын. (*Талап етіп.*) Неден бастадың, қысқа айт.

Б е к. Күннің күркіреуі, нажағайдың шартылдауынан.

Д у л а т. Содан кейін.

Б е к. Содан кейін не болсын, біразынан жортып өтім. Генератордың шек-қарнын түгелдей аралай отырып, трансформаторға кеп тіреліп тұрған жайым бар.

Д у л а т. Міне, сап жорта жөнелетін ол ат па екен?

А й д а р л ы. Жоқ, Дулат аға, шолып өттік дегені де...

Д у л а т. Шолып өту дұрыс, марш, өлең, жорық күйі, оны да үйренсе еркі алдына қоймадық де. Қолыңдағы не?

Б е к. Флейта.

Д у л а т. Флейта? Бұдан да хабарың бар ма?

Б е к. Музыка мектебінен, әскерге барғанымда полктің ән-күй жағын басқардым.

Д у л а т. Музыка мектебінен! Оны тастап мұнда не үшін монтер болам деп жүрсің? Әлде монтерлік ұнай ма?

Б е к. Көзімді монтерлікпен ашып ем. Бала жастан бергі кәсібім.

Д у л а т. Музыка де.

Б е к. Монтер баланың ұрынуы, соғынуы көп болады. Мандай терін комбинизонының жеңімен бір сипап, бағанаға, не бір зәулім үйлердің шатырына секіріп жүре береді. Мені секіртіп отырып, музыкаға түсіреді. Радио аппаратын үйренуден бастадым. (*Ақмарал мен Мақпал келеді.*)

Д у л а т (*риза боп*). Жақсы өнер, зор талап. Сенің күйің біз үшін дабыл, жұрттың көңілін көтеруге рухани азық болды. Мен келген бетте жан қойнауында осындай асыл қасиеттің барын бірден сезген болатынмын. Кемеңгер ақыл ұлы мақсатқа шарықтайды. Солай ма, Ақмарал.

А қ м а р а л. Оны кемеңгер боп тууы біледі де.

Д у л а т. Әсем әндер мен тәтті күйлерді де тартатын боларсың?

А й д а р л ы. Өте шебер тартады, Дулат аға.

Дулат. Тыңдалық.

Бек (*зор мақтанышпен бір күй тартады*).

Дулат. Күнде ертемен осы күйінді естіп жаным батқан жараның ауырлығынан жеңілетін едім. Міне, мені тағы да серпілтіп қатты қуанттың. Тілегімді орындадың. Жүр, оқушыларыңмен бірге еселеп соққан күйіңнің сазындай су толқынын көрейік.

Ақмарал. Белгісін күтейік те, Дулат.

Дулат. Жоқ белгі, судың ақтарыла құлауы. Айдарлы, ұста қолтығымнан. (*Айдарлы қолтығынан сүйейді*). Міне, мені сүйесендер, мен сендерді сүйеймін. (*Үшеуі кетеді*).

Ақмарал (*қапаланып*). Айттым ғой, тыңдамайды деп.

Мақпал. Ашулы ма, қалай өзі.

Ақмарал. Жарасын ауырсынып қамыға ма, әлде маған күдіктене ме, білмеймін.

Мақпал. Күдігің не? Қой ондай сөзді айтпа.

Ақмарал. Көңіл бір дық алмасын десейші, тайтас ойдың тартысында, дауыл ұрған теректей, теңселуінің мәні содан ба деп ойлаймын. Бар өмірім қолында еді, ағып түскен жұлдыздай жарқ етті де жоқ болды. Тек ойымда ұмытпастай белгісі мен ізі қалды. Шұғыла көріп сол ізді сөндірмейін деген тілектен басқа не бар еді. Оны сен ғана білетін ең, жеңеше. (*Чертежін көрсетіп*.) Міне, шарқ ұрғанда жеткенім.

Мақпал. Күнім-ау, жігіт дегендердің ебін таппасаң, торсиюы көп болады. Сәл жерден мін тағатынын қайтесің, ақыл сенен, білек менен, тек мына ойға алған ісінді орындап шықсаң, бәрі де жайына қалады.

Ақмарал. Орындаймын, жеңеше! (*Бас тоған жаққа қарап*.) Ағытты.

Мақпал. Нені, тоғанды ма?

Ақмарал. Иә, жеңеше, бері кел, ағысына қарайық, ақтарыла құлап келеді. Қандай әсем, жеңеше!

Мақпал. Сымға тартқан күмістей.

Дауыс (*сыртта*). Су келеді! Су келеді!

Ақмарал (*биікке көтеріліп*). Құйылысы қандай тамаша!

Сыртта судың келуін күтіп тұрған көптің қуанған дауысы естіледі. Сүмен жарыса Степан, Елемес, Қайыр, Игнат, Айдарлы, Төкен, Бек, Дулат келе жатады. Қолдарында қызыл, көк белгілері бар, судың жүрісін бақылаушылар жүгіріп алға шығады.

Степан. Мөлшерін ұстай алмадым ба, Дулат!

Дулат. Ұстадың қария, ұстадын.

Степан. Қол табанға қолмен құйғандай дәл түсірген жоқпын ба?

Игнат. Түп қазығы мықты байланғансын, асау су арнасынан асып қайда барады. Төңкере құлатқан мына біздің колхоздың еңбегі де.

Дулат. Түп қазықтың беріктігін ортаңғы қазық ұстап тұра алса, онда еңбегіміздің жанғаны. Нәтижесін бассейн толғаннан кейін көреміз.

Төкен. Иә, құдай, Игнатқа таба қыла көрме! Қайыр, тілей бер! Тек ұстап тұра алсын де.

Қайыр (зілмен). Мекіре балық, тұмсығы тасқа тимей, тоқтамайды. Тұмсығы тасқа тигесін, Игнат қайда барады. Басын бұлғап тұрат та.

Игнат. Не десең де біздің күш Төкеңді тәубасынан бір келтіруін келтірді. Кім біледі, сені де үйіріп соғып кетіп жүрмесін.

Елемес. Қап, мынапың тспкенде темір үзгендей шіренуін.

Игнат. Кімнің не үзгенін кейін көресің, Елемес.

Дулат. Бассейн толып келеді, Ақмарал!

Ақмарал. Иә, менің де сынға түсетін мезгілім жақындады.

Бек (еліре сөйлеп). Толды, ернеуіне жетті. *(Су толқынын әсерлегендей музыка ойнайды. Жұрт назарын аударатындайды.)*

Дулат. Ал, жігіттер, долы өзенді жеңудің байқау сынынан өтіндер, енді турбинаның доңғалағын шыр айналдырудың сыны тұр. Ақмарал, дайынбысың?

Ақмарал. Дайынмын, Дулат.

Шам сөнеді. Аз үзіліс. Сол жер. Таң ала қарак мезгіл. Бассейнді жағалап күзетші жүр. Бас тоғаннан құйма су ақтарыла құлап жатыр. Бассейн ернеуінен аса толған. Күзетші абайлап қарап қояды.

Күзетші. Бұл шіркіннің құтырына тулауы күшейе бастады. Түбінен бір жерін үңгіп жатпаса игі еді. *(Үңіле қарап.)* Бетіне қарасаң мөлт-мөлт, түбіне қарасаң жымжырт. Жатқан бір арпалыс, байқайыншы. *(Жиектен төмен түсе бергенде, алдынан Степан мен Елемес шығады.)* Бүкім әй, тоқта!

Степан. Кім болсын, біз. Нені бағып тұрсың, іргесін үңгіп бұзып барады.

Күзетші. Өзім де сезіп ем.

Степан. Сездің, бар да дабыл қақ. *(Күзетші кетеді.)* Тегі, астынан кеулегенге ұқсайды.

Е л е м е с. Топырағы құмдау көрініп еді, мен барып бас тоғанды бекітейін, Степан.

С т е п а н. Дулаттың тұрып келуі қиын болар. Әлгі инженер қыз не дер екен. Тез, соған бар. Мен тағы бір қарап шығайын. *(Елемес кетеді. Сыртта дабыл қағылады).* Күтпеген жерден болды-ау. *(Қарап.)* Бұ кім?

К ү з е т ш і. Мен ғой, Степан. Дауысы миымды шағып шыдай алмадым.

С т е п а н. Жаның күйрек, неғылған бейшарасың. Қаға түс деп тұрмын ғой.

К ү з е т ш і. Қағайын. *(Кетеді. Асығып Ақмарал келе жатады.)*

А қ м а р а л. Дабыл неге қағылды? Күзетші қайда?

С т е п а н. Станцияны су алып барады.

А қ м а р а л. Не деп тұрсыз, қария?

С т е п а н. Астынан үнгіп кеткен.

А қ м а р а л. Жүріңізші, көрейік.

С т е п а н. Оның не көретіні бар. Тез тоқтатудың амалын ойла, қалқам.

А қ м а р а л. Амалы? Қол табанды құрғатпай тоқтай ма? Не істедік?

С т е п а н. Дулатқа хабар берсек қайтеді?

А қ м а р а л. Жеті қараңғы түн. Ол тағы да ауырлап қалатын болды. Жок, әуелі қолымыздан келген өз шарамызды қолданайық. Кінә бізден болмасын. Сіз дереу барыңыз да бас тоғанды бекітіңіз. Мен Аймұрзаевқа хабарлайын. *(Елемес келе жатады. Ақмарал телефонға барады.)*

Е л е м е с. Ал, Степан не істейтін болдыңыздар?

С т е п а н. Бері, екеуіміз барып бас тоғанды бекітейік. *(Екеуі кетеді.)*

А қ м а р а л *(Телефон трубкасын ап ауданды сұрайды.)* Аудан, аудан... Маған Аймұрзаевтың пәтерін беріңіз. Тоня, Тоня, сұрап тұрған Ақмарал ғой. Станцияны су басып барады. Дереу, тез қосыңыз, Аймұрзаевтың пәтеріне... Жарқын аға... Түн ұйқыңызды бұзғаныма кешіріңіз. Не болды дейсіз бе? Иә, өзіңіз де сезген боларсыз. Тез жетуіңізді сұраймын... Жарқын аға... *(Трубкины қояды.)* Байқау сынынан мүдірмей өттік пе деп ек, кедергісі алда екен ғой. Біткен істің бүлінгенінен қиын не бар! Мұның ауырлығы Дулатқа тағы да түсетін болды. Екі соққыны бірден көтеретін болды. *(Бек келеді.)*

Б е к. Ақмарал-ау, бұл не сұмдық?!

А қ м а р а л. Иә, алдап соқты.

Бек. Үстінен бе, астынан ба? Қай жерінен екен.

Ақмарал. Көл табанның астындағы құм-қайраңнан үңгіп шыққан дейді. Сен, жайдары мінез, шат көңіліңмен Дулатты талай сүйсіндіріп ең, мен оған не деп хабар айтуды білмей тұрмын. Қинаймыз ғой, білдірмей, сездірмей өтудің амалы не?

Бек. Ойлайықшы? Жоқ бұл қиын жұмбақ. Онсыз шешуге болмайды.

Ақмарал. Хабарлайық дейсің бе?

Бек. Хабарлағанымыз жөн.

Ақмарал. Сен оған бар, бірақ шошытпа!

Бек. Не айтатынымды өзім білем. А, сен қолданатын шаранды ойлана бер.

Ақмарал. Үстінен болса бір жөн, тұңғықтың түбінен қалай жасап шығудың әдісі — мен тұрсын, үлгілі инженерлерді де ойландырады.

Бек. Мен кідірмейін, тез жетейін. *(Кетеді. Ақмарал көл табанға түсетін басқышпен төмен түсіп бара жатқанда алдынан арқасында теңдеген нәрселері бар Іңкәр шығады.)*

Ақмарал. Іңкәр жеңгей, мұның не?

Іңкәр. Мақсатыңа жеттің сен қыз, көз тіккенің менің үйім еді, оның да болды.

Ақмарал. Немене, үйінді су басты ма?!

Іңкәр. Түн ішінде шұбыртқан, обал-жазығым саған.

Ақмарал. Менің кінәм қанша, Іңкәр-ау?!

Іңкәр. Өз ұяңның бұзылғанымен қоймай, құштары боп құшағыңды жаймасаң, мұндай халге душар болар ма ек.

Ақмарал. Тоқташы, жаның аман ба?

Іңкәр. Мақсатыңа жеттің деймін, сен қыз, жеттің. Сілеңмен бір ұрдың, суыңмен екі ұрдың, тағы нең бар. Өлген күйеуіңнің азасын даулайтын шығарсың?

Ақмарал. Іңкәр!

Іңкәр. Жұлдыз, құндыз... Сөнген біз сөнейік.

Ақмарал *(не дерін білмей екі адым жақындап)*. Сен де осыны айттың ба?

Іңкәр. Селіне басқызып, сергелдеңге түсіргені есінде де жоқ. Айтпағанда.

Ақмарал. Адасып айтып тұрсың, Іңкәр. Бұл жерде тергесу де қиын, азалы адам не демейді. Сенің адаса сөйлеген айыбыңды, мен адал ниет, адамшылығыммен жуайын. Үйің не болды, жаның аман ба?

Іңкәр. Не болсын, жатыр әне.

Ақмарал. Жатпайды, құтқару — менің борышым.
(*Ұмсынай, Мақпал, Айдарлы келе жатады.*)

Ұмсынай. Бұ не у-шу, тоғанымыз аман ба?

Ақмарал. Ә, апа, жақсы келдіңдер, Мақпал, кі-
нәсына біз қалмайық, мына Іңкәрға көмек беріндер.

Мақпал. Дүнием, дүнием деп жүріп өлесің ғой
сен. Әйтелек-ойталақ болған бейшара. Құдайдың жері
құрығандай, тоғанның аузына үй салған ана есірік,
жынды қайынды суға сүнгітіп алса да обал жоқ, жүр
бері!

Ұмсынай. Ым-м... Шарпуы бізге де тиеді деп ем,
ақыры кеп тиді де.

Ақмарал. Апа!..

Ұмсынай. Біреудің қайғысын келеке, қуанышын
мазақ еткен немеге сол керек. Өлі арыстаннан тірі тыш-
қанды артық көріп, әлде сен қыздың да іші-бауырың
елжірейтін болар.

Ақмарал. Апа, сен де қолынды теріс сілтедің бе?

Ұмсынай. Мен өксісем көз жасыма қарай жер де
қайысады.

Ақмарал. Өнменіме оқ тигендей болды-ау. (*Ұмсы-
най үндемейді.*)

Мақпал. Түү, шеше, үлкен кісі де өсте ме екен?
Қойыңызшы шеше, өрт үстінде өкпе айтылмайды. (*Ерік-
сіз алып кетеді.*)

Іңкәр. Шайқалды ғой дәулетім, кетті ғой зейнетім.
Тал қармап қалдым ғой, тал қармап... (*О да кетеді.
Ақмарал басқышпен төмен түседі. Станция жақтан Бек,
Дулат, Қайыр келе жатады.*)

Дулат. Неден болды екен, неден жаңылыстық?

Қайыр. Қайдам, суыңның сырын кім білген?

Дулат. Суда дер ек, мөлшері қолда.

Қайыр. Енді неден?

Дулат. Әлде опа, әлде қорық.

Қайыр. Немен бекітеміз, соны ойлайық та.

Дулат. Немен бекітудің көзін таппай айту да қиын.
Ақмарал қайда?

Дулат. Бас тоғанның қақпағы жабылды ма?

Бек. Жабылды.

Дулат. Міне, таң да атып келеді. Су толқыны сая-
бырласын. Оған дейін, Бек, қасыңа адамдар ал да стан-
цияға жайылған суды еңкейістен жыра ашып өзенге
құй.

Бек. Мақұл.

Дулат. Жарым сағат уақыт берем.

Бек. Жарым сағат?!

Дулат. Иә, одан асырма! Маған десең белуардан кеш, асқындыруға жібермейік. Көл табанды құрғатпай көзі табылмайды. Сол үшін де жедел қимылдауымыз керек.

Бек. Жаксы.

Дулат. Ақмаралды көрсең, тез маған келсін. *(Бек кетеді.)* Сіз қарулы жігіттерден сұрыптап алыңыз да бас тоғаннан бергі су жолымен бассейнді сүзіп шығыңыз. Қай жерінен үңгіп, қай жерінен шығып жатыр. Су бетінің шымырлауынан да байқауға болады. Ал, егерде оппа шыңыраудың түбінде қол жетпейтін құзда боп, іргесін үңгіп кетсе, онда *(дауысы дірілдеп)* қайрадан қопаруға тура келеді.

Қайыр *(шошынып)*. Қайтадан?..

Дулат. Иә, Қайыр аға, қайтадан салуға тура келеді.

Қайыр. Қыруар еңбек, мандай тер зая кеткені ме?! *(Дулат үндемейді.)*

Қайыр. Е, «асыққанды үміт оңай арбайды, адасқанды оңай алдайдының» кебі болды де, кебі.

Дулат. Адасқанды деймісің?

Қайыр. Адаспасақ, соншама жұрттың еңбегі неге зая кетеді? Бір сапырған буды қайта-қайта неге сапырамыз?!. *(Қасында бірнеше колхозшы бар Игнат келеді.)* Міне, келді ғой, айтсын.

Игнат. Дулат жолдас, осы біреу үшін біреу еңбек істей ме? Әркім өз ісіне жауап береді. Қайыр мен Төкенді көтермелеуім жетпеп пе еді. Бүкіл ел боп көтердік.

Дулат. Иә, көтермеге алдыңдар...

Игнат. Жок, алдыңнан ор келсе артыңнан сор кеп, бізді бөгеді де отырды. Кеше суды көл табанға құлатқанда, сендерді үйіріп соғып кете ме деп жанымыз көзімізге көрінді. Өлсек те шыдайық, берілмеңдер, деп асау суды аңыратып отырып астауына құйып та бердік. Сол суды ұстап тұра алдыңдар ма?

Біреу. Дұрыс айтады.

Игнат. Дұрыс айтса, бұл не малтығу, Дулат жолдас?

Дулат. Иә, ұстап тұра алмадық, айып бізде. Сонымен сіз, біреу үшін біреу істемейді, әркім өз ісіне жауап беретін болсын дейсіз ғой?

Игнат. Иә, жауап берсін!

Д у л а т. Күздан құйып, қолтықтан иген, көпке айтар жауап біреу-ақ.

И г н а т. Айтыңыз.

Д у л а т. Тізе бұгу, мойындау.

И г н а т. Іс өткен соң бүктің не, бүкпедің не?

Д у л а т. Тізе бүге отырып жауап беретін мен. Риза шығарсың.

Ұзақ үнсіз, жұрттың ішінен толқу басталады. Сыртта машинаның гүрілі естіледі. Аңырып тұрған жұрт елегізі қарайды. Жарқын келеді.

Ж а р қ ы н. Амансыздар ма, халдерің қалай?

И г н а т. Халды несіне сұрайсыз?

Ж а р қ ы н. Е, сен ширақ едің ғой, белсеніп күреске түспедің бе? Әлде бір шабар ғана күй ме еді.

И г н а т. Мына Қайыр мен Төкен қалжыратып тастады ғой.

Ж а р қ ы н. Сен екеуіңдікі не?

Т ө к е н. Бір сапырған суды бес рет сапырдық қой.

Д у л а т. Үлкен идеяға асау оқиғаны байлай алмаған кішкене герой болдық, Жарқын аға.

Ж а р қ ы н. Иә, егерде идея әлсіз жатып, қыздырма оқиғаның ізін қуса?

Д у л а т. Жалаң қызықтыру болар еді.

Ж а р қ ы н. Ә, онда біздің геройымыздың шыққаны. Мәселе идеяның үлкендігінде. Әлсіз идеяға асау оқиға еш уақытта байланбайды. Біздің идеямыз менің саған беретін кенесімнен әлдеқайда жоғары. Мүмкін сол үшін долы өзен бірде селімен, бірде толқынымен ашындырып, күреске шақыратын болар. Сондықтан біз қазіргі табыстарымызға идеялық биік тұрғыдан, болашақтың ұлы мақсаттарының биік шыңынан қараймыз, солай қарауды үйретеміз, үйрете жүріп талап етеміз!

Д у л а т. Етіңіз, жаратылыстың жаңсағы көп қой. Күн еңкейсе ұзарып, күн шалқайса қысқаратын көлеңке емеспіз.

Ж а р қ ы н. Көлеңкенің аты көлеңке, үлкен идеяның өнбойына ұзай түсетін шұғыла неге болмасқа? Жаңсақ неде?

Д у л а т. Жаңсақ жаратылыстың заңында.

Ж а р қ ы н. Жаратылыстың заңын бақылайтын ұлы күш, ғылым бар емес пе?

Д у л а т. Біз өзен табаны құм қайраң болған соң се-

ніп ек. Ол болжау дәл шықпады. Әлде оппа, әлде қорық. Іргеден үнгіп алдап соқты.

Жарқын. Амалы не?

Дулат. Амалын сізден бұрын ойлап көріп ем, бірақ мынау тұрған жұрттың алдында мойындауға тура келеді. Еңбек осылардікі ғой.

Қайыр. Қайтадан салудың қауіпін де естідік.

Игнат. Қөнбегеннің бірі мен, Аймұрзаев жолдас.

Жарқын. Сабыр, сабыр Кезекпен сөйлендер.

Игнат. Инженер сөзін айтты ғой, енді біздің сөзімізді де тыңдап көр. Құм боратып, тас шауып үлкен-кішімізге шейін осының басында болдық. Ыстығына да, суығына да шыдадық. Егістегі бригадир, өрістегі малшыларға шейін әкеп салдық. Солай емес пе?

Жұрт. Иә, солай...

Игнат. Сүрінсек сенен, жығылсақ жаттан деп тергеспейік дедік, тергеспедік. Қиыншылығына төзейік дедік, төздік. Мен дұрыс айтып тұрмын ба?

Жұрт (салмақпен). Талап етуің дұрыс, Игнат Никифорович. Сонымен кінә алдын болжамаған инженерде дейсіз ғой?

Игнат. Әрине, инженерде... (Судың қай жерінен бұзып шыққанын зерттеп, Степан, Ақмарал, Төкен келеді. Төкен құлауға жақын, әбден қажыған.)

Степан. Бейшараның құр сұлдері қапты.

Жарқын. Қайда жүріп?

Степан. Е, осында құйын соққандай алай-түлей болдық қой... Мына Төкен бізден бұрын көзін тауып бітеймін деп жалғыз өзі алысып мерт бола жаздапты...

Төкен (бойын билей алмай). Иә, Аймұрзаев жолдас... Қолыңмен тұрғызған зейнетінді көз алдында су басса, жаныңды садаға етуге болады екен... Үш ба-тып, үш шықтым. Төтеп бермеді. Зая кетті ғой. (Теңселіп отыра кетеді.)

Дулат. Оңайлықпен табылмайтынын біліп ем, қай жерден кетіпті?..

Ақмарал. Ірге қаланның астынан...

Степан. Дегенмен де ірге қаланды мен қалап ем... Қозғалмапты.

Ақмарал. Иә, қозғалмапты.

Дулат (қуанып). Мен іргені үнгіп кетті ме деп қорқып ем. Іргесі берік екен, Жарқын аға, көзі табылды, екі сәтке уақыт беріңіз.

Жарқын. Уақыттан басқа не тілегіңіз бар?

Дулат. Уақыттан басқа тілегім жоқ. Су жүре-

тін ізін біледі, қорқыныш пен үрейдің билеуіне жол бермесеңіз болғаны.

Ж а р қ ы н. Қорыққан адам тереңге жүзуді еш уақытта ойламайды, жалғыз алысып көзін тапқан Төкендей, әрқайсымыз ерлік көрсетейік тілегенің екі сөтке уақыт болса бердім, тек қарусыз күреске шықпа, адамыңды сайлап ал.

Д у л а т. Маған осы адамдар да жетеді, Төкен аға, сізге үлкен рақмет. Ақмарал, сен осында бол, Турбинаны орнатудың қамына кіріс.

Ж а р қ ы н. Уәде айтылған орнынан шығатын болсын.

Д у л а т. Болады. *(Жарқын телефонға барып облыспен сөйлесіп жатады. Қолында атып алған екі-үш дуадағы бар, Сұңғат келеді.)*

С ұ н ғ а т. Уа, Ақмарал бармысың?

Д у л а т. Иә, бармыз. Барған жұмысың не болды?..

С ұ н ғ а т. Не болсын, әлгі автоматты регулятордан басқасының бәрі келді. Есебі, түнделетіп шығар күнмен таласа біз де жеттік.

А қ м а р а л. Ең керектісі сол еді, таба алмадым де.

С ұ н ғ а т. Ондай запас бөлшек бізде жоқ, заводқа заказ берсін дейді.

Д у л а т. Қайдағы заводқа?

С ұ н ғ а т. Заказ бермейді екенсіңдер, нардың пұлы атанның құны емес, сатып алыңдар дейді. *(Өзен жаққа қарап.)* Ым-м... дүниенің өзі бір түнде өзгеріп кеткен бе? Есебі, біздің үй судың ортасында қалған ба?

Д у л а т. Қарық болмағаныңа шүкіршілік ет.

С ұ н ғ а т. Есебі, шүкіршілік деп жүрміз ғой.

Д у л а т. Өзің де құстың қанатына оранып келген екенсің. Қанат байлап жетпесең, одан беріде жете алмайсың... Шөлдің құсын құшақта да тұр солай.

С ұ н ғ а т. Есебі, құшағына не оралса, әркім соны құшақтайды да... *(Кетуге ыңғайланады.)*

Д у л а т. Тоқта!

Ж а р қ ы н. Бері кел... Осы қанат байлаған қалпыңда, үйіңе де, өзгеге де алаңдамай, облысқа жет. Райисполкомнан берген наряд бойынша, үш тонна цемент, жиырма кубометр ағашты бүгіннен қалдырмай осында түсір. Жетті деген сол болады.

С ұ н ғ а т. Есебі, сол болса, жеттім, Аймұрзаев жолдас.

Ш ы м ы л д ы қ.

ТӨРТІНШІ АКТ

Гранит тасынан салған электростанция. Еңселі, биік, айналасы шын, жартас. Станциядан жан-жаққа тарамданып созылған сымдар, жон асырып орнатқан бағаналар көрінеді. Бек қасында екі-үш монтері бар станцияның маңдайына бес бұрышты жұлдызды орнатып болып, сатымен төмен түседі. Ұмсынай келе жатады.

Ұмсынай. Орнатып жатқаның не, шырағым?

Бек. Жұлдыз ғой, шеше.

Ұмсынай (*мойнын созып*). Үкілі тебетейдей әшекейлегенім жұлдыз еді де.

Бек. Ақмаралдай шебер қыздың салған станциясы жұлдыздай жарқырап тұруы керек қой, шеше.

Ұмсынай. Иә, жұлдызың жанса, одан артық бақыт не! (*Ауыр күрсініп*.) Мендейлердің маңдайында жанар ма екен, өзі қайда?

Бек. Ақмарал ма?

Ұмсынай. Үйге қонбады, түспеген келін, қиылмаған неке де.

Бек. Шеше-ау, түнімен станцияда болдық қой.

Ұмсынай. Бола бер, сөздің аты сөз де.

Бек. Шеше, мен тіпті сізге не дерімді білмей тұрмын. Түні бойы кірпік қақпастан, тыным алмастан Дулат анда көл табанда, біз мұнда істеп шықтық. Сұңғат Аймұрзаев жолдастың машинасымен облысқа кетті. Не деген жүрек, не деген мейірім, ғажап, шеше.

Айдарлы келеді.

Айдарлы. Кімнің жүрегін айтып тұрсын, әй?

Бек. Сенікі емес, ондай жүректі саған кім берсін.

Айдарлы. Шеше, мұны мылжындатып қайтесің, соға береді.

Бек. Соға береді, іс-міс жоқ көлденеңнен қойып қалмай, сен әуелі түсінсейші.

Айдарлы. Саған Ақмарал тез келсін дейді.

Бек. Біліп тұрмын.

Айдарлы. Ана тоған түбіндегі бағананың басына шам орнататын еді. Көк мылжың, суайт, неге болмай жатыр деп ұрсып жатыр.

Бек. Иә, ұрысканын естіп тұрмын.

Айдарлы. Ой, қызықпысың?

Бек. Өзіміз қыздар ұрысса екен деп тілеп тұрамыз.

Бек кісілерімен бірге станцияға кетеді. Сыртта Жарқын мен Іңкәр келе жатады.

А й д а р л ы (қарап). Е, арыз етіп жүр екен де.

Ұ м с ы н а й. Ететін кім?

А й д а р л ы. Іңкәр да... (Бектің соңынан кетеді.)

Ж а р қ ы н. Солай болып еді де. (Ұмсынай екеуінің әңгімесіне құлақ салады.)

Іңкәр. Бір түйір жалғаны болса, бұйырмай кетсін, секретар жолдас. Су алғырдың өзін де су алды ғой. Ажықан ұстаға үш қой беріп еденін, төбесін, терезелерінің көсегіне дейін сырлатып едім, секлетар. Мишке шеберге сегіз пұт астық беріп пешін салғыздым, култорнай тұрындар, салақ болмандар, деп өздерің айтасындар. Сіздей жақсылар сүйсініп кетсін, култорнай тұрайық дедік. Қолхоздың бір сілем жібі де ауысқан жоқ. Бәрі де өзімнің қала-далада жүріп тапқаным, ішім-жемнен артылғаным, секлетар жолдас-ау.

Ж а р қ ы н. Қалаға да қатынасып тұрасыз ба?

Іңкәр. Машине деген ағылып жатады. Пайдам үшін де, секлетар жолдас.

Ж а р қ ы н. Күйеуіңіз бар ма?

Іңкәр. Дүниесі құрғырда тойым бар ма, мал табамын деп жүріп, машинеден құлап өлгеніне жеті жыл болды.

Ж а р қ ы н. Сауда істейтін бе еді?

Іңкәр. Аздап қана шәй-пұлмен ептеп-септеп кәсіп ететін еді.

Ж а р қ ы н. Иә, сонымен сіз колхоз бастықтарыныңкі теріс, тоғанды бекер салды, тоған салынбаса, су шаймас еді дейсіз ғой.

Іңкәр. Салынар тоған салынды ғой, секлетар, қайныма айтсам, үйіңе қоса өзіңді ағызып әкетсе де кіріспеймін деп үрке кашады.

Ж а р қ ы н. О неге үркеді?

Іңкәр. Үркетіні — қорқады. Осында Ақмарал дейтін қызды алам деп желігіп, менің дүниемді шашып, істемеген пәлесі жоқ. Үймен қызықтырам деді, о қыз да бір жөрегінен қағынғанның өзі. Майдандағы сүйген жігітін тоспай, шешесін алдап жүр. Мені өстіп шерменде қып қойған бәрі сол қыз бен әумесер қайнымның шатасуынан, секлетар жолдас-ау. Соған өшіккеннен болған шаруа да. Бір бөтендігі болса, оллаһи, түк көрмей өтейін. Мені аяңыз... Үйімді қондырып беріңіз.

Ж а р қ ы н. Болдыңыз ба?

Іңкәр. Қыз бен қайныма, желікпендер, сайтан-

дар, әскер семьясын бұзуға болмайды деп ұрыссаңыз екен.

Жарқын. Иә, сіз мына көптің игілігіне не үлес қостыңыз?

Іңкәр. Қосайын деп құлшынып-ақ кірісіп ем, желіккен қыздың кесірінен өліп барып тірілдім ғой, секлетар-ау.

Жарқын. А, иә, анада сіз бе едіңіз?

Іңкәр. Сүйтіп жүйкемді құртып кетті ғой. Әйтпегенде стақан болатын ем, секлетар жолдас.

Жарқын. Өзіңіз еңгезердей көрінесіз, есепті де жақсы айырып, пайдаңыз үшін қалаға қатынап тұрасыз. Жұмыстан неге қашасыз? Әлде қиын ба? Мен сіздің қайыңызды жақсы білем. Сіздің қайыңыз тоңқала аса құлады да қайта тұрды. Сүйтіп, есін жиды. Ә, сіз суға мүлдем батып барып, қайра шықтыңыз. Қараңыз, колхоз деревнясын анда қыр басында, ә, сіздің үйіңіз қайда? Тасқын астында. Су ішінде, үйіңіз бұ жерде қалуға тиісті емес. Үйіңіз көшіріледі. Кешегі қатты ағында суға ағып кетпегеніңізге шүкіршілік етіңіз. Жеңіл-арзан кәсіпті қойыңыз. Кінә Ақмаралда, қайыңызда емес, жас адамдардың арасында ондай нашар әңгімелерді айтпаңыз!

Ұмсынай (қастарына кеп). Бүлінгеннен бүлдіргі алма дейді ғой, шырағым.

Жарқын. Сәлеметсіз бе, кім боласыз?

Ұмсынай. Мен Ақмаралдың шешесі боламын.

Жарқын. Балаңызды жақсы білем.

Ұмсынай. Менің сіз білмейтін балам да болған. Мына суайт төндірді ғой. (Бұл кезде көл табаннан көтеріліп Дулат келеді де, әңгімелерін бөліп кетеді.)

Дулат. Жарқын аға, іс айғақ та, сөз жалтақ демеңіз. Сағатыңызға қараңыз.

Жарқын. Иә, сағат мерзімін дәл соқты. Айта беріңіз, шеше.

Ұмсынай. Мына бала іс айғақ та, сөз жалтақ демеңіз деді ғой. Тауып айтты. Өрттің басы ұшқын кімнен тұтанса, жамандыққа айғақ та сол, мен көкірегім кейісті, көзім жасты адаммын, шырағым. Жалғыздан өлі айрылсам, тіріден жүре айырам деді. Мына тұрған суайттың қайынысы... Кішіреймейін, айтпайын деп сұм қайғыға бой бермей келіп ем. Жанымды жеген күйігі еріксіз айтқызып тұр. Міне, мына бала құлыныммен бірге кетіп еді, от көпірден өтерде, кеудесін оққа

төсеп, ерлік өліммен қаза тауыпты менің балам. Кек семсерін қолына ап, жағаласқан жауға қарсы ұмтылған азаматтың анасымын. Қайғымды мазақ, қуанышымды келеке еткізбендер! Жүрегімді тіліп өткендей ісі бар. Көлеңкесінің маңынан да жүргім келмейді.

Дулат (*қалтыранып*). Оны ойласам менің де қаным қайнайды.

Жарқын. Дулат қызбаңыз.

Дулат. Жоқ, қатал шындық әркімге де шынын айтқызады. Егер де соғыстың қанды кешуінде, не бір қырғын айқастарда, бір адым шегінбей, жаудың қамалына қарсы шапқан ерлігін көзіңізбен көрсеңіз, Жарқын аға, сіз де қызасыз. Ең соңғы минутінде партбилетін қолына ұстап, өрт ішінде денесін шарпыса да, бекінген жерін берместен қадала қарап қалып еді. Сондай ердің аруағын сыйламаған адамның жүзіне қарауға да болмайды. Бұл кісінің баласы сондай болатын.

Жарқын (*сабырмен, ойлана толғап*). Иә, жауынгер ердің анасы едім де. Сіз налымаңыз, ұлылық, ерлік қасиеттің ең жоғарғы дәрежесіне жету әркімнің қолынан келе бермейді. Оған жеткен адамның ешқандай өкініші бар деп айта алмаймын. Егерде қаспен көздің арасындай уақытта жай отындай жалт етіп жанып түсіп, артында мәңгі өлмейтіндей іс қалдырса, оның аты өлмегендік. Сіздің балаңыз партбилетін кеудесіне басып, қашан құлағанша берілмесе, ол біздің партиямыздың абыройы, қайғыңызды мазақ, қуанышыңызды келеке ете алмайды. Еткізбейміз де. Еткен күнде, ондайларды өмір қатардан сырып, өзі-ақ лақтырады. (*Іңкәрді нұсқап.*) Ойлаңыз, лақтырды ма? Өзімшіл, тамырында нәр қалмаған құнарсыз күш не болды. Бір толқында-ақ шетке сырылды.

Дулат. Дегенмен де, дақ қалды ғой.

Жарқын. Дулат...

Дулат. Иә, сағатыңызға қараңыз.

Жарқын. Сол шеше, кірбең ойдан арылыңыз, қазір көп игілігінің көлдей шешілген қызығын көрсеңіз.

Дулат. Уақыт боп қалды...

Жарқын. Алаң болмаңыз, шеше түсіндіңіз бе?

Ұмсын ай. Түсіндім, қарағым, түсіндім.

Жарқын. Ал сіз, өткендегіңіз салауат, ілгері күніңізді ойлаңыз, уақыт болса жүріңіз. Неден бастаймыз?

Дулат. Турбинаны қабылдаудан. (*Екеуі кетеді.*)

Іңкәр (өзіне). Маған ілгері күніңді ойла деді.
(Іңкәр кетеді.)

Ұмсынай (аз кідіріп тұрады да). Алаң болмай, қуанышын күтейін, ашуға асу бермей күтейін.
(Сыртта машинаның дауысы естіледі. Автоматты регуляторды көтеріп Сұңғат келеді.)

Сұңғат. Сау боларсыз, шеше.

Ұмсынай. Иә, ауырған сенен сақтасын. Безегің қалай, ұстауын қойды ма?

Сұңғат (шошынып). Қате айтасыз, шеше. Есебі, мен безгекпен өмірімде ауырған емеспін.

Ұмсынай. Сау басқа сақина салған ауруыңды қайтесің.

Сұңғат. Апыр-ау, менің жарам жетпеп пе еді?

Ұмсынай. Жеткен. Үйде өңделіп, түзде өзгерген мұндар, кімнің шашыраған жұлдызында не жатыр. Оны ұғынған сен бар ма... Былай әрі.

Сұңғат. Есебі, шеше...

Ұмсынай. Тұрма, жолама. Осыдан көлеңкесі түрсын, ізін басшы, екі қолы жағанда. (Кетеді. Сұңғат сұлық тұрып қалады. Айдарлы келеді.)

Сұңғат (өзіне). Бұлт тағы да түйілді. Есебі, мен тағы да шатылдым.

Айдарлы. Сәлеметсіз бе, Сұңғат аға?

Сұңғат. Бүйткен сәлеметі құрсын да.

Айдарлы. Үрейіңіз ұшып тұр ғой. Немене таба алмай келдің бе?

Сұңғат. Тапқанымды қайтейін, жаңағы кемпір үрейімді ұшырмас еркіме қойды ма. Есебі, сормандайға не кездеспейді. Селдің соққысынан қалған жанды кемпірдің көз жасы мен сілесіне беретін болдық.

Айдарлы. Іздеп алған ауруың да, Сұңғат аға,

Сұңғат. Ей, сен қыз да қайдағыны айтады екенсің. Аймұрзаев қайда?

Айдарлы. Ақмаралдың орнатқан монтажын қабылдап жатыр.

Сұңғат. Иә, құдай, сол қызды мүдірте көрме. Бірдемесі жетпей қап, мені тағы да қуып жүрмесін де. Тұтқасы ма, түймесі ме, басып қалсаң дүниені қозғалтады деген мына бір кереметін әкелдік. Қарғысын алғысымен жуар ма екеміз, жүр апарайық.

Айдарлы. Таба алса жарар еді деп тосып отыр еді. Жүр.

Сұңғат. Әй, әлгі менің сор қаққан жеңгем Аймұрзаевқа мені жамандап қойған жоқ па, сен сездің бе?

Айдарлы. Арызын айтып, сөйлесіп жүрген.

Сұңғат (*үрейленіп*). Арызын, есебі, онда сорладық. Бүлдірген екен ғой. Енді мен қалай көріндім? Не айтты сонда? Естідің бе?

Айдарлы. Бәріне де кінәлі менің оңбаған қайным, соның желіккенінің кесірі деуі керек.

Сұңғат. Әскер семьясын бұзды да деген болар. Есебі, онда құрыдық. Әй, Айдарлы, мен көрінбей-ақ қояйын, сен апара салшы.

Айдарлы. Жұмсағаны сен, мен не деп апарам? (*Қолында балға Елемес келеді.*)

Елемес. Өй, дүлділің мынды қырып, жүзді оралтқан сабазын. Тіпті алып келіп те қалғансың ба? Тосып отыр ек. Жақсы болды. Неғып тұрсың?

Сұңғат. Есебі, осыдан мені құтқаршы, Елемес.

Елемес. Не дейді? Жаңылысып алдың ба? Қирағаннан сау ма өзі?

Айдарлы. Қорқып тұр.

Елемес. Ә, мұның атын автоматты регулятордың тұтқасы дейді. Тағы да теріске барам деп қорықсаң, мына қорықпайтын біз-ақ апарайық. Көтер, Айдарлы. (*Екеуі алып кетеді. Станцияның ішінде Дулаттың Степанға суды жібер деген даусы естіледі.*)

Сұңғат. Есебі, мен осы арадан тайып тұрсам деймін. (*Кетеді. Степан мен Қайыр шығады да, жоғары басқышпен көтеріліп, суды жіберудің әрекетіне кіріседі.*)

Қайыр. Иә, сәт дейік, қария.

Степан. Сәті болар-ақ...

Қайыр. Кірпік қақпағанымызға екі күн болды. Төкен байғұс мұрттай ұшып жығылды. Бәсеке, намыс деген қиын ғой, қария. Игнат та атына қамшыны аямай-ақ басты-ау. Көмбеге келгенде, шіркін, шырқап кеттік қой. Қолыңның қайыры ,аузыңның дуасы бар еді, біз де бір көсілейік те. Кәне, ашып жіберші.

Степан (*көл табанынан тартылған көмейдің қақпағын ашып*). Үміттің ұшқын оты жана көр деп тіле, ал аштым.

Қайыр. Жанады, қария.

Степан. Құйылып келеді.

Қайыр. Тек, ұрмай өтсін де.

Степан. Айналды ма?

Қайыр. Жібере түс. Зырылдап жатыр, айналды. (*Турбина гүрілдей жөнелді. Турбинадан төменге қарай*

лықси құйылған су сапырыла тулап жатады. Көл табаннан Игнат келеді.)

Игнат. Қойныңнан құйылса қонышына, Қайыр, тілегің дұрыс екен. Ылдида едің, өрге шықтың.

Қайыр. Көзің тиеді, қарама, қарама!

Игнат. Тағы да мүдіріп жүрсең, менен көрерсін. Қарамай-ақ қойдық. Дегенмен де түпкі күші берік қой. Екі күндей есіңнен тандырған жоқ па?

Қайыр. Түптеп келгенде топ жарып шыққанды айтсайшы.

Игнат. Әй, білмеймін, өкшелеп кеп қалып қоя беретін әдетің болатын. Бұдан әрі аса алсаң игі еді.

Қайыр (шамданып). Ей, тауып айттым деп тұрсың-ау!

Игнат. Ойында озған, шынында да озады.

Қайыр... Ым-м... сендей күншілді көрсемші.

Игнат. Әйгілі жүйрік, томпандаған таймен таласа ма, несіне күндейін.

Қайыр. Осы жұрттың бәрі сенің қанжығанда жүргендей кеп көкісің, ала алсаң жарар еді... қолыңда тұрса, асырма.

Степан. Жә, қойыңдар әрі, бала боп кеттіндер ме!? (Елеңдей қарап). Неге белгі бермей жатыр?

Қайыр. Тағы не боп қалды?

Игнат. Тарылуың жаман еді, апыр-ай; осы сенің қырсығың тимесе игі еді.

Қайыр. Сен мені үйтіп күйдірме.

Игнат. Күйіп бара жатсаң, су жақын...

Степан. Ау, қоясыңдар ма, жоқ па?! (Станциядан Дулат шығады.)

Дулат. Қария, түсір қақпаны, тоқтат суды.

Степан. Жарқыным-ау, не болды?

Дулат. Бері келіндер. (Үшеуі құлама сатыдан түсіп Дулаттың қасына келеді.) Суды ағытқанда, басын ернеуімен бірдей толып тұра ма?

Степан. Толғанда қандай, артығы құймадан асып төгіліп жатты.

Дулат. Ә, тоқ бермеуінің себебі турбинада емес, генераторда болды. (Станциядан Ақмарал мен Жарқын шығады. Аз үнсіз.)

Ақмарал (ауыр толғанып). Турбинадан ба, жоқ, генератордан ба?..

Дулат. Турбинадан қайдан болады? Токометрмен турбинаны тексердік. Минутіне мың айналып тұр. Турбина бабында. Меніңше, генератордан.

Ақмарал. Генераторды жана өзін тексеріп те шықтың. Бәрі орнында ғой. Әлде мен орнымды тауып қалана алмадым ба?

Дулат. Мүмкін, солай да болар. Орнын тауып қалану әркімнің қолынан келе бермейді.

Ақмарал. Мен осындай аумақты ұлы істің үстінде өсіп қанат қағып ем, абыроймен аяқтап шығу алдыма қойған арманым еді. Дегеніме жетпейтін болғаным ба?!

Жарқын. Жоқ, шырағым, адам бейнетсіз арманына жетсе, өмірде тартыс та, талас та болмаған болар еді. Ә, біз бұл дәрежеге жетпеген де болар ек. Өмірден алатын сыйлық оңайлықпен қолға келмейді. Талмайтын күшпен келеді. Сондықтан кемшілігін әлі де болса іздеп табу керек.

Ақмарал. Іздегенде қай жерінен іздейміз?

Дулат. Жарқын аға, кешіріңіз, біз уақытты мөлшерлі жерге жетпей белгілеппіз. Мүмкін бүгін, не ертең жіберерміз. Әйтсе де көптің тілегін қайырмайық, күте тұрсын.

Қайыр. Күткенде, шегі бар ма?

Дулат. Бар. Кісінің басына түсетін ауырлық пен оған төзетін шыдамның шегі бар. Ерлік пен сабырлықтың да шегі бар.

Жарқын. Иә, сол үшін де барлық назарымызды бір мақсатқа аударып тұрмыз. Күтейік. Ал, іске кірісіңдер. Қанша күтейік?

Ақмарал. Оны айту қиын боп тұр, Жарқын аға.

Дулат. Меніңше, монтаждың құрылысында емес, болмашы бір тетігінде. Соны іздеп тапқанша ғана уақыт керек.

Жарқын. Күттік сол уақытты. Председатель жолдастар, сендер абыржымаңдар, қолқабыстарыңды тигізіп, керегін қамтамасыз етіңдер. Барыңдар.

Дулат, Ақмарал, Степан — бәрі станцияға кетеді. Шам сөнеді. Ымырт жабылып түнге айналған. Станция әлі жүргізілген жоқ, жүргізілуін күтіп Айдарлы, Мақпал, Степандар бірыңғай, Игнат, Төкен, Қайыр өз бригадасымен бірыңғай тұрады. Станциядан Дулат шыға келеді.

Жұрт. Не болды, не болды?

Дулат. Қазір жүреді.

Степан. Тапқан кім?

Дулат. Ақмаралдың өзі. Әркім өзінің айтылған орнында тұрсын. Төкен, Қайыр, Игнат Никифорович, көл табанынан құлайтын канал бойына бақылайтын

адамдарынды қойыңдар. Қария мен екеуіміз бассейннің басында боламыз. *(Төкен, Қайыр, Игнат кетеді.)*

Степан. Әй, бала, бала...

Дулат. Жүріңіз.

Степан. Жо-жоқ... Енді асықпа. Мұз боп қатқан теңіздің түбіне кімнің көзі жетеді дегендей, біздің көзіміз жетпесе де, Ақмаралдың көзі жетті. Сен оған көңіліне дық саларлық сөз айттың-ау.

Дулат. Қария, оны еске салып қайтесіз?

Степан. Жоқ, балам, балам дейін, мен не айтсам да қуаныштың үстінде айтқым келеді. Қайғыда серігің, қайратта сыңарың болатындығын жақсы біл, бала. Жас тілек, албырт жүрек.

Дулат *(ашынып)*. Қария, оның бәрі де дұрыс. Кім де болса ешкім із салмаған соны жолмен жүргісі келеді. Бәріміз бірлесіп, барлық адам үшін жасаған бақыт пен шындық бар емес пе. Сол үшін ентелеп жоғары шарықтасак, сол үшін дүниенің тұтқасын ұстаймыз деп бейнет шексек, о да шегуге міндетті.

Степан. Иә, аз шеккен жоқ.

Дулат *(Степанның қамқорлығына сүйсініп)*. Әркім ақылының жеткен жеріне қарайды ғой, қария. Бірақ, сіздей кісінің жүрек түкпіріне үңіле білу, әлде жастық, әлде қызулығым, мысалы, менің қолымнан келмейді. Ал, сіз мендей бұраң жолдармен өтпеген жас кезіңіз болса, қалай ойлар едіңіз?

Степан. Ол заман мен бұ заман бірдей ме екен? Жүр, өз орнымызға біз де тұрайық. *(Екеуі басқыштан көтеріліп кетеді, станциядан Ақмарал шығады.)*

Мақпал. Күнім-ау, күте-күте көзіміз төрт болды ғой.

Ақмарал. Қазір, жеңеше, қазір.

Айдарлы. Неден екен, өзін таптың ба?

Ақмарал. Иә, іздеуін білсек, достық та, махаббат та — бәрі де табылады ғой.

Айдарлы. Дегенмен де ток бермеудің себебі не бопты?

Ақмарал. Генераторға нәр беретін (возбудитель) бөлімінің қосылған жері дұрыс түйіспей, бір тетігі бос бұралыпты. Енді сыннан мүдірмей өтетін болдым. Апам қайда?

Айдарлы. Сенің түн асып қалғаныңа ренжіп, бармаймын деп отыр.

Ақмарал. Сүйетінін біліп ем, біле тұра бекініп, шетдидардың шарықтағанын да көрсін, жаманатын арқаламайын, кімді де болса қорғасам, құшағымды жая қорғайын деген тілек еді.

Мақпал. Иә, жаманатын арқаламадың. Іңкәрді құтқарғаның абырой болды. Екі кілтті бірдей аштың. Айналайын, бері келші. Сол үшін бетіңнен сүйейін. *(Бетінен сүйеді.)*

Ақмарал. Тетігіне жарасам болғаны да.

Бұл кезде сырттан Сұңғатқа бой бермей өршеленген Іңкәр келе жатады.

Іңкәр. Ұстама мені, жібер.

Сұңғат. Апырау, жеңгесі, саған не болды!?

Іңкәр. Жоқ, жібер деймін. Ақмаралда айып жоқ. Кінә менен.

Сұңғаттың қолынан жұлқынып Ақмаралдың қасына келеді де, тесіле тұрып қалады.

Сұңғат *(өзіне)*. Есебі, бұл тағы да бүлінетін болды.

Мақпал. Бүліну саған үйреншікті ауру емес пе еді.

Сұңғат *(қолын бір сілтеп)*. Ей, қойындаршы осы, қайдағыны қазбаламай. Есебі, станцияның жүруі маған қарап тұрған болар?

Мақпал. Иә, иә, саған қарап тұр. Бар, жәрдемдессейші!

Сұңғат. Тетігінен басқасын бәрін де өзім дайындап бергем. Есебі, барайын. *(Станцияны айналып кетеді.)*

Ақмарал. Іңкәр жеңгей, мұныңыз қалай?

Іңкәр. Судың соққысынан қалған жан, қуанышта шықса не арманы бар.

Мақпал. Қайтсын, шыдай алмаған ғой.

Іңкәр. Ақмарал, айып менен екен, көзім жетті. Менің ойлағаным қара бастың қамы еді, сен алыстан болжап, көптің қамын ойлаған екенсің. Қызығыңды бірге тойлайын деп келдік.

Ақмарал. Жақсылық үшін жаралсақ, өтейтін қарызымыз көп емес пе?

Іңкәр. Кешір.

А к м а р а л. Кешірмейтін не бар еді, Іңкәр?
Іңкәр. Жок, менікі теріс басқан қадам болатын.
Оны сен түзедің, Акмарал.

А к м а р а л. Мен емеспін, тек ұқсаң болғаны. (*Жоғарыдан төмен түсіп Дулат пен Елемес келеді.*)

Д у л а т. Нұсқау сенен, орындау менен. Бере бер әмірінді. (*Бұл кезде станцияның ашылуына жиналған халық жан-жақтан келе бастайды. Игнат, Төкен, Қайыр да келеді.*)

Д у л а т. Аймұрзаев қайда? (*Қасында бірнеше ауданнан келген қонақтар бар Жарқын келе жатады.*)

Ж а р қ ы н. Мен мұндамын.

Д у л а т. Рұқсат етіңіз, станцияны ашуға.

Ж а р қ ы н. Рұқсат.

Д у л а т. Степан, көтер қақпаны, жібер суды!

С т е п а н (*айқайлап*). Көтердім. Ал, су кетті. (*Жұрт судың турбинадан қотарыла құлағанына қарап қалады. Турбина жүре бастайды. Степан келеді.*) Су екпіні жеткілікті ме, Дулатжан?

Д у л а т. Жетеді. Асау өзенді тізгіндеп, турбинаны шыр айналдырған сіздің еңбегіңіз. Қараңыз кереметін.

С т е п а н. Жок, көптікі де, көптікі де... Шырағымыз қашан жанады?

Д у л а т (*станцияның ішіндегі Бекке айқайлап*). Бек! Тарт тұтқаны! Бер жарықты!

Б е к (*станцияның ішінде тұрып*). Қазір.

Күтіп тұрған жұрт станцияның маңдайындағы жұлдызға тесіле қарайды.

С ұңғ а т. Есебі, енді қашан?

Е л е м е с (*ұнатпай*). Сабырсыз антұрған. Сенің ақ шыдамың жетпейтін болды-ау. (*Жұрттың ішінен қозғалу басталады.*)

С ұңғ а т. Сонда да, есебі, бар ғой.

Ж а р қ ы н. Не болды, Дулат? Несі жетпей тұр?

Д у л а т (*екі адым станцияға іргерілей түсіп*). Бек, тарт тұтқаны!

Б е к (*іште*). Тарттым.

Шам жарқ ете қалады. Электр арқылы Ленин портретіне жарық беріледі. Портреттің астында «Коммунизм есть — Советская

власть плюс электрофикация всей страны» деген сөз көрінеді. Одан кейін жұлдыз жанады. Жұрт өзара ішінен оқиды... Турбина, мраморлы щит, тағысын тағылар түгел көрінеді. Халық қуана қарайды.

Жұрт. Жанды, жанды жұлдызымыз!

Іңкәр *(қуана түсіп)*. Менің де жұлдызым жанып келеді.

Дулат. Жоқ, бұл әлі аз. Бұдан да көп жұлдыздың жанғанын көресіздер.

Ақмарал. Қала жаққа қараңдар.

Жұрт бұрылып қалаға қарайды. Өзен, қала, тоған, ақтарыла құлаған су электр нұрына бөленіп барлығы көрінеді.

Дулат. Жоқ, әлі бұ да аз. Бек, екінші тұтқаны бас! *(Бек екінші тұтқаны басады. Бүкіл таудың бауыры мен кең жазыққа шоғырланған электр сәулесі түседі.)*

Степан. Әлеумет, еңбегіміздің нәтижесін көрдік. Енді ерекше қайрат көрсеткен Дулат пен Ақмаралға да қаралық.

Жарқын. Степан дұрыс айтады. Бір кезде ұлы Ленин: «Коммунизм дегеніміз — Совет өкіметі және бүкіл елді электрлендіру» деген еді. Міне, біз соған зор адыммен аяқ бастық. Адамның дүниедегі арманы болашаққа шексіз қызығуы ғой. Біз табыстарымызға сол болашақтың ұлы мақсаттарының биік шыңынан қарап тұрмыз. Бұған, жолдастар, Дулат пен Ақмаралдың адам айтқысыз сіңірген еңбектері айғақ бола алады. Рақмет, сендерге. *(Қолын алады.)*

Дулат. Жарқын аға, станция көптің күшімен орындалды. Әрқайсымыз соқпақты жолдармен келіп қосылдық. Степан қарт, Елемес, Игнат, Қайыр, тең құрбымыз Сұңғат, Макпал, бәріміз де осы жұмыстың үстінде кейбір ойлардан тазарып, құлашымызды кең жайдық. Өрісіміз кеңіді. Ал, Ақмарал мен екеуіміз кішігірім адамдармыз. Осының барлығына басшылық етіп, тұтқа болған сізге де рақмет. *(Шашу алып Ұмсынай мен екі-үш кемпір келе жатады.)*

Елемес. Уа, жетіндер, қалып қоймандар! Тез!

Айдарлы. Ақмарал, апан келе жатыр.

Ақмарал. Апам!

Степан. Байғазы, Ұмсынай, байғазы бер.

Ұмсынай. Қалағаның болсын.

Е л е м е с. Уа, жол беріңдер, жол беріңдер. (*Кемпірлерді ортаға шығарады.*)

Ұ м с ы н а й. Жұлдызым айналамда түгел жанғанда мен қалай шыдап отырайын. Степан, бері, сен де біздің қасымызға кел.

С т е п а н (*қуланып*). Әмеңгеріңмін ғой, барайын.

Ұ м с ы н а й. Кеше менің көзім жасты еді, ана көкірегінің елжіреуі де, егілуі де оңай ғой. Балалар, айыпқа бұйырмандар. Степан менен байғазы сұрады. Байғазым — аналығым болсын. Қуанышым — сендер болыңдар. Қос балапаным, қосыла қанат қағыңдар. (*Шашу шашады.*)

С ұ ң ғ а т. Есебі, той-тойға ұласатын болды. (*Қуаныш.*)

Ш ы м ы л д ы қ.

НҰРЛЫ ТАС

Үш перделі, алты картиналы пьеса

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Ер мек — мүсінші, жас өспірім талант.

Ве р а — отряд бастығы.

Ма р фа — оның шешесі, колхозда звено бастығы.

Қу а н ы ш — қарт, звено бастығы.

Бо л а т — оқушы, отрядта корреспондент.

Ә с и я — отрядта санитар.

Са па р — отрядта аспаз.

Ни ко л а й — отрядта от жағушы /костровой/.

М ә у л е н — дабылшы, өнертапқыш.

А қ та н — мұғалім, мектептің директоры.

Д ә у к е н — отрядта барлаушы.

Е с е н — колхоздың мұрабы.

Да ри ға — аудандық комсомол комитетінен белгіленген уәкіл қыз.

На р ы н — колхоз бастығы.

Пионер отряды, оқушы балалар, колхозшылар.



БІРІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ КАРТИНА

Оқу жылының ақыры. Оқушылар емтихандарын тапсырып, жазғы демалысқа шыққалы жатыр. Он жылдық мектептің қасындағы клубтың көше жақ бетіндегі терраса. Террасаның алдында аллея, орындықтар. Жоғарғы және төменгі кластың балалары бірімен-бірі сапырылысып, кіріп-шығып жатады. Вера террасада картаға қарап жорық маршрутын жасап, Ермек көсеміміз Лениннің портретін салып отырады. Әсия дәрі салатын қол-аптек сауытын реттейді. Коля, Дәукен, Болат, тағы басқа пионерлер концертке киетін киімдерді дайындап, Мәулен пионерлерге палатка құрғызады. Клуб ішінде маршқа ұқсас бір әнге қосылған пионерлердің хоры естіледі.

Хор:

Өсірген нұрлы ұяда Отан анам,
Сүйікті ұлы көсем — асқан данам,
Бақыттың бақшасында жүзі жайнап,
Отаным деп шырқайды барлық балаң.
Жауға оқ, түнді серпер адам досы
Біздің ән — Отан тапқан елдің әні,
Бақыттан қамал соққан жердің әні,
Жаужүрек, алапат күш ердің әні.

Пионерлер хорына террасада дайындық жасап жатқан Болаттар да қосылады.

Б о л а т *(ән жалғасын үзбей).*

Келді көктем көптен күткен.
Қырмазыдай гүлімен.

В е р а *(оған ілесе).*

Көкшіл орман жапырағыммен,
Әнші бұлбұл жырымен.

Б о л а т *(ілгері созып).*

Келді көктем жаным сүйген
Алтын шапақ күнімен.

Б а р л ы ғ ы *(қосылып).*

Неше түрлі әдемі әнмен,
Акку құстың үнімен.

Болат (*блокнотына киімдердің тізімін жазып*).
Жоғы не, ә? Вераға бүрме етек көйлек. Әсияға әсем
тақия, салпаң құлақ Дәукенге салпы құлақ тымақ бол-
са, жетіп жатыр.

Коля. Өзің ше?

Болат. Өзіме ме, өзіме керегі — қызыл беретке,
ақ блуз кофта мен ұзын юбка.

Дәукен (*кеңкілдей күліп*). Сонда сен кім бол-
ғаның?

Коля. Жә, біле тұра кеңкілдегені несі екен?!

Болат. Коля, мен жетпеген киімдерді клуб бас-
тығынан сұрап әкелейін, сен қобыратпай буа бер.

Коля, Болат нәрселерді бууға кіріседі. Болат кетеді.

Мәулен. Аһа, біз де болдық. (*Әзілдеп.*) Әсия,
шатыр ішінде ұйықтайтын Земфира сен болғанда, мұ-
ның қасында жататын аюы кім болады?

Әсия. Аюы несі, қайдағы аю?

Мәулен (*өлеңдетіп*).

Аю жатыр жантайып,
Далада шатыр қасында.

Коля. Жантайып жататын аю ма, әрине, Дәукен
болады да.

Әсия. Жо, Мәулен, нәшіне келтіріп айта алмадың.
(*Көз алдына елестетіп.*)

Таң атты, қарт тұрды,
Шатырдың шолып жан-жағын,
Тұр, Земфира, күн шықты,
Ау, тұрсаңшы, қонағым.
Манаурамай төсекте,
Тұрсандаршы, балаларым,
Жұрт оянып дүрліге,
Шатырларын жатты артып.
Кетті бәрі, бір міне,
Құла дүзде жол тартып.

Міне, айтсаң осылай бір көрінісін толық айт. Құр аю
жатыр қасында дегеніңе кім түсінеді?!

Дәукен (*кенет ойлана қап, шатырды тасалап кеп,
гүрілдеп Коляның тақымынан ала түседі*). Ап, уап...
(*аюша гүрілдеп Коляның тақымынан ала түседі.*) Ап,
уап...

Әсия (*шошынып*). Мама!

Мәулен. Коля, сен ұтылдың, Дәукен қулығын
асырып кетті. Ермек, Вера, болдыңдар ма?

Ермек. Қазір, бір кішкене ғана жері қалды.

Вера. Военруктің нұсқауы бойынша маршрутқа біраз өзгеріс кірді. Ақтан ағай келіп қабылдағанда келісіп алармыз. *(Маршрут жасаған картаны шатырдың алдына әкеліп іледі.)*

Коля *(картаға қарап таңырқап)*. Оho! Бірқатар шырқайды екеміз де.

Дәукен. Ой-ой-ой... Бұған шыдай алсақ жарады.

Коля. Шыдамасаң қос қасында жатарсын.

Дәукен. Ойыны жоқ, Вера, Кіші асу, Үлкен асу сонау-сонау Көкойрақтан да әрі барамыз ба?

Вера. Сеніңше не, бері жағынан қайтамыз деп ойлап па ең?

Дәукен *(таласып)*. Ақтан ағай, Ортаға дейін ғана барасыздар демеп пе еді?

Мәулен *(Вераға таласпа дегендей)*. Вера, түү, сенікі жөн дей салмайсың ба? *(Сыбырлап.)* Сырды ашып аламыз, таласпа.

Вера. А-а, я, я... Аанада әзірге дабырламайық деп келістік қой.

Мәулен. Күн бұрын жұртқа жариялап ап, соңынан іс шығара алмай жүрсек, ұят болады.

Вера. Ал, Ақтан ағай Көкойраққа барудағы мақсаттарың не десе, не деп жауап береміз?

Мәулен *(ойланыңқырап)*. Тауды аралаймыз, тау басында көлді көреміз.

Вера. Онша дәлелді болмай жатыр.

Мәулен. Ермек, сенімен ақылдасатын шаруа бар, болдың ба, ей?!

Ермек. Болдым. *(Айнала жиегін гүлмен безендірген лагерьде шатырдың алдына ілу үшін жасаған, қолында көсем портреті бар, екеуінің қасына келеді.)* Не жайында?

Вера. Ермек, сен қалай ойлайсың. Мәулен екеуіміз сенің арманыңа байланысты сондай тастан, солай етіп жасасам деген тамаша идеяң туралы мәселені Ақтан мұғалімнің алдында ашпасақ дегенді айтып тұрмыз.

Ермек. Жо-жоқ, күн бұрын ашуға болмайды.

Мәулен. Ә, мүмкін, іздегеніміз табылмай жүрсе?

Вера. Иә, табылған күнде әлдеріңнен келмейтін іске жармаспаңдар деуі де мүмкін.

Ермек. Мен табылмай ма деп қорқам.

Вера. Әрине, ондай тас бергі төңіректен табылмайды, табылса тау қойнауының арғы түкпірінен ғана табылады.

Мәулен. Тым әріге сілтесек, Ақтан мұғалім бізді жібермейді.

Ермек. А, маршрутта атап көрсетсек, неге жібермейді?

Вера. Талас сонда боп тұр ғой. Көкойрақтың биігіне шығатын жолда Кіші асу, Үлкен асу және құламалы бірнеше сай бар көрінеді. Оған әлі жаңадан келетін вожатыйымыз не дейді? Дайындығымыз жеткілікті ме? Жергілікті адамдардан тауды жақсы білетін жолбасшы табыла қойса жақсы. Ақтан ағай сұрай қалғанда жауабымыз дәлелді болу керек қой.

Мәулен *(алақанымен санын бір соғып)*. Таптым!

Ермек. Айтып көр.

Мәулен. «Қызылсая» колхозында тауды жақсы білетін Қуаныш деген қарт бар. Жолбасшыға соны аламыз дейміз.

Вера. Ол шалды мен де білем.

Ермек. Ол менің әкемнің досы болатын. Ертегіні өте жақсы айтады.

Мәулен. Қашан жаңа вожатый келгенше «Қызылсаяның» қырман басынан әрі аспаймыз, колхоздың егініне көмек береміз дейміз.

Ермек. Мен комбайнды жүргіземін дейін.

Вера. Ал, біз масақ теріп, бункердегі астықты ток басына жеткізіп тұрамыз дейік.

Мәулен. Келістік пе осыған?

Вера. Келістік. *(Бұлардың сөзін тыңдап тұрған Дәукеннен сезік ап.)* Тсс... Ақырын сөйлесейік. Көкойрақтың басына шығу туралы ешқандай сөз болмасын. Мен мына қалқаң құлақ, бәкенеден қорқам.

Ермек. Дәукеннен бе?

Вера. Иә.

Ермек. Сен Ақтан ағайға түсіндіріп жатқанда, мен оны сөйлетпеуге тырысайын.

Вера. Сүйт. Ал енді, қызмет бөлісіне келейік. Старшина қайда?

Старшина. Мен мұнда.

Вера. Жолға керекті азық, құрал-сайман, мүліктердің есебін алдың ба?

Старшина. Алдым да, әрқайсысына міндеттеп тапсырдым да.

Вера. Ту ұстаушы, дайынбысың?

Ту ұстап тұрған бала. Біз дайын болғалы қашан. *(Туын желкілдетіп ортаға шығады.)*

Вера. Костровой, орнындамысың?

Коля (*мос-ағаш, сіріңкелерін көтеріп*). Әрқашан да орнымдамын!

Вера. Дабылшы, барлаушы, тілшілер мен сани-тарлар, орындарыңда болыңдар! (*Мәулен, Дәукен, тағы басқалар өз орындарына барып тұрады. Мектептен концертке керекті киімдерді алып Болат, оның ізін ала Ақтан келе жатады.*) Мәулен, баста!

Мәулен горн тартады. Дабылшы бала барабан қағады, оқушы пионерлер жинала бастайды.

Вера (*команда беріп*). Смирно! (*Мектеп директоры Ақтанға рапорт береді.*) Директор жолдас! Өлке тану жорығына аттанудағы дайындығымызды баяндауға рұқсат етіңіз!

Ақтан. Рұқсат.

Вера. Өлке тану жорығына аттанудағы мақсат — балаларды жаратылыс дүниесімен таныстыру ғой. Отрядтың бар тұрғаны осы. Оны өзіңіз де көріп тұрсыз. Аанада бір тексергенде палаткаларыңыз нашар деп едіңіз, құйын ұрып, дауыл соқса да былқ етпейтіндей берік, бір тамшы су өтер ме екен, көріңізші.

Ақтан (*палатканы көріп*). Дайындықтың жаман болмайтындығын білгем. Мұның эскизін қайдан алдыңдар?

Вера. Суворов жорыққа шыққанда алып жүруге жеңіл осындай тоғыз бұрышты шатыр қолданады екен.

Ақтан. Суворов?

Вера. Иә. О кісі Альпы тауынап асарда тау басындағы мұзға ыңғайлы етіп жасатқан.

Ақтан. Сендердің баратын жерлеріңде мұз бар ма?

Мәулен (*қасында тұрған Ермекке*). Қиын жерден ұстағанын байқадың ба?

Ермек. Үндеме.

Мәулен. Әңгімені тауға соқтырмай, бержағынан қайыру керек еді.

Ақтан (*барлығын көріп*). Жақсы, өте жақсы. (*Шатырдың маңдайындағы көсем портретінің алдына келіп.*) Мұны жасаған кім?

Ермек. Мен ғой, Ақтан ағай.

Ақтан (*сүйсіне қарап*). Шын өнер тап-таза алтын жүректен шығады. Нәзік, шебер қолдан шыққандығы айтпай-ақ та белгілі боп тұр. Маған ұнайды. (*Қолымен ұстап көріп.*) Мен май бояудан жасаған ба десем, бұ не зат?

В е р а. Ол құпия, оны әзір айтуға болмайды.

Мәулен. Иә, айтуға болмайды.

А қ т а н. Құпия болғаны қалай?

Ә с и я (*басқа сөзге аударып*). Менің жол-аптегі-не арнап қамыстан жасаған сумкамды көріңіздерші, ағай?!

А қ т а н. Бұ да құпия ма?

Е р м е к. Кешіріңіз, ағай, дабырламайық деген мен едім.

Мәулен. Иә, күн бұрын айтып салсақ, мақтаншақтық болады ғой, ағай.

А қ т а н. Жарайды, жарайды. Менен жасырдыңдар ғой, жай жүрмей бір нәрсе іздеп жүретіндерінді білем. Түбінде баланың қызығушылығынан туған дерексіз қиял боп шықса, онда маған өкпелемендер.

В е р а. Жоқ, Ақтан ағай, ондай дерексіз қиялды ойлайтын біз бала емеспіз.

А қ т а н. А?.. Бала емеспіз? Бала емей, сендер кімсіндер?

Б о л а т. Жас бала емеспіз деген де, Ақтан ағай.

А қ т а н. Маршруттарыңа да құпия бірдемені кіргізіп қойған боларсыңдар?

В е р а. Танысуыңызға болады.

А қ т а н (*маршрут картасының алдына келіп*). Мұны жасаған кім?

В е р а. Мен.

А қ т а н. Бұлай бардыңдар... Одан бұлай жүріп отырып, таудың бөктеріне шықтыңдар. Кіші асу, Үлкен асу... Көкойрақ... Менімен келіскенде, Ортаудан аспаймыз деген жоқ па едіңдер?

Д ә у к е н. А-а, мен айтқанда болмап едіңдер, тұтылдыңдар ма?

Е р м е к (*ызаланып*). Осы сен қойшы, ей!

Д ә у к е н. Ақтан аға!..

Мәулен, Б о л а т, Ә с и я (*жарысып сөйлеп*). Болды, болды...

В е р а. Көкойрақтың төбесі Ортаудың аржағында көрініп тұр ғой, ағай.

А қ т а н. Алатаудың төбесі жүз километр жерден көрінеді. Көрініп тұр екен деп құстың қанаты талып жететін құзды қияға құр бекер баруға бола ма? Сендер түгіл, альпинистердің өзі әрең шығады.

Е р м е к. Ақтан ағай, егер де бізді бастап апаратын кісі табылса ше?

В е р а. Иә, тау жолын білетін сенімді біреуді тауып алсақ, баруға болады ғой?

Б о л а т. Әрине, болады.

Ә с и я. Болғанда қандай!

М ә у л е н. Ондай адам табылып та тұр.

А қ т а н. Түсінбеймін. Сонда ол адам сендерді арқалап шығара ма?

Б а р л ы ғы (*жамырай сөйлеп*). Сеніңіз бізге, Ақтан аға.

А қ т а н. Шуламандар! Таумен ойнауға болмайды. Айтуға оңай, Көкойрактың жолында ағыны қатты күркіреуік өзендер, құламалы жартастар, небір шатқалан кезеңдер бар. Ойламаған жерден тау басындағы мұз қозғалып, тас домаласа не болғандарың, біткендерің... Пионер вожатыйларың келсін, онымен ақылдаспай мен рұқсатымды бермеймін. Ол баруға болады деген күннің өзінде мен сендердің әрбір жүрістеріңді сырттан бақылап отыруға тиіспін.

В е р а. Ақтан аға, сіз арғы Көкойракты айтып тұрсыз, біздің баратынымыз бергі Кіші Көкойрақ.

А қ т а н. А, онда маршруттарыңды бекітуге болады. Ал енді, былай, дайындықтарың тамаша: палаткаларың берік. Құрал-саймандарың да жеткілікті. Мақсаттарың бәрінен де зор. Тәртіптерің де жамап емес. Осыдан шықтыңдар да, «Қызылсая» колхозының қырман басына бардыңдар делік. Онда не істейсіндер?

В е р а. Онда ма? Ермек комбайн жүргізушілерге көмектеседі, қалғанымыз егін жинауға көмек береміз.

А қ т а н. Міне, міне, бұларың тіпті жақсы. Қашан пионер-вожатыйларың барғанша қозғалмайсыңдар. Іштерің пысса, аржағында колхоздар бар, соған барып тұрасыңдар. Маршрут бойынша Кіші Көкойраққа пионер вожатыйларың барғасын шығасыңдар. Қелістік пе осыған?

Б а р л ы ғы. Келістік.

В е р а (*команда беріп*). Бастаушы топтар, алға шығыңдар! (*Мәулен горн тартады, бастаушы топ алға шығады.*) Отряд, жорыққа дайындал!

Пионерлер дереу палатканы жиып, әрқайсысы өздеріне тиісті нәрселерін алып, жинала бастайды.

А қ т а н. Балалар! Алтын бесік туған өлкеге саяхат жасау бізде салтқа айналды... Бұл сапарларыңда

сендер жаратылыс дүниесімен қызыға шұғылданып, сұлу табиғаттың құшағында өз өлкелеріңнің байлығын зерттеп қайтасыңдар. Толқынды өзен жағасы, аршалы қарағай арасы, тау қойнауында да боласыңдар. Бұл сапарларыңда ұйымшылдық пен ұқыптылық, табандылық пен жігерліліктің үлгісін көрсетіңдер... Жазғы демалыстан кейін сендердің алдарыңнан тамаша мектептеріңнің есігі тағы да ашылады. Осы өлкеғану жорығында тапқан жаңалықтарыңды мектеп қабырғасында ғылым негізінде игеру ісімен шұғылданағын болыңдар. Сапарларың оң, жұмыстарың жемісті болсын!..

В е р а. Отряд! Жорыққа! Шагом марш!..

Отряд сап түзеген бетінде сахнадан шыға береді, мектеп оқушылары гүлмен қоршап, шығарып салады.

Ш ы м ы л д ы қ.

ЕКІНШІ КАРТИНА

«Қызылсая» колхозының тау бауырындағы дала қосы. Ағын судың жиегі. Судың жағасында егіннен мол өнім алушылар звеносының қосы тұр. Қостың маңайында желбіреген қызыл ту, егін бітуге айналған кез. Бұл қоста екі звено бар. Бірі — Қуаныш қарттың звеносы, екіншісі — Марфа Алексеевнаның звеносы. Қолхозшылар қосының басы ойын-күлкі, әзіл. Марфаның звеносы комсомол жастардан құралған. Комсомолдардан Қуаныш қарттың кейін қалғанын әзілдеп ажуалайды.

І к о м с о м о л. Қуеке, енді бәрібір бізді қуып жете алмайтын болдың... Осы қалғаның қалған...

ІІ к о м с о м о л. Иә, қария, қалып қойғаныңызды, домбыраға қосып айтып жіберіңіз.

Қ у а н ы ш (*домбырасын бір-екі рет дың еткізіп*). Балалар бірер бәйгеден алда келдік деп мені ажылауларың орынсыз-ау деймін.

І к о м с о м о л. Апыр-ау, қария, қалып қойғанды қағажу ететін өзіңіз едіңіз ғой.

ІІ к о м с о м о л. Қуеке, мойындай салсаңыз да болады ғой.

Қ у а н ы ш (*өлеңдетіп*).

Деген соң, икем, икем, икем кісі,
Жігіттің іске жақын икемдісі.
Қағысып калжың сөзбен әзілдесіп,
Жастардың келіп отыр сүйкенгісі.

Б а р л ы ғ ы (*көтермелен*). Уа деген! (*Бірінші комсомолға.*) Ақын болсаң қариямен айтысқа түс.

І комсомол Қуаныштың домбырасын алады да, өлеңмен жауап береді. Бұл кезде қалың егіннің арасынан бинокльмен шолып қараған біреудің басы көрінеді. Қарап тұрған жері онша алыс болмаса да, бинокльмен көзінен алмайды. Кенет қостың сыртынан «уралап» Дәукен мен Коля шығады.

Дәукен (*даурыға айқайлап*). Алға, алға! Саспаңдар! Солай, оздырмауға тырыс. Болат, адымда!

Коля. Болат, құлашта. Қалып қойдың.

Мәулен мен Болат жарыса кіреді. Олардың соңынан отряд бастығы Вера, санитарка Әсия, Ермек, тағы басқалары келіп қос алдына отырғандарды қоршап тұра қалады.

Қуаныш (*аттан салып, шулап кіргендерін ұнатпай*). Тағы да не сұмдықты бастап жүрсіндер?

Мәулен. Ассалаумалайкум, Қуаныш ата! (*Қол береді.*)

Вера. Саламатсыз ба, ата! Мен Марфаның қызы Верамын ғой...

Қуаныш. О, тоба, бойының серейіп өсіп қалғанын қара... Өскендікті бұлай білдірмес болар... Пионерлер осылай ойнай ма екен.

Коля. Жок, ата, біз қайсымыз озар екеміз деп жарысып едік...

Болат. Аяғы арбиған ұзын емес пе, бәрімізден Дәукен озды.

Вера. Жеңіс Дәукендікі болды.

Дәукен (*мақтанып*). Менің бинокльім қиядағы қылт еткенді де көреді екен. Қыр басында тұра қап қарағанымда ең алдымен атамның желкілдеген сақалы көрінді.

Коля. Біз мектеп қасындағы интернаттың оқушыларымыз, ата.

Вера. Иә, ата, бұл балалар бізбен бірге оқиды, өлкетану жорығына аттанамыз деп қыста келісіп едік... Балалар колхоздарына көмек беріп, тауға шығуға бізге келді.

І комсомол. Кіп-кішкентай боп өздерінің талаптарының зорын қара.

Вера. Мына Ермек «Қызыл Октябрь» колхозында комбайнды да жүргізіпті, өзі асқан шебер. Тастан кісінің суретін де салады.

Қуаныш. Тастан дейсің бе?

Мәулен. Тұп-тура тастың өзінен.

Қуаныш. Кісінің суретін қағазға салғанды көріп ем, тасқа салғанына қарағанда, бұл өзі талабы өрге жанып тұрған бала болды ғой. «Қызыл Октябрь» колхозында кімнің баласысың?

Ермек. Айдастың, ата.

Қуаныш. Ә-ә? Тоқта, тоқта, баяғыда біздің колхоздың диірменін салған шебер Айдостың баласысың ба?

Ермек. Иә, ол кісі әскерде қайтыс болған.

Қуаныш. Сабазың ағаштан түйме түйіп, тастан өрім өретін шебер еді, әкеңе тартсаң, шырағым, сен де далада қалмассың. Содан қалған тұяқ едім де.

Болат. Өткен қыста балшықтан бірнеше кісінің мүсінін жасады. Біз бар ғой, ата, таудан Ермекке керекті асыл тастар іздеп шықтық.

Вера. Иә, ата, тастардан тамаша етіп коллекция жасаймыз.

Коля. Сіздің суретіңізді де салады.

Болат. Өзіңізден аудармай түсіреді, ата.

Қуаныш. Тіпті мына беттің ажымы мен сақалдың салалы тарамына дейін тасқа түсіре ме? Жөн, жөн. Ал, таудан іздейтін тастарыңның атын айтыңдаршы.

Мәулен. Ата, бізге асыл тастардың жасыл, көк, дала шпаты, мрамор, қара күрең түсті нептунит... Е... Ермек, аты не еді... Жарқырап тұратын бір тас болады ғой?.. Ә, кварц...

Ермек. Бәрінен де сом болаттай тұтас не қызыл, не ақ мрамор кездессе.

Вера. Топаз да сұлу тас.

Дәукен. А, гранит жаман тас па?.. О да жақсы тас.

Қуаныш. Балалар мен сендердей кішкене күнімде мектептен оқыған жоқпын. Жаңағы атаған топаз-сопаздарыңа тілім де келмейді. Ал, өз басымнан өткен бір тастың әңгімесін айтайын.

Барлығы. Айтыңыз ата, айтыңыз. *(Айнала қоршап отырады.)*

Қуаныш. Он бес, он алты шамасында болуым керек, әкем жұпыны ғана кәукелектеген кедей адам болатын. Кәсібі құс салып ит жүгіртетін.

Болат *(дәптерін алып жаза бастайды)*. Айта беріңіз, ата...

Қуаныш. Бір күні әкем қызыл балақ қанды көз, екі қыранның көксенгірдің құзына бір ешкінің лағын бірінен соң бірі қағып алып өрлеп әкетіп бара жатқанын көреді.

Вера. Ата, оны қалай көтереді?

Қуаныш. Қыранның ақиығы лақ тұрсын, құнан

койды да көтереді балам. Содан, үш-төрт арқан алды да, мені қасына ертіп қызыл балақ қыранның ұясына шығып балапанын алуға келдік.

Мәулен. Ұясын сондай биікке сала ма, ата?

Қуаныш. Кәнігі қырандар ұясын аса бір қиын күздың үстіне, жап-жалтыр тасқа салады. Барсақ, қыранның ұясы қиялап шығуға көнбейтін қия бір күздың жапсарында екен. Арқанды жалғап жіберді де, әкем мені түсірді. Түсіп бара жатып тастың қырына арқанның сүйкеліп қажағанын білсем де, кейін қайтпадым. Жүрегім дүрсілдеп қорқайын деймін. Арқан үзілсе, шыңыраудың түбіне зымырап кеткенім ғой. Содан әзер дегенде жылжи-жылжи қыранның ұясына жеттім-ау. Әлі қанаты қатпаған жас балапанды құндақтап орап арқама байлап ал. Қайырадан шығайын десем, арқан қажалып, үзілуге тұр екен. Не жоғары, не төмен түсуге жол жоқ. Әкем жоғарыда тұрып айқайлап еді, мен оған жауап бермедім. Бермеуімнің себебі, дауыстап тауды жаңғыртсаң болмашы бір қимылдан тасты қозғап алуым да ғажап емес, деген ойға келдім. Түскен ізіммен қайта шығуға болмайтын болған соң жатыңқалау бір иықты жағаладым. Жап-жалтыр мұз сияқты тастарға жарқанатша жармасып, иықтан төмен түсіп ем, алдымнан айналасы биік шың бір аңғар кездесті. Сол кезде ымырт жабылып, қас қарайды. Не болса да осы аңғардан айырылмайын деп қап-қараңғы түнде ілгері жүрдім. Шаршағандығым сондай, жүріп кеп бір тастың үстіне қисайып жата кеттім. Көзім ілініп кеткен екен, бір кезде басымды көтеріп жан-жағыма қарасам, жоғарыдан бір сәуле көрінді.

Болат. Түн ішінде ме?

Қуаныш. Иә, қап-қараңғы түн ішінде. Көрінген сәулеге қарай өрмелеп келем, жақындаған сайын шашырап түскен нұры көзімді шағылыстырады. Бұл не? Бұл сәуле қайдан түсіп тұр деп тесіле қараймын. Жоқ, шамның білтесіндей ширатылған қызыл шоқ тәрізді сөнер емес. Жақындап келіп қарасам, жанып тұрған от та, шам да емес, өнебойынан сәуле шашып тұрған нұрлы тас екен.

Пионерлер. Нұрлы тас?!

Ермек. Ата, шашып тұрған сәулесінің түсі қандай?

Қуаныш. Шоқ үстінде ұйысқан көгілдір бір жалын болады ғой, сол тәрізді.

Ермек. Кәдімгі жұлдыздай жарқырап тұрды ма?

Қуаныш. Жұлдыздай болмағанмен, шамның біл-

тесіндей дедім ғой. Менің өмірімді сақтап қалған нұрлы тастың әңгімесі осы, балалар.

Болат. Меніңше, ол кварц болды.

Мәулен. Жок, Болат, кварц күн көзінің сәуле-сіне ұстағанда ғана жарқырайды.

Әсия. Ә, менің папамның қолындағы сағатының тасы түнде де жарқырайды. Тағы да не көрдіңіз, ата айта беріңіз.

Вера (*Ермекке, оңаша*). Ермек, болжау теріске шықпады.

Ермек. Менің кішкене кезімде, осы әңгімесін әкем марқұмға да айтқанын естігенім бар еді. Бірақ есімде қалмапты.

Вера. Бізді соған қайтсе де бастап апаруын сұрайық.

Әсия. Ой, қандай жақсы болар еді, айтып көріңдер, мүмкін келісімін берер.

Ермек. Ата, ондай тас кездеседі деп ойлаған жоқ едік...

Дәукен (*кимелен*). Ата, көргеніңіз нағыз сәуле шашып тұратын тастың өзі ме?

Мәулен. Тоқташы, Дәукен, өзі болмағанда біреу шам жағып қойды деймісін. Үңгірдің ішінен көрдім де-діңіз бе?

Қуаныш. Иә, үңгірдің ішінен...

Вера. Ата, бізді соған бастап алып барсаңыз қайтеді?

Қуаныш. Ойбай-ау, қарағым, менің мұнда жұмысым бар ғой?

Әсия. Жұмысыңызға біз көмек берсек, барасыз ба?

Вера. Шын айтамыз, ата, бізді Ақтан мұғалімнің өзі бастап алып шықпақшы еді, ол кісінің қолы тимеді. Бұрынғы вожатыйымызды Алматыға оқуға жіберді. Аудандық комсомол комитетінен жаңадан вожатый келмекші еді, тостық, үш күн тостық, келмеген соң, жақын жердегі Ортаудың етегіне шейін барып қайтайық деп қана шығып ек.

Ермек. Иә, Ақтан мұғалім Ортауға дейін баруға ғана рұқсат етті.

Қоля. Е, Ортауға шығу да жорық боп па.

Барлығы. Бір-екі күніңізді қиыңыз, ата.

Қуаныш. Күндерім-ау, осында Марфаның звеносына тырағайлап жете алмай отырғанымда, егінді тастап қалай барам?

В е р а. Ата, біз сізді колхоз бастығынан сұрап алсақ, барасыз ба?

Қ у а н ы ш. Ай, білмеймін, сұрағандарыңмен босата қояр ма екен?!

Е р м е к. О кісі менің папамның досы болатын, асыл тастан, ойлап көріңізші, ата, жай да емес, асыл тастан портрет саламыз десек, неге босатпайды?

Қ у а н ы ш. Ойдойт деген, асыл тастың аулы алыста тұр ғой, балам.

В е р а (*Ермек, Мәулен, Әсия, Болаттарды оңаша шығарып алып, шүйіркелесіп сөйлеседі*). Мәулен, осындайда тапқырлығың болатын еді, босаттырып алудың ақылы не?

М ә у л е н. Бұл шал бізге шынын айтпай отыр. Көкейінде не тұрғанын сездіндер ме?

Е р м е к. Менің білуімше, Марфа апайдың звеносының алдына шығу тұр ма деймін.

Ә с и я. Онда көмек берейік те, алға шығарайық.

В е р а. Алға шығару оңай, колхоз бастығын қайдан таптық?

М ә у л е н. А, бригадирден сұрасақ қайтеді?

В е р а. Председательдің рұқсатынсыз бригадир босата алмайды.

Б о л а т. Былай істесек...

Д ә у к е н (*кимелен*). Иә, колхоз бастығы рұқсат етті деп алдап алып кетсек деймісің?

В е р а. Тұу, Дәукен, сенікі алдаудан келеді-ау... Айта бер.

Б о л а т. Отряд атынан колхоз бастығына хат жазайық. Меніңше, хатқа жазылатын сөз былай болуға тиісті: (*дауысын созып.*) «Құрметті председатель жолдас! Сізбен біз ертеден таныс едік. Мектеп өміріне жақын председателдің бірі едіңіз».

М ә у л е н. Бұған ешқандай таныстық жүрмейді.

Б о л а т. Ау, аздап мақтап қою да керек емес пе? Соғыс жылдарында біз бұдан да кішкене едік. Кішкене болсақ та үлкен кісінің жұмысын атқарғанымыз есіңізде болар.

М ә у л е н. Есімде дейді, одан не шықты?

Б о л а т. Тұра тұршы.

М ә у л е н. Аһ, басыма бір ой сарт сте қалды. Аржағын мен ойлайын. Біз тауға жорыққа шығып бара жатыр ек. Біз кішкене мичуриншілер табиғатты қайтадан жасауда сіздің колхозға тигізетін көмегіміз таудай деп есептейміз. Біз онда сіздің колхоздың үстінен өтетін

ағын судың қайнар көзін тексереміз. Біздің тексеруіміз бойынша, түбінде электр станциясын салатын боласыз. Біз онда асыл тастар мен сирек ұшырайтын металдар іздейміз. Ал, ойламаған жерде фосфорит кенін тапсақ, онымен сіз жер өңдейтін боласыз.

В е р а. Молодец, Мәулен, тауып кетті.

Е р м е к. Ал, сол үшін бізді тауға бастап алып баруға Қуаныш қартты босатуыңызды сұраймыз.

Ә с и я (*қуанып*). Вера, председатель ағайдың өзі де келді.

В е р а. Рас па, кәні?

Ә с и я. Әне, қарны жұп-жуан боп, атынан түсіп жатыр.

В е р а. Сол екен. Тұра қалыңдар. Бәріміз бірдей жамырамай, біреуіміз ғана сөйлесейік. Мәулен, сен жаңағы пікіріңді қағазға жаз да, қолына бере ғой.

Мәулен отыра қап жаза бастайды. Колхоз бастығы Нарын келеді.

Н а р ы н. Е, достар кеп қапты ғой, амансыздар ма?!

П и о н е р л е р. Аманбыз, Нарын аға.

Н а р ы н. Міне, міне сәлем деп осыны айт. Ау, Ермекпісің? Бері кел, қолыңды әкел. (*Ермек қол береді.*) Ермегім, менің Ермегім, тасқа шапқан өрнегім, дейтін еді Айдос марқұм. Оқу қалай?

Е р м е к. Жаксы, Нарын аға.

Н а р ы н (*жерде еңкейіп қағаз жазып жатқан Мәуленге*). Мынау қағаздан басын көтере алмай жатқандарың кім?

В е р а. Мәулен ғой, Нарын аға.

Н а р ы н. Мәулен? Сәлем қайда? Бәрекелді, шекесі торсиған шомбалдай сұлу жігіт болыпты. Баяғыда маған ауыспалы егіс әдісін неге қолданбайсыз деп маза бермейтін. Енді қолданғанымыздың нәтижесін көрдің бе, гектарынан отыз бес центнерден алып жатырмыз.

М ә у л е н. Өңдеуді қолдансаңыз, елу центнерге дейін алған болар едіңіз.

Н а р ы н. Бәле, мынау Әсия ма, ей? Мойында сөмке, қолында ақ биялай, бұл кімді емдейді?

В е р а. Ауырсаңыз, сізді де, Нарын ағай, біз сіздің атыңызға хат жазып жатыр едік.

Н а р ы н. Мені сынап жазған хат па, жоқ, мақтап жазған хат па?

В е р а. Немене, әлде сіз сыннан қорқасыз ба?

Н а р ы н. Аанада Болат дейтін бір бала «Жуан қа-

рын баскарма мектепке көмектеспейді» деп қабырға газетіне қайқайтып жазып қойған еді.

Ермек. Болат?

Нарын. Иә, сендерде Болат дейтін сары бала оқиды ғой.

Болат (*балалардың ішінен шыға келіп*). Нарын аға, сол Болат мен боламын.

Нарын. Ой, қу-ай, сен де осында ма ең? Амал қанша, мойындауға тура келді.

Вера. Өзара сын ғой, Нарын аға.

Нарын. Әрине, өзара сын болғасын айтып отырмын.

Мәулен. Нарын аға, сын артынан ұсыныс пен тілек қосыла айтылады ғой. Мінекей, сізден сұрайтын тілегіміз. (*Хатты береді, Нарын ішінен оқиды. Аз үнсіз.*)

Нарын (*бірден шаттанып*). Нұрлы тас... Тоқта, тоқта... Ертегі ме, шын ба, менің бір естігенім бар еді. Оны сендерге айтқан кім?

Вера. Қуаныш атам.

Нарын. Одан не жасамақшысындар?

Вера. Не жасайтындығымызды тасты тауып алғаннан кейін айтпасақ, әзірге айтуға болмайды, Нарын аға.

Нарын. Жай жүрмей, бірдемені ойлап жүресіндер, а? Қуаныш, а, Қуаныш, бері кел. (*Қуаныш келеді.*) Ал, сөйле?

Қуаныш. Не сөйлейтіні бар.

Нарын. Сен мына балаларға таудан сәуле шашып тұратын тас көрдім депсін, көргенің рас па, жай қысыр оңгіме ме?

Қуаныш. Көрмесем айтамын ба!

Нарын. Не дейді? Өңінде ме, түсінде ме?

Қуаныш. Әрине, өңімде.

Нарын. Сенің ертегі бірдемелерді соға салатын әдетің болатын. Ақиқат шын, нұрлы тастың өзін көрдің бе?

Қуаныш (*ашуланып*). Жан аламысың?!

Нарын. Сабыр, сабыр етіңіз. Егер де оны анық көрген болсаңыз, онда дауым жоқ. Сіздердің кейде түндегі отты шайтанның жағып отырған оты дейтіндеріңіз де бар.

Қуаныш. Нарын-ау, сақалымның ағында, өлерімнің шағында өтірік айтатындай маған не көрінді!

Нарын. Балалар, сендер мені қарсы екен деп ой-

ламаңдар. Мені екі жағдайда қинап тұрсыңдар. Сәуле шашып тұратын тас бола ма, жоқ па, білгім келеді.

Е р м е к. Болады, Нарын аға.

Н а р ы н. Сабыр, қалқам, сабыр, сенің не айтқалы тұрғаның белгілі, болған күнде егіннің қауырт, жұмыстың қызу кезінде Қуаныш қартты мүлде босатып жіберу маған да қиын. Онсыз да бұл кісінің звеносы артта қалып отыр.

В е р а. А, біз Қуаныш атамның звеносына көмектесіп, бүкіл ауданның алдына шығарсақ, уәдеңізді бересіз бе?

Д ә у к е н. А, біз лап деп бір кіріссек, қандай жұмыс болмасын сап болады.

Е р м е к. Соғыс жылдарында біздің қандай істейтінмізді білетін едіңіз ғой, Нарын аға?

М ә у л е н. Менің помощник, орынбасарым демейтін бе едіңіз?

Б а р л ы ғы. Сұраймыз, жалынамыз, босатыңыз, Нарын аға.

Н а р ы н. Қалай болар екен, ә?

Даладан Марфа кіреді, Вера балалардың арасына тасаланып көрінбеуге тырысады.

М а р ф а (*Қуанышқа*). Күн өткізуге ермек таба алмай жүр едің, жақсы болды. Артта қалып отырған ойыңа да келмейді, о, сақалды бала!

Н а р ы н. Артта қалудың айып екенін естіп тұрсыңдар ма? А, сендер Қуаныш қартты босатып бер дейсіңдер.

М а р ф а. Кімді, Қуанышты ма?

Н а р ы н. Иә, бұл балалар таудан асыл тастар іздеуге шығыпты, Марфа. Соған бастап алып баруға, сенің Вераң бар, барлығы жалынып сұрап тұр.

М а р ф а. Вера? Ол қайда?

В е р а (*амалсыздан шыға келін*). Мен мұндамын, мама.

М а р ф а. Үйде кім қалды?

В е р а (*сасқалақтап*). Үйде ме?.. Өзіммен бірге оқитын Настяның әжесі қалды. Үйге мен ие боламын, альпинистердің начальнигі екенсің, жолыңнан қалма, бара ғой деді.

М а р ф а (*қатал*). Бұл қай бетімен кеткендік. «Бара ғой деді». Бара ғой дегенге бара берсе не болмақ? Қазірден бастап үйге қайт.

В е р а. Мама...

М а р ф а. Мен мұны үйге бас-көз болады деп сеніп

жүрсем, альпинист дегенді қайдан шығарды? Ой, шіркін-ай, физкультурник екен, білдік. Турникке асылады, жорыққа шығады. Әйел бала өзінің қолынан ғана келетін істі ойлауы керек.

Б о л а т. Марфа апай, ол бізде отрядтың бастығы. Бармасқа қақысы жоқ.

Н а р ы н. Балалар, ана ақылын да тыңдаңдар. Егінді бітірейік. Астықты тапсырайық, қол босасын. Содан кейін пожалыста. Қуаныш қартты қосып беруіме әбден болады. Осы сендердің вожатыйларың қайда? Мен әлі оны сұрамаппын ғой?

Б о л а т. Нарын аға, біз Ақтан ағаймен келісім бойынша жаңадан келетін вожатыйды осы жерден тосуга тиістіміз.

Д ә у к е н. Нақ солай, мен соны айтпақшы едім.

В е р а. Үндеме.

Е р м е к. Нарын аға, егер де біз вожатыйымыз келгенше атамның егінін жинап бітірсек, босатасыз ба?

Д ә у к е н. Тура айтты.

В е р а. Үндеме дедім ғой мен саған.

Д ә у к е н. Үндемейтін несі бар?

М а р ф а. Алақандарыңа түкіріп, құлшынып тұр екенсіңдер.

Н а р ы н. Ал, Марфа, сіз оған қалай қарайсыз?

М а р ф а. Немене, сонда бұлар Қуаныштың звеносын менен оздырып алға шығармақшы ма?

Н а р ы н. Әрине, көмектескеннен кейін солай алға шығаруға тиісті.

Б а р л ы ғы. Сол айтқаныңыз болады, Нарын, аға.

Е р м е к. Нарын аға көнді. Команда! Мәулен, қақ дабылды!

Д ә у к е н. Ей, білгіштер мен философтар! Ортаға тұрыңдар!

В е р а. Пионерлер, дайынсыңдар ма?

Б а р л ы ғы. Әрқашан да дайынбыз!

Ш ы м ы л д ы қ.

ҮШІНШІ КАРТИНА

Перде алдында. Ымырт жабылып қараңғы түседі. Қараңғыда дүрілдеп келе жатқан мотоцикл даусы үзілгендей болады. Перденің алдында қасында пионер отрядының вожатыйы Дариға бар, бұзылған мотоциклін сүйретіп колхоздың мұрабы Есен шығады. Дариға пионерлерді іздеп «Қызыл Октябрь» колхозына барған. Одан кез-

дестіре алмай аудан орталығындағы «Қызылсаяға» келген. «Қызылсаяда» Есенді кездестіріп, Есен мотоциклмен пионерлердің соңынан қуып жетуге келе жатқанда, мотоцикл аварияға ұшырайды.

Д а р и ғ а (*ауырсынып*). Білмеген жердің ой-шұңқыры көп деген осы да.

Е с е н. Асыққанда әрқашан да осындай болады. Бар пәрменімен жүргізіңіз, зуылдат, құйындат, тез жетейік деген өзіңіз. Міне, құйындатқанның кесірі, шоңқидық та қалдық.

Д а р и ғ а. Тым аңғырт екенсіз.

Е с е н. Қыздың қысымы әркімді де аңғырттыққа ұшыратады.

Д а р и ғ а. Қабырғамды күйретіп ала жаздағаныңыз ойыңызда да жоқ. Қыздың қысымына ұшырадым деп кінәны маған аударасыз.

Е с е н. Ойпыр-ау, енді менің кінәм қанша?

Д а р и ғ а. Атына сенбеген алыс жолға шықпайды.

Е с е н. Түу, сіз қызық екенсіз.

Д а р и ғ а. Мойынға алу керек.

Е с е н. Мерт болмағаныңызға шүкірлік етіңіз. Арықтан алты метр қарғығанда аспанға ұшып кете ме деп қорқып ем, берік екенсіз. Оқасы жоқ, бұл жолы үлгірмесеніз, екінші жолы мезгілімен үлгіретін боласыз...

Д а р и ғ а. Балаларға вожатыйсыз жорыққа шығуға рұқсат еткен директорды кінәламай, мені кінәлағаныңызға жол болсын?

Е с е н. Әрине, сіз кінәлі. Балалар жорыққа шығады дегелі қашан...

Д а р и ғ а. Жауап беретін кім?

Е с е н. Әрине, босатқан директор. Кешіккен сіз.

Д а р и ғ а. Мені облыстық конференцияға шақырып әкетті деп мен сізге айттым ғой... Кәне, жүрмейміз бе?

Е с е н. Машина жүрсе, жүреміз, машина жүрмесе отырамыз. Ерік бізде боп тұрма, қарындас.

Д а р и ғ а. Онда мен кеттім.

Е с е н. Мына қап-қараңғы түнде орына ма, шұңқырына ма күп беріп түсіп кетсеңіз, тағы да менен көрерсіз.

Д а р и ғ а. Аялдауға уақыт жоқ. Оларды қайткенде де орнынан басуым керек.

Е с е н. Қанат байлап ұшырмасам, басқа істер шабрам жоқ, қарындас. Сенбесеңіз көріңіз.

Д а р и ғ а (*әзілмен астарлап*). Маған көр дейсіз, машинаның моторын танкистер болмағанда, санитарлар қайдан біледі?

Есен. Танкистер?.. Даусыңыз таныс тәрізді. Осы мен түсімде ме, өңімде ме, әйтеуір бір көрген адамыма ұқсайсыз.

Дариға. Бүйтіп қабырғасын күйрете берсеңіз, талай қызды түсте көрген елестей ұмытып та қаларсыз. Тұрамыз ба осылай?

Есен. Тұрмағанда енді көріп тұрсыз ғой.

Дариға. Иә, тым дөрекі болсаңыз да, осы мен сізді бір жерде көрген сияқтымын.

Есен. Өзің жолдас, маған бір қызметің өткендей екім, екім сөйлейсің.

Дариға. Ауырласаңыз, қойдык, жақсы онда, таң атқан соң қос басында кездесерміз. Қош болыңыз.

Есен (*қиналып*). Түу, өзің бір мазасыз қыз екенсің, тұрмасақ ал жүрдік.

Дариға (*ашулы*). Қиналсаңыз қалыңыз. (*Кете береді.*)

Есен (*жайымен соңынан ере түсіп*). Осындай бір томпып торсия қалатын қыздардың не мінезі екен. (*Мотоциклін шірене сүйреп соңынан ереді.*)

Перде ашылады. Күн сәске түске көтеріліп қалған мезгіл. Сахна сыртынан пионерлердің еңбек ерлері жайында қосылып айтқан әні естіледі. Сахна сол қалпы. Омырауында алжапқыш, басында аспазшылардың киетін ақ қалпағы, дембелше келген қараторы бала тамақ қамдап жүреді.

Сапар (*тамақтың дәмін көріп*). Пып, тұзы шамалы ғана артықтау түскені болмаса, қатып тұр. Тамақ істеу де өнер. Үйрене келе түбінде асқан шебер повар боламын ғой деймін. Осы тарихта повардың атақтысы кім болды екен? (*Дәукен келе жатады.*)

Дәукен. Атақтысы ма? Менімше сен боласың. Тамағың дайын ба?

Сапар. Дәукен, Попов, Эдисондардай тарихта жаңалық ашқан поварлар болды ма?

Дәукен. Мына кішкене солдаттан генералға дейін көтерілетін біздер болмасақ, қазан-ошақ айналасынан атақты адамның шыққанын естігенім жоқ. Кәне, тәрелкені толтыра салып жіберші, сәті түссе бір соғып алайын.

Сапар (*тәрелкесіне каша сап беріп*). Жауынгерлерінен бұрын тамаққа ұмтылған дәл сенен де онша мықты генерал шыға қоймас. Қалай тәтті ме?

Дәукен. Тамаша, тәтті! (*Қомағайланып асап жатып.*) Өзіміз тапсырғанын тәйт дегізбей орындадық та тайып тұрдық. Әй, Сапар, тағы да бір кішкене үстеп

жіберші. Мен жаңа білмей айтыппын, честное слово, сенен түбінде тамаша повар шығады.

Сапар. Е, оқуын бітірсем неге шықпайды.

Дәукен. Иә, иә сен бар ғой, Сапар, бізбен бірге жүрсең деймін. Жорықта бізге де тамақ дайындайтын повар керек.

Сапар. Мені босата ма?

Дәукен. Босатпайтын кім? Марфа ма? Мен айтсам босатады.

Сахнаның екінші жағынан Вера кіріп келеді.

Вера (*Дәукенге қатаң түрде*). Жұмыстан қашып бұл қай отырыс?

Дәукен (*жұтына алмай*). Ым-ым. Сапарға тамағыңды тезірек дайында деп хабарлай келіп ем.

Сапар. Бекер айтады, үзіліп бара жатқандай келе салысымен менен тамақ сұрады.

Вера. Мен саған не тапсырдым?

Дәукен. Айып менен.

Вера. Тамаққа тойып алып, ұялмай-қызармай айып менен дейді. Кім қалай орындап жатыр, маған хабарлап тұр дедім ғой. Сен оның орнына бір сағат көбелек қудың, айуан-шегірткелерді төбелестірдің. Енді міне, тәртіп бұзып ұрланып кеп тамақ жеп отырсың.

Сапар (*күліп*). Оһо, жазасы жеткілікті екен.

Дәукен (*Сапарға*). Жә, болды.

Сапар. Бұл маған дүниенің төрт бұрышын түгел айналып түскендей мақтанды.

Вера. Е, мұның сүйтетін әдеті.

Қуаныш карттың звеносына көмектескен пионерлер жұмыстарын орындап, егін жақтан әндетіп келе жатады. Егінді жинай жүріп, әр группа өз алдына коллекция жасау ісімен шұғылданған. Қолдарында гүлді өсімдіктер. Дәнді мәдени егістердің бірнеше түрлері, шыныға салған жәндіктері бар Ермек, Моулен, Әсия, Коля, Болат, тағы басқа пионерлер жұптарын жазбай әндеткен қалпында сахнаға кіреді.

Ән:

Жайнай бер, жазым, жылдан жыл,
Жаңарып дүние түрленсін.
Мәуелі бақша ұлғайып,
Бұдан да қызық түрге енсін.
Ең бақытқа еркіндеп,
Жайлаған елім гүлденсін.
Ұлы көсем — алтын күн,
Себелеп рақмет сәулесін
Бұдан да жарық нұр берсін.
Бұлбұлың шулап сайрасын,
Еңбегің қызып қайнасын,
Нұрынды әлем, ел көрсін.

Ермек. Жолдас отряд бастығы, баяндауға рұқсат етіңіз!

Вера. Рұқсат.

Ермек. Пионерлер тапсырмаңызды түгел орындап, колхозшылар алдында берген сертін абыроймен орындап шықты. Жалғыз-ақ, тәртіпті отрядтың барлаушысы Дәукен ғана бұзды.

Вера. Білем. Дәукен, шық бері ортаға. *(Дәукен ортаға шығады.)* Тәртіп бұзған бұл қиқардың мәселесін қарау туралы отрядтың жалпы жиналысы ашық деп жариялаймын, қарсыларың бар ма?

Барлығы. Жоқ.

Вера. Кімде қандай ұсыныс бар?

Мәулен *(қолын көтереді)*. Маған беріңіз.

Вера. Сөз Мәуленге берілді.

Мәулен. Бұл бойы серейіп, сирағы сорайған немеге айтып ақыл, ұрсып сөз қонбайды.

Ермек. Иә, уәдені бере-бере бізді де тойғызды, өз сенімін де жоғалтты.

Мәулен. Алдынан көбелек ұшса да арбандап қуа жөнеледі.

Коля. Бөдене ұшса одан да бетер.

Мәулен. Кеше қырман күзетшісінің ала күшігін суға жалдатқызды. Аспанда ұшып бара жатқан тырнаға қиқулап: «Ай, тырналар, тырналар, барар жерің Балқан тау, о да біздің көрген тау, тырау-тырау!.. Қараша қазға сәлем» — дейді. Осының бәрі пионерлік тәртіпке жатпайтын қылықтар. Менің ұсынысым: ақырғы рет сөгіс берілсін.

Вера. Тағы кім сөйлейді?

Ермек. Айыбын мойнына ала ма екен өзі? *(Дәукен үндемейді.)* Ақырғы сөгіс аз. Осында тірі жыланның тілін суырып тастап, колхозшы әйелдерді шынғыртып қорқытқанын бәріміз де көрдік. «Айналайын-ау, әкетайым-ау, тілеуінді берсін, әрі әкетші» деп жалынса да болмады. Менің ұсынысым: келген ізімен кейін қайтаруымыз керек.

Вера. Екі ұсыныс бар: ақырғы сөгіс жариялансын дегендерің қол көтеріңдер. *(Аз үзіліс, ешкім қол көтермейді.)* Тәртіп бұзған жазасы — мектепке кейін қайтару болсын дегендерің қол көтеріңдер! *(Барлығы қол көтереді.)* Дәукен, кейін қайтатын болды.

Дәукен мұнайып көзіне жас алады, нәрселерін жинап кете бастайды. Марфа, Қуаныш, Нарын, тағы басқа колхозшылар өзара сөйлесіп келе жатады.

Марфа. О, тәуба, бұлардың да кісі боп, қолғабысын тигізгені. Нарын-ау, жұптарын жазбай қимылдағанда аузымды ашып қарап қалыппын.

Нарын. Жаңа біліп пе едің? Помощниктерім деп мен текке айтам ба? (*Нәрселерін арқалап бара жатқан Дәукенге.*) Мынау қайда жөнелді, ай, Таусоғар, сенікі не? Артынып-түйініп қайда барасың?

Вера. Барсын, Нарын аға.

Нарын. Ойбой, Таусоғарым-ай, соққы жеп қалдың ба?

Вера. Біз оны кейін қайырдық. (*Дәукен кетеді.*)

Нарын. Тәртіптің қатты болғанын мен де жақсы көремін. Бірақ ұзын жолдың үстінен қайыру — жазаның ең ауыры. Жоқ, олай қатты кетуге болмайды. Ай, Таусоғар, бері кел, тоқта! (*Дәукен қайрадан келеді.*) Сендер білген жоқсыңдар. Тентек болса да мұның да бізге пайдасы тиді. Иә, аса зор, мақтарлықтай пайдасы тиді.

Вера. Кешіріңіз, Нарын аға.

Нарын. Сабыр, сабыр етіңіз, Верочка. Зиянды жәндіктердің ішінде адамға аса зияндысы не, білесіңдер ме?

Ермек. Қара құрт, жылан.

Нарын. Сендер егін жинаумен күрескенде, бұл біздің зиянды жәндіктерімізбен күресіп, он жылан өлтірді. Таусоғардың бұл еңбегін бағалауларыңды сұраймын.

Вера балалармен шүйіркелесіп сөйлеседі. Балалар «мақұл» дегендей ишарат білдіреді.

Вера. Нарын аға, сіз айтқаннан кейін бір жолға кешірейік.

Нарын. Кешіргендерің рас болса, Таусоғарды орталарыңа алыңдар.

Вера. Дәукен, бері кел де, орнына тұр. (*Дәукен орнына тұрады.*) Біз берген уәдемізді орындадық қой, Нарын аға.

Нарын. А, біз орындамадық па? Біз де орындадық.

Ермек. Жоқ, Нарын аға, сіз Қуаныш қартты бізге босатып бергенде ғана орындайсыз, әлі орындаған жоқсыз.

Нарын. Сөз болғаныңа! Жо, орындадық. (*Балалар аң-таң, біріне-бірі қарайды.*)

Вера (*аздап ашуланып*). Нарын аға, сіз өзіңіз қалайсыз, үлкен кісі де екі сөйлей ме екен?

Н а р ы н (*қуланып*). Сабыр, сабыр етіңіздер, Верочка!

М ә у л е н (*шыдай алмай*). Мұныңыз қалай, Нарын аға, бізге сенбегеніңіз бе?

Ә с и я. Жұп-жуан кісі де өтірік айта ма екен?

К о л я. Ей, жұмысты істетіп ап, артынан мардамсып, түксиіп, жауап бермейтін басқармалардың әдеті.

Н а р ы н (*шек-сілесі қата күліп*). Ойбой, шегім-ай, ой, шегім, баламысың деген-ау. (*Түкірігіне шашалып.*) Ох-ох! Шашалып та қалдым, «жұп-жуан кісі де өтірік айта ма екен» дейді. Қуаныш қарттың қолының босағаны — берген уәдемі орындағаным емес пе?

В е р а. Түу, Нарын аға, қорқытқанда осылай қорқыта ма екен?!

Н а р ы н. Көптен бері күлген жоқ едім, жақсы болды. (*Барлығын бауырына ала.*) Балалар, «асыл тастан, өнер жастан» дейді қазақ. Өнерлеріңнің алдын көріп, көңілім бір өсіп қалды. (*Гүлді өсімдік, астықтың түр-түрінен жасаған коллекцияларына балаларды қоршай.*) Міне, әрқайсыңның келешегің мына өздерің жинаған осы шоқ гүл тәрізді. Армандарыңның сұлулығы да осындай. Біз сендерге еңбегіміздің жемісін тартсақ, сендер бізге өнерлеріңнің жемісін тартатындарыңды да білемін. Бүгін мына шоқ гүлдердің кірпішін маман, өнерпаз болып шыққаннан кейін бүкіл халқың сыйлайтын болсын. Міне, менің тілегім осы, балалар!

Барлығы ду қол шапалақтап Нарынды қоршап алады.

В е р а. Нарын ағай, ұмытылмастай сөздер айттыңыз, Қуаныш атам жөнінде не дейсіз?

Н а р ы н. Енді баруына болады.

Б а р л ы ғы. Жасасын Нарын ағай! Урра!

Д а у ы с (*даладан*). Нарын қайда? Бір эшелон машина келді, сізді күтіп отыр.

Н а р ы н. Машина келіп қалған екен. Ал, балалар, маған енді рұқсат етіңіздер.

Б а р л ы ғы. Рұқсат, Нарын аға. (*Нарын кетеді.*)

В е р а. Мама, енді баруыма болады ғой, ә?

М а р ф а. Бастаушыларың келіп менен рұқсат сұрағанша бармайсың.

В е р а. Жіберем деп өзіңіз айттыңыз ғой?

М а р ф а. Айтқанның бәрін жібере беруге болмайды, қызым.

В е р а. Мама, сенің ойыңша мен үйден шықпай отыруым керек пе? Жоқ, мен өйте алмаймын, мама.

Қуаныш. Қиылып сұрап тұр ғой, жіберсең қайтеді, Марфа?

Марфа. Қайдағы жоқты есіне сап, осыларды желіктірген сен. Сәуле шашып тұратын тас көрдім деп нең бар еді?!

Вера. Жазығы не атамның? Е, біз көмектестік қой. Қуып жетіп озып та кеттік қой.

Марфа. Айтқанды тыңдау керек, қызым... «Қуып жетіп озып та кеттік...» Озған кісі үлкенмен сөз таластырмайды... Көзінді маған тікірейтпе... Бұлтиып өкпелеме де... Бастаушыларың келмей бармайсың дедім бе, бармайсың. *(Қуаныш екеуі қостың ішіне кіреді.)*

Әсия. Бармасак, онда неге тұрмыз, концертімізді бастайық.

І комсомол. Немене, сендерде артистер де бар ма?

Әсия. Концертке біз бәріміз де қатысамыз... Әлгі Болат қайда кетті екен?..

Вера. Иә, Әсия, біздің салған әндерімізді естісе, бізбен бірге тауға өздері де барғысы келер. Коля мен Болатты шақыршы.

Әсия. Коля, Болат! Жел құйындар қайда кетті екен? *(Екеуі кетеді, комсомолдар мен Қуаныш, Марфалар да кетеді. Сахнаға жан-жағын байқап Коля мен Болат кіреді.)*

Коля. Сен мені не үшін жібермей ұстап қалдың?

Болат. Қазір айтам, ақырын сөйле.

Коля. Мен ақырын сөйлей алмаймын... Спектакльді қойғаннан кейін кешке үйге қайтқаннан басқа не қалды? Бәрібір Марфа Вераны жібермейтін болды... Вожатый бүгін де, ертең де келмесе не бітіреміз?!

Болат. Сен үндемесең вожатый да келеді, бәрі де болады.

Коля. Сен оны қайдан білдің?

Болат *(бүркемелен)*. Париктер мен әйнек көзілдірік сенде ме? Әйелдердің киетін ұзын көйлегі қайда?

Коля. Менде, рюкзактың ішінде...

Болат қызуланып Коляның құлағына сыбырлайды.

Коля. Не дейді?.. Есіңнен адастың ба, біліп қалса қайтесің? Верамен ақылдастың ба?

Болат. Ей, Вера, Вера дейсің. Ол бұған көнбейді...

Коля. Ал, онда Ермекпен ақылдас.

Болат. Ермек?.. Жаны шыныдай тап-таза... Художник емес пе. О, да көнбейді... Әне, өздері де келе жатыр...

Сен... білдірмесең болғаны... Мен саған сенемін. Үндемейсің ғой! Түсінсейші, бұл алдау емес...

Қо л я. Үндемейін. Балықтай меңіреу бол десең болайын... (*Кетеді, колхозшылармен пионерлер келе жатады.*)

Е р м е к. Әлгі Болат пен Қоля зым-зия қайда жоғалып кетті?..

Ә с и я. Қоля мұнда... Егіннің арасында ұйықтап жатқан жерінен ояттым... Мінекей... Болатты қайдан іздедік?..

Қо л я (*ұйқысын аша алмай*). Марфа апай бізді болса да жорыққа жібермейтін болды. Ұйықтамағанда не бітіреміз?

І к о м с о м о л (*сахна сыртында*). Пионер отрядының председателі Вера Алексеева ма? Осында... Барлығы да осында!

Д ә у к е н (*даурығып*). Келді... Вожатый жолдастың өзі келді...

Барлығы көңіл аударып қарай қалады. Үстінде сұр костюм, көзінде желден сақтайтын қара көзілдірік, орта бойлы, әйелше киінген, беліне мұз оятын сүмбі қыстырған, иығында рюкзак Болат кіреді. Костың ішінен Марфа мен Қуаныш шығады.

Бо л а т (*даусын өзгертін*). Саламатсыздар ма, балалар? Басшы кім болады?

М а р ф а. Звено бастығын іздесең мен болам, пионер отрядының басшысы — мына тұрған менің қызым.

Бо л а т. Маған отряд бастығы керек еді. Сіз бола-сыз ба?

В е р а (*бірден сезік ап*). Иә... Былайша айтқанда мен... Сізге не керек еді?.. Иә, кешірерсіз... Әсия, жылдам сапқа барып тұр!

Бо л а т. Менің алдымда командовать етпеуінді сұраймын... (*Сөзін бөліп сөйлеп*). Ауданнан келетін вожатый мен боламын...

М а р ф а. Не дейді?.. Құрметті, біздің балалар сізді асыға күтіп тұр еді... Дәл кезінде келгеніңіз дұрыс болды... Он шақырым жаяу қалай жүрдіңіз?.. Отырып дем алыңыз... Құрметтім, шөлдесеңіз, сусын ішіңіз.

Қ у а н ы ш. Қызым, амансың ба?.. Енді біраз кешіккенінде біздің орнымызды сипайтын едің... Тауға біз сенсіз шыққалы тұр ек...

Қо л я (*сырт айнала беріп, шыдай алмай булығып, күлкісін әрең дегенде тоқтатып*). Ол, Хлестаков! Қарғыс атсын сені...

Әсия (*таңырқай қарап*). Бұл кім өзі?

Коля. Жұмысың болмасын... Жайына тұр...

Болат. Уақытты босқа өткізбейік... Дайын тұр-сандар, кәне, рапорт беріңіз...

Марфа. Дем алмайсыз ба?

Болат. Жок, шеше... Төрт күнде оралып қайтамыз деп мектеп директорына уәде беріп едім... Кәне, балаларды сапқа тұрғыз да, рапорт беріңіз.

Вера. Рапорттан бұрын сізбен бірауыз сөйлесетін жасырын сөзім бар еді.

Болат (*ірі мінезбен*). Ешқандай жасырын сөз болуға тиіс емес. Маршрут жайында болса — Ақсуда таныстым. Маған бәрі де айқын... Нәмене, команда бере білмейсің бе?

Вера. Оңаша айтпақшы сөзім бар еді, вожатый жолдас... (*Болатты оңаша шығарып*.) Не істегелі жүрсің сен? Бұл не? Драм кружок деп тұрсың ба? Кімді алдамақшысың?

Болат (*ірілікпен, кішіреймей*). Сен енді сырды ашпа. Жорыққа шығамыз деп ойланғалы қашан. Осының бәрі сен үшін, Вера! Зәрең ұшпасын.

Марфа (*Қуанышқа*). Байқаймысың?.. Біздің Вера қалысар емес... Тіпті... Өзінен үлкенмен жағаласып бірдеме таласып тұр.

Қуаныш. Жүрудің жайын кеңесіп тұрған болар?

Вера. Сенің бұл істеп тұрғаның тұп-тура алдау! Пионерлік арға жатпайтын, лайықсыз іс.

Болат. Ал, түк істемей бір орында отыра беру лайықты ма саған? Егер де сен бар ғой, Вера, бірдеме деп сырды ашатын болсаң, онда жақсы жолдас та болмағаның. Есіңде болсын, қатты өкпелеймін.

Вера. Апырау, енді...

Болат. Үндемеші. Шебер ойнап шықсам нең бар? (*Екеуі екі жаққа бұрылады.*) Көпс, не дайындықтарың бар?

Вера. Барлығы да дайын. Тек, сіздің әміріңізді күтіп тұрмыз.

Болат. Киімдеріңіз жылы ма?

Барлығы. Жылы, аға вожатый жолдас.

Болат. Құрал-сайманнан не алдыңдар?

Вера. Тауға керекті қару-саймандар түгел алынды.

Болат. Тәртіптерің қалай?

Вера. Өте жақсы.

Болат (*Қуанышқа*). Қария, сіз біздің балаларды тауға бастап баруға уәде берген екенсіз, кәне, бастаңыз.

Қуаныш. Қазір, балам.

Вера. Бұл сырды тағы да қайсысы аңғарар екен? Ақыры немен бітер екен? Рұқсат па, вожатый жолдас?

Болат. Рұқсат...

Вера. Біз осында, сіз келмей тұрып колхозшыларға ойын қойып береміз деп уәде беріп едік.

Болат. Ойынды қайтар жолда қоямыз.

Вера. Уәде бойынша бүгін ғой.

Ауданнан келетін шын Дариғаның өзі келеді.

Дариға елеусіз түрде бақылап тұрады.

Болат. Ойынды қайтар жолда көрсетеміз.

Дариға. Менің байқауымша, ойын қызу жүріп жатқан көрінеді ғой!

Болат көйлегіне оралып қаша жөнеледі.

Дәукен. Ә, мен мұны бірден-ақ білгем.

Дариға. Жоқ, мен ойын қызу жүріп жатқан көрінеді деп тұрмын ғой!

Вера. А, сіз кім боласыз?

Дариға. Мен бе? Альпинистердің инструкторы Дариға Бейсековамын.

Вера. Отряд бастығы Вера! Мен сізді осында келеді, шыдай тұрайық деп айтып ем.

Дариға. Менен бұрын кеп, менің ролімді атқарушымен танысайық. Бұлай істеуге саған кім рұқсат етті? (*Болаттың көзілдірігі мен басындағы парикті жұлып алады*). Ойлаған кім?

Болат (*абыржып*). Ойлағанда, істеген де өзім, честное слово, ұрыссаңыз да, айыптасаңыз да кінә менде.

Дариға. Айыпты болсаң, жауап та беретін боларсың? (*Вераға*.) А, сен неге тыйым салмадың?

Вера. Ол өте шебер ойнады. Мен ақырының немен бітуін күттім...

Марфа. О, соққандар!.. Вераны жібермеген соң, мені алдау үшін жасаған қулықтарың ба еді? Әй, жүгірмек, сен анада сүт тартып отырған қатындарды да алдап, қаймағын алып кеткен болатынсың. Заматтың арасында ойына қайдан келді десеңші.

Қуаныш (*шек-сілесі қатқаниша күліп*). Аумаған бала күнімдегі мен. Ризамын. Бала болса, осындай өнерлі болсын. Қызым, бәріне де кінәлі мен. Осында сәуле шашып тұратын тас туралы айтып ем. Бірінен-бірі

өнерлерін асыра құмартты. Балаға не істесе де лайық қой. Бір жолға айыбын кешіретсің.

Д а р и ғ а. Иә, кешіккен айып менде де болды. Жақсы қария, ол тілегіңіз болсын. Пионерлер, сапқа! Қалған мәселені жол-жөнекей шешеміз. Марфа жеңгей, сіз де көңіліңізге ауыр алмассыз. *(Блокнотына жазып.)* Мына қағазды өзіңіздің мұрабыңызға табыс етерсіз. Мезгілімен жеткізгеніне рақмет деп айтты деңіз.

Мәулен горн тартады. Сап болып тізілген пионерлер өлеңдетіп сахнадан шыға береді. Қолында түйіншегі бар жүгіріп Сапар келеді.

М а р ф а. Сен қайда жөнелдің?

С а п а р. Егінді жинап болдық қой, Марфа апай. Олармен бірге мен де барсам ба деп ем.

М а р ф а. Әкең болса жоқ, шешең байғұстың емшекте жас баласы бар. Қалай барасың?

С а п а р. Барғым келеді, Марфа апай, скульптура салуға нұрлы тас іздеген Ермектің арманы қандай тамаша! Екі-үш күнде ораламыз деді ғой! Жіберіңізші, Марфа апай.

М а р ф а. Бәріңнің де кеуделерің толған арман. Бара ғой, балақай.

С а п а р *(қуанып)*. Марфа апай, үлкен рақмет! *(Жүгіріп кетеді. Мотоциклін сүйреп Есен келеді.)*

Е с е н. Отряд қайда?

М а р ф а. Отряд жүріп кетті. Көп қызықтан құр қалдың. Осында Қуанышпен екеуміз шегіміз қатқанша күлдік.

Е с е н. Ішектерің қатқанша күлетіндей ол не? Шалдың өзі қайда?

М а р ф а. Балаларға жанар тасты тауып берем деп бірге кетті.

Е с е н. Сақалы сапсиган шалдың да пионер болғаны ма? Бұдан мен оншалық нәрсе түсініп тұрғаным жоқ.

М а р ф а. Саған мына бір қағазды жазып қалдырып кетті. Оқып көр, түсінбесең түсінерсің.

Е с е н *(қағазды оқиды, оқып тұрып таңырқап отыра кетеді)*. Днепр, Днепр дейді? Қалайша сол болды... Марфа жеңгей, сол!

М а р ф а. Қайдағы сол? Өзің қақтырып алғаннан саумысың?

Е с е н. Мен ішпеймін ғой. Марфа жеңгей, мен оны үш жыл іздедім... Таптым, табылды! Дәрекі мінез де білдірдім, қабырғасын күйретіп те ала жаздадым... Мен

оны қазір қуып жетем... Днепр дейді, ә? Днепр! (*Жүгіре жөнеледі.*)

М а р ф а. Әй, сырбасым-ау, саған не болды? Қайда жөнелдің?

Е с е н. Марфа жеңгей! Қазір келем!

М а р ф а. Қуаныш оларды төте жолмен бастап әкетті. Босқа әуре боласың... Кетіп қалды... Тым болмаса қай жолмен кеткенін де сұрамады... Енді қанша іздер екен-сің...

Ш ы м ы л д ы қ.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Тау жотасындағы айыр жалдың аралығы. Айыр жалдың екі жағында да құлама биік жар тастар. Сахпаның төрін ала көлденең қақпа тас тұр, одан әрі еңіс, еңістен төмен түскенде үңгірдің аузына барып тіреледі. Аспан әлемін қызыл арайға бөлеп күн батып бара жатқан мезгіл. Отряд екіге бөлінген, байланысшылар тобы таудың етегінде қалған. Штурмовиктер тобы бірінің соңынан бірі тізбектеліп келе жатады.

Е р м е к. Қиынынан өтіп шыңына да жеттік, алға!..

М ә у л е н. Алдымызда тағы да бір асу бар емес пе?

Д а р и ғ а. Балалар, тоқтай қалыңдар.

К о л я. Ұзамай күн де батады. Бәрібір ертең түсетін болдык.

Е р м е к. Алға!..

Д а р и ғ а. Балалар, рюкзактеріңді алыңдар да бері келіңдер. (*Картасын жаяды.*) Кәне, қай жерде тұрмыз?

В е р а (*үңіле қарап*). Күркіреуік тау өзені, міне, мынау жерден басталады. Өзеннен өттік... Мына бір жылғада қайнар бұлақ болуға тиісті.

Д а р и ғ а. Коля, төменге түс те, оң жағында қайнар болса, көріп кел.

Д ә у к е н. Мен барайын, Коля.

К о л я. Несіне қыстырыла қалдың, барғың келсе бар.

Ә с и я. Ой, жойқыным...

Д ә у к е н. Осыдан сол бұлақтан алтын құм табылса қайтесің? (*Кетеді.*)

Е р м е к. Құм шекер табылса да болғаны.

В е р а. Құм шекер? Онда ол, бұлақтың барлық суын бірден сіміреді.

Д а р и ғ а. Иә, тек табылсын да. Шайды кантпен ішетін боласыңдар.

Д ә у к е н *(төменде)*. Таптым!.. Тастың астынан ағып жатыр. Аһа! Суы балдан да тәтті.

К о л я. О, мақтаншақ, тағы да мақтанды. Дариға апа, жүрмейміз бе?

Д ә у к е н *(төменде)*. Қоля, бері кел де жуынып ал. Маужырап ұйқыңды аша алмай жүрерсің.

Е р м е к *(картаға үңіліп)*. Дариға алай, тез жетейік те.

В е р а. Біз Әсия екеуміз шаршап қалдық.

Д а р и ғ а. Иә, қарт пен екеуміз де шаршадық. *(Қуаныш үндемейді, басын төмен салбыратып отырады да қояды.)*

Ә с и я. Атам, шынында, шаршап қалған екен. Ата, сізге не болды?

Қ у а н ы ш. Оқасы жоқ, құлыным.

В е р а. Еңтігіп отырсыз ғой, ата?

Қ у а н ы ш. Иә, қалқам, өкпем қысылып, жүрегім қағып тұр.

В е р а. Бері жақын келіндер, атам ауырлап отыр ғой.

Қ у а н ы ш *(еңтігіп, сөзін үзіп сөйлейді)*. Бұрынғы көрген жерлерім буалдыр тартып, көзім қарауытып тұр. Баяғыда бүркіттің балапанын алуға келгенде де осы жермен жүріп едік.

Ә с и я *(дереу сумкасынан дәрі алып)*. Жүрегіңізді басатын дәрі берейін бе, ата?

Қ у а н ы ш. Ә, дәрі ме, дәрі шіркінді ішпеуші едім. Тау тағысындай тастан қарғысаң да қажымайтын әлу-етті жастық шақ өтіп, кәріліктің жеңгені де. *(Әлсірейді.)*

Ә с и я. Сабыр етіңіз ата, сабыр етіңіз. Аз сөйлеңіз.

Д ә у к е н. Ей, менің папамның да жүрегі осындай қатты-қатты соғатын да, басылатын.

Қоля *(оңашалап)*. Сенің папандікі майдан жарылғалы жүрген семіздіктен, атамдікі шаршағандықтан.

Д ә у к е н. Арық кісілердің де жүрегінің нашары болады. Олардікі неліктен екен, ә?

К о л я. Олардікі шылымды тарта-тарта кеудесін түтін шалып, тентек суды байқамай көбірек сіміргендіктен.

Д ә у к е н. Ә, потребсоюз бастығының әйелі Құлнәфис жеңгей ашуланғанда «ах, ох» деп шиқылдап, көзі аларып талып қалады. Оныкі неліктен?

Коля. Е, қойшы өзін. Соның бәрін білетін мені бір дәрігердей-ақ қайдағы жоқты сұрағаны несі?!

Эсия. Ентелемей кейін тұрындар, қолдарыңнан келетін түк жәрдемдерің жоқ, кісінің декпірін аласыңдар.

Вера. Ата, ерніңіз кезеріп кетіпті. Су ішесіз бе?

Куаныш. Су болса әкел, қарағым.

Эсия. Жойқын, бар су алып кел! (*Дәукен бұлақтан су әкелуге кетеді.*)

Дариға. Балалар, осы жерге енді аялдайтын болдық. Ермек, сен шатырды құр, Коля сен от жақ, Сапар сен тамағыңды дайында. Басқаларың жәрдем беріндер.

Ермек. Мақұл, мен шатыр құрайын. (*Арша ағаштардың басын иіп шатыр құрады.*)

Коля. Ә, мен от жағайын.

Мәулен. Оттық сенде ме?

Дәукен (*су алып келеді*). Біз дегенді қойсаңшы, айтты болды.

Коля (*құлағына сыбырлап*). Осы сен мақтанғаныңды қашан қоясың?

Мәулен. Е, мақтанып мен не дедім?

Эсия (*орамалмен Куаныштың кеудесіне су тартып*). Дәрігерлер де жүрегі қаққан адамның кеудесіне су тартады. Ата, қалай, басылды ма?

Куаныш. Менің кішкене бөденем, судырап ұшқандағы қанатың, жүрегіме жұп-жұмсақ болып тиген бөденем. Аздап басылайын деді. (*От маздап жана бастайды, балалар отты айнала қоршап отырады.*)

Ермек (*тауға қарап*). Тамаша... Осының бәрінің де суретін салар ма еді. Сонау көрінген қос шоқы тұп-тура айыр өркеш түйеден аумайды. Ә, міне, бірі биік мұнараға ұқсайды. Мәулен, сонау бір қызғылт шұбар, көкше мұнар ішіндегі биік шыңның көлденеңінен қарашы, қарауыл қарап тұрған батыр тәрізді емес пе?

Мәулен. Қайдағы батыр?.. Төбесі жап-жалпак, аумаған сен тәрізді.

Дәукен. Иә, Ермек жүзге келгенде мұрты салбыраған, белі бүкшиген, дәл сондай болады. Дариға апай да соны ойлап тұрған болар, ә?

Дариға. Жоқ, өз жайымызды ойлап тұрмын.

Сапар. Қайнады.

Вера. Тұз салуды ұмытпа.

Сапар. Тұзды тамақпен бірге салғам.

К о л я. Шеф повар! Бүгін не тамақ?

С а п а р. Алдыңа барғанда білесің. Дежурный, бері кел. Ей, өзің бір сылбыр екенсің. Ас пісіргенде білекті сыбанып, етекті түре кіріспесең, пісірген астың дәмі де болмайды. Мә, мына консерваны аш та, оттың шоғын көсіп жіберіп үстіне қой. Кіші повар! Икрадан бутерброд жаса. Костровой отты лаулатқанда, Ермек, сендер әнді лаулатыңдар.

Е р м е к (*ән бастайды*).

«Лаула жан, костерден от лаула-лаула.
Алаула, өрле, жалын, омыраула!
Шырқалған, қосылған үн қағып қанат,
Жарыса жалынменен жоғарыла!

Лаула, костер,
Лаула, алаула!

Айлы кеш, аспан ашық, жарық дала,
Ағын су, көк майсалар айналада.
Желпіген жібек желі жазғы кеште
Жүректен жарып шыққан ән, сорғала.

Лаула, костер,
Лаула, алаула!

Жеткізген тамашадан тамашаға,
Ризамыз ардақтаған ата-анаға,
Бойға қан, көкірекке күш жинаймыз,
Костердің жалындаған отын жаға.

Лаула, костер,
Лаула, алаула!

Келіндер, кел, балалар, от жағуға,
Ақ шатыр тау қойнында орнатуға,
Жүзейік қаздай қалқып түзеп қатар,
Кәусердай, жанға жайлы мөлдір суға.

Лаула, костер,
Лаула, алаула!

С а п а р (*тамақты ортаға жайып*). Пожалыста, ауқатқа келіндер.

Барлығы отты айнала отырып тамақ ішеді.

Е р м е к. Дариға апа, ертеде осы жерлерде тау арқалаған алып батырлар болғаны рас па?

Д а р и ғ а. Атам білмесе, мен естігенім жоқ.

Қ у а н ы ш. Иә, таудың диюлары мен алыптары болғаны рас.

Ә с и я. Ата, соның бірін айтып жіберсеңіз қайтеді?

Қ у а н ы ш. Сонау қарауыл қарап тұрған сақшыдай екі найза шоқыны көресіндер ме! Содан ілкім әрірек басын қар басқан зеңгірдің биік шыңы бар.

М ә у л е н (*болжай қарап*). Ата, онда құс тәрізді бірдеме ұшып жүр... Бүркіт екен... Ата, бүркіт!

Қ у а н ы ш. Көзің қандай қырағы еді, кәне, қай

тұста? *(Қарағысы келеді, бірақ көзі жетпейді.)* Анық па?

Дәукен. Көзі қып-қызыл оттай жайнайды, дәл соның өзі.

Коля. О, мақтаншақ. Бұ жерден көзі түгіл өзін әзер көріп тұрмыз, шімірікпестен соға салады.

Қуаныш. Дарига, байқаймысың, қыран тегін ұшқан жоқ.

Дарига *(түйсінгендей болып)*. О, не, ата?

Қуаныш. Қыран жүрегі сезгіш, мүмкін дауыл болуы. Күн батқаннан кейін, әдетте қыран ұшпайды.

Дарига. Балалар, шатырды бекітіңдер.

Вера. Тоқтай қалыңдар, алыстан біреудің айқайлаған даусы естіледі.

Барлығы тындайды.

Әсия. Ой!

Дарига. Маған енді анық естілді.

Дәукен. Маған да.

Қуаныш. Сабыр етіңдер, келетін жол біреу-ақ.

Дарига. А-хе-ей!.. Қайда тұрсың? Кім болсаң да бері кел. *(Тыңдайды, аз үнсіз)*. Ата, түнделетіп жүрген бұл кім болды екен?

Қуаныш. Кейде тау ешкісінің маңырағаны адамның даусына да ұқсайды.

Дәукен *(ешкінің маңырағанына салып)*. Мә-мә-ә-ә!..

Қуаныш. Балам, тау ешкісі олай маңырамайды.

Тау аңғарынан дауыс бұрынғыдан да анық естіледі.

Дарига. Есінен адасқан неме ме өзі? Барып білсек қайтеді, ата?

Қуаныш. Жол таба алмай адасып жүрген біреу болса, білгендерің жөн.

Дарига. Кім барады?

Дәукен. Мен барайын.

Дарига. Қорықпайсың ғой?

Коля. Қорықса, мен-ақ барайын.

Дәукен *(ерсініп)*. Жоқ!.. Қорықпаймын.

Дарига. Ылдидан тік түспе, киюлай түс. Қараңғыда табаның таймас үшін, мә, қолыңа үшкір таяқ пен фонарь ал. *(Дауыс тағы да естілді.)* Тоқта! Қай тұстан шыққанын белгілеп ал.

Дәукен. Мен барып жеткенше ол тағы да айқайлайды.

Д а р и ғ а. Тәуекел. Жолың болсын.

Д ә у к е н (*барлығына қимастық пішінмен*). Тентексің деп маған ұрса беретін едіңдер. Айқайлаған адам болмай, атам айтқан дию боп мені жұтып қойса, қош болыңдар.

В е р а. Қоштасқаны несі?

Ә с и я. Дәукен, сен не айтып тұрсың?

Д ә у к е н. Кінәм болса кешірерсіңдер.

Д а р и ғ а. Дәукен, қорқатын болсаң, мен сені жібермеймін.

Д ә у к е н (*сыбырлап*). Қорқытайын дегенім ғой. (*Үшкір таяқ алып айқайлай жөнеледі.*) Еһе-ей! адамбысың? Диюмысың? Қайдасың? (*Кетеді, барлығы соңынан қарап тұрады.*)

Қ у а н ы ш. Жан себілің жарады. Тентек болса да есті тентек қой. Енді мен серікке жарасам... (*Орнынан тұра келеді.*) Әлгі бір әзірде көзім қарауытып байқай алмап едім.

М ә у л е н. Жүрегінің қағуы басылып, атам да қуатына кірді.

Д а р и ғ а. Бекер тұрдыңыз, ата, әл жинап алып тұруыңыз керек еді.

Қ у а н ы ш. Кішкене Дәукеннің тайсалмайтын ерлігі маған да әл берді, балалар. Ержүректілік іштен туып, қайнап сыртқа шығатын қаһармандық қасиет қой. Ана қол шамдарынды менің алдыма ұстандар! Ә, мен жан-жағыма шола бір қарап көрейін.

Д а р и ғ а. Қарағаныңызбен, оның сәулесі алысқа жетпейді ғой, ата.

Қ у а н ы ш. А, қызғылт нұрлы кішкене жұлдыздардың сәулесі неге алысқа жетеді. (*Қайратына мініп.*) Бері мына бір бетке ұстандаршы. (*Ермек пен Мәулен қол шамдарын алдына ұстайды. Шам сәулесі таудың бетіне түседі.*) Бүркіт қай тұстан ұшты?

Е р м е к. Сонау, қызғылт шұбар биік шыңның үстінен.

Қ у а н ы ш. Көксеңгірдің қиясы болды. Ә, біз қайда тұрмыз?

М ә у л е н. Екі таудың аралығы, айыр жалдың етегінде.

Қ у а н ы ш (*шам сәулесін оңға бұрғызып*). Мынау қарауытып көрінген айыр, жалдың өзі болса, дәл осының етегінде қайнасып біткен биік қақпа жартас болатын. Маған соны меңзесендер болғаны.

Д а р и ғ а. Ата, Дәукенге алаңдаймын деп тыңдай алмай қалдым.

Қ у а н ы ш. Дәукен оралып келгенше, біз үңгірдің ішінде де болармыз.

Ә с и я. Алақай... Онда неге тұрмыз?

Д а р и ғ а. Қоля, Дәукен не белгі берер екен, сен бері келіп бақылашы, жаным.

Қ о л я. Бақылайын, Дариға апай.

Д а р и ғ а. Жер шамасын жаңа айырдыңыз-ау, ата.

Қ у а н ы ш. Шамасы осы тұс, осы деңгей шың басынан қыран тегін ұшқан жоқ.

Д а р и ғ а. Әдетте қыран бір жыл салған ұясын екінші жылы өзгерте ме, ата?

Қ у а н ы ш. Кәнігі қырандар өзгертпейді. Қашан балапаны тас-түлек болғанша ұясының маңынан ұзамайды.

Д а р и ғ а. Қыран ұшқан шынды белгі етсек, қай тұста екенін айыруға болады ғой.

Қ у а н ы ш. Шыңнан бері, құламадан ілкім төмендеу айыр жалдың төрінде тосқауыл тасты маған көрсетсеңдер, үңгір соның арғы түсе беріс етегінде тиіп тұр.

Д а р и ғ а. Балалар, маршрут бойынша теріске сілтемеппіз.

В е р а. Дариға апа, атам жаңылыспай дәл айтса, үңгір мына бір шатқалдың түп-тура бауырында болды.

Ә с и я. Қайдағы шатқал, оны сен қашан көрдің?

Е р м е к *(таласып)*. Жоқ, шатқалда үңгір болмайды.

М ә у л е н. Жағырафияда шатқал, екі таудың аралығымен тура өрге қарай тартады.

В е р а. Бұрын бір тауға шығып көргендей өрге тартады дейді ғой. Шатқалда үңгір болмаса, Кунгуранын үңгіріне туристер шатқал аркалы бардық, деп неге жазады?

Д а р и ғ а. Таласпандар. Вера, бізде гелиограф бар ма?

М ә у л е н. Физика кабинетінен кішкене гелиограф айнасын бірге ала шыққам.

Д а р и ғ а. Болса, әкеліндер. *(Мәулен рюкзағынан кішкене гелиограф айнасын алады.)* Ата, біз үшін көрмеген жердің ой шұңқыры көп қой. Қол шамның сәулесі онша алысқа жетпейді. Гелиограф айнасының сәулесімен жарық берсек, сол көрген тосқауыл тасты байқай алар ма едіңіз?

Қуаныш. Беріп көріңдер. *(Мәулен гелиограф айнасын оттың сәулесіне ұстайды. Айнаның көгілдір сәулесі тау жотасына жалтылдап түсе бастайды.)*

Вера. Мәулен, көлбей ұста. Өзіне қарай... Сапар, оттың бер жағын қара көлеңкелесең айнаға жарығы дәл түседі.

Сапар. Ә, былай ма?

Ермек. Бұдан гөрі де молырақ. Сәуле неғұрлым алысқа түсу үшін көру шеңбері кіші болуға тиісті. *(Мәуленге көмектесе жүріп өлеңдетіп.)*

Толықсып ойым, шамға тақап,
Бағыттадым айнаға айна.
Ғажап сәуле екі қатар
Шашты шұғыла айналаға.

Дарига. Байқай алдыңыз ба, ата?

Қуаныш *(сәуленің бір ұзарып, бір қысқарған өнбойына тесіле қадалып)*. Бәсе жаңылыспасам керек еді. Аңғардың әрі созылмай, айыр жалдың тұйығына кеп тірелгенін көрдіңдер ме? *(Барлығы құмарлана қарайды. Ермек өрмелеп жартастың үстіне шығады.)*

Дарига. Ермек, аңғар әрі созыла ма?

Ермек. Жоқ, түпсіз терең шыңырау секілді... Төменде құж-құж найза тастар бастарын салбыратып еңкейіп, тұрған кісі тәрізді.

Қуаныш. Үңгір дәл осы қақпа жартасының арғы құла беріс етегінде.

Әсия. Алақай! Қасында тұр екенбіз ғой.

Мәулен

Вера *(жарыса)*. Тез жетейік те, Дарига апай.

Дарига *(тастың үстіне шығып)*. Адам, арманына алаңсыз сеніммен қарағанда ғана жетеді. Балалар, тау басын бұлт торлап, жауын қатты жауатын түрі бар. Бүгінше барлау ісін осымен доғарайық та, үңгірге ертең ертемен түсейік, бұған қалай қарайсыңдар?

Мәулен. Дәл іргесінде тұрып түспеуге болмайды ғой, Дарига апай.

Вера. Иә, қайта күн жаумай тұрып түскеніміз жөн.

Әсия *(маңдайын сипап)*. Бұршағы ма, тасы ма, маңдайыма сарт ете қалды.

Ермек. Үңгірге күндізден гөрі түнде түсудің мынадай мәні де бар.

Дарига. Білем.

Ермек. Білсеңіз, тау мен теңіздің жағаларында сәуле шашатын зат сәулесін түнде ғана шашады.

Д а р и ғ а. Жоқ, түссек бәріміз бірге түсеміз. Дәу-
кен келсін, ол не хабар әкелер екен? Шыдай тұрғаны-
мыз дұрыс болар.

Кенет найзағай жарқ етеді. Төменде үңгірдің үңірейген аузы
көрінеді.

Ә с и я (*көзі шалып қап*). Үңгірді қара!..

М ә у л е н. Кәне?

В е р а. Аржағы қуыс, маған да көрінді. —

Найзағай екінші рет жалтылдайды.

Е р м е к. Маған тіпті анық көрінді.

К о л я (*шыдамсызданып*). Қап, мен де көретін... Ер-
мек анық үңгірдің өзі ме? (*Жүгіріп қастарына келеді.*)

М ә у л е н. Түспесек те рұқсат етіңізші, Дариға
апа, қасына барайық та қайтайық.

Қ у а н ы ш. Балам, осы бұлттың түнеруі жаман.
Кім біледі... Кейде асыққан істің ақырының қайыры
болатын.

Д а р и ғ а. Мен әлі сене алмай тұрмын, қария.

Е р м е к. Сенбесеңіз, бізді жіберіңіз.

Д а р и ғ а. Сапар, бері кел.

С а п а р. Менен басқаларының бәрі де көрді. Мен
де көрейінші, Дариға тәте.

Д а р и ғ а. Қалқам, олар сондай мазасыз. Сен
ақылдысың ғой. Дәукен келгенше сен қостың басында
бол. Ә, біз үңгірге түсеміз де көп кешікпей келеміз.

С а п а р. Жақсы, тәте, көп кешікпендер.

Д а р и ғ а. Кешікпейміз, осыдан үңгір болмай, жәй
бір қуыс, не жыра, не ор боп шықса, өкінбейсіндер
ғой?

Е р м е к. Честное слово, өкінбейміз.

Д а р и ғ а. Ал, мына жалтыр тастан табандарың
тайып кетіп жүрмесін, аңдап түсіндер. (*Тастан әрі өр-
мелеп төмен түсіп кетеді.*)

Сахнада Сапар ғана қалады. Ол жартастың үстіне шығып
қарап тұрады. Аз үнсіз. Сахна айналғанда көлденең тұрған қақпа
жартас кейін сырылып, оның орнына үңгірдің іші көрінеді. Дариға,
Қуаныш және басқалары қол шамдарын алдына ұстап, үңгір ауыз-
дағы қия тастан киюлап түсіп келе жатады. Шам сәулесі жалтылдап
үңгірдің қабырғаларына түседі. Балалардың көз алдына таңға-
жайып суреттер елестейді. Едені көкпеңбек мұз, қабырғалары брил-
лиантша жарқыраған кең зал, мраморлы бағаналар мен тастан пай-
да болған тас тоғайлар, қарағанда көз шағылысқандай-ақ қызыл, жа-
сыл, көк, бірнеше түске безенген ойдым-ойдым қуыстар, көгілжім
сәуле шашып тұрған тастар көрінеді.

Ермек (*аузын ашып таңдана қарап*). Не деген ғажап!

Қуаныш. Менің көрген нұрлы тасым осы, балалар.

Кенет пайзағай жалтылдап шам сөнеді, жоғарыдан опырылып тас құлағандай болады. Алай-дүлей, не болғаны белгісіз. Құлаған тас үңгірдің аузын бітеп, балалар үңгір ішінде калып қояды. Тау жаңғырығы басылған кезде бастапқы келген ізбен Есен, Дәукен келе жатады.

Дәукен. Біз осы қай жерге келдік?

Есен. А, жаңа қызыл, жасыл сәуле осы тұстан көрінген жоқ па еді?

Дәукен (*нажағайдың жарқылдаған сәулесімен жартастың қиясына ілініп қапты.*)

Есен (*шошынып*). Балалардың өзі қайда? Жаңа таудан тас құлағандай болып еді? Бір сұмдыққа кездеспесе неғылсын. Сен кеткенде бұл тастар бар ма еді?

Дәукен. Жоқ, Есен аға, қаңқиған үлкен бір жар-тас қана болатын.

Есен. Ендеше қаңқиған тасты қаңбақтай ұшырған.

Дәукен (*жыламсырап*). Онда не болғаны?

Есен. Апатына кездеспесін де... Бері кел, оттың күлін сел шайып кеткен, шатыр анау...

Дәукен. Басқа барар жол да жоқ, қайда кетті деп ойлауға болады?

Есен. Алжасқан шалдың көзіне бірдемелер елестеп, соған бастап алып кетпесе.

Дәукен (*жылап*). Енді мен оларды қайдан таптым?

Есен. Сен жылап тұрсың ғой?

Дәукен. Жыламағанда, осының бәрі сіздің кесіріңіз.

Есен. Менің?..

Дәукен. Біреу алқымыннан алып қылғындырып жатқандай қиқылдап айқайламасаң, мен жолдастарымнан айырылатын ба едім?

Есен. Дәукен, оның қате.

Дәукен. Соғыста ажалдан құтқарған Дариға апамды ұмытып қалған сіздікі де қате.

Есен. Оны саған кім айтты?

Дәукен. Кім айтты... Днепрде болған соғыста жаралы боп, есінен танып қалғанда, санитарлық самолетке салып госпитальға жіберген кім? Білемісің?

Есен. Ұм... Дариға, Дариға.. Анық сол Дариганың өзі болды. Танымаған айып менде, Дәукен. Иә тани-

тын да халде емес едім. Сен жылама, Дариға тәтен аман болса, мені соғыста ажалдан құтқарғандай оларды да алып шығады, жарайды енді, жылама дедім ғой.

Опырыла құлаған тастың аржағынан өрмелеп Сапар келе жатады.

Сапар. Жағыз қалдым-ау!

Дәукен. Сапармысың, амансыңдар ма, не болды?

Сапар. Не болса да болары болды ғой, Дәукен, кереметтің кереметін көрмей жүр екенбіз.

Есен. Өзгелерің қайда?

Сапар. Осында атам, Дәукеннің қорықпайтын ерлігіне сүйсініп жан-жаққа шолу сап үңгірді іздеді.

Есен. Содан?

Сапар. Келген бетте шамалай алмапты, үңгір мына жартастың аржағында төменде тиіп тұр екен. Мені қос басына қалдырды да, балаларды бастап Дариға апам екеуі сонда кетті, олар кетісімен-ақ дауыл тұрып жауын жауды. Дүние ойран топыр, жер ышқынып, көк қақ айырылғандай пажағай атылғанда, құлағым шыңылдап не болғанын білмеймін. Тастың қуысында бүк түсіп отырдым да қалдым.

Дәукен. Есен аға, енді не істейміз?

Есен. Таңның атуына қарасақ, кеш қаламыз. Іздегенмен, үңгірді біз үшеуіміз таба да алмаймыз. Сен екеуің дереу байланысшылар тобына жетіндер. Онда мен мотоциклімді қалдырып кеткем. Мотоциклге мініңдер де бұл оқиғаны мектептің директорына хабарлаңдар. Тез жетсін, отрядтың апатқа ұшырау қаупі бар, көмекке кісі алып келсін деңдер.

Дәукен. Сіз қайда боласыз?

Есен. Мен осында болам.

Дәукен мен Сапар кетеді, шам сөнеді. Сахнаның ішкі пердесі ашылады. Декорацияда оншалықты өзгеріс жоқ. Құн сәске түске көтеріліп қалған мезгіл. Болат тастың үстінде блокнотына түнде болған оқиғаны жазып отыр. Әбден шаршаған, жартастан көтеріліп Есен келе жатады.

Есен *(елеңден)*. Бұлар неге кешікті? Әлде хабар жетпей жатыр ма? *(Ауыр күрсініп тасқа отыра кетеді.)*

Болат *(Есеннің қатты қайғырып отырғанын сезіп)*. Сіздің мотоцикліңіздің жүруінен пысқырынып тұруы көп қой, Есен аға.

Есен *(ұнатпай)*. «Пысқырынып» деген не сөз?

Болат. А, пысқырыпбаса, пысылдап.

Есен. Жазып отырғаның не?

Болат. Түнде тауда болған оқиғаны да, Есен аға.

Есен. Оқып жіберші!

Болат (оқып). «Түнде тауда қатты нөсер жауды, күн күркіреп, нажағай атылды. Гүрс-гүрс құлаған тастардың тауды сілкіндіргендей жаңғырығын біз естіп тұрдық. Бізге қорқыныш кірді. Тауға кеткен штурмовиктердің не болғаны белгісіз, түнімен ұйықтамадық».

Есен. Хабар берген мені неге қоспайсың?

Болат. Аржағың тыңдаңыз, Есен аға. «Біздің соңымыздан трофейден түскен мотоциклін сүйретіп Есен де келген еді. Сіз оларды таба алмайсыз, бізбен бірге болыңыз десек те, Есен қалпағын жымыра киіп, елпендеп тұра жөнелді, айтқанымыздай Есен оларды таба алмапты. Есенді тау ішінде адасып жүрген жерінен отрядтың барлаушысы Дәукен тауып алыпты».

Есен. О, соққан.

Болат. Есен аға, күнделік дәптерге болған оқиға түгел жазылады.

Есен. Менің қалпағымды жымыра киіп, елпендей жөнелгеніме дейін жазған сендерден не болса да шығар. Әй, шырағым, күнделік дәптеріңді кейін жазарсың. Мынау таудың жылғаларын тағы да бір қарап шығайық...

Болат. Қарағанмен табыла ма, Есен аға? Мен араламаған бұл таудың қойнауы мен қуысы қалған жоқ.

Төменде «Ене-ей! қайдасыңдар?» деген дауыс естіледі.

Болат (дауыстан). Мұндамыз, бері қарай жүріңдер!..

Қастарында көмек беруге келе жатқан комсомолдар бар Ақтан, Марфа, Сапар, Дәукендер кіреді.

Ақтан. Не болды?.. Отряд қайда?

Есен. Қайда екенін біле алмай тұрмыз, Ақтан аға.

Ақтан. Біле алмайтының бар, солбандап соңынан неге ердің? Сен білмегенде кім біледі!

Есен. Мен кешірек келдім.

Марфа. Әлгі желөкпе шалға балаларды желіктірме деп құдайдың зарын қылдым. Тындамады.

Ақтан. Сенің өкпенді қолыңа ұстап, соңдарынан не үшін жүргенің маған белгілі. Кеш келсең де не көрдің, соны айтшы?

Есен (*даусы дірілдеп*). Менің ойымша олар тірі болуға тиісті. Менің білуімше...

Ақтан. Ойымша, білуімше деп бал ашпай, көргенінді айт деп тұрмын ғой.

Есен. Көргенімді айтсам, түсініп болмайды.

Ақтан (*шошынып*). А?.. Өзіңе не болған? Түсініп болмағаны қалай?..

Есен. Ұрыссаңыз да, кейісеңіз де түсіну былай тұрсын, не деп жоруға да қиын.

Ақтан (*не дерін білмей ақырып*). Бұның шошынарлық сөз. Немене?.. Балалардың мерт болғанын көзіңмен көріп, айтуға дәтің бармай жасырып тұрмысың?

Есен. Түсініп болмайды дейтінім, Дәукен маған келгенде, аспанда қызыл, көк, жасыл сәуле ойнап тұрды. Соның артынан тау іші алай-дүлей әлем тапырық күн күркіреп нажағай атылды ма?.. Тас құлады ма?.. Не болып, не қойғаны белгісіз. Дауыл аралас бір нөсер құйды да өте шықты. Біз келсек, балалар жоқ, жалғыз Сапар ғана қалған. Таң атысымен мына Болат екеуміздің іздемеген жеріміз қалған жоқ. Ешқандай үңгірді, үңгірге кірген іздерін де кездестіре алмадық.

Ақтан (*ойын әр салаға жүгіртіп*). Сапар үңгірді көруге кетті дейді, сен алай-дүлейде не болғаны белгісіз дейсің. Таудан тас құласа, опырылған тастың ізі жатар еді. Тас құлады деген бекер.

Есен. Гүрсіл ненің гүрсілі?

Ақтан. Үңгір аузында салбыраған сүңгілер мен іргесін су үңгіген жар қабақ кемер құлап, үңгірдің ауызы бітеліп қалған болды.

Сапар. Менің байқауымша да солай, Ақтан аға.

Марфа (*жыламсырап отыра кетіп*). Сұмдық-ай, бітеліп қалса құлындарымның үндері өшкені де. (*Аз үнсіз.*)

Ақтан (*ауыр сабырмен*). Осындай бір сойқанға ұшырайтынын сезіп, Ортаудан әрі аспандар дедім. Әй, Қуаныш қарт, ақ көңіл кәукслектеген бейшара, не бейпетке бастады? Жә, енді не тұрыс бар? Басқа жаңсақ болуға қисыны жоқ. Кәне тас-тастың араларын қараңдар. Саңлау көрінген жердің бәрін іздендер.

Болат (*айналаны шола қарап*). Ақтан аға, байқайсыз ба? Мына бір тұс түпсіз терең шыңырау секілді. Үңгір соның іргесінде болмасын.

Ақтан. Иә, тасының бітісі өркеш-өркеш, ала бөтен екен. Үш жұпқа бөліндер. Комсомолдар шыңыраудың түбін сүзіп шықсын да, өзгелерің құлама еңістердің іргелеріндегі қуыстарды қараңдар. Белгі былай болсын. Дәукен, горнынды ал да, жоғарыда бол. Қолдарыңа кішкене жалау алыңдар. Кімде-кім тапқандай болса, жалаумен белгі берсін. Дәукен горнмен сигнал беріп, бәрімізді хабарласын. *(Дәукен горн тартып, сигнал береді.)*

Есен. Дәукен-ау, күні бұрын бергенің қалай?

Дәукен. Біздің салтымыз солай.

Комсомолдар үнгірді іздеуге кетеді.

Ақтан *(жылап отырған Марфаны жұбатып)*. Марфа, жаманшылығын бермесін де... Бекінсеңізші.

Марфа. Жылағым кеп, жылап отыр деймісін, Ақтан-ау. Өздерінің іздеген нұрлы тасындай, бақыттарының оты, жаңа жана бастағанда жалп етсе, бір көз емес, талай көздің ыстық жасы бетті жуар.

Ақтан. Иә, түнде естігенімде төбемнен жай түскендей болды. Армандары қандай жақсы еді. Баланы тәрбиелейтін мұғалім де бір ана ғой. Ана баласының жолында: «дүниенің шетіне дейін жүре берсем, жүре берсем, құлыным менің өсе берсе» деп қандай тілесе, мұғалім де қолынан келген жәрдемін бере берсем дейді ғой, Марфа. Жаманшылығына кездестірмесін деп айттым ғой. *(Дәукен горн тартып сигнал береді.)* Жақсылық па, жаным, табылды ма?

Дәукен. Белгі берді.

Марфа. Аузыңнан айналайын. Сүйінші деп неге сұрамайсың?!

Дәукен екінші рет горн тартады, қолында тақия Болат келе жатады. Сахна айналғанда үнгір аузын бітеп қалған тас көрінеді.

Ақтан. Тақия қай жерден табылды?

Болат. Мана өзіңіз айтқан өркеш-өркеш тастың арасынан.

Есен. Не пәле болса да осы тастың астында.

Ақтан *(аржақ-бержағына көз жүгіртіп)*. Иә, іргесін су үнгіген жарқабақ кемер — үнгір аузына құлаған осы болды.

Есен. Бұл қара тасты ричагпен аудару керек.

Ақтан. Токтаңдар, аударсақ та, төңкерсек те әбден зерттеп алып кірісейік.

Болат *(тастың қуысына өрмелеп)*. Аржағында ін

бар ма қалай? Тастың қуысы желді өзіне қарай тартып тұр.

А қ т а н. Иә, желді тартып тұр екен. Мұны енді тәсілмен кейін жылжытпасақ күшке салғанмен жылжымайды. Артқы іргесін үңгілеп қазып, алдыңғы жағынан ричаг қойсақ, шалқайта көтеріп, төңкеріп тастауға ыңғайлы тұр екен.

Комсомолдар қазады, Есен алдыңғы жағынан ричаг қояды. Барлығы жабылып, ричагпен үңгір аузына кептеліп қалған тасты кейін жылжытқанда, аржағынан қара көлеңкеленіп үңгірдің іші көрінеді.

Б о л а т (*қол шамымен жарық беріп*). Ақтан аға, мен жарық беріп тұрайын, сіз түсіңіз. (*Ақтан үңгірге түседі.*)

А қ т а н. Үңгір болғанда қандай, нақ үңгірдің өзі, көк сүңгілер... Мраморлы бағаналар, тас тоғайлар...

Е с е н. Мен түспесем болмас. Дәукен, қол шамыңды алып келші.

Д ә у к е н. Еңбек сіздікі, Есен аға. (*Қол шамын Есенге береді, Есен бір тізерлеп үңгірге түседі.*)

Е с е н. Дәукен-ай, бері кел де, мына менің арқама жабыс. Адасқанда маған қол үшінді беріп ең, құмартқан үңгіріне аркалап түсірейін.

Дәукен Есеннің арқасына мініп, о да түседі. Ақтан үңгірдің түкпіріне қарай кетеді.

М а р ф а. Есен-ау, қарасаңшы, көріне ме?

Е с е н. Қарағанмен менің көзіме әлі ешнәрсе көрінетін емес.

М а р ф а. Жарқыным-ау, көзіңді ашып жақсылап қарасаң неге көрінбесін.

Б о л а т. Дыбыс біліне ме?

Д ә у к е н. Даңғыр-дұңғыр сөйлесең өзіңмен бірге сөйлейді.

М а р ф а. Өздерің ауыздарың ашылып аңырып қалдыңдар ғой.

Барлығы асыға күтеді. Үңгірдің түкпірінен Ақтан келеді.

Б о л а т. Ақтан аға, не көрдіңіз?

А қ т а н. Әрі барған сайын қабырғаларында көзге ілінер-ілінбес қана ағарыңқы сәуленің ізі көрінеді.

Б о л а т. Нұрлы тастың сәулесі болар?

А қ т а н. Үңгірдің түбіне мен жете алмадым. Күңгірлеген дыбыс тым алысқа кететін тәрізді. Олар та-

рам жолдың біріне түскен де соны қуалап, қайтып шығатын жолды таба алмай адасқан болу керек.

Болат. Тау үңгірінің кейбірі тарау-тарау болып кетеді, дейтін Ақтан аға.

Ақтан. Апан тәрізді қуыстар мен шұғыл құламалардың біріне тап болып, шыға алмай жүр ме, деп қорқам.

Есен. Осының ішіне кіргені рас болса бәрібір табылады, уайымдамайық. Кіретін есігі осы болғаннан кейін, шығатын есігі де — осы.

Дәукен. Ақтан аға, барлау салып іздесек қайтеді?

Үңгірдің түкпірінен күңгірлеген дыбыстар естіледі. Барлығы тыңдай, қалады, дыбыс жақындаған сайын ұлғая береді.

Дәукен. Ақтан аға, солар.

Ақтан. Иә, жүрген адамның дүбіріне ұқсайды.

Есен (*шыдай алмай*). Еһ-ей! Айқайлауға болмайды екен. Үңгір қоса айқайлап тұр.

Үңгірдің түбі шамның жарығымен сәулеленіп көріне бастайды. Сәуле күшейген сайын, тас-тоғайлар мен мраморлы бағаналар, бриллиант зал құлпырып көз шағылысқандай жалтылдайды. Үңгірдің түкпірінен Ермек келе жатады.

Дәукен. Мынау. Ермек қой!.. Ермек, бауырым, амансыңдар ма? Өзгелерің қайда?..

Ермек. Аманбыз, сендерді қатты қорқып отырған шығар деп өзіміз де ойлап ек. Сәуле шашып тұратын нұрлы тасты таптық.

Сапар. Нұрлы тастың өзін бе?

Ермек. Иә, нұрлы тастың дәл өзін.

Ақтан. Олардың халі қандай?

Ермек. Өте жақсы. Атамның халі біраз ауырлап еді. Әсия валерьянка дәрісін бергеннен кейін жүрегінің қаққаны басылып, бұрынғысынан да әрі ширап кетті.

Марфа. Өздері қайда?

Ермек. Әне келе жатыр.

Мәулен, Коля, Вера, Әсия, Дариға, Қуаныш, тағы басқалары келеді. Барлығы шұңқырап қарсы алады.

Ақтан (*құшағын жая, барлығын бауырына тартады*). Жер үстінде адам баласы болудан артық не бар дейсің. Талай тамашаны көресің, тамаша сұлулыққа жүрегің елжіреп, жай табады, қуанады, шаттанады деген міне осы да. Мынау сіздердің тапқан сұлулықтарыңа шаттанбасқа болмайды. Шаттаныңдар, балалар!..

Шымалдық.

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Оқу жылының басы, мектеп алдындағы аллея, перде ашылғанда Мәулен мен Ермек аллея қасындағы орындыққа портфельдерін қойып, әңгімелесіп отыр. Мектеп ішінде күі сандықтан біреудің толғай тартқан әні естіледі. Ән соншалықты әсерлі, тартушының шеберлігі мен әннің сұлулығына сүйсініп, екеуі ынталана тыңдайды.

Ермек. Тартып отырған кім? Болат па?

Мәулен. Иә, сол... Ермек, мен тастан сәуле шаштырған күні Болатқа осы әнді тарт дер едім.

Ермек. Мен сұрамай-ақ өзім айтып берер едім.
(Әнге қосылып.)

Ұмытпан шақпақ тасты тау жақпарын,
Сарқырап таудан аққан бұлақтарын.

Мәулен. Әнді жақсы айтатындай соға саласың-ау. Тоқташы!

Ермек (тыңдамай).

Даланы, сай-салапы шомылдырып,
Әлдилеп жас жанымды жұбатқаның.

Мәулен. Толғанбай қоя тұршы.

Ермек. Қойдық, «Химилит» жолдас.

Мәулен (ренжіп). Бірдемені ойласаң, түбіне дейін ойлайсың да, қасындағы кісіні тыңдамайтын бір әдетің бар.

Ермек. Тыңдадық «хлорофил» жолдас, не айтпак едің?

Мәулен. Мен құпия сырды Ақтан ағайға ашсақ па деймін?

Ермек. Әрине ашпасқа амалымыз да жоқ, несіне жасырамыз? Сен химиялық қосындылардан жаңа бір химилит туғызам, жанар тастан сәуле шашқызамын деп басыңды мың жерден қатырсаң да, Ақтан ағайдың көмегіңсіз сәуле шашқыза алмайсың, ә мен скульптура жасай алмаймын.

Мәулен. Ә, «Пионерская правда» біздің сұрағымызға ойдағыдай жауап берсе?..

Ермек. Берген күнде де Ақтан ағайсыз шеше алмаймыз. Минералдарды анағұрлым жақсы білетін ғалымдар біз оқып жетпеген электронның ең жоғарғы жұмбағына апарып тіресе, оны білудің өзіне он жыл керек.

Мәулен. Жауаптың жеңіл болмай, ғылымдық дәлелі терең болғаны тіпті жақсы. Тұра қал, Ақтан ағайдың өзі де келе жатыр екен.

Е р м е к. Мен сөйлесейін, сен білгішсініп киліге берме.

М ә у л е н. Арманыңды түгел айт.

Қолында портфелі Ақтан келе жатады.

Е к е у і. Сәлеместіз бе, Ақтан аға?

А қ т а н. Сәлемет, демалысты қалай өткіздіңдер?

М ә у л е н. Қолымызбен жұмыс істедік те, басымызбен дем алдық, Ақтан аға.

А қ т а н. Дем алғандарың дұрыс болған. Мен екеуіңді нұрлы тас ертегісінің қызығына түсіп ап, дамыл таппай шаршап келеді ғой деп едім. Ажарларың өте жақсы. Өздерің қара күрең тартып толғансыңдар.

Е р м е к. Ақтан аға, кешіріңіз. Сол нұрлы тас жайында сізден жасырып келген құпия сырды ашсақ па деп едік.

А қ т а н. Іздеген нұрлы тастарың табылған жоқ па? Енді қандай құпия?

Е р м е к. Жоқ, Ақтан аға, нұрлы тастың табылуы жұмбақ, шешуі құпия болатын.

А қ т а н. Табылуы жұмбақ, шешілуі құпия, сонда не болғаны?

Е р м е к. Тыңдасаңыз, білесіз.

А қ т а н. Тыңдалық, айтып көріңдер.

Е р м е к. Мен әкемнен жетім қалғанымды өзіңіз де білесіз.

А қ т а н.. Білем...

Е р м е к. Киевті неміс басқыншыларынан құтқарған, соғыста Советтер Одағының Батыры — менің әкеммен бірге қаза болған жауынгер жолдастарына граниттен ескерткіш қойыпты. *(Қалтасынан суретін алып.)* Зираты мінекей...

А қ т а н. Иә, ер өлімі ескерусіз қалмайды. Ерлік іске лайықты ескерткіші де болады. Құпия осы ма?

Е р м е к. Бұл бір үлкен арман еді, Ақтан аға. Мүмкін іске асар, мүмкін аспас. Соғыста әкелеріміздің батырлық даңқын шығарып, біздей мыңдаған жетімдердің қолын жеткізген көсем суретін сәуле шашатын тастан жасауды арман етіп едік. Құпия сыр осы еді, Ақтан аға.

А қ т а н *(сүйсініп)*. Бұл — жүрегінің түбінде жылтылдап жанған өнер оты бар баланың ғана ойлайтын арманы. Арман шындыққа жанасқан күнде ғана іске асады. Оны ойладыңдар ма?

М ә у л е н. Ойладық, Ақтан аға.

Ақтан. Ойласандар, жанар тастан сәуле шашқызудың тетігін білдіңдер ме?

Ермек. Сәуле шашқызудың тетігін біле алмай тұрмыз...

Мәулен. Сізден сұрайтын бірінші тілегіміз асыл тастарға сәуле шашқызатын аппарат алып берсеңіз екен?..

Ақтан. Ондай аппарат шығып па?

Ермек. Суретшілер мен жарық беруші техник химиктердің ойлап шығарған аппараты бар көрінеді.

Ақтан (*ойланып*). Жарайды, жарайды... Екінші тілектерің не?

Ермек. Менің болат қайлам тасты алмай тұр... Алмастан қайла жасатып берсеңіз екен.

Мәулен. Үшінші тілегіміз: бұл сырды қашан іске асырғанша жарияламауыңызды өтінеміз.

Ермек. Иә, мектеп қасынан біздің лабораториямызға шағындап кішкене бір бөлме берсеңіз екен.

Мәулен. Ол бөлмеге бар ғой, Ақтан аға, бізден басқа балалар рұқсатсыз кірмесе екен.

Ақтан (*сүйсініп*). Менің кішкене достарым, аса зор арманға құлаш ұрыпсыңдар. Бар әлемге махаббат келтіретін балалар, олар шындықтың, ақыл-сананың жолымен жүреді, сөйтіп бар нәрсені жаңа аспанмен аялайды. Бар нәрсені өшпес өтпен жарық қылады, дейді Горький. Сендердің жанар тастан көсем суретін саламыз дегендеріңнен артық қандай арман бар. Бұл махаббаттарыңды кім сөндіре алады. Өнерлерің өрге жансын дегеннен басқа мен не айтайын.

Ермек. Рақмет сізге, Ақтан аға. Соған көмек берсеңіз болғаны.

Ақтан үнсіз қолын созады. Шам сөнеді. Ішкі перде ашылады. Арада қыстың екі жарым айдай уақыты өткен. Қлуб қасындағы көрме залының бір жағынан балалардың өздері жасаған лаборатория, стол үстінде түрлі минералдармен Ермектің жасаған скульптурасы тұр. Минералдардың бірнеше түрлерін, асыл тастарды әйнекті шкафтың ішіне көрмеге қойған. Ермек тау үңгірінен әкелген асыл тастың бір кесегін сүргілеп, өңдеп жатады. Тас өңделіп, кісінің тұлға-пішіні аздап икемге келіп те қалған. Мәулен асыл тастарға сәуле шашқызудың тәжірибесін жасап отырады...

Мәулен (*кішкене шыны түтіктер арқылы анализ жасап*). Ермек, мына ертіндіні қарашы? Құлпырып жарқылдап тұрған тастың бояуы кемпіркосақ тәрізді, қызғылт сары түске көшті...

Ермек. Бұл не тас?

Мәулен. Орта клаза...

Ермек. Орта клаздың шыны жарқылдағандай жарқылы болатын...

Мәулен. Химиялық ертіндіде бояуы шықса да, жарқылы шықпай тұр.

Ермек. Дәнекерлеу тұрбашығына салып көрдің бе?

Мәулен (*дәнекерлеу трубасы арқылы жасаған тәжірибесін көрсетіп*). Көрдім... Мұнда балқығыштығын ғана сынайды... Минералдың бір кесегін алып жалынға ұштасақ, оның ішінде қандай элементтердің барын жалынның белгілі бір түске боялуынан біледі...

Ермек. Жақсы... Мақсат жалында көрінген бояудың көз нұрын шағылыстырғандай сәуле шашуында ғой. Соны тапсақ, онда тамаша болған болар еді...

Мәулен (*ойланып, сәл кідіріп*). Иә, тетік сонда... Оны табу үшін тәжірибенің бірнешесін жасауымыз керек. Ермек, халцедонның ала түрін не деп атайды?

Ермек. Қазақша — ақық, орысша — агат!

Мәулен. А, шоқ тәрізді қабыршықтары алтындай жарқырап тұратын түрі бар ғой... Ол қандай белгі берер екен... Соған тәжірибе жасап көрсек...

Ермек. Тау зығырынан табылған мысық көзді айтасың ба?

Мәулен. Иә, түнде мысықтың көзіндей жайнап тұрғаны есінде ме?

Ермек (*коллекциядағы тастың ішінен іздеп тауып алады*). Басқаларынан нәтиже шықпағанда, жылтылдаған жаман су тас, бұдан не шығады?

Мәулен. Мен, мұны микроскоппен бір қарап көрейін... Сен жұмысыңды істей бер... (*Ермек тасын шабады. Мәулен микроскоп арқылы анализ жасауға кіріседі. Аз үнсіз, кенет.*) Ермек, мына жаман мысық көзің жанып кетті...

Ермек. Рас па?

Мәулен. Бері кел, көз алдыңа не бір ғажап суреттерді елестеді...

Ермек (*қарайды*). Әлденеше түрлі сәуленің ізі көрінеді...

Мәулен. Көкпенкөк, мұз тәрізді, хрустальдың мөлдір сәулесі көріне ме?

Ермек. Көрінеді...

Мәулен. Ә, ультра күлгін көкшіл сәуле ше?

Ермек. Жок, одан гөрі ақ сарғыш сәуле басым... Мұның барлығы да жай көзге ілінбейтін, түймені түйедей көрсететін микроскоп арқылы ғана қарағанда бай-

қалатын белгілер ғой... Сол белгілердің сұлулық қасиетін жоғалтпастан нұр шашып тұрғандай етіп көрсетсек, онда тетігінің табылғаны...

Мәулен (*қиналып*). Оны енді спектралды анализ арқылы таппасақ, басқа қандай жолы барын білмеймін... Шіркін спектроскоп пен стилоскоп болар ма еді... Онда біз минералдың сәуле шашатын ағынын бұдан гөрі де жақсы білер едік.

Ермек. Ол үшін, оған түсетін сәулені іштей толық сындырып, спектрлық барлық түстерін беріп тұратын болар ма еді..

Мәулен. Ондай тұтас келген минерал табылғанда әрине біз мұндай қиналмас та едік... (*Жасаған тәжірибелерінің шықпағанына назаланып.*) Тағы да қандай тетігі бар?

Ермек. Қолдан келмейтін іске бекер-ақ жармасқан екеміз...

Мәулен. Тоқташы, торықпашы...

Ермек. Сен не істегелі тұрсың, Мәулен?

Мәулен. Қазір көресің. (*Асыл тастың бір кесек сынығын электр машинасының сымына жалғайды.*) Тұтқаны айналдыр!

Ермек (*тұтқаны айналдырып*). Түк те білінбейді.

Мәулен. Айналдыр!

Ермек. Түк те білінбейді дедім ғой. Ей, онан да жанар тасты кварц лампасымен жарқыратып, сәуле шашқызғаннан артығы жоқ.

Мәулен. Оның не қызығы бар?

Ермек. Неге ойландың?

Мәулен. Электр машинаның тогі өте әлсіз. Оны күшейту үшін электр сетіне жалғасақ қайтеді?..

Ермек. Жалғаймын деп жандырып аларсың.

Мәулен. Дегенмен де байқап көрейін. (*Екі бөлек сымды алып оның ұшын тазартады, резеткеге өткізеді. Кейінгі екі ұшын тасқа апарып жалғайды.*)

Ермек. Байқа, байқа, сымды жандырып алып жүрмейік.

Мәулен (*тыңдамайды, машинаның тұтқасын айналдырғанда электрде замыкание болып, ток атылып шам сөнеді*). Аһ! Болмай қалды.

Ермек. Қап! Бүкіл мектептің шамын сөндірдік-ау!

Мәулен. Қазір өзім түзетем.

Ермек. Завуч тағы ұрысатын болды... Келе жатыр. Тсс... Сен білдірмей ғана бар да, түзет енді.

Мәулен есіктен шыға бергенде, қолында екеуіне әкеле жатқан тамағы бар Әсияға соқтығысып қалады.

Ә с и я (*даусын өзгертін*). Бұл қайсың-ей, шамды сөндірген кім? Айту жетпеп пе еді?

Мә у л е н (*абыржып*). Андаусызда қатеден болды. Қазір өзім түзетем.

Ә с и я (*күліп*). Қорықпаңдар, мен ғой.

Е р м е к. Әсия уәде осылай ма еді? Көмек берудің орнына сенің де бөгет жасағың келгені ме?

Ә с и я. Сабыр, сабыр, іс боп шықса, көмек беруіміз қашпайды. Анда репетициядағылар шам неге сөнді деп класты басына көтеріп жатыр. Мен мына Ломоносовтан болғанын білдім де, дабырламай тез жағуды айтуға келдім.

Мә у л е н. Ақырын сөйлендер.

Ә с и я. Мәулен, завуч келмей тұрып, тез бар да түзет. (*Мәулен кетеді.*) Ермек қараңғыда лабораторияның әйнегін сындырып алармыз. Шам жанғанша сен де тырп етпе.

Аз үнсіз. Әсия әкелген тамақтарын ақырын ғана білдірмей стол үстіне жайып дайындайды. Ермек сезбейді. Шам жанады, жүгіріп Мәулен келеді.

Мә у л е н. Жандырдым ба!

Е р м е к. Жандырдың, Ломоносов.

Мә у л е н (*стол үстінде барлық дәстүрімен жайнатып қойған тамақты көріп*). Мәссаған! Лезде бұл қайдан пайда болды?

Е р м е к. Айтты, айтпады, асханадан сыр етіп өзі келмесе, бұл қайдан пайда болды. Әсия, сен әкелдің бе?

Ә с и я. Мен емес, біз. Түскі тамаққа бармағандарынды біліп, қарындары ашқан болар деп сендерге Сапар әдейі жіберді... Кәне, отыра қалыңдар...

Мә у л е н. Бұ да өзінше тапқырлық...

Е р м е к. Тапқырлықпен көмек берген достардың құрметтеп әкелген тамақтарын ертегі тастан лапылда-тып сәуле шашқызуға арнап ішейік...

Мә у л е н. Сен іс шықпайтындығына көзің жетіп, ескі әнге тағы да бастың ба?

Е р м е к. Ертегінің аты ертегі...

Ә с и я (*тарелкедегі тамақтарды алдарына жайып*). Апырой, Мәулен, бір мезгіл серіксендерші... дем алу да керек қой.

Мәулен (*тамаққа жақындап*). Халықтың өткір қиялына оралған нәрсенің бәрі де ертегі...

Ермек. Халық көргенін ертегі етіп айта салады...

Мәулен (*таласып*). Сеніңше не? Нұрлы тастың сәуле шашуы бекер дегің келе ме?

Ермек. Ертегі болмаса, жарқырағанның бәрі сәуле шашпайтындығын көрдік қой...

Мәулен. Жоқ, керек десең өзіміздің кәрі жолдасымыз самауырдың самовар деп аталуы да ертегі. Балта өзің шап та, өзің кес! Ара — өзің тарт та, өзің ки деп адам бір кезде арман етсе, бүгінде балта өзі кеседі, ара өзі тартылады. Ә, сен ертегі, ертегі деп осықырасың. Көрмейтінді көретін аппараттар, өзі сөйлеп өзі басқаратын «ақылды» машиналарды былай ойласаң, ертегі, шындығына қарасаң, ақиқат!

Ермек. Қойдық, таласпадық.

Мәулен. Теңіз жанады дегенде нануға бола ма? Теңіздің жанатындығын білмеген жұрт, оны да ертегі дейді...

Ермек. Оны сен қайдан оқыдың?

Мәулен. Оқымасам, айтам ба?

Әсия. Апыр-ау, қойсаңдаршы, тамақтарыңды ішіңдер...

Мәулен. Тыңдап көр, мен саған теңіз жанатындығын айтып берейін. Теңізде болған бір жиһангез «Қиыр шығыстың қап-қараңғы түні еді. Аспанды бұлт түгелінен жауып тұр. Мен каютада ұйықтап жатыр едім. Штурман келіп оятып:— неге жатырсың, тұр, біз өртеніп барамыз деді. Мен атып түрегелдім де үске шықтым. Айнала теңіз жанып жатыр екен. Біздің кемеміздің қасынан бастап, көз ұшында көрінген көкжиекке дейін ұйтқи толқып, лаулап тұрған жалын көрінді. Біреу бір бөшке мұнайды теңіздің үстіне құйып, от берген тәрізді. Байқасам, сәуле шашып тұрған теңіз суының өзі екен.» Бұ да ертегі ме? Теңізде сәуле шашатын заттар көп болады. Соның бірі — медуза. Қытай халқы медузаны су астынан туған ай деп атайды.

Әсия. Суып барады. Таласты қойып тамақтарыңды ішесіңдер ме, жоқ па?

Ермек. Қойдық, қамқоршым... Кәне, Мәулен, сенің

арманыңның ертегі болмай, шын болып шығуына дастарқан жырын арнасам бола ма? *(Өлеңдетіп.)*

Нұрлы тастың сәулеті, құйылсын үстен сорғалап,
Сол үшін, достар, алып қой!

Жаса біздің шабыт пенен ақыл-ой!
Нұрлы сәуле лапылда!
Бақытты күн алдында...

Стол айналасында отырып тамақ жеуге кіріскенде, сырттан есік қағады. Өздеріне таныс белгі екенін біліп, есік ашады.

В е р а *(айқайламаңдар дегенді ишаратпен білдіріп)*. Банкетте отырған жоқсындар, ақырын! *(Есікті жабады. Екеуі не болды дегендей үнсіз тамақтарын ішеді. Қолында аппараты бар Вера келеді.)* Шамның сөніп, сен екеуіңнің бүкіл мектепті бастарыңа көтеріп айқайлаған дауыстарыңды есітіп, завуч келе жатыр еді, Болат репетициясын көрсетуге бұрып әкетті.

Е р м е к. Сондай-ақ біз қатты айқайладық па?

В е р а. Тойда отырғандай-ақ елірдіңдер ғой.

М ә у л е н. Бұл не аппарат?

В е р а. Аты люминесценция, ультра көкшіл жасыл сәулемен жарқыратып, құлпыртып жіберетін аппарат осы...

М ә у л е н *(қуанып)*. Бұл бізде жоқ еді ғой, мұны қайдан алдың?

В е р а. Ақтан ағай Москвадан жаздырып алғызыпты...

М ә у л е н. Аһа, анада, Ақтан ағайға айтқанымыз осы аппарат болатын, Ермек есінде ме?

В е р а. Люминофор — дегеніміз өз бойынан сәуле шашу қасиеті бар зат, осы аппарат арқылы нұрға малындырып қоюға болады депті... Қолдану ережесі мынадай: *(Кішкене кітапшаны алып, алдарына жаяды.)*

М ә у л е н *(құшырлана іздене бастайды)*. Ермек, қуана бер.

Е р м е к. Біз де онша алыстамаппыз...

М ә у л е н. Мұрының шуылдап, түк шықпайды деп түңіліп едің. Қазір, Ермек, су астынан туған айды көресің... *(Оқып.)* Егер де дейді, бояуын тапсаң салған суретіңнен үш түрлі қасиет бірден табылады... Бірін-

ші — жарқырап тұру қасиеті де, екіншісі — жарқыраған заттан сәуле шашқызу, үшіншісі — кемпірқосақтай бірнеше түске оранғанын көресің...

Е р м е к. Мұның құру әдісін қалай білдік?

Мәулен. Аһа, шатыр қалпақтың ішіне асыл тасты қоясың да, астыңғы бактағы насоспен ток тудырығыш дөңгелектен электр қуатын бересің...

В е р а. А, онда сәуленің қандай түсте болуы еркінде...

Мәулен. Дұрыс айтасың. Шатыр қалпақты шыпының ішінде сәуле шашқызудан да басқа бір әдісі бар, ол салған суретінді қызғылт-күлгін сәулемен құлпырту, түсінікті ме?.. Енді мұны құрып көрейік.

В е р а. Сен мұны бүгін құрма. Әбден түсініп алғаннан кейін құр.

Мәулен *(ойын әр салаға жүгіртіп)*. Табылды, Верочка, табылды!.. *(Аппаратқа электрдің сымын жалғап құра бастайды.)*

В е р а. Мәулен, тоқтат, шамды тағы да сөндіресің.

Мәулен. Кішкене сабыр етші, Верочка!

В е р а. Завуч кластарды аралап жүр. Шам сөнсе, ол тағы да мені шақырып алып ұрсады.

Мәулен. Апыр-ой... Вера, оған дейін басыма келген ойымнан айырылып қалам. *(Шам бір жанып, бір сөніп үйдің ішін түтіндендіріп жібереді.)*

В е р а. Мәулен, тыңдаймысың, жоқ па?!

Мәулен. Сабыр, сабыр ет, дедім ғой.

В е р а. Сым жанып барады.

Е р м е к. Бұл енді өз айтқаны болмаса, тыңдамайды. Ау, сым, сым жанып барады. Қап! Бүкіл мектепті өртеп масқара болмасақ жарар еді. *(Жүгіріп коридорға шығады.)*

Мәулен *(дереу резеткадан сымды жұлып алып)*. Аһ, болмай қалды... Сым шынымен жанып бара жатыр екен.

В е р а. Айтсам тыңдамайсың, ойыңа не келсе, табан аузында істеймін деп, көзіңді жұмып, беріп кеп кетесің.

Мәулен *(қиналып)*. Айттың не, айтпадың не, бәрібір болмайтын болды.

В е р а. Болады, Мәуелен, ойланайық, оқиық, тіпті мен өзім көмек берейін.

Мәулен. Көмек аз болмай жатыр-ау, Верочка, әлгі жаны таза художник қайда кетті? (*Ермек келеді.*)

Ермек. Завуч алтыншы класқа барып кірді.

Вера. Онда, тактаның бетінде Болаттың екеуінді әзілдеп салған суреті бар еді.

Мәулен. Ей, завуч ағай да бір үйінде отырмайды екен.

Вера. Отыра қалыңдар! Бізді сабаққа дайындалып отыр екен деп ойласын.

Кітаптарын алдарына жайып, столды айнала отырады. Бұл кезде қолында «Пионерская правда», Дәукен терезеден түспекші болады.

Дәукен. Оho!.. Өңшең торсық шекелер! Шұғылданып қапты ғой. Туғызып жатырсыңдар ма, қажымай туғызыңдар!.. Туғызғандарың жақсы...

Вера (*оған көрінбе дегендей ымдап*). Қақылдамай, түс кейін!

Дәукен (*скульптураны көріп*). Оho, ұсқыны, мүсіні, пішіні шығып қапты, кәні қайсың билейсіңдер?.. Отряд советінің председателі Вера билей ме? Жок, тастан сәуле шашқызуды арман еткен Мәулен билей ме? Тұрам ба осылай? Билеңдер! (*Терезеден өрмелеп көтеріле бергенде, Дариға келеді, Дәукен не ілгері, не кейін түсе алмай тұрады да қалады.*)

Дариға. Бұл қай тұрыс?.. Әлде есіктің қайда екенін білмеймісің?

Дәукен (*қысылып*). Білем, Дариға апай!

Дариға. А, білсең, есік тұрғанда терезеден неге түсесің? Бұл ақырғы рет ескерткенім болсын.

Дәукен (*кейін секіріп түсуге оңтайланып*). Есіктен кіруге асығып... терезеден тура түскенде айтайын дегенім...

Дариға (*сөйлетпей*). Түс бері, сабағыңа дайындалдың ба?

Дәукен. Дайындалдым, Дариға апай. (*Терезеден бері түседі.*)

Дариға. Тапсырма не жайында еді?

Дәукен. Әркім өз сүйген шығармасының бас кейіпкеріне мінездеме жазу.

Д а р и ғ а. Сен қандай шығармаға жаздың?

Д ә у к е н. Полевойдың «Нағыз адам туралы повесі» бар ғой, соған.

Д а р и ғ а. Сен оған не үшін қызықтың?

Д ә у к е н (*қысылыңқырап*). Мені қызықтырған кітаптың аты болды. Нағыз шынайы адам қандай болуға тиісті. Осында біз көріп жүрген адамдардай ма, жоқ оның айырықша істеген еңбегі бар ма, деп ойлайтын едім. Оқып шыққаннан кейін тамаша ойлар туғызды. Қиындықтар болады ғой, оның бас геройы Мересьевтің басына қиындық түсіп еді, ол оған шыдады, жеңіп шықты. Мен оқып отырып, Мәулен, Ермек, шыдаңдар, жеңіп шығыңдар деп барлық даусыммен айқай салғым келді.

Д а р и ғ а. Жарайсың, тентегім, мұның маған ұнайды. Аздаған сотқарлығың болмаса, бұдан да жақсы оқыр едің.

В е р а. Шынайы адам қателігін осылай түзетуге тиіс.

Д а р и ғ а. Өте жақсы.

Д ә у к е н. Дариға апа, Ермек пен Мәуленнің сұрауына берген жауап басылып шығыпты... мінеки: (*«Пионерская правда» береді.*) Академик Вавиловтың өзі жазыпты...

Д а р и ғ а (*оқып*). «Қазақ ССР-ы Ақсу ауданындағы он жылдық мектептің оқушылары Мәулен Айдаров, Ермек Айдосов өздерінің жаздағы тамаша саяхаттары жайында бізге хат жазды. Хаттарында «Жоңғар Алатауынан кездескен мраморлы үнгірдің қабырғаларындағы тастардың сәуле шашып тұруының себебі не?» деп сұрады. Жаратылыста сәуле шашатын асыл тастар кристалл түрінде кездеседі. Оларға түскен жарық сәулелер оптиканың заңдары бойынша кыр-қырынан келіп сынады да, шығарда спектордың барлық түстерін береді. Кейде өте әдемі, көздің жасуын шағылыстырғандай бірнеше түсте сәуле шашады... Бұлар селдір кездесетін минералдар».

М ә у л е н. Аһа! Атам туралы да жазыпты. «Қарт колхозшы Қуаныш Тастыбаевтың балаларға айтқан тау жайындағы ертегісі аса қызықты».

Е р м е к (*жарыса оқып*). «Ғылым дегеніміз — ұлы күш. Соңғы кезде ғылым асыл тастарға сәуле шашқызудың тетігін тапты... Ол театр сахнасында декорацияға, сәулет өнері, мүсін, сымбат өнерлерін құлпыртып

безендіру үшін люминофор атты затты қолданады. Ол зат ультра көкшіл нұрдың әсерімен сәуле шашпаған күнде, люминесценция аппаратын қолданындар...

Д а р и ғ а. Мұны мен де ойлап шеше алмай жүр едім. Ондай аппарат бізде бар емес пе?

М ә у л е н. Ақтан ағай жақында ғана алдырды.

Д а р и ғ а. Ендігі жұмбақ неде?

М ә у л е н. Құруында боп тұр, Дариға апа... (*Аппаратқа жақындап.*) Құрылысын білсеңдер, құруын білесіндер... Алдымен аппарат қай жүйеге жатады... ультра микроскоп, спектроскоп, электроинтегратор тәрізді ғылымның соңғы жаңалығына сүйенсеңдер, күн нұрының қуатын бар нәрсеге пайдалануға болады.

Е р м е к. Дариға апа, мендегі қиыншылық бұдан да ауыр...

Д а р и ғ а. Тас шабатын аспабың алмай тұр ма?

Е р м е к. Суарылуы нашар ма, алмай тұр.

Д а р и ғ а. Аанада Ақтан, асыл тасқа өрнек оятын аспап соқтырып беруді Есенге тапсырып еді. Әкелмеді ме?

Е р м е к. Әкелген жоқ. Көріңізші, әлде жанар таста металдың басқа қосындылары боп, өтпеуінің себебі содан ба деймін. (*Дариға мен Ермек ішке кетеді.*) *Есіктің көзінде жасырынып тұрған Әсияны үйдің ішіне итермелей Сапар мен Коля келеді.*

Коля, Сапар (*қосарлана*). Дариға апай қайда? Жаңа ғана ауданнан телефон соқты.

В е р а. Не жайында? Соққан кім?

Коля. Нарын ағай, (*Вераны оңашалап.*) Ермектің апасы қатты науқастанып ауруханаға түсіпті.

В е р а. Не дейді?

Сапар. Дәрігерлер жәрдем беріп жатыр. Ермек қорықпасын... Оқуын жақсы оқып жұмысын істей берсін деді...

В е р а. Дариға апа, бері келіңіз. Ермектің үлгіре алмайтын болғаны ма?

Д а р и ғ а. Жай шақырдың ба?

В е р а. Дариға апай, Ермек естімесін, апасының халі нашар деп Нарын ағай телефон соқты...

Д а р и ғ а. Қиын болған екен.

В е р а. Дариға апа, Ермектен басқа сүйенетін кімі бар?.. Аанада екеуіміз барғанымызда, апа, жазыл-

ғанша қасында болайын десе де — құлыным, оқуыңнан қалма, арманыңның зор екенін білем, тасыңды ойып болған кезде, барып көріп қайтармын, деген еді.

Д а р и ғ а. Ермектің анасы бәріміздің де анамыз. Ермекті алаңдатпайық. Аса ауыр міндет үстінде апасының ауруын естісе жасып жүрер, Сапар, мотоцикілің дайын ба?

С а п а р. Дайын.

Д а р и ғ а. Біз мұнда ауданмен телефон арқылы байланыс жасайық. Қоля мен екеуің бар да, біздің атымыздан Ермектің апасының көңілін сұрап қайтыңдар. Байқандар, түнде сай, шұқырға түсіп кетіп жүрме.

С а п а р. Сайдан секіртіп өтеміз де, аржағына бірақ ырғытпаймын ба! Біз кеттік. *(Сапар мен Қоля кетеді.)*

Үстінде жорыққа аттанардағы Марфаны жаңсаққа салғандағы киімі, Болат келеді.

Б о л а т *(Дариға бар екен деп ойламай, өлеңдетіп).*

Ұмытпан шақпақ тасты тау жақпарын,
Сарқырап таудан аққан бұлақтарын.

Мәулен. Елірме, елірме!.. *(Болат түсінбейді.)*
Әсия *(өзіне)*. Қап, мына ұзынтұра сырды ашып алды-ау.

Д а р и ғ а. Бұл қандай масқара?

Б о л а т. Әзірлік қой, Дариға апа.

Д а р и ғ а. Сабаққа дайындалудың орнына; қайдағы жоқ, жараспайтын қулық бірдемелермен әуестену не үшін қажет болды?

Әсия. Дариға апай, ондай ойдан аулақ болыңыз. Біз өз өмірімізде болған бір уақиғаны көрсетпекші едік.

Д а р и ғ а. Мен білмейтін не уақиға?

Б о л а т. Кешірерсіз, тауға жасаған жорығымыз жайында мен бір перделі пьеса жазып едім.

В е р а. Ол ақылды берген мен едім.

Д а р и ғ а. Пьеса жазу жарайды. Ал сын сабағына дайындық кезде репетиция жасауға кім рұқсат етті?

Болат. Айып бізде, Дариға апай!

Дариға. Ертең класс алдында тексереміз. Кейде ойларына келгенді істейсіндер. Болат, киімінді шеште, репетицияны доғар, балалар сабақтарына әзірленетін болсын.

Сырттан Есеннің даусы естіледі. Қолында тас шабатын асыл болаттан соғылған аспап, Есен кіреді.

Есен. Дариға, амансың ба?!

Дариға. Шүкір жоғарылатыңыз, Есен жолдас.

Есен. Төрт көздерің түгел тұр екенсіңдер. Ақтан ағай Ермек пен Мәуленнің жанар тастан ойып жатқан суретіне арнап алмас шапқы соқтырып әкел деп тапсырып еді. Өткірлігі екі жүзді нар кескендей, асылдығы магнитогордың құрышындай. Зер қадірін зергер біледі, білетіндерге маржан дегендей, мә, қарақтарым! *(Екеуіне ұсынады.)*

Ермек. Нақ алмастың өзі екен, Есен аға.

Есен. Бронь бұзар ең асыл металдан жасаттым.

Ермек *(қуанып)*. Есен аға, асылдың көзін тауып соқтырған бұл құрметіңізді біз де қайтарамыз.

Есен. Есен ағаң да жақсыны таңдай біледі.

Дариға. Мақтауын жеткіздіңіз. Тек айтқаныңыздай болсын.

Есен *(жан-жағына таңырқай қарап)*. Жұмақ па өзі? Пәлі, пәлі, тау үңгірінен тамашаны іздеп жүргенімізде, шын тамаша өзіміздің мектептің ішінде екен ғой?..

Дариға. Сіз әлі бұдан да тамашаны көресіз.

Есен. Иә, иә, кәне ойып жатқан суреттеріңізді көрсетпейсіздер ме?

Ермек. Сурет әлі бітпей тұр, Есен аға.

Есен. Ә, бітпей тұр ма, болмай тұр ма?

Ермек *(қиналып)*. Әзірге сұрамаңыз. Біткен кезде келіп көресіз, Есен аға. *(Шымалдықтың ішіне кіріп тасты қашап көріп жатады.)*

Есен. Иә, бітпеуінің де жөні бар. Апасы болса ауру, көңіл алаң болса, солай болады.

Дариға. Есен!

Есен *(өкініп)*. Жо... жай... әшейін... Анада бір естігенімде ол кісі қатты сырқат деп еді...

В е р а. Сіз қиналып айта алмай тұрсыз ғой... Не-
мене, Ермектің апасы... *(Сырттан дауыс естіледі.)*

Д а у ы с. Дариға, сізді телефонға шақырып жатыр.

Д а р и ғ а. Қазір, Вера, біз естіген хабарды Есен
де естіген ғой. Мұның айтып тұрғаны сол. *(Есеге.)*
Өзіңіз бір аңдамай сөйлейтін, қызық адам екенсіз. Ба-
лалар, Сапар мен Коля не хабар әкелер екен, оған
дейін шыдайық. Мені телефонға сол үшін шақырып
жатқан болар. Вера, сен Ермек пен Мәуленнің қасын-
да бол... Болат, Әсия, сендер оқуларыңа дайындалың-
дар.

Барлығы кетеді. Сахнада Мәулен, Вера қалады.

В е р а. Денем тітіркеніп тұрғаны.

М ә у л е н. Жақсылық хабар болсын да... Сен енді
өстесін... *(Шымылдықтың ішінен Ермек шығады.)* Ве-
ра, бері келіп, маған көмек берші.

Вера булығып, шыдай алмай жылап жібереді.

Е р м е к. Вера, саған не болды?..

В е р а. Иә, жай әшейін.

Е р м е к. Сен жылап тұрсың ғой.

М ә у л е н. Қыз баланың жылауы мен күлуі қатар
келетін әдеті емес пе?

Е р м е к. Верочка, немене біреу тиді ме? Неге жы-
лайсың? Мәулен, сен ренжіттің бе?

М ә у л е н. Жоқ... ренжітіп нем бар?!

В е р а. Ермек, сенің апан қатты науқастанып боль-
ницаға түсіпті.

Е р м е к. Менің апам... Қашан түсіпті? Оны кім
айтты?

В е р а. Нарын ағай телефон соққан екен, Дариға
апай көңлін сұрап біліп келуге Коля мен Сапарды жі-
берді.

Е р м е к. Апанның науқасы мені қол үздіріп кет-
песе не қылсын?

М ә у л е н. Қорықпасын, тәуір, дәрігерлер жәрдем
беріп жатыр дейді. Вера, Дариға апайды телефонға
шақырған кім екен, барып білші...

В е р а. Қазір. *(Кетеді.)*

Е р м е к. Қос жүрек бірдей мұнайып, қос көзден бірдей жас парлағаны ма, Мәулен?

М ә у л е н. А, қойшы, қайдағыны айтпай... Бері, мен мына аппаратты құрайын, сен скульптураңа кіріс. *(Мәулен аппаратын құрады.)*

Е р м е к *(тыңдап)*. Тым-тырыс... Екеумізден басқа балалардың бәрі де үйіне кетті. Сағат не болды екен?.. *(Коридордағы аспалы сағаттың соққаны естіледі.)* Күңгір-күңгір, тап-таза металдай, даусы қандай жақсы еді...

М ә у л е н. Он бірді соқты.

Е р м е к. Таң атқанша сен тәжірибенді, мен тұлғасын шығарып, майдалауын бітірсем...

М ә у л е н. Бітіреміз. Біздің осы жұмысымыз туралы аудандық газетке де жазды ғой.

Е р м е к. Иә, жанар тастан ою оятын жас өнерпаздар деп жазды. *(Жұмысын істей береді. Аз үнсіз.)* Мәулен, менің шабытым келмей отыр.

М ә у л е н. Келмесе зорлама, жатып дем ал.

Е р м е к. Иә, біраз дем алмай болмас. *(Диванға барып жатады.)* Осы оқымыстылар күндіз-түні көз майын таусып, жаңалық ашамыз деп сарылып отырғанда, біз сияқты отыратын болар, ә? Ех, арманымыз іске асып, сәуле шашқыза алсақ, «Пионерская правда» біз туралы тағы да жазбай ма!

М ә у л е н. Ермек, өз қиялына мені де ертіп жібердің. Тек сәуле шашсын да. Онда бар ғой, сенің жасаған скульптураларың теңізде жүзетін кемелерге жол көрсететін маяк оттарындай жарқырап еді-ау!.. Ондай нұр сәулесі төгілген ескерткіштер Ленинград, Одесса, Севастополь, Волгоградтай ерліктің туын көтерген қалаларда ғана орнатылар еді.

Е р м е к. Солай, Мәулен, солай! Қызыл арай нұр шашқан, Ленин атамыздың скульптуралық портретін Москваның аэропортына орнатсақ, аспан әлемінде жүзіп келе жатқан самолеттер мыңдаған километр жерден көрер еді. Иә... *(Аз үнсіз, ойлайды.)* Мәулен, мені оятарсың.

М ә у л е н. Жақсы.

Ермек бір аунап түсіп ұйқыға кіріседі. Мәулен ақырын ғана әндетіп тәжірибесін жасай береді. Ермек түс көрген тәрізді. Радиодан салтанатты мәжілістен екеуінің атын атап, қол шапалақтағандай, шаттық музыкасы ойнағандай болады.

Ермек (*шала ұйқылау, басын көтеріп*). Не естідім?.. Түсім бе, әлде? Мәулен, біздің атымызды атады ғой!..

Мәулен. Атағаны қалай? Қайда атады? Түс көрдің бе?

Ермек. Түс дегенім, ойлаған ойым екен. (*Сыртта есікті біреу ашып жатады. Екеуі елеңдеп есікке қарайды. Ақтан келеді.*)

Ақтан (*аталық қамқорлықпен*). Аңсары ауғанын алмай түспейтін тас түлектерім... Түн ортасы ауғанша отырғандарың қалай?

Мәулен. Қызығына түсіп, кете алмай отырмыз, Ақтан аға.

Ақтан. Іс шығара алсаңдар, отырғандарың жөн...

Ермек. Шығады-ау деймін, Ақтан аға...

Ақтан. Әуелі Ермекті қуантайын. Жаңа ғана ауданның бас дәрігері, апасы тәуір, алаң болмасын, жақсы оқысын деп телефон соқты.

Ермек. Рақмет сізге, Ақтан аға.

Ақтан. Екінші, Мәулен сені қуантайын. Жанар тастан сәуле шашудың тетігін таба алмай қатты қиналып едің... Қалай, енді тапқан боларсың?..

Мәулен. Табылғанмен, аппаратты құруы қиын боп тұр.

Ақтан. Ережесіне қарамадыңдар ма?

Мәулен. Қарадық... (*Аппаратты құрады.*)

Ақтан. Бұл тамаша аппаратты ойлап шығарған совет ғалымдары... Олар бұған көп еңбектерін сарып қылып, табиғаттың жасырын сырларын ашып, жаңалықтар туғызған совет адамдары! Олар үздік адамдар... Жас өнерпаз сендер, өз еліңнің сезгіші, өз халқының көзі, өз дәуіріңнің дауысысыңдар! Кәне сезгіш жүрек арманды ақтап шығарлықтай дәл сезе алды ма? Соны көрейік. (*Аппаратқа ток береді, ультра көгілдір сәуле асыл тасқа түсіп нұр шашады.*)

Мәулен. Құруы қандай жеңіл еді...

Ермек. Сәулесі қандай тамаша...

Ақтан. Солай болуға тиіс. Ризасыңдар ма?

Ермек. Ризамыз, Ақтан аға. Енді жанар тастан оған суретке түсіруіміз ғана қалды...

Ақтан. Іздесендер, оқысандар, оған да жетесіңдер. Баладан неғұрлым талап етсе, солғұрлым іскерлігі

арта түседі... Мен сендерден талап етіп едім. Сендер бұл арманға жеттіндер... Бүгінше дем алындар... Нұрлы тастан салған суреттеріңе сәуле шашқызуға ертең кірісейік. Бола ма?

Е к е у і. Болады Ақтан аға!

Шам сөнеді, ішкі перде ашылғанда клуб сахнасының іші көрінеді. Сахнаның екі жағында қолдарында шөк гүл, сап болып тізілген пионерлер. Сахна төрінде алқызыл жібек шымылдық. Шымылдың аржағында не бары белгісіз. Залда балалардың ата-аналары, Марфа, Қуаныш отыр. Барлығы төрдегі шымылдың ашылуын аптыға күтеді. Вера, Дәукен, Болат, Әсия, Коля, Сапарлар сахнаның шетінде не болар екен деп, өзара әңгімелесіп тұрады.

В е р а. Хор айтушыларың әзір ме?

Б о л а т. Әзір.

В е р а. Ерте бастама, шымылдың ашылуын күт. Дәукен, сен бар да сырттағы трансформаторды қара, сәтсіздікке ұшырап қалып жүрмейік.

Д ә у к е н. Мақұл. (*Кетеді.*)

В е р а. Бұл үлкен сын... Коля, Сапар екеуің келген қонақтарды қарсы алындар.

К о л я. Болады. (*Сапар, Коля қонақтарды қарсы алуға әзірленеді.*)

Б о л а т. Мен арнап шығарған өлеңімді қашан оқимын?

В е р а. Арналған өлең оқылады... Асықпа. Неге ашпай жатыр?..

Ә с и я. Жанбай қалса қайттік?

М а р ф а (*Қуанышқа*). Салғандары кімнің суреті екен, білдің бе?

Қ у а н ы ш. Үндеме, қазір көресің.

М а р ф а. Байкаймысың, біздің Вера қатты қиналып тұрған тәрізді, неге олай?

Қ у а н ы ш. Оңай ма?.. Үндеме дедім ғой.

Балаларға әкелген сыйлықтарын көтеріп, Есен, Нарын келеді. Коля мен Сапар қарсы алады.

Е с е н (*даурыға сөйлен*). Нареке, қуаныш біздікі болғанда, төр сіздікі, жоғарлатыңыз.

В е р а. Есен аға, ақырын сөйлеңіз.

Е с е н. Қалқам-ау, тойда ақырын сөйлеу жараспайды.

В е р а. Есен аға, дабырламаңыз... Неге ашпай жатыр?

Н а р ы н. Әлгі мұның Мәулені мен Ермегі қайда?..

В е р а. Олар сахнада... қазір, қазір... Иә... Неге ашпай жатыр?

Н а р ы н (*Қуанышқа*). Қуеке, кәрісі бардың қойнында хаты бар, күн жарығы ортақ, ай жарығы ортақ, еліңнен озат шықса, ер жарығы ортақ деген екен бұрынғылар. Жас арманды ұлы мақсатқа бастап, үңгірдегі байлықты ашқан сен едің, жас көңілмен бірге жайнаған, сыйлықты саған тартайын ба, жоқ, балаларға тартайын ба?!

Қ у а н ы ш. Кәрілік те бір бата дейді ғой. Оны өз таңдауың білсін.

Б а л а л а р. Атама сыйлаңыз, атама, Нарын аға!

Н а р ы н. А-а, сыйласақ кәріні сыйлайық онда. (*Барқыт шапан сыйлайды.*) Вера, мен істің алдын жақсы көрем. Жазда бізге берген көмектеріңе тиісті астық пен ақшаларың есептеулі. Жас өнерпаз Мәулен мен Ермекке қашан әскер жасына толғанша мініп жүруіне бәйге көктің тұқымынан екі құнан атадым.

Қ у а н ы ш. Қанша айтқанмен батырсың-ау, батырлық пен мырзалықты бір көрсеттің. Жарайсың, Нарын, жарайсың.

Н а р ы н. Ал, Вера, нұр үстіне нұрларың қашан жанады?

В е р а. Қазір, Нарын аға.

Сахнаның екі жағынан Ақтан мен Дарига шығады. Жұрт екеуі не дер екен деп аптыға қарайды.

Д а р и ғ а (*көпшілікке*). Жас өнерпаздардың өнерлерін алдарыңызға тартуға рұқсат етіңіздер!

А қ т а н. Нұрлы тас аңызы ертеде ел аузында ертегі болып келген еді. Ертегі — халық қиялынан туған арман екенін өздеріңіз де білесіздер. Бір кезде орыс халқы аспанда кілеммен ұшып, самолетті арман етсе, жүз жылдан кейін қарапайым адамдар самолетке мініп ұшатын болды. Ертегі шындыққа айналды. Мәулен мен Ермек сүйікті көсеміміз, досымыз, ұстазымыз Ленин атасының бейнесін сәуле шашатын тастан жасауды арман етіп еді. Армандарының іске асқанын көріңдер, достар!

Төргі шымылдық ашылады. Қыр-қырынан ультра көкшіл, ал-қызыл, алуан түсті нұр шұғыласы құйылып, шашырап тұрған Лениннің тұлғасы көрінеді. Сәуле астында Ермек пен Мәулен тұр. Жұрт таңырқай қарап, қол шапалақтайды.

Б о л а т (*хор бастайды*).

Әлемде бір жұлдыз бар,
Ол бар жерде күндіз бар,
Ол жоқ жерде күнде ызғар,
Ол — жиһанның жүрегі,
Ол — жер мен көк тірегі.
Күллі әлемнен ол биік
Жарқыраған нұр құйып,
Бақытқа елді бөледі,
Күн сипатты адамның
Күндей жарық сәулетін,
Коммунизм таңында,
Лениннің баурында,
Шырқай бер ұлан,
Шырқай бер!

Ш ы м ы л д ы қ.

БІР КОЛХОЗДА

Екі актылы пьеса

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Төлеш — бригадир, құрылыс шебері болуға дайындалып жүрген жас жігіт.

Кішім тәте — Төлештің шешесі, егіннен мол өнім алушы Социалистік Еңбек Ері.

Біркен — колхоз председателі.

Ғұмар әбзи — аудан орталығында тұратын құрылыс шебері, қарт адам.

Сапура — оның қызы, колхозда агроном.

Пионерлер, шебер ұсталар.



БІРІНШІ АКТ

Егіннен мол өнім алушы Социалистік Еңбек Ері Кішімнің үйі. Үйдің іші мәдениетті, жаңа салтанатпен жиналған. Жұмсақ дивандар мен орындықтар, ортада шашақты дастарқан жапқан стол, мүйісте кітап қоятын этажерка. Оң жақта көрші бөлмеге қатынасатын есік, ортадағы кең терезеден колхоз бағы, бақ ішінде жаңа салына бастаған Мәдениет сарайынан жалпы фоны көрінеді. Перде ашылғанда үй салушы шебер Ғұмар әбзи кітап этажеркасының қасында радиоқабылдағышты орнатып жатады. Кішім тәте стол үстіне тамақ әзірлейді. Ішкі бөлмеден мойнына планшет асынған, қолында жинамалы дөңгелек метр өлшеуіші, қолтығында сарайдың ішкі ою-өрнектерін салған папка, Төлеш шығады. Ол радионың тасасында отырған Ғұмарды байқамайды.

Төлеш (*шешесіне*). Әлгі шал қайда? Кетіп қалды ма?

Кішім (*ақырын сөйле деген ишаратпен*). Тс... Даурыкпа, бері жүр. (*Екеуі оңашаланып сыбырлы дауыспен сөйлеседі.*)

Төлеш. Бекерге тулайды, тәте, өзінің артта қалғанын білмейді де, мені кінәлайды.

Кішім. Екеуің түнімен айтыстыңдар. Таластарыңның мәнін айтшы?

Төлеш. Талас Мәдениет сарайының ішкі ою-өрнек үлгілерін тандау жайында болды.

Кішім. Білетін болар, сен несіне осыншама өзеуредің?

Төлеш. Тәте-ау, мен жаңа үлгіні ұсынсам, ол өзінің машық алған ою-өрнектерінен қол үзгісі келмейді.

Кішім. Былай, бізге осыдан артық шебер табылмайды. Сен енді сыр білдірме. Басқармамен ақылдас та, жұмысыңның жемісті болып шығуын ойла, ал шалды маған тапсыр.

Төлеш. Жақсы, тәте, Сапура егіс даласына жүріп кетпей тұрып соған жолығайын.

Кішім. Ей, балам, тоқташы.

Төлеш. Тәте, мені бөгеп қайтесіз, орайын тауып, өзіңіз көндірсеңізші. *(Төлеш кетеді. Кішім стол үстіндегі тамақтарды жайластырады.)*

Кішім. Шеберім-ау, машақаты көп жұмыс екен де. Қарныңыз ашқан болар, тамаққа келіңіз. *(Радиоқабылдағыштың ішкі механизмінің бір жерін келтіре алмай, қинала іздеп отырған Ғұмар оның сөзіне көңіл бөлмей, жұмысын істей береді.)* Қиюы келмей тұр ма, шеберім, неге ойландыңыз?

Ғұмар. Бұ шіркіннің бір жерін бүлдіріп алсаң, ауа толқынын ұстай алмайды. Бу бит, электромагнит арқылы сөйлеп тұрған зат.

Кішім. Қайдам?

Ғұмар. Аһа, көмейіне бір нәрсе тығылғандай нишік дыбыс бермейді десем, гәп шамасына қадар қуат бермеуде екен де, батыр бәйбіше. Сонау қобдидағы батарейді маған қарай жылжытып жіберіңіз. *(Кішім қобдидағы батарейді алып береді, Ғұмар радионың сымына жалғайды да, құлағын салып тыңдайды.)* Енді оңға бұрап көрейік те, эфир толқынын ұстауға тырысайық. *(Радионы бұрап, көрсеткіш тілшікті айналдырады, радио сөйлей бастайды.)* Пожальстаныз, батыр бәйбіше, ертемен де, кешке де Москва театрларының әншілерін қалай тыңдаймын десеңіз де еркіңіз.

Кішім. Рахмет, шеберім, Мәскеу, Алматы хабарларын тыңдау үшін алдым ғой.

Ғұмар. Бұл дүние ғаламның төрт бұрышынан алады. Колхоз ортасынан мошный бірін орнатса, барлық үйдің төрінде сайратып та қоюға болар еді.

Кішім. Жаңа құрылыс аяқталсын, оны да сіз орнатып беретін боларсыз?

Ғұмар. О-о, оны орнатсаңыздар ғажап, колхоздарыңызда бик тамаша жаңалық болған болар еді, оның мәні аса зор.

Кішім. Ненің дейсіз, Ғұмар әбзи?

Ғұмар. Колхоз радиостанциясының да. Біркен жолдастың есіне салсам да, оның мәніне көңіл бөлмей жүр.

Кішім. Қаласақ, оған да жетерміз. Қәне, тамақ ішіңіз. Менің жетім-жесір күнімді де көріп ең, енді жетілген күнімді де көрдің.

Ғұмар *(стол қасына тамақ ішуге отырады)*. Оныңыз рас. Әлбетте, әлбетте!

Кішім *(сыр тартып)*. Үлкендік ағадан, кішілік

ініден дейді ғой, иә Төлешпен екі арадағы әңгімеңізді айтыңызшы?

Ғұмар. Батыр бәйбіше, мен түз арқанын көп ескен, түз бақырын көп асқан, жүз жігірмәдән аса үйлер салған адаммын. Ойлап көріңіз... Соның барлығын да Ғұмар кісі ақылымен салған жоқ, өз ақылымен салған болатын.

Кішім. Әрине, біреудің шайнап бергені кісіге ас бола ма?

Ғұмар. Аудан орталығындағы Мәдениет сарайын салғанымда да менімен райисполком председателі ақылдасып тұрды. Аудан орталығындағы Мәдениет сарайын көрсеңіз. Аһ деп, шегіңізді тартып қайран қалған болар едіңіз.

Кішім. Оны салған сіз бе едіңіз?

Ғұмар. Әлбетте, мен. Бір жыл, екі айда бітірдім. Бір жағында кино, екінші жағында театр, кітапхана, оқу залы, дем алып отыратын тынығу бөлмесі, шахмат, биллиард бөлмесі дейсіз бе, көрсеңіз бұ дүниенің рақаты деп ойлайсыз.

Кішім. Иә, оның әсем екендігін көрдік. Ал, біздің Мәдениет сарайымыздың әдемілігі қандай болмақ, соны айтыңызшы?

Ғұмар. Сіздің Мәдениет сарайыңыздың әдемілігі көлемінің зорлығында түгіл, аса сұлу ою-өрнектермен агрогород дейміз ғой, соның әсерін қарап жібергенде, бірден білдіріп тұруында. Оның үлгісін аса шебер адам жасаған. Ондай зәулім үйлерді астанадан ғана кездестіруге болады.

Кішім. Бәсе, өзі болғансын, болған сияқты болу керек қой. Кәне, соның сәулетті болып салынуына алып жіберіңіз. (*Ғұмар рюмканы көтереді. Кішім өзі ішпесе де, қошемет етеді.*) «Ел аралаған сыншы, тоғай аралаған үйші» дейді ғой. Әрине, сіз үй салуға шеберсіз де, тастан өрім өретін іскерсіз де, өнеріңізге бүкіл жұрт сүйсінеді. Кетем деуіңіздің мәні қалай?

Ғұмар. А-а, оның мәні, менің шеберлігіме мін келтіруде, батыр бәйбіше. Сіздің балаңыз бірер жыл үй салу өнерін сырттан оқыдым деп, менің жасаған ою-өрнектеріме сын таққысы келеді. Ол ішкі қабырғаларына, оларды ұсынады, ал мен, оның машақаты биік зор, оны зергер ұсталығы тәрізді аса нәзік ұсталар ғана жасай алады деймін. Мен білемін ғой.

Кішім. Білесіз, әрине, сіздің білетіндігіңізге қол қоймай, өзімшілікпен өзің жақтаса, оныкі — теріс.

Ғұмар. Түп тамырымен деңіз.

Кішім. Иә, иә, теріс те болса, бірлесіп істеулеріңізге болатын еді, Ғұмар әбзи.

Ғұмар. Еш бір.

Кішім. Апырай, ә? Сізді онда қатты ренжіткен болды ғой.

Ғұмар. Мен айтамын, бала, аспандағы жұлдызға қолыңды созба, бізге жердегі жұлдыз да жетеді. Ішкі оюларын емен ағашынан ойып орнатайық деймін. Ол айтады: купец заманының бұрама пряниктері тәрізді бірін-біріне шатастырмайық дейді.

Кішім. А-а, шатастырмайық десе, оның сөзінің де жаны бар.

Ғұмар. Соны білмей айтады да, батыр бәйбіше. Мен білгенімді ұнатпаса, қалай түзетем.

Кішім. Түзетпесеңіз, түсіндіріңіз.

Ғұмар. Сіз неге түсінбейсіз?

Кішім. Мен барлығына түсініп отырмын.

Ғұмар. Түсінсеңіз, сіз балаңызды жақтамаған болар едіңіз?

Кішім. Мен баламды жақтап отырғаным жоқ, Ғұмар әбзи. Иә, дауы құрысын, тағы да бір рет алып жіберіңіз.

Ғұмар (*рюмканы қағып жібереді*). Үй салу өнерімен айналысқаным биыл тура қырық жыл толыпты.

Кішім. Тәжірибеңіз жетерлік екен ғой, Ғұмар әбзи?

Ғұмар. Бұл жолда нендей қасіреттің тұңғығы кездеспеді? Көзден жас парлаған заманды да көрдік, а, сіздің балаңыз менің шеберлік өнерімді жете білмей тұрып, маған сын тағуы өте ренжітерлік іс, батыр бәйбіше. Менің басымнан өткен тарихтың бірер кезеңін білсе еді, маған ағаш ұсталығын үйреткен Фатих деген қарт болатын. Сол кісінің өмірінде қандай азаптар болды. (*Жыламсырайды.*)

Кішім. Ғұмар әбзи, мұныңыз қалай, қойыңыз.

Ғұмар. Әх, сол марқұм Еділ бойында тұратын бай татар саудагердің үйін салуға жалданды. Алты ай бойы Еділ өзені үстінде нәлет қамытын киіп, айғайлай-айғайлай, салмен ағаш ағыздық. Жазғытұрымғы тасқында сал түсіріп жүріп, Фатих қарт суға батып өлді. Марқұм ер көңілді, жайдары кісі еді.

Кішім. Марқұм-ай, арманына жете алмаған екен.

Ғұмар. Е-е, батыр бәйбіше, ол заманда арманды

ойлау қайда. Бай, купецтерге жалданамыз да, тапқанымыз — тамағымызға, жұтқанымыз — көңіл ашуымызға, айда, бірін қағып жіберіп: *(Татардың халық әнімен.)*

Алай итәргә кирәк,
Бұлай итәргә кирәк,
Жас ғұмырың зая китсә,
Жырлап өтәргә кирәк,—

деп өзімізді-өзіміз жұбататын едік. *(Әннің жалғасына Кішім де қосыла кетеді.)*

Нишік келдіңіз сіз бізгә,
Батмайынша дингізгә,
Қадырлы қонақ сіз бізгә,
Ни хұрмет итәм сізгә?

Ғұмар. Па, депті, батыр бәйбіше... *(Жауап беруге тырысады.)*

Алайда біргә, біргә,
Бұлайда біргә, біргә,
Жиын дослар біргә болса,
Батыр бәйбішә, менде сіз білән біргә.

К і ш і м.

Байқап жібәр, шайқап жібәр,
Біз батырдың дәулетін.
Біз қаласақ жасар ма едің,
Колхоздың жаңа сәулетін?!

Ғ ұ м а р.

Сіз қаласаң ник қалман...
Біргә болсам жоқ арман,
Сәулетті сарай салғанда
Не сыйлайсыз сіз маған?

К і ш і м. Ой, қызық-ай, шіркін көңіл-ай, жоқ жерде желпініп алдық-ау!

Ғ ұ м а р. Гәп көңілдің жарастығында да, батыр бәйбіше.

К і ш і м. Әрине, сіздің Сапураңыз, менің Төлешім, бірін-бірі жақсы көргендіктері соншама, бірінсіз-бірі тамағын оңаша ішпейді, ойынға барса да бірге барады. Қызметтерін де ақылдасып бірге істейді. Тіпті деймін-ау, сенің балаң келгеннен бері екеуінің жұбы айрылмайды. Көңілі жарасты деген сол емес пе?!

Ғ ұ м а р *(сезік алып)*. Сонда пешік, сіздің балаңыз менің баламды қармағына іліктіргелі жүрген болды ғой?

Кішім. Жоқ, шеберім, көңілдерінің жарасқанын айтам да.

Ғұмар (*сәл ойланып*). Жарастық та жарастықта, айтайық мына сіздің мені құрмет етуіңіз де жарастық.

Кішім. Әрине, әрине, жарастыққа барлығы да жарасады.

Ғұмар. Балаңыз қандай оқуды бітірді?

Кішім. Он жылдықты бітіріп, сырттан үй салу өнерінің оқуын оқып жүр еді, Ғұмар әбзи.

Ғұмар. Оның әлі бітіруі бар. Әуелі оқуды бітіріп алу керек те, махаббаттың қайығын содан кейін есу керек, батыр бәйбіше.

Кішім. Ғұмар әбзи, таластарың өз алдына. Сіз, өйтіп менің баламның өнерін кемітпеңіз.

Ғұмар. Өнерін кемітпеймін... Жүрегінің түбінде жылтылдаған оты бар екен. Оқысын да, өнер тапсын. Құштар бола қалыпты...

Кішім. А, болса не айып-шамы бар... Дұрысын айтқанда, екеуімізді кім тыңдайды, мейлі еркі білсін дегеннен басқа не бар?

Ғұмар. Дүниеге әйгілі бір махаббат бар ғой, батыр бәйбіше, оған асықпаса да болады.

Кішім. Ғұмар-ау, ойды орып, қырды кессең де, әлі де ескіліктің шарпуы бар ма, қалай? Ұнатпай қалдың ғой? Тіпті, әрі-беріден кейін құда деуге де қақым бар.

Ғұмар (*булығы сөйлеп*). Мені құда дегіңіз келсе, балалардың болашағын ойламағандығыңыз.

Кішім. Оның не ойламайтыны бар, екі жас бірін-бірі сүйеді екен, оған әке не деп ара түседі, шеше не деп ара түседі?

Ғұмар. Жо-жоқ, батыр бәйбіше, сіз менің адал көңілімді теріске бұрмаңыз.

Кішім. Қайдам, арындай қалғаныңды айтам да.

Ғұмар (*киімдерін киініп кетуге ыңғайланады*). Жақсы, батыр бәйбіше. Олай болған күнде сіздің дау-кес балаңызбен тіпті де келісе алмайтын болдық.

Кішім. Ғұмар, мұныңыз қалай?

Ғұмар. Мен бұл колхозға қызыма құда түскелі келгенім жоқ. Ғафу етіңіз, құрметіңізге үлкен рақмет, сөге жамандамайтын боларсыз, хош болыңыз. (*Кетеді. Кішім аң-таң болып қала береді.*)

Кішім. Не деп кетті? Шынымды айтам деп, сырымды айттым-ау. Балаңның оқуы аз... Тіпті деймін-ау,

оның сырттан оқып жүргенін есепке де алмады. Әкесі болса, соғыста қайтыс болды. Еңбектің қызығына түсіп мен жүрдім. Талпынғанда жеткені, сырттан оқу еді. Шынында да, шамданатын жұмыс-ау? Дұрыс, дұрыс. Әй, Кішім-ай, бірде болмаса, бірде алдыңнан шығатын неге ескермедің екен. Жарайды, төрт жағым түгел деуші едім, жоқ, батыр атыма толмайтын менің де кемшілігім бар екен де. (*Сырттан Төлеш келеді.*)

Төлеш. Тәте, ана шалға не деп едің, шыжықтай қуырып, кетем-кетемнің астына алып жатыр.

Кішім. Кетсе, жолы болсын.

Төлеш. Қалмайтын болды ма?

Кішім. Балам, қалуды айтасың, ол шалдың сөзін естісең, намысың болса өзің де ойланарсың?

Төлеш. Ол не сөз?

Кішім. Сырттан оқыса, оның әлі бітіруі бар, сенің дәлдеубас балаң, менің оқымысты ғалым қызымның теңі емес. Беталды арандамасын дейді.

Төлеш. Жоспар жайында не дейді, соны айтшы?

Кішім. Өзінікін мақұлдайды.

Төлеш. Мойындай ма?

Кішім. Қайдан мойындайды?! Бүкіл өмір тарихын айтып безек қағады.

Төлеш. Иә, мойындамағаны қиын болды. Сіз не дедіңіз?

Кішім. Әуелі әлпетін байқау үшін шеберім деп сыр тартып көріп едім... Тым жырақ жатты... Одан Ғұмар әбзи, бірлесіп істеңіз дедім. Оған да көнбеді. Әрі айттым, бері айттым, көнбеді... Е, тәйірі деген, ал, құда деуге де қақым бар дедім...

Төлеш. Е, сіз баяғы ескі әнге басқан екенсіз де.

Кішім. Ешбір... деп, отырып алған соң айтпасқа амал болмады...

Төлеш. Еңбек Ері атағын алсаңыз да, тәте, арылмаған ескіліктің сарқыны әлі де бар.

Кішім. Алдақашан адыра қалған қайдағы ескілікті айтып тұрсың?

Төлеш. Мені бір үйленбей өтетіндей, қыз көрсең не әдетің, қарағым, сүйгіншідей жақсы бала екен, шырағым, жарылмаған қауын екен деп талып түсуді қашан қоясың?!

Кішім. Не дейді-ей, ұлын үйлендіріп, қызын ұзатып, қуанып қызық көрген де ескілік пе? Бұрын аяғын көр де асын іш, анасын көр де қызын ал дейтін еді. Мен саған жар таңда, сүйек таңда десем — ескілік, орыс,

татар, корейден алма, казактан ғана ал десем — ескіліктен де бетер оңбағандық болар еді.

Төлеш. Алдыңызға шықпаған соң, сіздікінің бәрі жөн.

Кішім. А? Алдыма шығып көр. Өнерлі болсаң үйленесің де, оқисың да, барлығына жетесің. Жетпейді екенсің, өзім жеткізем. *(Төлеш қайыра жауап бермейді. Бұл кезде колхоз председателі Біркен келеді.)*

Біркен. Уа, Кішім, сәлем бердік!

Кішім. Сәлемің сатулы болса да, алдық, жоғарлат.

Біркен. Сәлемнің сатулысы болушы ма еді, Кішім тәте, о не дегеніңіз?

Кішім. Мына балам, ескілік дей ме... ашуланып отырмын.

Біркен. А-а, шынында да, Кішім тәте, ашуланғаның рас болды. Тіпті, қатты кеттіңіз ғой.

Кішім. Сөз болғаныңа!

Біркен. Оқасы жоқ, Кішім тәтем, ашуыңызды басыңыз. Ал, шебер шалдың кетем деуінің мәнін айтшы?

Кішім. Мына Төлешпен келісе алмай қойған ба? Сөйлесіп көріп ем, ыршып түсті.

Біркен. Ыршығанда не дейді?

Кішім. Сенің балаң менің балама жету үшін әлі де бес жыл оқуы керек дейді.

Біркен. Кішім тәте-ау, әңгіме екі баланың оқуын салыстыру туралы ма еді? Мәдениет сарайын салып бітіргенше, бізде бас шебер болып қалу жайында емес пе еді?

Төлеш. Е, тәтем ғой ойындағы бірдемелерді айтты, шошытып алған?

Кішім. Біркен, сен тындашы. Сенің Сапуран, менің Төлешім, бірінен-бірі жұбын айырмайды дедім...

Біркен. Иә, соны айтпау керек еді, Кішім тәте...

Кішім. Апыр-ау, түбінде көретін қызық, қуанышым екен, оны ерте айтты не, кеш айтты не?

Біркен. Қуанышыңа ара түсіп жатқан кім бар? Екі жас өздері біле жатпай ма?

Кішім. Жарқын-ау, сіз-біз деп сызыла білмейтінім өзің де белгілі, солай дегенде не дейін?

Біркен *(Сәл кідіріп)*. Көнбейді де. Батыра айттайық десек, қарт адам, аудан арқылы шара қолдануға қызының көңіліне келе ме деп ойлайсың. Ойда жоқ жерде бұл шал бізді қатты қинап тұр.

Кішім. Басқа шебер жоқтай, соншама несіне жалынамыз?

Біркен. Жоқ, Кішім тәте, жалынсақ жалынуға тұрарлық шебер. Сәулетті істі сәніне келтіретін мұндай шеберлер, жүзден біреу-ақ, бұған мен ертеден құмарта-тынмын. Үш жыл ішінде аудан орталығын гүлдей жайнатып жіберген де осының өнері.

Кішім. Біркен-ау, өнеріне көзің жетсе, Төлеш пен скеуін айтыстырып таластырмай-ақ еркіне жіберіп қарап отырмаймысың?

Біркен. Менің ойым, қайтсе де Төлештің ұсынған үлгісіне көндіру еді ғой.

Төлеш. Бәсе, десейші!

Кішім. Менікі теріс екен, өнерің жетсе, түзендер де алып қалындар. Анда, сортты тұқымды іріктеуге менің адамдарым тосып отыр. *(Кетуге ыңғайланады.)*

Біркен. Кеше ғой колхоздың жиырма жылдығында қайтсе де бітіруіміз керек деп, партия жиналысында қаулы алдық.

Кішім. Біркен-ау, дүниеде адамның көрер қызығы мен қуанышынан қымбат не бар. Нанамысың, қуаныштың болайын, құшағымды жаяйып, көнбесе нағыл дейсің?

Біркен. Кішім тәте, қуанышым дейсің. Сол қуаныштың сәулетті істің саясында атса, ол бәріміздің мерейіміз. Қуанышты жүректің мерейіне барлығы да сыяды. Біз аса ауыр міндеттің үстінде тұрмыз. Көшесіне жалғыз тал, бұта екпей келген үйлерінің шымы тозып, іргесі опырылған, ескіден қалған қоқысты түгелдей сыпырып, жаңадан сәнді үйлер, жасыл орманды көшелер, сәулетті театрлар салып, бау-бақшалар өсіруге кірістік. Соның барлығына шебер ойдың болжауы керек. Сенің балаң Ғұмардан үйрене жүріп жаңа құрылыстың маманы болып шықса, қуаныштың үлкені сол дер едім... Қаламын десе, қалуына қисын да бар.

Кішім. Ол қандай қисын?

Біркен. Қызынан қол үзе ме?

Кішім. Әй, айналып үйіріліп менің сөзіме келдіңдер. Өзің бері жүрші.

Біркен. Шешіміне келейік те.

Кішім. Мен асығып тұрмын, жүре сөйлесейік.

Біркен. Жүре сөйлесейік. Осы шал неге шалқайды... А, оның да көздегені бар шығар. Тыңдайық та, айтсын... Мен екеуіңнің таласыңды көпшіліктің талқысына бергім келеді.

Төлеш. Таластың неден туғанын өзіңіз көрдіңіз ғой! Біркен аға...

Біркен. Менің бір нәрсеге көзім жетпей тұр... Осы жақсы боп шыққан өнерге кең пейіл, жарқын жүзбен шаттана қарау болатын еді... Шал неге шаттанбайды, а, сен неге жарқырай түспейсің?

Төлеш. Көнбесе, не істеймін?

Біркен. Түсінбедің. Сол үшін де сенің машық алған өнер үлгің, оның үлгісінен асып түсуі керек. А, сонда сенімен таласпайтын болады... Менің тілімді алсаң, қайта бір қарашы?..

Төлеш. Біткен істі қайта қараудан не шығады, Біркен аға...

Біркен. Шалдың өнерпаздығында мін жоқ. Оған ұнамаса бітпегені... Мен қазір осы мәселе жөнінде аудан басшыларымен сөйлесемін. Сен кешке болатын жиналысқа дайындал...

Төлеш. Біркен аға, мұның өзі әлек болмаса игі еді.

Біркен. Әлек болмайды, түбінде біздің пайдамызға шешіледі. Жүр... *(Екеуі кетеді, Төлеш ойланып тұрады.)*

Төлеш *(өзіне)*. Қісінің ең жақсы қасиеттерін творчестволық еңбек ашады дейтін еді... Шалға ұнамаса қайтадан-ақ жасайық... *(Үлгіні алдына жайып тесіле қадалып отырады, түрегеліп барып радиоприемникті бұрайды. Радиода «Кубань казактары» кино картинасындағы «Каким ты был, таким остался» деген ән айтылады. Үлгіге қарай отырып радиода айтылған әнге қосылады).*

«Каким ты был таким остался...»

Сапура кіреді. Үлгіге тесіле қадалып отырған Төлеш оны байқамайды. Сапура ән жалғасына қосыла Төлештің сырт жағынан келіп нығына сүйенеді.

Орел степной казак лихой
Зачем, зачем,
Ты снова повстречался?
Зачем нарушил мой покой?

Ән аяқталады. Ұзақ үнсіз. Сапура Төлештің нығына сүйенген күйінде тұрады. Төлеш Сапураға бұрылмайды.

Сапура. Төлеш, деймін, қарап отырғаның не? Неге үндемейсің?

Төлеш. Үндемеймін.

Сапура. Үндемейтіндей менің жазығым қанша, Төлеш?

Төлеш. Әкең менің үлгімді ұнатпағанымен қоймай

дәлдеубас бала оқымысты қызыма өңешін созбасын депті ғой. Несін үндеймін?

Сапура. Не дейді, оны саған кім айтты?

Төлеш. Естімегендей, жаңа қызым, жарамайды, әуре болма деп өзіне де айтты ғой.

Сапура. Иә, айтсын, онда не тұр?

Төлеш. Әрине, оқуды бітірген белгілі профессиясы бар маман, саған ауыр тимегенмен, маған ауыр тиеді.

Сапура. Иә, сонда саған ауыр тигені шалдың жақтырмай айтқан сөзі ме, жоқ, менің оқу бітіргендігім бе?

Төлеш. Екеуі де.

Сапура. Иә, менің оқу бітіргендігімнің не ауырлығы түсті? Кейде, жоқтан өзгеге де бұлтиып өкпелейді екен-ау, ә!?

Төлеш. Жоқтан өзге деме. Адамның қара басы кем болмағанмен, өнері тең болмаса, о да өзінше мін, сен колхозшыларды жаңалыққа бастауда алапты жұмыстарды меңгеру дәрежесіне жеттің, сен сол үшін оқыдың, өнер таптың, сенің алдыңнан не бір асқарлы істер өніп жатады. А, менің алдымнан не өнеді? Талантты тауға ұрсам да, бір сызған үлгіні қайтадан сызуға тура келеді...

Сапура. Айтып болдың ба?

Төлеш. Иә, сол, басқа не айтайын?

Сапура. Әуелі маған тура қарашы.

Төлеш. Ал, қарадық.

Сапура (*иығына қолын сап, жылы ишаратпен*). Апыр-ау, енді томсармасайшы, иә, бір ауыз оқымадың деген сөзден осыншалық өзіне үлкен ой көзімен дейік... болашақты болжау көзімен қарағандығың, ол келешегінді айқын ұғынғандығың, ол өзіне есеп бергендігің, Төлеш! Бізде өзіне есеп бермейтіндер де бар.

Төлеш. Соның бірі — мен.

Сапура. Қайдағы бір кемшілік болса, өзіне бұратының не? Жоқ, Төлеш, «тас түскен жеріне ауыр» дейді қазақ. Жақсы айтылған мәтел. Сол ауырлықты мүмкін, ретті жерінде мен көтерермін, тәтем көтерер. Бірақ та, эти мен екі арадағы таластарыңды менің алдыма тартып, өкпелеуің орынсыз, Төлеш.

Төлеш (*кенет қуанып*). Сапура, шының ба?!

Сапура. Шыным.

Төлеш. Шының болса, күнтайым...

Сапура. Тс... күнтайым деуге ертерек болар.

Төлеш. Жо-жоқ, ұғынбадың. Сенің таудай тала-

быңа мен де үлес қосайын, менің бір тілегімді орындашы.

Сапура. Қолдан келсе.

Төлеш. Колхоздың көркейгені — біздің көркейгеніміз. Сенің әкең он саусағынан өнері төгілген шебер. Оның шеберлігіне бүкіл ел сүйсінеді. Тіпті, менің жасаған үлгім ұнамасын, соның тілегі бойынша қайта жасайын...

Сапура. Иә, талас неде? Ішкі ою-өрнекте ғана ма, жоқ жобаны жасаушы шеберлердің үлгісіне өзгеріс кіргізуде ме?

Төлеш. Жоба бекітілген ғой. Біздің таласымыз ішкі ою-өрнектерінде болып тұр, Сапура.

Сапура. Иә, ол кісінің дәлелі?

Төлеш. Ол кісі бүгінгі сәулет өнері, колхоз өмірінің әдемі мақсаттарынан тұратындығын ескермейді...

Сапура. Тоқтай қал, *(үзіліс, үңіліп)* меніңше сен де жете қамти алмағансың. Шын суретші өз дәуірінің айнасы.

Төлеш. Иә, иә.

Сапура. Иә, деп иек қақпа... Мәдениет сарайы колхоз өміріндегі зор жаңалықтың бірі екен. Олай болса, оның сымбаты мен сәні сәулеттілік жағынан тұтас болғаны дұрыс. Бұл — бірінші ескертетінім. Екінші, үйдің еңселі, биік болуы колхоз деревнясының аумағын үлкен көрсетеді. Үшінші, әрбір ішкі ою-өрнектеріне де шындықты өсіре бейнелейтін мағына жатсын...

Төлеш. Сапура, оның бәрін қайдан білесің?

Сапура. Білмегенде... Мен әтимен арадағы жай ғана талас па дейтін ем... Әңгіменің төркіні әріде жатыр екен... Қайыра қарағанда осы айтылған кемшілікті жөндеп шыққан күнде ғана оны жеңесің...

Төлеш. Маған жеңу мақсат болмай тұр ғой, Сапура.

Сапура. Жаксы, жеңу мақсат болмаса, сөйлесіп көрейін. Өз дегені болмаса, оңайлықпен көнбейтін бірбет, қысық, қыңырлығы да бар еді. *(Сөзін бөліп сөйлеп.)* Бір себептен... Жасыратын несі бар... Жоқ...

Төлеш. Сапура, неге ойландың?..

Сапура. Мені қызым десе, шал қалуға тиісті.

Төлеш. Тиістіні қой, қалады депші.

Сапура. Шал қалады.

Төлеш. Қолыңды әкелші, осы уәдеңді орындасан, ешқандай арманым болмас еді. *(Қол алысады, біріне-*

бірі тесіле қарап тұрғанда, асығыс Ғұмар кіріп келеді. Екеуі абыржып екі жаққа бұрылады.)

Ғұмар. Міне, қолға-қолдың жабысып тұрғанын да көрдік.

Сапура. Әти, сіздің қалу-қалмауыңыз жайында ғой.

Ғұмар. Менің қалу-қалмауымда қолдың қапсыра жабысуының не қақы бар? Жақсы болған, қызым, тіпті жақсы болған. Енді қайыр хош десе де болар?!

Сапура. Әти, хош айтқаныңыз қалай? Бастаған ісіңізді аяқтамай қайда барасыз?

Ғұмар. А, менен зор шыққан өнерпаздар аяқтасын.

Сапура. Бұл не дегеніңіз, әти?

Ғұмар. А-а, менің өнерім ұнамаса, олай демегенде не дейін? Қызым менің қалу-қалмауымды ойлаудан көрі, өзіңнің келешегіңді ойлауың керек еді.

Сапура. Иә, әти, біз ойлаған келешекті сіз де ойлауыңыз керек еді.

Ғұмар. Дұрыс, дұрыс айттың, рас, менің келешегім сенің көлеңкеңде екені белгілі ғой. Сен әлі жас еккен имән ағашы тәріздісің. Алдында жайқалып өсуің бар. Ағашты жастай кесіп тастаса, не болмақ? Қуған өнерді жарты жолда қалдырып нәтижесін шығармағаныңа ренжимін, қызым.

Сапура. Бекерге ренжисіз, әти.

Ғұмар. Осында батыр бәйбіше мені мейманым деудің орнына, құда десе де бекер, ә? Сөйтіп, Ғұмар колхоздың Мәдениет сарайын салуға келіп, қызына құда түсіп қайтса да бекер, ә? Ей, күйеубала, мені шығарып сал, жүр бері!

Төлеш. Таласты қойып, келісімге келейік те, ата!

Ғұмар. Қайын ата де! *(Төлеш үндемейді.)* Батыр бәйбішеге менен сәлем дендер. Тойына шақырса келерміз, сырттан хошемет етерміз, хош болыңдар!

Сапура *(алдын бөген)*. Әти, кетпейсіз!

Ғұмар. А, мені бөгейтін кім?

Сапура. Кетпейсіз дедім бе, кетпейсіз! Ақ батамды аттадың деп ұлын еңіретіп, қызын зарлатып, қол аяғын байлап, матайтын қараңғылықтың қатал заманы өткен, әти. О заманда сіздің көрген күніңіз белгілі еді ғой, отырыңыз!

Ғұмар. Сұм заманның қалдығы мен емес, оның атасына мың да бір нағылет. Мен тек ойға алған істі аяқтап шығуды айтам.

Сапур а. Соған айғақ сіз болсаңыз.

Ғұмар. Мен сенің туғаныңнан бергі өміріңе айғақпын.

Сапур а. Онда, бізді қанат астыңызға ала отырып, біздің бұдан биік, бұдан да бақытты белгісіне көтерілуімізге де айғақ сіз боларсыз. Ойға алған істі дедіңіз ғой. *(Терезенің шторын сырып жіберіп.)* Міне біздің ойға алған ісіміз, бізбен бірге соны аяқтап шығатын да сіз боларсыз.

Төлеш. *(Стол үстіндегі Мәдениет сарайының ішкі үлгілерін алдына жайып тастап).* Танысыңыз, әти! Осының болашақ ұрпаққа ескерткіш болып қалуына айғақ сіз боларсыз. *(Бұл кезде қолында телеграмма, Біркен мен Кішім кіріп келеді.)*

Біркен. Өмір бізге төрден орын ал деп есігін ашқанда, Ғұмар әбзи бізге құшағын ашатын болар?!

Кішім. Менің бір ауыз сөзімді шам көргені болмаса, Ғұмар әбзи бізге құшағын әлдеқашан жайған.

Біркен. Бұған не дейсіз?

Ғұмар. Ай, қулар-ай, бірің үйден, бірің түзден алды-артымды орағанда, мені мына баланың үлгісіне көндірудің шарасы еді де.

Біркен. Иә, аудан басшылары да солай деп ұйғарды, мінеки, оқыңыз! *(Телеграмманы ұсынады.)* Екеуінің таласын да кешке партияның ашық жиналысында қарайтын болдық...

Ғұмар. Менің көнбеуімді райисполком алдына да қойғансындар, ә? Жаксы, батыр бәйбіше, сіздің дегеніңіз болатын болды.

Ш ы м ы л д ы қ.

ЕКІНШІ АКТ

Сол үй. Арада жарты жылға тарта уақыт өткен. Сахнада оншалықты өзгеріс жоқ. Үйдің іші қара көлеңкелеу, терезеден күн көзінің шығар алдындағы сәулесі біртіндеп түсе бастайды.

Перде ашылғанда Совет Одағының гимні радиодан естіліп тұрады. Гимн айтылып біте берген кезде ішкі бөлмеден Кішім тәте, қарсы бөлмеден Ғұмар әбзи шығып, радионың алдына келеді.

Радио: Тынданыздар, тынданыздар! Колхоз радиостанциясынан сөйлеп тұрмыз. Құрылысшы шеберлер, орман алқабын өсіруші милиораторлар, егін учаскесіндегі бригадирлер, жылқы, қой фермасындағы бақташылар,

тоған салушы мұрабтар мен су мамандары техниктер, комбайн, трактор паркінің бригадирлері, бейбітшілік күнінің еңбек қоңырауының соғылғанын тыңдаңыздар!

Күнгір-күнгір қоңырау соғылады.

Ғұмар (*сағатына қарап*). Қоңырауды мезгілінде соқты. Енді кешігуіміз ұят болар. Тез кетейік те, жетейік.

Кішім. Ақпарды тыңдамайсыз ба?

Ғұмар (*киіне жүріп*). Біткен істің ақпарын кейіннен де естиміз. Біздің шеберлер ирек-ирек басқышпен Мәдениет сарайының жоғарғы күмбезіне көтерілгенше бес минут уақыт өтеді. (*Стол үстінен сарайдың ішкі ою-үлгісін іздейді, таба алмайды.*) Аһ, батшағардың баласы, қайда қойды екен?

Радио: Тыңдаңыздар!

Кішім. Ғұмар әбзи, тыңдаңыздар дейді ғой, тыңдайық та.

Ғұмар. Тыңдауына екі минут, баруына үш минут, көтерілуіне бес минут, батыр бәйбіше, менің есептен тыс артық минутым жоқ. Бұл батшағардың баласына, стол үстіне оңай жерге қой дедік.

Кішім. Ту, Ғұмар, кісінің әңкі-тәңкісін шығардың-ау, түк ести алмадым.

Ғұмар. Не еститіні бар, әлбетте, сізді мақтайды. Бу сіздің балаңыз ба, нағыз қаһар соққан.

Кішім (*Радионың даусын күшейтемін деп, асығыс оңға бұраудың орнына солға бұрайды, радио даусы самбырлайды*). Осыншама әбігерленгендей саған не болды? (*Радионы қайтадан оңға бұрайды.*) Ғұмар әбзи, партия ұйымының атынан сөйлеп тұрған Біркен екен. Енді сөзді доғарыңыз.

Радио. Колхозшы жолдастар! Бүгін Мәдениет сарайының ішкі ою-өрнектерін бастаймыз. Құрылысшы шеберлер салған ою-өрнектерден өздеріңнің жарқын бейнелерінді көресіңдер. Шаттыққа бөленген салтанатты тұрмыстарыңды көресіңдер. Еңбектегі озаттар, мәдениет сарайы — сендердің көркеюің. Бүгін Кішім тәтем бригадада жаңа құрылысқа көмектесу күнін жариялады. Олар Мәдениет сарайының сәулетті болып бітуіне өнер үлесі, еңбек үлестерін қоспақ. Құрылыста қызу қарқын болсын, жолдастар!

Ғұмар. А, бәйбіше, сонда нешик, сіз бізден озық болғаныңыз ба?

Кішім. Әрине, Ғұмар әбзи, озған кісі әруақытта да үлгі көрсетеді.

Ғұмар. Имм... столбадай болып радионың алдынан кетпей тұрып алғанда, маған мақтану үшін тұрып едім де!

Кішім. Ғұмар-ау, көмекке жіберіп отырған өздері ғой.

Ғұмар. Сіз бір оюды оя білетін шебер болсаңыз екен, үй майлайтын сылақшы да емессіз. Көмекке келерсіз де, кірпішті көтерерсіз, сегіз пұт боп тұрарсыз да.

Кішім. Ғұмар әбзи, сіз мені әбден қорладыңыз.

Ғұмар. Батыр бәйбіше, сіз мені әбден ғарып еттіңіз. Жер жұтты ма, бұл қайда?

Кішім. Іздеп жүргеніңіз не?

Ғұмар. Сарайдың ішкі оюларының планы.

Кішім. Таңдап алған жоқ па едіңіз?

Ғұмар. Таңдағамыз да, сіздің білімпаз балаңыздың қайтадан жасаған ою-өрнегін алатын болғанбыз.

Кішім *(ішкі үйден бір папканы алып шығады)*. Осының ішінен менің де бір көзім шалған тәрізді еді.

Ғұмар *(асығып ақтарып тауып алады)*. Тура мыннан шықты. Бұл сіздің балаңыз, үлгіден үлгі, оюдан оюды таңдаймын деп, өзі де қиналды, мені де шаршатты. Түбінде не асқан шебер архитектор болады, не Оқпанның Асымы сияқты оқи-оқи хиялы айналған бас қатырардың өзі болады.

Кішім. Дегенмен шарқ ұрып іздеуінің зияны болмаған болар. Шай ішіп бармайсыз ба?

Ғұмар. Көмекке келетін сізге асығыстық жоқ, ал бізге бір минут та қымбат. *(Асығыс шығып кетеді.)*

Кішім. Шебер атаулының бәрі де осындай намысты, ақкөңіл, ағынан жарылатын әділ ме екен, жоқ, әлде әдет алған мінез бе екен?! Қой, бұл шалды еңседе бір көтермеге алайын да, қайтсе де бүгін бітіретін болайық.

Дереу киіне бастайды, Төлеш пен Біркен кіреді.

Біркен. Ау, сәлем бердік, Кішім тәте, қайда жөнелдіңіз?

Кішім. Сәлемет бол, қайным. Ғұмар шеберді көтермеге алуға барғалы тұрмын.

Төлеш. Тәте, тым артық сөздің керегі не?

Кішім. Мені бір кірге өлшеп көргендей сөйлейді.

Біркен. Құрбының назы, құрдастың әзілі болмай ма, Кішім тәте?

Кішім. Жоқ, ол шалды ма, көмекке келдің деп намыстанбақ түгіл, ер тоқымын бауырына алып туласа да, болдыртып шығарармын. Әй, Төлеш, анада үй сылағанда алған колхоздың қол қалақтары сенекте жата-тын еді?

Төлеш. Жатқан... Ішкі ою-өрнектеріне араласпай, қара жұмысын істесеңіз де болады ғой, тәте.

Кішім. Мені бір түк білмейтінге санайды. Он сау-сағым кестенің бізіндей ойнағанда, сенің исің де жоқ-ты. Содан қиын ба?

Үйдің алдындағы сенектен үй салушы құрылысшы шеберлер қолданатын қайқы қалақтарды алып келеді. Сырттан Кішімнің бригадасында істейтін әйелдердің бірі кіреді.

Әйел. Жеңеше, біз сізді күтіп тұрмыз.

Кішім. Бері кел, мынаны ал да, әйелдерге бөліп бер. *(Әр қалақты әйелдің қолына берген сайын нәштеп.)* Көтермеге ал да кірпіш тасы, мә! Жарысқа түс те, озып шық. Оюын ой да, өрнегін сал, бар! *(Әйел қалақтарды алып кетеді.)*

Біркен *(риза бол)*. Жұмыстың қауырт кезінде ер мінезбен осындай бір өрге бастайтының бар-ау, Кішім тәте!

Кішім. Е, тәйірі деген, қуаң жерді құнарлы еткен Кішімге Мәдениет сарайының сәулеті қиын болып па?!

Біркен. Біз сенің бригаданды көмекке жібергенде, құрылысшылар ортасында үдере қимылдайтын еңбекке қарқын болсын, ішкі ою-өрнектерін бүгін бітіретін болайық деген мақсатпен жіберіп отырмыз.

Кішім. Мен бір айтпан, айтқанымнан, сірә, бір қайтпан депті ғой, баяғыда мен ұстаған біреу, сол... *(Қалақтардың қалғанын алып жатып.)* Әй, Қымызы, Қалампыр, Жанат... Естіп тұрсыңдар ма, председателдің тапсырмасын!?

Төлеш. Далада тұрып қалай естиді?

Кішім. Ә, далада тұр ма еді!? Ғұмар әбзи айтқандай, айда, Кішім, бас көрікті... *(Кетеді. Төлеш стол үстіне Мәдениет сарайының ішкі құрылысының үлгісін жаяды.)*

Төлеш. Біркен аға, партия жиналысының тапсыруы бойынша сіз маған қайтадан жасауды тапсырып едіңіз. Сіздің тапсырмаңыз бойынша бізден бұрын салған колхоздардың Мәдениет сарайларының үлгісін архитек-

тура журналында басылған мақалалар мен суреттерін зерттегенімде, сыртқы көрінісінің сұлулығынан біздің Мәдениет сарайымыз әлдеқайда жақсы екендігі байқалды.

Біркен. Мақтанба, мақтанба, тең түсіп жатса да, уақасы жоқ.

Төлеш. Біркен аға, мақтанғаным емес, міне, мынау Грузияда бұлақ суы қайнардан фонтанша атылып жатқан жердегі Сергей Миронович Киров атындағы колхоздың Мәдениет сарайы. Мұны архитектура тілінде, күмбезді порталды үлгі деп атайды.

Біркен (*тесіле қадалып*). Сарайының сұлулығын жеткізсең де, жерінің сұлулығын жеткізе алмассың.

Төлеш. Жаңа атыраптағы орман алқабы жан саясы болған кезде, қолдан жасаған көлдер, айдын шалқарға айналады. Сонда біздің жеткеніміз емес пе, Біркен аға?

Біркен. Еділ мен Донды жалғастырғанда ұлы құрылыстың өмірі қырқа жондарға түгел тартылмай, біздің жердің бедерін өзгерту, қиын, Төлеш. Екінші үлгіңді көрсетші.

Төлеш. Мынау Қырғызстанда Микоян жолдас атындағы колхоздың Мәдениет сарайы, ал мынау өзіміздің Алматыдағы «Луч Востока» колхозыныңкі.

Біркен (*екеуін салыстыра қарап*). Маған өте ұнайды, әсіресе, кіре беріс есігі мен маңдай алдындағы бағаналардың ою-өрнектері...

Төлеш. А, оның негізін қайдан алған, соған көз жібердіңіз бе?

Біркен. Соның бәрін біле беретіндей, мен бір суретші ғалым болсам екен, қайдан алсын, халық өнерінің үлгісінен...

Төлеш. Бұл екеуінің жаңалығы сол халық өнерінің үлгісін пайдалануында, Біркен аға. Мен сізге осылардың бәрінен де ғажап, қайтадан жасағанымда маған тамаша ойлар салған, тағы бір Мәдениет сарайының үлгісін көрсетейін. (*Папканың ішінде рет-ретімен салынған үлгілерді іздейді, таба алмайды. Столдың асты-үстіне үңіледі, таба алмайды, ішкі бөлмеге барып, қайда қалдырдым деген өкінішпен қайта шығады.*) Қайда қойдым екен?..

Біркен. Кеңсеге апарып па едің?

Төлеш. Күні кеше осы папканың ішінде болатын.

Біркен. Анықтап қарашы.

Төлеш (бір-бірлеп қарап). Болмады.

Біркен. Оны сен қайдан алып едің?

Төлеш. Біздің Мәдениет сарайының проектісін жасаушы архитектор жіберіп еді.

Біркен. Мен неге көрмедім?

Төлеш. Меңгермей жатып жариялауды лайықсыз көрдім.

Біркен. Не, не? Әлде біреудің еңбегін оңай пайдаланғың келді ме?

Төлеш. Біркен аға, айта көрмеңіз, о не дегеніңіз?

Біркен. Онда неге жасырдың?

Төлеш. Сенсеңіз, жасыруымның себебі біреудің еңбегін оңай пайдалану ниетімен емес еді, үлкен шебердің үлгісін үйрене, бір жағынан зерттей отырып, өз үлгімді ұсыну ниетімен еді.

Біркен. А, қайтадан жасаған үлгіңді ме? Бірақ менен жасыруыңа қарағанда... Ойдағыдай болып шықпаған болды ғой.

Төлеш. Оны енді біткен кезде көрерсіз, Біркен аға.

Біркен. Жоқ, бітпей тұрып көруім керек.

Төлеш. Жаксы, сенбейтін болсаңыз, комиссияны құрыңыз да, менен қабылдап алыңыз.

Біркен. Сенейін дейін, үлгіден-үлгі таңдаудың мәні не?

Төлеш. Сіз маған аса ауыр сөздер айттыңыз, Біркен аға. Біздің салып жатқан Мәдениет сарайымызды халықтық құрылыс, халықтық өнердің белгісі деп атайды. Ондай белгілер жалғыз біздің колхозда ғана ма, барлық колхоздарда да салынып жатыр. Шебер архитектордың үлгісіне халық өз өнерінің үлгісін қосады, өз тәжірибелерін ауысады. Үкімет бекіткен үлгіге мен өз тарапымнан өнер қоссам, оның ешқандай сөлекеті жоқ, Біркен аға.

Біркен. Сол өз тарапыңнан қосатын өнеріңді маған көрсетші, неге үндемейсің, әлде сенбеймісің?

Төлеш (қиналып). Қайда қалдырдым?

Біркен. Тапқырлықпен табылған жаңалық болса, алдыма жайып салмайсың ба?

Төлеш. Алдыңызға жайып сала алмағаннан кейін не деп дәлелдеймін?

Біркен. Таңдауын білсе де, тиянақты байлауын білмейді деген еді Ғұмар әбзи. Қарт шебер сенің дәлелдеп шыға алмайтыныңды сезіп айтса, бекерге таласқансың.

Төлеш. Иә, онда сол Ғұмар ұсынған үлгіні қабылдауыңыз керек еді, Біркен аға.

Біркен. Иә, қабылдаған күнде шеш көңілімнің жұмбағын деп сен бізді әуреге салмайтын едің. Бар жоғы белгісіз, ұйқыда көрген түс тәрізді, ғажап дейсің де танданасын. Жаңылыс неде, ойлан, ойлан да, дереу шешімге кел. Жұмыстың қызу үстінде ою-өрнектерін көпшіліктің алдына жайып сала алмасақ, мен көпшілікке не дерімді білмеймін.

Төлеш. Оныңыз рас, Біркен аға, неден жаңылысқанымды өзім де білмеймін. *(Ішкі бөлмеге кетеді. Аз үнсіз Біркен терезенің алдына барып құрылысшылардың қимылына сүйсіне қарап тұрады. Сапура келеді.)*

Сапура. Таң азанынан шығып едік, Біркен аға, жеткенімізше сол болды, кешіккен жоқпыз ба?

Біркен. Иә, еңбек дабылын естісімен колхозшылардың барлығы да таң азанынан тұрып, Мәдениет сарайының соңғы кірпішін қаласуға келді.

Сапура. Екі бригада топталып, машинаға мінісімен айтысып еді, осында жеткенше айтысты.

Біркен. Немен, өлеңмен бе?

Сапура. Әрине, өлеңмен, жолшыбай күлдіре-күлдіре шегімді қатырды.

Біркен. Міне, шумағымен созылған тағы бір ән шырқады. *(Шақ-шұқ етіп созылған тас шабушылардың балғасының дауысына ұласқан колхозшылардың көтермелей қосылған әндері естіледі.)* Кедергі біз тарапынан болмаса, еңбектің қызуында мін жоқ.

Сапура. Біркен аға, о не кедергі? Жетіспей тұрған бір нәрсе бар ма?

Біркен. Неге болмасын, мен енді аялдамаймын, құрылыстың басына барайын. Тым болмаса сенің хабарыңмен көңілім дауа табар ма екен, баяндашы.

Сапура. Біркен аға, Төлеш әлде ойдағы жерден шықпады ма?

Біркен. Иә, әзірге солай, кейін өзің сөйлесерсің, айтар. Кінә кімде екенін мойындар. Өз жұмысыңды айт.

Сапура *(бірден серпіліп, фотокарточкаларды алдына жинап)*. Мынау бұрнағы жылы күзде еккен жасыл емен мен татар үйеңкісі еді. Аспанға өрлей өскен еменнің жапырағының көк шатырға айналғанын көріңіз.

Біркен. Иә, қабындап өсіп келеді екен.

Сапура. Өскенде қандай. Кеше қызылшоқының бауырынан созылған орман алқабына бас арықтан бір

рет су жібердік те, қырка жонды жиектеп еккен ағаш-тарға атпен культивация жүргіздік.

Біркен. Ақау түскендерін байқадың ба?

Сапура. Ақау түскен бірен-сарандарын жұлып тастап, орнына бұта ектік.

Біркен. Ал, тоған жайы қандай?

Сапура. Өзен суын бізден бұрын ықтағы колхоз-дар өзіне бұрып алыпты.

Біркен. А, кезегімен бе? Жоқ, өз беттерімен бе?

Сапура. Председательмен сөйлесіп көріп едім, сен-дер жетіліп отырған колхозсындар, бір жолғы салмағы-мызды көтеріңдер дейді.

Біркен. Бұ шіркіндерді қашанғы көтереміз?

Сапура. Мен де ұпайымды жібермедім. Ертең үл-кен сорды құрғатып көл жасағанымызға үшінші, төр-тінші кезекті бірге беретін болды.

Біркен. Оның ақыл болған, қалқам Сапура. Мен саған сенемін ғой. Жаңа жетіспей тұрған бір нәрсе бар ма деп шошына сұрадым. Болмашы бір күдіктер алдым-нан шығып мені қатты ойландырып тұр. Тек беті теріске бұрылмасын. Сен болып, мен болып, асқынуға жібермей түзететін болайық. Ойлансын, ойлансын да түзетсін, түсіндің бе, кім туралы айтып тұрғанымыз?

Сапура. Түсінікті, Біркен аға.

Біркен. Түсінсең, жедел жәрдем бер. *(Кетеді. Сапура сәл кідіріп ойланып тұрады, ішкі бөлмеден өңі солғын, қиналған пішінде Төлеш шығады.)*

Сапура. Төлеш саған ойлансын да, түзетсін деді ғой.

Төлеш. Барлығы да ойланылған, Сапура, сенің әтиіңе де ұнаған болатын.

Сапура. Әтиге ұнаса, Біркен ағай неге шұқшияды?

Төлеш. Иә, дәлелдеп шыға алмадық.

Сапура. Немене, үлгіден үлгіні таңдағанда жай ғана таңырқау ма еді?

Төлеш. Сен түсінбей айтып тұрсың, үлгіден-үлгіні таңдасам, ішкі әшекей, ою-өрнектеріне пайдалану үшін болатын. Таңырқау ғана ма дейсің, жоғалттың деп шағын таңырқайтындар таңырқай берсін, мейлі, сөксін, ұрыссын.

Сапура. Ұрыстан не шығады, шеберлер күтіп отыр ғой.

Төлеш. Күтіп отырса, ойланармын да қайта жа-сармын.

Столдың суырмасынан Мәдениет сарайының негізгі үлгісін алады да, стол бетіне жайып, соған бейімдеп, ішкі ою-өрнегін қайтадан жасауға кіріседі.

Сапура. Мұның асығыстық, Төлеш.

Төлеш. Айту жетті ғой, енді менің ойлануыма мүмкіншілік берсеңдерші!

Сапура. Дайын үлгі тұрғанда, жаңадан жасап нең бар? Сен мұны қой, кемі бір аптада бітпейді. Онан да істің тез біту жағын ойла.

Төлеш. Осы жұмыс істеп отырғанда ызындап тұрып ап, ойыңды бөлгеннен қиын не бар екен? *(Тұрып кетеді.)*

Сапура. Ашуланба, Төлеш, қаншама тырыссаң да оны өзіндей дәл түсіре алмайсың. Дәл түсіру мүмкін де емес.

Төлеш. А, патша заманында Исаков Собордың макетін басы-байлы мұжықтар шебер қалай жасаған?

Сапура. Ол сап алтын өнер, шын талант.

Төлеш. Сап алтын болмай, қорғасын қалайы болсақ, қойдық, Сапура.

Сапура. Өзің бүгін ұйықтамағаның ба? Шашың дудырап, көзіңнің алды ісініп, ұйқы-тұйқы құйын соққан адам тәріздісің, серпілші!

Төлеш. Серпілгенде не, маған сақылдап тұрып күл деймісің? Ал, күлдік.

Сапура. Қызықсың-ау, Төлеш.

Төлеш. Ойлансам, серпіл дейсің, күлсем, қызық дейсің, қайта жасайын десем, алтын емес, Біркенің анау.

Сапура. Жаңылыс бір жерге қойғансың да, ұмытқансың, мен білсем.

Төлеш. Білсең, айтпаймысың.

Сапура. Анғыртсың, Төлеш, адам мінезіндегі ерекшелікті айырмайтын асығыстығың да бар. *(Бұл кезде Ғұмар әбзи келе жатады.)* Мен білсем этнімде!

Төлеш *(Бірден сұрауға бата алмай)*. Эти, сізде деп тұр ғой, әлде сіз алдыңыз ба?

Ғұмар. Аты-жөнсіз бұл қалай сұрау?

Сапура. Апырау, шамданбай-ақ жауап беруге болады ғой.

Төлеш. Шыныңызды айтыңызшы, эти?

Ғұмар. Мен өмірімде өтірік айтып көрген емеспін.

Сапура. Эти, жалынып сұрап тұр ғой?!

Ғұмар. Әркімнің өз сүйген аппағы өзіне. Рұқсат, қызым, рұқсат.

Сапура. Бас десе, құлақ дейді ғой. Мәдениет сарайының ішкі үлгісін алдыңыз ба?

Ғұмар. А-а, манадан бері эти-эти деп қақылдағанша, үлгіні алдың ба деп сұрамайсың ба? Иә, өте сұлу жасалыпты, менімен бекерге таласпаған екенсің. Бері кел, мен сенің соңғы жасаған сәулетті оюынды сарайдың маңдай алдына шығарғым келеді. Бірақ бір нәрсені аңғармағансың. Міне, қарап бір жіберейік, сонда аңғарарсың. *(Үлгіні столдың үстіне жаяды.)*

Төлеш *(қуанғаннан)*. Жат біреудің қолына түсті ме деп қорқып едім.

Ғұмар. О не сөз, жат біреуің кім, мен бе?

Сапура *(сыбырлап)*. Төлеш, ашуландырып аласың, өршітпе, өршітпе.

Төлеш. Кешіріңіз, эти, мені бір қорқытуға жаман қорқыттыңыз. Айта беріңіз.

Ғұмар. Кісі көңіл аударып сөйлеп тұрғанда сен пыш-пыш сыбырласпасаң екен...

Сапура. Апыр-ау, сөзді көбейтпей айтыңызшы!

Ғұмар. Үйге кірмей жатып маған шұқшия қарап едіңдер. Тындамайтын болсаңдар, ал айтпадық. *(Үлгіні серпіп тастап түрегеледі.)*

Сапура *(Төлешке)*. О, қауқалақтаған байғұс, мінезін білесің, өршітпе дедім ғой.

Төлеш. Енді бір ауыз ләм десем, үнім өшсін.

Сапура. Эти, қойдық, тыңдайық. Жаңағы бір ұсынысыңыз маған да ұнады. *(Қуланып.)* Иә, алға шығардыңыз, сонда?..

Ғұмар. Қызым, зор қате болған. Сені екі елдің арасындағы елшіліктің оқуына беруім керек екен де.

Сапура. Дұрыс, эти, сіз бізге түсіндіріңізші.

Ғұмар. Түсіндірсем, былай: сен егін даласының кораблі комбайн суретін оң қанаттағы залдың ішіне беруге ұйғарғансың.

Төлеш. Жок, оныңыз бекер болар.

Ғұмар. Неге бекер?

Сапура. Этідікі дұрыс, сонымен, эти, сіз оны қай жерге жібергіңіз келеді?

Ғұмар. Ақылға сап ойлап-ойлап келгенімде, оны Ленин жолдастың портретінен сәл төменірек, бір жағында орман алқабы, канал, екінші жағында кең жазық дала, онда егістің барлық түрлері, сол далада егінді

шалқыта орып келе жатқан дала кораблі комбайнды бергім келеді.

Төлеш. Ал, оң қанаттағы залға не бермекшісіз?

Ғұмар. А, онда секірте қарғытып, шауып жатқан жылқышы мен табын-табын снырлар, үйір-үйір жылқылардың шұрқырасып жатқанын бермекпін?

Төлеш. Сол қанаттағы залға ше?

Ғұмар. Сенің батыр шешеңнен бастап, бүкіл колхоздың әйелдері мен Еңбек Ерлері болмақ. Бір қабырғасында бақшашы бағбандар, екінші қабырғада су-электр станциясы болмақ. Сенің үлгің бойынша, бала...

Төлеш (*ойланып*). Сонда дейік, эти, Мәдениет сарайыңыз, көрмеге айналып кетпей ме, соны ойландыңыз ба?

Ғұмар. Жо-жоқ, көрме түгіл, балам...

Төлеш. Эти, сіз менімен қанша талассаңыз да, бір нәрсені ұғынбағансыз. Үйдің маңдай алдын жаппай суретпен толтыруға болмайды. Онда архитектордың стилін бұзасыз.

Ғұмар. А, мұнда сенің үлгіңде қалай?

Төлеш. Менің үлгімде вестибюльдің ішкі жағында, эти, көріңіз, қараңыз.

Ғұмар. Ну, қарасақ, қарайық та, ойланайық. Қалайша, сен дала кораблін вестибюльдың сыртына шығаруға қарсы боласың? Ол бек әсем көрінбей ме?

Төлеш. Сыймайды-сыймайды, эти, оның өз орны бар.

Сапура (*екеуі тағы да айтысып кете ме деп сақтықпен*). Сыртынан іші сұлу болғаны жақсы ғой, эти.

Ғұмар. Жалтырағанның бәрі бірдей сұлу бола бермейді. Сұлулықты мағынасынан іздеу керек. Бұл жезбен жалтырата салатын ескі шіркеу емес. Қарап жібергенде, бүгінгі социалистік заманда салынған ескерткіш екенін бірден аңғарарлықтай болу керек. А, солай болған үшін де, бірер белгілерді сыртынан берген жөн.

Сапура. Молодец, эти тауып кетті.

Төлеш. Тек бірер белгілерді ғана, соған жә, бәсс, деп келіссек қайтеді, эти?

Ғұмар. О, қаһар соққан бала. Жә, бәсе, деп келісіп ап, менің тамаша ойларымды өзгертіп, өз пікірлерінде қалғыларын келеді, ә? Бірақ та, бала, ертерек ойлауың керек еді, енді кеш қалдың.

Төлеш (*шошынып*). Әти, сіз әлде бастап та қойдыңыз ба?

Ғұмар. Бастамағанда, қоңырау қай сағатта соғылды?

Төлеш. Мұныңыз үлкен қиянат, мені аямағандығыңыз. (*Біркен кірді.*) Біркен аға, сіз маған ауыр сөздер айтып едіңіз, көрдіңіз бе?

Біркен. Көрдім, сенің жоғалттым деп кісіні ауыр ойға қалдырған үлгінді Ғұмар әбзидің асқан шеберлікпен іске асырғанын да көрдім. Қайта жаса дегенде менің де көздегенім осы болатын. Адаспапсың... ойлаған жерден шығыпсың, Төлеш.

Ғұмар. Тура айтады.

Сапура (*сөзін бөліп.*) Әти, тілегеніңіз орындалды ғой, сөзді ұзартпаңыз.

Ғұмар. Қойдым, қызым, қойдым, ұзартпайын.

Біркен. Төлеш, сен неге ойландың?

Төлеш. Келешекте салынатын құрылыстардың планында, Біркен аға, оны ойлауымның себебі жаңа үйлер, мектеп, больница, кино-театрлардың сәулеті мен сымбаты архитектуралық жағынан тұтас болуы — басты шарт. Мәдениет сарайымыздың басты сәулеті ертең салынғалы тұрған жаңа үйлерге үйлесімді болып шықса, онда біздің адаспағанымыз. Онда біз бірінен-бірі сұлу, еңселі биік үйлердің архитектуралық тұтас болуын шешкеніміз.

Біркен. Оны ойлағаныңыз, біз көрсеткен кемшілікті ескеріп, Ғұмар әбзиден үйренгенім де.

Төлеш. Иә, онда біз Мәдениет сарайының сәулетіне сай жаңа үйлердің үлгісіне ыңғайлапғанымыз.

Ғұмар. Осы образцы русского зодчества вы каза-ша не деп айтуға болады, Біркен жолдас?

Біркен. Сапура білмесе, менің естімеген сөзім.

Сапура. Орыстың үй салу өнерінің таңдаулы үлгілері.

Ғұмар. Димәк, орыстың үй салу өнер үлгісін қағида тұтсаң, бала, тілесен, қандай үй сал, архитектура-лық сымбатты содан табасың.

Төлеш. Иә, менің ойымның үстінен дәл түстіңіз, әти. Менің сізбен танысқанда, көздегенім де сол орыс архитектура үлгісінің зодчествосы болатын. Сіз әдепкі бетте халық өнерінің үлгілерін соған бейімдеп беруге қарсы болдыңыз. Ол қаталығыңызды мойындап, іс жүзін-

де түзеттіңіз. Сіздің шебер қолыңыздан туған өнер біздің болашақ ұрпаққа мәңгі ескерткіш болып қалуына тілектеспіз. Әти, ысылған ұста екендігіңізді біз сияқты шәкірттеріңізге таныттыңыз, ризамын, әти. *(Қолын алады, даладан білегін түрінген адымдай басып Кішім тәте кіреді.)*

К і ш і м. Ғұмар, «жігітке өнер де — өнер, өлең де — өнер, шын жүйрік өрге шапса өршеленер» дегендей, өнерлеріңе мен де сүйсініп, қуанышым қойныма сыймай келдім. Келші, достым!

Ғ ұ м а р. Жо, батыр бәйбіше, үлгі сенің өнерпаз балаңдікі. А, менікі орын тауып орналастыру ғана.

К і ш і м. Жоқ, Ғұмар әбзи, менің балам — сенің балаң, аз уақыттың ішінде соншалық өнерге баулып, болашағына жол сілтеп берген — сенің өнерің. Жүрегімізді шаттық билеп қуанышымыз соншама, жұмыстың қалай еңсеріліп біткенін де білмей қалыппыз.

Б і р к е н. Сапура, терезенің пердесін көтерші. *(Сапура шашақты бауын тартып терезенің пердесін көтереді.)*

Шумақ-шумақ гүл көтерген, Ленин туралы өлеңге қосылып, терезенің алдынан бір топ пионерлер өтіп бара жатады.

Б і р к е н. Міне, өз сәндерімен пионерлер тобы да көмекке келді, достары Ғұмар әбзмен Төлештің арасында болған өнер таласы жүректің ыстық сезіміне әсер етіп, біздің ортамызда тасыған күшке айналды. Істің ақиқатына біздің көзімізді жеткізді. Көмескі болып келген ойлар да анықталды. Жүріңдер, Ғұмар әбздің ел сүйсінген өнерін салтанатпен қабылдайық. *(Барлығы кетеді. Шам сөнеді. Арада бірер күндей уақыт өткен. Сахнаның төріндегі шымылдық көтерілгенде зәулім биік Мәдениет сарайының толық бейнесі көрінеді. Мәдениет сарайының алдындағы абажурлы электр шамын орнатқан бағананың қасында Төлеш пен Сапура тұрады.)*

Т ө л е ш. Өнер дедік, сәулет күттік. Сеніммен кірісіп едік, бұған да жеттік. Арман деген алыс емес екен, Сапура.

С а п у р а. Жүректің тулап тағат таптырмаған арманы осы еді, иә, оған да жеттік.

Т ө л е ш. Сонда қашан демексің?

С а п у р а. Шабыттан туған өнер, шалқыған еңбек адамының ең жақсы сезімдерінің қасиеттерін ашады

дейді ғой... Сәулетті сарайды салған — сен. Айта ғой өзің байлауын.

Төлеш. Өзім айтсам, салтанатты тойымыз жаңа сәулеттің саясында өтсін дер едім...

Сапура. Тоқтай қал, әуелі жан-жағымызға шола бір қарайық... Қолхозымыз шалқар құрылысының сәулетімен безенген болса, онда сенің дегенің болсын... Байқаймысың, аздау болып тұрғанын.

Төлеш. Оның бәрі біткенше күтіп жүреміз бе?

Сапура А, онда ойынына әзірлене бер.

Төлеш. Е, бәсе, осылай бір шешіміне келейік те. Туралап қарайықшы... Міне, үлкен залда Ильич шамы да жағылды. Көкжисктен көтерілген күн нұрының сәулесіндей шұғыла бізді де, біз тұрған алаңды да түгелдей жарқыратты... Осының бәрі кім үшін? Сенімен менің бүгінгі бақытымыз үшін. Әне, сол залдан құрылысшы шеберлері бастап сенің этиң де шықты... Міне бізге гүл беріп, бізбен бірге шаттыққа бөленген пионерлер де келе жатыр.

Мәдениет сарайының ішінен құрылысшы шеберлерді бастап Ғұмар әбзи, Біркен, Кішім тәте шығады. Оларды пионерлер гүлмен қоршайды.

Біркен (*сарайдың сыртқы сымбатына көз тастап*). Біз ішкі сұлулығына тоймай жүрсек, шын сұлулық сыртынан көрінеді екен.

Ғұмар.

Көк орай шалғыны болмаса,
Көлдің сәні келер ме?
Бәйшешегі құлпырмай
Жердің сәні келер ме?..

Бұған сән беріп тұрған дала кемесі — комбайнның суреті де...

Біркен. Дұрыс айтасың, Ғұмар әбзи (*Пионерлерге*). Пәлі, достар келіп қалыпты ғой. Қолдарында шумақ гүлі, Ғұмар ағаларыңа алғыс айтуға келген боларсыңдар, сөзді пионер отрядының председателіне берейік.

Бір пионер (*ортаға шығып*). Құрметті ата-аналар, біздерге сәулетті сарай салып берген құрылысшы шебер ағалар! Им-..я.. Біз қатты қуанып тұрмыз... Қуанышымыздан сіздерге жолдайтын сәлемімізді де білулеріңізге болады. Пионерлер!

Пионерлер (*бір дауыспен*). Бейбітшілік өмірдің

құрылысшы шеберлері! Пионерлерден жалынды сәлем!
(*Гүл сыйлайды, салтанатты музыка.*)

Б і р к е н. Сәлемдеріңе рақмет! Сәлемді де, алғысты да Ғұмар әбзи мен Төлешке айтуларың керек еді.

Ғ ұ м а р. Біркен жолдас, барлығымызға айтқаны дұрыс.

Б і р к е н. Пионерлер, сендер бізге гүл сыйласандар, енді біздің сыйымызды көріңдер! Бұл сәулет сендер мен біздің сәулетіміз. Бұл жан-жағынан нұр құйылған шұғыла, коммунизм дәуірінің шұғыласы. Осының төрінде көсіліп, сахнасында бізбен бірге шалықтап ән салатын да сендер! Осыны салушы шеберлердің өнер үлгісін үйренетін де сендер! Өсіндер, жас жеткіншектер! Шырқандар, Ленин заманының шаттық әнін! (*Көпшілік хоры радиомен жалғасады.*)

Ш ы м ы л д ы қ.

АҒАЙЫНДЫ АЙНАЗАРОВТАР

Екі перделі пьеса

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Ұ м с ы н а й — карт ана.

Қ ұ б а ш — үлкен баласы, колхозда председатель.

Қ ұ р м а ш — ортаншы баласы, инженер-электрик.

Ж ұ м а ш — кіші баласы, ұшқыш.

А й н а ш — қызы.

Ғ а й н и — Жұмаштың келіншегі.



БІРІНШІ ПЕРДЕ

Жаңада салынған еңселі, биік үйдің алдындағы кең терраса; террасаның орам жақ беті ашық, ашықтан орамда отырғызылған жеміс ағаштары, жасыл терек, шырша, талдар көрініп тұрады. Ішкі үйдің қабырғасында колхоздың картасы, жаңа салынып жатқан жел электр станциясының жобасы ілулі тұр.

Ортада — стол, орындық. Перде ашылғанда Ұмсынай жеміс ағаштарының қатар араларын тазартып жүреді. Ішкі үйде күйсандыққа қосылып ән салған Айнаштың даусы естіледі. Ән «Тос мені, тос».

Тос мені, тос, қалқатайым,
Көп кешікпей мен барам.
Кетер күні құрбылық наз,
Бар айтқаның есімде,
Тос мені, тос, ілікпес деп
Тырнағыңа ажалдың,
Тос мені, тос, тоса біл тек,
Көп кешікпей барармын.

Ұмсынай (*әнді ынталана тыңдап, өзіне*). Қолы жұмыстан, басы кітаптан босады-ақ айналдыратыны — ән. Баяғыда біздер «Санадым Қояндының жапырағын, сағындым өз елімнің топырағын» деп айтатын едік, енді бұлар клубқа барса «танс-вальс», үйге келсе «тос» дегені тағы бар. Күй сандығы алдында не арман бар. (*Ән тоқтамайды, даладан жүрісі асығыстау Ғайни келеді.*)

Ғайни. Сәлеметсіз бе, әже? Айнаш үйде ме?

Ұмсынай. Әже деп ұлы шешені, ал апа деп туған шешені айтар болар, дұрыстап амандас, шырағым.

Ғайни. Сәлеметсіз бе, Айнаш мені үйден тосам деп еді.

Ұмсынай (*ишаратпен астарлай сөйлеп*). Қайдам... Толықсыған қыздар «тос» дегенді тауып алыпты ғой, бар, тосқаның болса сен де қосыл, шырағым.

Ғайни. Апа-ау, ол соғыс кезінде шыққан ән ғой.

Ұмсынай. Әндеріңмен бірге сәндерінді де түзе

дегенімде, тосқан кісі «тос мені» деп қақсамай-ақ тосатын болар. *(Бақшаның ішін аралап кете береді. Ғайни абыржып қысылғандай болады да террасқа кіреді, ішкі үйден Айнаш шығады.)*

Ғ а й н и. Айнаш, күй сандығың құтты болсын.

А й н а ш. Айтсын, қашан келдің?

Ғ а й н и. Өткен түнде, қуаты бес жүз аттың күшіндей екі генератор, жел қозғауыштың құралдарын әкелдім. Неге кешікті деп аға маған ренжіген жоқ па? жапырағы семіп барады. Мелиоратор қыз жаңа алқап-

А й н а ш. Отырғызған ағаштардың тамыры құрғап, ты суландырудың жұмыс жоспарын тапсырмады деп қатты кейіді. Немене, тапсырмап па едің?

Ғ а й н и. Жаңа алқапты суландыру — жаңа құрылыстың бір тарауы. Жел қозғауыштың қуатына қарай қайта жасаймыз деген өзі болатын, маған несіне ренжиді.

А й н а ш. Күн райы қысып кетті ғой, сен кеткеннен бері дамылымыз жоқ, аңызак жел сусыз жердің сүреңін қашырып, топырағын күйдіріп жіберді. Шығырдан су жіберіп көріп еді, төменгі салаға жетпей қатты қинады.

Ғ а й н и. Жел қозғаушылар бітпей төменгі салаға су жетпейді. Сарқылмас күштің қайнар көзі желде екенін білгенде, бұл жұмысты ертерек қолға алып, мен де өз жайыма кететін едім.

А й н а ш. Иә, иә, оңайлықпен босата қояр.

Ғ а й н и. Оны ойлап жүрген мен жоқ. Жапан түзде егілген жасыл орман, жан саясы болмай мен де кетпеспін, аға да оңайлықпен жібермес. Сен не бітірдің, соны айтшы?

А й н а ш. Мен бе?.. *(Қабырғада ілулі тұрған жел-электр станциясының суретіне меңзеп.)* Мінеки, болашақтың бейнесін түсірдім.

Ғ а й н и. Өзің бе?

А й н а ш. Сенбеймісің?

Ғ а й н и *(үңіле қарап)*. Мына айыр қанатты зәулім биік жел қозғауыш двигатель болсын, ал мынау не?

А й н а ш. Сенің үлесіне тиетін көл суаттар мен оның жағасына жаңадан егілетін орман алқабы.

Ғ а й н и. Ә, жаңа түсіндім. Желдің күшімен суды жеткізсек, су шөл даланы жаңғыртады. Мен ойлап ем бір ғана учаскенің аумағы шығар деп. Аға құлашын тым кең сілтеген екен. Жұмаш мені тағы да бір жыл күтетін болды.

Айнаш. Айтпақшы, Жұмаштан саған хат келді.
Ғайни. Не деп жазыпты?

Айнаш. Аға менікі болса да, жар сенікі, рұқсатсыз біреудің хатын оқуға бола ма? *(Стол үстіндегі кітаптың ішінен хатты алып.)* Мә, аш та оқы.

Ғайни *(ашып оқиды)*. «Ғайни, менің тосуым жетті».

Айнаш. О, амандық жоқ, саулық жоқ, басқа сөз таба алмағандай тұп-тура «Ғайни, менің тосуым жетті» деп бастапты. Бұл жарықтықтардың інісі ағасынан аусайшы, аржағын оқышы.

Ғайни. «Қашан келесің, қашан босайсың, жаңа еккен жасыл ормандарың жайқалғанда ма? Біздің Украина даласының орманы жайқалғалы қашан. Сендерде қалай? Жерлерің қуаң, суларың тапшы болатын еді, төскейге тартсаң қырат, етекке тартсаң құмайт, баурайы бап тілейтін жер ғой. Бұрнағы жылы барғанымда аға қысы қатал, жазы ыстық жерден жанға сая самал соққызамын деп көл суаттар жасатып жатыр еді. Қашан келесің? Қауырт жұмыс, қызу істен қолы босамаған ардақты қызға өзім барайын ба, жоқ өзің келемісің?.. Міне, мені генерал шақыртып бөліп кетті. Ендігі хабарды генералға сөйлескеннен кейін телеграмнан күт».

Айнаш. «Мені генерал шақыртып бөліп кетті...» Иә, генералдан рұқсат сұраған болды.

Ғайни. Толықсыған қыздар «тос» дегенді тауып алыпты деп жаңа апан да айтып еді, ол келсе тағы да бір бүлік салатын болды.

Айнаш. Бүлігің не? Күйеуге шығуда не бүлік бар?

Ғайни. Жұмаш, ағадан мені босат, бірге алып кетем дейді. Аға босатпайды. Содан келеді де екеуінің арасында реніш туады. Құрылыс бітпей келмей-ақ қойса екен деп едім.

Айнаш. Қызық-ау өзі. Күйеуге шығады екенсің, «рұқсат етіңіз, аға, жұмыс-құрылыс деп жүреміз бе» деп турасын айтқанның не айып-шамы бар?

Ғайни. Суды шөлге тартудың тетігі менің қолымда тұрғанда аға мені өлсе де босатпайды. *(Бақшаның ішінен Ұмсынай келе жатады.)*

Ұмсынай. Айнаш, ау, Айнаш!.. Шүрегей пештің үстіндегі сүтті қарадың ба, тасып жатпасын, піссе алып қой.

Ғайни. Ол қандай пеш, апа?

Ұмсынай. Әлгі өзі жанып, өзі сөнетін электр пеші деймін.

Ғайни. А, электр-плитка деңіз.

Ұмсынай. Иә, шырағым, ас үйдегі плитканың үстінде... *(Ғайни ішкі үйге кіреді, сырттан почтальон келіп қақпаны қағады.)*

Почтальон. Қайсың барсындар?

Ұмсынай. Не боп қалды?

Почтальон. Мә, мынаған қол қойыңыз, шеше.

Ұмсынай. Мен үшін өзің қой да бере сал, қарағым.

Почтальон. Жоқ, болмайды, шеше, тәртіп солай.

Ұмсынай. Тәртіп, тәртіпті бола қалған екенсің, кәні, бері әкел. *(Почтальон кітапшаны ұсынады.)*

Ұмсынай *(сығырайып, сүзіле қаран)*. Қай жерге?

Почтальон. Мына араға, шеше.

Ұмсынай *(қарындашты саусағының ұшымен мәйміте ұстап, ішінен ежіктеп)*. Ұмсынай...

Почтальон. Айназаров деп фамилияңызды жазыңыз, шеше.

Ұмсынай. Ой, бар болғыр қу тәптіш. Ұмсынайдың аты тақияңа тар болып тұрғандай, әткемнің атын ататып болдың-ау. Ал, обалы саған, Айназаров. *(Қол қояды, телеграмманы алып үйге қарай жүреді.)* Құлыным Құрмаштан ба екен, Жұмаштан ба екен? Дәуде болса Жұмашымнан болар. Ана жылы да ойда жоқ жерден осындай телеграмма беріп, ізінше дауылпазымен жетіп келгенде, аханнанның ұшқырлығына бүкіл ауыл таң қалып еді, жаңағы таңырандаған кер пұшық қыз да қуанатын болды, қайтсын жас неме, мен бойымды алысырақ ұстағаным болмаса, «апа, апатай» дегенде іш бауырымнан өтеді. *(Үйден Айнаш пен Ғайни шығады.)*

Айнаш. Апа, кіммен сөйлесіп тұрсың?

Ұмсынай. Кіммен болсын, телеграммамен.

Ғайни *(асыға сөйлеп)*. Телеграмма келді ме, кімнен, апа?

Ұмсынай. Жүрісінің жылдамдығына қарағанда Жұмашымнан болу керек.

Айнаш. Оны қайдан білдің?

Ұмсынай. Қайдан білдің?.. Жүрегімнің қуанышынан, мә не деп жазыпты, оқындаршы. *(Айнаш пен Ғайни жарыса оқиды.)*

Айнаш. «Бүгін таңғы сағат алтыда Москваның

аэродромынан ұштым, кешкі сағат жетіде үйде боламын. Қонатын жерге белгі беріндер, Жұмаш».

Ұ м с ы н а й. Немене, дауылпазымен келе жатырмын деп пе?

А й н а ш. Иә, апа. Ғайни, сағатыңа қарашы?

Ғ а й н и. Бестен жиырма минут кетті.

А й н а ш. Бір сағат қырық минут қалды, дереу облысқа аэропорттың начальнигіне телеграмма беруіміз керек. Ол ана жылғы түсінікпен, колхоздың айналасының бәрі даңғыл жазық деп, соңғы жылдарда қазылған арық, атыз, жыртылған пар мен отырғызылған ағаштарды білмей беріп отыр.

Ұ м с ы н а й. Не дейді, не сұмдығын айттыңдар?

Ғ а й н и. Жер мөлшері өзіне таныс, облыстық аэродромға соға қояр ма екен?

А й н а ш. Соғыста қиын жорықтарды басынан өткізген шебер, батыл ұшқыштар да белгісіз жерге қонабайды, оралып келіп өз аэродромына қонады. Осындай ұзаққа созылған істің ақыры көңілсіз боп бітетін еді.

Ұ м с ы н а й. Қызым, қайдағы қорқынышты айтып тұрсың.

А й н а ш. Апа, сіз білмейсіз.

Ұ м с ы н а й. Жә, күн бұрын үрей туғызба әрі, қонатын жерін білмесе, несіне ұшқыш болып жүр.

А й н а ш. Апа, түсінсеңізші, самолеттің қонуына жағдайлы етіп күн бұрын жасап қойған орындар болады, оны аэродром деп атайды.

Ұ м с ы н а й. Апырай, жау қамалына тұманда да, түнде де ұштым демейтін бе еді. Келін шырағым, мына байбалам қыз есімнен жаңылдырып, сені келін дегізді-ау.

Ғ а й н и. Оқасы жоқ, апа, айта беріңіз.

Ұ м с ы н а й. Ей, екеуіңе айтам, менен туған бала болсаңдар абыржымандар да, саспаңдар да, белгісін беріндер де күтіп алыңдар.

Ғ а й н и. Апам дұрыс айтады, түсудің тәсілі көп. Айнаш, ұшқыштардың тілінде шүйіліп түсу, самолеттің моторын сөндіріп, жылдамдығын тежеп көлбей түсуді — планирование деп атайды. Сол тәсілдің бірін қолданбаса, ол өзіне сеніп телеграмма бермес еді.

А й н а ш. Оның бәрі жері шындалып, беті тегістелген аэродромда қолданатын тәсіл. Бізді қорқынышқа, өзін қауыпқа итермей-ақ, дайын тұрған облыстық аэродромға қонғаны мақұл, бері жүр, почтаға барып

телеграмма берелік. *(Екеуі террастан шыға бергенде, сырттан машинаның даусы естіледі.)*

Ғ а й н и. Ағаның машинасы.

А й н а ш. Ағаға бұл жайды айтпай-ақ, апа, екеуімізге сеніңіз, сіз де үндемеңіз.

Ұ м с ы н а й. Одан несін жасырасың?

А й н а ш. Аға самолеттің жайын білмейді, мұндай іске бойын тежей ұстаудан гөрі тәуекелі көп, қорықсақта, қиналсақта біз көрейік, апа, үндемеңіз.

Ұ м с ы н а й. Айтпа дедіндер, айтпалық, жолдарын болсын. *(Қасында сәнді киінген інісі Құрмаш бар, Құбаш алдарынан қарсы шығады.)*

А й н а ш. Құрмаш аға.

Қ ұ р м а ш. О, күн тайлақ, бойың серейіп, үлкен жігіт болыпсың ғой.

А й н а ш. Жоғарылатыңыз, аға. Біз қазір келеміз. *(Асығыс Ғайни екеуі кете береді.)*

Қ ұ б а ш. Айнаш, қайда жөнелдің?

А й н а ш. Құрылыс басына, біз келгенше әңгімелесе тұрындар. *(Кетеді.)*

Қ ұ б а ш. Апа, күж қаранды сан рет шақырсақта келмей жүр еді, дес бергенде өзі келді, қолыңнан енді шығарма. Маған да көмегі тиер.

Ұ м с ы н а й. Күж қара. Құрмашым... Амансың ба, жаным? *(Бетінен сүйеді.)* Ағайынды екеуің қайдан кездестіндер?

Қ ұ р м а ш. Ауданда, апа.

Ұ м с ы н а й. Кербез келін мен Қобештің дені сау ма?

Қ ұ р м а ш. Сау, сәлем деді.

Ұ м с ы н а й *(ойланып)*. Тілім де келмейді, кондукторлық оқуды қорғайды, кітап жазады, иә ештеңе шығара алды ма?

Қ ұ р м а ш. Докторлық деңіз, апа, кондуктор деп поездда билет тексеретінді айтады.

Ұ м с ы н а й. Қайдам, нобайын келтірсем болғаным да.

Қ ұ б а ш. Апамның өзі үндемей жүріп, бәрін біледі, кейде не бір қиын тілдерді де айтып салады.

Ұ м с ы н а й. Немене, мен бір сондай «күлікей» жаман кемпір ме екем?

Қ ұ б а ш. Не, не, апа, қайта айтыңызшы?

Ұ м с ы н а й. «Күлікей» жаман кемпір ме екем деймін. *(Самауыр алып шай қоюға кетеді.)*

Қ ұ б а ш. Онысы — орысшалағаны. Ал, Құрмаш, жол

бойында жел-электр станциясы туралы айтылған әңгіменің *(қабырғадағы станциясының жобасын көрсетіп.)* іске асырылуы мына тәріздес еді.

Қ ұ р м а ш *(жобаға үңіліп)*. Кімдердің үлгісі бойынша жасалған?

Қ ұ б а ш. Біздікі бергі долбар, оны енді инженер-электрик сен білмесең, маған қиындау.

Қ ұ р м а ш. Д—50... Профессор Уфимцов пен академик Николай Красовскийлердің үлгілерін кеңейтіп ұсынушы Орталық жел-энергетика институтының үлгісі болды. Иә, бұл зор күш, таусылмайтын мол күш.

Қ ұ б а ш. Қуаты мен суатын, қаншалық мөлшерге көтеруге болады?

Қ ұ р м а ш. Қуаты киловаттық өлшеу де, суатыңыз жел қозғауыштар арқылы жерді суару болар. Ол желдің бір секундта неше метр соғуындағы шапшаңдығына қарай.

Қ ұ б а ш. Оқығанның аты оқыған-ау. Осы жобаны сызушы инженер де маған соны айтып еді. Ғылым оқуда, тәжірибе тоқуда дейді ғой. Мен саған ауа-райын бақылаудағы өз тәжірибемді айтайын, әр жерде әралуан жел соғады, кейде соққан желдің екпіні жауғалы тұрған бұлтты айдайды, оны қазақ бұлт көшті дейді. Бұлт ала, жер шола деген мәтел де бар. Жауынның ала болуы бұлттан емес, желден, жер бетінде соғатын желден тәрізді. Жылдың төрт мезгілінде біздің колхоздың үстінен бірнеше желдер соғып өтіп жатады, өсімдікті сар балақтандырып, жер бетін қаңсытып, топырақты күйдіріп кететін аңызақтың ыстық желі, жазғытұрым соғатын қатқақтың қара суық желі, күзге салым болатын сүмбіленің құба желі, қуалай соғатын қоңыр жел, қыста борандатып, жазда шаңдатып келетін дауылды желдердің сырын түйіп, тамырын ұстағандай болдық. Бұл бақылаудан қандай қорытынды шығардың дейсің ғой, қысқа айтайын.

Қ ұ р м а ш. Жоқ, қысылмаңыз, бақылағаныңызды түгел айтыңыз!

Қ ұ б а ш. Түгел айтсам, жауар бұлтты жел көтеріп кете бергеннен кейін, аспаннан дәметуді қойдық, егінжайды қолдан суаруға көштік, сарқырап ағып жатқан өзені жоқ жерде қолдан суару оңай ма? Сай-саланы сағасынан байлап, тоғандар мен көл-суаттар жасадық. Қара судың жағаларына шығырлар орнаттық. Қуаң жердің құрғақшылығымен күресуде бұл бір жүйе істелген шаралар болды.

Құрмаш (колхоздың картасына қарап). Басқа шараңызды айтып көріңіз.

Құбаш. Бізде ойпанды, қайқаң жерлер аз болатын.

Құрмаш. Суармаға бәрібір емес пе?

Құбаш. Неге бәрібір, жерді өңдеу — бір тұтқаны басып қалсаң, шек аралатқандай айналдырып әкеп қолыңа ұстататын сенің заводтағы машинаң емес, күн райына қарай бап тілейді.

Құрмаш. Иә, мен сол тілейтін шараны сұрап тұрмын.

Құбаш. Соңғы төрт жылда, Вильямстың шөп танапты жүйесін қолдандық.

Құрмаш. Шөп танаптас жүйені іске асыруда, қосымша қандай шаралар қолдандыңыз?

Құбаш. Шөпті араластырып себу, жерді өңдеу, тұқым сортын іріктеу, ағаш отырғызу, көл суаттар жасау, басқа қандай шара?

Құрмаш. Иә, кезінде ескермей өткізіп алғансыз, ең негізгі күш адамда. Шөп танапты жүйенің кілті тракторист-механизаторда емес пе, ағасы. Жақсы, таласпалық, алған өніміңіз?

Құбаш. Дәнді егісті бес центнерден жиырмаға дейін көтердік.

Құрмаш. А, не үшін жиырма, отыз неге болмасқа?

Құбаш. Су тапшы да жер қуаң, қуаң жерден бес-тең жиырмаға дейін көтеру аз табыс па?

Құрмаш. Аз, енді мені тыңдаңыз, сіз көл-суаттар жасап, шығырлар орнатқаннан кейін, отызды ойып алып, қырықты қусырып жүруіңіз керек еді, менімше сіз құлашыңызды әлі де кең жая алмаған көрінесіз.

Құбаш. Жақсы, оған біз де таласпадық, інісі.

Құрмаш. Шұрайлы жеріңнен пайдаланылмай бос жатқан далаң көп, суармалы учаскенің көлемі мынау ғой.

Құбаш. Әзірге осы, бірақ та менде бос жатқан дала жоқ.

Құрмаш. Кешіріңіз. (Картаны нұсқап.) Жалпы етек, көкпекті даласындағы жазықтар, бұрынғыдан оншалықты өзгермеген тәрізді.

Құбаш. Иә, дәл айттың, тауып айттың, ғылым мен тәжірибе ағайынды адамдардай егіз, бірінен-бірін айыруға болмайды дейді ғой. Мен тәжірибе де, сен ғылым, сол даланы өзгерту үшін не істеуім керек?

Құрмаш. Қиын сұрау.

Құба ш. Несіне ойланасың, өзің инженерсің, өзің өзгермегенді көріп те тұрсың, мен туған жерде сен де тудың.

Құрма ш. Меніңше, жел мен судың энергетикалық қуатын жасау керек қой деймін.

Құба ш. Сонда?

Құрма ш. Сонда не болсын, жапанды жаңғыртқаның.

Құба ш. А, солай ма, бос жатқан дала, жапан түздер, құба жондарды өзгертуде менің сенен күткен жауабым да осы еді, жақсы, енді мені тыңда. Иә, от ала келген әйелдің де он ауыз сөзі бар, сен өзің қанша уақытқа келдің?

Құрма ш. Қанша болатыным, сендердің жұмыстарыңның көлеміне қарай.

Құба ш. Ғылым зерттеуді, тәжірибе салыстыруды қажет етпей ме, мүмкін зерттеу аздау соқса, құрылыстың бітуіне дейін қаларсың?

Құрма ш. Айттым ғой оны жұмыстың көлемі біледі деп.

Құба ш. Біздің колхоз адамдарының еңбегі мен жаңалықтар туғызудағы тарихын зерттесең, ол сендердің кабинетте отырып ашқан жаңалықтарыңнан әлдеқайда қызғылықты, әлдеқайда мәндірек болар. Біздің тәжірибемізге сүйенбей, сендер жаратылысты адамның ақыл айласына бағындырудың жаңа қисындарын таба алмайсыңдар, сен менің салтанатымды көру үшін келмеген боларсың?

Құрма ш. Солай де, ағасы, шыжымдап сөз саралап, пікір тартуыңа қарағанда жапан түзді жаңғыртудың тетігі жел қуатын таксымдап су қуатынан табиғи қор жасау, салынып жатқан жел-электр станциясының қуатын жасақтап бер, содан нәтиже шығар, жаңалықтар ізде дегің келеді ғой.

Құба ш. Иә, жел қуатын пайдаланудың тұңғыш қадамы бізден басталды.

Құрма ш. Маған құрылыс планыңызды көрсетіңізші.

Құба ш. Мақұл. *(Стол үстінен іздейді, таба алмайды.)* Қайда қойған? Апа, ау, апа!

Ұмсынбай *(кіреді)*. Жәй шақырдың ба, қалқам?

Құба ш. Осының үстінде план жататын еді.

Ұмсынбай. Жон басына орнататын, жел айналдырғыш күн қалпақтың суретін салған қағаз ба?

Құба ш. Иә, дәл өзі.

Ұмсынай. Білгіш қарындасың аса қадірлі қағаз деген соң мен тығып қойғам. *(Ішкі үйге кетеді.)*

Құбаш. Байқаймысың, қадірін апам да біледі. *(Стол үстіне қалып қойған телеграмманы алып оқиды.)* Бұл тентек тағы да әлек салатын болды.

Құрмаш. Әлек салғаны қалай, кімнен келген телеграмма?

Құбаш. Кімнен болсын, Жұмаштан да, осында сүйген қызы біздің колхозда мелиоратор болып істейді, маған босат деп бірнеше хат жазса да босатпай жүр едім, енді өзі келетін болыпты. Балшықтан кісі жасай алмай отырғанымда, мен оны қалай босатам.

Құрмаш. Тұрмысқа шықпай отыра ма, босат.

Құбаш. Ол қызды сен білмейсің, тамаша қыз, ерге серік, іске берік қыз, сен олқысынған колхоздың суармалы жерлеріне жасыл ормандар еккен сол қыздың еңбегі болатын. Сенің ғылымың оның іскерлігімен жайылымдағы даланы жаңғыртамын деп тұрғанда, мына тентектің килігуін қарашы.

Құрмаш. Не депті, оқышы?

Құбаш. Ұшқыштарға жер алыспа, самолет өзінің қолында, қазір келетін болды.

Құрмаш. Бері әкеліңізші. *(Телеграмманы алып оқиды.)* Қайда қонбақ, бұл маңайда самолеттің қонуына қолайлы жер бар ма?

Құбаш. Соғыс кезінде жау жерінен жол тауып ұшқан тентек өз жеріне қона алмас деп тұрмысың!

Құрмаш *(сағатына қарап)*. Келетін уақыты да таянып қалды, белгі беріндер депті ғой.

Құбаш. Жоқ бермеймін, қиядан ұшқан өзі, қисынын тапсын да қонсын. *(Алыстан самолеттің гүрілі естіледі, аз үнсіз екеуі тыңдайды.)*

Құрмаш. Қай жақтан естіледі? *(Үйден қолында план Ұмсынай шығады.)* Жұмашың келеді, апа.

Ұмсынай. Жұмашым, күнім жетті ме? Кәне, қай тұстан ұшып келеді? *(Қарайды — көре алмайды. Самолет дауысы жақындап, колхоздың үстінен ұшып өткені білініп тұрады. Құрмаш жүгіріп, орамға шығып қарайды, Құбаш террастың ашығынан қарайды, Ұмсынай ішінен күбірлеп, тілеуін тілегендей бірдежелер айтып тұрады.)*

Құрмаш. Белгі берейік, дедім... Түсе алмады, ілгері асып кетті.

Ұмсынай. Әлгі алдынан кеткен екі қыз немді бітірді, олар неге белгі бермейді?

Құбаш. Колхозда аэродромның жоғын біледі, қиналсын, қинала түссін, шойын жол тұрғанда самолетпен келіп несі бар?

Құрмаш. Орынсыз қаттылықтың керегі не, аға?

Құбаш. Апыр-ау, енді дайын тұрған менің аэродромым бар ма? Айдалы екен, айласын тапсын да қондырсын, бұ да өзіне бір сын болар.

Құрмаш. Болмашы қиыншылықтың бәрі де жігіт адамға сын бола бермейді.

Ұмсынай. Ағайынды екеуің айтысып тұрасындар ма осылай, алдынан неге шықпайсындар?

Құбаш. Апа, құр бекер қол былғаудан пайда жоқ, алаңды жерлердің бәрінде арық-атыз, бау-бақша, қона алмаса қырдағы жалпы етектің жазығына барар.

Құрмаш. Тым болмаса, соған жөн сілтейік те. *(Самолет қайтадан оралып, бауырлай ұшып, түсуге жер іздейді, бір жоғары бір төмен колхоздың үстін айнала ұшады.)*

Құрмаш. Мұның өзі қалай болды, шүйіліп келіп тағы да түсе алмады. *(Жүгіріп кете береді.)*

Құбаш *(соңынан айқайлап)*. Қырға, қырға қарай, дала алаңқы жазыққа қарай сілте.

Ұмсынай. Айналайын Құбаш-ау, неге тұрсың, өзін де барсайшы.

Құбаш. Сабыр, сабыр ет, апа. Аһ, мына тентек бір қатерге ұшырамаса игі еді, өшіккен кісідей түйілуін. *(Террастан жүгіре шығып, қақпаның қасына келеді.)* Өнеріңе болайын... Көлбей түсіп келді де қайтадан көтерілді, түспеу еркіне қояр емес, апа.

Ұмсынай. Түсе алды ма?

Құбаш. Қырғидан да бетер, тауып кетті, апа, стадионның үстіне келіп шүйілді.

Ұмсынай. Тілеуім теріс емес еді, қанаты талмай қона алды ма, әйтеуір.

Құбаш. Өнер деп осыны айт, сорғалай түсіп, сынадай жердеп сып беріп өте шықты, жүрегім жаңа орнына түсті-ау, жайшылықта бұлай ұшады, соғыста жау қамалына өнерін бұдан да асыра ұшатын болар.

Ұмсынай. Таңданба, таңданба, ұзағынан сүйіндірсін де.

Құбаш. Осылай үйреткен менің арқам да, апа.

Ұмсынай. Мақтанба, мақтанба, сенен де үлкен ұстаздар бар. *(Қасында ұшқыштар киімінде жолдасы бар, майор шенінде Жұмаш, Айнаш, Ғайни, Құрмаштар келе жатады, Ұмсынай алдынан шығып қарсы алады.)*

Жұмаш. Апа, құшағыңды ашшы. (*Шешесін құшақтап омырауын иіскейді. Ұмсынай бауырына басады.*) Қол былғап белгі беруге жарамаған аға қайда?

Құбаш. Мен мұнда, ертеде керуен жолының белгісі бекер болатын, аспан жолының белгісі зәулім биік бағана басындағы маяк оты. Стадиондағы біз орнатқан бағанадағы қызыл ту түсуіне белгі болды. Келер жолы қонуыңа жон басындағы зәулім биік жел қозғауыштар белгі болмасын қайдан білдің, інім.

Айнаш. Аға тауып айтты.

Құбаш. Кел, кел бері. (*Құшақтап бетінен сүйеді.*)

Шымылдық.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Арада екі жұмадай уақыт өткен, сол үйдің алдындағы терраса, ұзынша келген жалпақ столдың үстінде жел-электр станциясы және оған байланысты су тартатын насос, желдің қуаты арқылы жерді суару қондырғаларының макеті тұр. Перде ашылғанда, ішкі үйде Жұмаш «Ақ ерке» дейтін әнді пианинода ойнап айтып отырады.

Ақ ерке, жүзің жарқын құбыласын,
Ай-жүзің, әсем біткен қиғаш қасың.
Қолаң шаш, құралай көз қазақ қызы,
Жүзіңнен көрем күннің шұғыласын.

Ақ тотыдай еркеш-ай,
Мінезіңнің еркесі-ай,
Жарқын жүзді жан сәулем,
Сағындырмай-ай, уа, уай!
Кел, келші-ай!

Лық толған бір корзинка жемісті азар дегенде көтеріп, Ұмсынай келеді.

Ұмсынай (*корзинканы екі қолымен шірене көтеріп стол үстіне қойып*). Бес пұт дағыра қапты шөкім құрлы көрмейтін Ұмсынайға сен де жүк болдың-ау? Жұмаш-жан, ау Жұмашжан, бері кел!

Жұмаш (*әнін тоқтатпай*). Қазір апа!

Ұмсынай. Ағасымен білім таластырып, айтысып кеп қалады да, артынан сенікі дұрыс, аға, дейді, байқаймың, Құбашты сөзден тосуына қарағанда өнерсіз емес тәрізді. Құбаштар әріден болжап отыратын сұңғыла ғой, ал Құрмаш болса, жатқан бір түпсіз есеп, құдай-ау, жұлдыздың жүрісіне дейін есептейді, не деген ми, не деген ой десеңші. (*Үйден Жұмаш шығып тыңдап тұрады, Ұмсынай байқамайды.*) Келін бала да қылымсып келін екенмін деп тұрмайды, көсіліп сөйлеп кеп бергенде, аузымды ашып қарап қалыппын.

Жұмаш. Кімге, апа?

Ұмсынай. Сенің сұлуыңа да, күнтайым.

Жұмаш. Сондай-ақ сөзуар ма, апа?

Ұмсынай. Жоға тәйір, ана деген балаға сыншы ғой, осында кеше бесеуіңнің білім таластырғаныңды айтамын да!

Жұмаш. Келін балаң көп сөйлейтін сөзуар болса, айтып қойыңыз, ескерейік.

Ұмсынай. Баяғыда қайын атаның алдында, бетімізді жаулығымыздың етегімен қалқалап, қаймығып, именіп тұратын біз ғой деймісің. Тауып айтқанға бәрі де орынды. Біздің колхоздың жемісінен келгелі дәм татқан жоқ едің, әдейі саған әкелдім.

Жұмаш *(жемістерді түр-түріне бөліп)*. Апа, неше алуан түрін әкелгенсіз, бақшаларыңа осылардың бәрі шыға ма?

Ұмсынай. Бәрі де шығады, алуға ерте, піспей тұрғаны қаншама, осында сойдақ тіс, Васька дейтін мешімен түйдей құрдас шалды көрдің бе?

Жұмаш. Ол кім еді, апа?

Ұмсынай. Ұрыстан, бір жыл соң біздің колхозға мүше болып кірді, шіркін білгіштің аты білгіш-ау, сен соғыста жүргенде атам ауылының ескі көңі, біздің ауылдың жаңа көңін жайқалған бақшаға айналдырып, алмасы дейсің бе, жүзімі дейсің бе, қарақат, бүлдірген, шие дейсің бе, сыңсытты да қойды. Қай қала екені есімде жоқ, келін мен екеуі алыста бір қаладан күздік алманың ағашын алып келді, батыр-ау, күзде өсетін ол қандай жеміс деп біз таң қалдық, бақсақ күздің қара суығында да үсімейтін жеміс болады екен. Бір жыл өтті, сенбедік, екі жыл өтті, үш жыл өтті, сенбедік, төртінші жылы ақсарғылт алманы Құбашым үйге әкепті, дәмін татып көрсем, сәл қышқылдау, көдімгі алма. Сенің тұрған жерінде ондай алма өсе ме?

Жұмаш. Өскенде қандай. Қыста алма өсіруді ойлап шығарған кім екенін білесің бе, апа?

Ұмсынай. Бізде сойдақ тіс Васька мен келін екеуі. Басқа жерлерде қайдам....

Жұмаш. Қазір, апа, мен сізге соны ойлап шығарған кісінің нақты өзін көрсетейін. *(Ішкі үйге барып Мичуриннің кітабын алып келіп суретін көрсетеді.)* Орыстың атақты ғалымы Мичурин деген кісі осы.

Ұмсынай. Болса болар, қаршыға көз, қағылез, келісті адам екен.

Жұмаш. Бұл асқан оқымысты дана адам. Құба-

шыңның жапан даланы жаңғыртамын деп жүргендегі сүйенгені — осы кісінің ғылымы. Ал, апа, алмаларды шамаданға салайық.

Ұмсынай. Немене, бүгін жүремісің?

Жұмаш. Әскери тәртіп, кешігуге болмайды, апа.

Ұмсынай. Келін ше, о да жүретін болды ма?

Жұмаш. Колхоздың бар жұмысының тұтқасы соның қолында тұрса да, енді қалуының лайығы жоқ, апа.

Ұмсынай. Құбашты тағы да бір тулататын болдым де.

Жұмаш. Аға туласа, жолды іске жөнсіз киліккені.

Ұмсынай. Жөнсіз демелі. Көп тілегі көлдей, жері шүйгін, суы тұнық болса оған да мерей. Орайын таппай іс, тетігін таппай күш болмайды, сенің сұлуың сылыңғыр қара көп келіншектердің бірі болса екен, бірегейі ғой, қарағым. Суды шөлге тартудың тетігі соның қолында ғой... Сонау құм төбенің басына тас үйдіріп, күн қалпақ, жел айналдырғыштарды салдырып жатқанда соның қамы емес пе?

Жұмаш. Апа, су ғылымын білетін жалғыз сол ғана ма екен?

Ұмсынай. Сабыр, сабыр, қалқам. Оның орнына біреу келіп, келген бетте ұршықтай үйіріп әкетсе жақсы...

Жұмаш. Ал, келмеді, сонда не істемекші?

Ұмсынай. Иә, ал алып бардың, сонда сен оған не істетпексің?

Жұмаш. Қаласа қызмет істейді, қаламаса үйде отырады.

Ұмсынай. Үйде отырады. Ойбой, балам-ай, ағанды ренжітіп жұмыстан қол үзгізіп алып барғанда, үйде отырғызсан, жетістіреді екенсің. Күйеуінің табысына мастанған пудра-шудралардың бірі болады да қояды, онда не болды. Ассертат неге қорғамайды, кітап неге жазбайды, асау фронтта неге оқымайды?!

Жұмаш. Асау фронтың, апа, аспирантура деген сөз болар, үйде отырмаса, сонда оқиды.

Ұмсынай. Тепсе темір үзгендей жігері бар, оқығаны жөн. Әйелім екен деп үйде отырғызып қойма, осында көрші колхоздың бастығы Айқожаның екі танауынан шылымпың түгінін будақ-будақ бұрқырататын тапыраңдаған Тәңкібайы ту сыртынан жарылғалы жүрсе де, жұмыстан қашып үйінде отырды да қойды. Осынша неге семіргенсің дегендерге айтады дейді... «Мандайыма біт-

кен ырысым да...» жақын арада Айқожа орнынан түсіп қалып еді, Тәңкібай, шөңкібай болды.

Жұмаш. Апа, мен — Айқожа, келінің — Тәңкібай емес қой.

Ұмсынай. Жақсы болындар деп ескерткенім де. *(Ішкі үйге кетеді. Үстерінде комбинезон жұмыс басынан Айнаш пен Ғайни келеді.)*

Айнаш. А, жиналып отыр ма едің. Біз бітіруге асықсақ, сен жүруге асықтың, айналып келгенде екі оттың ортасында біз қалдық.

Жұмаш. Сендердің жазығың қанша?

Айнаш. Сұра өзінен, не деген скен?

Ғайни. Сен тағы да ренжисің-ау. Партком, аға үшеуіміз аудандық партия комитетінің бірінші секретарына барып мән-жәйді айтып көріп ек... Сендердің суды шөлге тартып, жер қуатын пайдалануда істеп жатқан игілікті істерің — партия мен үкімет алдында аса жауапты жұмыс. Жеке бастың қиыр-шиыр ұсақ әңгімелерін араластырмайтын мемлекеттік жұмыс. Алматыдан ескі инженер — милиоратор сұрап отырмыз, олар келмей мен әзірге рұқсат етпеймін, құрылыс бітсін, содан кейін көереміз, қош болындар деп қоя берді.

Жұмаш. Қайрауы күшті ғой. Сен кетсең, қараң қалатындай бар қауіпті төндіргенсін солай демегенде не дейді. Дұрыс болған, сен не дедің?

Ғайни. Партиялық жауапкерлігіме тапсырғаннан кейін мен не дейін.

Жұмаш. Жапан түзді жаңғырту, құрылыс, жауапкерлік сендерде болғанда, соғыс өртін тұтатушылардан Советтің шекарасын қорғауда жауапкерлік бізде жоқ па? Семья құру, коммунистік дәстүрден бөлек деп ойласа, онда секретарь жолдас Советтік семья мәселесін түсінбеген.

Айнаш. Түсінеді, неге түсінбесін, әлеуметтік аса жауапты жұмыс үстінде босатқысы келмейді.

Жұмаш. Әлеумет жұмысының ала-құласы жоқ, Айнаш. Ана өз дегені болмаса ырық бермейтін ағаға, әлде болса да айтып көріндер, бізді жіпсіз байламасын, келісімін бермеген күнде өзім сөйлесем.

Ғайни. Жоқ, айту жетті, сен енді арандама.

Жұмаш. Арандаса не сөлекеттігі бар: бұлай бола-рын білгенде, генералдан рұқсат сұрап келуім бекер болған.

Ғайни. Иә, келмей-ақ қойғаныңда мүмкін басқаша шешілетін еді, сен енді аптықпа да, ашуланба да, құры-

лыс бітсін, аға да арманына жетсін, күзге салым қол босайды, самолет болмаса, поезбен барармын.

Жұмаш. Ой, шіркін-ай, сенің аузыңа да аға түкірген екен ғой.

Ғайни. Айнаш, сен төргі үйге бара тұршы.

Айнаш. Бригада үшінші алқаптағы көл табанға ауысады. Шығарып салыңдар да тез келіңдер деді ғой.

Ғайни. Бригадирдің қолына үлгісін сызып бергем, мына тентек ағанның жабыңқы қабағы жадыраса, барлығы да орындалады. *(Айнаш ішкі үйге кетеді.)*

Жұмаш. Мен үшін жаныңды жасыл орманның көлеңкесіне жасырған сыры терең бір қыз болдың ғой.

Ғайни. Иә, бізді қоршаған шалқар өмірдің саясы жасыл орман екені өтірік пе?.. Мен саған біздің адамдардың құм боратып, қолдан дария жасап жатқан жұмыстары жайында айтқалы тұрғаным жоқ, оны өзің де көрдің.

Жұмаш. Осы барлығың да суырыла сөйлейтін шешен болып кеткен екенсіңдер. Құм боратып, тау құлатып...

Ғайни. Адамшылық борыштың алдында, асулы бел боп тұрған міндет сол болса, оны айтпағанда нені айтамыз.

Жұмаш. А, менде сондай борыш жоқ па? От көпірдің аузында оқ боратып, Отанды қорғаған ерліктен мен сендерге бір де сөз айтқаным жоқ.

Ғайни. Жақсы, осы адам не нәрседен ләззат алады?

Жұмаш. Оны орман туралы ой толғаған сіз айтыңыз.

Ғайни. Мен айтсам, бері менің қасыма келіп отырып тыңда. *(Ішкі бөлмеде Айнаш жас көңілдің әуенін көтермелегендей бір ән тартып ақырын ғана қосылады.)* Міне сен жадырасын, аптығын бассын, алаңсыз аттансын деген тілекпен Айнаш та сұлу әннің әуенімен сенің көңіліңді көтергісі келді.

Жұмаш. Әнмен алдандыратындай мен бір ермек таба алмай жүр ме екем?

Ғайни. Апыр-ау, енді соған да шырт етіп ашуланамысың?.. Иә, бір есептен ашулануың да дұрыс... Ашу шақырып, мінез көрсетуді білмей келген маған шынында да осы керек еді.

Жұмаш. Бәлдепбей, айтатыныңды айтшы.

Ғайни. Менің айтайын дегенім... шын коммунист, шын совет адамының қолынан жақсылық та, көмек те

келеді, меніңше саған туған аға, маған қайнаға, жақсылыққа тұрарлық шын коммунист, совет адамы ғой деймін. Соған істеген жақсылығымнан мен үлкен мерей, рухани азық алатын тәріздімін, біз кейде өзімізге жақсы қараған адамды достар деп атаймыз, шын достыққа ол аз, оған қосымша достарды да, өзінді де жоғары бағалау, оның жаңалықпен қалыптасқан ерекшелігін түсіне білу — азаматтық борыштың ең үлкені.

Жұмаш (*бәріне тура қарап*). Немене, сондай адамдарды көрмеді, солардан үлгі алмады деп ойлаймысың, мүмкін шын достық, жолдастықтың сынға түсетін қиын кезеңдерінде ел тағдырын шешкен адамдардың ерлік қасиетін достықтан да биік бағалайтын болармын. Жақсы, үгіт сөз көбейіп кетті, менімен еріп келген жолдасым самолетте күтіп отыр. Айнаш әнмен, сен ақылгөй сөзіңмен шығарып салсаңдар, оған да шүкірлік. (*Кетеді, үйден Айнаш шығады.*)

Айнаш. Немене, көнетін түрі бар ма?

Ғайни. Әскери тәртіптің қаттылығына құнығып қалған солдат қайдан көнеді.

Айнаш. Көнбейтінін білгем. (*Жүрістері асығыстау, үсті шаң, қолдарында өлшеуіш құралдары, Құбаш пен Құрмаш келеді, Құрмаш келген бетте стол үстіндегі макетке үңіліп, тексеріп бөлімшелерін өлшей бастайды.*)

Құбаш. Болмашы дефект осынша бөгейді деп кім ойлаған?

Айнаш. Ол не бөгесін, аға?

Құбаш. Автоматтық қозғаушы дей ме, атын да білмеймін, ауыстырып әкелті.

Айнаш. Әкелген кім, Ғайни сен бе едің?

Құбаш. Иә, Ғайни қалқам, жаңсақтық сенен болды.

Ғайни. Аға-ау, мен бергенін алдым ғой.

Құбаш. Мен не тапсырдым... Жобаны жасаушы инженер Облсовхозда... фактураға жазылған заттарды соған тексертіп, өзімен бірге барып ал дедім.

Ғайни. Аға-ау, ол кісі командировкада болды ғой.

Құбаш. Тосу керек еді. (*Аз үнсіз.*)

Құрмаш. Тексермей алған да, білмей берген.

Құбаш. Қиюы келетін бе?

Құрмаш. Бұл жүрісі жылдам, күші шағын жеңіл қолды жел электр станцияларында ғана болмаса, сендердің еңсесі биік, қуат-күшін мың киловатқа дейін көтеретін станцияларыңа қабыспайды.

Құбаш. Бір тетік бір тетікті қозғайды, түсіндіріп

айтшы, қабыспай тұрғаны не, қиюы келмейтін болса, тезінен шарасын қолданайық.

Қ ұ р м а ш. Қысқасы, онсыз желді суға, суды қырға шығара алмайсың. *(Бұл кезде Ұмсынай есіктен қарап тұрады, үйдегілер байқамайды.)*

Қ ұ б а ш. Облыспен іргелес отырған колхоз болсақ екен, барып келуі бірнеше күнге созылатын болды.

Қ ұ р м а ш. Бірнеше күніңіз не, табыла қойса, жақсы, табылмаса Алматыдан алдыруға тура келеді, айға созылып кетуі де ғажап емес.

Қ ұ б а ш. Не дейді, Ғайни естіп тұрмысың? *(Аз үнсіз.)* Мен саған қатты сеніп едім-ау, қалқам. Жүз қаралы адамды түзде қаңтарып, ақырын күздің қара суық лайсаңына соққызсақ, жұртқа не дейміз, партия мен үкіметке не деп жауап береміз? Жә, енді не тұрыс бар? Аудан не жәрдем берер екен? Айнаш, шоферға айтшы: машинамды дайындасын.

Ғ а й н и. Аға, өз істеген қаталығым екен, өзім түзетейін, сіздің ренжігеніңіз маған ауыр тиіп тұр, аға.

Қ ұ б а ш. Маған ауыр тимей тұрма, қалқам? Осы жаңалықты табуда ақыл бергенде, ұзақ жылдық тәжірибені қорытып, сол даланың бір жылғы ауа райы, екінші жылына ұсамайтынын бақылауға жәрдем берген де сен едің. Бес-он күннің қиындығына ренжіп отырғаным жоқ, сендердің қуаныштарыңа еңсеріліп қалған жұмыстың бір тетігінің жетпей бөгесін болғанына ренжіп отырмын. Тентек мені түсінбей кінәлайды. Оған жеткізіп айттындар ма?

Ғ а й н и. Айтып көріп ек: көнбейді.

Қ ұ б а ш. Көнбесе шағымын, шөл даланы суландырып, орманды алқаптар жасап жатқан халыққа айтсын, ол сені кішкене қарапайым адамдардың бірі ғана деп ойлайтын болар. Орынды жерінде істің тетігін кішкене адамдар да шешеді деп көсеміміз бізді текке үйреткен жоқ.

Ғ а й н и. Тетігі екенімді біле отырып, машинаның тетігін ауыстырып әкелген барлығы да менің кінәм, аға, оған енді мен туралы ешқандай әңгіме көтермеуіңізді сұраймын. Түсінсе көнер, түсінбесе тағы да бір оралар. *(Екеуінің әңгімесіне араласпай тұрған Құрмаш кенет бұрылады.)*

Қ ұ р м а ш. Бұл әр адамның тілегін жақсы ұғынған турашыл ағаның сөзі емес, ол не үшін келді, не үшін тілегін орындамай кетеді, соны ойладыңыз ба?

Қ ұ б а ш. Сен болсаң не істер едің?

Қ ұ р м а ш. Мен салмақты өздеріне салар едім.

Қ ұ б а ш. Төрелігіңе болайын. Жастық біздің басымыздан да өткен, оқасы жоқ, сабырға жеңгізгені жақсы. *(Ұшуға дайындалған, басында былғары құлақшын, қолында былғары биалай, үстінде комбинезон, әскери тәртіппен адымдай басып Жұмаш кіріп келеді.)*

Ж ұ м а ш *(честь беріп)*. Ұшар алдында үлкендерге баяндау салтымыз болатын, қош болындар, ағалар! *(Құбаш, Құрмаш үндемейді.)*

Ғ а й н и. Баяндағаннан кейін жауабын да тосатын.

Ж ұ м а ш. Естігенбіз, құлағымыздың құрышы қанған, апам қайда, апа? *(Ішкі үйден Ұмсынай шығады.)* Осында менің кішкене планшетім бар еді?

Ұ м с ы н а й. Ол не нәрсе, жаным, ондайыңа мен түсіне қоям ба?

Ж ұ м а ш. Мойынға асынатын жұқа былғары сумка, апа.

Ұ м с ы н а й. Осы үйде болса табылар. *(Құрмаш пен Құбашқа қарап.)* Мыналар неге томсырая қалған, сен әлде бірдене дедің бе?

Ж ұ м а ш. Жоқ, апа.

Ұ м с ы н а й. Әй, Құбаш! Осында сенің неге ренжіп келгенінді айтпасаң да білемін. Терезеде нең бар, бері маған қара.

Қ ұ б а ш. Апа, айта бер, мен машинаны қарап тұрмын.

Ұ м с ы н а й. Сенің машинаң аэропланнан ұшқыр емес, айға созылады деп қынжылдың ғой, ай түгіл аптаға да созылмайды, бері қара деймін, мені тыңда.

Қ ұ б а ш. Тыңдадық, апа.

Ұ м с ы н а й. Тыңдасаң, мына Жұмаш пен Ғайниді ренжітпе, жас тілеу, адал тілеу, бұлардың тілеуі — менің тілеуім. Сен көп тілегін қолыңнан келсе дариядай шалқытамын деп жүрген азаматтың бірісің, сәтті кеп тұрған ісің бар, Жұмашым менің сәтті бір жағдайында келген шығар, тілегін бер де тілек қой.

Қ ұ б а ш. Ол не тілек, апа?

Ұ м с ы н а й. Қауырт іске жедел жәрдем керек.

Ғ а й н и *(қуанып)*. Түсіндім, апа, түсіндім. Аға, айып менде еді, айға созылатын жұмысты, алты сағатта орындап қайтуымызға рұқсат етіңіз, кеттік, Жұмаш.

Ж ұ м а ш. Қайда?

Ғ а й н и. Кейін білерсің.

Қ ұ б а ш *(серпіліп, екі адым алға шығып, Жұмашқа)*. Ана сөзіне төрелі. Қиын сағатта жедел жәрдемнен

қымбат не бар, мен жапан түзді жаңғыртып жатқан халықтың қамы, жас тілеу екеуінің қамы үшін оған да бардым. Ертең осы уақытта құрылыстың басынан күтем, тынысым деп күтем.

Жұмаш. Күтетін жалғыз мен ғана ма десем, сіз де күтеді екенсіз ғой.

Ғайни. Жұмаш!..

Жұмаш. Аты-жөні бар ма, қайда?

Ғайни. Облысқа, одан табылмаса Алматыға.

Құрмаш *(үлгісін көрсеткіш қағазды беріп)*. Маркасы Д-50. Бөлшегі электро-магнитты қозғауыш, салмағы 40 килограмм. Жолдарың болсын.

(Ғайни екеуі кетеді. Шам сөнеді. Сахнада ешқандай өзгеріс жоқ, мүмкіндігіне қарай, сахнада бір тәулік уақыттың өткенін мезгілдің түнге айналып, танның атуы, күн шығып, сәске түстің болғандығын көрсету керек. Шам жанғанда жана құрылысты бейнелейтін макеттің жетпеген жерлерін толтырып жасап отырған Айпаш, қоңыр жай бір әнді ыңырсып айтады.)

Айнаш:

Үн қатшы, ән айтшы, жұлдыздай калқалар,

Сол жұлдыз жүректі өзіне тартса егер.

Шаттанса жүрегім кім үшін, не үшін,

Жастығым жайнаған, сүйгенім сен үшін.

(Іші толы азық, дәу корзинканы иығына салып көтеріп сырттан Ұмсынай келеді.)

Ұмсынай. Әй, әнші қыз, бері кел, мынаны демеп жібер.

Айнаш *(ұшып түрекеліп корзинканы иығынан түсіреді)*. Апа-ау, қалай көтеріп келгенсің?

Ұмсынай. Жас кезінде атан өгіздің жарты етін көтеретін Ұмсынайға қой етін көтеру жүк пе екен? Хабар бар ма?

Айнаш. Болмай тұр.

Ұмсынай. Қызым, сен мына иір-шиір өргенінді қоя тұр, басқарманың қасында ағаңның аты байлаулы тұр, соған мін де фермадан барып бір сүйретпе қымыз алып кел.

Айнаш. Жок, апа, аға үйге қымыз тасуды қойыңдар деген.

Ұмсынай. Ей, күнде тасып жатсақ екен. Тойға ішпегенде ағаң ол қымызды атасының басында іше ме?!

Айнаш. Апа, өз дәулетіңіз де жетеді, керегі не соның?

Ұмсынай. О, дүние мұның бәрін бір ұста соққан ғой. Ағаң ұнатпаса қойдық. Онда дүкеннен желік суларынды алып кел.

Айнаш. Оның да қажеті шамалы, өздеріне жетерлік үйде де бар.

Ұмсынай. Ау, әлден мұндайсың, бара-бара бауырсақты дастарқанға санап салатын, сараңның өзі боларсың.

Айнаш. Сөзге айналдырмашы, апа, мен мынаны тез бітіруім керек.

Ұмсынай. Бұл салып жатқан өрнегің не өзі?

Айнаш. Жаңа құрылыс біткеннен кейін колхоз даласы осында көрсетілген сұлулықтай ну ормандармен безеліп, ағынды бұлақ, шалқар көлдермен жарқырайды, апа.

Ұмсынай. Бәлдірік-шәлдіріктеу ме десем, сен де бір істің басына жармасыпсың, бұл өнерді лезде қалай үйрендің?

Айнаш. Құрмаш ағадан, апа, ол біздің құрылыс жоспарымызға көп жаңалықтар кіргізді. Апа, алаңдатпашы, бұл ас пісіруден көрі қиындау нәрсе.

Ұмсынай. Қиын болса қойдық. Мылжындамай тайып тұр дегенің ғой, ә? Тайып тұрдық, білгіш қыз. *(Корзинканы көтеріп ас үйге кетеді. Құбаш кіреді.)*

Құбаш. Не хабар білдің, Айнаш?

Айнаш. Хабар болмай тұр, аға, өзіңіз қайда болдыңыз?

Құбаш. Егіс бригадасының басында, жолаушының кешіккеніне сүйін дейтін еді, бір сөткеден үш сағат асты, алты сағаттық жерге жиырма сағат жүру мүмкін емес. Бұлар инженерді таба алмай соған бөгелді. Болмаса Алматыға тартты.

Айнаш. Құрылыс басына бармадыңыз ба?

Құбаш. Күзгі егісті көзіңмен сепкізбесең болмайды. Соған кешігіп қалдым, апам қайда?

Айнаш. Үйде, тойға әзірленіп жатыр.

Құбаш. Бір рет той болмап па еді?

Айнаш. Той артынан той бола бермей ме?

Құбаш. Апам қайыспайтын құрыш-болат қой. Намысқа келгенде біздерді құшағына ала сүйреп, бір белден асырып тастағандай қамқорлық жасайды. Айнаш, Ғайнидің кетуі жұмысқа әсері тимес пе екен?

Айнаш. Кім білсін, бірінің есесі бірімен. Алғашқы кезде тиюі де ғажап емес?

Құбаш. Иә, үлкен аумақты істі оймен басқару оңай ма, маған енді ондай қызметкер қайда! Көл суаттардың жағалауына орманнан алқап жасап, қыр-қырға салаландырып тартып тастасақ, жер шүйгін де, су тұнық, ғажап

өмірдің ішіне еркін адымдап кірмейміз бе, Айнаш!

А й н а ш. Аға, сіз тым көп арман етесіз.

Қ ұ б а ш. Арман етпеске болмайды, қалқам, мезгілдің жарлығы солай. *(Сағатына қарап.)* Апыр-ау, неге кешікті? *(Тынышсызданып үй ішінде ерсілі-қарсылы жүреді.)* Әлде құрылыс басына барсам ба екен, жоқ үйден күтсем бе екем?

А й н а ш. Аға, түсіңіз қашып тұр ғой, ұйықтамағансыз ба?

Қ ұ б а ш. Көкіректі ой буғанда ұйқы келсе ме, ұзақ түнге кірпігімді де қақпадым.

А й н а ш. Төргі үйге барып дем алыңыз.

Қ ұ б а ш. Алсам алайын. Келсе, маған хабарларсың. *(Төргі үйге кетеді. Аз үнсіз, сырттан машинаның дыбысы естіліп, Айнаш терезеден асыға қарайды.)*

А й н а ш. Солар болғай-ақта, иә солар... Аға, келді, келді! *(Үйден бір етігін шешіп, бір етігін шешпеген Құбаш жүгіріп шығады.)*

Қ ұ б а ш. Не бітіріп келгенін сұрадың ба?

А й н а ш. Машинадан түспей жатып, қалай сұрайын, аға? *(Қасында екі-үш адамы бар Файни кіреді.)*

Ж ұ м а ш *(үйреншікті әдетпен честь бере сөйлеп).* Шеніңіз болмаса да сізге әскери тәртіппен, честь беруге рұқсат етіңіз.

Қ ұ б а ш. А! *(Кідіріп.)* Е, не бітіріп келдіңдер?

Ф а й н и. Генерал алдында үйреніп қалған солдат қой, аға, рұқсат беріңіз.

Ж ұ м а ш. Қазақтың дауыл мінезді бір ақыны жаппандағы жалғыз үйеңкіні орманның генералына теңепті, а, мен мындаған үйеңкіні қолыңыздан отырғызған сізге орманның генералы деген атты бергім келеді. Тапсырмаңыз орындалды.

Ф а й н и. Иә, аға, құрыш болат магнитті-автоматтық қозғауыштар зәулім биік станцияның басына да орнатылды. Біз сізге берген уәделі мерзімде келдік.

Қ ұ б а ш *(қолдарын алып).* Тынысым деп күтем деп едім, тындырғандарыңа рақмет! Аспан әлемінде құстың да өзінше жолы бар, кешегі күні қонуына бағана басындағы қызыл ту белгі болды, бүгін енді ұшуыңа белгі, құба жондарда орнатылған жел күмбездердің басындағы жарқыраған маяк оттары! Ол — сені де, бізді де мәңгі адастырмайтын коммунизмнің оты. Күннен нұр алған жасампаз дәуіріміздің сөнбейтін шұғыласы.

(Қуаныш, музыка.)

Ш ы м ы л д ы қ.

КӨКТЕМ ЖЕЛІ

Үш актылы, төрт картиналы комедия

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Т о р ғ ы н — «Өскен» колхозының председателі.

Е л ш і б е к — сушы-мұрап.

Қ о р л а н — оның қызы, агромелиоратор.

Қ ы р а у б а й — механик, бригадир.

Е л т о қ — исполком председателі.

М о й т ы қ — «Өркен» колхозының председателі.

Ж ұ п а р — оның әйелі, құс фермасының бастығы.

Т о й ш ы б е к — сушы-мұрап.

Н ұ р ы м — оның баласы, агроном.

М а қ п а л — тракторшы қыз.

Х а т ш а г ү л — колхозда хатшы.

Ш а й м ұ қ а н — су бақылаушы.

С а ғ и л а — оның жеңгесі.

Ж а р қ ы н б а й — шофер.



БІРІНШІ АКТ

Құм қайнар. Егіс учаскесіне құйылар жердегі арықтың сағасы. Қайнар суы сағадан екіге айрылады. Бір сала «Өркен» колхозының, екінші сала «Өскен» қолхозының суармалы алқаптарына қарай ойысады. Сәске түс. Әріректе қайнардың төскей жағында қатар отырған колхоздар көрінеді. Сағаға таяу арықтың екі жағына егіс бригадалары орналасқан. Аралары жақын «Өркендікі» жұпынылау да, «Өскен» колхозынікі мейлінше бай. Жылжымалы, фургон радио, плакаттар мен ұрандар ілінген. Әсем киінген әулетті жас жігіт Қыраубай қолында гармонь, сахна сыртында біреуге ынталана қарап тұр.

Қыраубай (*гармоньға қосып*).

Мақпалым, менің, Мақпалым,
Келе беред мактағым,
Іздесем де қаншама,
Сендей қызды таппадым.
Кенесуге кеңінен,
Әдейі іздеп келіп ем.
Қандай бақыт сырласып,
Табысқан өз теңіммен.

Үстінде комбинезон, Мақпал кіреді.

Мақпал (*есіркей қарсы алып*). Қыраубай! Әндетіп тұрған кім десем, сен бе едің?

Қыраубай. Трактордың кеудесіне жабысып ап басынды көтермейсің ғой?

Мақпал. Қашан келдің?

Қыраубай. Келе жатқан бетім.

Мақпал. Тіпті үйіңе соқпастан маған бұрылғаның ба?

Қыраубай. Күзде жолыға алмай кеткенімнің кінәсы да... (*Екеуі де арықтың жиегіне қатар түзеп отырады.*) Қысты қалай өткіздің?

Мақпал. Сен оқыған оқуды біз де оқыдық. Майлағыш та сен, жалғағыш та сен едің, жоғарыладың ба?

Қыраубай. Механик атын алдық. Алты ай қыс бойына екі-ақ рет хат жаздың.

Мақпал. Хатты аз жазсам да, жойқыным не істеп

жүр екен, ән салып жүр ме, мотор-дизельдің тетігін айыра алмай қиналып жүр ме деп күн сайын есіме түсірдім...

Қыраубай (өзіне қарай икемдеп). Келші, қара алтыным! (Жарқын жүзбен біріне-бірі ынтызар болып тұрғанда, сыртта кезекке таласқан мұраптардың жанжалы естіледі.)

Мақпал (түреген). Ойбай-ау, бұл не жанжал?.. Елшекенді қара, үйіріп соқты... Баршы, Қыраубай.

Қыраубай (тұра жөнеліп). Ойыны ма, шыны ма? Ау, ой, қойыңдар! Араша, араша!..

Қатты егескен, бірінің жағасынан бірі алып тарбиысып қалған Елшібек пен Тойшыбек кіреді.

Елшібек. Айғақ бол, Қыраубай.

Тойшыбек. Мақпал, сен де айғақ бол.

Қыраубай. Бұларың не? Ұят қой!..

Тойшыбек. Ұятты ойласа жағамнан ала ма!..

Елшібек. Жағаңнан алу аз саған. Ашыңдар ана қаланды!

Тойшыбек. Сен айқайлағанмен қалан ашылмайды. Әзілі жоқтың ашуы қолыңда.

Мақпал. Қос құда, жанжалды қойыңдар... шекісіп қалған екенсіздер, енді бекінісіңіздер!

Елшібек. Құдам болса қайтейін, мұның жолсыздығын қолдау үшін құда болғаным жоқ.

Тойшыбек. Уа, шіркіннің жолгерін...

Қыраубай. Қазір аудан агрономы келеді, өршітпендер енді.

Мақпал. Иә, өршітпендер... Жаманаты бізге қалады...

Елшібек. Білімпаз қызың баламды ауданға сүйреді деп қитығамысың, намысты бала болса неге сүйреледі?

Қыраубай. Елшеке, сізге не болған?

Елшібек. Бұл құнтіған неме, сортаңға айналған жерді немесі өңдеуді өзі білмейді, білгеннің тілін алмайды.

Қыраубай. Тойшеке, Елшекеннің сөзінің де жаны бар. Аудан агрономының шешімін күтіңіздер, енді жанжалдаспайсыңдар ғой?

Тойшыбек. Қойдым, шырағым, қойдым...

Мақпал мен Қыраубай кетеді, Елшібек қаланды ашады, екі колхоздың егіс бригадасындағы әйелдер келеді.

І Ә й е л. Қайнаға-ау, қағысып қалғандарың қалай?

ІІ Ә й е л. Ұят-ай!

III Әйел. Е, қойшы, еруліге қарулы.

I Әйел («Өркен» жағынікі). Ай, құда, тарпаң құда, тарылмасаң қайтеді!

II Әйел («Өркен» жағынікі). Ақыр кезегіңді алдын, тойымыз қашан, құда?

III Әйел. Суға бола жағадан алған осы қай жөнді той жасаушы еді.

Елшібек, олардың сөзін тыңдамай, тыңайтқыш жемді судың сағасына төккізеді. Сыртта машина келіп тоқтайды. Машинадан «Өркен» колхозының председатели Мойтық, ізін ала Торғын келе жатады.

Мойтық (жүре сөйлеп). Жарқынбай машинанды арықтың суына жуып ал.

Әйелдер (жамырай сөйлеп). Екі құда жағаласып қалды.

Мойтық. Жағаласатындай бұл өкеуіне не жетпеді?

Тойшыбек (мұңайып). Мына келіндер көрді ғой, жағампап алып үйіріп.

Мойтық. Жайдан-жай ол пеге үйіреді?

Торғын (Тойшыбекке). Тым жабырқай қалыпсың, кәне сен сөйлеші?

Тойшыбек. Арықты жағалап келе жаттық та, сен болсаң «Өскеннің» мұрабысың, мен болсам «Өркеннің» мұрабымын. Бұрын қызметіміз жакын еді, енді іліктігіміз де жақын болды деп, ескінің жоралғысы болса да төсімізге төс түйістірдік.

Елшібек. Сенімен түйістірген төсімнің садағасы.

Тойшыбек. Кимелемесін, Торғын құдағи...

Мойтық. Кимелемек түгіл, кеңірдектесе де айта бер.

Торғын. Немене, сен де қызайын дедің бе?

Мойтық. Қызбағанда.

Тойшыбек. Сайып келгенде, тұқымды босқа шашып, колхозға зиян тигізіп отырсыңдар деп жатты да мені сөкті.

Мойтық. Сөздің төркіні қайда жатыр... (Торғынға қарап.) Мұның аты бәле жабу ғой?

Торғын. Бәле жабу емес, шындықты айту.

Мойтық. Бұл сенің оқымысты қызыңнан естігенің болар. Тіпті жалғыз сен емес, ауданға да жеткізіпті.

Торғын. Оқымысты қыздың ақылын тыңдауың керек еді.

Тойшыбек. Ол-ол ма, шығын болған тұқым үшін сотталып кетулерің мүмкін дейді.

Мойтық. Көкіпті! Біздің шаруамызды күзетіп отырған Елшібектей-ақ! Жағасын неге жыртады?

Елшібек. Жаман колхоздың жағасы жыртылды не, жыртылмады не!..

Мойтық. Торғын, басыма секіртпей, тыйып ал мына адамдарыңды!

Торғын. О не дегенің, байғұс-ау, одан да әңгімеге ілікпеуге өзің тырыссаңшы.

Мойтық. Е, сонда менің де сезгенім бар демексің ғой, солай ма?

Торғын. Солай, Мойтық, солай! Сен жалған айтты деп бәріміз өтірікші болар жайымыз жоқ. Сортаңға айналған жерге тұқым сепкенің түйенің мойнынан да қысық.

Мойтық. Басқа егетін жерім болмаса қайтуші едім. Екпедім дейін бе үкіметке?

Торғын. Екпедім дегеніңнің өзі дұрыс. Бүкіл колхозды ұятқа жетелеме, Мойтық!

Мойтық. Жаның қысылса сен де жетелейсің. (*Әйелдерге.*) Неғып аңтарылып, қалдындар, кірісіндер, себіңдер тұқымды.

Торғын (*алдын кес-кестеп*). Ағат іске бастама, Мойтық. Мынадай бетіне зәрін теуіп жатқан жерге дән себуші ме еді...

Мойтық. Сепкізбегенде айтарың — «Өркенді» өрге сүйреп алып шыққан біз демексің ғой! Даңқ жақсы-ау, дандайсу бүлдіреді.

Торғын. Оның рас. Қамқорсу да жақсы, қысылғанда шындықты жасырып көз бояушылық та бүлдіреді, Мойтық жолдас. Мына жұрт неге аңырып тұр? Қорлан мен Нұрым аудан алдында мәселе неге көтерді?

Кідіріс. Қолтығында папка, үстінде жеңіл плащ, ирелендей басып, маңғаздана жүретін колхоз аралық су бақылаушысы Шаймұқан кіреді.

Тойшыбек. Міне, су бақылаушының өзі де келеді. Кезек кімдікі екен!

Торғын. Ай, шикіл сары! Судың билігі сенің қолыңда. Бақыласаң дұрыстап бақыламаймысың. Мына екі шалды неге жағаластырдың?

Шаймұқан. Мастер жеңгей! Кешіріңіз... (*қолын алып.*) Менің бақылауымда мін жоқ, бұза берсе амалым қанша.

Елшібек. Бұл сүмpekбас немді білуші еді.

Ш а й м ұ қ а н (*Елшібекке түйілін*). Стоп! Тұра қал-
шалым! Өзің кәукөкірек қағып кеткен шалсын!

Е л ш і б е к. Тілінді тарта сөйле.

Ш а й м ұ қ а н. Добалдай азаматты сүмpekбас дейді.
Торғын жеңгей, тәртіпке шақырмайсыз ба?

Т о р ғ ы н. Әуелі өзің тәртіпті болшы.

Ш а й м ұ қ а н. Ара түспеуіңізді сұраймын, мастер
жеңгей! Агрономдар белгілеген күнді бұзған қайсын?..

Т о й ш ы б е к. Бұзған мына Елшібек.

Ш а й м ұ қ а н (*Тойшыбектің жағасына көзі түсіп*).
Бұл не қылған сотқарлық? Кәне, Елшеке, бері жүріңіз.
График бойынша тексеріп көрелік.

М о й т ы қ (*Тойшыбекке*). Неге тұрсын, бар да тек-
серт.

Т о р ғ ы н (*Елшібекке*). Мойтықтың дегені болсын,
арманы екеуіңнің бірінді сотқа тартқызу ғой. Сен де
бар...

Шаймұқан Елшібек пен Тойшыбекті ертіп кетеді. Сыртта ма-
шина келіп тоқтайды, жұрттың беті машинаға бұрылады.

Ә й е л д е р. Қорлан мен Нұрымның өздері де келді...

I Ә й е л. Қасындағылары кім?

II Ә й е л. Аялдамағаны несі-ай?

III Ә й е л. Ойбай-ау, агрономы осы ма?

Жүрістері суыт Қорлан мен Нұрым кіреді.

Қ о р л а н. Амансыздар ма?

Т о р ғ ы н. Барған жұмыстарың не болды?

Қ о р л а н. Сіздің дегеніңіз болатын болды, Торғын
апа!

М о й т ы қ (*шатынап*). Мұндағы жұрт ай қарап жүр-
гендей!

Қ о р л а н. Ай караудан оңайы бар ма, Мойтық аға.
Мәжіліс райсельхозда өтті. Ауыспалы егістің жоспарын
қарай келгенде, соққы мына Нұрымға тиді... Күзде не
қарағансыз, қыста не бітіргенсіз? Аудан басшыларының
алдында бетіміздің оты шығып, бұлтаруға да болмады.

М о й т ы қ. Бірінді-бірін ұстап бергендерің естерінде
жок, сөйтіп бұлтаруға болмады деп монтансиды.

Қ о р л а н. Бірінді-бірін?

Т о р ғ ы н. Шешім не болды?

Қ о р л а н. Құнарсыз жерге сепкізбейтін болды. Зая
кеткен еңбектің есесі толады... Оған өкінбеңдер. Мойтық
аға, ана тракторды тоқтатып, культиваторды кейін қа-

йырыңыз. (*Нұрымды мезген.*) Мына соғылған жігіттің сендерге тұра қарауға да беті жоқ.

Мойтық (*не дерін білмей аңырап тұрады да*). Имм, сау басына сақина тілеген бұл не деп қарайды. Сен не деп тұрсың?

Қорлан. Қате айтасыз, Мойтық аға.

Мойтық (*тіксініп*). Тұмсығынан жетелеп барып, желкелеп қайтсаң да менікі қате дейді.

Қорлан. Тоқтаңыз, тоқтаңыз, әлі де айтам, қате ұғынғансыз.

Мойтық. Қағыс естіген қате ұғынады. (*Даурығып.*) Қылдан тайсаң болды, ізінді андып алдынды орайтын бәлеге қалдық қой.

Қорлан. Ауыр сөзге барыспайық, Мойтық аға!

Мойтық. Жә, монтансыма әрі, қара тоқпақ, түйсіксізді тапқан екенсің, астынан су тепкенде, үстінен жем сеппеген кінә кімде? Менде деуге ар-ұятың қалай барарды, Торғын?

Нұрым. Кінәсы да, бейнеті де екеумізге бірдей-ау деймін, Мойтық аға.

Мойтық. Неге бірдей?

Нұрым. Татымсыз жерді өңдей алмаған менің кінәм болсын, маған сөгіс бергізген Қорлан-ақ болсын... Қажет десендер мені орнымнан да алындар. Астынан су тепкенде үстінен жем сеппедің деп, мені кінәлайсыз, жоқ, Мойтық аға, әуелі өз кінәңызға өзіңіз төреші болыңыз да, содан кейін мені кінәлаңыз.

Мойтық. Сен, бала, қылмысты екеніңді мойындаймысың?

Нұрым. Біздің қойған талабымызды онда сіз де мойынданыз.

Мойтық. Талабыңнан кім қашты?

Нұрым. Қашпасаңыз, кінәсын да, жаласын да маған аудармаңыз.

Мойтық. Аудармаңыз?

Нұрым. Аудармаңыз.

Мойтық. А, оқығаныңды тоқи алмағаныңа да мен жауап берем бе? Келгеніңе жылдан асты... Өз атын өзі шақырған бала көкек. Сен немді қарадың?

Нұрым. Мен сізге сендім...

Мойтық. Маған сенсең ауданда шу көтеретіндей қай түлен түртті?

Торғын. Ешкі бауда, теке тауда, құндыз суда деп жүргенсің де, Мойтық жолдас. Тергесетін не бар?..

Нұрым. Жарамсыз жерді ақпарға қосып, мен түгіл

ауданды да алдағансыз... Жарамды деп мені сендірген де сіз болатынсыз. Ұлан байтақ егістің қалтарысында сіз құрған тор өзін жығылатын ор барын білмей алдандым ғой.

Мойтық. Мен құрған тор?

Торғын. Қалай туласаң да біздің қанат астымызға кіретінің анық болды.

Қорлан. Торғын апа, онда сыртқа тебуді сіз де қойыңыз.

Торғын. Ол не дегенің?

Қорлан. Ашынған тілді келеді. Мойтекеңнің ашына сөйлеген сөзін көңіліңізге ауыр алмаңыз.

Торғын. Е, сұрланып-сыздану Мойтекеңнің ежелгі мінезі. Барлық менмендіктің ызғарын сыртына теуіп, досын да, қасын да, қари сөйлейтіні де белгілі. Бү шіркінде қыр көп қой. Тыңнан жер ашуға жедел жәрдемді біз берейік. Қорлан, соған әзірлен Нұрым шырағым, маған толымды планыңмен кел.

Мойтық. Оңайын...

Қорлан. Қиын екені рас, онсыз көтеріле де алмайсыз. Жарамсыз жердің төлеуін толтыра да алмайсыз.

Мойтық. Планы бекітілсе, ақпары берілсе... соқасы сайланса, тракторы майланса, үрке қашатындай маған не көрінді.

Торғын. Көрініп-ақ тұр-ау, мойындау қиын боп тұр ғой. Сөзді көбейтпелік, қимылдаңдар, балалар.

Көпшіліктің ішінде толқу басталады. Ирелеңдей басып Шаймұқан кіреді.

Шаймұқан. Стоп, тұра қалыңдар! Мастер жеңгей, ана аудан агрономының алдында мәслихаттасып жіберейік.

Торғын Шабдар сарым-ай, сен де әйтеуір бір жағынан қапталдаң...

Шаймұқан. Мастер жеңгей, сіз Тойшыбек пен Елшібектің жағадан алған сотқарлығын жасырмай жауап беруге тиіссіз.

Қорлан. Жағаласқан деген не сұмдық?

Шаймұқан. Сіздің болашақ қайын атаңызды Нұрымның болашақ қайын атасы арыққа сүңгітіп алыпты.

Қорлан. Ол екеуіне не жетпеді, Торғын апа?

Торғын. Аздап шекісіп қалыпты. (Шаймұқанға.) Саған да бір ермек болды-ау, шырағым.

Кете береді. Ізін ала Мойтық, Шаймұқан, Нұрым, әйелдер де кетеді. Мақпал мен Қыраубай кіреді.

Қорлан. А, Қыраубай, сүйгеніне кездесіп, көзайым болдың ба?

Қыраубай. Сағынып қалыппын.

Мақпал. А, қойшы әрі.

Қыраубай. Бұ қыз да көңілдегі жерден шықпай тұр-ау, Қорлан.

Қорлан. Неге?

Қыраубай. Мен бұған Қорлан сенің колхозыңа ауысқанда, сен біздің колхозға ауыс, той артынан той, қыз артынан қыз ұзатылып жатса, о да қызық... Жоқ, мен керек болсам, біздің колхозға сен ауыс дейді... Сонда қалай болғаны?

Қорлан. Не қалайын сұрайсын?

Қыраубай. Ежелгі әдет бойынша қыз ұзатылатын еді. Сонда еркек басыммен мен ұзатылғаным ба?

Мақпал. Ұзатылуды қызға ғана жазып қойғандай, ұзатылсаң несі бар?

Қыраубай. Жо, өйтіп, сенің колхозыңа күшік күйеу бола алмаспын.

Мақпал. Ендеше, мен де сенің колхозыңа аяғымнан ұзатылып бармаспын.

Қорлан. Таластарың осы ма?

Қыраубай. Айналайын, Қорлан-ау, әділдігін сен айтшы!

Қорлан. Уәделі күндерің қашан еді?

Қыраубай. Менің оқуды бітіріп келуім болатын.

Қорлан (*қостап*). Мақпалдай қыздың колхозына ұзатылып барсаң да оқасы жоқ.

Қыраубай. Бұл қыздың салмағын тым ауырлатып жіберген жоқсың ба, Қорлан?

Қорлан. Сондай да бір жаңалық болсын да. Мақпалдың колхозыма ауыс деуі орынды тілек.

Қыраубай. Шойқара қызға мені жығып бергеніңе риза емен.

Қорлан. Шойқара десең де, бал қара десең де таңдағаны сен екен. Несіне тартынасың? Біз көмектесетін колхозға бүгін ауыстың не, ертең ауыстың не?

Мақпал. Сонда Қыраубай Мақпалға үйленді демейді, Мақпал Қыраубайға үйленді демей ме?

Қыраубай (*ыршып түсіп*). Деп жатыр... Тапқан екенсің қайын сағалайтын қаныбет күйеуді.

Қорлан. Ойын өз алдына. Не деп туласаң да «Өркен» колхозын ілгері бастырудың салмағы түскелі тұр, Қыраубай.

Қыраубай. Бәсе, менің салмағымды да сөйтін ауырлатсаңшы, Қорлан.

Қорлан. Жүре сөйлесейік. Әне, аудан агрономы қызу кеңеске кірісті.

Мақпал. Сіздермен бірге аудан агрономы да келді ме?

Қорлан. Келді. Мына бетіне соры теуіп жатқан жерге тұқым сепкізбейтін болды...

Мақпал. Не дейді? Қыруар еңбек зая кетерін, білгенде, мұны несіне жырттық?

Қорлан. Сеуіп алып зая кеткеннен, сеппей тұрып зая кетсін. Қаулыда да атап көрсетті.

Мақпал. Сұмдығын жаңа айттың ғой. Нұрым нені қараған?

Қорлан. Нұрым бұдан не құтылады, не тұтылады...

Қыраубай. Ене, өздерің бітісіп келді ме десем, шекісіп келіп пе едіңдер?

Қорлан. Солай болды. Мен бұл мәселені көтергеніме кінәлымын да, ол ауыспалы егісті тексермей қабылдағанына кінәлы. Сол кінәны дос болып бірігіп ақтап шығудың салмағы екеуіне түскелі тұр.

Мақпал. Бізге не істе дейсін?

Қорлан. Нұрым тарапынан болған қателікті қалай түзейміз, немен түзейміз. Соны ақылдасайық.

Қыраубай. Өз ұйғаруынша қалай?

Қорлан. Жаңа Торғын апай жақсы бастаманы аңартты.

Мақпал. О кісі не деді?

Қорлан. Тыңнан жер ашып, «Өркен» колхозына жәрдем берейік деген ұсынысты білдірді.

Мақпал. Біздің колхозда өңделген жер де жоқ, оны қайдан алдық?

Қорлан. Жердің ылғалы тартылмай, өңдеп те, жыртып та үлгіреміз. Сен екеуің графикті қайтадан жасаңдар. Соған әзірленіңдер.

Қыраубай. Бопты, айналайын Мақпалжан, енді тулауыңның жөні жоқ, біздің колхозға сен ұзатылатын болдың.

Қорлан. Біз-ақ ұзатылайық, Қыраубай.

Қыраубай. Қойдым, қыздар, қойдым. Елшекен келе жатыр, Қорлан, үлкен дауға қалдың.

Қорлан. Сендер бара тұрыңдар, өзімен оңаша сөйлесейін.

Екеуі кетеді. Елшібек кіреді.

Е л ш і б е к. О, шіркін-ай, Тойшыбекті тағынан құлайтындай қорғайды.

Қ о р л а н. Кімге ашуландың, әке?

Е л ш і б е к. Дастарқанына төрт бауырсақ төкпейтін Тойшыбекке мені неге тіркестірдің, қызым?

Қ о р л а н. Е, жайдары, жақсы кісі деп анада мақтаған өзің емес пе едің, әке?

Е л ш і б е к. Ол құнтіған неменің жағама жармасытынын білдім бе?

Қ о р л а н. Жарамайды, әке, Тойшыбек еңбегіне сүйенген жақсы кісі.

Е л ш і б е к. О, шіркін-ай, жақсы кісі болса қызының көңіліне келеді деп ойлар еді. Баламды ауданға сүйреп бәрін бүлдірген сенің қызың деп менен неге көреді?

Қ о р л а н. Өтірік пе?.. Ауданға сүйрегенім де, егістік жоспарын теріске шығарғаным да рас...

Е л ш і б е к. Планды теріс жасаған сумұрын баласын кінәламай, сені неге кінәлайды?

Қ о р л а н. Ол айып сізден.

Е л ш і б е к. Менен?

Қ о р л а н. Біреудің бүлдіршіндей баласын сөкпеніз, әке!

Е л ш і б е к. Сумұрын болмаса, бізді суға неге таластырады?

Қ о р л а н. Талас, жағалас!— деп біз сіздерге ақыл берсек екен. Бойыңызға лайықсыз ұят іс жасағансыз.

Е л ш і б е к. О, шіркін-ай... Бар да бұл ақылынды ана қайын атаңа айт. Бүйрегің бұрып тұр ғой!.. Жаман құданың колхозы да жаман. Несі жақсы, төрт құлақ жел тиірменінен басқа несі бар?

Қ о р л а н. Абайламай арандағансыз, әке.

Е л ш і б е к. Қазақтың қара қағидасында...

Қ о р л а н. Қара қағиданы қоя тұрыңыз. Осы жерді мекен еткендеріне сан ғасырлар өтті. Қыста қамыс суырып, жазда шығыр тартқан сіз сияқты кедей де өтіпті. Бұл қанды қайнара еді,— деп су үшін қысқа күнде қырылсқан оқиғаны жыр қып айтып отырсыңдар. Қолдан қауға кетіп, енді жетілдім деген күндерінде суға бола жағаласуларың, көңіліңізге келсе де айтайын, ұят әке, ұят... Құдаңызбен бар да жарасыңыз.

Е л ш і б е к. Жағасын жырттым деп жарасам ба?

Қ о р л а н. Жарастығын ойлаңдар...

Е л ш і б е к. Жарастығын ойлайды екен, әуелі колхозын жеткізсін. Өнер таластырам десе, содан кейін таластырсын.

Қорлан. Талассыз-ақ тату тұруға болмай ма?

Елшібек. Оның баласымен сен неге таластың?

Қорлан. Біздікі келелі мәселе, әке.

Елшібек. Ендеше біздікі іргелі мәселе.

Қорлан. Екі ортада Шаймұқанға күлкі болдындар ғой?

Елшібек. Шаймұқан Тойшыбекке жығып берді ме, райком жолдастың өзіне шағым етем. Саған ата болмай кетсе, атамнан арман.

Кете береді.

Қорлан. Қойыңыз, қойыңыз, өршітпеңіз, әке!

Соңынан жүре түседі де, кідіріп тұрып қалады. Сырттан Нұрым мен Тойшыбек келе жатады. Қорлан оларды көріп екінші жаққа бұрылады.

Тойшыбек. Мен айттым суырылма, құда, сөзге кезек бер дедім...

Нұрым. Ол не деді?

Тойшыбек. Бізді жағаластырып қойған шалағай баланың шалдуарлығынан деді.

Нұрым. Сіз не деп жауап бердіңіз?

Тойшыбек. Жастардың жақсы ниетін теріске жорымайық, олар біз үшін кінәланбасын дедім. Менен бір ғана сөз қате кетті.

Нұрым. Қағылу-соғылуыңа қарағанда, сізден көп қате кеткен.

Тойшыбек. Сенен қате кетпесе, менен де қате кетпейтін еді ғой, балам.

Нұрым. Жеңіліп қалған өзіңнен көрмей, менен не-сін көресің.

Тойшыбек. Қара-қара, бүйрегің бұрып тұр ғой. О, күйеу болмай кет, күйеу болмай кеткір. Мені жығып берген Мойтық пен екеуің, жарамсыз жерді жақсартқанында біздің колхоз күйзеліске ұшырайтын ба еді?

Нұрым. Жақсартпа алмаған менің ғана кінәм ба, әке? Сіз неге байқамадыңыз?

Тойшыбек. Ойбай-ау, бізді бірдемені біледі екен деп ойлайсындар ма?.. Ана Елшібек өз колхозында басқарманың мәжілісінен қалмайды. Елшекең айтсын, Елшекеңді тыңдайық деп Торғын ақыл сұрап отырады. Ал, сендер үстеріне кіріп барсақ-ақ бар, бара тұр,— деп кеудеден итересіндер.

Нұрым. Болары болды. Құданызбен бар да жарасыңыз.

Тойшыбек. Саған қайын ата болмай кетсе де колхозды түземей жараспаймын.

Нұрым. Бір жағынан сіздің де дау туғызғаныңыз ұнап тұрған жоқ.

Тойшыбек. Үйленбей жатып қайын атаңмен жағаластырған сен де маған ұнап тұрсың.

Нұрым. Бұл не?.. Лайығын ойласаңызшы.

Тойшыбек. Көтер колхозды, жеткіз бізді. Сендей кезімде осы Құмқайнардан қыста қамыс суырып, жазда шығыр тартқам. Ақта менің сондағы көрген азабымды.

Нұрым. Ақтайын дейін, беретін ақылың не?

Тойшыбек. Ақылы сол, бар да ана білімпаз сұлуыңмен шүйіркелес... Ұлым өрге басқызбаса, келінім өрге басқызсын. Тойшекең осылай деп айтты де.

Кете береді. Қорлан кіреді.

Қорлан. Немене, сені де қуырып алды ма?

Нұрым (көңілсіз). Иә, мені ауданға сүйрегенің бетіме салық болды...

Қорлан. Бүйрегің бұрып тұр деп мені де қуырып алды. Оған несіне шамданамыз.

Нұрым. Шалдардікі босқа шаптығу.

Қорлан. Жок, Нұрым, сен өзі жабыққан соң өзгерді де оңай ұғынғың келмейді. Біздің ақкөңіл шалдар сырттай қажасып қалса да іштей бір тілектің адамдары... Екеуі де ертерек қосылғанымызды, олардың тілімен айтқанда отау болғанымызды қалайды.

Нұрым. Әсірелеуге шеберсің ғой, әйтеуір.

Қорлан. Аусарымбысың, аңғалымбысың?..

Нұрым. Тізгінімді өз қолыңа жинап алуға айналдың ғой. Не десең де еркің.

Қорлан. Жарайды, қос әкепің жанжалын мен-ақ көрейін. Сенен болған қателікті Мойтық қылмысқа сайып, саған аударатындығын естідің. Енді соны ойлайықшы.

Нұрым. Маған не деп аударады? Аудан басшыларының алдында мойында дегенінді орындадым.

Қорлан. Оның рас, бірақ сен өз кінәңды мойындасаң да, Мойтықтың бүлдірген қылмысын ашпай кеттік қой. Соны ел алдында әшкерелеу қажет емес пе, Нұрым?..

Нұрым. Пәле... Мен сөз қуған дәукес емес, маманмын.

Қорлан. Маман либерал болсын деп еш жерде жазылған жоқ қой.

Нұрым. Ене... тізгінімнен жетелейтін қалыңдыққа жарыған екен екем... Кеше ауданды шулатып, бүгін Мойтықтың сілікпесіне түс деуің миыма да кірмейді... Ертең көп алдында беттесеміз. Қыруар еңбекті зая жіберген айыбымды немен өтесем де өтейін. Сонда маған не деп аударады?

Қорлан. Өтеудің де өтеуі бар. Сен мойындаған қателіктің тасасына тығылып, қылмысын бүркесе не істейсің?..

Нұрым. Маған тасаланып.

Қорлан. Соған да көзің жетпегені ме?

Нұрым. Шынымен Мойтық маған түйіле береді деп ойлаймысың...

Қорлан. Өз қылмысын іштей сезінетіндер әрқашан да біреуді қауып қалуға тырысады.

Нұрым. Төндіре түссейші, әйтеуір...

Қорлан. Сақтандырсам төндірді деп тулайсың. Сен қимайтын Мойтықпен күресуді партия талап етсе не дейсің...

Нұрым. Солай ма? Партия талап етсе, партияның сын талқысына түсуге мен де әзір...

Қорлан. Е, не десем екен... Сенің орнында мен болсам...

Нұрым. Сен мен болуға айналғансың ғой... Сенен кетіп қайда барам...

Қорлан. Бері жүр, ана аудан агрономының қортындысын есітейік.

Екеуі кете берген кезде қасында Шаймұқан, бойын ыза кернеп долырған Мойтық кіреді.

Мойтық. Қараспанды суалтып, ауданға қиқулай шауып едіңдер. Қыруар еңбектің шығынын кімнің мойнына жазғанын бар да көріңдер: мені топшымнан қағып жығатын немесіңдер ғой. Қайсымыздың жығылғанымызды қарап тұр.

Қорлан. Мойтық аға, жарға итере сөйлеудің керегі не?

Мойтық. Сен қыз, суырылмашы, сенен басқа қыздар сүйсе де, күйсе де қолынан жетектемей-ақ жүр ғой. Білгір екеніңді білдік. Бәлесін де, жаласын да маған сырғытам, маған аударам деп аласұрдыңдар-ау.

Қорлан. Неден сескеніп осынша безек қақтыңыз?

Мойтық. Неден сескеніп дейді-ай, шоттың басын бассаң сабы маңдайыңа тиеді, маңдайыңа тиді ме, бала?

Нұрым. Тисін... Дақ тимей келген сіздің маңдайыңыз қалай аман қалады?

Мойтық. Алдындағы асын алып іше алмайтын агрономның құны бір тиын.

Нұрым. Мен келгенге дейінгі жауырды жаба тоқыған өз құныңызды, онда қоса есептеңіз.

Мойтық. Сен келгенге дейін мұндай сүреңсіздікке ұшырасам екен, егінді себетінбіз де, ақпарды беретінбіз, бұйырғанын алатынбыз.

Қорлан. Қуаңшылыққа да төзетінбіз де.

Мойтық. Төзбегенде ше?!

Нұрым. Тоқмейілсіп, барды-жоқты табыстың тасасында қалатынбыз де...

Мойтық. Пәрменді шара қолданғанда қарқ қылғаның осы ма? Қайсымыздың кері тартқанымызды колхоздың правлениесінде айқындармыз, кімнің қас, кімнің дос екенін сонда сынармыз.

Нұрым. Сіздің айтысуға дайын тұратыныңыз, ыңғайға көнбейтініңіз белгілі, Мойтық аға. Мен жүгінетін көптің сынына тізеңізді сіз де бүгетін боларсыз, тайталаудың ақыры жанталасуға сізді де әкеп бір соғар. Соған сіз де әзірлене беріңіз. *(Екеуі кетеді.)*

Мойтық *(соңдарынан сұстана қарап)*. А, сізді дей ме?

Шаймұқан. Әуелі өз басын ақтап алсын.

Мойтық. Осы екеуіне мен не жаздым, тұзымның ашылығы ма, жоқ қанымның тұщылығы ма?

Шаймұқан. Стоп, Мойтеке, барды-жоқты табыстың тасасында қалдың деуі сіздің еңбегіңізді елемегендік.

Мойтық. Менің басшылығымды теріске шығарғысы келе ме?

Шаймұқан. Әрине, бажырайып тұрған қылмысыңыз болмағанмен, арқандаулы ат тәрізді, бір қазықты айнала берген істің ақыры кертартпалыққа соғады...

Мойтық. Жаңа Торғынның қанат астымызға кір деуінде қандай астар бар, сен не аңғардың?

Шаймұқан. Тәйірі деген, соны байқамадыңыз ба? Сізді орныңыздан ұшырып түсіріп, Нұрымды колхозға председатель қойғысы келеді. Орныңыздан түспей тұрып, сіздің колхоздағы кер сиырды, құбақан құнажынға қоса осында бір ту сиырға айырбастасам, қалай қарайсыз?

Мойтық. Оны қоя тұр. Мал иесі сен болғанмен, асыраған колхоз.

Ш а й м ұ қ а н. Стоп, Мойтеке! Біртіндеп азайта бер-
месек... түбінде бәле болады.

М о й т ы қ. Бәле салатын кімдер?

Ш а й м ұ қ а н. Қорлан мен Нұрым! Шквалдан ау-
дарылатын топырақтай Құмқайнардың жарына аудар-
сала ма деп қорқам.

М о й т ы қ (*шатынан*). Қашан мені аударғанша, ол
екеуін де бір қырға тақармын. Қарап тұр, колхоздың
агрономы бола тұрып, бұрынғы жоспарын тексермей қа-
былдаған қылмысының өзі де жетеді, жүр бері. Олар
ауданға жазса, мен правлениеде мойындатып, облысқа
жазам, олар облысқа жазса, мен одан да жоғарыға...

Ш а й м ұ қ а н. Сіз бе, газетке жазыңыз.

М о й т ы қ. Жоқ, газет баспайды, мен, мен сотқа жол-
даймын.

Кете береді.

Ш а й м ұ қ а н. Стоп, Мойтеке, кідіре тұрыңыз. Иә,
ақыл сол.

Ш ы м ы л д ы қ.

ЕКІНШІ АКТ

БІРІНШІ КАРТИНА

«Өркен» колхозы председателінің кабинеті. Колхоз хатшысы —
Хатшагүл телефонмен сөйлесіп тұр.

Х а т ш а г ү л (*телефонда*). Ақкөл, Ақкөл, қабаттас-
пай қоя тұршы, әкем, иә айта беріңіз. Мойтық аға де-
малуға үйіне кетті. Жақсы, айтайын...

Шаймұқан кіреді.

Ш а й м ұ қ а н. О кім өзі?

Х а т ш а г ү л. МТС-тың директоры, тыңнан ашқан
жерді сұрайды.

Ш а й м ұ қ а н. Ойпыр-ой, Хатшагүл-ай...

Х а т ш а г ү л. Несі ойпыр-ой?

Ш а й м ұ қ а н. Араларының тым алшайып кеткенін
айтам да...

Х а т ш а г ү л. Қолтығына су бүріксең алшаю тұр-
сын, бірін-бірі орға жығар.

Хатшагүл кетуге ынғайланады.

Ш а й м ұ қ а н. Маған келер-кетері шамалы. Стоп,
Хатшагүл! Қайда барасың. Өзің бұғағың салбырап сұлу-
ланып барасың-ау!

Х а т ш а г ү л. Қырыққа келсеңіз де қыжықтауды қашан қоясыз?

Ш а й м ұ қ а н. Көңіл жарасса, қырқы не, отызы не! Ұрыспайсың ғой, бұғағыңнан сенің, бұғағыңнан.

Х а т ш а г ү л. Астанадағы ғашығың саған хат жазыпты.

Ш а й м ұ қ а н. Е, Құндызбаева Багила ма? Ол қызбен күрішім піспей айрылып кеткем.

Х а т ш а г ү л (*суырмадан хатты алып*). Шатастың, жағал сарым... Тойманова Сагила.

Ш а й м ұ қ а н. Бұл менің туған жеңгем.

Х а т ш а г ү л. Ангор ешкінің түбiтiн сұратқан жеңгем де...

Ш а й м ұ қ а н. Стоп, дәл өзі... (*Хатты ашады.*) Жазған хатынды алдым, депті. (*Шекие, мақтанып.*) Біздің ағайлар колхоздың ырысы үшін оқыған ғой.

Х а т ш а г ү л. Түсінбедім.

Ш а й м ұ қ а н. Үлкен ағай барлығын да жеткізді. Эксперименттік совхоз, институттік подхоз, тармақ басты, салмақ басты бидайды зерттеп те жатыр, жазып та жатыр. Мериностың асыл тұқымды қошқарын колхозға беріп те жатыр.

Х а т ш а г ү л. Бай тұратын болар.

Ш а й м ұ қ а н. Көл-көсір. Оларға эксперименттік базадан қойларын тегін келеді, ботаникалық бақшадан жемістерің машинасымен төгіледі. Қорланның өте жақсы оқып, жауапты жұмысқа ауысуы да үлкен ағайдың арқасы. (*Елiктiрiп.*) Менімен еріп бара қалсаң, сары-сары қауынның сарысы да сенікі, дәрі-дәрі қауынның дәрісі де сенікі болар еді, Хатшагүл.

Х а т ш а г ү л. Ойпыр-ой, бұл не деген жақсы сөз. Тағы да не жазыпты, аржағын оқиықшы?

Ш а й м ұ қ а н. Подажди, подажди... Стоп...

Х а т ш а г ү л. Менен жасырғаның ба?

Ш а й м ұ қ а н. Стоп... Өкпелеп қалдың ғой... Кел, кел бірге оқиық (*Оқып.*) Көлденең қырсық жайылдырмай тұр. Ағаңның мойнына алпыс мың сом ақша мінді. Не, не, не дейді?

Х а т ш а г ү л. Жай ғана бересі болар. Бері әкелші. (*Хатты алып оқиды.*) Іс тергеуде, адвокат аузын ашқанына да ақша сұрайды, қайным... Топалаң тигір мериностан он қошқардың орны толмай қинап тұр... Справкасын қамдарсың, қайным... жақында барып та қалуым...

Ш а й м ұ қ а н. Жеңгеміз нақұрыстау болушы еді.

Хатшагүл. Септігі бола ма дегені де... Ағаңыз тым көп асап жіберген екен.

Шаймұқан. Үлкен ағай аман болса, алпыс мың деген не? Бір айлық табысының өзі де жетеді.

Хатшагүл (*шегін тартып, таңырқап*). Бір айда?!

Шаймұқан. Қайда сыйғызады деймісің?

Хатшагүл. Қайдан табады деймін.

Мойтық кіреді.

Мойтық. Амансың ба, Шаймұқан. Мені сұрап телефон соққан жоқ па?

Хатшагүл. Жаңа ғана МТС-тың директоры сұрап еді. Дем алуға үйіне кетті дедім.

Мойтық. Бекер өйдегенсің. Күте тұрғызып, мені шақыруың керек еді.

Шаймұқан. Мойтеке, үстіңізден шағым берген бе?

Мойтық. Менің үстімнен МТС-тың директорына да шағым етіпті.

Шаймұқан. Өйтпейінше амал қанша...

Мойтық. Нұрым осында ма?

Хатшагүл. Тегі осында болатын, шақырайын ба?

Мойтық. Шақыр.

Хатшагүл кетеді.

Шаймұқан. Шыққан шығынды шамаладың ба?

Мойтық. Жетерлік. Түп-тұғыяннан қопарғанымда, өрен-жараны жабылса да орнын толтыра алмайды.

Шаймұқан. Төлесін деген қаулы да шықты ма?

Мойтық. Кеше правлениеде таң атқанша салғыластық. Сүйген қызы қол қойған актыны дауысқа салғанымда, туған әкесінің өзі қарсы қол көтерді.

Шаймұқан. Еңе онда су түбіне кетті дей бер.

Мойтық. Судағы шығынды қоса төндірсең не деп құтылады?

Шаймұқан. Ойланалық. Су жағын ауызға алмаңыз, ұтылып қаласыз.

Мойтық. Не деп?

Шаймұқан. Су қорын жасап, суару кестесін өзгертейік деген ол.

Мойтық. Қайда жүріп?

Шаймұқан. Аңғармағансыз. Мойтық Шоңқақович. Райводхозда сізді сілейте соққан оның докладнойы жатыр.

Мойтық. Райсельхоз бен райводхоз оны қолдасын. Райком, райисполком не деп қолдайды?

Ш а й м ұ қ а н. Стоп, Мойтеке, мен айтайыншы, ол басқара алмадың деп райкомның алдында кінәны сізге аударады. А, сіз шығынға батырған қылмысын оған аударыңыз. Сонда ғана бұл соққыдан аман қалуыңыз мүмкін. Намыс-камыс деген де бар емес пе!

М о й т ы қ. Намысымызды біз де қорғайық... сенің жекжат туыстарыңнан заң орнында кім бар?

Ш а й м ұ қ а н. Стоп, Мойтеке... *(Ойланып)*. Эксперименттік базадағы ағайдың досы өзіміздің Жәкенов Әлмұрат бар...

М о й т ы қ. Атқаратын қызметі не?

Ш а й м ұ қ а н. Дөкейдің дөкейі. Коллегияның мүшесі. Өткен қыста біздің ағай, қызылшаға семіртіп, қарақөк биені теңкитіп сойып та берді... Аанада сізден алған бес қаракул бұйра да сол үйдегі жеңгейдің жағасына барып жапсырылды...

М о й т ы қ. Бопты... Жаз соның атына арызды... Қылмысын тізіп, тайға таңба басқандай етіп жаз... Ал, облсотта кім бар?

Ш а й м ұ қ а н. Біздің елден бе, біздің ағайларға жақын құдандалы жекжаттан ба?

М о й т ы қ. Қарына тартпағанның қары сынсын. Әуелі жақындарды жағалайық...

Ш а й м ұ қ а н *(ойланып)*. А, ертеректе айрылып кеткен әйелімнің жақыны, басы да бурыл, сөзі де буалдыр, ақшаны көшенің мүйісінде тұрып қымқыратын адвокат Тәттібаев Ермұқан бар. Заңға судай, су түбіне кетіп бара жатқанды суырып алып шығатын сұм... Айыбы өзіміз сияқты көп ішеді...

М о й т ы қ. Арақ итті кім ішпейді... Көшірмесін оған да жіберейік. Енді обком, облсполкомды бір жағалайықшы.

Ш а й м ұ қ а н. Әй, білмеймін. Ата тегі шикілер о жағында аз болады ғой, Мойтеке.

М о й т ы қ. Таныстың танысын, жерлестің жерлесін қарастырайық.

Ш а й м ұ қ а н. Иә, иә, үлкен ағайдың проферансты бірге ойнайтын танысы сонда істейді. Жо, жо, Мойтеке, оған сенуге болмайды. Ол бірбет адам... Өткен жылы облыстық конференцияда Шойманов, Тоймановтың тұқымдары тек қана біздің облыстағы колхоздан жүз елуден аса қой алыпты деген болатын...

М о й т ы қ *(саусағымен санап)*. Райком, райисполкомға жаздық... обком, облсполкомға жаздық... Облпрокурор, облсотқа жаздық...

Ш а й м ұ қ а н. Енді кім қалды дейсің бе, Мойтеке?.. Госконтроль.

М о й т ы қ. Оған да бір данасын жіберейік. Әй, сенің аузың жеңілдеу болатын еді.

Ш а й м ұ қ а н. Аузымды ашсам, аузыма құм құйылысын...

Нұрым кіреді.

Н ұ р ы м. А, жандай шап, осы сен қаладағы Тоймановтардың кімісің?

Ш а й м ұ қ а н *(аңырып)*. Туысымын.

Н ұ р ы м. Әзірше шашпау көтеріп жүре тұр.

М о й т ы қ. Қолхоздағы шыр-шуың аздай, қаладағы Тоймановтардың құлагын шулаттың ба, бала?

Н ұ р ы м. Иә, сізді сағалаған сұғанақтардың ойраны шығып жатқан көрінеді. Сойқаны тимесін дегенім де.

Ш а й м ұ қ а н. Қалай-қалай сөйлейсің? Біздің ағайларды кім деп ойлайсың?

Н ұ р ы м. Жегендерін қайта құсып жатқан ғылымдағы саудагерлер деп ойлаймын. Оқымысты Тоймановтардың тегі ғой.

Ш а й м ұ қ а н. Басың қауғадай болып сендей оқығанды көрсем-ші... Біздің бір ағай көлбақаның өзін үш жыл тексерді. Шын оқығандар көз майын солай тауысады, жігітім.

Н ұ р ы м. Көз майымен бірге лабораториядағы спиртті қоса тауысқан. Мойтеке, сіз де дәм татқан боларсыз?

М о й т ы қ. Осы, сен бала, қағытып-ақ болдың-ау.

Н ұ р ы м. Сақалы белуарына түспегеннің барлығы да сізге бала.

М о й т ы қ. Райсельхозда болған мәжілісте тілінді қада — жарайды, сыныңды қада — жарайды, «жайдақ тепек, асау соқыр» деуге аузың қалай барды?

Н ұ р ы м. Өтірік пе?

Ш а й м ұ қ а н *(қосарланып)*. Көріне көзге сізді қорлау ғой, Мойтеке.

М о й т ы қ. Жайдақ тепек мен-ақ болайын, сенің ұшқыр, тапқыр қиялыңның қанатына мінгенде қонар жеріміз не болды?

Ш а й м ұ қ а н. Не болсын, еңбек еш, тұз сор болады.

М о й т ы қ *(столдың суырмасынан Нұрымның үстінен дайындаған материалды алып)*. Мынау кімнің айыбы? Үндемейсің, ә? Үндеуге де бетің жоқ, көптің сілесіне ұшырағандар осылай мойындайды. *(Екінші қағазды алып.)* Мынау зая кеткен еңбектің шығынын өндірілсін

деп шығарылған правлениенің қаулысына не дейсің?

Нұрым. Иә, сіз төндірмей-ақ мойындағамыз...

Мойтық. Өрен-жаран ұрпағыңның дәулеті жетер ме екен?! Осының бәрін Мойтыққа аударам деп аласұрдың-ау.

Нұрым. Ха... ха... ха! Менен болған қателіктің тасасына тығылып, жалған ақпармен сіз де маған аудармақсыз.

Мойтық. А, қу бала, қайтсем құтылам деп қой енді жалған дегенге шықтың ба? Кімнің жалғандығын сот алдында көрерміз.

Нұрым. Сот алдында?

Мойтық. Сескенемісің соттан?

Нұрым. Жырындылығыңызды көрсеттіңіз, жарайды, мені сотқа да беріңіз. Қылмыс екенін мен сот алдында мойындайын. Бірақ та колхозды теріс жолға бастаған қылмысыңды кімнің алдында мойындайсыз?

Мойтық (*ыршып*). Менің сендей колхозды шығынға батырған жерім жоқ. Осың деші, сыбырлағанды құдай да естиді.

Нұрым. Сыбырламай-ақ бетіңізге тура айтайын. Совет заңын өрескел бұзған қылмысыңды сіз пеге жасырасыз? Жыртылмаған парды жыртылды, төгілмеген көңді төгілді деп ақпар берген күніңіз де болды. Жалған ақпардың тасасына бүркену емей бұл не?.. Шала есіркеп бірденені бастаған боласыз да, күн айналмайды, ұмытып та кетесіз, уәдеңізден өтірігіңіз көп, сынай бастасақ сырт беріп, дау соғып пәле іздеуге дейін барасыз, достығыңыз бен қастығыңыз бірдей, соның бәрін ақкөңілділікпен істедім деп, біреуге көр қазған қиянатыңызды адалдыққа жорисыз. Сіздің сиқыңыз осы.

Кідіріс. Мойтық ежірейе қарап орнынан ұшып түрегеледі.

Мойтық. Менің сиқым осы.

Нұрым. Сөніп бара жатқан шоқ тәрізді, үрлесе қызарасыз да, үрлемесе өшкеніңіз.

Мойтық (*қалтырап*). Ім-м... Сеніңше колхоздың беделін түсіруші, үкімет пен партияны алдаған да мен екем. Сонда кім болғаным?

Нұрым. Колхоз құрылысының жауына айналып бара жатқан председательсіз.

Мойтық (*тілі байланған адамдай, сұлық тұрып қан*). М-м... м-мен бе жауға айналып бара жатқан?

Нұрым. Дәл сіз.

Мойтық. Апыр-ай, мына сұм баланың сөзі етімнен

өтіп, сүйегіме жетті-ау. Мына шашты кім үшін ағарттым? Осы колхоздың ыстығына күйген де мен, суығына тоңған да мен... Қай туысың мендей еңбек сіңірді? Мүйізі қарағайдай отыз ақ қошқар алдым, менің еңбегім емей, ол кімнің еңбегі?

Нұрым. Асылын азғынына айырбастап, саудасын сырттан жасаған еңбегіңнің жемісіне қой да қарық боп жатыр. Біз де көрдік.

Мойтық. Ойпыр-ай... Иіскеп білгендей бал ашады... Сельхоз институтты бітіргенің де менің аркам... Қан жауғыр болмасаң, бұл қадірімді білер ең ғой.

Шаймұқан. Стоп, Мойтеке... Бұл шіркін бе, бұ шіркін... біздің ағайлардың қадірін біліп тұрма?

Мойтық. Үлкен деп мені, ұстаз деп Тоймановтарды сыйламаған сен жетпегірден не үміт, не қайыр?!

Нұрым. А, онда қымырандай іріп, бұзылмай адал болыңыз.

Мойтық. Адал! Адал! Аяқтан алмай, өзің адал бол.

Нұрым. Мен мойындаған қателікті сіз де мойындаңыз.

Телефон шылдырайды.

Шаймұқан *(тыңдап)*. Алло... алло... Иә, «Өркен» колхозының кеңсесі... Шаймұқан сабазды көрдіңдер ме? Иә, сол сабаздың өзі. Стоп, тұра тұрыңыз... Тракторист Мақпал, ескі арық атаулыны бұзып жатыр?

Мойтық. Кім өзі?

Шаймұқан. Шойтабан қыз... «Өскен» колхозының жер суару үлгісіне көшем деп бүлдіріп жатқан көрінеді.

Мойтық. Оған рұқсат берген кім?

Шаймұқан. Тәртіпке шақырыңыз... Райводхозбен келіспей бұл неге әмір етеді?

Мойтық. Үстінен акт жаса да, маған тапсыр.

Шаймұқан кетеді. Хатшагүл кіреді.

Хатшагүл. Мойтық аға, Қорланның өзі де келді.

Мойтық. Сүйінші сұраймысың?

Хатшагүл. Кемпір атаулы бетінш шөнілдетіп сүйіп жатыр.

Мойтық. Сүймек тұрсын, төбелеріне көтерсе де мейлі.

Хатшагүл. Мойтық аға, партком секретары шақырып кел деп мені жіберді.

Мойтық. Мұндағы бүлік аздай, бір бүлікті тағы да ертіп ала келгені ме?

Мойтық кетеді.

Хатшагүл. Бұған не деп едің?

Нұрым. Ол маған не дегенін естімедің бе?

Хатшагүл. Ойпыр-ай, несіне ерегістің?

Нұрым. Асқынып кетті ғой, Хатшагүл, Қорлан неге келіпті?

Хатшагүл. Сенің қамың да. Тойларыңды асыға күтсек бұларың не пәле?

Нұрым. Иә, қуанышқа қарық болатын болдыңдар, Қорлан маған жолықпай кетпесін.

Хатшагүл. Айтайын.

Қыраубай кіреді.

Қыраубай. А, соғылған жігіт, сені қорғаймыз деп батыл іске біз де бардық.

Нұрым. Естідім. (*Риза боп*). Жігіт екенсің, әкелші қолыңды.

Хатшагүл. Жана ғана сендердің алдарында МТС директоры телефон соқты. Қыраубай, саған түйілетін түрі бар.

Қыраубай. Менен болғаны бүкіл колхозшыға аян.

Хатшагүл. Дабырламандар... Қорлан да хабардар болсын!

Кетеді.

Нұрым. Жанашыр достан қымбат не бар. Менің аман құтылуымды Хатшагүлге дейін тілейді.

Қыраубай. Құтыласың. Сен біздің колхозға, мен сіздің колхозға күйеу екем. Боса да қыздарына қалың-мал төлеп жатқанымыз жоқ. Есесін еңбекпен қайырайық та.

Нұрым. Оның рас, мендей емес, мақтаулы күйеу болатын болдың. Қалай орындадыңдар?

Қыраубай. Қалай орындағанымызды сұрама, біз мынаны ойладық, айып кімде? Нұрымда ма, Мойтықта ма?

Нұрым. Лебізің қандай жақсы еді, қайсымызда дейсің?

Қыраубай. Мойтықтың саған қадалуынша сортаң тартқан жерге сепсе де Нұрым айыпты, сеппесе де Нұрым айыпты — солай ғой?

Нұрым. Солай, солай.

Қыраубай. Оныңша солай болсын, бізше былай! Тыңнан жер ашып, жоспарды асыра өсіре орындасақ кім айыпты?.. Мақпал мен екеуміз осылай қарадық.

Нұрым. Әрине, сонда Мойтық айыпты болды да.

Қыраубай. Мұнда Мойтық қана емес, колхозға жаны ашымайтын мойтықшылдар атаулының бәрі де айыпты... Басқа жер жоқтықтан ба? Сені неге жазғырды? Сөткесіне жиырма төрт сағат көз шырымын алмастан қимылдап едік, жалпақ даланы сыдыра жыртып, айдап та шықтық. Мақпал да мәртебесі көтеріліп, өсіп қалды, қыздың сынына мен де төтеп бердім.

Нұрым. Сынына толмай жүр ме едің?

Қыраубай. Қыз шіркіндерде наз көп қой. Маған үйленетін болсаң дейді, біздің колхозға ауыс дейді.

Нұрым. Мұның бір жаңалық екен, содан?..

Қыраубай. Ауысайын десем, Мойтықпен тарым піспей, шатысып қалам ба деп қорқам, ауыспайын десем, Мақпал көнетін емес.

Нұрым. Оның ақылы мынау, сен екі колхозға бірдей еңбек істе. Өрістегі еңбек біріксе, адамның көңлі де бірігеді.

Қорлан кіреді.

Қорлан. А, жойқын, сенің бұл қимылыңа біз де ризамыз, колхозшылар да риза.

Қыраубай. Тағы да не деп тулап жатыр?

Қорлан. Ұялғаны мен масқара болғанын сезе ме деп ем, сезетін түрі жоқ. Бұдан ұтқанмен, басқадан ұтылыпсыз.

Нұрым. Тосыннан тосса амалым қанша?

Қорлан (кекетін). Айтпақшы, сөз қуған даукес емес, мамансың ғой... Саған тасаланып кылмысын бүркеуге тырысады дегеніме сенбеп едің... Қайырыла беріп қалай соқты?

Нұрым. Соғуына қару берген сенсің ғой.

Қорлан. Мен?

Нұрым. Бермесен актыға неге қол қойдың?

Қорлан. Акты сортаң тартқан жерге жасалды. Қоймағанда, жасырып қалуым керек пе еді?

Нұрым. Мені адасып кететіндей қолымнан жетектегендегі қырағылығыңды көрсеттін.

Қорлан. Не дейді?

Нұрым. Қол қойған сен білетін боларсың...

Қорлан (не дерін білмей). Сөйтіп бізді тағы да шырмады де... Правлении де сен не деп дәлелдедің?

Нұрым. Қол қойған сен, шығыңға батырған мен, не деп дәлелдейін?

Қорлан. Бәрінен де сұмдығы сенің тағдырыңды мен қол қойған актыға байлап, мазақ етуі қорланарлық іс екен... Көріне қиянатқа жанымыз қалай төзеді, арымыз қалай шыдайды?

Нұрым. Бәсе, сен де сөйтіп мойындашы.

Қорлан. Мені не деп кінәласаң да, Мойтыққа түйілген жұдырықты өзіңе бұруың, әлі де айтам, басында белсене кіріспеуіңнен.

Нұрым. Сөз болғаныңа... Олай десең, сен де без мнен...

Қорлан. Қылмысын әшкерелемедің бе, мен де безем...

Қыраубай. Ау, бұларың не? Үдетіп барасындар ғой.

Қорлан. Ойласаң жаның күйінеді.

Қыраубай. Есесін біз толтырдық, болды емес пе?

Қорлан. Әңгіме еседе емес, Мойтықтың қылмысын ашуда боп тұр ғой, Қыраубай... Оқуды аяқтап, маман атын алып, туған колхозымызға келгенде, жаңа күннің ерке нұры жүзімізде ойнап, қызық көрем, тұрмыс құрам...

Нұрым. Иә, үй болам деген үміт жайына қалды де...

Қорлан. Бұл не шырмау... бір сүріндің жарайды... Сабак алатындай болдың ғой.

Нұрым. Маған сөгіс бергізгеніңе қорланбаймын, сүйгеніңе арланбаймын. Бетке түспедің деп мені кінәлайтын едің. Кәне, енді сен түсіп көрші.

Қорлан. Көріне жапқан қылмысын партком алдында мойындатсақ не деп құтылады?

Нұрым. Парткомның алдын орап діңкемізді құртып тұр ғой.

Қорлан. Құрта алмайды... Партком алдында беттесуге сен неге тайсаласың, ол неден жалтарады? Бері жүр.

Қыраубай. Тұра қалындар.

Қорлан. Не айтқалы тұрсың, Қыраубай?

Қыраубай. Екеуіңнің жарастығың туралы да... Мойтық құлататын тауын бүгін құлатса да қырықбақ болуды қойындаршы.

Қорлан. Ол ақылды мына досыңа айт.

Екеуі кете береді. Қыраубай жалғыз, сырттан қолында жеңіл чемодан, басында шетен қалпақ, үстін шаң басқан, әбден шаршаған былқылдай басып, бұлдана сөйлеп Сағила кіреді.

Сағила. Сәлеметсіз бе, қайным? Мына чемоданды босағаға қоя салшы.

Қыраубай. Қоя салдық жеңгесі. *(Чемоданды алып босағаға қояды да, орындық ұсынады.)* Отырыңыз, қайдан келесіз?

Сағила. Астанадаң.

Қыраубай. Е, орталықтан екенсіз ғой.

Сағила. Шаймұқан Шоймановтың жеңгесі болам. Тіршіліктің қамы үшін шыға қалып едім, қайным. Ойпыр-ой, ойпыр-ой құдайдың күні де шақырайып кетті. Ана суды бері әперші. *(Қыраубай графиннен су әпереді, Сағила сылқылдатып жұта бастайды.)*

Қыраубай. Шынында да шөлдеп қапсыз.

Сағила. Беті ашық грузовигі құрғырға мініп, құр сұлдерім қалды. Нақұрыс шофер, бензин құйған бөшке-нің қасына отырғызды... Көк түйнек келгір қу сайтан, қас қылғандай, кедір-бұдыр қайдағы қисық жолмен жүріп, тоңқылдатып кеп түйгенде, шегім үзіліп кете жаздады, қайным. *(Белін ұстап.)* Мына белден төмен қарай сау жерім жоқ.

Қыраубай. Шонданайыңыздап ұрған ғой. Беліңізді байлап алыңыз.

Сағила. Ана чемоданның ішін ашшы, шандып бермесен, қайным, қимылдауға шамам жоқ, ойбай белім!

Қыраубай чемоданды ашып, ақ жібек шәліні ала бастайды. Қолында қол қойғызатын қағаз Жұпар кіреді.

Жұпар. Біздің соққан орнында отырушы ма еді! Қыраубаймысың?

Қыраубай. Қыраубайдың дәл өзі...

Жұпар. Бұл күркетауығың кім?

Сағила. Өйтіп грубит етпеңіз, апай!

Жұпар. Грубит деген не сөз, тілдеспей жатып менің дегенің несі-ай!

Қыраубай. Жұпар-ау, дәрекіленбеңіз деген сөз.

Жұпар. Қой әрі, мықынынан ұстағанға сен де мазана қалдың ба? Біздің соққанға осындайлар үйір.

Қыраубай *(оңашалап)*. Қаладағы Мойтекең түсіп жүретін үйдің әйелі көрінеді.

Жұпар. Солай ма? Олай болса таныс боп шығармыз бұл кісімен. *(Қасына келіп.)* Сағила деген қатын сенбісің, шырақ?

Сағила. Иә, мен боламын, апай!

Жұпар. Сағила деген адам емес, аждаһа деп ұғынушы едім, өзіміз сияқты көп қатынның бірі екенсің ғой.

Сағила. О не дегеніңіз, апай?

Жұпар. Қойды түгімен, қантты қабымен жұтсаң, аждаһа болмай қайтушы ең... *(Төне түсіп.)* Менің байым қалаға барған сайын керуен боп барып, жұтап қайтпаушы ма еді? Соның бәрін сендер жұтпаушы ма едіңдер?

Сағила. Қойыңыз, әрі сампылдамай... Мәдениетсіз, өзім шаршап келсем, онысы несі, шаптығып?!

Жұпар. О, сілең қатқыр... Шаптығып деп мені сөгеді...

Қыраубай. Қойыңыз, Жұпар жеңгей, әне, Тойшыбек пен Елшібек келе жатыр.

Елшібек пен Тойшыбек кіреді.

Тойшыбек. Бұл қай жаңсағың, Қыраубай.

Елшібек. Бізді шатастырып адастырғанда ұтқандарың не? Ескі сораптан із де қалмаған.

Қыраубай. Шатастырған да Мойтық, шатысқан да Мойтық, екеуіңізді жағаластырған да Мойтық. Айыпкерді де, айғақты да содан сұраңыз. *(Кете береді.)*

Елшібек. Мына жаршөп кімге аударып кетті? Ал, Тойшыбек, ізін аш та иесін тап.

Тойшыбек. Маған несіне қадаласың, құда? Мойтық десе, Мойтыққа жармас.

Жұпар. Біздің соққанға мен де жармаса келіп ем. Қолыма түспей тұрғаны. Мына бір желім қасық та іздеп келіпті.

Тойшыбек *(сығырайып, сүзіле қарап)*. Кімді іздеп кепті дейсің?

Жұпар. Біздің соққанды...

Тойшыбек. Түсіндім, түсіндім... Дымың ішінде болсын, Елшібектің көзінше үндемей-ақ қой. Ақылың бар еді ғой, келінжан.

Жұпар. Бұл соққанға не дауа, қайнаға-ау?

Тойшыбек. Дауасын да, шарасын да кейін ақылдасармыз, бара тұр.

Жұпар кетеді.

Сағила. Аталар, шаң басқан киімдерімді ауыстырып кигенше шыға тұрсандар.

Елшібек. Далаға ма, шырағым?

Сағила. Сөзді көбейтпеңіз, ақсақал... Спешкеңіз бар ма? Неменеге тесірейесіз. Спешка!..

Елшібек. Шылым тартпайтын едім, келінжан.

Сағила. Енді тарп-тарп етпей шыға тұрыңыздар.

Бұл кезде сырттан Жұпармен дауласып Мойтық келе жатады. Сағила Мойтықтың кабинетіне кіріп, есігін жауып алады. Мойтық кірген бетте кабинеттің есігін ашуға оңтайланғанда, Сағила шаңқ ете түседі.

Мойтық. Бұл кім өз?

Жұпар. Таныса да танымағансуын. Бал сырамен суаратын кім еді? Осы колхозды айрандай аптап, күбідей күптеген кім еді?

Мойтық. Беталды көкіме! Нені күптеппін?..

Жұпар. Көкімесен көкіме! Қаладағы жемдесінді колхозға неге шақырасың?

Мойтық екінші рет есікке тап береді.

Сағила (*ішкі бөлмеде*). Қой әрі!

Жұпар. Қарашы мұны, төрімізде тайрандауын (*Мойтыққа*.) Саған арқаланбаса, осыншама неге еркінсиді?

Мойтық. Тойшыбек-ау, мына қатынға бірдеме десенші.

Тойшыбек. Бізде дей аларлықтай хал болып тұрма?

Мойтық. Бұл не пәле?

Тойшыбек. Ойпыр-ау, осында танауы таңырайып бізді тарыдай қуырды.

Жұпар. Әй, ку соққан, осыған колхоздың бір сабақ жібін беріп көрші.

Мойтық. Болды, даурықпа әрі.

Жұпар. Мырза Мойтық, береген Мойтық, сенен дәметпесе, ол қатынды кім шақырды? Сенің қаладағы саудагер қатыныңа да жем болғанбыз ба?

Мойтық (*қысылып*). Сені жын соққан ба?..

Жұпар. Мені емес, сені соққан. Тайдыр ана саудагерінді. Колхоздың дәулетін тасығаның да жетеді. Әлгі парткомы мен активтері қайда жүр? Көрсін мына сұмдықты!

Жұпар кетеді.

Мойтық. Жұпар, ой, Жұпар!.. Мұны құтыртқан қайсың? (*Тойшыбекке түйіледі*.) Сен немді бактың?

Тойшыбек. Жоғалған пышақтың сабы алтын демей, есесі толды, болды емес пе?

Елшібек. Мұртың құйын ұрған көдедей ұйпатұйпа боп, аракідік атыз атаулыны қоса жыртқызған сен дейді ғой, Мойтық?

Мойтық. Өйтіп өлімтігін сүйрететін халге Мойтық

әлі жеткен жоқ. Бұл бүлік те сенің өрен-жараныңнан...

Е л ш і б е к. Өз қатенді әлі де ұғынбаған екенсің.

М о й т ы қ. Сен екі шал балаңды қорғайтын жерінде қорға.

Е л ш і б е к. Дүмбілезденбей, қоятын кінәңды ашып айт. Біз де естиік.

М о й т ы қ. Қапы қалмайық десеңдер, менімен прокурордың алдында сөйлесіңдер. Әлгі Жарқынбай қайда жүр? Менікін теріс деп қайсың айтасындар? Мына тұрған Тойшыбек баламдікін жөн десе, правлении де бұл неге қол көтерді?

Т о й ш ы б е к. Көтердім. Бұдан әрі колхозды жолға қоймадың ба, Мойтық, саған да қарсы қол көтерем.

Е л ш і б е к. Кінә балаңызға ауған болды ғой?

Т о й ш ы б е к. Арамзаның құйрығы бір тұтам. Арам болса тартсын сазайын. Адал болса мен ара түспей-ақ ақталады.

М о й т ы қ. Айтыстық та, тартыстық та, жетер жеріне жетті.

Мойтық шыға бергенде, үсті суға малынған ойбайын салып Шаймұқан, ізін ала Мақпал кіреді.

Ш а й м ұ қ а н. Сендердің мына қызың ба, мына қызың кісі өлтіреді.

М о й т ы қ. Не болды, қысқарақ айтшы?

Ш а й м ұ қ а н. Аракідік атыз атаулыны жойып, бүлдірген де тастаған. Тәртіпке шақырсам өзімді мазақ етеді. (*Үстіндегі суды көрсетіп.*) Көрдің бе, Мойтеке?

М а қ п а л. Бұл маған тоқтат дейді, «Өскен» колхозының жер суару үлгісіне көшпей тоқтатпаймын деймін.

Содан келдік те ілегістік. Арықтың жиегінен аяғы тайып кетіп, суға күмп берді де түрегелді.

Т о й ш ы б е к. Сенің қызметіңе түсінбей-ақ қойдым-ау, шырағым.

Ш а й м ұ қ а н. Түсінбесең, менің қызметім мемлекеттік контроль.

Е л ш і б е к. Суға сүңгіп шыққаның болмаса, сенің қызметің таптырмайтын қызмет.

Ш а й м ұ қ а н. Айтпаймысың мыналарыңа!

М о й т ы қ (*Мақпалға*). Балтырың күпшектей боп, сен қыз да қырсығыңды тигізе берсейші әйтеуір.

М а қ п а л. Жуандық жағына тиісіп қайтеміз, Мойтық аға!

М о й т ы қ. Райводхозбен келіспей аракідік атыз атаулыны жоюға кім рұқсат берді? (*Шаймұқанға қарап.*)

Мына қыздың бүлдірген фактысын отыра қал да, жазып бер. Тиісті жеріне қоса тапсырам. (*Кетуге ыңғайланғанда, қатар бөлмеден киімдерін ауыстырып киген Сағила шығады.*)

Сағила. Әлгі менімен салғыласатын қатын қайда? Амансың ба, Мойтық!.. Немене, дәулетінді шайқаған мендей-ақ, адуын мәдениетсіз әйелің маған неге тиіседі?

Шаймұқан (*шошына қарап*). Са-Сағила! Се-сесені мұнда кім шақырды?

Сағила (*орындыққа отыра кетіп*). Сор қаққан қайным-ау, өзін тындырсаң колхозыңа келіп нем бар еді?

Шаймұқан. Тәртіп, тәртіп, Сағила... Кеңседе айғайлауың орынсыз... Бері жүрші.

Сағила. Қой әрі! Әй, Мойтық... Пері қауын қатының маған неге соқтығады? Соған жауап берші.

Мойтық. Білмеген у ішеді. Кейін сөйлесерміз, Сағила.

Сағила. Бізден не зиян көрдің? Адам сияқты қарсы алуға жарамадың-ау.

Мойтық. Айып бізде, Сағила. Шаймұқан! (*Ымдап.*) Кейін сөйлесеміз дедім ғой.

Сағила. Доғар әңгіменді. Шығар мына жұртыңды... Сенімен оңаша сөзім бар. (*Төргі бөлмеге кетеді.*)

Нұрым кіреді.

Нұрым. Маған бой берместен өрепкіп едің... Райком секретарымен біз де сөйлестік... Бастауыш партия ұйымында қарамай қадам басушы болмасын деді.

Мойтық.. Менің алдымды тағы да орайын дедің бе, ку бала!..

Телефон шылдырайды, Шаймұқан тыңдайды.

Шаймұқан. Иә, колхоз... Райком, секретары?... Қазір... Мойтеке, сізді сұрайды... (*Мойтық трубканы алады.*)

Нұрым. Жақсылап тыңда... Шындықтан алыстатпай, өтірікке жақындатпай райком секретарына берген жауабыңды біз де тыңдайық.

Шымалдық.

ЕКІНШІ КАРТИНА

Суармалы учаскокке құйылатын бұрынғы ескі сала өзгеріп, жаңадан бір салаға тоғысқан. Қайнардың арғы жағында құс фермасының қоралары көрінеді. Қыраубай көтергіш қаланды автоматтық әдіске көшірген.

Қыраубай әндетіп жүреді. Сырттан Мақпал кіреді.

Мақпал. Шәу, пәлі, менің атымды қоспай айтсаң сәніне келмей ме?

Қыраубай. Қара алтыным, менің сәнім де сен, әнім де сен. Бері кел де, көрші мынаны.

Мақпал. Ал, көрейік,

Қыраубай. Көрсеткіші де, бөлгіші де өзінде. Осыған да рақмет айтпаймысың?

Мақпал. Мақтанды байғұсың.

Қыраубай. Мақтануға тұрарлық, сен ғой маған бір күн онда, бір күн мұнда бол дедің.

Мақпал. Жоқ, «күнде мұнда» болмайынша менің көңілім бітпейді.

Қыраубай. Қара алтыным, сенің қасыңда күнде болайын деп саласын да өзгертіп, сағаны да бір жерден шығардым. Маған қояр не кінәң бар?.. *(Баурына тартып, әндетіп.)*

Ақ жүзінде бір қыздың
Нұр ойнайды жастықтың.

Мақпал. Ол қандай қыз?

Қыраубай.

Түсті келіп шетіне,
Бұйра толқын астықтың.

Мақпал. Атын айтуға бола ма?

Қыраубай. Неге болмасын, сенсің ғой, жаным Мақпалым.

Мақпал. Маған арнап шығарғаныңды өзім де сезіп ем, қосыла шырайық.

Екеуі де әндетіп кете береді; ізін ала Мойтық пен Шаймұқан кіреді.

Мойтық *(желпіне сөйлеп)*. Ырық бермей жүріп бұлар да өз дегеніне жетті, мен де жеттім... Ақ түйенің қарны жарылды дей бер... Исполком председателі ауысып, оның орнына жақыным келіпті.

Шаймұқан. Фамилиясы кім?

Мойтық. Ыбраев!.. *(аты аузына түспей.)* Аты кім еді... Ел.. Ел...

Шаймұқан. Елебек. Елтай, Ермұқан, Елкен...

Мойтық. Кейін есіме түсер. Түнде маған ауданнан телефон соқты.

Шаймұқан. Өзі ме?

Мойтық. Кім екенін не қыласың, құлап бара жатқанымда сүйеп қалатыным бар енді. Қуана бер, Шаймұқан. Нұрымның үстінен обкомға жазған арызымды соған тапсырыпты... Сәті түссе ертен, бүрсігүні мені шақырып та қалар.

Шаймұқан. Туысың ба, досың ба, Мойтеке?

Мойтық. Сұрама дедім ғой. Туган шешемнің нағашысы. Тыңнан жер аштым деп көкі тұрсын... Қарап тұр, қу баланың көзі желкесінен шығатын болды.

Шаймұқан. Мойнын үзсең де еркің. Жеңгемді қайттік, Мойтеке?

Мойтық. Жеңгең келмеді, бәле келді. Эксперименттік базадан алған он қошқардың орны атымен жоқ... Справканы қалай бер дейсің?

Шаймұқан. Мойтеке-ау, эксперименттік базадан ағайдың да, сіздің де алғаныңыз аз емес еді ғой?

Мойтық. Алған, берген салауат. Бұлт ыдырап маған төнген бәледен арылғалы тұрғанда, жеңгенді қабаттастырмашы, Шаймұқан, қайтсең де құтқаршы... Содан ығысам деп кеңсеге де жолай алмадым. Еркелей ме, наздана ма! Стол үстіндегі жатқан папиросымды да қалтасына салып алды... Ернін шүйіріп, танауынан түтінді маған қарай будақтатып еді дейсің. Мұндай найсапты кім көрген... Кеше үйге кеп, Жұпарды түнімен тулатты. Айналайын Шаймұқан, қалай кетіресің, ақылын өзің тап.

Шаймұқан. Жақсы болды, үш-төрт қаздың мойнын қырқайық та, чемоданына салып жөнелтейік.

Мойтық. Бұл сор қаққан қатын болды-ау. Бері жүр, құдай ұрды. Көріп қалды Жұпар, шаңымызды тағы да қағатын болды. Айттым ғой, менің ажалым сенің жеңгеннен деп.

Шаймұқан. Сол құрғырдан қарақұс алып кететін үш-төрт балапанды несіне аяйсың.

Мойтық. Ойбай-ау, оған Жұпар көне ме?

Шаймұқан. Көнбесе көндіріңіз. Ауданда дұшпаныңды жеңіп, ісің оң орайға келіп тұрғанда, сізден несін аяйды?

Мойтық. Бұл сөзіңнің жаны бар. Мен көрінбейін. Кеңсе жаққа барайын. Ақшасына алып берсең де Жұпарды сен көндір. Мені көрсе оның ойбайы мен айғайы бірдей шығады. Айналайын Шаймұқан, өзіңе тапсыр-

дым, енді қайтып менің қарамды көрмесін, осы жақтан жөнелт. Он қошқардың справкасын кейін жіберерміз.

Мойтық (*қағаз жазып беріп*). Мә көнбесе правлениенің атынан жазды де... Бар, тұрма!

Екеуі екі айрылып кетеді. Қолдарында кетпен, Елшібек, Тойшыбек кіреді.

Тойшыбек. Мыналар қайда жөнелді?

Елшібек. Барсын. (*Су бөлгішті көріп.*) Паһ, паһ! Көрдің бе, құда, астауын да, бастауын да өзгерткенін.

Тойшыбек. Ағыта суарсақ та, тоғыта суарсақ та тетігі қолда... Еңбек ата, жер ана. Жер көркейсе, ел көркейеді. Ел көркейсе, ер көркейеді деген емес пе?

Елшібек. Көптен бері тауып айтқан сөзің болды. Осы үшін жағамыздан алысып, Нұрымды Мойтыққа жығып бердік...

Тойшыбек (*көзіне жас алып кемсеңдеп*). Иә, иә, екеуіміз де тым таштандап кетіп ек, соның сазайы ма қайдам, енді қояйықшы, құда.

Елшібек. Қойсақ, қояйық. Келші, балалардың бақытына кесел болар.

Екеуі татуласып, тағы да төс түйістіреді.

Тойшыбек. Береген қол алаған, судың мол жағы сенде болсын, құда.

Елшібек. Қырғы бетті маған қалдыр да, ыққы бетке сен ие бол.

Тойшыбек. Көлік күштерің тәуірлеу, аяқ жағын сен қара да, жоғарғы жағын мен қараймын.

Елшібек. Бұл біздің колхоздың мүддесі үшін өзгертілді ғой.

Тойшыбек. Сіздің колхоз бүгін таңда біздің колхозға көмек беріп тұрған колхоз.

Елшібек. Менің қызым осыған бастамаса, сенің балаң үйін де таба алмайтын еді.

Тойшыбек. Сенің қызың — менің келінім. Келіннен әкені, әкеден баланы айырмай сөйле, құда.

Елшібек. Малтамызды езіп оттап кеттік. Тағы тарбиысып қалмасақ игі едік.

Тойшыбек. Түгінді сыртыңа тебе қалдың, қайдам...

Елшібек. Сен де ежірейе қалдың ғой.

Тойшыбек. Қой, қой, ашуға барыспайық. Қожым қожымнан қорықпайды.

Елшібек (*қатуланып*). Сен қиясты маған қайдан тіркестірді?

Тойшыбек. Ашуға барыспайық дедім ғой. (*Құмқайнарға тақау маңда мылтық атылды.*) Сақтай гөр! Бұл не пәле?.. Әне, Қыраубай да қарап тұр.

Елшібек (*даурыға айғайлап*). Ай, Қыраубай, бері кел...

Қыраубай кіреді.

Қыраубай. Бұл не дау?

Елшібек. Қадір білмес немерге, несіне қарайластыңдар? Жақыны маған, алысы саған дейді.

Қыраубай. А, қызмет бөлісудің дауы ма еді. Алысы не, жақыны не, кезекпен қарамайсыңдар ма?

Тойшыбек. Кезекпен қарағанда келісіп алайық та.

Қыраубай. Қайсыңның таланыңа қай жағы ауып түседі. Жеребе ұстандар. (*Екеуінің беліндегі қайыс белбеулерін шешіп біріне-бірі жалғайды.*) Судағы ысырап жойылсын, кезекке таласу қойылсын деп сағасын да, саласын да өзгерттік. (*Жеребе ұстасады. Белбеуді жиыра ұстап қашан ұшына шыққанша білдірмейді. Екі шал егесе ұстайды. Бұл кезде иығында қосауыз мылтық, аяғында ұзын саптама етік, киімі жұпыны райисполком председателі Елтоқ кіріп келеді.*) Аңшы жолдас, сен де куә бол...

Елтоқ. Ой-ой, бұл ненің ұтысы?

Қыраубай. Кімнің қарауына қай жағы тиеді, соның ұтысы да. А, Тойшекең ұтып кетті.

Елтоқ. Сіздерде не, қызмет бөлісудің жаңа тәртібі шыққан ба?

Қыраубай. Мына екі шал егесе бергесін, менің шығарып тұрған тәртібім де.

Елтоқ. Сабаздарың ескінің сарқыншағы ғой, саналарына ұғындыру керек шығар.

Қыраубай. Ұғынып келеді де, өзгеріп кетеді.

Елтоқ. Сіздің қызметіңіз?

Қыраубай. Бригадир-механик.

Елтоқ. Бригадир жолдас, өздеріне берілген жерді колхоздың өздері ұқсатуға тиісті емес пе?

Қыраубай. Әрине, солай. Ол бұлжымас заң.

Елтоқ. Сол бұлжымас заңды бұзған кім?

Тойшыбек. Шырағым, мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл... Сіз кім боласыз?

Елтоқ. Мен жай әншейін, құс атуға шығып ем.

Елшібек. Охотсоюздан ба?

Елтоқ (*Қыраубайға*). Бұзған Мойтық па, жоқ, колхоз агрономы Нұрым ба?.. Айып кімде?

Қыраубай. Сіз өте қиын сұрау қойдыңыз.

Елтоқ. Несі қиын. Менің естуімше бұл қиындықты сіз дұрыс шешкенсіз, тыңнан жол тауып, тұйыққа бөгелген колхозды мемлекет алдында беделін көтергенсіз, солай ғой?

Қыраубай. Солай, солай, ағасы.

Елтоқ. Сізде бір қателік болған. Өзіне берілген жерді өздеріне ұқсаттырып, өз олқылықтарын өздеріне толтыру керек еді, толтыра алмаған күнде айыптыны мойындатып, көп алдында жазалау керек еді.

Елшібек. Бұл сөзде не мағына барын түсіндің бе, ей, Тойшыбек?

Тойшыбек. Сен түсінгенде мен түсінбейтін құлық қой деймісің. Қалыспаудың қамын біз де ойласармыз.

Елтоқ. Бригадир жолдас, осы қатеңізді жөндесеңіз сенімді ақтағаның. Қәне, кәриялар, тыңнан ашқан жер мен сортаң тартқан жердің көлемін көрейік.

Аң-таң «бұл кім болды» дегендей, Қыраубай аңыра қарайды. Елтоқ, Елшібек, Тойшыбекті ертіп шыға бергенде, Шаймұқан кіріп келеді.

Шаймұқан. Стоп, стоп, бері қайрыла кет, жігітім.

Елтоқ. Кімге айтасыз, маған ба?

Шаймұқан. Саған, бері, бері... (*Қасына жақындап.*) Өзің еңгезердей сирақты неме екенсің, мойнында мылтық, аяғыңда ұзын қоныш етік, құстың қырыпсалы. Жұмыртқа басатын кезде Министрлер Советінің қаулысын неге бұзасың?

Елтоқ. Менің құс атқанымды қайдан көрдің?

Шаймұқан. Жаңа мылтық тарс еткенде, үйректер де жалп етті. Бізде де көз бар.

Елтоқ. Сіздің қызметіңіз?

Шаймұқан. Шаруаң қанша? Бағынбасаң штраф төлейсің!

Елтоқ. Су бақылайтын объезщик сен бе едің?

Шаймұқан. Қара-қара, мені танығансып жалтаруын. Ол қалжағың болса игі еді, жігітім, Қыраубай, бар ана машинадағы құстарын алып қал.

Елтоқ. Құс болмаса нені алып калады?

Шаймұқан. Фамилияңыз, аты-жөніңіз, паспорт-тыңыз?

Елтоқ. Суды бақылау кімнің қолында?

Шаймұқан (*сескеніп*). Паспортыңыз, фамилия-ңыз?

Елтоқ. Жаз! Фамилиям Ибраев.

Ш ай м ұ қ а н. Атыңыз?

Е л т о қ. Атым — Елтоқ.

Ш ай м ұ қ а н. Қызметіңіз?

Е л т о қ. Исполком председателі. Неге аңыраясың?
Жаз!

Ш ай м ұ қ а н. Қ... к... кешіріңіз...

Е л т о қ. Жаз!

Ш ай м ұ қ а н. Жазайын, исполком жолдас...

Е л т о қ. Екі колхоздың суармалы учаскесіне жұмсалатын судың қаншасы жерге сіңеді, қаншасы әуеде бұға айналады? Запас қоры қанша? Маған кубометрлік өлшеумен мәліметін тапсыр! Ұғындың ба?

Ш ай м ұ қ а н (*қалтырап*). Ұғындым.

Е л т о қ. «Өркен» колхозының председателіне хабарла. Исполком председателі жиналыс өткізуге келіпті. Кешкі жиналысқа колхозшыларды әзірлесін. Түсінікті ме?

Ш ай м ұ қ а н. Т-т-түсінікті.

Е л т о қ. Көрші колхоздарды аралап келгенше халық клубка жиналатын болсын.

Ш ай м ұ қ а н. Мақұл, айтайын.

Е л т о қ. Бұдан былай ұшқалақтанып ұрынбай, аңдап сөйлесетін бол.

Ш ай м ұ қ а н. Аңдап сөйлесетін болайын, исполком жолдас.

Е л т о қ. Жөнел тез.

Шаймұқан басын шұлғып, шегіпшектеп шығып кетеді.

Т о й ш ы б е к. Әншейін дегенге біз де аңдамай қала жаздадық.

Е л т о қ. Оқасы жоқ, бері жүріңіздер.

Елшібек, Тойшыбек, Елтоқ үшеуі шығады.

Қ ы р а у б а й (*өзіне*). Коммунистік принцип бойынша менікі қате болғаны ма? Ойлан, Қыраубай...

Ойланып тұрған үстіне Қорлан мен Мақпал кіреді.

Қ о р л а н. Қыраубай!

Қ ы р а у б а й. Қыраубайдың дәл өзі!

Қ о р л а н. Анау кеткендер кім?

Қ ы р а у б а й (*өзіне*). Коммунистік принцип бойынша көмегімізді дұрыс деп тапса да, айыптыны әшкерлемедіндер дейді. Маған шұқшия қадалады.

Қ о р л а н. Атап айтқанда...

Қ ы р а у б а й. Атап айтқанда, колхоз өздеріне берілген жерді өздері ұқсатуға міндетті. Ұқсата алмаған айыптыны жазалау керек еді дейді.

Қорлан. Нұрым туралы не деді?

Қыраубай. Менің байқауымша, Нұрымды қуаттамайтын тәрізді.

Мақпал. Солай деп ашық айтты ма?

Қыраубай. Ашық айтпағанымен, көмейінде зіл жатыр.

Мақпал. Қап, мен болғанымда, дәлелдеп, түсіндіріп беретін едім ол кісіге.

Қыраубай. Мойтыққа дәлелдедің де, исполком қалды ма?

Мақпал. Суару кестесін өзгерткенімізді неге айтпадың?

Қыраубай. Күшіңе жаңа мінгенсің бе, Мақпал? «Тракторшы қыз, жерді ұқсата алмаған сенің айыбың» десе не дейсің? Баста бекер-ақ көтерген екенсің, Қорлан...

Қорлан. Көтергеніме өкінбеймін. Көтерем деп жүріп күлкі болғанымға өкінемін.

Қыраубай. Нұрым айыпты болып шықса, онда қайттік?

Қорлан. Осыдан обкомда дәлелдей алмады ма, көрмеуге де бармын.

Қыраубай. Біржолата ма?

Қорлан. Көрмегенсін біржолата көрмейді де.

Қыраубай (*қиналған пішінде*). Бітпейтін бір дау болды-ау...

Мақпал. Ә, қойшы сары уайымды соқпай. Әділдігін Нұрым обкомда дәлелдеп шығады.

Хатшагүл (*сыртта*). Қорланды көргендерің бар ма? Қорлан-ау, Қорлан!

Қыраубай. Қорлан мұнда, бері кел, ей қыз (*Хатшагүл кіреді*). Неге ендіктің, жайшылық па?

Хатшагүл. Пошташыдан Нұрымның хатын алдым да, кетіп қалдым. Не жазыпты, оқышы!

Қорлан (*хатты алып оқып*). «Облыстан кеше келдім. Обком секретары Мойтықтың мені қаралап берген шағымына қосып, өтінішімді ауданға кейін қайырды. Шын күреске шынықпай түсіппіз. Менен болған қателікті тексеруге жаңада келген исполком председателі жүріп кетті. Нендей ұйғарындымен кеткені белгісіз. Жолығарсың...»

Хатшагүл. Мойтықтың дегені болатын болғаны ма?

Қорлан. Шын күреске шынықпай түсіппіз деуіне қарағанда солай.

Х а т ш а г ү л. Ендігі ойынды айтшы?

Қ о р л а н. Бір қанаты қиылғандай болып тұрған кісіден не ой сұрайсың. (*Бірден серпіліп.*) Енді аяна-тын түк те жоқ. Исполком жолдастың алдында дәлел-деуге мен де әзірленейін. Мойтықты мойындатуға сен-дер де әзірленіңдер! Барындар!

Хатшагүл, Мақпал, Қыраубай кетеді; сырттап машинадан түсіп Торғын кіреді.

Т о р ғ ы н. А, Қорлан, исполком председателі нендей ұйғарындымен келіпті?

Қ о р л а н. Асқынған істің ұйғарындысы белгілі емес пе, Торғын апа.

Т о р ғ ы н. Байғұс бала, асқындыруға неге жіберді?

Қ о р л а н. Неге жіберді, жаманатқа айғақ болма-йын деп бетке түсуден сіз де бой тарттыңыз.

Т о р ғ ы н. Бетке түсудің де лайығы бар. Шамадан келген көмегімізді бердік.

Қ о р л а н. Сүрінгенді сүйеуге жарамаған көмекті атап та қажеті жоқ.

Т о р ғ ы н. Біз жарадық-ау деймін. Көктем сама-лында салқын лебі бетке тиген көк бұйрат егінге қара-йық. Құлағаны құрдым сор еді. Жаңа атыраптағы кең жазыққа шығарған кім? Біздің еңбегіміз, Қорлан. Тоз-ғындап кеткен су торабын тоғыстырған кім? Көтергіш-білгіш қаланды жаңадан жасаттық. Бұ да біздің берген көмегіміз.

Қ о р л а н. Табыстан — табысқа жеткенге тоқмейіл-сіп, тартына соққанымызды айтам да...

Т о р ғ ы н. Деміңе булығып, ызалы кісідей, ытыры-ла сөйлейсің.

Қ о р л а н. Қалай ызаланбассың, айыпты құтылады да, айыпсыз тұтылады... Осы әділдік пе?

Т о р ғ ы н. Жөндеп айтшы, Нұрым айыпты болға-ны ма?

Қ о р л а н. Мойтыққа сіз төтеп бергенде, мұндай өкініште қалмайтын едік.

Т о р ғ ы н. Қалмайсындар.

Қ о р л а н. Сіз өз колхозыңның жетістігімен өл-шейсіз. Біздің қойған талабымыз оның жерін жаңарту, суын молайту деп ұғынасыз, онда мені түсінбеген екен-сіз...

Т о р ғ ы н. Маған қоятын кінәң сол ғана ма?

Қ о р л а н. Алды-артымызды шырмап келген Мой-тық туралы неге ойламайсыз?

Торғын. Қалқам-ау, ойламай жүргенімді қайдан білдің? Ол оп-оңай жұлып тастайтын дерт емес. Оның тамыры тереңге бойлаған, құда, жекжат, сыбайлас, жерлес, жемістермен ұштасқан дерт. Колхозға қырсығын тигізген Мойтық болса, Мойтық арқылы оңай олжаға құныққан тілемсектер қаншама? Ол колхоздың ырысын соларға тасыды. Біреуінің сүйеуі, біреуінің қолдауымен әлі де тайраңдайды. Ертең орнынан алынып, сотқа берілген күнде де соларды жағалайды.

Қорлан. Одан не шығады?

Торғын. Бетке түскенде соның бәрін дәлелдеп түсейік. Тек Нұрым айыбын жуа алғандай жеңіспен оралсын, бар ауыртпалықты мен көтерейін. Бері жүр, жаңа келген председательдің аужайын байқап, соның алдында ашық сөйлесейік.

Қорлан. Колхозға соқпастан, егін-жайды аралауының мәні не?

Торғын. Істі фактыдан тексеретін адам осылай істейді. Екі шалдың егесіп тұрған үстінен шықпаса не қылсын.

Ендіге басып, еліріп Шаймұқан кіреді.

Шаймұқан. О, мастер жеңгей. *(Сумкасынан қағаздарын алып.)* Мастер жеңгей, суармалы егіске жұмсалған судың мөлшерін айтып жіберіңіз.

Торғын. Есебі қолында емес пе?

Шаймұқан. Мастер жеңгей, менің қызметім бақылау да, сіздердікі мөлшерлеу... Айтып жіберіңіз, исполком председатели қысып жатыр.

Қорлан. Менен сұра!

Шаймұқан. Оқығанға не жетсін, текше метр, шаршы метрді суға қалай шағады?..

Қорлан. Құмқайнарға сүңгі де әуелі түбін өлше, содан бетін, одан жағалауын өлшейсің.

Шаймұқан. Қиынға сілтедің ғой, Қорлан.

Қорлан. Е, саған суға сүңгу қиын ба?

Шаймұқан. Су мамандары қалай өлшейді?..

Қорлан. Жазып ал... «Өркен» колхозының сортаң тартқан жерінде... Жерге сіңген су мен әуеде бұға айналған суды өлшегенде де Мойтықтың кіндігінен, менің тіземнен келеді, осыған да төзуге бола ма де!

Шаймұқан. Нақты солай ма, Қорлан?

Қорлан. Көр соққыр Мойтық, соны да көрмей, жаласын Нұрымға аударды де.

Торғын. Е, жағал сарым, тыпырлауың жаман, саған да бір тықыр таянған ғой.

Исполком келді дегенді естіп Мойтық келе жатады.

Мойтық. Өкпенді қолына ұстап жүгірдің бе, менен бұрын, қалай кеп қалдың?

Шаймұқан. Мойтеке, ондай сөзді айтпашы, құрып кетсін.

Мойтық. Мойтықты құртам дегендердің мойны үзіледі.

Торғын. Иә, иә, өлер алдындағы аяқ сермеу де..

Мойтық. Ескі исполкомнан гөрі жаңа исполкомның тықыры қаттырақ тиген болар, Торғын. Мына қыз да байқап соқтығатын болар. Мойтықты құдай өлтірген бе?

Торғын. Неге мәз болып күпсіне қалдың?

Мойтық. Күпсінбек тұрсын, енді төбелерінде ойнайтын шығармыз. Сен де кел жиналысқа... *(Қарқылдап күліп.)* Ха-ха-ха-ха! Не деуші еді... қазақтың мақалында...

Шаймұқан. Мақалды қайтесіз, Мойтеке, сіздің колхозда суармалы егіске жұмсалған судың мөлшерін айтып жіберіңіз.

Мойтық. Оның керегі не?

Шаймұқан. Исполком председателі, мен келгенше дайындап қой деді. Бері жүрші... *(Оңашалап.)* Бұларды ерегістіріп керегі не? Сіздің айтқан нағашының дәл өзі. Ілкім сирағының ұзындығы болмаса, бет пішіні сізге келеді.

Мойтық. Қараторы, дөңгелек бет...

Шаймұқан. Дөңгелек бет... биологияның заңында... ұқсастық атаға дейін қуалайды деп біздің Алматыдағы ағай айтады. Әсіресе, мұрны мен көзі сізден аумайды.

Мойтық. Оған күмәның болмасын, ойбай-ау, телефонмен хабарлады ғой. Сен ана нақұрыс жеңгенді желкесінен сүйресен де тез тайдыр. Мыналарға мен бір сүс көрсетіп, қытығына тие түсейін. Жөнел тезірек.

Шаймұқан. Мақұл...

Шаймұқан кете береді.

Мойтық *(айғайлап)*. Шаймұқан, жүрген жерінде кешкі болатын жиналысты да хабарла...

Шаймұқан. Хабарлайын.

Мойтық (соңынан ере түсіп). Маған өшіккен «Өскеннің» адамдарына да айта сал...

Шаймұқан. Айтайын.

Мойтық. МТС-тың директорына телефон соқ!
(Торғынға.) Жиналыста енді не демексің, лебізінді байқайық, кербез сұлу.

Торғын. Қандай ғажап адамсыз?

Мойтық. Сұрағанның несі ғажап?

Торғын. Халықтың ырысын ұрлап, жерін бүлдіргенің есінде де жоқ, жол тауып, бұдан да құтылам дейсін.

Мойтық. Сен айтып жүрген жарапазан да.

Торғын. Жарапазан айту, диуана мінезді саған лайықты. Менің лебізімді естігің келсе, су бар, суды іске асырмайтын жер бар, жерді іске асырмайтын Мойтық бар, мойтықшылдықтың астында колхозға жаны ашымайтын, сен сияқты жүгенсіз кеткен председатель бар.

Қорлан (қуаттан). Үлкен қырсық сонда... Сіз басқарған колхозда Мойтықтың еншісіне тиген бассыздық та бар деңіз...

Мойтық. Қосыла сайрағанда айтатындарың осы ғой. Жадымызға сақтайық. Мойтық бар жерде, уысына түскенін күйген терідей бүрістіретін мызғымас берік күште бар.

Торғын. Есіріктің желігіне мінген мұжан топай!.. Несіне даурығасың, қоразданам деп колхоздың арбасынан құлап түскенінді де көрерміз...

Мойтық кетуге ыңғайланғанда, Хатшагүл кіреді.

Хатшагүл. Елшекең мен Тойшекең келе жатыр...

Мойтық (алай қарап). Сен қызды мұнда кім шақырды?

Хатшагүл. Жұмысым болған соң келгенім де...

Қорлан (тықырышып). Ұйғарындысын естідің бе, Хатшагүл?

Хатшагүл. Екеуі де мәз-мейрам.

Жүрістері асығыстау Елшібек пен Тойшыбек, ізін ала

Қыраубай мен Макпалдар кіреді.

Қорлан. Көрді ме?

Елшібек. Көргенде сол көрсін, білгенде сол білсін!

Қорлан. Не деді?

Елшібек. Құдаңмен бекерге жағаласпапсың,

қуатың қайтпаған көзің нұрлы, тамаша шал екенсің, деп мені шелите мақтады.

Торғын. Тыннан ашқан жер туралы не деді?

Елшібек. Оны екі колхоздың жиналысында өзі айтатын болды.

Мойтық (*Тойшыбекке*). Ай, жандайшап, саған не деді?

Тойшыбек. Маған ба, Мойтықты бұрыннан білем, өкілдерге де ырық бермейтін берік бастық еді, оны неден құдай ұрды деді.

Мойтық. Менің балам шаужайынан алып, беделіне мін келтірді деп неге айтпадың? Жә, тұрма, ана егін басындағы бригадаларға хабарла. Исполком председателі келіп жиналыс ашқалы жатыр де, жөнел тез.

Осы кезде құс фермасындағы тауықтар азан-қазан болады, ойбайын салып Жұпар келеді.

Жұпар. Сілең қатқыр Шаймұқан, кума тауығымды!

Торғын. Тауықты да жиналысқа шақырып па едің, Мойтық?

Мойтық (*тықырышып тұра алмай*). Тойшыбек, баршы, шулатпасын.

Тойшыбек. Бармаймын.

Мойтық. Қап, мына сойқан, бүлдірді-ау.

Тұра жөнелгенде, алдынан шашы дудырап, Сағиламен дауласып Жұпар кіреді.

Жұпар. Мойтықтың әкесі тіріліп келсе де бермеймін тауығымды. Амансың ба, Торғын?

Сағила. Сәлеметсіздер ме?

Жұпар. Құдайдың дес берісінде, сендердің барың да жақсы болды. Енді болмағанда мына бір аждаһа...

Тойшыбек. Немене, жұтып қоя жаздады ма, Жұпар?

Жұпар. Біздің колхозды осы-ақ құртатын болды.

Сағила. Әй, Мойтық, әйеліңе әмірің жүрмейтіні бар, мені неге арандаттың?.. Мен сенен қайыр тілеп келгендей...

Жұпар. Тілемесең, сені кім шақырды? Қантты қабымен, қойды түгімен жұтқанына салауат, Шаймұқан Шоймановтың женгесімін, жең ұшынан жалғас дейді біздің соққанға. Ұн сұрап еді, кілтші қолға түспеді,

май сұрап еді, фермаға ревизия кеп қалды. Енді менің тауықтарым мен қаздарыма тап берді...

Сағила. Свободный торговляны несіне шығарған?

Торғын. Сіз кім боласыз?

Сағила. Кім болайын, мен де сіздей шіренген дәудің әйелімін.

Торғын. Иә, жай да емес, жалмауыз дәудің әйелі екеніңіз түріңізден-ақ көрініп тұр.

Сағила. О, шіркін-ай, етегіңізге намаз оқып жүрген шығарсыз?

Торғын. Мұндайлардың тілі ұзын келеді. Мойтық жолдас, бұл қылмысты күн тәртібіне нешінші етіп қоясыз?

Мойтық (*абыржып, аузына сөз түспей*). К-к-колхозға кім келіп, кім кетпейді?

Сағила. А, мені кезеген аяқ, келімсек деп тұрмысың? О, тұқыл топай! Құс жастықты шынтақтап, төрімде талай тырайып жатпайтын ба едің? Менің қай жақсылығымды қайырдың?.. Рестораннан өлердей ішіп, есікті сүзе кеп құламайтын ба едің біздің үйге. Тапқан екенсің тәлкекке салатынды. Бермей көр!

Торғын. Алмай кетпейтін аюдың тегі көрінбейсіз!

Сағила. Эксперименттік базадан, сіздің колхоздың алғаны аз емес те.

Елшібек. Тәйт әрі! Мына батшағар не деп жала жауып тұр!

Қыраубай. Бұ кісіні сіз де білуіңіз.. Қаладағы Тойманов, Шойманов дейтіндер бар емес пе...

Торғын. Сот астындағы Тоймановтың әйелі ме еді! Естуім бар... Талайдың қалтасын қаққан белгілі бек-бике екеніңіз бізге де мәлім. Колхоз дәулетіне қол сұққан сұғанақтармен сыбайлас екеніңіз де мәлім. Мойтықтың шаңырағы ортасына түсіп, құлағалы тұрған кезеңде барып ем, жолым болмады. Сен ұшыраған сәтсіздікке оның да ұшырайтын түрі бар, деп күйеуіңізге айта барыңыз.

Жұпар. Иә, айта барыңыз, аждаһа!..

Шымалдық.

ҮШІНШІ АКТ

Сол күнгі кеш, клуб үйінің алды. Жасыл алаң, ақ гүл шашқан құба талдардың саясына орнатылған скамейкалар. Клубтың ішінде жиналысқа әзірлік жүріп жатады. Әлі де лепірудің дүмпуі басылмаған Мойтық кіреді.

Мойтық. Жарқынбай, бері кел... Хатшагүл қайда екен? *(Ізін ала Жарқынбай кіреді.)* Бүгінгі жиналыс, Мойтық үшін, үлкен сын.

Жарқынбай. Көтересіз де, Мойтеке.

Мойтық. Сен тұрма, малшылардан екі бригада хабарланбады. Тез бар да хабарла. Жиналысқа үлгіретін болсын.

Жарқынбай. Машина от алмай тұр ғой, Мойтеке!

Мойтық. Қырсыққандай неге от алмайды?!

Жарқынбай. Аккумуляторы тозған.

Мойтық. Грузовиктен ауыстырып ал. Қалаға барганда әкеп берем де, жөнел тез, тапсырманы орында.

Жарқынбай кетеді. Мойтық Хатшагүлді шақырады.

Клубтан Хатшагүл шығады.

Хатшагүл. Жай шақырдыңыз ба, Мойтеке?

Мойтық. Дайындық не боп жатыр?

Хатшагүл. Не дайындықты сұрайсыз?

Мойтық. Клубтың іші безенді ме? Оқу үйіндегі орындықтарды желкесінен сүйреп әкеп, алдыңғы екі-үш қатарға қойғызу керек емес пе?

Хатшагүл. Мойтеке-ау, жөні түзу орындық бар ма?

Мойтық. Барын, барын әкеліңдер.

Хатшагүл. Барын әкелдік, Мойтеке.

Мойтық. Екі жақ қабырға мен дәл маңдайға бадырайтып тұрып ұрандар жазып іліңдер. Мағынасы Мойтық басқарған колхоздың мазмұнын аңғартатын болсын.

Хатшагүл. Жиналыстың басталуына жарты-ақ сағат қалды, оны қалай үлгіртеміз?

Мойтық. Үлгірмейтін не бар, бояуды езіндер де жазыңдар... Он метр қызыл шүберек құрыған ба? Бар, бар...

Хатшагүл. Сөзін қайдан алдық?

Мойтық. «Озат малшылар мен озат колхозшыларға сәлем!» Екі ауыз сөз таба алмаймысың? Сөзді көбейтпе, айтқанды орында!

Хатшагүл кетеді, алақ-жұлақ етіп Шаймұқан кіреді.

Ш а й м ұ қ а н. Жөнелттім-ау, әйтеуір...

М о й т ы қ. Қай жерге дейін шығарып салдың?

Ш а й м ұ қ а н. Екі жолдың айрығына дейін чемоданын көтеріп апарып, тау-төбе ғып сексеуіл тиеген машинаның дәл төбесіне мінгізіп қоя бердім...

М о й т ы қ. Сілесін қатырыпсың... Арбақ-тарбақ. Қалаға кіреберіс көпірде түс деп ескерттің бе?

Ш а й м ұ қ а н. Шофердің өзі де түсіреді.

М о й т ы қ. Түс дегенге көне қоятын қатын ба... Қап, қате болған электр сымын сипай өткенде мойнынан ілініп, сеспей қатпаса игі еді?

Ш а й м ұ қ а н. Қайдағы жоқты ойлайды екенсіз.

М о й т ы қ. Ойламағанда, ағаңның сорына кездескен қатын. Мұндай дарақыны кім көрген?

Ш а й м ұ қ а н (*отыра қап*). Уһ! Жұпар антұрған көнгенде, әлдеқашан құтылатын едік.

М о й т ы қ. Жұпар, Жұпар!.. Ол дәуперіге менін басымнан үш тауығы қымбат...

Ш а й м ұ қ а н. Сіз де қызықсыз, басқа председателдердің әйелдері күйеуінің жымын білдірмейді. Тізгінге таластырмай, тыйып ұстау керек қой, Мойтеке?

М о й т ы қ. Жиналыс өтсін, ол маған не қатын болады, не отын болады. Оны қоя тұр. Көзге түскен ноғаладай қадалған сенің жеңген еді, одан құтылды, енді сен бақайыңның ұшынан жорғалап қызмет істе. Әңгіме былай, ана кладовщиктің үйінде бір ту қой сойылып жатыр...

Ш а й м ұ қ а н. Орталықтан ба?

М о й т ы қ. Қой егіз, шошқа сегіз таппай тұрмайды, оның орнын күзде жабамыз... Асылында бір үйден жөнелткеніміз жөн болар.

Ш а й м ұ қ а н. Жиналыстың соңынан ба, жоқ алдынан шақырасыз ба?

М о й т ы қ. Алдынан да, соңынан да... Сөз күйдеп, сіріңкенің шырпысындай жанып, ду еткелі тұрғанда, жұрттың бетін бірден қайырайық... Исполком жолдас машинасымен колхоздың шетіне келген бетте, машинаны дайындық жасаған үйге қарай бұра жөнелейік. Қоянша жымып, бөденедей бұғып, ізінді білдірмей қызмет істе.

Ш а й м ұ қ а н. Жыму да, бұғу да қолдан келер-ау, бұрыла қойса жақсы... Бұрылмаған күнде..

М о й т ы қ. Өзі маған туған нағашы болсын да, бұрылмасын. Маған іш тартпаса тексеруге келмейді. Не орынбасарына, не сельхозотделдың бастығына бұйыра

салар еді, Мойтықты бұрыннан білем деп Тойшекене де айтыпты.

Ш а й м ұ қ а н. Өйдесе, жақсылық хабар екен, анык сөйдеп пе?

М о й т ы қ. Дегенде қандай, ал енді, бүгінгі жиналыста мені құртам деушілердің аузына құм құйылып, үйлеріне тілі байланғандай боп қайтуға тиісті. Әдепкі бетте ол маған қадалар. Оған шатынаудың қажеті жоқ, талай жиналысты өткізіп те жүрміз, көріп те жүрміз. Сөйлеушілерді біраз қарқындатып ап, соның ала бұршақ соққан егіндей жапырсам болғаны... Содан төрден есікке дейін, есіктен төрге дейін домаласам да еркім. Нұрымды жақтаушылардың үрейлерінің ұшқаны соншама, жиналыстан тұра қашатын болсын, шіркін, Торғын келсе екен, тұлымын жұлғандай боп қайтар еді. Алпарысқан Нұрымды жиналысқа жеткізбей қызметтен шығардым.

Ш а й м ұ қ а н. Жақсы бопты, үлкен пәледен құтылыпсыз. Маған не тапсырасың?

М о й т ы қ. Саған ба, ана Жұпарға бар да айт. Мына келе жатқан Мойтекеңнің туған нағашысы. Нағашыдан жиенді айырма. Ойбай-ау, ауданда сенімді туысыңның бірі отырса, одан артық бізге не керек.

Ш а й м ұ қ а н. Тауықтарды қырып тастайық дейін бе?

М о й т ы қ. Сирағынан асып қойып, сол жердің өзінен үйтіп әкелсін.

Ш а й м ұ қ а н. Үйтіп?

М о й т ы қ. Жұлуға үлгірмес, үйтіп әкелсін, жөнел, Шаймұқан.

Шаймұқан кете бергенде, мойнынан асынған қосауыз мылтық, түнгі күзетке баруға дайындалып кінген Жұпар кіреді.

Ж ұ п а р. Нені үйтіп дейсің-ей! Шаймұқан қайда жөнелді?

М о й т ы қ *(абыржып)*. Нені... у әлгі... әлгі... нені, мені...

Ж ұ п а р. Е, онсыз да үйтілгелі тұрған жоқсың ба?

М о й т ы қ. Ай, Жұпар, сенің аузыңа жөнді сөз неге түспейді?..

Ж ұ п а р. Сен жөнделгенде түседі.

М о й т ы қ *(жалынып)*. Әуелі екеуміз түсініп алайық. Ара түскенді қой. Өзің білесің... Қайда болсын сүйеушің болмай, қызмет істеу қиын, Жұпар.

Ж ұ п а р. Не, не?.. Ендігі жетпегені сүйеуші ғана ма еді?..

Мойтық. Соған қолым жетпей, діңкем құрыды ғой... Бұрынғы ескі исполком нығымнап түспейтін еді, енді мына жаңа исполком... маған жекжат болмаған күннің өзінде де қолымды қусырып, қойымды сойып... қарсы алайын да...

Жұпар. Ал, тіпті, өзіңді сойып қарсы ал...

Мойтық. Тілің бар болсын, тілің... Дұшпанымды күйретсе құлатып, төбем көкке тигелі тұрғанда, сен не қотыр тауығынды қимаймысың?

Жұпар. Соқырын да қимаймын!

Мойтық. Бермей көр...

Жұпар. Батыр екенсің, алып көр.

Мойтық. Осы жиналыста Нұрыммен бірге, құс фермасынан ұшырып түсірмесем, Мойтық болмаймын... Әкең Жылқыбай кеп жалынса да саған егескенде Мойтық соны істейді, күл көсеп үйде отырасың.

Жұпар. Өзің ұшып кетіп жүрме!

Жұпар кете береді, Мойтық аңырып тұрып қалады.

Мойтық. Бұл безбұйрек, бұл безбұйрек. Маған жаны ашымағаны ма. Шаймұқанды мылтықтың дүмімен желкелеп айдап келуден де қашпайды. Қап, бекер жұмсадым-ау. *(Айқайлап.)* Хатшагүл!

Хатшагүл кіреді.

Хатшагүл. Жайшылық па?

Мойтық. Ұранды жазып ілдіңдер ме?

Хатшагүл. Жазып жатыр.

Мойтық. Мен кеңсе жаққа барып, бухгалтерден есеп, отчеттарды дұрыстап алайын. Халық жиналысымен сен қоңырау қак! Жарай ма?

Хатшагүл. Жарайды.

Мойтық. Беталды даңғырлатпа, жиналысқа шақырғандай етіп қак.

Мойтық кете бергенде Қорлан қарсы жолығады.

Қорлан. Қайда жөнелдіңіз?

Мойтық. А, тоштақ қыз... Құштарыңды соңыма салғаның аздай, жиналыста тағы да суырылатын шығарсың?

Қорлан. Суырылсақ та, сынасақ та еркім өзімде...

Мойтық. Олай болса біліп қой... Жігітіңнің дәмтұзы біздің колхоздан таусылды. *(Нұрымды қызметтен шығарған приказды береді.)* Менімен алпарысқанда тапқан пайдаларың осы ғой...

Қорлан. Кіммен келісіп істелген қиянат?

Мойтық. Кіммен болушы еді?! Мойтық Шаңкаковичпен.

Қорлан. Көп талқысына түспей Нұрымды қызметтен шығаруға хақыңыз жоқ.

Мойтық. Иә, иә... Мойтықтың жер басып жүруіне де хақысы жоқ.

Қорлан. Не деген сұмдық адамсыз?.. Бұған да бардыңыз ба? Шығара беріңіз. Бірақ та қылмысыңды мойныға қоймай, бұл колхоздан біз де кетпеспіз...

Мойтық. Көерміз. *(Кетеді.)*

Қорлан. Нұрымды тағы да шырмағаны ма? *(Клубтан Хатшагүл шығады.)* Хатшагүл, кабинет ашық па?

Хатшагүл. Ашық.

Қорлан. Телефон арқылы ауданмен сөйлесіп, қайткенде Нұрымның жиналысқа үлгіруін сұрайын.

Қорлан клубқа кіреді. Сырттан Нұрым келеді.

Нұрым. Саумысың, Хатшагүл?

Хатшагүл. Нұрым, өзің де, аман келдің бе? Ойпыр-ай, асыға күтіп отыр ек...

Нұрым. Не боп жатыр, қысқа айтшы?

Хатшагүл. Ғажап... қызық боп жатыр... Хатыңды келген бетте Қорланға тапсырдым... Оқып шықты да қуанарын да білмеді, ренжірін де білмеді... Солай да хат жаза ма екен?

Нұрым. Жаңа исполкомның кеткенін аңғартқан ғана хат болатын. Соны елеп, достық көңіл білдіргеніңнің өзі қандай... Су торабы тоғысты ма?

Хатшагүл. Тамаша тоғысты. Қолхозшылар қаты риза болды.

Нұрым. Жаңа келген исполком тыңнан ашқан жерді көрді ме?

Хатшагүл. Көрді... Тегі мақұлдаған-ау деймін. Бірақ та жаңа исполком келді деген хабарды естігеннен бері Мойтыққа желігу, лепіру пайда болды.

Нұрым. Ненің қуанышы?

Хатшагүл. Сөздерінде кекесін бар, айттым болды, орында дейді.

Нұрым. Онда сенгені болды ғой.

Хатшагүл. Жаңа исполком, соның жақыны көрінеді.

Нұрым. Жақыннан жәрдем тілеу — сандалғандық. Ол жай сөз. Қорлан қайда?

Х а т ш а г ү л. Қорлан осында. Сізді қызметтен шығаруға Мойтық приказ берген екен. Клубта ауданмен сөйлесіп жатыр.

Н ұ р ы м. Қиястықтың аты қияс, алдына шыққан-дарды баудай қырқып, жүрегіне қаяу салмаса, өзімшілдердің көңлі тына ма? Жиналысты қай сағатқа шақырды?

Х а т ш а г ү л. Колхозшылар келісімен басталады.

Н ұ р ы м. Маған Қорланды жіберші.

Хатшагүл клубқа кіреді. Клубтан Қорлан шығады.

Қ о р л а н. Нұрымбысың? Жиналысқа үлгіре алмай ма деп қорқып едім. Жетіп үлгерген екенсің.

Н ұ р ы м. Ал, не боп жатыр?. Исполком председателіне жолыға алдың ба?

Қ о р л а н. Ол кісінің атын естігенім болмаса, жүзін де көргенім жоқ.

Н ұ р ы м. Кеңсеге соқпады ма?

Қ о р л а н. Соққан жоқ. Егін-жайды аралап, көрші колхоздарға жүріп кетті... Қыраубайға айтқан сөзіне қарағанда беті теріс көрінбейді...

Н ұ р ы м. Немене, мені қызметтен шығарған ба?

Қ о р л а н. Иә, аз уақыт масайраудың желігі де. Маған обком секретарымен райком секретарының ұйғарындысын айтшы. Олар кімді мұқұлдайды?

Н ұ р ы м. Біздің колхозда жердің сортаң тартып, өнімді аз беретіндігін бұрыннан біледі екен. Облыстық конференцияда секретарь жолдастың өзі, бұл ойсыраған олқылық, бұл жерді өңдеудің ескі жүйесінен арылмағандық, бұл мемлекетті алдау деп сонда-ақ ескертіпті.

Қ о р л а н. Содан?

Н ұ р ы м. Райкомнан асып, обкомға баратын ойым да жоқ еді, Мойтық тура елу бет арыз жазып, обкомның өзіне жолдапты.

Қ о р л а н. Не бетімен?

Н ұ р ы м. Обком секретары Мойтықтың арызын райкомға жолдайды. Райком жаңадан келген исполкомға тапсырады.

Қ о р л а н. Тамаша... Конференцияда аталғаннан кейін, енді жөнделді дей бер.

Н ұ р ы м. Өңің неге қашыңқы?

Қ о р л а н (*демін ауыр алып*). Сен кеткеннен бері менің басыма не қиял келмеді. Ақыры немен тынар екен деп өз ойымен өзім алпарысып, танды көзіммен атырған

күндерім болды. Сені әлде қайтаң дағы көріген. Тор-
ғын апаң да ренжіп алдым.

Нұрым. Бекер ренжігенсің.

Қорлан. Ренжімегенде... О жолы мен «Тойшыбек
айыбын жуа алғандай жеңіспен келсе, бар ақпарат
мен көтеріейін» деп уәдесін берді...

Нұрым. Біздің тойымызды да сол кісі көтерер.

Қорлан. Сен қайта ұмытпапсың, тойды ойлауға
мұршам да болмады. *(Демін ауыр ала.)* Тек осы бір
бәледен құтылсақ, той да, барлығы да өзінің сәнімен
өтер еді...

Нұрым. Сонда қашан?

Қорлан. Біздің қуанышымызды қорлаған, біз
тараптан көтерілген партиялық сынды қорлаған Мой-
тықты жеңіп шықсақ, содан кейін өзім айтам.

Нұрым. Мен де бекіндім.

Баурына тартып сүймекші болады. Тойшыбек, Елшібекті бастап,
Қыраубай мен Мақпал кіреді.

Тойшыбек. Қарап қой, құда!

Елшібек. Қарайтын не бар... Жарасымды жас-
тыққа танданба әрі. Бері жүр...

Қорлан. Аһ, соққан!..

Қорлан қымсынып тұра жөнеледі. Соңынан Нұрым да кетеді.

Қыраубай. Сен екеуің де қосақтасып қалмайды
екенсіңдер.

Елшібек. Шырағым-ау, бізді бастап келген өзін
емес пе.

Қыраубай. Сен екі шалды конвертке әдемілеп
тұрып орап архивке сырғыта салса да, келер-кетері
шамалы...

Тойшыбек. Жазығымыз қанша... Өздерің шүйір-
келесетін жерлеріңді білмейсіңдер де, бізден көресіңдер.

Қыраубай. Аңада маған да сөйттіндер... Көрсен-
дер де көрмегенсіп, сырт айналып кетуге болмай ма?
Сен екеуіңе не керек?

Елшібек. Бізге ме, Тойшыбек, сен айтшы.

Тойшыбек. Су тасқыны жайылған жердің гүлі
де тасиды. Бізге көңіліміздің тасығаны керек...

Мақпал. Дұрыс жауап.

Қыраубай. Ендеше бүгінгі жиналыста ескі егес-
ті қойыңдар... Осы бүліктің басы сендерден тұтанды...

Мақпал. Екеуіңізден де тұтанды.

Тойшыбек. Мойтыққа қосақтап бізді де айыптағың кеп тұрма?

Елшібек. Жеребеге түскен де біздің кінәмыз демексін бе?

Қыраубай. Сендердің жағадан алып жанжалдасқандарыңды Мойтық бетке ұстап, екеуіңе төндіре дәлелдегенде, сендер не жауап бересіңдер?

Мақпал. Иә, баласына қарсы қол көтерді. Орнынан алынсын деп көтердің бе, жоқ сотқа берілсін деп көтердің бе, деп Тойшеке, сізге түйілуі анық.

Елшібек. Ал, Тойшыбек, жауабын айт.

Тойшыбек. Қағытпай қоя тұршы, құда. Атаңа нәлеттің баласы тартсын сазайын деп басқармада қарсы қол көтергенім рас деймін.

Қыраубай. Сіздің жауабыңыз, Елшеке?

Елшібек. Біз жағаласпайтын едік, бізді жағаластырған колхоздың ырысын ұрлап, жерін бүлдірген Мойтық деп өзіне жармасам.

Қыраубай. Міне, міне. Осы сөзіңнен жаңылма. *(Сырттан машинаның даусы естіледі.)* А, бұл исполком жолдастың машинасы! Кәне көпті бастап, клубқа кіре беріңдер... Мақпал, сен бар да, қоңырау қақ. Әлгі Нұрым мен Қорлан қайда жүр?

Мақпал клуб алдындағы аспалы қоңырауды қағады. Аллеяның ішінен Нұрым мен Қорлан келеді.

Қорлан. Келді ме, жетті ме? Қоңырау неге қағылды?

Қыраубай. Көпті жиналысқа шақырған қоңырау да.

Мақпал *(қоңырауды қаттырақ соғып)*. Жиналысқа, жолдастар, жиналысқа!

Машинадан түсіп Торғын мен Елтоқ кіреді.

Елтоқ. Сәлеметсіздер ме?

Қорлан. Сәлемет, танысып қояйық. Ыбраев Елтоқ, жолдас сіз боларсыз?

Елтоқ. Қате басқан жоқсың! Әзірлік не боп жатыр?

Нұрым. Барлығы да дайын, Мойтықтың келуін күтіп тұрмыз.

Елтоқ. Е, жаңағы біздің алдымыздан алақұйында тып шыққан салтатты сол кісі емес пе, Торғын?

Торғын. Сіздің қасыңызда мен болған соң ба, қайдам, оқырып шегіне жөнелді... Шаймұқан ба деп қалдым...

Е л т о қ. Су бақылайтын объезщик! Айтпақшы, маған бір ғана нәрсе күмәндылау... Су бар да, суды іске асырмай отырған жер бар, жерді іске асырмай келген кім?

Қ о р л а н. Жерді іске асыруға жол бермей келген Мойтық сияқты басшылар.

Е л т о қ. Мойтықтың көздегені не? Өзімшілдіктің отына май құйып өзінікін жөн десе, онда ол кісінікі де адасқандық.

Т о р ғ ы н. Тура айттыңыз: солай.

Е л т о қ. Шақырыңыздар оның да пікірін тындап көрелік.

Қ ы р а у б а й (*айқайлап*). Мойтық, уа Мойтық! Күн бұрын жар салған өзің емес пе еді, бұл қайда жүр! Тез келсін дейді...

Қалбалақтап, асыға басып, алас-күлес Мойтық келе жатады.

М о й т ы қ. Келіп қалды ма, жарқыным... Есебі құрғырға айналам деп...

Қ ы р а у б а й. Есебің дұрыс кісідей... Шақырып жатыр... Жүр, жүр бол...

М о й т ы қ. Неге айғайлайсың?

Қ ы р а у б а й. Сыраның бөшкесіндей домаламай, бассашы, аяғыңды.

М о й т ы қ (*ұмтыла басып, быртиған қысқа қолын Елтоққа қарай созып жақындап келгенде, тізесінен бүктүсіп отыра кетеді. Қайда көрдім дегендей аңырап, үрейлене қарайды*). Б... б... буыным сырт ете қалғаны!

Е л т о қ. Б... б... буыныңызға не болды? Күткен жеріңізден шықпадық па? Буыныңызды бекітіңіз.

М о й т ы қ (*жалтарып*). Буыны құрғырдың кілт етпесі бар еді...

Е л т о қ. Қай аурудан қалған сарқыншақ?

Н ұ р ы м (*кекетіп*). Тегі «есірме» деген ауру болар, Елтоқ аға!

Е л т о қ. Иә, иә... сынға құлақ аспаушылардың ауруы де... Сөзді көбейтпей жиналысты ашыңыз.

Барлығы клубтың ішіне кіреді.

Қыраубай кетіп бара жатып, Мақпалдың иығына қолын салады.

М а қ п а л. Немене, сенің де буының кілт ете қалды ма?

Қ ы р а у б а й. Неге жүрек тулайды,
Нені тілей сұрайды?
Тракторшы болғаның
Маған, жаным, ұнайды.

Мақпал. Жиналыстан кешігеміз.

Қыраубай. Әй, Мақпал, жиналыстың соңынан исполком жолдасты кәдімгі адам тәрізді, қонақ етіп жіберсейік. Қыруар азықты далаға қалдыру ұят.

Мақпал. Былай болсын, сен бар да, барлығын да өз қолыңа ал. Кілтшінің үйінен біздің үйге алып бар. Бухгалтерге есептет... Ақшадай төлеуін менің есебіме жазғыз.

Қыраубай. Қара алтыным, сөйтіп, сенің үйінде қожалық етуімнің алды осылай басталсын. Шешен, бұл не қылған бейбастақ күйеу деп мені тырқыратып қуып шықпай ма?

Мақпал. Ол кісіге үш плитка тақта шайды ала бар да, қолына қыса ғой... Жұмған аузын ашпайды.

Қыраубай. Тіпті индискйдің бір kilosын апарайын.

Мақпал. Сөйт.

Қыраубай кетеді. Мақпал клубтың ішіне кіреді. Аз үзіліс, Сахна бос. Сырттан Шаймұқанды алдына салып айдап Жұпар кіреді.

Жұпар. Қиқалақтамай түзу жүр! Жегенінді желкеннен шығармай, Жұпар сені тегіндікпен босатпайды.

Шаймұқан. Стоп, стоп! Жұпар жеңгей...

Жұпар. Стоп болса стоп! Менің тауықтарымда не әкеңнің құны бар?

Шаймұқан. Жұпар жеңгей-ау, әмір еткен Мойтық қой.

Жұпар. Мойтық неге әмір етеді, сирақтарынан ұстап, сен неге сүйрсі жөнелдің? Жүр былай!

Шаймұқан. Стоп деймін, Жұпар жеңгей! Қылмысым болса сотқа бергіз. Мені айдап апаруға хақың жоқ...

Жұпар. Колхоз дәулетіне қол сұғуға қандай хақың бар? Тұтылмай жүр едің, шабдар сарым, тұтылдың ба? Желке жемейін десең, бас аяғыңды. Тұмсықтан кеп...

Шаймұқан. Тұмсығымның жазығы қанша?

Жұпар. Жүремісің, жоқ па?

Шаймұқан. Ойпыр-ой, милицияның алдына түсем бір сәрі... Сенің алдыңа түсіп айдалып қалай барам... Босатыңызшы!

Жұпар. Босату ма саған! Менің күйеуімді азырған да сен сұм. Кәне жүрмей көр. Мылтықтың дүмімен ауыз омыртқанды үзем! Сендей қап тесер тышқан-

ға осы керек. О, кезеген аяқ! Құтылып көр. Бас аяғыңды!

Алдына сап айдап клубқа кіреді. Үзіліс. Шам сөнеді. Сол жер. Жиналыс аяқталуға жақын, түн ортасы ауып бара жатқан мезгіл, сырттан әндетіп Қыраубай келе жатады.

Қыраубай.

Ілеспей артымызда қалды уақыт,
Өзенді өрге ағыздық арқыратып.
Жайқалған коммунизм жаңа оттары,
Нұр шашып тұр алдымызды жарқыратып! Еу-уай...

Клубтан Жарқынбайды қолынан жетектеп Мақпал шығады.

Мақпал. Қатырдың жігітім, қатырдың. Жарайсың. Сөзге доғалмын, сөйлесем бұлдірем дегеніңе қорқып ем. Тамаша... Тауып сөйлеген аузыңнан айналдым. (Сүйеді.)

Қыраубай. Ай, Мақпал, бізге де қалдыр.

Мақпал. Саған да жетеді.

Қыраубай. Неменеге құшырланып, үстіне түсе қалдың?

Мақпал. Сұрама, Шаймұқанның ағасымен сабақтас қылмысын есіткенде, сен де құшырлана түсесің.

Қыраубай. Ал не істепті?

Мақпал. Ғажап, жатқан бір махинация. Бетің күйгір Мойтық, міз бақпай, отырып алды. Тіпті қаперіңе де кірген жоқ. Шаймұқан Шоймановтың ағасы әне ұсталады, міне ұсталады деген хабарды естіп Мойтық барады.

Қыраубай. Қайда барады?

Мақпал. Эксперименттік базаға барады. Түнімен арақты сылқытып тұрып ішеді. Бірер рюмканы Жарқынбай да қағып жіберіп, олардың сөзін тыңдайды. Олар да сол, қайтсе де ақталудың амалын іздейді. Таныстан кім бар? Судья қай елдікі? Прокурор кім? Оған кімдерді салады... Баяндық, оралдық, төбелік, таулықтардың тізімін тексеріп те шығады.

Қыраубай. Иә, иә... ал...

Мақпал. Содан осында келген Сағиланың сіңлісі ме, құдашасы ма, әйтеуір бір жақыны жындыларды емдейтін больницада істейді екен. Сандалып отырып, соны табады, қашан документ қағазды жөндегенше Шаймұқанның ағасы өтірік қояншық ауру болып жындылардың больницасына түспекші болады да, Мойтық оны елеусіз біреу болып апарып салады.

Қыраубай. Талай сұмдықты естіп ем, дәл мынадай сұмдықты бірінші рет естуім.

Ж а р қ ы н б а й. Жасырам ба, көргенімді айттым. Ол, ол ма, одан да сұмдығы ашылды. Сойғаны бар, Шоймановтың ағаларына бергені бар, қойдың өзі жүзден асты... Үш машина қауын-қарбыздың ақшасын да өзі сімірді. Қасқыр қуам деп колхоздың асыл тұқымды айғырын зорықтырып өлтірді.

М а қ п а л. Бар шындықты, бар болмысты айқындай отырып, бойлауық Мойтықты бұлтартпаған жігітті қалай сүймессің.

Қ ы р а у б а й. Тағы да сүйші.

Клубтан Қорлан шығады.

Қ о р л а н. Қыраубай, дайындығың не болды?

Қ ы р а у б а й. Барлығы да әзір. Шындап мойнына алды ма?

Қ о р л а н. Айтуға да жиіркеніш... Исполком председателі қазір қаулыны оқиды... Байланатын тоған, қазылатын канал жайында сөйлесіп қалайық.

Қ ы р а у б а й. Сөйтіп, тағы да бір белеске көтерсек деймісін, Қорлан?

Қ о р л а н. Ендігі міндет, көптің бетін соған бұру. Бері жүріңдер, қаулыны тыңдайық...

Үшеуі клубка қайтадан кіреді. Иығы түсіп, кап-кара боп түнерген Мойтық, ізін ала Шаймұқан клубтан шығады.

М о й т ы қ. Сен жарғанат, маған несіне еріп шықтың?

Ш а й м ұ қ а н. Сізден басқа сүйенерім кім, Мойтеке?

М о й т ы қ. Сүйенерім!! Сүйенерім!! Жақсылап сүйедіңдер, Тоймановтың тобырлары.

Ш а й м ұ қ а н. Маған не қыл дейсіз, шоферіңіз ғой мойныңа қойған.

М о й т ы қ. Шофер көргенін оттады, сот алдында сенің ағаң бергенін оттады.

Ш а й м ұ қ а н. Сол итті жындыханаға несіне апардыңыз?

М о й т ы қ. Жол табудың сандырағы бізге не істетпеді. Үлкен ағай жарылқайды, үлкен ағай жеткізеді, үлкен ағай құтқарады. Пір тұтқан беделді ағаң сенің сорладық! Үрім-бұтақ, заузат, құда-анда, жекжат, қыздан туған жиендеріңе дейін соның төңірегіне топырлап едіңдер, ынсап деген болмас па! Иесін сыйлағанның итін де сыйлаймын деп құрыдым-ау!

Ш а й м ұ қ а н. Итің кім?..

М о й т ы қ. Иті — мына сен. Оқ тиген қасқырдай

қансырап кеп апанға тығылатын күйім қалды. Ана ағаң түскен жындаханаға мені де жетелей бер.

Шаймұқанға сүйеніп сахнадан шыға бергенде, клубтың ішінен Нұрым, Торғын, Мақпал, Қыраубай, Елтоқ, Қорлан, Елшібек, Тойшыбектер шығады.

Тойшыбек. Е, сүйенген кісінің сиқына болайын. Мойтық. А, қу бала, өрісің кеңейетін болған шығар.

Нұрым. Сені сүріндірген мен емес, сені сүріндірген өзіңнің қылмысың...

Торғын. Шоферіңнің аузына сөз салған біз бе екеміз? Бетің қисық болса айнаға өкпелеме.

Жұпар. Бетің күйгір-ау, жындыханада нең бар еді, қояншық ауруынды өзім де емдеп жазбайтын ба едім.

Мойтық. Сөз бітпеп пе еді. Орнымнан алынғанмен өз правом өзімде, исполком жолдас.

Нұрым. Жоқ, кісілік қасиетіңіздің немен тең екенін естіп кетуге тиістісіз.

Мойтық. Естімеймін...

Елтоқ. Естімейтіндей қасиет қалған жоқ-ау деймін... Бетің қисық болса, айнаға өкпелеме деп Торғын дұрыс айтты... Ісің қисық болса, халыққа да өкпелеме. Іріп-шіріп азғындауға айналғандар сандырақтың жетегінде кетеді. Шаймұқан Шоймановтың сау ағасын ауру деп жындыханаға апаруыңыз, күйрер алдындағы жанталасу екені анықталды.

Нұрым. Ондайды шектен шыққан зымияндар ғана істей алады... Екі ұрының таласы — адал жанның ырысы демей ме, Елтоқ аға...

Мойтық. Ә, қу бала, таңбаған бөлең осы еді.

Елтоқ. Шпионды немесе опасызды ұстаған күнде халық ызасының шегі болмайды...

Торғын. Біз өз жазамызды бердік. Ендігі жазаны соттан күтеміз... *(Аз үнсіз, Мойтық пен Шаймұқан кете береді.)*

Жұпар. Қайда жөнелдің?

Мойтық. Есуастарды емдейтін жерге.

Елшібек.

Тойшыбек. Бар сол сыйыңмен.

Елтоқ. Жарайсың, достар, жарайсың! Бізге абырой әперетін, ер атандыратын еңбектің жемісін көрсеттіңдер. Жеңістерің баянды болсын! *(Қорлан мен Нұрымның қолын алады.)*

Қорлан. Көп болып бірігіп едік, бұған да жеттік.

Көктем желінің самалында тағы да бір игілікті істі бастасақ па деп тұрмыз.

Торғын. Біздің әрбір жетістігіміз — көктемгі самалдай сергітіп, қуанышқа бөлесе, одан артық мерей не? Бақыт құшқалы тұрған колхозымыздың байлығы да жазғы көктемдей құлпырып, гүлдене берсін, балалар!

Жастар. Гүлденеді, Торғын апа!

Қыраубай. Торғын апа, қуаныштың үстінде сұрайын: бізге арнаған тойды өткізетін жерді атаңызшы!

Қорлан. Иә, берген уәдеңізді біз де естісек, Торғын апа!

Торғын. Тойларыңды ма? Тойларыңды өздерің жайқалтқан көк бұйрат егіннің жан саясы — самалда өткіземіз...

Барлығы. Жан саясы самал, біздің самалымыз, ел бақытының самалы!

Шымалдық.

РЕЙСТІ ТОҚТАТУҒА БОЛМАЙДЫ

Үш перделі, алты көріністі пьеса

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Ұ м с ы н а й — егде тартқан ана.
Қ ұ б а ш — үлкен ұлы.
Қ ұ р м а ш — ортаншы ұлы.
А й н а ш — қызы.
Ж ұ м а ш — кенже ұлы.
М е р г е н — Ұмсынайдың ағасының баласы
Н а у ш а — Құбаштың әйелі.
Д ә м е л і — Ұмсынайдың құдағиы.
М а р ж а н — үлкен қызы.
М е р у е р т — кіші қызы.
Ж о л а й.
Ә з і м.
В а с и л и й П е т р о в и ч — аэропорт командирі.



БІРІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ КӨРІНІС

Аэропорт үйінің алды. Жолаушыларды шығарып салып, қарсы алатын перрон, темір шарбак, арғы бетте асфальтті алаң көрінеді. Қаз-қатар тізілген самолеттер. Перронға шыға берісте аллея, аллеяға таяу көк сырға боялған скамейкалар қойылған. Сәнді киінген Меруерт пен мінезі жұмсақ, биязы келіншек Науша отыр. Шашы дудыраған, киімі жұпыны, мінезі аңғалдау, жасы жиырмада, жауырынды келген еңсегей бойлы Мерген көкжиекке көз тастап самолеттің келуін қарап тұр.

Радиодан. Алматы — Ташкент самолетіне отыру басталады. Жолаушы жолдастар, билеттеріңізді әзірлеңіздер. *(Қайталайды.)* Алматы — Адлер... Алматы — Владивосток... Қарағанды — Алматы... самолеттері әуе райының жайсыздығынан біраз кешігеді. *(Хабарлаушының даусы оқтын-оқтын естіліп тұрады.)*

Мерген *(құлағын тіге аңыра қарап)*. Көрінбейді. Еміс-еміс гуіл ғана естіледі.

Науша *(құлағын тігіп)*. Маған түк те естілмейді.

Меруерт. Композиторлардың есіту сезімі өткір келеді. Жапырақтың сыбдыры, бүлк-бүлк еткен судың сылдырынан әсер алатыны рас па, Мерген? *(Таранады.)*

Мерген. Қайда жазыпты?

Меруерт. Қайдам... Солай деседі ғой.

Мерген. Деседі ғой, таран, тарана түс, құдаша, бүгін біздің үйден жиналып та, сәнденіп те қарсы алуға шыққан сен ғана.

Науша. Таңертеңмен сенің сызылтып ойнаған скрипкаңның даусынан ояндық. Жиналып үлгіре алмадың ба?

Мерген. Немене, ұйқыңды бұздым ба? Жақтырмасаң абысыныңдай сен де түн қатып көше кез.

Науша *(күліп)*. Ойпырм-ай, Мерген мінезің-ай осы.

Мерген. Тәтті ұйықтаған біздің үйде құдаша ғана.

Меруерт. Иә, қатып қалыппын... Аяқ серіппестен

ұйықтаптын. Төсектерің қандай жайлы еді. Науша апай екеуіміз түнгі сменамызды бітіріп үйге кіріп келгенімізде аю өкіріп жатқандай естілді.

М е р г е н. Ә? Қайдағы аю?

М е р у е р т. Иә, аю. Кәдімгі аю...

Н а у ш а (*күліп*). Аңқаусың-ау, Мерген. Сенің қорылынды айтып тұрғаны да. Құдаша қонған түні соншама қорылдамасаң қайтетін еді.

М е р г е н. Қайтеміз енді, құдаша. Солай болды енді.

М е р у е р т. Иә, күндіз станокте, кешке консерваторияда. Жарайсын, Мерген, бізге бір қызметтің өзі ауыр соғып жүр. Ал сен...

Н а у ш а (*кенет абыржып*). Самолет неге кешікті? Мерген сен барып, білсең қайтеді?

М е р г е н. Білсем білейін.

Мерген жөнеле бергенде, қолында кепкасы, жалаң бас, қуанышы қойнына сыймай шалқи есіп жас өспірім бала жігіт Жұмаш кіріп келеді.

Ж ұ м а ш. Самолет әлі келмеген бе?

М е р г е н. Келген жоқ. Не бітірдің?

Ж ұ м а ш. Мені енді құттықтауларыңа болады. Бүгіннен бастап Айназаров ұрпағынан бір оқымысты шықты дей беріңдер.

М е р г е н. Есебі, сөйтіп емтиханнан қалтқысыз өттім де, балың нешеу болды?

Ж ұ м а ш. Үш пәннен төрт, екеуі бестен, жиырма екі бал, нағашы.

Н а у ш а. Айналайын тентегінен, емтиханнан өткеніңді хабарладың ба?

Ж ұ м а ш. Үйге соқпастан, тура осында тарттым.

М е р у е р т. Байғазың әзір, баянды болсын, жас құда.

М е р г е н. Сонымен ғой сең өттің?

Ж ұ м а ш. Нағашы, саған да менің жолымды берсін.

Н а у ш а (*шын қуанып*). Бүгін біздің үйде Құрмаштың алыс сапардан оралған қуанышы, сенің оқуға түскен қуанышың. (*Маңдайынан сүйіп*). Жарайсын, жаным, көңілім бір серпіліп қалды. Самолет келгенше үйге телефон соқ. Апаңды қуант. (*Радиода Мергеннің «Толғау» атты сюитасы ойналады. Сюита тамылжыған ән ырғағында тамаша естіледі. Үдемелі қимылға толы лирикалық шадыман үн жүрекке жылы тиіп, тыңдаушыны ұйытқандай болады.*)

Ж ұ м а ш. Сенікі ғой!

М е р г е н. Ә?.. Иә... Үндеме!.. Үндеме!.. (*Оркестрде*

күй әуені күшейе түседі. Өзі шығарған әсем күйге елігіп, екі қолын сермей, бүкіл ойы жан сыры оркестрге қабысып жатқандай сезіледі.)

Жұмаш. Емтиханға әзірлегенің осы күй ме, нағашы?

Мерген. Бөлме ойымды, бөлме... *(Аэропорттан самолетке отыруға кетіп бара жатқан жолаушылар аңыра кідіріп тыңдайды. Билет тексеруші әйел «өтіңіздер» деп асықтырады.)*

Науша. Шүкіршілік дейінші, бұ да біздің үйдің қуанышы да. Осындай қуаныш кернеген күні әпкеңнің үйде қонбауы мені қинап тұр-ау, Меруерт.

Меруерт *(Жұмаш пен Мергенге естірмей)*. Қайда баратынын айтып па еді?

Науша. Біреу диссертация қорғайды деді ме, үйіне шақырған ба қалай?

Меруерт. Қорғайтын кім деген екен?

Науша. Жаңылмасам подругамның күйеуі деді білем. Меруерт, білсең еді, біздің үйде оны ренжітетін бір жан жоқ, неге бүйтеді?

Меруерт. Науша апа, абысыныңыздың сырын жете білмейміз. Әпкем айтқаны екі болмайтын, ерке бұлан боп өсті.

Науша. Қас қылғандай күйеуі келетін күні алдынан шықпауы лайықсыз-ақ енді.

Меруерт. Ойлайықшы, диссертация қорғаушының үйінде той болды, қызу-қызу сөздер сөйленеді. Тостар көтерілді. Достық пейілмен көңілді кешті өткізіп қайтса жарар еді. Қорқам, қорқам... *(Радиода Мергеннің толғау күйі шыңына жетіп барып, Меруерттің «қорқам, қорқам» деген сөзін түйіндей келіп аяқталады.)*

Меруерт *(көзінде жас, егіл-тегіл)*. Құда, буыным қалтырап кетті. Сенің күйінді, жездемді қарсы алу сағатында тыңдаймын деген жоқ едім. Үлкен әуе трас үстінде, сенің күйінді жолаушы атаулының бәрі де тыңдады. Эфирге кетті... Құтты болсын, құда.

Науша. Е, нағашы, әндерің мен күйлерің радиодан айтылып жатса, біздің мерейіміз... Жұмаш, тұрма, бұл қуанышты апам да біліп отырсын.

Жұмаш. Хабарлайын. *(Кетеді.)*

Мерген. Сөйтіп біздің Жұмаш оқуға түсті де. Енді мен түсіп кетсем, шын қуаныш сонда.

Науша. Түсесің, ағаң аман-сау келіп, көлденең қырсығынан сақтасын.

Мерген. Қырсықтың да қырсығы бар-ау... *(Сезік*

ан.) Анау аңғалақ түк те аңғармады, апамның жүрегіне қаяу салып жүрер. Өзім барайын.

Меруерт. Мұның ақылдылық, Мерген. Құдағи сұрай қалса, өтінерім — сездіре көрме.

Мерген аэропортқа бұрылғанда қолдарында шок гүлдері бар Жолай, Айнаш, Әзімдер қарсы жолығады. Бұл үшеуі де тең құрбы, редакцияда бірге істейді.

Жолай. А, Мерген, радиодан «Толғау» атты күйіңді тыңдадық. Ұлттық музыка әуенінің лебі аңқып тұр екен. Құтты болсын.

Айнаш (*маңдайынан сүйіп*). Бұл әлі тырнақалдың. Әзірге қанағат...

Әзім. Қанағатыңды білмеймін. Бұл өзі тумысынан композитор боп туған жігіт болды ғой. Маған ұнады.

Мерген. Рақмет сіздерге, кешіріңіздер, мен қазір келемін. (*Кетеді.*)

Жолай. Танысып қойыңыздар. (*Әзімді Меруертке таныстырады.*) Әзім дейтін ардагер осы жігіт. Маржанның сіңлісі Меруерт. (*Сәл кідіріс. Жолай Меруертке гүлін ұсынады.*) Құрмашқа арнағаным еді. Жездене өз қолыңызбен сыйлаңыз.

Әзім (*қалтасынан жиырма тиын алып*). Тауып сыйлаған жолгерлігіңе жиырма тиын.

Меруерт (*гүлді алмай*). Жоқ, өз гүліміз жетеді. Қарсы алуға қам жасап шыққан екенсіз, өзіңіз сыйлаңыз.

Әзім. А, қарындас, аталы сөз айттыңыз. Сізге де жиырма тиын.

Айнаш (*тықырышып*). Қалжақ сөзді қойындар, бұлт қоюланып келеді.

Науша (*үрейленіп*). Иә, қоюланып келеді.

Жолай. Абыржымаңыздар. (*Аспанға қарап.*) Мынау бір сабалақ жүнді төбеттей түнерген қара бұлт, қазір ыдырайды. Бір қанаты сөгіліп бөлек жайылып шетке шықты. «Ту» сабазың мұндай жаман-жұман бұлттарды тіліп өтеді.

Науша (*үрейленіп*). Мерген неге кешікті? Меруерт пен Айнаш, барып білейікші.

Меруерт. Сабыр ет, жеңеше.

Науша. Жүрегі құрғыр өреки бастады. Жүріңдер, сұрайықшы. (*Меруерт, Айнаш, Науша абыржи басып аэропорттан білуге кетеді. Әзім мен Жолай қалады.*)

Жолай. Данышпаным, не байқадың?

Әзім. Сіңлісі апасы Маржаннан да сұлу. Екеуіне де кейіп пен көрікті аямай-ақ берген.

Жолай. Көркіне ас құйып ішемісің. Санасына, саңлауына қара.

Әзім. Апасынан да астарлы ма, қалай?

Жолай. Таныдың. Апасы бізбен бірге оқыды. Қыз күнінде талай маңғаздың таңдайын қақтырған.

Әзім (*ойланып*). Таңдайды қоя тұр, апасы күйеуінің алдынан шықпай қалып қоюында не гәп бар?

Жолай. Сырқат болар.

Әзім. Күйеуінің сыр-сипатын аңғартшы.

Жолай. Өнері асқан ірі ұшқыш... Данышпаным, бір жайды аңғармапсың.

Әзім. Ол не жай?

Жолай. Оразасын Индияда ашып, түстігін үйінде ішкені қызық демесең самосвалдың шоферынан айырмасы шамалы.

Әзім. Сондағы айтпағың, Маржан күйеуін олқысынады демексің ғой. Бүгін қарсы алуға шықпауы да осының салдары ма?

Жолай. Ол жағын маған аңғартқан жоқ.

Әзім. Сайтан-ау, сонда сенің аңғарғаның не? Күйеуі екі жиһанды еркін кезіп, бір ел мен екінші елді байланыстырған ірі ұшқыш. Ұшу сапары Азия, Африканың әуе трасы екен, өзін айтқандай, ол елдердің түндігі түріліп, жерінде от лаулап жатыр. Ондай сапарға, ел сенімін ақтайтын саңлақ ұшқыштар ғана жол тартады.

Жолай. Мен де сол тұлғасы кесек жанның жанына түсетін жараны аңғартып тұрмын.

Әзім. Сонда қалай, қуанышына қоса, реніші де мол келе ме?

Жолай. Айнаш ағасының сапарынан очерк жазасың, көңілің бізге дәйек болсын деп ертіп келді.

Әзім. Мен білсем, ала білген, көре білген жанға сен айтқан алшақтықтан өз басының қасиеті терең бе деп ойлаймын.

Жолай. Әрине, терең. Сырқау жанды біз сауықтырғанмен сауыға ма. Бері жүр, бұл біздің ішке түйетін сырымыз. Сен ақ көңілің алдына түсе берме. Тартыстың сырын өздері ашсын.

Бұл кезде аэропорттан өндері қашыңқы Мерген, Жұмаш, Айнаш, Науша, Меруерт келе жатады. Барлығының назары көкжиекте. Іштей күйініштерін сыртқа шығармағанмен, «неге кешікті» деген қауіппен апсарын аударып қарайды. Ұзақ үлсіздік.

Жұмаш (*тынышсызданып*). Қайда, қайда?.. Неге көрінбейді?

Жолай. Мезгілінен қырық бес минут кешікті.

Жұмаш (*Жолайға*). «Ту-104» болат қанатты, қисапсыз ұшқыр самолет, қырық бес минут кешігуі қалай?

Жолай. Өзім сан ұшып жүріп мұндай кешіккенім көрмедім.

Мерген (*ұнатпай*). Көрмесеңіз, енді көруіңізге болады. (*Кенет шошынып.*) Әне, аспанда сұрапыл нажағай! От ойнап тұр.

Жолай. Бұлтты біз тілегендей, неге түйілдің, жас жігіт.

Айнаш. Мерген қыл үстінде тұрғанда, несие сөздің керегі не?

Жұмаш. Неге несие, аспан құбылысы айнымалы, ілезде өзгереді. Ілезде жаңарады. Біз келгенде шәйдай ашық дүние қас қаққанша бүлініп сала берді. Қандай ғажап?! (*Жолай мен Әзімге.*) Мен дұрыс айттым ба, ағалар?

Әзім. Өте дұрыс айттың, інім...

Жұмаш (*көзін алмастан тесіле қарап*). Көрінді, көрінді.

Науша. Шын ба, жаным, қай тұстан?

Жұмаш (*меңзеп*). Сонау-сонау, өркешті қара бұлттың тасасынан қылт етіп шыға келді.

Меруерт (*қуанып*). Мен де көріп тұрмын.

Радиодан. Тоқсан тоғызыншы рейісті Москва — Алматы самоләті ұшып келді... Қайталаймын.

Асфальтті алаңға көкжиекті діріл қаққызып «ТУ-104» самоләті келіп қонады. Қарсы алушылар іштей сабырмен әлі де күтуде. Алаңнан үстінде ұшқыштар формасы, денесі сом, бойы тіп-тік, қара торы, бұйра шашты жігіт Құрмаш келе жатады. Науша шыдамай қоршаудан шыға ұмтылып, құшақтап қарсы алады.

Науша. Құрмаш-ау (*көзіне жас алып*), зәре-құтымыз қалмады.

Құрмаш. Жылағаны несі?

Науша. Біз күткелі қашан. (*Барлығы амандасады.*)

Құрмаш. Күтетіндерінді білдім. Нажағайға ұрынбайын деп, бұлт-бұлттың арасымен сынадай ұшып, түстім-ау әйтеуір (*Іздеп.*) Маржан қайда? Ол неге көрінбейді? Сырқат па?

Науша (*кібіртіктен*). Маржан қызметінде.

Құрмаш. Бүгін демалыс емес пе еді?

Науша. Оларда қызмет.

Құрмаш (*Мергенге*). А, пағашы, сенің радиодан берілген «Толғау» күйінді аспан мұхитында тыңдадым. Қара бұлтқа сүңги кіргенімде, ой арпалысында келе

жатқан мені сенің күйің сергіткендей болды. Әсірелеуім емес, шыным... Ризамын.

А й н а ш. Нағашымыз консерваторияға емтихан тапсырып жүр, аға.

Қ ұ р м а ш. Жарадың, біріміз ұшқыш, біріміз электросварщик, бізден де өнерпаз біреу шықсын да, өз талабың қалай?

А й н а ш. Күнделік қызмет те, аға.

Ж о л а й. Қарындасыңыздың жуырда ғана үш очеркі басылды.

Қ ұ р м а ш. Құтты болсын. (*Меруертке.*) О, балдызым, причесқаң аумаған араб қыздарының прическасы.

Ж о л а й. Балдызыңыздың теңеуін жеткіздіңіз. Араб қыздары биік қабақ, сұрша келеді деп естуші едік.

М е р у е р т. Тегі, сіз естумен ғана күнелтесіз-ау деймін.

Ә з і м. Қатырдыңыз, тағы да жиырма тиын.

М е р у е р т. Көшеде су сатқаннан саумысыз? Таусылатындай болған еді.

Қ ұ р м а ш. Туыстар, командирге оралған сапарымды баяндайын. Маған аялдамандар. Жерге жетуді аңсап едік, жерге жеттік. Науша, менен бұрын барып апамды қуантындар.

А й н а ш. Командирдің өзі де келе жатыр.

Аэропорттан ұшқыштар жасағының командирі Василий Петрович келе жатады. Жасы қырықты қусырған, ойнақы мінезді, қағылез адам.

Қ ұ р м а ш (*честь беріп амандасады*). Василий Петрович, баяндауға рұқсат етіңіз.

В а с и л и й. Баяндауды қоя тұр, ұшып келе жатып радист баяндаған. Жайларыңа қанықпын, экипажың бабында ғой?

Қ ұ р м а ш. Бабында.

В а с и л и й. Сайтандай қара бұлт шықты да, шықты бұзды. Мен сендерді аэропортқа қона алмай, Фрунзеге асып кете ме деп қорқып едім. Тірі келдің, болды.

Ж о л а й. Василий Петрович, біз редакциядан едік.

В а с и л и й. Редакциядан? Жақында аэрофлот басшылары салдыр-салақ, самолеттері жабдықсыз, ұшу-қонуында кешігу бар деп сын семсерін қадап сілейтіндер.

Ә з і м. Кешіріңіз, сілейту ниетімен емес, пилотыңыз жайында очерк жазу ниетімен келдік.

В а с и л и й. Айназаровтар семьясы жайында ма?

Бұл семьяға қанатты сөздің асылын қалай төксеңіз де

сыяды. (*Құрмашты меңзеп.*) Мына тұрған жігіт бізбен дағдырлас. Әкеден жетім қалған қарапайым жұмысшының баласы, мұхиттардан асып талай елдерге барды. Жазуларына тұра ма?

Әзім. Тұрғанда қандай!

Жолай. Сізбен бірге суретке түсіріп алсақ.

Василий. Қалауларың білсін. Ал, Айназаров, экипажыңды тапсыр да, дем ал. Ертең не арғы күні аса жауапты рейспен ұшасың. Оны өзім кейін хабарлаймын. Дайын бол.

Құрмаш. Рейс тоқталмайды. Дайын боламын.

Шымалдық.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Құрмаштың үйі. Оқиға ортаңғы бөлмеде өтеді. Сол қанатта Құрмаштың, оң қанатта Ұмсынайдың үлкен ұлы Құбаштың жататын бөлмелері. Сахна шымалдығы ашылғанда Науша мен Меруерт кіріп келе жатады.

Науша. Құнтайым-ау, келмеген бе?

Меруерт (*сол қанаттағы бөлменің есігін ашып*). Қелмепті. Осы үйдің айбыны ақ пейілді ана ғой. Тек бұл жайды құдағиға сездірмейік.

Науша. Апама менің де беттей алмай тұрғаным сол-дағы.

Меруерт. Мен телефон арқылы тауып білгенімше апанды алдандыра тұр. (*Ауыз бөлмедегі телефонмен Маржанды іздеуге кетеді. Мосқал тартып, шашына ақ кірген Ұмсынай кіреді. Қелбетінен ызғарлылық та, мейірбандық та аңғарылады.*)

Ұмсынай. Келін, жолаушының кешіккеніне сүйін, неге кешігіпті?

Науша. О, апа, машақаты толып жатыр.

Ұмсынай. Не машақат?

Науша. Біз де бардық, қас қылғандай бір қара бұлт шықты да, дүние алай-дүлей болды. Нажағайдан сақтанады екен де.

Ұмсынай. Е, онысын кім білген. Келін де барды ма?

Науша. Барды, апа.

Ұмсынай. Барса жөн болды. Мерген ноқайдан сұрасам жын қағып кеткендей маған жауап бермейді. Келді де, скрипкасын алып, аласұрып ойнай бастады.

Науша. Апа, ән шығарып жүр ғой. Қиялына оралған да бірдеме...

Ұмсынай. Қайдам, кейде адам сияқты, кейде зікір салған бақсыдай жұлынып жатқаны. Жарайды, келін, тағамыңды әзірле.

Науша. Уақыт жеткілікті, үлгіреміз, апа. *(Ішкі бөлмеге кетеді.)*

Ұмсынай *(жалғыз)*. Менен бәрі де жасырады. Жүрегі құрғыр өрекіп түнімен ұйықтай алмағанымды қайдан білсін бұл шіркіндер. «Қазымыр ененің қарақұсында көзі бар» дегендей, қазымыр емес едім... қай қылығымнан таптым дермін... *(Сменадан оралған беті, үлкен ұлы Құбаш келеді. Ұмсынай оны байқамайды.)* Берік те, берекелі де едік. Жоқ, қабырғамды қайыстыра алмайды. Іріткі салам, от басымды бұзам десе, оған да бір зауал бар шығар. Қалай бұзады? *(Шошынып.)* Не деп барам, жасаған, аспайыншы, таспайыншы, тәуба дейін.

Құбаш. Апа, не айтып тұрсың?

Ұмсынай. Сен бар болғыр тыңдап тұрма едің? *(Сыр бермей қайратына мініп.)* Ана інің аман-есен аэропортына келіпті. Бар, жуынып, киініп, алдынан шығып қарсы ал.

Құбаш. Бұрын да талай алыс сапардан келген. Апа, неге ренжідің, кімге ренжідің?..

Ұмсынай *(қатал)*. Кәрі кісі ренжиді, қояды... Осы құлақтарың сыбыс естісе болды, түршіге қалатын не әдет. Жә, сұлуың ваннаны жағып қойған, кір-қоныңды тазартып, киімдеріңді ауыстыр. Сендер тірі тұрғанда мені ешкім де ренжітпейді.

Ұмсынай кетеді. Қатардағы бөлмеден Науша шығады.

Құбаш *(ауыр ойда)*. Әй, тымпи!.. Апам неге ренжіді, үйіңді кейін жинарсың, күйбеңдемей бері келші.

Науша. Ә, қойшы, апам ренжімейді. Саған солай көрінген де.

Құбаш. Осы сен тымпидың ішінде ит өліп жатса да білу қиын.

Науша. Жел тұрмай дауыл тілеме.

Құбаш. Соғар дауылы алда болғаны ма? Әу, тымпи, десеңші бірдене.

Науша. Дауыл соқса, алдымен біздің үйде сені ұшырады. Күрт кететінің-ай осы. Айтпақшы, Жұмаштай емтиханнан өтіпті. Қуанышы қойнына сыймайды.

Құба ш. Өтті де. Екі жыл жұмыс істеді. Жаз бойы дайындалып өте алмаса, сорлайтын еді. Өзі қайда?

Науша. Аэропортта, ағасының қасында.

Құба ш. Бәлемнің өзі де оқудың оңай қолға түспейтінін білген болар. Ақтаған екен үмітімізді. Мен болсам оқи алмадым. Ағалары да кешеуілдеп кірісті. *(Қуанып.)* Енді бұған қуануға да, шаттануға да болады.

Кете бергенде үйге ашаң өнді, бой-сымбаты әсем, жасы жиырма-ның үш-төртінде Маржан келеді. Бетіне алқызыл қан жүгірген. Көңілінде алабұртқан алқыну бар тәрізді. Құба ш келініне сұстана қалады. Бірақ Маржан оған мән бермейді.

Құба ш. Ваннаға менен басқа шомылатындарың бар ма еді? *(Құба ш кетеді.)*

Маржан *(селт етіп, аңғарғандай)*. Аға, маған бір-деңе деді ме?

Науша. Маржан-ау, қайда болдың?

Маржан. О, жеңеше, сауығында да, сайранында да, бәрінде де. Қайныңнан не хабар бар?

Науша. Қайнымды алдынан шығып қарсы алдык. Сені күте-күте көзіміз талды.

Маржан. Күтсеңдер, мен келдім. *(Жайраң қағып.)* О, жеңеше, сыйласар дос-жараныңның көп болғаны да мерей. Осы жолы көп жайларға қандым да, жаңа таныдым өзімді.

Науша *(елігіп)*. Иә, ол не жайлар?

Маржан. Менің подругамның жолдасы диссертация қорғады. Шақырған қонақтарының барлығы да кандидат наук, доктор, профессор, өңшең ығай мен сығайлар. Мұндай топтың ортасында бірінші рет болуым. Бақыт дегенді қойсаңшы, о, жеңеше, бастарына үйірілген дәулет пен білімдеріне қарасаң...

Науша. Қойшы, тіпті ғажап десеңші.

Маржан. Сұрама, сұрама, жеңеше. Подругам не деген ырысты десеңші. Кең, жеке, дара особняк. Алма бағы қандай. Үйін қымбатты да асыл жиһаздармен толтырған. Серванты, гардеробы, мебельдері, хрустальдарына қарап көзің тоймайды. Подругамның астында қызыл-күрең «Волга», тілесе дачаға, базарына барады екен. Тілемесе үйінің қасына қаңтарып қояды екен. Ха... ха... ха... Қас қылғандай қасыма бір кереметі отыра қапты. Сізге өтірік, маған шын, үрлеген тұлып месті көр де, соны көр. Ал, оның ас ішкенін көрсең, жеңеше... мас-қара, тіпті шайнамай қылғиды екен.

Науша. О да оқымысты ма?

Маржан. Оқымыстың не, кандидат. Оны маған тұп-тура бұл жалғанның антологиясы деп таныстырды.

Науша. Өзінді кім деп таныстырды?

Маржан. Мені сұрамай-ақ та таныды. Ақшаны қалталарынан уыс-уысымен шығарады өздері. Девятый бал деген ойындары болады екен, шытырлатып өңшең жүздіктерін қойып ойнайды дейсің. Банкідегі таудай боп үйілген ақша бірінен-біріне ауысып отырады екен. Ұтылғандары тіпті қабақ шытпайды.

Науша. Кім ұтты?

Маржан. Үрлеген тұлып тәрізді мес ұтты.

Науша. Ырысты жандар.

Маржан. Ырысты жандар.

Науша. Өзіңе не сый-сипат көрсетті?

Маржан. Маған ба, атамаңыз, жеңеше. Үлкеннің де, кішінің де, ғалымның да, ғалым болам деп жүргеннің де аузында мен болдым. Тост көтерген сайын атым аталып отырды. Ха... ха... ха... Күлкім келеді. Қадырым артқан сайын әйелдерінің кейбірі қызғанышын да білдіріп алды.

Науша. Өзінді тіпті шелиткен екен ғой.

Маржан (*Мүйістегі айнаның алдына барып*). Құдайға шүкір. Көздерінің сусынын қандырып, дем алып қалды байғұстар. Көрген-білгенім сол, жеңеше.

Ауыз бөлмеден Меруерт келеді. Ренжулі. Әпкесіне жылы шырай бермейді. Науша апалы-сіңлілі екеуін оңаша қалдырып, шығып кетеді.

Меруерт. Құс екеш құс та өз ұясына келіп қонақтайтын еді.

Маржан (*таңдана, наздана*). Жақсылармен жанассам, болашағымды ойласам, оның не айып-шамы бар?

Меруерт. Қия басқан қадамыңның да себебі бар емес пе? Ойлашы өзің, сен үшін мен күйінсем, үй ішің күйінсе...

Маржан. Жә, сен күйінетіндей түк те болған жоқ. Шақырды — бардым, кешіктім — қондым. Байғұс-ау, жақсылармен жанасуым сенің де қамың емес пе?

Меруерт. Мен үшін қам жемей-ақ қой. Өз қолың жетпегенді маған теліме. Не деп шамдансаң да бұл жүрісің көргенсіздік!.. Сен үшін мен ұяламын, әпке!

Маржан. Нені біліп ұяласың?

Меруерт. Нені біліп? Мен білмейтін не сырың бар еді? Білмейсің деші, көнікі. Қаршадайымнан қасында

өстім. Баланың үлкені өзін болдың. Шалқыдың, ерке атандың. Қызым жақсы оқиды деген алдамшы үмітпен әке шықпады алдыңнан, шеше қақпады бетіңнен. Бұл үйде де сол. Ендігің не?

М а р ж а н. Ал, не болыпты?

М е р у е р т. Болғаны сол, үй ішін былай қойғанда, саған жар, маған аға, ұшсақ қанатымыз, сүйенсек тірегіміз болып отырған азамат қадырын біліп жүрмісің?

М а р ж а н. Не деп тұрсың өзін?

М е р у е р т. Дегенім сол, сұлусың, той-думанның көркісің дегенге асқақтай бергенше, ойланбасысың? Айналаңа қарамаспысың.

М а р ж а н (*сазарып*). Опық жерінді білгенінде өзін тиер ме едің?

М е р у е р т. Ұялсаң еді, аузың қалай барады. Маңдайыма жездемдей жігіт кездесе, өкінбес едім тағдырыма.

М а р ж а н (*сұрланып*). Өкінбес едің?.. Таң қалатын түк те жоқ... Мен баспаған өмірдің шиыры мен қиыры толып жатыр. Мен оқымаған, мен ашпаған кітаптың беттері мың сан парақ... Түсінде әркім де өзіне сарай салады... ояна келсе, түсінде көрген сарайы бір жұпыны ғана үй болып шығуы да жетпей жатқан арманның алданышы шығар. Мені тергеуінді теріс демеймін... Құр тергеуден не пайда, Меруерт!

М е р у е р т. Зеріккен, қамыққанда ғана айтылатын сөз ғой!

М а р ж а н. Зерігемін де, қамығамын да... Сен ойлайтын шығарсың, әпкем жарға ұрышады, деп. Жоқ, жарға ұрынатын халден өткенмін... Есінде ме, мені ұзатып салар сәтте: «Оқи түсуің керек еді, әпке» деп мойныма оралып, көзіне жас алғаның. Оқи түсу керек деген сенің ғана емес, маған сырлас достардың тілегі болатын... Бірге бітірген достардың алды доктор, кандидат наук... Олар шарықтап алға кетті... Мен не күйде қалдым...

М е р у е р т. Бөгеп отырған кім?

М а р ж а н. Бөгеп отырған өз тағдырым десем, тағдырыңа не бопты деп мені жазғырарсың... Жазғыра бер, сіңлім... Бұл қылығым біреуге ұнар, біреуге ұнамас. Әйтеуір, бітпес шерде жүргенімнен тайталасты тартыста жүргенім әлде қайда жеңіл... (*Үйдің алдына машина келіп тоқтайды.*) Біреулер келе жатыр... Доғаралық бұл әңгімені...

Сірестіре буған бүктемелі чемоданды Жұмаш ыңқылдап көтеріп үйге кіргізеді.

Жұмаш. Жеңгесі, көтеру бейнеті менікі де, ішіндегі зейнеті сіздікі. Қайда қояйын?

Маржан. Өзіміздің бөлмеге. Ағаң да келді ме?

Жұмаш. Ағамыз экипажын тапсырып болған жоқ. Машина екінші рет барады. *(Екеулеп чемоданды жататын бөлмесіне кіргізеді де, қайтадан шығады.)*

Маржан *(жиналып)*. Қара басқанда, қонақта боп кешігіп қалғаным. Мен де барайын.

Жұмаш. Жүріңіз, жеңгесі, құттықтауыңызға болады, әкеліңіз бесті! *(Екеуі асығыс шыға бергенде скрипкасын сызылта тартып Мерген қарсы жолығады.)*

Маржан. Бармаушы ма едің?

Мерген. А? Қайда? Аэропортқа ма? Есебі, жеңгесі, самолет уақытында ұшады, уақытында қонады. Кешіккендерді күтпейді. Кеш қалдыңыз.

Маржан. Немене, дарқаның ұстап тұр ма, ақыл-гөйсіп, кешіккенімді өзім де білем.

Мерген. Білсең сол... *(Маржан мен Жұмаш кетеді.)*

Меруерт *(ызалы)*. Желіккенге еріккен, адасқанға әулекі қосылса, не болады, Мерген?

Мерген. Не болсын, күншілдерде күңкіл көбейеді. Күлегештер күлкіге батады.

Меруерт. Осы үйдің жаны ашырының бірісің. Қалай ойлайсың?

Мерген. Есебі, сендей ойласам ше...

Меруерт. Мендей ойласаң — сені іске қайрасам, батылдығың жетер ме еді?

Мерген. Айтып көр.

Меруерт. Сен түсінші: көлгірси алмаймын. Арылғым келеді, айтқым келеді. Лайығы сол болса, қарғысқа да барғым келеді. Білсең еді, Мерген, осы бір сәтте септігі тиер дос керек. Дос!.. Сол дос сен ғана. Жебей аламысың?

Мерген. Шошынарлықтай не сұмдықтың шетін аңғарттың.

Меруерт. Шошыма, шошыма. Тіл күрмеліп ойымдағымды аяқтай алмай булығып бара жатсам, күйіңмен жебе. Ерлігің жетсе мен риза. *(Ауыз бөлмеден Ұмсынай мен құдағи Дәмелі келе жатады.)* Әне, құдағи мен менің шешем де келе жатыр. Қалғанын бақ ішіне барып сөйлесейік.

Дәмелі. Әй қыз, жездеңнің алдынан шықпай, мұнда неғып жүрсің?

М е р у е р т. Наушаға жәрдемдесіп жүрмін, апа.

Ұ м с ы н а й. Жәрдемдес, шырағым, жәрдемдес. (*Мергенге.*) Сен бір жалықпайды екенсің де, шегі тозады ғой.

М е р г е н. Қойдым, апа, баудың ішіне барып тартайын (*Мерген мен Меруерт кетеді.*)

Д ә м е л і. Құдағи, сенің осы балаң неше келсем қиқылдатып, шиқылдатып жатқаны. Композитор болам дейді.

Ұ м с ы н а й. Бұйырғаны болады да.

Д ә м е л і. Иә, ақшаны көп алса, болғаны. Балаларыңның барлығы да дырдай боп ержетті. Шүкіршілік те, құдағи. Анада ғой, Құрмашыңның Болшадан, Чокословактан, тілім де келмейді, әлгі пайғамбарымыздың елін не деп атайтын еді, Мекке, Мәдинеден әкелген құғбатолланың суретін салған жайнамазын да қимадың. Жарықтықтың суретіне маңдайыңды бір тигізгеннің өзінде қаншама күнә-сұмдығың жеңілдейді десеңші?.. Ал енді бар ғой, бұл жолғы олжасынан қолымды қағам деп ойлама.

Ұ м с ы н а й. Мейлің білсін, құдағи. (*Күрсініп.*) Е, дүние де...

Д ә м е л і. Әй, қайдам, құдағи, күрсінуің жаман.

Ұ м с ы н а й. Еркің білсін дедім ғой.

Д ә м е л і. Е, бәсе... біздің құдағи өсітсе керек еді. Қанша айтқанмен қыздың аты қыз да, ұлдың аты ұл ғой, құдағи. Құрмашымның чемоданын ашып жіберіп, ей, Маржан, мынау саған деп капрон көйлекті ұстата салсам, Науша келін, қызына тартты деп жүрерсің. Сүйір түпіл мөлді деуші едіңдер, міне саған деп оған да біреуін ұстатып жатсам, құда бала, Жұмаш бала, келіндер деп қарындаш па, қағаз ба, қалам ба, үлестіре берсем, олар қуана күліп қарық болып жатса, менің арманым сол-дағы.

Сырттан машинадан түсіп Құрмаш, қасында Айнаш, Жұмаш, Маржан, Әзім, Жолайлар бар үйге кіреді.

Ұ м с ы н а й. Құлыным келді, қанатым келді.

Қ ұ р м а ш (*құшақ жая*). Апа, менің әрбір сапарымды сағына күтетін апам. Балаң аман-есен, мінекей құшашағында. (*Ұмсынай кеудесіне басып құшырлана сүйіп, жіберер емес.*)

Д ә м е л і. Беу, құдағи, бізге де кезек бер. Бері кел, сағына күткен анаңның бірі мен болам.

Құрмаш (*әзілдей күліп*). Ебіл-дебіл шешем, қуат-тымысыз?

Дәмелі. Тәйт әрі, ебіл-дебіл дейтін есалаңмын ба? (*Жақтан тартып жіберіп.*) Осылай сүйемін. (*Маңдайынан сүйеді.*)

Маржан (*ыңғайсызданып*). Апа, мұның енді орынсыз қаталдық.

Дәмелі. Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды.

Меруерт. Ауырмаса қызынның жағына қоса тартсаң еді.

Құрмаш. Енеміздің мінезі солай, Меруерт, қайте-сің. (*Бірден жарқырап.*) Ағамыз қайда жүр? Ол неге көрінбейді?

Науша. Ағаң үйде. Құбаш, ә Құбаш!..

Шақырады. Қолында ағылшын сөздігі бар Құрмаш кіреді.

Құбаш. Аманбысың? Қоңырқай тартыпсың, сен барған жақтың күні ыстық болар, ә? Осы сапарда қай елдердің дәмін таттың?

Құрмаш. Азия елдерінің бірқатарында болдым.

Құбаш. Ырзық, ә? Біздің заводқа туристік екі пүтевка келген екен. Дәм жазса, мен де барып, батыс елдерін көріп қайтам. Менен, мистер қазақ, коммунизмді қалай құрып жатырсыздар деп сұрай қалса, өз тілімен жауап берем. Мына бір ағылшын сөздігін алып ем. «Хай-ду» дей ме «ай-ду» дей ме?

Жолай (*түзетіп*). «Хау-ау» десеңіз. «Сау-саламатсыз ба» дегені.

Құбаш (*өзі түзетіп*). Біліпсің. «ю-ін» тастап кеттің. «Һау ду ю ду».

Құрмаш. Жарайсың, ағасы, нұр үстіне нұр... Мен жоқта інілерің институтқа орналасқан. (*Үйді аңсай барлап.*) Бәрі де орнында, Жұмаш, значек, медальдарға құмар едің, студент болыпсың, байғазым мінекей. (*Қалтасынан қобдишаға салған значектарды алып.*) Тоғыз елдің сувенирі. (*Ішінен біреуін ерекше алып Жұмаштың омырауына тағады. Барлығы да үңіліп, ынталана қарайды.*) Туғандар, міне бұл, атом бомбасынан жарымжан боп қалған япон қызы Такэно Нобуканың ойлап шығарған значегі.

Әзім. Тамаша бір хикая басталады. Жолай, қаламыңды берші! Айта беріңіз. (*Блокнотын алып жаза бастайды.*)

Жолай. Иә, тоқталмаңыз, айта беріңіз.

Құрмаш. Хиросимада атом дертіне ұшыраған қыз

күн санап солып барады, бірақ та оның өз жүрегін бейнелеп екен гүлі қауызын ашып өсуде. Жазылмас дертке тап болған қыз көз жасымен гүлді суарады. Гүл өсіп ержетеді. Дертті қыз дүниеден бой салады. Өрт жүрегі ерте сөнген сол қыздың артында қалдырған ақша гүлі бүкіл елдің жазиралы бағында, бейбіт өмірді аңсаған дүние жүзі жастарының кеудесінде.

Құба ш. Арманы қандай биік еді.

Құрма ш. Маржан, апама, өзіңе, ағаға, Наушаға, енеме арнап алған базарлығым чемоданда.

Дәмелі. Тұра тұр, әй қыз. Бұл жолғы базарлықты өзім бөлем. *(Ішкі бөлмеге Маржан, Дәмелі, Айнаш, Наушалар кіреді. Ұмсынай орнында отырып қалады. Сәл кідіріс. Дәмелі таңдап алған заттарын бауырына қымқыра қысып, қайта шығады.)*

Дәмелі *(екілене)*. Құдағи, мына біреуі саған, мына біреуі маған, қызым, қыртисаң да, тыртисаң да бұйырғаны сол.

Ұмсынай *(қайырып беріп)*. Алыңыз, маған арнағанын да сен ал, құдағи. *(Наушаға.)* Келін, жармаспа, қақпаңдар қолын.

Науша. Апа-ау, енді...

Ұмсынай. Тағы не қалайсын, түгел ал. *(Нәрселерді алдына жайып.)* Менен туған балалар, ара түспендер.

Айнаш. Апам төрелігін айтты ғой, мен де сыйладым сізге. *(Өзіне тиістісін Дәмеліге сыйлайды.)*

Науша. Жазған басым аңдамаппын, маған арнағанын қоса алыңыз. *(Гүлді шәйі орамалды алдына тастайды. Ұзақ үнсіз.)*

Дәмелі. Шедірем қал, күлді көмеш бишара. Мен бір дүниені жаңа көріп жүргендей, онысы несі екен-әй. Мә, ал да құры әрмән. *(Заттарды қымқыра құшақтаған күйінде кетуге ыңғайланады.)*

Меруерт. Кісі асына сабырлық, апа, жұла тартпай тоқтаңыз.

Құба ш *(тыжырынып)*. Құдағи, осы үйді түгел үптеп кетсең де еркіңіз. Тек, даурықпаңызшы.

Дәмелі. Солай едім де, құда.

Құрма ш. Біздің үйдің салтында жоқ бұл не шырғал, Маржан? *(Ұзақ үнсіздік.)*

Меруерт. Бұл ма, бұл!.. *(Барлығы бұл не айтқалы тұр дегендей Меруертке қарайды.)* Осы үйдің шаңырағына қараған сайын көп жайлардың сырын тоқушы едім жадыма. Әр уақытта жаны шат, ер-азаматы талапты, еңбек сүйген, ел сүйген жандарды да көруші едім

осы үйден. Құбаш аға, әкеңіз соғыста қаза тапқанда сіз нешеде едіңіз?

Құбаш. Мен он алтыда, Құрмаш онда, Мерген бес-те, Айнаш үште, Жұмаш бір жаста болатын.

Меруерт. Мен сөзімді әке аруағы қорланбаса екен, өз қуатымен балапандарын қанаттандырған ана ұясынан жылуы кетпесе екен, кемімесе екен, деген ниетпен бастамақпын.

Құбаш. Лебізін қандай жылы еді.

Меруерт. Дер шағында, өр шағында жарын жоғалтып жесір қалудан ауыр не қасірет бар? Қасіретті ана сендер үшін заводтың еденін жуды, пешін жақты, күлін шығара жүріп ержеткізді. Оқытты. Саналарыңа сәуле құйды. Рас па?

Құбаш (*күңіrentin*). Бәрі де рас. Айта түсші.

Меруерт. Айта түссем, жезде, бұл не шырғал дегіңіз. Иә, шырғал, сол шырғал сіздің үйге менің әпкем мен туған шешем арқылы кіре ме деп қорқам.

Дәмелі. Сандырақтап тұрғаның не әй, сен қыздың?

Меруерт. Ұрса беріңіз. Төрт көздерің түгел тұрғанда жасыруға дәтім бармайды. Айтамын, арыламын біржола.

Көз жасына булығып тұрып қалады. Үйге мейлінше жайдары Василий Петрович кіріп келе жатады. Үйдегілер бірден жадырай алмайды.

Василий. Мамаша қайда?

Ұмсынай (*орнынан түрегелін*). Мен мұндамын.

Шымылдық.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Сахнада өзгеріс жоқ. Мезгіл кешкі салым. Батар күннің қызыл арай шапағы терезеден үйге түседі. Терезе алдында сырттағы алаңға көз тастап Ұмсынай тұр. Терезеден үрлеген самал жел үйдің ішін желпіп, перделерді қозғайды.

Ұмсынай (*терезе пердесін ысырып*). Жаз да өтіп, күз де келді. (*Ойына түсіріп*.) Күз болды-ақ, салқын түсе жылы пештің қасына қарғаларымды қаз-қатар отырғыза қойып, ыстық сүт пен нанын беріп қолына, жылытатын едім. Беттері қызара бөртіп, көздері жайнап салатын, өскен сайын ана жүгі арта түсетіндігін кім білген. (*Қабырғадағы сағатқа қарап*.) Кеш те боп қалды.

Мерген қайда жүр? Байғұс емтиханын тапсыра алмай кешігіп жүр ме? Кешеулемесе керек еді Жұмаш тентектің оқуға түстім дегені бекерге шығып, қажытып отырғаны анау. Не боп барады біздің үйдің іші. (*Қайратына мініп.*) Науша!.. Әу, Науша!.. Қайда жүрсің, түге?

Науша кіреді.

Науша. Жай шақырдыңыз ба?

Ұмсынай. Не қылған жайшылық, әрі күттім, бері күттім, шыдамым жетер емес, Құбаш неге келмей жатыр?

Науша. Апа, сабыр етіңізші, институтына барып оралғанша сол-дағы, келіп қалар.

Ұмсынай. О, жел құйын, түстім, оқитын болдым, деп судыратып еді кеп.

Науша. Жеңгемнің жәрдемімен түстім деп келіп еді, қайдам...

Ұмсынай. Е, сондай құйтырқысы да бар еді де. Жетіскен екенбіз. (*Шырығып.*) Сүйеумен, жебеумен адам бол деп тәрбие бердім бе ол соққанға. Маған көріпуге жүзі шыдамай жүр ғой, шақырып кел!..

Науша. Апа, қажай беріп қайтесіз.

Ұмсынай. Білгішсінбей бар дегенсін бар енді!..

Науша. Қазір шақырайын.

Науша кете бергенде, үйге Жұмашты ертіп Құбаш кіріп келсді. Жұмаш нығы салбырап шешесіне қарай алмайды.

Ұмсынай. Барып білдің бе, не скен өзі?

Құбаш. Бардым. Жерге қарап қайттым. Жексұрынның жаз бойы сойталдай боп үйге сыймай қаңғуы жамап еді.

Ұмсынай. Директірі не деді?

Құбаш. Не десін, менен бетер қынжылады.

Ұмсынай. Дұдамалы не?

Құбаш. Е, апа, қулық-сұмдық араласқан істің қайыры болушы ма еді. Алған бағаларының дені күдікті. Қолдаумен қойылған деп үстінен шағым түскен.

Ұмсынай. Не дейді! Мұны қолдаған біз білмейтін қамқоршымыз кім еді?

Құбаш. Табылыпты бізге де бір қамқоршы. (*Жұмашқа күйініп.*) Жексұрын-ау, жексұрын, жаның қиналмай сырғып өте шыққың келді ғой?

Жұмаш (*кейін*). Қашанғы қара жұмыспен жүре бермекпін.

Құбаш. Ә, арланам де. Қаршадайымнан істегенім қара жұмыс. Қарамай-қожалақ боп жүріп-ақ дүние та-

ныдым. Мен неге арланбадым? Ағалап алдымнан шыққанда темір иісін елемей-ақ асыла кетіп мойныма, бауырыма кіріп өспеп пе едің? Станоктан қашып оқуға ұмтылғанда алдамшы боп білім таба алмайсың.

Ұ м с ы н а й. Е, мұның кеудесін кернеген сайтан сол ма еді. Құбаш, жазғыр мынау ініңді, есінен кетпестей жазғыр. Семент құя ма, тас шаба ма, үйрет, істесін, көрсін.

Ж ұ м а ш. Айтатындарың баяғы бір сөз. Емтиханды өткізе алмасам екен, өткіздім ғой. Үстімнен шағым түссе, қайтем. Сүйеумен кім өтпейді, сонында әкесіне қосарланып жекжат, дос-жарандарының бәрі де жүреді. Маған жеңгем ғана септігін тигізуге жарады. Онда не тұр?

Қ ұ б а ш. Иә, жетістіріпті сені жеңген.

Ж ұ м а ш. Жеңгем тапсырды, ақ шеке профессор сүйеді.

Қ ұ б а ш. Шәкірт жанын көп тербеткен ұстазды кірлеме, ақмақ. Құйрығына қоңырау байла деген ол емес. Сүйеуіне ілесе алмай, шикілігің әзірлігінде болып шықса, оның кінәсі қанша?

Ж ұ м а ш. Әзірлігің, әзірлігің, мен бір әзірленбесем екен.

Қ ұ б а ш. Қарсыласпа, бізді күйіндіретін арзан жолға баураған жеңгеннің қырсығы екенін түсінемісің, есуас! Мәлімей бар артеліңе қайырадан. Ұсқынын...

Н а у ш а. Барады ғой енді. Ойлануына мұрша берсейші.

Ж ұ м а ш (*жыламсырап*). Не деп барам, аға.

Қ ұ б а ш. Адастым, алдандым деп барасың. Бір сүріндім, ендігімнің орны жоқ, сыналап өтіп, сығалап күнелтем деп көріп едім, болмайды екен. Ширата түсіндер, айыбымды өтеймін деп барасың.

Н а у ш а. Бір шұқшиса әдеті енді. Жүрші, көне ғой, жаным.

Жұмаш мүйістегі үстел үстінен медаль, значектарының суретін салған қағаздарын жинап алып, Наушамен бірге шығып кетеді. Ұзақ үнсіздік. Үйге бойын ашу қысқан ызалы Маржан кіріп келеді.

М а р ж а н (*киімдерін серпіп лақтырып жіберіп*). Басқалар мұндай істерінің жымын білгізбейді. Сендер-ақ осы адалымсып түршіге қалатын. Институтқа барып, менің құлағымды шулатып...

Қ ұ б а ш. Келін, бекер кіріскенсің.

М а р ж а н. Кіріспегенде, ағалы-інілі сендердің қай-

сыңа білім дарып еді? Жазғаным, жалышып-жалбарынып дос-жарандарға қолқа салғаным ба? Сіз де қызықсыз, үстінен шағым түсті деген сыбыс құлағыңызға шалынуы-ақ мұң екен, маған сенбегендей тұра жүгірдіңіз, не бітірдіңіз? *(Тістене долырып отыра кетеді.)* Имм... жігерімді құм еттіңдер!..

Қ ұ б а ш. Келін, есінеу-есінеу әр басқа. Сенен жыпқылы көп шытырман жолдармен өткізе гөр деп мен сұрадым ба? Апам сұрады ма?

М а р ж а н. Ағажан-ау, сұрауға да көңілдерің тартпайды. Оған жіберіп отырсыздар ма?

Қ ұ б а ш. Тартпайды, келін, жібермейміз де. Білім оқығанға дари ма, тоқығанға дари ма. Айтар сөзің бұл емес еді.

М а р ж а н *(бетін қайтара екіленіп)*. Жок, аға, не деп кінәласаңыз да жандарың бір селт етпейді. Жоқшылық, бейнет көрген үй ішінің үйіріле кетіп ентелей кірісетіні болушы еді, қашан да болса тартыншақтап тұрғандарың.

Ұ м с ы н а й. Келін, ойдағымыз бір болғанмен, іс басқа боп тұр-ау. Менің балаларымды жаралысынан күйкі жаратылған талапсыз, өрсіз деуің ағаттық болар. Кешеулеп кіріссе, оның да қилы-қилы себебі бар шығар. Бетімізге несін салық еттің, шырағым. Періштеден де мін табылады, бір үйде тұратын, бір тілекті туыстар таслақтырып ойнамайды, келінжан.

Қ ұ б а ш *(шамданып)*. Лақтырып көрсін, кімге тиер екен. Біз жуаспыз да, көнбіспіз. Көнбіс екен деп қытықтай берме, шырағым, туласақ қатты тулаймыз...

Үйге Құрмаш кіреді.

Қ ұ р м а ш. Шын болды ма, түсе алмағаны Жұмаштың.

М а р ж а н. Шын болмағанда...

Қ ұ р м а ш. Қолыңнан келмейтіні бар, араласпауың керек еді.

М а р ж а н. Араласпа, кіріспе, сендердікі не қылған сақтық. Аға да айыпқа кіріптар еткендей мені жазғырады.

Қ ұ р м а ш. Ағаның жазғыруын теріс дей алмаймын. Не болып еді араларыңда?

М а р ж а н. Жок, Құрмаш, сіздің үйге бөтен адам екенімді енді ғана түсіндім. Сен ренжімеші. Әрине, ашынарсың, күйінерсің, менің жастайымнан алған тәрбием,

парасатым саған үйлескенмен, туыстарыңа үйлеспейді.
(егіліп.) Бұл қалтқысыз шындығым, Құрмаш.

Құрмаш. Келіспеудегі алшақтық сол ғана ма?

Маржан. Ол ғана емес, болашағым да...

Құрмаш. Болашағыңа бөгесін болатын үй ішім болғаны ма, мен болғаным ба?

Маржан. Өзінді қоспа!

Құрмаш. Қиімшең туып, жолай қосылған жан емеп. Асырап алған өгейді де өзекке теппейді.

Маржан. Жок, мені теріс түсініп тұрсын.

Құрмаш. Сенен гөрі дұрыс түсініп тұрмын-ау деймін. Мінезім үйлеспейді десең бір жөн. Ал тәрбием, парасатым...

Маржан. Сенің әрбір ұшқан сапарың мен үшін қаншалық ауыр екенін білсең еді, Құрмаш. Саған сүйген қызметіңнен бүгін таңда без деуім де орынсыз. Өзімді ойласам, тең құрбымнан қалып барам, менің де көтерілетін биігім болуы керек емес пе?

Құрмаш. Ашып айтқанда?..

Маржан. Жарым деп маған жаның ашыса, талатпа үй ішіне. Құтқар мені туысқандарыңнан.

Құрмаш. Қай қиянатын, қай жәбірін көрдің деп құтқарам.

Маржан (күйін-нісін). Саған енді қалай түсіндірем. Мен араласатын орта, мен қатынасатын адамдардың барлығы да оқымыстылар, ғалымдар. (Қиналып.) Аға-жеңгең еңбектеріне адал, қасиетті-ақ шығар. Біреуді шақырмай, біреуден ақыл-парасат алмай қалай өмір сүреміз. Пәтер жалдайсың ба, үй аласың ба, біздің де өз бетімізбен бөлек тұратын уақытымыз болды.

Құрмаш. Бөлек тұруды даусыз, дамайсыз шешуге болмай ма. Жарайды, бөлек-ақ шығайық. Үзілді-кесілді ескерткенім, қорлама менің туыстарымды. (Үйді басына көтере.) Апа, біз бүгіннен бастап бөлек шығатын болдық.

Ызала күйінде есікке беттегенде, үйге Василий Петрович кіреді. Құрмаш не айтарын білмей сұлық тұрып қалады. Маржанда үн жоқ. Василий көңілсіз жайдың болғанын сезіп бірден жарқырамайды. Екі қолын артына ұстап, екеуіне тіс жармастан қатулана қарап тұр.

Құрмаш (қызара именіп, орындық ұсынады). Василий Петрович, отырыңыз.

Василий. Мен түрегеп тұрып-ақ... Сөйтіп сіздің үйде қырғи қабақ жайлар болып жатқанға ұсай ма, қалай?

Құрмаш (*жасырып*). Аздап...

Василий. Жанжал аздан ұлғаяды. (*Қабырғада ілулі тұрған скрипкаға көзі түсіп.*) Скрипка? Кім тартады?

Құрмаш. Нағашы інім. Консерваторияға емтихан тапсырып жүр.

Василий. Молодец... (*Диван үстіндегі аккордеонды алып.*) Аккордеон да сол жігіттікі ме?

Құрмаш. Сол жігіттікі.

Василий. Пианинода кім ойнайды?

Құрмаш (*Маржанды мезген*). Келініңіздің ермегі.

Василий. Жақсы ермек. Тамаша инструмент. (*Пианиноның алдына отыра қалып, қақпағын ашады да, классикалық музыканы ойнай жөнеледі. Музыка сазы драмаға толы, тыңдаушының жанын үйіргендей ғажап ойға жетелейді. Василий ара-арасында баяулата тартып, музыка әуенінің жетелеуімен сөйлеп кетеді.*) Пруссияның королі Фридрих Вильгельм Моцартқа: «айыңа он бір мың франк жалақы төлейін, король сарайының оркестрін басқар» деп әмір етеді. Сонда Моцарт тұрып: «Ақша да, король сарайында тұру да жақсы. Бірақ Венадағы музыка аспаптарын түзейтін настройщиктің үйі маған сарайдан да сәулетті», деп жауап береді. Король «ұлы дәрежемді корладың» деп шамданады. Кедей настройщиктің үйі король сарайынан сәулетті болуының мәнін түсіндіруді талап етеді. «Оның мәнін жұбайымнан сұраңыз» дейді Моцарт. Король Моцарттың жұбайы Вебра Констанцианы шақырып алады. Сонда Вебра сұлу тұрып: «Оның мәні, музыка аспаптарын жөндейтін қарт настройщик күнде ертемен келіп, менің күйеуіме «Сіздің императорлық ұлы дәрежеңізге», деп шұлғып тұрады. Уә, тақсыр король, сіз Пруссияның королі болсаңыз, Моцарт музыка әлемінің королі емес пе. Оған біреу шұлғыса, оның сізге шұлғуы ыңғайсыздау»,— дейді Вебра. Король сөзден тоқталып: «Болмас, болмас», деп бұрылып жүре беріпті. Сөйтіп данышпан Моцартқа әйелі ақыл беріп тұрады екен. (*Ұзақ үнсіз.*)

Маржан. Василий Петрович, бұл мысалды текке айтқан жоқсыз.

Василий. Музыка аспаптарын көрген соң айта салғаным да, кешіріңіз. (*Елемей, Құрмашты оңашалап.*) Құрмаш, алдағы Пленумда еліміз үшін қандай маңызды мәселе қаралатындығын өзің де білетін шығарсың. Ертең Пленум мүшелерін Москваға алып ұшатыныңды аңгарту үшін келдім. Аса жауапты тапсырма. Жақсылап

дем ал. Сені сергек отырсың, біліп отырсың деп әдейі келдім.

Құрмаш. Рақмет, Василий Петрович.

Василий. Енді мен жүрейін.

Құрмаш Василийді шығарып салуға кетеді. Маржан жалғыз. Ол дереу бойын жипап, Василийдің сөзі шамына тисе де Құрмашпен келіскен уәделерінен айрылып қалам ба деген қауіппен үйдің ішінде қолына ілінген заттарды жұлып алып жипастыра бастайды. Үйге Мерген мен Меруерт кіреді.

Меруерт (*құшағындағы заттарды көріп*). Тона, тонай түс! Саған тонау жарасады.

Маржан (*ширығып*). Алсам өз дүнием, өз мүлкім. Оған сенің нең шықты. Мен дегенде тілегің неге теріс?

Меруерт. Тілеумен көгерсең, сен үшін не тілемедік. Жанбаса амалымыз не?

Маржан. Тілеп жетістіргенсің... Дегенің болды. Жезден біздің үйде тұратын болды. Алақаныма салып, төбеме көтеремін, енді ризамысың.

Меруерт. Райға келсең, көмегіңе мен әзір. Әлі де айтам, өзім-өзім дегенді өмірдің ағысы қайраңға әкеп лақтыра салуы да ықтимал. Ойлашы өзің, бойындағы бар қасиетің, қайрат, қуат, іскерлігің өз орнына жұмсалмаса, одаң өкінішті не бар? Мандайыңа, тандайыңа бергеннен кендемісің! Рас, дәулетті, дәрежелі, қарапайым, бақытты тұратын жандар өмірде өте көп. Мен де тілеймін сондай туысымның болғанын. Сол сен болсаң, маған да мерей. Тек сен қалаған жолдармен емес, несі бар?.. Адасқанның айыбы жоқ, шығар жолын тапқансың.

Мерген. Апалы-сіңлілі арулар, өздерің тым тереңнен қозғадыңдар ғой.

Маржан. Жә, сенсіз де ақыл айтушылар жетерлік. Емтиханың не болды?

Мерген. Емтиханды тапсырдық. Онда да осындай біреулер жылап, біреулер құлап дегендей.

Маржан. Мыңқылдауың жаман, құлағансың ғой?

Мерген. Құлап мені не құдай ұрыпты. Ойпыр-ай, жеңгесі, достарыңыз көп-ақ екен өзі. «Әй, бала, сен Марзияштың қайынысы едім де. Ерте неге жолықпадың. Өзің күйдің туын тіккен ауылдың баласы көрінесің. Саусағың салалы екен» деп директорына да, кафедра бастығына да мақтады-ай кеп.

Меруерт (*Маржанға*). Міне, естідің ғой.

Маржан. Естіп тұрмын. Мақтауға тұрарлық қасиетім болса, неге мақтамасқа. Емтиханда ойнаған кү-

йінді бізді шығарып салар финалда ойнауға әзірлене бер, күй шығарғышым. (*Өз бөлмесіне кетеді.*)

М е р г е н. Ә? Не деп кетті?

Үйге Жолай мен Әзім бастап Айнаш келеді.

А й н а ш. Ағаны қазір шақырып берейін. (*Ішкі бөлменің есігін ашады.*) Маржан, Жолай мен Әзім келді, аға қайда?

М а р ж а н (*іштен*). Жаңа ғана үйде болатын.

А й н а ш (*есікті жауып*). Жеңгеміз үй жинауға кірісіпті. (*Мүйістегі комод үстінен фото-альбомды алып.*) Сендер ағаның суреттерін қарай отырыңдар. (*Алдарына жайып салып.*) Мынау экипажы. Ал мынау ұшқан маршруттары. Бір миллион үш жүз мың километр.

Науша кіреді.

Н а у ш а (*үйде болған жанжалды сездірмеуге тырысып.*) Ә, Құрмашпен әңгімелесуге келсеңіздер, ас үйге жүріңіздер.

Ж о л а й (*аялдағысы келіп*). Әзім, ұзақ отырмаспыз. Мен суреттердің керегін іріктеп алайын. Сен барып әңгімелесе бер.

Әзім. Қайткенде арғы күнгі номерге үлгіруіміз керек.

А й н а ш. Оған үлгірерсіңдер.

Айнаш пен Әзім, Науша кетеді. Жолай суретке шұқшия қадалады. Өз бөлмесінен Маржан шығады. Сәл кідіріп сөз тартуға тырысады.

М а р ж а н. А, Жолай, Құрмашпен сөйлесе алмай кетіп едіңдер, жақсы болған.

Ж о л а й. Ештен де кеш демей ме!

М а р ж а н. О да дұрыс екен.

Ж о л а й. Подругаңыздың тойы көңілдегідей өтті! Қорғауында болып едім, жақсы жазылған, қарсы бір даусы болмады.

М а р ж а н. Иә, ғылым ғажап іс. Жеңіп жемісін татсаң, одан абзал не бар дейсің, Жолай.

Ж о л а й. Сөз бар ма?

М а р ж а н. Қуанышты кеште көңілімнің серпілгені сонша, тіпті үйіме қайтуды да ұмытыппын. Оныма өкінбеймін.

Ж о л а й. Сол кеште бірге болғанымызды үй ішің біле ме?

М а р ж а н. Айта көрме, Жолай. Әлденеге жоруы...

Институтты бірге бітірдік. Ойласам, мен ғана екем қатардан қалып қойған.

Жолай. Бекер налысың, есінде ме? Біз сенен көп үміт күткен едік. Қарманғанға әлі де кеш емес.

Маржан. Енді қайда сендерге жету.

Жолай. Өзің отты, өжет болушы едің, қалжырап қапсың.

Маржан. Білмеймін, білмеймін, неден жаңылыстым, неден шырмалдым?

Жолай *(білегінен ұстап алып)*. Өкінішің бар ғой.

Маржан. Жо... жо... жоқ. Не айтып тұрғанымды өзім де білмеймін. Қойшы, Жолай!.. *(Ысырылып кетуге асығады.)*

Жолай. Тоқта, тоқта, Маржан! Неге қиналдың, өкінішіңді сезіп тұрмын. Қателессем, айыпқа бұйырма, қуғаның тіл ғылымы, кандидат болу, жоғары өрлеу ғой арманың.

Маржан. Күр арманнан пайда болып тұрма!

Жолай. Міне, міне, сеніміңді жоғалтпағанның өзі неге тұрады. Отырып қалғансың, бірден жарып шыға қоюың да қиындау. Саған көмек керек. Қатар құрбы емес пе едік, маған қол ұшыңды бер деуге қымсынасың ба? Сақтықтан саған қазір пайда жоқ.

Маржан. Сонда, қалай? Мен үшін сен еңбек етуің керек пе?

Жолай. О, көп жайлардан хабарсыз қапсың. Әңгіме қалай алып шығуда. Маржан, сен қасарыспа, мұндай іске батыл кіріспей болмайды. Парыз, қарызсыз-ақ мен мойныма алайын, маған сенемісің?

Маржан. Сенуін сенемін, лайығы не болмақ?

Жолай. Жүзіндегі отты бояулар, кеуденде тұнып жатқан өнердің қайнар көзін ағытып арнаға салар, арқа сүйер сенімді саған дос керек. Сол досым сен деші! Сенші маған.

Маржан. Шының ба?

Жолай. Ант етейін, бар шыным.

Маржан. Болады. Болады енді. Құдай үшін доғаралық. *(Өз бөлмесіне кетеді.)*

Жолай *(жалғыз, өзіне-өзі)*. Түспей жүр еді торыма. Аққудың көгілдіріндей айдыңға жүзіп, алыстан маңайлатпайтын едің. *(Ауыз бөлмеден Айнаш келе жатады. Жолай сыр бермей суреттермен шұғылдануда.)*

Айнаш. Керегін тандап ала алдың ба?

Жолай. Алдым. Ағаңның ұшу сапарлары зор хи-

кая екен. Маршруттарына қараған сайын жаның сүйсінеді.

А й н а ш. Қатерлі де, қадірлі де болар.

Ж о л а й. Очеркистер үшін таптырмайтын материал. Тек тіл жетсін де.

А й н а ш. Өз тілің жетпесе, тіл жалғарсын. *(Әңгімелесіп Құрмаш пен Әзім келеді.)*

Әзім *(Жолайға)*. Жолымыз болды, Құрмаш ұшу сапарларыңдағы не бір қиындықтарды жеңген кездерін түгел баяндады.

Ж о л а й. Дұрыс, дұрыс. Мен мына суреттердің өзіне қарап-ақ бар сырға қандым. Сіз аспан мұхитының дауылпазысыз. Сіз ұшқан сапардың шетінде өлшеу жоқ. Қазақтан ұшқан ұшқыштардың саңлағысыз, өз басым дән ризамын. Сіз туралы жазылатын очеркіміздің аты «Қанатты азамат» болар.

Қ ұ р м а ш. Рақмет, рақмет ықластарыңызға.

Әзім *(бірден)*. Жоқ, «Қанатты азамат», «Қанатты қыз», «Қиял қанат», «Арман қанаты» деп жазылып жүр. Мен «Ана перзенттері» деген атты қояр едім.

А й н а ш. Әу, ол атқа біз де ортақ болатын болдық қой.

Ж о л а й. Сөз жоқ, ортақсыздар. Иә, әрбір семья сіздердей болса, ана — ол бір бәйтерек, жайқалған бұталары — сендер. Бірің ұшқыш, бірің композитор, бірің темір балқытқыш. Әрқайсың граниттің сынығындай тұтас, кесек тұлғасыңдар. Келіндері мен қыздарының өзі қандай.

Қ ұ р м а ш. Шебер суреттедіңіз.

Ж о л а й. Көңіліңізге келмесін, Маржанды оқып жүргенде жігіттер «институтымыздың жұлдызы» дейтін, Тілегіңіз дұрыс екен, ол кезде алғыр да, зирек, қабілетті, іскер де болатын. Өзіңіз көтерілген биікке қатар алып ұша алсаңыз, бақыттысыз, әрине.

Қ ұ р м а ш. Ақылыңызға рақмет.

Ж о л а й. Енді біз жүрейік.

А й н а ш. Мен шығарып салайын.

Ж о л а й. Қайыр, сау болыңыздар.

Қоштасады. Әзім, Жолай, Айнаш кетеді. Үйде Құрмаш жалғыз. Қолында папке, қалбаңдап үйге Жұмаш кіреді.

Қ ұ р м а ш *(өзіне)*. «Өзіңіз көтерілген биікке қатар алып ұша алсаңыз»... Нахал!!! *(Айнаш кіріп келеді.)*

А й н а ш. Аға, жаңағылар тауып кетті. Менімше очерктері сәтті шығуға тиісті.

Қ ұ р м а ш. Бұл жігіттер біздің үйге қашаннан бері үйір?

А й н а ш. Оны неге сұрадыңыз?

Қ ұ р м а ш. Мені жаз деп тапсырған редакция ма, әлде өздері қалады ма?

А й н а ш. Өздері.

Қ ұ р м а ш. Менен басқа ұшқыш табылмағандай жаза көр, даңқымды шығара көр деп сұрадым ба сенен, әлде тақырып тауып беруді кепілдігіне алып па едің?

А й н а ш. Аға, енді онда не тұр?..

Қ ұ р м а ш. Менімен келіспей, сыртымнан билеп-төстеуге не хақың бар? Не қылған жеңілтекті, сенен сұрап тұрмын?

А й н а ш (*қиналып*). Ренжитініңді білмедім. Болады ғой өмірде.

Қ ұ р м а ш. Өмірде не болмайды. Мынау отырған інің жамандыққа тап бола жаздап, ақыры шындыққа кеп жүгінді. Ал, сен үйінде не болып жатқаныңда ісін жоқ, көлдененді жетектеп әкеліп көр мына біздің үйдің сұмдығын, мазағына да, мадақтауына да көне бер! Келер-кетері шамалы деу де адалдық па сеніңше?

А й н а ш. Олардан не қиянат көрдіңіз?

Қ ұ р м а ш (*тыңдамай*). Бағын мен байлаппын! Біз сөндіріппіз жұлдызын!

А й н а ш. Кімнің бағын байладық?

Қ ұ р м а ш. Шақыр апамды, (*Жұмашқа*) аға да келсін! (*Жұмаш кетеді.*) Иә, біз болыппыз оны сорлатқан. (*Айнашқа.*) Қызғаныштан жоғары екенімді білсін, қу тірлікті ғана ойлаған қамсыз, ойсыз болсам екен, жаңағы жолдастарың өсем, өрлеймін деген жанға көмектеспедің деп кінә артты. Олар сен арқылы сезгенін айтқан шығар. Біздің тілек мұратымызға жетудің кілті солар айтқандай болса... қадір-құрметтен жүрдай болғанымыз.

А й н а ш. Аға, күйзелетініңді білгенімде...

Қ ұ р м а ш. Жеңгеннің өсуіне бөгесін болған менің семьям екен. Ендігі шара бөлек тұру, іргені аулақ салу.

А й н а ш. Не деп барасыз?

Қ ұ р м а ш. Солай деймін. (*Ұмсынай келе жатады.*) Апа, біз бөлек тұратып болдық.

Ұ м с ы н а й. Тұрындар. Тәуықсыз іске тап болатын жастан өттің. Туған анаңа, әке орнына әке болған ағаңа кінә қоймассың.

Қ ұ р м а ш. Сіздерге қояр кінәм бар деп айта алмаймын.

Маржан. Шаптаумен мені сен де тізе бүктіре алмайсың. *(Құрмашқа.)* Кетпейміз бе? *(Кідіріс. Ішкі бөлмеде Мерген жұрттың көңілін елегізіткендей толғайды. Күй сазына үйдегілер елігеді.)*

Айпаш *(сабырлы дауыспен)*. Аға, біз жеткізе алмаған жауапты күй айтып тұр, тыңдаңыз. Сіз оны бекер жәбірлемейсіз. Інілеріңнің жеткендігіне айғақ осы күй емес пе?

Маржан. Ақыл айтпаған сен едің, айтып қал.

Мсеруерт *(Маржанға)*. Азабына риза емес пе едің, неге қалтырайсың? Күймен шығарып сал деп тілеген өзің едің. Шыдамың жетсе, тыңдап бақ! *(Құрмаш теріс айналып отырып қалады. Маржан шыға жөнеледі.)*

Шымылдық.

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ КӨРІНІС

Келесі күннің ертеңі. Маржанның шешесі Дәмелінің үйі. Шағын ғана қос бөлме. Үйдің іші жұпыны. Маржанның көйлектері мен пальтолары диван үстінде шашылып жатыр. Шешілмеген түйіншек, бумалар, былғары жарқырауық чемодандар тұр. Перде ашылғанда Дәмелі үстел үстін жинастырып жүріп қызымен сөйлеседі.

Дәмелі *(үстел үстінен көнетоз дастарқанды жұлып алып)*. Күйеуің дастарқанымыздан жеркеніп жүрер. Торлама, тоқымаңның бірін жап.

Маржан *(буманың ішінен шашақты су жаңа дастарқан алып жабады. Дәмелі ескі дастарқанды сартылдатып құшырлана сілкиді)*. Апа, ақырын, ұйықтасында.

Дәмелі *(қатардағы бөлменің есігін нұқып қап)*. Қалдық қой тәңірінің жазығына.

Маржап. Апа, бар жазығы туыстарынан безіп келгені ме? Мінезіңіз қызық-ау.

Дәмелі. Мені қадір тұтып сыйласа бұрын қайда қапты. Бір жолғы сапарының олжасын да қимады. Сені алғаннан бері жөні түзу бір көйлек кигізді ме?

Маржан. Саған кигізбесе, маған кигізді. Кимедім, алмадым, бермеді деп барған сайын дау шығаратын едіңіз. *(Диван үстіндегі заттарды көрсетіп.)* Осының бәрі де сізге қалады, құлағымызға тиыштық берші! *(Күрсініп.)* Онсыз да шаршадым.

Дәмелі. Шаршау аз саған. Сүрініп неге жығыл-

майсын. (*Сыбырлай қуырып.*) Үністет бітірдің. Жақсы бітірді деген баға алдың. Байсырап бара жатқандай ашықпын деп аласұрып едің, не болды. Не болды? Не болды? Басындағы қақима картозына қызықтың ба? Иығындағы жұлдызды оқасына қызықтың ба? Үйінің іші ылғи бір шой табандар.

Маржан (*қиналып, күрсініп*). Апа, айтуың жетті, өзі күйіп жүрген жанымды қашанғы күйдіресің.

Дәмелі. Жоға деймін-ау...

Маржан. Қайдан ғана өз үйіме ертіп келдім.

Дәмелі. Маған ақылдаспай сойталдай гып сүйретіп келе көр деп қашан айттым. Көңілің жараспайды сен, сол жағынан жайластырмаймысың. Төркініне қайтып келген қыз атанып, мені «әй кемпір» атқа қалдырып, барлығы да, сенің ілгергі күніңді ойламаудан.

Маржан. Маған айрыл дегенің бе?

Дәмелі. Аяқ астынан тұтанған ашықтық айрылысумен тынады, қызым.

Маржан. Не деп барасыз тағы да. Аяқ астынан деген пәлені қайдан шығардың?

Дәмелі. Ойбай-ау, өзің емес пе едің, бір кеште ғана танысып, ертеңінде той жасайық деп алып ұшқан. Беу, беу не бір боздақтардың ізіне түскенін қайтейін. түсіре алмағанын қайтейін. (*Маңдайын түйгіштеп.*) Мына қу маңдайдың ашылмаған соры да.

Маржан (*күйініп*). Есіме салмашы, салмашы!..

Дәмелі. Салмағанда, араңа сызат түсті дегенше сындым дей бер, қызым. Құдайдың ұлы болса да көзіне айтам.

Маржан. Қойыңыз, апа, осы бір сәтте аял берші. Менің басымдағы дертке сіздің деміңіз ем болмайды. (*Қиналып.*) Асқынған дерт... оның емі біреу-ақ.

Ұйқысынан оянып бөлмеден Құрмаш шығады. Бойы дел-сал, қалтасынан папирасын алып тартады. Шешесі мен Маржанның сөзің естіген тәрізді. Әдепкіде білдірмеуге тырысады.

Құрмаш. Кроватта киімшең жатып ұйықтап қаппын.

Маржан. Шаршадың ғой, ұйықтай неге түспедің.

Құрмаш. Сағат не? (*Қол сағатына қарайды.*) Менің сағатым мізгілімен бұралмағанын тоқтап қапты.

Маржан (*комодтың үстіндегі сағатқа қарап*). Сағат он бір.

Құрмаш (*серпініп*). Он бір... Бұл үйде телефон да жоқ. Василий Петрович өзі хабарлаймын деген еді.

Маржан. Тағы да ұшу сапары ма?

Құрмаш (*діріл қағып*). Іргесінен сыз тебе ме, үйлерің салқын екен.

Дәмелі. Шырағым, әуелде салқын үй, сен келгенмен жылынбайды.

Құрмаш. Менің күшік күйеу болғандығымнан ба, не үшін жылынбайды.

Дәмелі. Шырағым, жақтыр, жақтырма, мейлің, сенің шешендей төзгіш, көнгіш, көнбіс емен. Мінезім шәлкес, адуын кемпірмін. Адуын атым бүкіл қалаға жайылған. Ұнатпаған ісіме қос аттап сүйреп көндіре алмайды.

Құрмаш. Оныңыз қиын екен. Ұнамаған мен болдым ғой сізге?

Дәмелі. Екеуің де ұнап тұрған жоқсындар. Қызымды сүйіп алған екенсің, үйіңнен су шыққандай неге қудырасың ана туыстарыңа. Басында сылаң қызға айттым, қызым дедім, сыр-сипатың жараса қояр ма екен. Жараспайды дедім, шын ба, осым? (*Маржан үндемейді.*) Көзің ақсын, көзің аққыр. Жақтыр-жақтырма, мейлің, әулие деген өзімен бірге оқыған боздақтарды менсінбегенде, ұшқыш деп тандағаны сен болдың. Ұшқышы не, шопыры не? Жақтырсаң да айтарым сол, жақтырмасаң да айтарым сол. Қызымның басын шатастырма, жөндеп бай болам десең бай бол, болмадың ба?! (*Аржағын ашып айтпайды. Кетеді.*)

Құрмаш (*мысқылды әзілмен*). Ақ тілеумен қарсы алатын анаңның қарғысты тілеуін де естідік.

Маржан. Көңіліңе алмашы, Құрмаш, елеп қайтесің. Сенің де туыстарың маған анталай түйілгенде қорғап қалған өзің емеспісің?

Құрмаш. Иә, қорғаймын деп қорлау көрдім, саған деген жан шуағын көлеңке басса амал не? Қайта тұтандырғанмен қызуына жылына алмаспыз. (*Диван үстінде шашылып жатқан киімдерді көрсетіп.*) Мінекей, менен қалған сыйлықтар. Құлпыра тон, панбархыт көйлектер, көзді алдаушы сусымалы нейлон, капрондар, иә, сіреңке тартып от қойып өртеп кетуіме болар еді, қажеті не!.. Жігіттің жиған мүлкі қайда қалмайды, қалсын сенде.

Қііне бастайды. Үйге Меруерт кіреді.

Маржан (*twice*). Мұратыңа жеттің, сен қыз. (*Шырығып.*) Адалымсып арамызға түсе беретін едің. Түсерсің...

Меруерт. Түспегенде. Ол үйде анау, бұл үйде мынау. Саған кім жағады. *(Құрмашқа)*. Жезде, бекер алдыңыз ақылын. Өзімшіл қыңырлығын тек қана сіздің үйдің тезі түзетіп, сіздің үйдің мысы женетін еді. Біздің үйде кім? Апам ба?.. Ол байғұс...

Маржан. Менен асып, шешенді қуыр сен қыз.

Меруерт. Шешенің жарасы жеңіл, мына сенің жаранды емдеу қиын боп тұр ғой.

Маржан. Тағар айыбың менсінбейсің деу ғой. Шағыстыруың да, жағыстыруың да сол болса, айтып қал, жездеңнің алдында.

Меруерт. Иә, көңілге кірген сайтаның менсінбеуге келіп тірелсе оның желігін басу оңай. Мен білетін сиқырың тереңде болатын. Оқығаныңды іске асыра алмаған сорлылығыңды жездемнен көрдің. Мансабың үшін жиренішті іске бармадым деп айта аламысың? Жолай не үшін сүйкенді, жазылмаған еңбегінді...

Құрмаш. Жаза алмаған де, Меруерт?

Меруерт. Иә, жаза алмаған еңбегінді жазып беруді міндетіне неге алады. Қараңғы жолдарды қара ниеттілер табады деу рас болса, сол емес деші ниетім. Дей алмайсың.

Құрмаш. Иә, қараңғы жолдарды қара ниеттілер табады. Бұған шекті күйінгенім, бұған шекті сүйінгенімнің барлығы да жалған екенін енді ғана түсіндім.

Үйге алқына басып Науша кіріп келеді.

Науша. Әзер жеттім-ау, Құрмаш.

Құрмаш. Іздеп жатыр ма?

Науша. Василий Петрович телефон соқты, іздеп жатыр. Апаң мен ағаң не ақыл берер екен, жүр үйге.

Құрмаш. Ақылсыз бастың салмағы аяққа түсті деген осы да. Ана чемоданға қол жалғап жіберші, женеңше.

Науша чемоданды алады. Екеуі шығуға бет алғанда үйге Жолай мен Әзім кіреді.

Жолай *(серпіле)*. Сіздерді іздеп үйіңізге бардық. Қоныс қайырлы болсын.

Маржан. Айтқаның келсін, Жолай. Жоғарыла-тыңдар. Көшіп-қонған үйдің қобырситын әдеті. Әзім, диванға отыра қалыңдар. Мен сіздерге шай қамдап жіберейін.

Жолай. Отау боп шыққандарыңды жуу керек, Маржан. *(Маржан шай әзірлеуге кетеді. Жолай үйдің ішіне үңіле қарап.)* Майлап, сырлап, ремонттатып алсаңдар,

пәтер әулиесі болғалы тұр екен. Районы қандай тамаша, айналаның бәрі сквер. Бау-бақша, осындай орталықтан бізге де бір үй тиіп қалса.

Әзім. Саған тиеді, ал маған...

Жолай. Бір мықтыға арқа сүйедім. Мен пәтер алғанша сол мықтының өмір-жасы ұзақ болсын. Орнынан ауыспасын деп құдайдан жатып та тілеймін, тұрып та тілеймін.

Әзім. Қысыр сөзді қоя тұр.

Жолай. Құрмаш, бақыттысыз, очеркімізде гүл құштырып, жасыл жапырақтарды саялатып көзіңізге қымбат, жүрегіңізге жылы сезілетін өз қаламыздың өмірімен тығыз байланыстыра жазуды мақсат көрдік, уақытың болса оқып берейік.

Әзім. Оқып берейік. *(Папкесін ашып машинкаға басылған қолжазбаны алады.)* «Ана перзенттері» үлкен шығармаға лайықты болғандықтан, әзірге «Қанатты азамат» деген атқа тоқтадық.

Құрмаш. Қанатынан қайырылған азамат деп өзгертерсіңдер.

Жолай. Айта көрмеңіз.

Құрмаш. Сіз осы кімсіз, сізден мені жаза көр, даңқымды шығара көр деп сұрадым ба? *(Түйіліп.)* Жауап беріңіз. Мені жаз деп кім тапсырды? *(Маржан кіреді.)* Ол Құрмаштың түйіле қадалып тұрғанынан шошынып, үндемейді.)

Жолай *(абыржып)*. Ке-кешіріңіз, сізге жақпай қалдық па?

Құрмаш. Мен сізге жаға көр деп сұрап тұрғаным жоқ. *(Шатынай.)* Мені жазу ниеті кімнен туды деп сұрап тұрмын.

Жолай. Әйеліңізбен бірге оқыдық. Қарындасыңызбен қызметтеспіз. Таныс өмір болғансын.

Құрмаш. Таныс өмір. Жолдас боп жүріп ор қазуда таныстық па?

Меруерт *(түйіліп)*. Әттең жер тар. Қыздан жесең таяқты.

Жолай. Мені таяқтайтын қыздар әлі туған жоқ.

Меруерт. Біреудің тастанды әйелі болмаса, саған қандай қыз тиеді. Сүйген қызыңа жолдасыңды телітіп ластығың, сіңлісін сүйіп, апасына ауатын пасықтығың, тең құрбыңның бәріне аян. Жезде, сөзіңізді шығын қылып қайтесіз.

Жолай. Сіз мені жете білмепсіз.

Құрмаш. Білмеген үшін де жеткізіп айта алмай

тұрмын. Мен жайында очеркті лас оймен жазғаныңыз белгілі болды. Есіңізде болсын, газет қолжаулығыңыз бола қоймас. Болғызбаймыз да. *(Чемоданын көтеріп кете береді.)*

Меруерт. Жезде, жезде, мен де кетем бұл үйден. *(Маржанға.)* Тілегің орындалды. Сүйенгенің, сүйгенің қор жаратқан рухани сорлы ғой, жеттің, әпке.

Жолай. Әпкенді айнытқан мен емес.

Меруерт. Айнытпақ түгіл, арбасаң да мейлі. *(Наушамен еріп кете береді. Ұзақ үнсіздік.)*

Әзім *(булығы түнеріп, кенет)*. Дос болып жүріп қасқа айналады деген не сұмдық. Аңғал басым не байқағам. *(Күйініп.)* Не байқағам!.. Сені азамат па деп жүрсем, азғын ба едің?

Жолай. Саған не жоқ.

Әзім. Ішкі отың тұтанбай сыртынан жылтырағаныңнан-ақ шошынушы едім. Бәсе, бәсе, мені жетектегенде бәйгі атындай аңқылдап, аласұрғандағы арманыңның төркіні енді көрінді. Енді жетті менің көзім.

Жолай. Тіліңді тарта сөйлесең деймін, досым.

Әзім. Дос па саған. Қалған өмірінде қасың боп өтпесем мені жер жұтсын. Сенімен арымды былғап очерк жазғанымша, тентіреп кеткенім артық. Мені сиқырдан бетер арбағаныңда беделінді көтеру, даңқынды шығару болса, ондай даңқты біз былай өшіреміз. *(Қолындағы машинкаға басылған қағазды төртке бөледі, қалтасынан сіреңке алып қағазға от қояды.)* Қарап тұр, былай жандырамыз.

Жолай. Тоқта, тоқта... Есуас! *(Жармасады.)*

Әзім. Жармаспа!

Маржан. Жармаспа дегені дұрыс.

Әзім. Сіз де онша жетісіп тұрған жоқсыз. Кім екеніңізді таныдық. Бетіңізден жарылқасын. *(Кетеді.)*

Маржан. Маған сүйен, мен жеткіземін деп қиясыз жерден килігіп едің. Не болды?

Жолай. Не болсын, әлі де маған сүйен.

Маржан. Ендігі қолқаңның орны не?

Жолай. Өзегіңді шалған өртті сөндіру болады да. *(Құмартып.)* Тыныштықта тұнық жүзің қандай әсем еді, мені қу десе де, сұм десе де мейлі, сертіме жеттім. Сені тастанды десе де аянар жаным жоқ.

Маржан. Тастанды?.

Жолай. Саған кім тиеді деп сіңлің мені сөкті ғой.

Маржан. Тастанды болып саған тигенімнен тұл боп өтуіме ризамын. Бөгеме жолымды.

Жо л а й. Өшір үнінді.

Мар ж а н. Соншама жерлеуін естіп тұрып үнің де шықпады. Оның алдында айыпқа белшеңнен батқан адамдай қалтырадың. Қашан, қашан адамдық бейнеңе келмей менен жылы сөз ала алмайсың. Шық үйімнен!

Жо л а й. Көк екенсің ғой, Маржан.

Мар ж а н. Көкпін. Мені сүйген жігіт менің тепкіме осылай түседі. Шыдамасаң, жолың әне.

Дә м е л і. Басы қайырсыз істің ақыры осылай бітетін. Жә, көрсетпе көз жасыңды. Байсыз қалам деп қорқамысың, өксіме әрі. Өксуге, өкінуге тұрарлық азамат болса екен-ау.

Мар ж а н. Кеуіліме ала бүлік сайтанды ұялатқан өзің едің. Мұратыңа жеттің. Ендігі күнде қызыңды кімге телісің.

Дә м е л і. Шопырдан айрылдың не, айрылмадың не!

Мар ж а н. Тастанды деген қорлықты естігенімше, етегінен ұстап өтем.

Дә м е л і. Тескен тау асып неге кетпейсің.

Мар ж а н. Қаласа, оған да барам.

Дә м е л і. Бар, бар!

Ш ы м ы л ы қ.

Шам сөнеді. Сахна айналады.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Құрмаштың үйі. Түндегі сүреңсіздіктің табы кетпеген. Шымылдық ашылғанда телефонның ұзақ соғылған шылдыры естіледі. Ауыз бөлмеден Ұмсынай кіреді.

Ұ м с ы н а й. Безілдетпей тындамайсыңдар ма, түге. Айнаш, Құбаш келсендерші. *(Оң жақтағы бөлмеден қолында газеттің оттискасы бар Айнаш келеді.)* Бар бол, бар болғыр. Тыңда да, жауабын бер.

А й н а ш. Сұрадыңыз ба, қайдан соғып тұр?

Ұ м с ы н а й. Қайдан болушы еді, аэропорттан да.

А й н а ш. Не деп жауап қайырдыңыз?

Ұ м с ы н а й. Құрмаш қайының үйінде дедім.

А й н а ш. Ол үйде телефон да жоқ. *(Телефонның тұтқасын алып тыңдайды.)* Алло, алло, аэропорт начальнигі. Иә, иә, айта беріңіз. Құрмаш Айназаров үйде жоқ, ол, ол, қайының үйінде. Жо, жо, ішуден аман. Сырқаттанудан да аман. Ол кісінің орнына басқа бір пилотты ұшыруға болмас па екен?.. Экипаждың командирі, Василий Петрович біздің үйге ме, келген жоқ.

Келсе телефон соқсын дейсіз бе? Жаксы айтайын. *(Тұтқаны іледі. Аэропорт начальнигіне болған жайдың шындығын айтпағанына қиналып орындыққа отыра кетеді.)*

Ұмсынай. Мәлие қалдың ғой, не дейді?

Айнаш. Әйелінің әлегімен үйден безіп кетіп қалды дейін бе?

Ұмсынай. Десе несі бар. Қап, өзім тындағанымда бүгін ұшырма дейтін едім. Ұша алатын не күйі бар. *(Шақырып.)* Әй, Құбаш, «айын-майыныңды» қоя тұр, кейін оқырсың, бері кел. *(Ағылшын тілі сөздігін күбірлей оқып Құбаш келеді.)* Құдайдың қайдан душар етті дерің бар ма, хабарлашы ана бастықтарына.

Құбаш. Не деп хабарлаймын.

Ұмсынай. Жүзің күйе ме?

Құбаш. Жүзім күйеді. Көлденең кеселге ұшыраса бір жөн, дені сау, қадір-құрметі кемімеген, коллективіне беделді, мақтаулы ұшқыштың бірі. Әйелімен шырмаларды деудің өзі намыс емес пе, апа?

Ұмсынай. Біле тұра отқа итеремісің інінді.

Құбаш. От біздің кешкен көпіріміз. Шыныққан жан шығар жолын біледі.

Ұмсынай. Ай, білмеймін. Үйдегі ерлік дүзге жүре қояр ма екен? Сен бармасаң, өзім барам. Әлгі қырсыз қыз басын бастап, аяғын аяқсыз қалдырғаны ма? Айнаш, қайдасың?

Айнаш *(ішкі бөлмеден)*. Киініп жатырмын, апа.

Ұмсынай. Тойға баратындай, сәнденбей-ақ жүре бермеймісің. *(Бөлмеден Айнаш шығады.)* Мені бастап алып бар, жолықтыр бастықтарына.

Айнаш. Не демексің?

Ұмсынай. Не дейтінімді өзім білем.

Айнаш. Балам бүлінді. Келінім кетіп қалды деу ананың қадырын кетіреді, апа, сіз бармаңыз.

Ұмсынай. Үлкені де, кішісі де ақылшы болып болды-ау.

Айнаш. Апа, аялдаңызшы, сіздің тілегіңізді мен жеткізейін.

Асыға басып жөнеле бергенде, Василий Петрович қарсы жолғады. Үйдегілер ынғайсызданады.

Василий. А, Құбаш, мамаша, саламатсыздар ма? *(Амандасады.)* Құрмаш қайда?

Құбаш. Сізге айтпады ма?

Василий. Кеше, жайсыз жайды аңғарған едім.

Сіздің семьяға жат дағды қайдан жұқты? Кімнен жұқты?

Құбаш. Солай боп тұр, Василий Петрович. Құрмаш жастайынан тәрбиенізде болды. Сынап та, шыңдап та көрдіңіздер. Әйелімен шынайы достық таба алмауы бізді де қинап тұрау.

Василий. Туу бастан-ақ сол қызға үйленгенін ұнатпап едім. Үйленген екен, аюды үйреткендей үйретуі керек еді. «Дәстүрі жараспағанның дәм-тұзы жараспайды», «Түсі игіден ісі игі артық» деп халық бекер айтпаған. Қайта тез құтылғандарың қайырлы болар. Әттен уақыт тар, өзім кірісуге арланбас едім.

Құбаш. Кіріскен күнде не істер едіңіз?

Василий. Мен бе, көпшілік сотын құрғызар едім.

Құбаш. Көпшілік соты?

Василий. Құрғызу керек сотты. (*Қыза сөйлеп.*) Біздің қауымда үш сипатта азушылар кездеседі. Жатып ішер жалқау, арамтамақтар мен көшеде кісі тонаушыларды ойласаң, тұла бойың түршігеді. Енді бір түрі моральдық қасиеттен жұрдай, мәдениетті бұзықтар. Солардың қиянатын көре тұрып үндемейсің. Неге? Көше бұзығының пышағынан сескенесің, моральдық жағынан азушылардың пәлесінен аулақ деп бой тартасың. Мен өзімнен сұраймын, кіріспедім, бой тарттым, кім болдым?.. (*Күйіне айқайлап.*) Құбаш жолдас, кірісу керек, білекті сыбанып тұрып күрес ашу керек!.. Сонда ғана тыйылады. Уақыт аз қалды, қайының үйіне барам ба?

Ұмсынай. Балам, шақыруға келінді жіберген едім.

Құбаш. Келіп қалар, күте тұрыңыз.

Айнаш. Айтпақшы, сізді іздеп аэрофлоттан начальник телефон соқты.

Василий. Олар да мазасыздануда.

Құбаш. Аэропорт басшыларына жетіп те қалған, жарамады. Бірдің қырсығы мыңға тиеді деген осы да, достым.

Василий. Ал, енді айыпқа бұйырмаңыздар. Мен жүрейін. Мамаша, бәрімізден де сіздің қабырғаңызды қайыстырып кететін оқиға ғой. Берік болыңыз. Қайткенде сапарынан қалмайтын болсын. Сау болыңыздар. (*Василий кетеді*).

Ұмсынай (*қайратына мініп*). Маған берік бол деді. Берік болмасқа шарам не? (*Құбашқа*.) Ер маған, үйіне барам.

Қ ұ б а ш. Апа-ау, енді... келуін күтейік те.

Ұ м с ы н а й. Күтпеймін. Мұндай күйзелісте күйігін мен ғана баса алам. Тар қыспақтан мен ғана алып шығам. Қиін, балам, тасташы әрі кітабыңды, кейін оқырсың.

Қ ұ б а ш. Киінейін.

Өз бөлмесіне кетеді. Ұмсынай ауыз бөлмеге шығады. Сахна бос. Үйге аяғын тік басқанымен рухани әлден қалжыраған, қимыл-қозғалыстары шұғыл Құрмаш кіреді.

Ізін ала чемоданың көтеріп Науша да кіреді. Құрмаш жағасын ағытып, белбеуін шешіп, жуынуға кіріседі. Басына шәлісін орап, киінген Ұмсынай келеді. Өз бөлмесінен Құбаш шығады.

Ұ м с ы н а й. Құрмаш келді. Тегі айрылып келген тәрізді.

Қ ұ б а ш. Тек айрылсын деп тіле, апа.

Ұ м с ы н а й. Жарамады. Жарастығын табар деген үмітте едім. Қай пиғылым, қай ниетімнен таптым.

Қ ұ б а ш. Апа, қайрат берейін деп мені қайрайсың да, өзің қайғырасың.

Жуынып, аздап бойын сергіткен Құрмаш пен Науша кіреді. Ұзақ үнсіз. Құрмаш тіл қатпайды. Өзін ширатайын десе де іштей күйікті басу қиын.

Ұ м с ы н а й. Сындырып кетті-ау сағыңды, балам.

Қ ұ р м а ш. Солай болды, апа. Нәпсім емес, сүйгендіктен тартқан азабым шығар. Атыма дақ тағылды, арыма кір жағылды деп мойыман, семсердей жүрегімді тіліп өткені болмаса, көңілім әлі де баяғыдай.

Ұ м с ы н а й. Балам, болары болды. Енді аялдама. Осында Василий Петрович келіп саған тез жетсін, сапарынап қалмасын деп қадағалады.

Қ ұ б а ш. Иә, аялдама, біз құлап та, күйреп те көргенбіз. Серпіл, інім, 1941 жыл, Москва түбіне тақалған жауды кейін шегерген генерал Панфиловтың дивизиясы болатын. Біздің әкеміз жау танкісіне қарсы шабуылда қаза тапты. Әкеміздің қаза болған хабарын мен апамнан жасырдым, апам менен жасырды. Ауыр қайғыны арқалап жүріп, электр сваркамен темір балқыттым. Көзімнен жасым парлап жүріп балқыттым. Серпіл, інім. Ойыңнан шығар. Біз жұмыскер ұлымыз. Жұмыскер ұлы жорықта жолынан қалған емес. Тағы да айтамын, серпіл, інім. Биікке, алысқа шарықта.

Қ ұ р м а ш. Әкемдей болған ағам. Қарыздар едім көп жайда, бұл сәтте сізге жақсы іні бола алмадым.

Қасиетсіз іске душар еткеніме кешір, аға. Кінәлімін алдыңызда. Енді мен жүрейін.

Қ ұ б а ш. Сапарың оң болсын. *(Шығарып салады. Ұмсынай бірге кетеді.)*

Ш ы м ы л д ы қ.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Аэропорт. Декорация сахнадағыдай. Перде ашылғанда радио торабынан самолеттің ұшу, қонуы жайында хабарлар беріліп жатады.

Аэропорт алаңынан қолында қызыл жалау, Василий Петрович келе жатады. Оған Айнаш қарсы жолығады.

А й н а ш. Василий Петрович, қапа болмаңыз, Құрмашқа тапсырмаңызды жеткіздім. Қазір келеді.

В а с и л и й. Көңіл күйі қалай, ұша алатын ба?

А й н а ш. Ұша алады. Аздап қамыққан. Жан түбінде жанығу бар.

В а с и л и й. Еһ, сойқанды!

А й н а ш. Кімді айтып тұрсыз?

В а с и л и й. Әйелін де, әйелін. Жылтыраған беті ғана екен ғой.

А й н а ш. Ол сізге жолығамын деп кабинетіңізде күтіп отыр.

В а с и л и й *(қатал)*. Мен оны есіктен де қаратпаймын. Табалдырығымды аттап көрсін, айдап шығамын.

А й н а ш. Жаздым, жаңылдым десе не дейсіз?

В а с и л и й. Қалқам Айнаш, жастық екі оралмайды. Сенің жеңгенді тәрбиелемедік пе? Оны біз бастауыш мектептен бастап алақанымызға салдық. Профессор ғалымдар білімдерін сарыққанша лекция оқыды. Соның бәрін ол өзінің мастануына, адамды қорлау, арына түкіру сияқты жексұрын әдетке жұмсады. Мұндай қылықтарды біреулер сүйеге де ерікті, көңілі жараспаса айрылуға да ерікті, деп дискуссияға айналдырады. Жок, қате ұғым. Бұл жайында екеуіміз тағы да сөйлесеміз, Құрмашты көрсең маған жібер. *(Кетеді. Айнаш ере түсіп командир отыратын кабинеттің терезесінің алдына кеп кідіреді.)*

А й н а ш *(Маржанның Василий Петровичтің кабине-*

тіне кіргенін көріп). Не оймен келді? Айыбын мойындап, әлде алдынан өтіп арылуға келді ме? Ұялмайды.

Құрмаш. Апа, мен жайында ләм демейсіз.

Ұмсынай. Ләм десем, тілім тасқа.

Құрмаш (*Айнашты көріп*). Айнаш, не қарап тұрсың?

Айнаш. Әйелінді.

Құрмаш. О да келді ме?

Айнаш. Командирдің кабинетінде отыр.

Құрмаш. Суынған жүрегімді қайта жылытудың айла-шарқы болса, ондай айланың қадамын кесуден басқа шара жоқ. Апа, сіз үндемей отыра беріңіз.

Құрмаш ішке кіреді. Алқына басып Мерген, Меруерт, ізін ала қолында әсем жасалған шкатулка, Жұмаш кіреді. Аздан соң аэропорт қызметкерлеріне арналған есіктен көзінде жас, булығы түнеріп Маржан шығады. Бетін басып солқылдап, оңаша орындыққа отыра кетеді. Оған ешқайсысы тіл қатпайды.

Маржан (*солқылдап*). Бәрі де бітті. Қас бүлікке бастаған өзім едім, қалжырап кеп жығылған жерім осы болды.

Меруерт. Бітпегені де бар шығар.

Маржан (*алара қарап*). Мені қанша жек көрсең де туыстығың қайда, Меруерт?..

Меруерт. Әлі туыспын. Көңіліңе ала бүлік кірмеген алаңсыз күнінде барлығымыз да туыс. Мен де туыс, апаң да туыс болатын.

Маржан (*өксіп, айта алмай*). Сол туыстар...

Меруерт. Қолының ұшын неге бермейді дейсің ғой. Бере алмайды. Ізгі пейілің көрінді... Бұл, бұл ма, тәубаңа келмесең, шыңырауға қалай құлағаныңды да көресің әлі.

Ұмсынай. Ерді қорлама, асты қорлама дейтін еді бұрынғылар, мен не дейін, шырағым. Өзекке теппедім, өзегімді жарып шыққан өз баламнан кем көрмедім. Қызық, қуанышым деп құшағымды жайғанмен амалым не? Жазбаған шығар тәңірім.

Маржан (*түршігіп*). Жо-жоқ!.. Кесіміңізді кейінірек айтыңыз, апа. Ақыры күтіп айтыңыз, апа.

Кабинетінен Құрмаш пен Василий шығады.

Құрмаш (*жайраңдап*). Барлығы да құманы жоқ шешілді. Маршрут айқын, апа, балаң бар қасіретті сарықты да айықты!

Василий. Айығу керек, міне кешеден бері аспан-ды бұлт торлап еді, бұлт та айықты. Енді саған әуе тра-сына көтерілуге команда беруіме болады ғой?

Құрмаш. Болады, беріңіз команда.

Василий (*Маржанға мейлінше қатал*). Мен сізді жек көрем.

Маржан. Біреудің ішкі жұмысына араласпаңыз.

Василий. Самолетті мезгілінде ұшыра алмасам мені орнымнан алады. Ал күйеуінен айрылған сізді ор-нынан алмайды. Сіз әлі де талай шалқисыз. Құлпыра түсесіз. Қызмет те істейсіз. Сізді біз өсіреміз де. Біз деген кеңбіз. Есіңізде болсын, күндердің күнінде не баладан, не күйеуден семьяның сазайын бір тартарсыз. Иә, солай, оны біз көріп жүрміз. Құрмаш, кешікпе! (*Самолетті ұшыруға алаңға қарай кетеді. Ұзақ үнсіз.*)

Құрмаш. Енді кете беруіңізге болады.

Маржан. Шынымен бе, Құрмаш?

Құрмаш. Ойнауымыз жетті-ау деймін.

Маржан. Бермесем ше еркімді.

Құрмаш. Беру еркі сізден, сұрау еркі менен кет-келі қашан. Менің әр сапарымды күйзеліспен күту қау-пінен құтыласыз.

Радиоторабынан. Алматы — Москва самолете-тіне отыру басталады. Рейс жүзінші, самолет номері 12-655. Қайталаймын. (*Хабаршы қайталайды.*)

Құрмаш. Отыру басталды.

Маржан. Иә, отыру басталды. Саған соншалықты жат болғанымды жаңа түсіндім, Құрмаш. Тек мен тарт-қызған қасірет сапарыңа, жолыңа... (*Айта алмай бұ-лығын көзінен жасы парлап, сахнадан ілби шыға береді.*)

Жұмаш. Аға, арнаңызға жаңа түстіңіз. Талабым-ды таныта алмаймын ба деп қаймығып келіп едім (*значектерді алып*) қиялыма қиял жалғаған сіз әкеп берген значектер. Сізге сыйлаған япон қызына, болгар, поляк, араб, ирак, негр қыздарына менің тартуымды сіз де сый-лаңыз. Кімнен деп сұраса достығы, бірлігі қазақ жаста-рынан деп сыйлаңыз. (*Значектерді береді.*)

Құрмаш (*значектерді алады*). Сау болыңыздар. Апа, ашшы кеуденді!

Апасының кеудесінен құшырлана иіскеп кете береді. Ұзақ үнсіз. Аэропорт алаңында Құрмаш ұшыратын самолеттің гүрілі естіледі.

Ұмсынай (*елегізін*). Ұшты ма?

Мерген. Қозғалды.

Меруерт. Көтеріліп барады.

Ұмсынай. Сапарың сәтті болсын деңдер, балалар.

Мерген (*толғана ойланып*). «Сәтті сапар»... Қиялыма оралған пропеллердің зырылы. «Сәтті сапар» атты бір күйдің арқауын ес, сазын шерт дей ме, қалай?..

Ұмсынай }
Лйнаш } (*бір дауыспен*).

Сәтті сапар!

(*Залдағыларға.*)

Меруерт. Барлығымыздың да сапарымыз сәтті болсын, бауырлар!

Мерген. Рейсті тоқтатуға болмайды.

Шымалдық.

ТҮСІНІКТЕР

«Өтелген парыз» пьесасы жазушының «Сырымбет саласында» атты жинағында («Жазушы», Алматы — 1967) басылып шықты. 1969-70 жылдары Балалар мен жасөспірімдер театрында қойылды. Режиссері — Е. Обаев.

«Шабуыл» 1932 жылы «Жаңа әдебиет» журналында басылған. Пьесаға елді жаппай сауаттандыру кезеңі арқау болған. Сағила сияқты комсомол қыздардың социалистік жаңа құрылыс құру жолында іріп-шіріген ескілікпен, жаңа өмірге қарсы бай-кулактардың қалдығымен күресі суреттелген.

«Боран» пьесасы 1940 жылы «Әдебиет және искусство» журналында басылған. Шығармада Боран Жоламанов сияқты коммунистер мен көзі ашық оқығандардың алашорда офицерлерімен, ақгвардияшылармен күресі бейнеленген.

«Дала жұлдызы» пьесасы 1948 жылы «Әдебиет және искусство» журналында басылған. Мұнда Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардағы совет адамдарының қажырлы еңбегі баяндалады.

«Нұрлы тас» пьесасы 1949 жылы жеке кітапша («Қазақтың біріккен мемлекет баспасы») болып басылып шықты. Сол жылы жастар театрының сахнасында қойылды. Режиссері — А. Токпанов.

«Бір колхозда» 1951 жылы жарық көрген пьесалар жинағына енген. Колхоз өмірі, құрылысшы жастардың Мәдениет сарайын салудағы ізгі істері пьесаға арқау болған.

«Ағайынды Айназаровтар» 1950 жылы шыққан «Бір перделі пьесалар» жинағында («Қазақстан мемлекеттік көркем әдебиет баспасы») басылған. Соғыстан кейінгі колхоз өмірі, еңбек адамдарының ерлік істері шығармаға желі болып тартылған.

«Көктем желі» пьесасы 1953 жылы жеке кітапша болып («Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы») басылып шықты. Жастар театрының сахнасында қойылды. Режиссері — М. Қосыбаев.

«Рейсті тоқтатуға болмайды» пьесасы 1960 жылы жазылған. **«Сырымбет саласында»** атты жинағына («Жазушы» баспасы, Алматы — 1967) енген.

МАЗМҰНЫ

Өтелген парыз	5
Шабуыл	59
Боран	89
Дала жұлдызы	159
Нұрлы тас .	221
Бір колхозда .	287
Ағайынды Айназаровтар .	317
Көктем желі	341
Рейсті тоқтатуға болмайды .	399
Түсініктер	444

Шахмет Хусайнов
СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ
В ТРЕХ ТОМАХ
ТОМ ТРЕТИЙ
ПЬЕСЫ

(На казахском языке)

Редактор *М. Жумағалиев*
Художник *А. Ващенко*
Художественный редактор *Б. Табылдиев*
Технический редактор *Б. Қарибаева*
Корректор *Ж. Нургожина*

ИБ № 3441

Теруге 30.10.86 жіберілді. Басуға 12.03.87 қол қойылды. УГ 20059.
Қалпы 84×108¹/₃₂. № 1 баспа қағаз. Қаріп түрі «Әдеби». Шы-
ғыңқы басылыс. Шартты баспа табағы 23,5. Шартты бояу
көлсеі 23,7. Есепті баспа табағы 24,0. Тиражы 5000 дана. Заказ
№ 1436. Бағасы 2 сом.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жө-
ніндегі мемлекеттік комитеттің Халықтар достығы орденді
«Жазушы» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі,
143-үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жө-
ніндегі мемлекеттік комитеттің «Кітап» полиграфиялық кәсіп-
орындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы. 480124.
Алматы қаласы, Гагарин проспектісі, 93 үй.

Хұсайынов Шахмет.

X — 95 Үш томдық шығармалар жинағы.— Алматы:
Жазушы.— Т. 3: Пьесалар.— 1987.—448 бет.,
портр.

Үшінші томға жазушының «Өтелген парыз», «Шабуыл», «Дала
жұлдызы», «Нұрлы тас», «Көктем желі» т. б. пьесалары еніп отыр.

X $\frac{4702230200-078}{402(05)-87}$ 10—87

84 Қаз 7—6